908(031)
Ұ46

ҰЛЫТАУ

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

ҰЛЫТАУ

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

Астана – 2018
«Кәусар» баспасы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Ә.С. Омар *(төраға)*

З. Қазанбаева

С.О. Қазанғапов

С.Ү. Қожамсейітов *(бас редактор)*

Б.С. Қожахметов *(жауапты хатшы)*

С. Обайдуллин

М.С. Оспанов

М.Б. Сейтжанов *(жауапты редактор)*

Т. Сейітжанов



«Акоба»
ТЕРІСАҚҚАН
«Қоскөл»
«Желдіадыр»
ҚОСКӨЛ
НҰРА АУДАНЫ
КОСТАНАЙ ОБЛ
«Арғанаты»
«Баракөл»
«Жәкуда-ишан»
ҚОРҒАСЫН
«Кішкенекөл»
«Қосүйтас»
ЕГІНДІ
«Тамды»
БЕТБҰЛАҚ
«Алтыншоқы»
САРЛЫҚ
БОЗТҮМСЫҚ
«Зыңғыртас»
«Айбас»
ҰЛЫТАУ
«Ерден»
«Хан-Ордасы»
Монумент
«Қорғантас»
«Келінтам»
«Алашахан»
«Теректі әулие»
«Қойлыбай»
«Басқамыр»
«Жошихан»
«Аяққамыр»
АҚТАС
ЖЫЛАНДЫ
ЖЕЗДІ
СӘТБАЕВ
БАЙҚОНЫР
«Байқоңыр»
ҚАРСАҚБАЙ
ЖЕЗҚАЗҒАН
БАЙМЫРЗА
ҚАРАҚҰМ
«Болған-ана»
ЖАНААРҚА АУ
МЫЙБҰЛАҚ
«Қалмаққырған»
АҚКЕНСЕ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛ
«Сексеуіл»
ШЫМКЕНТ ОБЛ

УДК 908(031)
ББК 26.89
Ұ 46

Ұ 46 Ұлытау. Ұлытау ауданы: Энциклопедия. Астана: «Кәусар» баспасы, 2018. – 416 бет.

ISBN 978-601-7921-37-8

Энциклопедия Ұлытаудың Қазақ мемлекеті мен ұлтын қалыптастырудағы орны мен ролі жөнінде баяндайды. Ұлы даламыздың кіндік өңіріндегі сонау алғашқы қауымдастықтан бүгінгі күнге дейінгі қоғамның құрылуы, қалыптасуы және дамуы жайлы деректер берілген. Қазақ хандығының бастауы Жошы ұлысы, халықтың, ұлттың ұйысуы, бірлігі, дербес мемлекет құру дәрежесіне көтерілуі, елдің бостандығы, тәуелсіздігі, тұтастығы жолындағы жанқиярлық күресі жайлы ақпараттар бар.

Сонымен қатар, өңірдегі бағзы заманнан бүгінге дейінгі тау-кен, металлургия өндірісінің жай-күйі, Ұлытау ауданы мен аймағының тарихы Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бергі жеткен биіктері туралы мақалалар берілген.

Еңбек Ұлытау жайлы білгісі келген қалың көпшілікке арналған.

УДК 908(031)
ББК 26.89

ISBN 978-601-7921-37-8

© Энциклопедия, 2018
© «Кәусар» баспасы, 2018

194591
Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі КММ
Жезқазған қаласы

АЛҒЫ СӨЗ

Қолдарыңызға тиіп отырған тұңғыш «Ұлытау. Ұлытау ауданы» энциклопедиясы тәуелсіз Қазақ мемлекеті біржола орныққан, халқымыз Ұлы даладағы елімізді мәңгілік ел жасау қамына кіріскен, ұлттық сана жаңғырып, ұлттық намыс пен рух дәуірлеген кезеңде шығарылып отыр.

Қазақ халқы ерекше қасиет тұтқан, аңыз-жырға арқау еткен, елдіктің нышанындай көрген жерлердің бірі – Ұлытау, Ұлытау өңірі. Ол – ұлан-байтақ қазақтың Ұлы даласының түп кіндігі, географиялық орталығы. Энциклопедияны ашып отырған Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың 2014 жылы 22 тамызда Ұлытау баурайындағы сұхбатында: «Ұлытау – өте қасиетті жер. Ұлытау деп аталуының өзінің тарихи мәні бар. Қазақтың кең даласының қай жеріне барсаң да осындай қасиетті жерлер табылады. Дегенмен, Ұлытаудың орны бір басқа», – деп атап көрсетті.

Сұлтандар Керей мен Жәнібек Әбілқайыр ханмен ат кекілін кесісіп айырылысқанда, Ұлытауда отырған ірі ру-тайпалардың қара ормандай үлкен көші Шу мен Таласты бетке ұстап жылжыды. Қозыбасы тауының етегінде Қазақ хандығы шаңырақ көтерді. Алты алаш анттасып, айырылмасқа сөз байласты, үш жүздің аумағы тоғысатын Ұлытауда Таңбалы Нұра деген бұлақтың жақпар тасына таңбаларын қашап жазды.

Ұлытау талай ғасырлар тоғысының, этностар ауысуының куәсі болған. Бұл өңір – адамзат тарихында металды алғаш пайдалану мәдениеті қалыптасқан мыс-қола өркениетінің әлемдік ірі орталықтарының бірі.

Ұлытау – қазақ ұлтының ұйысуына, оның біртектілігін қалыптастыруға тұғыр болған жер.

Энциклопедияның болашақ оқырмандары Ұлытау ауданының 122,9 мың шаршы километрді алып жатқанынан, оған Еуропаның бірнеше мемлекеті еркін сыйып кететінінен хабардар болар. Ұлытаудың оңтүстік-шығысында Қазақстан түсті металлургиясының үлкен орталығы – Жезқазған кен-металлургия кешені орналасқан. Оңтүстігінде Құмкөл мұнайлы-газды кен аймағын қызылордалық мұнайшылар игеріп жатыр. Бұл өңірде әлі игерілмеген темірдің, марганецтің, асбестің, көмірдің, басқа да минералдардың мол қоры бар. Жезқазған – Сексеуіл, Шұбаркөл – Арқалық темір жолдарында жүк тасу өңірге жаңалық, соны тыныс әкелді.

Ұлытауда алғашқы қауымдастықтың, қола, темір кезеңінің, Шыңғыс хан дәуірінің, Жошы ұлысының, Ақ Орданың, Қазақ хандығының тамаша ескерткіштері бар. Әсем табиғаты, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі – өз алдына бір әлем. Сондықтан да бұл өңірді келешекте барша қазақстандықтар тәу ететін рухани-туристік орталыққа айналдыру бағытында жұмыстар басталды.

Елбасының «Ұлытаудың тарихын бүкіл қазақ білу керек» деген ой-толғамына сәйкес шығарылып отырған энциклопедияға тек Ұлытау, Орталық Қазақстанның ғана емес, бүкіл Қазақстан Республикасындағы осы өңірге қатысты мемлекеттік маңызды оқиғалар мен ұлағатты тұлғалар енген. Энциклопедиядан Отанына, туған жерге берілген, ұлытаулықтардың шын мәнісінде алғысы мен құрметіне бөленген жандардың есімі мен өмірдерегін көптеп табуға болады.

Энциклопедияны дайындауға белсене қатысқан, соңғы деректер көзін ашып, мақалалардың мазмұнын байытып, өзектілігін арттыруға үлес қосқан ғалымдарға, зиялы қауым өкілдеріне, ақсақалдарға, жазушылар мен журналистерге шын жүректен алғысымызды білдіреміз.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы НАЗАРБАЕВ

ҰЛЫТАУ ТӨРІНДЕГІ ТОЛҒАНЫС

Жақында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен Жезқазған өңірінде болғаны газет оқырмандарына жақсы мәлім. Сапар барысында Президент арнайы сұхбат берді. Бүгін жұртшылық назарына Елбасының Ұлытау төріндегі ұлт туралы толғаныстарын ұсынып отырмыз. Әңгіме қазіргі экономика мәселелері, ел тарихы, тіл тағдыры, дін ахуалы төңірегінде өрбіді.

Сұхбатты «Хабар» агенттігінің тілшісі Ринат ДУМАНҰЛЫ жүргізді.

– Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, бүгін Жезқазған өңіріне келіп, тек аймақ үшін ғана емес, жалпы еліміз үшін стратегиялық тұрғыдан аса маңызды Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл теміржол магистральдарының тұсауын кестіңіз. Бұл – біздің ел үшін шын мәніндегі тарихи оқиға. Енді осы сапар ауқымында Қазақ елінің рухани орталықтарының бірі – қасиетті Ұлытау жеріне арнайы ат басын бұрып отырсыз. Кезінде ақын Қадыр Мырза Әлі айтқандай, біздің елдің «тарихы қалың». Ендеше, сол тарихымыздан, әсіресе, қазір біз әңгімелесіп отырған Ұлытауға байланысты тарихымыздан халқымыз қандай тағылым алуы керек?

– Біріншіден, Жезқазған жерінде үлкен тарихи оқиға болды деп санаймын. Бұл – Жезқазған өңірінен ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың мыс кенін табуымен және Жезқазған қаласының орнығуымен сабақтас нәрсе. Қазір арада 50-60 жыл өтті, қаншама кен шығарылды, мыс алынды. Жер қойнауындағы байлықтың таусылатын кезі болады. Жезқазғанның төңірегіндегі мыс кені де таусылып, қаланың жағдайы нашарлай бастады. Бұл – табиғи жайт. Кеңес Одағы тұсында әрбір кен орны, әрбір электр стансасы төңірегіне ауыл салынатын еді ғой. Ал енді мына жердегі жұмыс ауқымы біткеннен кейін халық не істерін білмей қалды. Жезқазғанның теміржол тұйығында тұрғаны бәрімізді әр уақытта қинайтын еді. Екіншіден, Кеңес Одағы кезінде барлық теміржол Ресейге қарай салынды. Ал көлденең жүретін, елді бір-бірімен қатыстыратын жол салынған жоқ. Ол Кеңес Одағының да, Ресейдің де ешқандай жоспарына кірмеді. Қазақстанды ешкім ойламады. Енді, міне, еліміздің экономикасы ілгерілеп, 500 миллиард теңге ақша

бөлінетін жағдайға жеткеннен кейін осындай 1200 шақырымдық теміржол салынып отыр. Бұл – айта салғанға өте оңай. Ал маңызына келсек, алдағы 50-100 жылда пайдаланатын игілігіміз. Жаңа тікұшақпен ұшып келе жатқанда өзің көрдің, тақыр даланың торғай қонатын бұтасы жоқ. Сол тақыр далада ел тұрмайды. Себебі, оған жұмыс та жоқ, шаруашылық та жоқ. Ал теміржол төрт облыстың бірнеше ауданына тіршілік нәрін береді. Теміржолдың бойынан жұмыс табылады. Жұмыс болғаннан кейін кенттер бой көтереді. Халық қонданады, даламызды ел жайлайды. Экономикалық жағы өз алдына бір мәселе.

Комбинаттың жұмысын ұзарту үшін былай істейді. Жердің астында қалған «целиктер» болады. Шахтаның төбесін ұстап тұру үшін жер қойнауына үлкен-үлкен кенді қалдырып қояды. Сол кеннің ішінде мыстың бай қоры жатыр. Оны алайын десең, үстінде тұрған ауылдар бар. Ол ауылдарды көшірмесе, «целикті» алған кезде ойдым-ойдым жермен бірге төмен түсіп кету қаупі төнеді. Сол үшін мемлекет 250 миллион қаржы шығарып, жұпыны үйлерде тұратын 6 мың халықты жақсы үйлерге көшіріп, астындағы кенді алады. Кеннің өзінің 200 миллион тонна рудасы болса, содан 2 миллион тонна мыс шықса, комбинат үшін 20-30 жылға жұмыс табылады деген сөз. Одан кейін барлау жұмыстары жүрер болса, жұмыс орны көбейе береді. Сондықтан мұның маңызы өте үлкен.

Мына өзіміз келіп отырған Ұлытау – өте қасиетті жер. Ұлытау деп аталуының өзінің тарихи мәні бар. Қазақтың ен даласының қай шетіне барсаң да, осындай қасиетті жерлер табылады. Шығысқа барсаң – Берел қорғаны бар, Орталыққа келсең – қалмақтармен соғысқан Аңырақай шайқасы өткен жер бар. Батысқа барсаң – Алтын Орданың хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң – Түркістан тұр. Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп. Дегенмен, Ұлытаудың орны бір басқа. Біздің жастарымыз оны біле бермейді. Біз өз тарихымызды жаңадан игеріп, біліп жатқан елміз. Қазақтың тарихы өте бай. Оны білуіміз керек, қолға алып та жүрміз. Тарих жылы деген жылды жарияладық. Дүние жүзінен – Қытайдан, Ираннан қазақ тарихының жазба жәдігерлерін жинадық. Қазақтың көп дүниелері атадан балаға ауызекі түрде беріліп келген.

Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білуі керек. Біз кеше ғана пайда бола қалған халық емеспіз. Бұл – жаңағы айтқан ғұндардың да, көк түріктердің де, Алтын Орданың да орталығы болған жер. Өзінің тұрған жері – Қазақстанның кіндік ортасы. Мұнда тұрған тау – аумағы 200 шақырым қырат-қырат таулар. Ең биігі – Әулиетау деп аталады. 1100 метр. Одан ағып жатқан, мына біз маңында отырған бұлақ Әулиебұлақ деп аталады. Осының бәрін ата-бабамыз бекер атамаған ғой. Жаздың күні осы жерді жайлаған қазақ малын Ұлытаудың етегіне айдап келеді. Батыстан да, Оңтүстіктен де, Солтүстіктен де, Шығыстан да ағылады. Мына таудан бұлақ ағады, төңірегі жайылымға қолайлы. Мыңдаған, миллиондаған мал жатса да көрінбейтін шүйгін дала болған. Бар қазақ жан-жақтан келген соң киіз үй тігеді, ат шаптырып, той жасайды. Осы жерде қыз ұзатады, баласын үйлендіреді. Бір-бірімен құда болып тарасады. Мына елдің қызы былай кетеді, ана елдің жігіті мына жақтан қыз алады. Еліміз осылай араласады. Қазақтың кең даласында диалект сөздің жоқтығы содан деп ойлаймын. Батыс Қазақстанды, Атырау облысы мен Шығыс Қазақстанды, Оңтүстікті алып қарасақ, барлық әдет-ғұрпымыз, баланың тууы, қыз ұзату, үйлену тойы, сүндет

тойы, өлгендерді жерлеу салты бір-бірімен үндес. Мысалы, Қытайдың солтүстігі мен оңтүстігінің, батысы мен шығысының арасы біздегі сияқты 3 мың шақырым болса да, Пекиннің адамы оңтүстіктің тілін түсінбейді. Бізде олай емес.

Ұлытаудың қасиеті осындай. Кең-байтақ жерде қазіргідей ұшақ, теміржол, автокөлік жоқ. Бір-біріне барып көмектескенше не заман? Әрқайсысы өзін өзі сақтап қалу керек болды. Сондай замандар өткен. Мысалы, Отан деген – үлкен ұғым. Отанды қорғау дегенде, әрине, адам баласы алдымен өзінің шаңырағын ойлайды. Әкеңді, шешеңді, бауырларыңды, балаларыңды, немерелеріңді ойлайсың. Сол жүрекпен, сол тілекпен Отаныңды қорғайсың. Сондықтан тарихыңды білген жөн. Тарихын білмеген ұлттың болашағы бұлыңғыр. Мысалы, керемет үлкен еменнің тамыры терең болмаса, ол дауылға шыдап тұра алмайды. Сондықтан тарихымызды таныту үшін қазір көп нәрсе жасап жатырмыз. Сондай тарихтың куәгері – Ұлытау. Оны білуіміз керек.

Кезінде мен астана болатын жер іздегенде Ұлытауды көрейін деп әдейі келдім. Қазақ жерінің нағыз орта тұсы екені рас. Бірақ қазіргі заман талабымен қарасақ, бұл жерде не жол, не су, не әуежай жоқ – еш нәрсе де жоқ. Бұл жерге қыруар қаражат керек болар еді. Бәрібір елдің ордасына лайықты жер емес-ті. Бірақ қасиетті мекен ретінде бағалана береді. Міне, теміржол, басқа да жолдар салынып жатыр.

Келешекте туризм орталығы болып, халқымыз келіп тәу ететін қастерлі жер болып қала береді. Мұнда Жошы ханның ордасы болған деп те айтады. Жошының қазасын естірткен кезде «Ақсақ құлан» деген күй шыққан. Бұл мекеннің осындай кереметтерін тани білуіміз керек.

– Қасиетті Ұлытау жеріндегі ерекше аура, ерекше жағдай, шынын айтқанда, маған да сезіліп тұр. Тәуелсіздік жылдарында біз рухани құндылықтарымызбен қайта қауыштық. Өзіңіздің руханият, мәдениетке деген ерекше қамқорлығыңыздың арқасында халқымыз туған тілімен, дінімен, дәстүрімен қайта табысты. Алайда жастар арасында ата дінді дұрыс түсінбей, бұрмалап, оны әр түрлі мағынада ұғатындар жеткілікті. Осы ретте еліміздің болашақ дамуында діннің алар маңызы қандай болуы керек деп ойлайсыз?

– Біз, жалпы, діннен де, тілден де айырыла жаздаған елміз. Кеңес Одағы кезінде тікелей орыстандыру саясаты жүргізілді. Қазақтың тілі бір шоғыр қазақтардың тілі болып қалды. Ол қайда шығады? Кімге керек болады? Қазақтың шекарасынан асып шықсаң, бұл тілдің керегі бар ма, жоқ па? Бір жағынан алып қарағанда, оның жөні бар. Біз еліміз үшін, жұртымыз үшін тарихымызды, мәдениетімізді, санамызды, ғұрпымызды өзіміздің тіліміз арқылы ғана жеткізе аламыз. Қазақтың кейбір сөз оралымдарын, Абайдың сөз өрнегін басқа тілге, мәселен, орысшаға, ағылшыншаға аударып көрші. Ол мүмкін емес. Себебі, тілдің өз қасиеті бар. Сондықтан тіл жоғалатын болса, сол қасиет те жоғалады. Сол сияқты біз тәуелсіздік жылдарында дінімізге қайта оралып жатырмыз. Қарап отырсаң, қазақ ешқашан дінінен айырылып көрген емес. Ешқандай уақыт үзілісі болмағандай, дінімен қайта қауышты да, әрі қарай жалғастырып жүре берді. Бұрынғыдай қорықпай, жасқанбай, дінге бас иіп, Құдайға құлшылық етіп, мешіттер салып жатырмыз. Қаншама азаматтарды – білімді, дінді насихаттайтын молдаларды дайындап келеміз.

Осының барлығы дұрыс қой, дініміз де, дәстүріміз де қазаққа керек, әрине. Дегенмен, тек біздің дініміз ғана дұрыс екен деп жүрген басқа елдердің жағдайы

мүшкіл болды. Мысалы, бір мұсылманның ішінен сүннит пен шиит болып бөлініп, қан төгіп жатқан халықтар қаншама? Бір діннің ішінде өзара ұғыспай, ағымдармен келіспей, соғысып жатқан католиктер қаншама? Сондықтан біз абайлауымыз керек. Біздің дініміз керемет, басқа діндердің керегі жоқ демеген жөн. Біздің дініміз – өзіміздің дініміз. Бірақ басқаны да үйренуіміз, білуіміз, сыйлауымыз, құрметтеуіміз қажет. Сонда мұсылманның діні де құрметтелетін болады. Дінге бас ұрып жүріп, біз оның теріс жағына түсіп кетпеуіміз керек. Бізге зиян келтіретін дін ағымдары бар. Қан төгіп, соғысып, дінмен мемлекет орнатып, мемлекеттік дін жасаймыз деп жүргендер бар. Баяғы Мұхаммед пайғамбардың сахабалары тұсындағы, Әбубәкір, Омар, Осман, Әлидің кезіндегі халифатты қайтадан орнатамыз деген ұмтылыс «жаулап алу» ниетінен туған болатын. Біз бұдан ажырап, дінді шынайы имандылыққа жақындатып, оның жақсы жағын алуымыз керек. Құранның қасиетті үкімдерін орындау үшін кемтарларға көмектесу, бір-бірімізге жанымыз ашу, бауырмал болу, үлкенді сыйлау, баланы тәрбиелеп өсіру, Отанды, елді қорғау, бірлікке шақыру арқылы дінді өркендеткен жөн. Сонда діннің мемлекетке зор пайдасы, үлкен қамқорлығы болады. Ол елдің басын біріктіреді. Міне, осындай исламды құрметтеуіміз керек. Екінші жағынан, елдің барлығы мешітке барады екен деп, оларға топырлап көп адам ілеседі. Менің мәліметім бойынша, Қазақстан халқының 60 пайызға жуығы ислам дінін қолдайды. Соның ішінде нағыз дін ұстанып жүрген халықтың мөлшері 20-25 пайыздан аспайды. Тобырмен жүргендер де бар ішінде. Бұл да жақсы, барып үйрене берсін. Дегенмен, мешітке барған, қажылық жасаған дұрыс екен деп құр әншейін сән көріп жүрмесе болды. Осы күні қалтасында ақшасы болса, ұшаққа отырып, қажылық жасап қайтатындар көбейді. Заманның ағымына байланысты ол да дұрыс шығар. Бірақ қажылықтың қасиеті басқада. Оған жолдың азабын көріп, бірнеше ай жүріп баратын болған. «Абай жолы» романынан Құнанбайдың жасаған қажылығы жөнінде оқыдыңдар ғой. Ойлап қараңдар, ол кезде ат арбамен қаншама ай жүріп, жол қиындығын тартып, әзер жететін. Сондықтан дінге бас иетіндер шын жүрекпен, әділеттілік үшін, имандылық үшін барса деп ойлаймын. Құдайға шүкір, дініміз өзіміздікі, қолымызға тиді. Қазір бізге ешкім одан алшақта деп айтпайды. Әркімнің өз еркі бар. Бірақ осыны дұрыс жолмен жүргізуіміз керек.

– Біздің халқымыздың руханиятында діннің орны қандай маңызды болса, тіл де сондай маңызға ие. Сіздің қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге байланысты ойларыңызды біле отырсақ.

– Мемлекеттік тілдің қолданылуы, оның өркендеуі үшін барлық жағдай жасалды. Конституцияға «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп тайға таңба басқандай етіп жазылды. Солай ғой? Ешкімге қазақ тілінде сөйлеме деп, кедергі жасап отырған бір адам жоқ. Өзіміз қазақша сөйлеуіміз керек. Қандай мінбеден қазақша сөйлесең де, ешкім «тәйт, былай тұр» деп айтпайды. Қанша адам отырса да, соларға арналған аудармасын беріп, қазақ тілінде сөйлеуге болады. Біз тілімізді құрметтей білуіміз керек. Ешкімге анау сөйтпеді деп уәж айтудың жөні жоқ.

Мен бәрін білемін, біздің жазушыларымыз, мәдениет өкілдері «Біздің тіліміз жетімдік көріп келеді, тәуелсіздіктің жиырма жылы ішінде байғұс тіліміз жетімдіктен шықпай жүр» деп айта береді. «Бақытсызбын» деген адам бақытсыз болады. «Бақыттымын» деп жүрсе, бақытты болады. «Тіліміз бар» деп жүрсе, тіліміз бар болады, «тіліміз жоқ» деп жүрсе, тіліміз жоқ болады. Қай-қайдағыны, ақырзаманды басқа орнатпай, «Тіл туралы» заңды қолданып, өзімізбен өзіміз

қазақша сөйлесуіміз керек. Тілді қолданып, батыл сөйлеуіміз керек. Тілдің майын тамызып сөйлеп, басқа жұртқа үлгі көрсетуіміз керек. Әйтпесе, жыл сайын 100 мыңнан астам бала мектеп бітіреді, соның 80 пайызға жуығы қазақ тілінде оқыған. Қазір орыстікі болсын, басқанікі болсын, барлық мектептерде қазақ тілін оқыту міндетті болып саналады. Қай мектепке барсаңыз да, 6-7-сыныптағы қай баланы кездестірсеңіз де, ол қазақша, орысша, ағылшынша сөйлеп тұрады. Міне, біздің тілге деген қамқорлығымыз осы. Мүмкін, жұрт «Біздің Президентіміз неге қазақша сайрамайды, ылғи да біраз сөйлеп келіп, орысшаға ауысып кетеді» деп ойлайтын шығар. Мен мұның бәрін білемін.

Біз Тәуелсіздік жариялағанда Қазақстандағы қазақтың саны 40 пайыз болатын. 40 пайыз! Басқалар «Сендер азсыңдар мына мемлекетте, қайдағы тәуелсіздік сендерге?» деп айтпайтын ба еді? Дегенмен, елге соның бәрін түсіндіріп, күресе жүріп, біз тәуелсіздік жарияладық. Қазір, міне, қазақтың саны 65 пайызға жетті. Қазақстан халқының саны сол кездегіден азайып, біразы көшіп кетті ғой. Ресейге көшті, еврейлер көшті, немістер көшті, анау көшті, мынау көшті... Осы тұста халық 13-14 миллионға жуық болған еді. Қазір 4 миллиондай халық қосылып, 17 миллионнан астық. Тіпті, Кеңес Одағы кезіндегіден де көбейіп барамыз. Құдайға шүкір, жыл сайын халқымыздың саны артуда. Оның ішінде қазақтың саны көбеюде.

Ал жарайды, бәрін тыйып, қазақ тілінен басқа тілді заңмен жауып тастап, ауыздарыңды ашпаңдар, сөйлемеңдер десек, онда Украина сияқты боламыз. Қазір қазақтың бәрі мұны түсінген шығар. Солай етіп, жұрттың басынан соғып отырып, қазақ тіліне әкеліп, қантөгіс қылып, тәуелсіздіктен айырылу керек пе, әлде ептеп-ептеп амал қолданып, мәселемізді шешу керек пе? Әңгіме сонда. Ал таңдайық, қайсысын аламыз?

Сондықтан мен бұл жерде де сабырлылық керек деп ойлаймын. Болашақ біздің қолымызда. Болашақ бізге бетін бұрып тұр. Қазақтың саны көбейіп, тілдің ауқымы кеңейіп келеді. Көп облыстарда барлық іс қағаздары қазақ тілінде жүргізіледі. Оған ешкім кедергі жасамайды. Қазағы көп аудандар қазақша жүргізеді. Оның ішінде қазір қазақша сөйлейтін басқа ұлттың азаматтары қаншама? Көріп отырсыздар, барлық жерде бар. Оларды теледидардан көріп жүрсіздер. Журналистер арасында да, қарапайым адамдар арасында да бар. Қазір өз тағдырын Қазақстанмен байланыстыратын адамның бәрі баласына қазақ тілін үйретіп жатыр. Ал енді тарихын, болашағын қазақпен бірге деп санамайтындар бәрібір кетеді. Оған біз тыйым сала алмаймыз, салып та отырған жоқпыз. Сондықтан өз халқымыздың сана-сезімін үйретіп, өз тілімізді өзіміз бағалауымыз керек. Мен қазақтың тілін ғана білемін, басқасы құрысын деп жүргендердің кім екенін алып қарайықшы. Ол – не орыс тілін жөнді білмейтін адам, не ағылшын тілін мүлде білмейтін адам. Оқуға мойынсынбайды, сөйлегісі келмейді. Солар «Қазақтың тілі ғана жақсы, қазақтың тілінен басқа сөз жоқ» дейді. Сонда біз мына өркениетпен қалай жалғасамыз, айтыңдаршы? Орыс тілін алайық. Ол да белгілі. Бізге орыс елінің тізесін батырып жіберген кезі болды. Сол орыстың тілін үйренеміз деп қазақ тілінің қолданысы азайды деген мәселеге тіреледі ғой. Кейбір ұғымдарды орыс тілінен енген деген желеумен біржақты аударуда. Дүние жүзіне ортақ сөздердің қазақша баламасын тауып жатыр. Мен талай жазушылармен, композиторлармен сөйлесіп жүрмін. «Пианино», «пиано» деген – халықаралық термин. Оны біз «күйсандық» дедік. Ешқандай жанаспайды. Сандық пен күйдің арасына пианиноны қосуға бола ма? Мысалы, композиторды дүние жүзінде

композитор дейді. Біз «сазгер» деп жүрміз. «Саз» деген басқа мағынаны береді. Мұның бәрі неден шығып жатыр? Өйткені орыстың тілінен арылу керек деп ойлаймыз. Біресе түріктен, біресе арабтан, біресе парсыдан аламыз. Сөйтіп, бұзып жүрміз.

Тілді байыту керек! Оған халықаралық ұғымдарды енгізсек, тіліміз дамиды. Онда тұрған ештеңе жоқ. Бұдан қорқып, шошудың қажеті жоқ. Тіліміз өркендеп, өсіп келе жатыр дей аламын. Қазір ешқандай қауіп жоқ. Қазақстанда мемлекеттік тілдің болашағы зор. Дүниеде 6 мың тіл бар. Жыл сайын оның 10 пайызы жойылып отырады. Қажет еместері... Оны қолданатын адамдар аз, ауқымы тар. Солай болып жатыр. Ал мына ағылшын тілін дүние жүзі халқының 70 пайызы қолданады. Неге оны қолданады? Ол – ғылым мен білімнің, ақпарат құралдарының, интернеттің, медицина мен мәдениеттің тілі. Ағылшын тілін білмей-ақ өмір сүреміз деуге болады. Әрине, болады! Бірақ онда ағылшын тілі арқылы тарап жатқан ілімді білмейсің. Оны білмесең, өркендеп-өсуіңе жол ашпайсың, болашағыңа балта шабасың. Сондықтан біз мемлекетімізді алға сүйреп, экономикасын көтеріп, өркендеп-өсіп, озық отыз елдің қатарына қосыламыз деп отырғанда, халқымыз, жастарымыз ағылшын тілін білмесе, қалай болады? Мысалы, 1 жарым миллиард халқы бар Қытай елі қытай тілін құрметтеп отыр ғой. Бірақ барлық элитасы, бизнесі ағылшын тілінде де сөйлейді. Жапондардың бизнес элитасы, ғылым-білімі ағылшын тілінде. Бір миллиард халқы бар Үндістан тәуелсіздігін алған кезде ағылшын тілін доғарып тастады да, 5-6 жылдан кейін қайта оралды. Сингапурда да, Малайзияда да солай болды. Мына бізді отарлаған елдің тілі құрысын деп қолданыстан алып тастап, керек болған соң қайтып келді. Сондықтан үш тілді – мемлекеттік тіл, орыс тілі және ағылшын тілін игергеніміз өте дұрыс. Соның ішінде біздің мемлекеттік тіл қатар келе жатыр. Біз соны неге ойламаймыз? Біз осылай үштұғырлы тілді қолдансақ, түбінде біздің жолымыз ашық болады. Осыны түсіну керек. Бұл жерде асығыстық жасамау керек. Сабырлы болған жөн. Біздің көпұлтты болып отырғанымызға ешкім кінәлі емес. Тағдыр солай болды. Өзге халықтардың да ешқандай жазығы жоқ. Орыстардың, украиндардың, белорустардың, ұйғыр, чешен секілді халықтардың не кінәсі бар? Осылай болды, тарих бізді көпұлтты етті. Бәрінің басын қосып, Қазақстанның бірлігін сақтап, төзімділік танытып, экономикамызды өркендетіп, өсе беретін болсақ, келешек қазақтың қолында болады.

– Құрметті Президент мырза, Сіздің бастамаңызбен құрылған Еуразиялық экономикалық одақ келесі жылдың басынан толыққанды жұмысына кіріседі. Бірақ, әлі де болса, оған үрке қарайтындардың бар екенін байқап жүрміз. Осы ретте не айтасыз?

– Мен мұны үнемі айтып келе жатырмын. Түсінгісі келмейтін адам бәрібір ұқпайды. Картаға қарайық, Қазақстан құрлықтың дәл ортасында орналасқан. Теңізге шығатын жолымыз жоқ. Қазақстанда екі қабатты бір үй салу бағасы Малайзияда сондай 10 үй салу құнымен бірдей. Неге? Біздің елдегі суық 40 градусқа дейін жетеді. Ыстығымыз да солай. Ал Малайзияда да, Сингапурда да ауа райы біркелкі. Бізде зауыт, фабрика салу Малайзиядан 5-6 есе қымбат. Ал енді олар теңіздің, мұхиттың жағасында отырған соң тауарын кемеге тиейді де, арзан жолмен жібере салады. Біз мына Қарағандыдан, Жезқазғаннан мысты пойызға тиеп, анау Қара теңіздің жағасына жеткізгенше әр шақырымына ақша төлейміз. Қытайға, Ресейге жеткенше ақы береміз. Анау Еуропаға барғанша қыруар ақша жұмсаймыз. Сонда біздің «теңізіміз» не болды? Біздің «теңізіміз» – Ресей тер-

риториясы. Біздің «теңізіміз» – Қытай территориясы. Осы екі мемлекетті теңіз деп санасақ, біз солардың жағасында тұрмыз. Енді біз осылармен сауда-саттық жасамасақ, онда экономикамыз қалай өседі? 17 миллион ғана халқымыз бар. 250 миллиардқа жақын өндіріс өніміміз бар. 17 миллион халықты қамтамасыз етіп болғаннан кейін әрі қарай қалай өсеміз? Егер біздің шығарған тауарларымызды біреу сатып алмаса, ол қоймада тұрып қалады. Ол сатылмағаннан кейін зауыт тоқтайды. Зауытта істейтін жұмысшының бәрі жұмыстан босайды. Жалақысынан айырылады. Бала-шағасын асырай алмай, босып кетеді. Сондықтан жақын көршілермен экономикалық қарым-қатынас жасау – маңдайымызға жазылған нәрсе. Мұны ешкім шекесі қызғаннан жасамайды. Мүмкіндігіміз осындай, басқа амалымыз жоқ. Сондықтан экономикалық одақ құрдық. Саяси емес, экономикалық одақ. Бұл – дұрыс. Мен бұған зерттеп-біліп, шын көңілмен барып отырмын. Бізде басқа жол жоқ. Ресеймен, Қытаймен сауда-саттық жасамасақ болмайды. Беларусьпен, Украинамен қатынас жасағанымыз жөн. Мына оңтүстіктегі ағайындармен де сауда-саттығымыз болғаны дұрыс. Бірақ олардың кейбірінің бізбен сауда-саттық жасауға еш жағдайы жоқ екенін де біліп отырсыздар. Тауарды сатып алуға шамасы келмейді. Кейбірі жабық экономиканы қолданып отыр. Олармен де сауда-саттық жасай алмаймыз. Сондықтан біз осыған баруымыз керек. Біреулер «Ресей бізді қайтадан басып алатын болды» деп қорқақтайды. Олай емес. Қазақстан, Ресей және Беларусь елдері жиналып, үш Президент мәселе қараған кезде, біреуі қарсы болса, ешқандай шешім қабылданбайды. Консенсус деген сол. Егер екеуінің шешімі жақпайтын болса, мен қарсы болам, мәселе шешілмейді. Сондықтан бәрінің құқығы бірдей. Әдейі сөйттік. Оның бер жағында экономикалық комиссия бар. Комиссияның ішінде әр елден үш-үштен тоғыз адамнан тұратын алқа құрылған. Ол жерде де консенсус бар. Оның үстіне Премьер-Министрлердің үш орынбасары жұмыс істейді. Оларда да солай шешеді. Үкімет басшылары кездескенде де сөйтеді. Ал айтыңдаршы, қай жерде бізді кемсіте алады? Егер де бұл жағдаймен келіспейтін болса, Қазақстанның ол экономикалық одақтан шығып кетуге құқы бар. Мен бір рет айттым, тағы қайталап айтам, тәуелсіздікке нұқсан келтіретін болса, ондай ұйымдарда Қазақстан ешуақытта болмайды. Біздің ең жоғары бағалайтын байлығымыз – Тәуелсіздік! Ата-бабамыздың қанымен, терімен келген тәуелсіздікті біз ешкімге бере алмаймыз. Оны қасық қанымыз қалғанша қорғауымыз керек. Сондықтан бұл жөнінен ешқандай күдік болмасын. Үйде отырып алып, дастарқан үстінде «ойбай, сөйтіп кетті, бүйтіп кетті, анау сөйтті» дейтін түк білмейтін дилетант адамдардың сөздеріне құлақ қоюдың жөні жоқ. Қандай аргумент бар, мысалға келтіріңдерші маған? Қай жерде не болып жатыр екен? Қазақ болсын, орыс болсын, барлық іскер адамдармен сөйлессең, бәрі мұның пайдалы екенін айтады.

Кеден одағына кірдік. Ресей шекарасында біздің пойыз келе жатыр делік. Бұрын бір тоннаға жүз теңге төлейтін болсақ, Ресей шекарасына кіргеннен кейін үш жүз теңге төлейтінбіз. Қазір ондай жоқ. Мен жай ғана мысалмен айтып отырмын. Шындығында мыңдаған, миллиондаған теңге төлейтін едік. Сонда біздің тауардың бағасы жаңағы ақшадан бірден өсіп кететін. Ондай бағамен шетелге барған кезде бәсекеге түсе аламыз ба? Түсе алмаймыз. Біз – мұнайды, темірді, көмірді тасымалдап жатқан елміз. Біздің мемлекетіміз бұдан қаншама пайда тауып жатыр. Бұл – бір. Екіншіден, қоян-қолтық сауда жасайтын екі ел бір-бірінің тыныштығын қолдайды. Бір-бірінің бейбітшілігіне мүдделі болады. Бір-біріне қол сұқпайды, саясатына араласпайды. Бір-бірімен жанжалдаспайды. Ол жағы да

белгілі. Сондықтан бұл жерде ешқандай қорқатын, жасқанатын нәрсе жоқ. Оның бәрін мен қадағалап отырмын. Егер Қазақстанның тәуелсіздігін өз қолымен жасап, қызғыштай қорғап келе жатқан қазақ болса, соның бірі менмін. Мен істеп отырған ісіме, алды-артыма, елдің болашағына қарап отырған адаммын. Экономика өсіп-өнбесе, басқа шаруаның бәрі шешілмейді. Тіл де, дін де жайына қалады. Қазақтың да жағдайы жақсармайды. Сондықтан бұған түсіністікпен қарау керек. Құр сөзді қою керек. Егер күмән болса, мемлекеттен «неге бұлай?» деп жауап алған жөн. Соны түсінгеннен кейін, біліп сөйлеген адам жақсы ғой. Бетапды сөйлеп, қойдың құмалағымен бал ашып отырған адамның сөзін айтпау керек.

– Соңғы уақытта Украина төңірегінде қалыптасып отырған ахуал, көршіміз Ресейге салынып жатқан санкциялар біздің экономикамызға қаншалықты кері әсерін тигізуі мүмкін? Жалпы, біздің елдің экономикасы ықтимал қауіп-қатерлерге дайын ба?

– Шынын айтқанда, бұл енді ойламаған жерден шыққан қиыншылық болды. Ресей мен Украинаның арасында осындай ахуал орнығады деп кім ойлаған? Ойлап қарасаң, екеуі бір дінді, бір тілді, бір жерде бірге өсіп-өнген ел. Мұның экономикалық одаққа қолайсыз салдары тиеді, әрине. Оны айтпауға болмайды. Неге? Себебі, Батыстың бәрі Ресейге санкция салып жатыр. Санкциясын жеке адамдарға жасаса бір жөн, қаржы жүйесіне де, экономиканың кейбір секторларына да салынуда. Бұл Ресейдің экономикасын төмендетеді. Зауыттары нашар жұмыс істей бастайды. Сосын біздің тауарларды алатын жағдайы болмайды. Біздің шикізатты қабылдау мүмкіндігі азаяды. Міне, осы тұрғыдан қиыншылық көруіміз мүмкін. Екіншіден, Ресейдің де қарсы санкциялары бар. Тұтынатын тағам өнімдерін алмаймыз деп жатыр. Біз осыны пайдаланып, Ресейге азық-түлік өнімдерін көбірек шығаруымыз керек. Фермерлеріміз көкөністі, ет-сүтті, басқа да тамақ түрлерін көбірек әзірлеп, көптеп сатып, пайда таба алады. Мұның да қауіпті жағдайлары бар. Бірақ пайдалы жағын қолдануға болады.

Ал олардың жасап жатқан кедергілерінің Қазақстанға тікелей қатысы жоқ. Біз Дүниежүзілік сауда ұйымына биыл кіреміз деп отырмыз. Бұл мәселені шешеміз. Еуроодақпен бұрынғы келісөздерімізді жалғастырып, жаңа келісімге қол қоймақпыз. Оны да шешеміз. Демек, о жақтан да, бұ жақтан да тосқауыл жоқ. Қазір Ресейдің өзін түріктер қолдаймыз деп жатыр. Иран да қолдаймыз дейді. Тауарларын жібергісі келеді. Біз де сөйтеміз. Бұл бір жағынан пайдалы. Бірақ мұндай санкциялар өмір-бақи болады екен деп алданып та қалмау керек. Қазір егіннің бәрін егіп, Ресейге апарамыз делік. Ертең Ресей санкцияны алып тастап, бұрынғы үрдіске қайта келетін болса ше... Сондықтан қиын жағдайға қалмау үшін алды-артымызды ойлап қадам жасау керек. Мұның ақырын күтуіміз керек. Дүниеде қандай соғыс болса да, ылғи келісөзбен бітеді. Ылғи бейбітшілікпен бітеді. Мынау да бітеді. Уақыт деген – керемет күш. Уақыт өзі бәрін орнына келтіреді.

Сондықтан Қазақстанның болашағы жарқын деп санаймын. Себебі, біз ешбір елге тиісіп көрген халық емеспіз. Ешбір елге жау емеспіз. Төңірегіміздің ешқайсысы да бізге жау емес. Бізге сырттан келіп тиісейін деп тұрған ешкім жоқ. Дегенмен, қандай жағдайда да өз қауіпсіздігімізді ойлап, Қарулы Күштерімізді сайлап, іші-сыртымызды, етек-жеңімізді жиып, сақ отыруымыз керек. Осылай төңірегіміз бейбіт, өзіміз бейбіт, ішіміз бүтін, бірлігіміз берік болса, ұтылмаймыз. Қазақтың бірлігі – мына көпұлтты халықтың бірлігі. Біз бірте-бірте жарқын болашаққа жетеміз деп санаймын.

Менің арманым, ойым – Қазақстанның мәңгілік болуы. Сондықтан «Мәңгілік Ел» деген идеяны ұсындым. «Мәңгілік Ел» болу үшін бәрін жасап жатырмыз. Әнеукүні Үкіметте біраз өзгерістер жасаған себебіміз мынау. Үкімет билігінде отырған шенеуніктер саны шағын болуы керек. Ал олардың істеген жұмысы ауқымды болуы қажет. Жаңа министрліктердің басына келген басшылардың жасы 40 пен 50-дің аралығында. Көпшілігі ағылшын тілін меңгерген, өз саласының маманы. Олар Ресеймен де, басқа шетелдермен де еркін сөйлесіп, келіссөз жүргізе алады. «Болашақ» арқылы оқыған, өз елімізде тәрбиеленген сондай жастарымыз қаулап өсіп келе жатыр. Бәрі де мемлекет жұмысымен айналысуда. Қазақстанның ең үлкен патриоты да, елді алға сүйрейтін де солар болады деп сенемін. Менің арманым, ойым осы. Лайым солай болсын! Қазақстанның болашағы өте жарқын! Біздің балаларымыз бен немерелеріміз бұдан да керемет елде өмір сүреді деп ойлаймын.

– Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! Еліміздің осындай киелі де ең сұлу жерлерінің бірі – қасиетті Ұлытау баурайында ерекше сұхбат бергеніңіз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

– Жаңа өзің айтып кеткендей, мына жердің аурасы жақсы. Қазір далада күннің ыстығы қырық градусқа жуық болып тұрса да, осы Әулиебұлақтың жағасы қандай көркем. Мына тұрған қайыңдар, мынау жер сонау Жошы ханның да, Алаша ханның да, Тоқтамыстың да, Едіге батырдың да – бәрінің көзін көрген шығар. Мінекей, дүние деген осылай әлғи тұра береді. Заман өтеді, уақыт алға жылжиды. Ұрпақтар бірінің жолын бірі жалғайды. Бірақ ата-бабамыздың жері осылай керемет болып қала береді. Осындай әулиелі жерден қуат алған халқымыз ата-бабалар жолымен жүреді деп санаймын. Ол жол – сара жол, Мәңгілік Елдің жолы!

Сұхбаттасқан Ринат ДУМАНҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан», 2014 жыл, 26 тамыз

ПРЕЗИДЕНТ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ҰЛЫТАУ АУДАНЫНА ҮШ САПАРЫ

Бірінші сапар. 1993 жылғы 15 қыркүйек

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұлытау ауданында болды. Қазақ елінің кіндік мекеніндегі тарихи ескерткіштерді аралап көрді. Қазақтың көне және ортағасырлық тарихында ұлан-асыр оқиғаның куәсі болған Ұлытаудың даласын қыран қалықтаған биіктен шолып шықты. «Жаңа Хан ордасында болдық. Алаша хан, Жошы хан кесенелеріне бардық. Киелі, аруақты жерді аралап, қуат алу мақсатында», – деді Президент.

Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігін жариялағалы бір жылдан жаңа ғана асқан. Туы, Әнұраны, Елтаңбасы енді бекіген. Жер шарындағы 150-ден астам мемлекет Тәуелсіз Қазақстанды таныды. Саяси тәуелсіздік бар, енді аяқтан нық тұрып, нағыз тәуелсіз ел болу үшін біраз жыл керек болып тұр. Бұл жерде асу-сасу жақсылыққа апармайды. Еңбек, тек еңбек қана мақсатымызға апарады.

Істің сәттілігі – халқымыздың бірлігінде, біртұтастығында. Оның жаны, қан тамыры – өзіміздің, қазақтардың бірлігінде. Мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақтардың жауапкершілігі үлкен. Сондықтан да дүние жүзі қазақтарының алғашқы құрылтайында Ұлытауда бірлік монументін орнату жөнінде бәтуа жасалған. Президент Н. Назарбаев Ұлытау баурайында монумент орнатылатын жердегі белгітасты ашуға арналған салтанатты митингте сөз сөйледі.

Екінші сапар. 1994 жылғы 3 қараша

Президент Ұлы Отан соғысы жылдары бүкіл Кеңес Одағының болат сауыты болған Жезді кентіне келді. Тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайында болды. Шамасы, осы сапар Теміртауда металлургиялық заводта бірнеше жыл түтінін жұтып, құрыш құйған металлургтің ішкі рухани қажеттігінен туған болар. Мұражай жәдігерлерімен байыпты түрде бір сағаттан артық танысты. Содан

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі КММ Жезқазған қаласы

194592

кейін ол Милықұдық үлгісіндегі пеште металл балқымасын алып, одан балға сомдап шығарды. Бұл жеңіл-желпі атқарыла салатын шаруа емес екен. Ол аса ықтияттылықты, ептілікті, оның үстіне білек күшін де талап ететін еді. Несін айтасыз, Елбасы ерледі. 4000 жыл бұрынғы мыс қорыту әдісін қайта тірілтті. Құйылған балға – бүгінде мұражайдың аса бағалы экспонаттарының бірі.

Үшінші сапар. 2014 жылғы 22 тамыз

Осы жолы Елбасы Ұлытауға көңілді келді. Бұл өңірге алғашқы сапарынан бері 21 жыл өтіпті. Еліміздің кісі танымастай жаңа бейнесі қалыптасып жатыр. Кеше әлемдегі дамыған 50 елдің ішіне енуді армандасақ, бұл белес алынды, енді дамыған 30 елдің қатарына кіру жолында іс-әрекет жасап жатырмыз. Халықтың тұрмыс жайы ажарланып, өмір сапасы, әл-ауқаты көтеріліп келеді.

Жаңа тірліктің бір көрінісі – Президент Жезқазғанда Жезқазған – Бейнеу, Шұбаркөл – Арқалық темір жолдарымен жүк тасымалдауды бастауға старт берген. Жезқазған, Арқалық тұйықтағы қалалар шеңберінен шықты. Бейнеу – Жезқазған темір жолымен тасылатын транзиттік жүк 21 млн. тоннадан артық болады деп отыр. Бұл жол Үлкен Жезқазған орбитасына Торғай даласының оңтүстік-шығыс бөлігін тартуға жағдай жасайды.

Елбасы Ұлытауда Әулиебұлақ түбінде сұхбат берді. Ой түбінде жатқан кемел ақыл, сөз маржаны қалқып су бетіне шықты. Жастардың Қазақ елінің тарихын білуі, дін, тіл, Еуроодақ мәселелері, Украина төңірегіндегі текетірес жайлы көңілдегісін ақтарып тастады, шиеленісті тарқатудың жолдары жөнінде ой-пікірін білдірді. Айтылған әңгіменің басты түйіні – ел экономикасын серпінді дамыту, қазақстандықтардың өмір сапасын жақсарта беру, халықтың жақсы тұрмысы, көңіл-күйін қолдау, жұбымызды жазбай Мәңгілік Елдің тұғырын мықтап, қабырғасын биіктетіп, әлеуетін арттыра беру.

Нұрсұлтан Назарбаев Ұлытау келешекте туризм орталығы болып, халқымыз келіп тәу ететін қастерлі жер болады деп нық айтты.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Жезқазған – Бейнеу, Шұбаркөл – Арқалық теміржолдарының тұсауын кесті

Өңір тұрғындары теміржолшыларға сәт сапар тіледі

Президент Нұрсұлтан Назарбаев
Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінде

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Ұлытауға келді

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ мемлекетінің тұтастығы мен халық бірлігінің монументі орнатылатын жерге белгітас қою салтанатына қатысып, сөз сөйледі

Президент Нұрсұлтан Назарбаев
ауыл тұрғындарымен бірге естелік суретке түсті

Қазақ мемлекетінің тұтастығы мен халық бірлігінің монументі

ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ ТАБИҒИ ҚОРЛАРЫ. ХАЛҚЫ

Жалпы мәліметтер. Ұлытау аймағы ұғымын айналымға енгізген – акад. Қ. Сәтбаев. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1935 ж. 9 қазандағы санында осы тақырыппен мақала жариялап, аймақтың негізгі сұлбасын белгілеп берді. Ұлытау тауы мен оның сілемдері оңт.-шығыстан солт.-батысқа қарай мыңдаған км-ге созылатын Сарыарқа дөңдерінің негізгі кіндігі болып есептеледі. Сарыарқа Сібір даласы мен Бетпақтың шөлін бөліп, оңт-тің ыстық желінің жолына бөгет қалқан болып тұр. Ұлытау аймағының оңт. бөлігіне Жезқазған тау-кен және металлургия кешені орналасқан. Аймақтың жалпы табиғи-тарихи аум. – 100 мың км^2 жуық.

Ұлытау аймағы Ұлытау ауд. аумағына тұтастай кіреді. Ұлытау ауд. ҚР-ның нақ орталығында орналасқан. Жер аум. – 122,9 мың км^2 немесе Қарағанды обл. жер көлемінің 28,7 пайызын алып жатыр. Солт-тен оңт-ке жүргенде – 495 км, шығтан бат-қа қарай – 615 км, жалпы шекарасының ұз. – 1800 км-ге жуық. Ауданның әкімшілік аумағында 12 ауылд., 3 кенттік округ, 29 елді мекен бар. XX ғ. 40-жж.-нан Ұлытау аймағы Жезқазған-Ұлытау өңірі деп те аталып жүр.

Ұлытау ауд-ның сол жақ ендігі Ұлыбритания аумағы аралының оңт-тегі ендігімен орайлас өтсе, оңт-дегі ендігі Жерорта және Қаратеңіз жағалауларындағы ендігіне тұп-тура келеді.

Аудан еліміздің 4 облысымен шекаралас. Солт-те Қостанай облысымен малы аралас, қойы қоралас шектесіп жатыр. Егер шекара бойымен жолға шықса, алдымен Тегене өз-нің аңғарымен жылжып, Сазанбай, Түрме ұсақ шоқыларын көктей өтіп, Қайдауыл, Жыланшық жазықтарын жағалай жүреді. Қаптыадыр, Сарысу-Теңіз қыраттарымен жылжи келе, Жорға тауларына бас тірейді.

Оңт. шекарамыз Бетпақтың шөлін солт-ке қарай кесіп өтіп, Сарысу өз. аңғарына жетіп тоқтайды. Сарысудан ілгері қарай – Мойынқұм, Арысқұм шөлдері мен Мыңбұлақ ойысын басып өтіп, Арал Қарақұмына жетеді. Осы кеңістіктің арғы бетінде Оңт. Қазақстан, Қызылорда облыстары бар.

Батыста Ақтөбе облысымен шекара сызығы Жақсыкелді көлінің батыс жағынан бастау алып, әрі Жыңғылды өз. аңғарына дейінгі сортаңды құм төбені, бұйраттарды басып жүреді.

Солт.-шығысында Қарағанды облысының Нұра, ал оңт.-шығысында Жаңаарқа ауданымен шекара Қабыршықтыкөл, Қызылжар арасынан жүріп жатыр. Жері, топырағы, ауа райы ұқсап тұр.

Ауданның әкімшілік орт-ғы – Ұлытау кенті.

Жер бедері. Ауданның жер бедері өте күрделі. Жер көлемінің бірсыдырғы үлкендігі, геол. даму тарихы және құрылымының саналуандығы бұл аймақтың жер бетіне әсер етті. Кембрийге дейін және палеозойдың басында суы таяз шалқыған теңіздің

табаны болатын. Осы теңіз айдынынан Ұлытау антиклорийі арал тәрізді көтеріліп келе жатты.

Палеозой заманының алғашқы кезеңінде каледон тау түзелу процесі етек алды. Дәл осы уақытта магмалық және жанартаулық жыныстары қенересінен асып аспанға атқылады. Жаппай деңестену кезінде Ұлытау, Сарысу, Теңіз қыраттары пайда болды. Деңестенумен қатар жер қыртысының төмен иілуі, ойпаттар мен ойыстар, жазықтар қалыптасуы өрістеді.

Палеогеннің басында Тұран ойпатынан су көтеріліп, Бетпақдаланың батысын, Арал маңы Қарақұмы мен Арыс құмын шая бастады. Ауа райы жұмсарды, ылғал молайды, таулар мен шоқылар аласарып, тас жыныстар үгіліп, ойпаттар мен еңістерге шөгіп, бетін тегістеп, жазықтықтарға айналып жатты. Теңіз суы Сарысу өз. аңғарына дейін көтерілді.

Кайнозойдың неоген кезеңінен бастап жаңа тектоникалық қозғалыстың ықпалымен жер бедері көтерілді.

Каледондық Ұлытауға қарағанда, оның шығысындағы герциндік таулар 1000 м-ге дейін биіктеді. Ұлытау тау жүйесінің орташа биікт. – 400-600 м, орт. бөлігі – 800-1000 м шоқылы, қыратты бірнеше тау жоталары жиынтығынан тұрады. Оңт-тен солт-ке қарай созылып жатқан тау сілемдерінің ұз. – 300-350 км, ені – 150-200 км. Аудан жерінің ең биік нүктесі – Ұлытаудың Ақмешіт әулие шыны. Биікт. – 1133 м. Ең төмен, ең аласа алабы – Қарсақбай қыратының оңт. беткейіндегі Мыңбұлақ ойысы. Оның өзі теңіз деңгейінен 100 м шамасында биік жатыр.

Ауданның оңт.-шығысында Тобылғылы, Жетіқоңыр, Сәмен, Қарақойын құмдары орналасқан.

Ұлытау тауы жүйесінде Арғанаты (757 м), Желдіадыр (629 м), Кішітау (793 м), Майтөбе (628 м), Суықтөбе (546 м), Ақмола (601 м), Қарауылшы (503 м) және басқа да таулар бар. Есептерге қарағанда, аудан аумағының 65-70 пайызын қазақтың ұсақ шоқылары алып жатыр.

Қарсақбай қыраты Ұлытау, Кішітау тау сілемдерінің жалғасы болып табылады. Екеуінің арасын Білеуті, Қарасиыр өз. аңғары бөліп тұр.

Қыраттың биікт. – 500-600 м, шыңдарының ең биігі – Қарамола тауы (644 м). Қырат батыс, шығыс, оңт. бағыттарда созыла келе бірте-бірте аласарып, жазық дала дендеп, Торғай қолатына ұласады.

Ауданның оңт-де. Сарысу өз. төменгі ағысы мен шығысында Балқаш көліне дейін 500 км созылған Бетпақдала шөлейт өңірі жатыр. Жер бедерінің орташа биікт. – 300-350 м. Мұнда тұзды көлдер, сор, тақыр, ағынсыз ойыстар жиі кездеседі. Бетпақдаланың топырағы мен тау жынысы негізінен кембрий, девон, карбон кезеңдерінде түзілген гранит, порфирит және ақтастан тұрады.

Батыста біраз жерге Тұран ойпатының солт.-шығыс бөлігін қамтитын Арал маңы Қарақұмының көтеріңкі бөлігі енеді. Бұл бөліктің ең биігі – 100-150 м, биік жерлері – Жыланқыр (157 м), Қаскатөбе (135 м), Көктөбе (125 м). Құм шоқылары мен төбелердің ұз. 100-200 км болады. Үлкенқұм мен Жіңішкеқұмның ендері кейбір жерлерде небәрі 3-5 км дейін тарылып, кей тұстарда кең жайылып, 60-70 км дейін жетеді. Жердің бедері құрғақ аңғарларға ұқсап, сор немесе көл тізбектерінің ойыстары, аласа қырат жұрнақтары, төбелі, белесті құм жалдары сияқты қалыптасқан.

Сарысу теңіз қыраты ауданның шығ-да жатыр. Ол Теңіз ойпатын оңт. беткейдегі Сарысу су алабынан бөліп тұр. Қыраттың жер бедері дөңес, жазық болып келетіндігімен көзге түседі. Оның екі жағынан құлап ағатын өзендердің табандары кең, аңғарлары терең.

Ұлытау өңірінде мынадай ішкі аймақтық-табиғи аудандар бөлініп шығады: 1) өңірдің батыс шетіндегі Қарақұм шөлді құм ауданы; 2) терістіктегі сортаң буырыл топырақты ұсақ шоқылы жазаңдар; 3) Сарысу шөлейт құмы; 4) сұрғылт топырақты Бетпақдала жазықты ауданы.

Жылдан-жылға өңірдің топырақ жамылғысы біртіндеп азып, азайып барады. Арал теңізінің түбінен ұшқан тұзды тозаң Ұлытау ауд. оңт-нің шеткері жеріне жетті. Құмда қыста қатытын тоңның қалыңдығы жұқарып бара жатыр. Сондықтан да Ұлытау ауданының Жезді жақ бөлігі Арал апатының алдындағы өңір деп табылды. Өкінішке карай, Жетіқоңыр, Баршақұм, Жіңішке құмдардың кейбір бөлігінде сандар құмынан айрылып, жалаңаштанып қалған. Қызылжар ст. тұрғындары құм көшкіні бірте-бірте темір жолдан өтіп, Арқаның жерін басып кетуі мүмкін-ау деген алаңдаушылық білдірді.

Жер қорының кемуіне антропогендік әрекеттен, адамдардың шаруашылық қызметінен зор зиян келеді.

Геологиялық құрылымы және пайдалы қазбалары. Ұлытау-Жезқазған өңірінің геол. құрылымы тау жыныстарының әркилы кешендерінен түзілген: I – кембрийге дейінгі күрделі дислокацияға ұшыраған метаморфтық жыныстар; II – палеозойдың жанартаулық магма тұнба қатпарлы жыныстары; III – мезозой және кайнозойдың құмтасты-сазды платформалық қосындылары.

Бұл өңірдің қойнауы пайдалы қазбаларға өте бай. Мұның себебі, жоғарыда айтқандай, кең-байтақ даланың көлемінде ғана емес, сонымен қатар жердің геол. түзілуіне сабақтасады. Өлкемізде әлемге мәшһүр мыс кеніші б.з.д. III мыңжылдықтан игерілген. Қола дәуірінде мыстан басқа алтын, күміс, қалайы қорытылып, өңделгені жайлы деректерден хабардармыз.

Ежелгі Ұлытау жері мыстың байлығы жөнінде әлемдегі ірі тау-кен орны болып табылады. Қарсақбай мыс балқыту заводы іске қосылған күнінен бастап есептесек, Жезқ-да бір млрд. тоннадан астам мыс кені жер бетіне шығарылған. Жезқ. төңірегінен қазылып алынған кеннің құрамында 20 түрлі бағалы, сирек және шашыранды металл кездеседі. Олар – алтын, күміс, рений, кадмий, висмут, кобальт, теллур, платина, осьмий, селена, т.б. Қ. Сәтбаев аймақта 300-ден астам жер мыс іздеуге перспективалы деген екен. Соңғы 5-6 жылда мыс кенінің Жыланды тобында, Қарашошақ, Итауыз, Сарыоба орындарында мыс қоры көбейді. Үкімет бекіткен бағдарлама бойынша геол. барлау жүргізу мемлекет тарапынан да, «Қазақмыс» корпорациясы тарапынан да белсенді жүргізіліп жатыр.

Жезқ-ның оңт-дегі «Жомарт» кенішінде өндірілген кеннің құрамында мыс салыстырмалы көп, оны өндіру жыл сайын артып келеді.

Ұлытау аймағында қара металдардың шоғырланған жері Қарсақбай алабы болып табылады. Оған Балбырауын, Керегетас, Сазтөбе, Жетіқыз, Найзатас кен орындары жатады. Бұлардың барлығы ҰОС-на дейін ашылған. Кейініректе Қарсақбайдың оңт-нен Жуантөбе темір кен орны ашылды. Алғашқы барлау нәтижелері оның қоры бірнеше млрд. тонна деген болжам жасауға негіз болады. Бұл – алып темір кен ошақтарының бірі болады деген сөз.

Ұлытау аймағы марганец кенінің қоры жағынан Қазақстанда негізгі ауданға жатады. Жезді кен орны маңайында темірлі-марганецті кен белгілері бар Бала Жезді, Емельяновское, Батыс Керегетас, Жаман Керегетас орындары белгілі. XX ғ. 80-жж. ортасында Қаптыадыр тауының оңт-де Айдарлы Грабен-Синклиналінде марганецтің жаңа кен орындары (Богат, Тур I, Тур II және т.б.) ашылып, геол. барлау жұмыстары жүргізілді.

Металсыз пайдалы қазбалар тобына жататын асбестің қоры жағынан өңіріміз респ-да екінші орын алады. Оның Ешкіөлмес, Қарсақбай қыратындағы өнд. маңызды барланған қоры 10 млн. тоннаға жуық. Сонымен қатар, Құмола, Шайтантас, Айыртау, Дүйсенбай кен орындары есепке алынып, мемлекет қорына енген.

Құмолада родуситтің (көгілдір асбестің) өнд. маңызды қоры барланып, оны тиісті орындар есепке алған. Айта кету керек, родусит кең-байтақ Еуразия кеңістігінде тек қана Ұлытаудан табылып отыр. Өткен ғасырдың 80-90-жж. осы шикізатқа негізделген Құмола кен-байыту комбинатының құрылысы басталып, жұмыстың басым көпшілігі еңсерілді. Бірақ Кеңес Одағы тарап, құрылыс және монтаждау жұмыстары аяқталмай қалды.

Үлкен Жезқазғанның салынуына байланысты геологтар оны жергілікті құрылыс материалдарымен ірі көлемде қамтамасыз етті. Мыс қаласы Жезқазғанның және Жезді кентінің маңайында әктас, Сәтбаев қ. төңірегінен және Сарысу өз. алқабынан қиыршық (кварцты) құм, Теректі ст. қасынан гранит табылды.

Жанатын пайдалы қазбалар қатарында көмір XIX ғ. басында Байқоңыр мен Қиялтыдан табылып, оны өндірісте пайдалану жағы қарастырылды. Оны көмір іздеп жүрген ағылшын геологтарға көрсеткен – бабас руынан шыққан қарапайым шаруа Жақыпбек. Бұл деректі өзінің «Гүлденген өңір» атты кітабында инженер Жетпіс Дүйсекеев жазды. Кейінгі жүргізілген іздестіру және зерттеу жұмыстары Байқоңыр көмір ошағын ашқан кісі – Бабас байдың ұрпағы Жақыпбек Қарпықұлы Шоқпартегі екенін анықтады. Байқоңыр ауылы қоныстаған жер әуелі Шоқпар деп аталған. Одан сәл әріректе Шоқпар қыстауының орны мен бейіті сақталған.

Байқоңырдың қоңыр көмірі 1892-1910 жж. Железновтың қорғасын заводында (Ұлытау ауд. Шеңбер а.), Қарсақбай мыс қорыту заводында 1912-1918, 1928-1937, 1941-1961 жж. негізгі отын ретінде пайдаланылды. Қиякты қоңыр көмір ошағын Қ. Сәтбаев басқарған геологтар 30-жж. зерттеп, оның жалпы қоры 100 млн. тоннадан асып түсетінін анықтады. Негізі бұл жердің көмірі пластмасс, жасанды талшықтар және органикалық химия өнімдерін шығару үшін тиімді шикізат болып табылады.

Мұнай мен газ қоры Ұлытау ауд. аумағындағы Құмкөлден ашылды. Ол Қызылорда обл. мұнайшыларының күшімен игерілуде. Шығарылатын мұнай Құмкөл – Қарақойын – Сарысу – Атасу мұнай құбыры арқылы Павлодар – Шымкент және Атасу – Алашанькоу магистральды мұнай айдау жүйесіне жалғанған.

Шу-Сарысу ойпаңынан 14 мұнайлы-газды мүмкіндігі бар құрылымдар анықталды. Өңірде мұнай мен газ қорларының болашағы бар деген біраз жер назарға алынған.

Ақтаста пьезокварц пен тау хрусталі сияқты әлемде аса сирек кездесетін кен орны бар.

Ауа райы. Өңірдің ауа райы шұғыл континенттік. Қыста суық, қар аз түседі. Жазы құрғақ, ыстық. Жылдық және тәуліктік ауа температурасы ауытқып тұрады. Өйткені Ұлытау – Сібірдің сақылдаған аязы мен Орта Азияның аптап ыстығы бетпе-бет тоғысып тұратын аймақ. Мұнда жаз айларында орташа температура +25 градус болса, қыста осы көрсеткіш -25 градусқа тең келеді. Қыста ең суық ай – қаңтар, ақпан, орташа температура -14, -16 градус болғанымен, ең төменгі температурада сынап бағанасы -42, -50 градусқа дейін түседі. Жазда ең ыстық айлар – шілде мен тамыз. Ағылшындардың 1913-1917 жж. бақылаулары бойынша, шілдеде температура 1913 ж. +45 градусқа, 1914 ж. +43,5 градусқа, 1915 ж. +44 градусқа жеткен.

Аймақтағы жауын-шашын жаздың бастапқы шенінде не күзде болады. Өңірдің таулы, қыратты бөлігінде және солт. қарай жылдық ылғал мөлшері анағұрлым артады, 200-250 мм жетеді. Ең ылғалды, жауын-шашынды жер – Ұлытау тауының баурайы, ылғал мөлшері – 300-350 мм.

Шілдеде жаңбыр жаумай, ауа райы ашық, тымырсық күйде сақталады. Соғатын желдің бағыты – оңт-тен немесе оңт.-батыстан. Желдің жылдамдығы секундына 3-5 м жетеді. Аңызақ соққанда ауаның құрғақтығы күшейеді. Желдің жылдамдығы секундына – 15 м, кейде одан асып тұрады. Жерден топырақ, құм, шаң-тозаң атаулы аспанға көтеріліп, көз көрінбейтін құм бораны тұрады. Мұндай құбылыстар Жезқазған, Сәтбаев қ-да, Қарсақбай кентінде байқалады. Аңызақтың аяғы қуаңшылыққа алып барады, жазық далаларға, өсімдіктер әлеміне зардабын тигізеді. Кең көсілген дала сарғылт тартып, өсімдіктердің біразы қурап, төңірек шөлдік сипат алады.

Ауданның оңт-гі мен бат-дағы құмдарға жаңбыр мен қар аз түседі. Арал маңайы мен Жетіқоңыр құмдарына түсетін ылғал 80 мм шамасында. Оның өзі жаздың ыстық айларында өсімдіктердің тамырын нәрлендірмей, тез буланып, біраз бөлігі ұшып

кетеді. Аймақта орташа салыстырмалы ылғалдық 55-60 пайыз болса, шілдеде бұл небәрі 35-40 пайыз маңайында.

Ауа райының қалыптасуына күн сәулесінің әсері зор екені белгілі. Ұлытау өңірі қоңыржай белдеудің солт-де болғандықтан күн сәулесі молынан түседі. Бұлтты күндер көп емес. Ауаның жылы кезінің орташа температурасы 0-ден жоғары болатын күндер 198-223 күн аралығында, ал ауаның аязсыз кезеңі – 90-170 күн. Жарқыраған ашық күндердің көп болуы егін, бау-бақша шаруашылығы өнімдерінің дәмділігіне, толық пісуіне оң әсер жасайды. Сонымен бірге, күн сәулесін электр энергиясын алуға пайдалану өңірде үлкен шаруашылық және әлеум. міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызады.

Қар қарашаның 30-ына қарай жер бетін толық жабады, ал наурыздың 23-іне дейін телім-телім болып ериді, сонда жер бетінде қар 120 күн жатады. Тоңның орташа қалыңд. – 30-40 см, қыс аязды болған жылдары 1,2 м жетеді. Өңір тұрғындарының айтуынша, құмның терістікке қарай жылжуына және Аралдан сортаңды тозаңның дауылмен таралуына байланысты тоңның жұқара бастағаны белгілі болып тұр.

Көктемгі ауа райы өте құбылмалы. Кей жылдары қар тез еріп, өз-дер күрт тасиды. Ә. Бөкейханов өзінің жазбаларында мынадай дерек келтірген. XIX ғ. 80-жж. Шу бойынан, Жетіқоңырдан (47-параллель) жазғы жайлауға көшкен бабаларымыз Сарысудың тез көтерілген суынан сескеніп, аялдап қалғанда, қыстай көкпек пен жусан жеп дымы құрыған жылқылар, мініс аттары өз беттерімен суға түсіп, кейбіреулерін толқын су түбіне тартып әкетсе де көпшілігі алға ұмытылып, екінші жағаға шығады. Ер-тоқымын арқалап қалғандар Сарысудың тасқыны бәсеңдеген соң ғана өз-нің арғы бетіне өткен.

Ұлытау аймағына сәуір-мамыр және қыркүйек-қазан айларында анда-санда солттен арктикалық ауа дендеп еніп тұрады. Осындай тәуліктерде үсік, қарлы боран жиі қайталанып, егіншілікке, бау-бақшаға, мал шаруашылығына зардабын тигізеді. Мәселен, 1964 ж. қыркүйектің соңғы жұлдызында қарлы бораннан Жезді ауд. кеңшарларында жаңа қырқылған 60 мыңдай қой-қозы опат болды.

Қарсақбайдағы және оған жапсарлас метеостанциялардың бақылауларын қоса алғанда, он жыл (1925-1935) ішіндегі жауын-шашынның орташа мөлшері – 150 мм, қыс айларында 46,9 мм болған. Ал кейінгі бақылаулар бойынша, жылдық орташа ылғал – 208 мм, ал қыста 102 мм болды. Қ. Сәтбаевтың пікірінше, ауа райының соңғы жылдардағы болмысынан жылылыққа, дымқылдыққа, жайлылыққа қарай бет алғаны сезілген.

Өңірде жылу тарату жүйесін салуды жоспарлағанда сыртқы ауаның орташа температурасы -32 градус, жылыту маусымы 212 күн деп есептелген.

Су қорлары. Қазақ жерінің кіндігіндегі, құрлықтың нақ ортасындағы Ұлытау аймағының ішкі сулары тұйық. Оның табиғи-тарихи жағдайы гидрографиялық жүйесінің бірсыдырғы дамуына әсер еткен. Тек өз. сулары жазғы аңызақта буланып, ұшып тартылып, кесіліп қалса да, Ұлытаудан бастау алатын өз-дер көп.

Терісаққан өз. ғана Солт. Мұзды мұхитына құятын өз. саласы болып табылады. Ол басын өңірдің солт.-батысындағы Желдіадыр тауларынан сабақтайды. Бұл өз. біздің жерімізден тек жоғары ағысы ғана өтеді. Оның орта және төменгі сағасы Ақмола, Қостанай обл. жерімен жүреді. Өз. аласа таулар мен шоқыларды арасынан жарып өткендіктен аңғары тар, тік шатқалды. Өз-нің Теңіз-Қорғалжын ойпатынан аса бере аңғары кеңиді. Бала Терісаққанның Терісаққанға құйылысында өз. жалпы ені 30 км жетеді. Терісаққан өн бойында көзді бұлақтардан нәр алып отыра-

ды. Өз-нің жалпы ұз. – 279 км, су жинайтын алабы – 20000 км². Жағасында шоқ-шоқ тоғай өскен. Оның су қорын сақтаудағы және тұрақтандырудағы орны айтарлықтай.

Ұлытаудың оңт.-батысынан басталатын үлкенді-кішілі өз-дер түгелдей Арал алабына жатады. Таудың биік шатқалдарынан құлап түскен өз-дерді тау жоталары бөліп, басқаларға қостырмай, жеке-дара саламен ағызады. Қараторғайдың негізі арнасы Көктал бастауын Арғанатының Ақшоқысынан алады. Оған Балға өз. құяды, одан төменірек Аралбай өз. қосылады, осы жерден жоғарыдан құлаған өз. Қараторғай атына ие болады. Оған Қайыңды, Жалдама Торғай, Сабасалды Торғай, Қарынсалды Торғай, Ашудасты Торғай, Ақтасты Торғай, Жоғарь Жыланшық, Шығырлы өз-дері қосылады. Торғай ерте заманда Арал теңізіне құйған.

Торғай алабына Ұлытаудың жалғасы Қарсақбай қыраттарынан ағып шығатын Ұлы Жыланшық, Байқоңыр, Қарасиыр, Білеуті, Қиянты, Қимықы, Жимықы, Қалмаққырылған, Құмола өз-дері жатады. Олар қар суымен ғана толығады және Арал теңізіне қарай бет алып аққанымен, оған жетпей, Арысқұм, Мойынқұмға кездесіп, құмға сіңіп кетеді.

Ұлытау аймағын жарып Сарысу өз-нің орта ағысы өтеді. Оның жалпы ұз. – 671 км, бассейннің көл. – 81600 км², өз-нің бас жағының саласы тар болса, төменгі жағы – 5-10 км. Негізгі қоры қар суынан түзіледі. Бастау және аяқ бөлігі шілде-қаңтар айларында құрғап, ойдым-ойдым қарасу болып қалады.

Сарысуға таудан аққан Кеңгір, Жезді, Боқтықарын, тағы басқа өз-дер құяды. Оның ішіндегі ең ірісі – Кеңгір. Ұз. – 295 км, су жиналатын алабы – 18400 км². Ұлытаудың солт-дегі Арғанаты тауындағы бұлақтар мен көлдерден басталып, Қаражардың тұсында Сарысуға қосылады. Отыз төрт салалы Кеңгір су алатын өз. бастылары – Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Жыланды өз-дері. Аңғары кең, жағасы тік жарлы. Өз. деңгейі көктемде еріген қар суымен көтеріледі. Ғалымдардың болжауынша, Қаракеңгір өз. сағасының кеңдігі өткен дәуірде 22-25 км дейін жеткен.

Сонымен, Ұлытаудан бас алатын өз-дер үш бірдей су алабына (Сібір, Торғай, Арал) қорек болып жетіп, тіршілік атаулының көзі болып отыр.

Өңірде жер асты суларының үлкен қоры бар, олар – тұщы ауыз судың көзі. Жер асты сулары әркилы терендікте жатыр. Қазірдің өзінде көлемді артезиан алаптарына (жер асты сулары) геол. барлау жүргізіліп, қоры, суының сапасы анықталды.

Әрине, жер астындағы су байлығы жауын-шашын және өз. суларына байланысты. Бұл жер бетіне таяу, төрттік дәуірдің құм-сазды шөгінді жыныстарының астына орналасқан. Оны ғылымда еспе су дейді. Оның деңгейі қар қалың, ылғал, жауын-шашын көп болса көтеріліп, қорының да өсімі болады. Қуаңшылық жылдары деңгейі төмендеп, тартылып қалады.

Ұлытау өңірінің артезиан алаптары

Алаптардың аты	Су қабаты-ның жасы	Минерал-дануы грамм/литр	Қоректенуі	Қоры, млрд. м³
Сарысу-Бетпақдала	Бор-юра	10-50 грамм	қар, өзен	205
Құрманқұл, Ұлытау, Созақ, Сарысу аудандары-ның аумағында	Альб-сеноман	3 грамм	қар, өзен	205
Мыңбұлақ артезиан алабы	Палеген-неоген	0,6-1,1 грамм	қар	206
Оңтүстік-Теңіз арте-зиан алабы	Девон-тас көмір	1-3 грамм	қар, өзен	206
Ұлытау-Қорғалжын ойысы	Көмір	3 грамм	қар, өзен	30

Жезқазған-Ұлытау аймағында бұдан тыс 35 жер астындағы су алабына геол. барлау жұмыстары жүргізілген. КСРО Үкіметі жанындағы Қорлар жөніндегі Мемлекеттік комиссия бекіткен қор 1953 ж. секундына 2,6 м³, жылына 81,6 млн. м³ болса, 1967 ж. бекіткен қор тиісінше секундына 4,7 м³ және жылына 148,2 млн. м³ болды немесе 1,7 есе өсті деген сөз.

1967 ж. жарық көрген «Тастар тілмәші» кітабында бұл оқиға былай суреттепіпті: «Елуінші жылдардағы оқиға әркімнің-ақ есінде. Бетпақтың шөліне орналасқан мыс алыбы суды көп қажет етті. Ғылыми сессияларда, партия жиналыстарында, шаруашылық кеңестерде қызу жарыссөз жүріп жатты. Батыл ойлы ғалымдар Ертістің арнасын Сарысуға қосып, Кеңгірге жалғаудың жоспарын ұсынды. Суды тұщыландыратын атом қондырғысын салу турасында оптимистік ұсыныстар айтылды. Бүгінде Жезқазған сулы өңір деп аталады. Картаға қарасақ, бастауыш кластан көңілімізде ұялаған көлдің шартты белгісі көгілдір бояу көрінбейді. Ақтаңдақ сарғыш бояулар.

– Енді мына картаға қаралық, – дейді экспедицияның (Жезқазған) бас гидрогеологы Матвей Александрович Хордыкайнен 1967 жылы кездескенде. Ғажап! Сенгің келмейді. Жезқазғанға қатарласа Балқаштай бір жер асты көлі жатыр. Гидрогеологтар Айдос-Үйдос, Қожамсейіт, Жанай дарияларын барлады. Олар секунд сайын 4,3 м³ су бере алады. Қаракеңгір мен Сарыкеңгір өзендерінің қақ ортасында Қотыржал, Тайыншаадыр, Қызыладыр төбелері үлкен теңіздің қақпақтары екен. Суы қандай! Ешқандай химиялық қосындының қажеті жоқ. Бұл – мысты өлкеде су проблемасы шешілді деген сөз».

Деректерді нақтылайық, 1961-1970 жж. КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Қорлар жөніндегі Мемлекеттік комиссия сегіз жер асты су көзінің пайдалану қорларын бекіткен. Жанай жер асты кен орны (1961) – тәулігіне 43,2 мың м³, Басқағыл (1962) – тәулігіне 19,3 мың м³, Ортақағыл және Аяққағыл (1963) – тәулігіне 51,6 мың м³, Айдос (1964) – тәулігіне 77,8 мың м³, Есқұла (1966) – тәулігіне 126,9 мың м³, Қожамсейіт (1967) – тәулігіне 42,7 мың м³, Үйтас (1970) – тәулігіне 51 мың м³. Осымен қатар, рұқсат етілген жер асты су қорының пайдаланылуы Айдос-Үйтас көзі бойынша (2008) небәрі 28,4%, Есқұла су көзі бойынша (2009) 50% болды.

Жер үсті және асты суын а.ш-ның өркендетуге бағыттауда Ұлытау ауд. алда жүрді. Оның жолын ашқан – гидрогеологтар. Мысалы, бұрынғы Жезді ауд-да Сарысу, Қоскөл. Дулығалы қатпар-қатпар су тоспалары салынып. 45 мың га қолдан жасалған шабындық пайдалануға берілді. Шөл және шөлейт аймақтағы жайылымдарда 108 артезиан, 1000-ға жуық тереңд. 30 м дейін құдықтар қазылды. 3 млн. га мал жайылымы суландырылды.

Ұлытау баурайында шашылған күміс теңгедей көлдер көп болған. Шұбартеңіз, Қарақойын, Сәмен, Барақкөл, Ащыкөл, Дәнсары. Күркөл, Обалы. Бозбайтал, Бұршақтыкөл. Кішкенекөл, Тоғызбай. Ағатай, т.б. көлдердің ең үлкені – Шұбартеңіз 125 км² жерде жайылып жатыр. ұз. – 24,5. ені – 5,1 км, одан кейін Қарақойын тұзды көлі тұр, оның ұз. – 16,3 км, ені – 4,5 км. айдыны барлығы 72,5 км² алады. Жер қыртысының тектоникалық қозғалысы кезінде пайда болған көлдер – Барақкөл, Қоскөл. Жалпы айдыны 1 шаршы км асатын көлдер саны отыздан асады.

Өңірдің солт.-батысындағы таулы қыратты, ұсақ шоқылы аймағында көлдер жиі байқалады. Онт. жартылай шөлейт және шөлейт аймаққа, шөлге беттеген сайын табиғи су қоймалары күрт азаяды. Шөлейт аймақта 6,5 мың км² бір көлден келсе, шөл аймақта 10 мың км² тек бір көлден келеді. Өйткені Бетпақтың даласына қарай қуаңшылық белең алып, ыстық ауа демінді тарылтады. Ірі өз. арнасы құрғап, бөлініп қалған кезінде аңғарлы көлдер пайда болады. Осындай көлдер Сарысу өз. сағасында бірқатар.

Аймақта жазық, асты сазды, дымқыл, құмдауыт жыныстардан қалыптасқан эолды (дефляциялық) көлдердің өзі бір бөлек. Шөлейт, шөл жағдайында аңызақ желдің буландыру әрекеті күшті. Осылай дүниеге келген ойыстарда, шағын ойпаңдарда қар суы жиналып, көлдер құрайды. Жаздың ортасында суы тартылып, кебіртеңге, қалың сорға айналады. Бұл сияқты көлдер құм бұйраттарында, Бетпақтың даласында жиірек ұшырасады.

Қайдауыл, Жыланшық және түстік Торғай жазықтарында ғылымда суффозиялық деп аталатын жолмен пайда болған көлдер де бар. Олардың су жиналатын шұңқырлары шөгінді тау жыныстарының ылғалға бөгіп, шөгіп қалған болмысында түзіледі. Көктемде қар суына молығып, шұңқырлар суға толғанымен, жазда суы буланып, орнына қалың шөп өседі. Жергілікті халық оны бидайық деп атайды, орақка келсе шауып алады.

Су қоймалары. Жезқазған-Ұлытау аймағында қолдан салынған су қоймалары, бөгендер көп, жалпы саны 100-ден асады. Қазір 9 ірі су қоймасы бар. Олардың сипаттамасы мынадай:

Су қоймала-рының аттары	Ауданы (га)	Терендігі (метр)		Суының көлемі $м^3$ (млн.)
		Орташа	Өте терең	
Кеңгір	3700	8,6	24,0	319
Жезді	1760	4,3	11,0	60
Құмшық	430	2,3	6	9,9
Кумола	250	1,8	5,0	4,5
Кененбай	200	2	5	4
Терісайрық	170	0,8	2,1	1,36
Пионер	75	2,3	6,1	1,7
Талдысай	52	2,6	5,7	1,36
Қарсақбай	40	3,2	9,8	1,2
Обалы	650	-	-	1,3

Қалаларды, өнеркәсіп орындарын, бау-бақша, егінжайларды, мал шаруашылығын сумен қамтамасыз етуде жасанды су қоймаларының мәні үлкен. Олардың жағаларына балалар лагері, сауықтыру, демалыс орындары, спорт мекемелері орналасқан.

Суды өнеркәсіп ішінде көп жұмсайтын – жылу-электр орталықтары. «Жезқазған облысының географиясы» атты кітапта мынадай деректер келтірілген. «Жылу-электр станцияларында 1 квт. энергия өндіру үшін 3 литр су қажет. Жезқазған жылу-электр орталығы жылына 6 млн. $м^3$ су жұмсайды. Ал, екі байыту фабрикасының кен өңдеуге қажеті 70 млн. текше метр су екен. Оның басым көбі қалдық суды қайта пайдалану есебінен алынатынын айтуымыз керек. Ауыл шаруашылығының суға деген сұранысы да көп. 1 тонна құрғақ өсімдік массасын алу үшін 800-2000 литр су жұмсалады. Мал шаруашылығында су малды суаруға, қора-жайлардың санитарлық-гигиеналық жағдайын сақтау үшін жұмсалады. Мамандардың пікірінше, 1 кг ет өндіруге 20 мың литр су керек. Тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық пен ауыз суға деген сұраныс ауылға қарағанда қалаларда өте жоғары. Мысалы, Жезқазған, Сәтбаев қалаларының әрбір тұрғыны тәулігіне 750-850 литр су тұтынса, ауыл тұрғыны небәрі 54-60 литр су жұмсайды. Өңір тұрғындарының басым көпшілігі ауылда емес, қалаларда тұратынын ескерсек, қаншама су керек екені өзінен өзі түсінікті шығар».

Суды тиімді пайдалану жолында шаралар баяу іске асырылуда. Су қорының тапшылығы үздіксіз өсуіне бәрінен бұрын оның ластануы қатты әсер етіп отыр. Ауылдарда мал шаруашылығы кешендері өз. арналарына тым жақын немесе өз-ге құятын сайлардың бойына орналасқан. Ауылды жерде, өз-дер бойында өз-дерді санитарлық қорғау алқаптары шектеліп, нақты белгіленбеген. Сондықтан да мал қораларынан шыққан қалдықтар, малдәрігерлік мақсатқа пайдаланылған лас су өз-дерге құйылып жатыр. Келеңсіз жағдайлар шаруалардың жекеменшілігіне берілген жерлерде де кездеседі. Тиісті мемл. орындардың рұқсатынсыз өз. мен көлдер жағалауларында шаруашылық ғимараттарды, шағын құрылыс кешендерін, өз. мен сайларда «қажетті» тоғандар, бөгеттер, бөгендер тұрғызу кездеседі. Су қорын пайдалануды экономикалық реттеу тетіктері енгізілмей келеді. Суды өндірісте пайдаланудың тұйық айналымы барлық объектілерде толық қолданылмайды. Шет елдерде

үлкен жетістіктерге жеткізіп отырған егінде, көкөніс плантацияларында жаңбырлата суару немесе өсімдік тамырларына суды тікелей беретін еврей мемлекетінің әлем мойындаған тиімді әдісі өңірде бірді-екілі шағын жылыжайлардан басқа жерлерде қолданылмай отырғаны баршаға мәлім.

Кеңгір өз-нің Жезқазған жасанды бөгенінің төменгі жағы ауыр металдардың, мыс, қорғасын, т.б. металдардың қосындыларымен ластанған. Жезқазған кеніші шахталары мен карьерлерінің улы суы біраз жылдардан бері Жезді тоғанына құйылып келді. Өңір өз. суларының ластануына Қарсақбай металлургиялық заводының, бұрынғы Жезді марганец, Ақтас кварц кенішінің әсері болды.

Жоғарыда айтқан уландыратын металдардан, хим. қосындылардан басқа жерімізге Байқоңырдан ұшқан зымырандар отындарының ыдыраған өнімдерінен де зиян келіп жатыр. 1957-2010 жж. космодромнан 1298 зымырантасығыш ұшырылған. Оның 125-і жартылай нәтижелі, 81-і апатты болған. «Протон» зымырантасығышының бірінші сатысы Ұлытау ауд. аумағындағы №№148, 15, 25 аудандарға құлайды. Зымыран сатысы құлайтын №148 ауданның көлемі – 1167000 га, №№15,25 аудандардың көлемі – 160 мың га. 1961-2004 жж. соңғы екі алаңға ұшырылған «Протонның» 224 алғашқы сатылары түскен. Ал №№27, 30, 71, 45, 46 алаңдарға 400-ден астам «Союз», «Циклон», «Энергия» зымырандарының сатылары, «Протонның» 370 екінші сатысы, оның сыртында №148 ауданға «Протонның» 48 бірінші сатысы, 370 екінші сатысы, барлығы Ұлытау жеріне «Протонның» 1060 сатылары түскен. Зымырандардың апатқа ұшырағаны кездесті. 2007 ж. 6 қыркүйекте «Протон-М» зымырантасығышы «С. Кенжеғұлов», «С. Оразбеков», «С. Татағұлов» шаруа қожалықтарының аумағына апатты жағдайда құлады. «Казмеханобрдың», Ресейдің «Мотор» конструкторлық бюросының, Әл-Фараби ат. ҚазМУ-дің бірлесіп жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде Ұлытау ауд-да 45 жыл бұрын зымыран сатысы құлаған жерде гептилдің шоғырлануы шекті мөлшерден 1-3 есе көп болғаны анықталған. 70-жж. ортасында зымырантасығыш сатысы Ұлытауға құлап, алапат өрт болған, жүздеген тонна пішен, мыңдаған га тауда өсетін аса бағалы ағаш түрлері, жайылым өртенді. Өртті сөндіру бір айдан астам уақытқа созылды.

Өсімдіктер дүниесі. Қазақтың ұсақ шоқылығының ұлытаулық бөлігінде де өсімдіктер дүниесі даладан шөлге өтпелі сипатына ие. Ботаник ғалымдардың зерттеулері тауда 930 түрлі өсімдіктің бар екенін көрсетеді, оның 100-ден астамы – малазықтығы, 70-і – техникалық, 50 түрі – тамақтық, 272 түрінде дәрілік қасиеті бар. Аймақтың алабында дала мен шөл өсімдіктерінің араласуынан олардың шөлейт түрлері дамыған. Құрғақ далаға қарағанда өсімдіктер жамылғысы сирек. Маусымдық өзгеріс көзге ұрып тұр. Ерте көктемде, топырақтың ылғалды кезінде ағаш, бұта, шөптесін, гүлдер, т.б. жайнап тұрады. Шілдеге қарай селдіреп қурайды. Күзге таман ыстық қайтып, жаңбыр қайта жауғанда, біраз өсімдіктер көгеріп, қайта көтеріліп шығады. Ылғалдың аз болуына байланысты өсімдіктер дымқылды «үнемдеп жұмсауға бейімделген». Тамыры тереңде, жапырақтары жалпақ емес, әдемілеп кескен таспа тәрізді жіңішке немесе тікенекті келеді.

Бетпақдала оңт-ке қарай ендеген соң топырақтың жамылғысы күрделеніп, өсімдік түрі топырақ түріне қарай қалыптасады. Сортаң қоңыр топырақты жерлерде шала бұталар сарсазан, қарабарақ, тебесорақ, ақсора, сораң шөп түрлері өседі. Жыңғыл (тармақ жыңғыл, борық жыңғыл, тікен түкті жыңғыл) қопалары кездеседі. Құмды шөлдің кейбір бөлігінде сексеуіл, жүзгін, құм қарағаны, теріскен, құм бидайығы, құм сұлысы, құм тарысы, селеу, құм қиякшасы, атқұлақ, жусан, айрауық, жатаған және ақ өлең кең тараған. Өз. жаймаларында шырмауық аралас тал, жиде

тоғайлары алмасып кездесіп қалады. Ботаник ғалым Загряжский Шу және Сырдың маңындағы қазақ шаруалары құмда жылқыға азық боларлық өсімдіктің 31 түрін, қойға байланысты 65 түрін, түйеге қажетті 17 түрін, ірі қара үшін 9 түрін ерекше бөліп атағанын жазды. Ә. Диваевтың мәліметі бойынша, түйеге азық өсімдіктің 31 түрі бар екен.

Ұлытауға қарай жер рені ажарланып, ауа райының қуаңдығы азаяды. Арша таудың беткейлеріне өрмелеп, жатаған күйінде өседі, қысы-жазы көзді тартып, жап-жасыл болып тұрады. Тауларда өсімдіктердің биіктік белдеулері қалыптасқан. Таудың орта көтеріңкі алабын бозды бетегелі, жусанды, тастақты кеңістік алып жатыр, онда қараған, тобылғы бұталарының қалыңдары мен тоғайлары бар. Беткейлердің етек жағын кесіп өтсеңіз, әрірек тау аңғарларында қайың, көк терек, терек, мойыл, тал, долана бой көтерген. Олар жергілікті табиғатта маңызды қорғаушылық қызмет атқарады деуге болады. Яғни, топырақты шайылудан қорғау, ылғалды сақтау сияқты іске септігі бар. Сонымен қатар, олар – жабайы аңдар мен құстардың, көптеген жәндіктердің тіршілік ортасы.

Таудың қойнауына тереңдеп енген сайын сұлулық пен әсемдікке куә боласыз. Алыстан мұнартқан тау биіктері, қарасаң бас айналатын құз-шатқалдар, ойдым-ойдым алқапта қыздай сызылған аққайыңдар, бүлдіргеннің бірнеше түрі, қарақат, құлпынай, итмұрын, т.б. мен мұндалап мөлдіреп тұрады. «Бастауын Ұлытаудан алып, қайнап шығып жатқан мың бұлақ бар», – дейді екен ақын, шежіреші, бірқатар шығыс тілдерінің білгірі Иманжан Жылқайдаров.

Ал Ақмешіт әулиенің ауыл жақ бетіндегі аққайың шоғырының түбіндегі сылдырап ағып жатқан балбұлақтың суын ілелі кісілер шелектеп алып, емге ішеді. Ұлытаудың үстінен ұшқан ұшқыштар мамыр-маусым айларында шың-құздардың биігінен жалтырап жатқан көлдер тізбегін көреді екен. Соның бірін 2009 ж. жезқазғандық инженер Тұрмұқанбет Ысмағұлов бастаған өлкетанушылар таудың солт.-шығыс беткейінен тапты. Жан-жағы қалың құз, қамыс өскен, күнге шағылысқан алақандай көл табиғаттың жасампаздық құдіретін көрсетеді.

Қаракеңгір бойындағы сүмбіл боз талдар 5-6 м дейін өседі, жуандығы батырдың білегіндей, оны бабаларымыз найзаның сабына пайдаланған. Кейін күтімі кетіп, бұрынғы қасиетінен айырылғанның өзінде, өткен ғасырдың соңында респ-ның әр түпкірінен киіз үй жасаушылар келіп, Қаракеңгір талдарын алтындай қалап сатып алып жүрген.

Ал Ұлытаудың баурайындағы қарандызды Ақсақ Темірдің әскері қоржынына салып жүріп, лай суды ағы ішпегенде соның бір түйірін тастап жібереді екен деген аңыз бар. Себебі, пезде судың дәмін кіргізіп, жағымсыз микроорганизмдерді құртып жіберетін қасиеті болған.

Атақты парсы тарихшы Әбу Саид Гардизи XI ғ. жазған «Заин-әл-ахбар» («Баяндау көркі») еңбегінде Ұлытау өңірінің табиғаты және өсімдік жамылғысы жайлы бағалы деректер қалдырған. Автор Ертістен Сібір даласы мен Алтай тауларына дейінгі орасан кеңістікті мекен еткен түркі тайпаларының бірі қимақтарға апаратын жолды көрсетеді. Ғалым былай деп баян етеді: «Қимақтарға шығатын жол жайлы айтсақ, әуелде Фарабтан (сол уақытта Отырар осылай аталған) жаңа қонысқа барасың: сол жаңа қоныстан (Отырардың маңайындағы сауда орт-ғы Кедер) қимақ еліне қарай жүргенде, жолда өзен кездеседі, одан өткен соң алдыңнан бұйра-бұйра құм шығады; түркілер оны Уюкман (Мойынқұм) деп атайды. Әрі қарай Сокук (Сарысу) өзеніне жетесің, одан өткеннен кейін тұзды сорларды басып өтесің. Әрі қарай Кендіртағы (Ұлытау) тауы басталады. Жолаушылар өзен жағалай өскен қалың шөп, жайқалған ну тоғайдың ішімен жүріп отырып биік тауға, өзеннің бастауына жетеді».

Бұл өңірде топырақ, өсімдік, жануарлар дүниесінің географиялық орналасып өркендеуінде өзара тығыз байланысты заңдылық бар және ол солт-тен оңт. бағытта, ендік бойында өзгеріске ұшырап отырады. Себебі ауа температурасы жоғарылап, ыстық еңдеп, ылғал азая береді. Ал аласа таулардың баурайында және шоқтығы көтерілген сайын ылғал биіктікке қарай өзгеріп отырады. Топырақ пен өсімдік жағдайында түрлену туындайды. Аласа таулардың баурайында шоқ-шоқ қайың, терек, орман-тоғайлы кешендер бар. Еліміздің терістігіне тән жабайы дала өсімдіктері өңіріміздегі өз., тау аңғарларында жаз мезгілінде жайқалып тұрады.

Жануарлар дүниесі. Ұлытау өңірінде 100-ден астам сүтқоректі, 250-ге тарта құс, 20-дан астам балық түрі тіршілік етеді. Жер бедерінде табиғи тосқауыл болмағандықтан жануарлар көршілес аймақтардан келіп-кетіп жүреді. Осыдан 7-8 жыл бұрын Сібір даласын қалың өрт басқанда Сәтбаев қ. байырғы тұрғыны, инженер Яхия Асатов Кішітаудың баурайында бұзауын ерткен бұғының аналығын және бұқасын көргенін айтады. Олар адамнан үрікпей, біраз уақыт жайылып жүреді.

Ертеректе Ұлытау даласын бұлан, сілеусін, арқар, құлан сияқты жануарлар мекен еткен. Құланның мың бастан астам табыны Ұлытау мен Бетпақдала арасындағы алқапта 1880 ж. дейін тіршілік еткені жөнінде деректер бар. Арқар беріректе көзден жоғалды. Ақсақалдар: «1947 жылы Ұлытаудың батыс бөктеріндегі Құба қыстағының

тұсындағы 400-500 м биіктіктегі қақпақтастан 3-4 арқар күнде сәске түсте ауылға үңіліп қарап тұрушы еді...» – деп еске алады.

1891 ж. Омбы қаласына Ресейдің болашақ императоры Николай II ханзада келеді. Оның құрметіне салтанатқа қазақ даласының болыс басқарушылары, билер, беделді ақсақалдар шақырылған. Сол жиында Сарысу болысының басқарушысы Қалманбай Байдәулетов жолбарыс терісін сыйға тартыпты. Сарысудың қалың қамыс нуында өрген жолбарыс, сілеусін терісіне бола қырып-жоюдан биологиялық түр ретінде қайта келместей болып түпкілікті жойылды.

Кеше ғана Арқа аймағында жыртылып-айырылатын киіктер де құрып кетудің алдында тұрды. Мемлекеттің тікелей қамқорлығы және оны заңсыз аулаушылармен ымырасыз күресі нәтижесінде киіктер тобы Ұлытау, Кішітау, Арғанаты баурайларынан, Сарысу, Кеңгір, Жыланшық, Дулығалы өз. төңірегінен жиі көрініп қалып жүр.

Жезқазған-Ұлытау өңірінің сайын даласынан қарақұйрық, борсық, қасқыр, түлкі, қарсақ, жабайы мысық, шошқа, ақ қоян, қара қоян, күзен, суыр, зорманды кездестіреміз. Барақ көлінің жағалауына жанаттар жіберіліп, олар тез жерсініп, 7-8 жылда саны кәсіптік аулауға дейін жеткен. Респ-да, ғалымдардың ұсынысы бойынша, жоғалып кету қаупі төніп тұрған аңдардың 19 түрі «Қызыл кітапқа» енгізілген. Олардың ішінде қарақұйрық, арқар, елік, құлан, сілеусін, сусар, үшбашайлы ергежейлі қосаяқ, атжалман, бесбашайлы қосаяқ, шұбар күзен, т.б. бар. Ал Ұлытау өңіріндегі Қамыстыкөл Халықаралық Рамсар конвенциясына енген респ-дағы төрт құс жолының бірінде орналасқан, әлемдік және ұлттық маңызы бар су айдындарының бірі болды. Онт-тен ұшып келе жатқан суға жүзгіш қанаттылар мұнда тыныс жасайды, кейде ұя салып, жайлап қалады. Ал Құркөлде ҚР «Қызыл кітабына» енгізілген 3500-4000 қоқиқаз балапан басып шығарады екен. Алайда кезінде иелігіне алған «Қазақмыс» корпорациясы олардың айналасын терең ор етіп, бұрқыратып қазып тастады, ол қамыстың өсуіне кері әсер етті. Соның салдарынан қоқиқаздар бұл жерге тоқтамай, ілгері ұшып кеткен еді. Енді қайта орала бастады.

Сол сияқты Бараққөл, Қоскөл, Бозбайтал, Ащыкөл, Кішкенекөл де табиғаттың ерекше туындылары болатын, көктемде құсы мен көгі көздің жауын алып, нағыз құс базарына ұқсап тұратын.

Бүгінде шаруа қожалықтарының қарауындағы көлдердің қоғасы мен қамысын, өлең шөбін өртеп, егісті жағалауға сұғына кіріп жыртып, судың деңгейінің түсуі құстардың берекесін алуға себеп болып жүр. Тұқымы азайып, тіршілігі қиямeтке айналып бара жатқан қоқиқаз, жорға дуадақ, безгелдек, ақбас тырна, ақбауыр буылдырық, аққұйрық қызғыш, ақ тырна, жұқатұмсық жылқышы, жылан бүркіт, қаралаәйлік, сабаншы, сұңқылдақ аққу, тарғақ, ұзынқұйрық ақиықтар кешегі киелі де қасиетті құс ұлардың тағдырын қайталамасына кім кепіл бола алады?!

Бұл өңірде тау шекілдегі, жартас сұлыкеші, саңырау құр, сарыторғай кездеседі. Көлдерінде, үлкен өз. айдындарында қоңырқаз, үйрек, қасқалдақ, аққу, бізқұйрық, шағала сияқты құстар ұя салып, жұмыртқасын басып, балапандарын өргізеді. Далалық жазықта, жатаған қыраттарда, шөл және шөлейт жерлерде дала қыраны, құзғын, ақсары, дала құладыны, бөктергі, ителгі сияқты жыртқыш құстар, бозторғай, тасторғай, ақ қанат торғай сияқты ұсақ құстар жиі ұшырасады.

Өңірдің тартылып қалмайтын көлдерінде, айдыны үлкен, суы терең қарасуларында алабұға, ақбалық, шортан, құлтаба, жайын және басқа балықтар ауланады.

Халқы. Ұлытау ауд. халқы – 2016 ж. 1 қаңтарына 13,4 мың адам. 1975 ж. бастап өңір тұрғындары азая бастады. Оған Қарсақбай мыс қорыту заводының, Жезді марганец кен басқармасының, кеңшарлардың жабылуының, ауылда нарық қатынастарының қиыншылықпен енгізілуінің ықпалы болды. Мұнымен бірге Кеңес Одағының кейбір этнос өкілдерінің тарихи отанына қарай үдере көшуі орын алды. Халықтың тығыздығы төмендеді. Ауд-да әр шаршы км-ге 0,1 адамнан, ал оның оңт-де әр шаршы км-ге 1 адамнан келеді.

2000 ж. тұрғындардың санының төмендеу деңгейі бәсеңсігені байқалды. 2011 ж. алғаш рет халықтың өсім көрсеткіші тіркелді. Жезқазған – Бейнеу, Шұбаркөл – Арқалық темір жолдарының салынуы, орта және шағын бизнестің дамуы жаңа жұмыс орындарын ашуға, тұрғындар санын көбейтуге мүмкіндік беретіні байқалып отыр. Тарихи қалыптасқан ауыл-кенттік орналасу жүйесін қайта құру іске асырылуда.

Әдеб.: *Агроклиматические ресурсы, Джезказганская область Казахской ССР, Гидрометеоиздат, Ленинград, 1976 г.; Академик К. Сатпаев, Из писем и заметок, А., «Атамұра», 1998 ж.; Ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі ұсыныстар. Жезқазған облысы, А, «Қайнар», 1982 ж.; «Большой Жезказган», изд. АН КазССР, Алматы, 1961 г.; Бөкейханов Ә. Таңдамалы, Алматы, 1995 ж.; «Весь Казахстан», Справочная книга, Алматы – Ленинград, 1931 г.; «Жезқазған энциклопедиялық анықтамалығы», Алматы, «Эверо», 2004 ж.; Жұбатов Ж. «Система критериев экономической устойчивости территории Казахстана к воздействию ракетно-космической деятельности», Алматы, 2008 г.; Калугин С.К. «Подземные воды Жезказган-Улытауского района Центрального Казахстана», А, «Наука», 1967 г.; «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы, Алматы, «Атамұра», 2006 ж.; Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным, А, «Ғылым», 1999 ж.; Темереева Ф., Нұрсейітов С. «Жезқазған облысының географиясы», Алматы, «Рауан», 1994 ж.; Ұлытау-Жезқазған өңірінің жер-су атаулары, ЖезУ, «Эверо», 2007 ж.; Шмидт Ю. Қазақ даласының очеркі, 2-басылым, Астана, «Алтын кітап», 2007 ж.; «Экологическая безопасность деятельности космодрома «Байконур», А, 2011 г.*

ТАРИХЫ

Алғашқы қауымдық кезең. Ұлытау аймағы өзінің табиғи географиялық жағдайы және орналасқан жеріне байланысты халқымыздың тарихында ерекше орын алады. Археологтардың жүргізген зерттеулері бұл аймақта алғашқы адамдардың мекендегенін анықтап отыр. Бұл кезең тарихи дәуірлеу бойынша б.з.д. XIV-XIII мыңжылдық аралығына тура келеді. Алғашқы адамдар 15-20 адамнан тұратын қоғамдық тобырларға біріккен. Олар терімшілікпен, аңшылықпен, балықшылықпен айналысқан. Бірте-бірте отты пайдалануды, мамонт сүйегінен, мал терісінен қарапайым баспана тұрғызуды үйренген.

Жезді өз. бойындағы Обалысай тұрағында жүргізілген зерттеулер аса көне дүние – палеолит дәуірінің шеберханасын анықтады. Жетіқоңыр құмдарынан тас құрал-саймандары мен қару-жарақтарының сан алуан түрі (қырғыштар, нуклеустар, пышақтар, тескіштер, найза ұштары) табылды. Талдысай мен Жезді өз. қиылысындағы Тоқтауыл тұрағындағы қазба жұмыстары тұтас шеберхананың үстінен түсірді. Оның көл. – 100 $м^2$, одан ерте заман адамдарының қолынан шыққан 10 мыңға жуық тас бұйымдар есепке алынды.

Энеолит, яғни мыс-тас кезеңі бұрынғы тас дәуіріндегі өнд. машықтардың негізінде б.з.д. IV-III мыңжылдықтарда палеолиттен қола дәуіріне өту кезеңін бастайды. Осы заманның ескерткіштері таралған жерлер Жезқазған – Ұлытау – Арғанаты және Терісаққан өз. бойын алып жатыр. Өткен ғасырдың басында геологтар Жезқ. – маңызды көне металлургия орталықтарының бірі екенін дәлелдеп берді. Ұлытау және Жезқ. қойнауларының білгірі әрі зерттеушісі, акад. Қ. Сәтбаев бірнеше мақала жазды. Оның Жезқ. – көне металлургияның орталығы деген болжамын II дүниежүзілік соғыстан кейінгі археол. қазбалар толық бекітті.

Жезқ. кенішінің оңт.-шығысында 1 км қашықтықтағы Милықұдық қалашығы негізгі зерттеу объектісі болды. Милықұдықта мәдениет қатпарларының күшті жынысы сақталған. Ол қола дәуірінен кейінгі орта ғасырлар арасында адамдардың кен шығару, мыс, қалайы, темір, алтын, күміс қорытуы және өңдеуі хақында құнды мәліметтер береді. Жезқ-ның ертеде кен өндірген және жинақтаған үйінділері аса үлкен.

Тас дәуірінің еңбек құралдары

М. Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы музейіндегі Милықұдық металл балқыту пешінің көшірмесі

Қ. Сәтбаев былай деп жазды: *«В районе Жезказгана много памятников, связанных с добычей и плавкой медных руд в медно-бронзовый период развития человечества. Наиболее выразителен в этом отношении сам Джезказган, где окисленных медных руд в древности добывались в огромных размерах, отдельные выработки (разносы) в Джезказгане достигали 750 м в длину, 50 м в ширину и 6-8 метров в глубину».*

Мысты аймақ туралы деректерді көне дүние жазбаларынан білеміз. Мыс өндіруде баяғы заманда Қазақстанды мекендеген скифтердің, оның құрамдас бөліктері аргипейлердің, аримаспалардың, грифтердің, исседондардың, массагеттердің рөлі ерекше. Геродоттың жазбаларында: «Арқа жерінде массагеттер мен сақтар өмір сүрген, массагет елі мыс пен алтынға бай, жасақшылардың барлық құрал-саймандары мыстан жасалған. Олардың қару-жарақтары, дулығасы, сауыты алтынмен апталып әшекейленген», – деп көрсетіледі.

Геолог С.Х. Боллдың есебі бойынша, Жезқ-да млн. т-дан артық тотыққан бай кен өндірілген, оның ішінде бірнеше ондаған мың т мыс бар екен. Бұл деректі мамандар Жезқ-да мыс кенін өндіру бірнеше ғасырлар бойы жүргізілгенінің нәтижесі деп бағалайды.

Жез (мыс) деген ұғымның өзі ғыл. ортада қызығушылық туғызған. Қазақ тілінде, басқа түрік тілдерінде, тіпті ерте дүние тілдері санскритте, көне грек, латын, гот тілдерінде ол «мыс» деген мағынаны білдіреді.

Әуелде гректер мысты оны өңдеудің асқан шебері есімімен chagkos деп атаған, кейінірек Азия скрифтерінің сауда-саттық байланысының нәтижесінде жаңа ұғым пайда болды. Гректер мысты «ез» деп атады. Бұл көне қыпшақ тіліндегі ұғыммен үндесіп жатыр.

Б.з.д. 57 ж. римдіктер Кипрді жаулап алды. Одан кейін де «жез» сөзі қолданыста болды. Уақыт өткен соң ол «купрум» сөзімен қатар қолданылады. «Жез» сөзі Плинияның шығармаларында да қолданыста болған. Ал III-IV ғғ. бастап римдіктер тек сиргим (купрум) мыстың баламасы ретінде пайдаланатын болған.

«Жез» сөзі өте ерте заманда, тас дәуірінен бұрын да қолданыста болған. Археол. зерттеулер кен өндіру энеолит дәуірінде немесе б.з.д. IV-III мыңжылдықтарда басталғанын анықтады, мұның өзі қола мәдениеті мен неолит мәдениетінің тығыз байланысын байқатады. Бұдан Жезқ. мыс кен орнында мыс өндіру осыдан 6 мың жыл бұрын жүріп жатты деген қорытынды жасауға болады. Бұл ежелгі қазу ісі, өңірдің жер-су аттарында көрініс тапқан. Солардың кейбіреулерін келтірейік. Жезді (мысқа бай өзен), Жезқазған (мыс кенін қазған), Қазансынған (кен қорытқанда қазан

атылған), Қалайықазған (Бетпақдаланың сол жағында, қалайы кенін өндірген), Кеңгір (қазыналы өз.), Қорғасын тау (қорғасын кен орны), т.б.

«Жезқазған» деген атаудың шығу тегі мыс шығару және өңдеу атам заманнан қолға алынғанын көрсетеді. Көне заман халықтарының тілінде «жез» (Jez) терминінің кең таралуының өзі мыстың маңызды мәдени және экономикалық мәнін, оның Еуропа және Азия халықтары арасында басты сауда бұйымы болғанын дәлелдеп тұр.

Араб географы әл-Идриси оғыздар мен қыпшақтар елін сипаттай отырып, оларда мыс және күміс кеніштері көп екеніне тоқталады. Ол былай деп сөз сабақтайды: «Оғыз елі игілікке толы, оның тұрғындары бай. Олардың жері тазартылмаған күмістің төрттен бірін береді екен. Бұл кеніштерде көп металл өндіріледі. Шаштың (Ташкеннің) саудагерлері оған айырбасқа заттарын апарады, қолма-қол мыс, күміс, т.б. тауарлар тиелген көп түйе сатып алып, оны аяқ жететін барлық елдерге шығарады».

Әл-Идрисидің пайымдауынша, әлгі кеншілер Шаштың солт-де 18 күндік қашықтағы оғыздар мен қыпшақтар елінде орналасқан. Акад. Ә. Марғұланның есебінше, түйе керуені күніне 40 шақырым жүріп отырса, ол 700 км қашықтағы Жезқ. мыс кен орны болып шығады екен. Әбілғазының айтуынша, мыс кеніші Жезқ., Ұлытау және Кішітау тауларында орналасқан, VIII-X ғғ. ол Ыстықкөл, Алмалық, Сайрам, Қарашық биігі (Қаратау) сияқты оғыз-қыпшақтардың көрнекті жерлерінің бірі болған. Қола дәуірінің маңызды ескерткішеріне көне замандағы кеніштер жатады. Ұлытау аймағында алынған кен өнімдері (мыс, қола, темір, т.б.) байытылып, кейін металлургиялық қорытылған. Оның өнімдерін жергілікті халық тек тұрмыстық қажеттілікті өтеуге ғана пайдаланбаған. Оны Еуропаға, Таяу Шығыс елдеріне, Қара теңіздің арғы бетіне, Орта Азиядағы көршілерге сатуға шығарған.

Орта ғасырлардағы Ұлытау. Б.з. VI ғ-да Орт. Қазақстан, оның ішінде Ұлытау аймағы түрік қағанатының құрамына кірді. VI ғ. 60-шы ж. қазақ даласын оғыздар («он оқ бүтін») жайлады. Өзінің мұраларын қалдырды. 603 ж. түрік қағанаты екіге бөлінгенде Ұлытау Жетісу, Орт. Қазақстанмен бірге Батыс түрік қағанатының аумағында болды. Тарихи деректер бойынша, VII ғ. екінші жартысында Батыс түрік қағанатында ең күшті тайпалық одақ қимақтар болса, кейін қыпшақтар алдыңғы қатарға шықты, өз хандығын құрды. X ғ. аяғында Сыр бойындағы, Ұлытау аймағындағы оғыздарды ығыстырды. XI-XII ғғ. қыпшақтар екі жарылып, оның сол қанаты Орт. және Шығ. Қазақстан аумағын мекендеді.

Ұлытау аймағында шаруашылық көшпелі мал шаруашылығына негізделген. Жазда Арқаның кең даласын жайласа, қыста тау шатқалдарына, ықтасын жерге, ірі өз. аңғарларындағы қалың қамысқа оралып отырды.

VI-IX ғғ. Ұлы Жібек жолының бір тармағы «Сарысу жолы», «Мыс жолы» Жезқды, Ұлытауды жағалап, батысқа беттеді. Ұлытау аймағының онт. бөлігіндегі Жезқ. металлургия мен қолөнершіліктің ірі орталығы болды. Темір мен мыс өндіру түрік қағанатының, одан кейін оғыздардың, қыпшақтардың, қаңлылардың (X-XII ғғ.) негізгі кәсібі болды. Археолог Н.В. Валукинский 1946 ж. Жезқ. кен орындарының бірі Милықұдықта қазба жұмыстарын жүргізген кезінде үлкен апан құдықты айнала орналасқан 15 темір қорытатын пеш тапқанын, олар «тұтас завод аймағын құрайтынын» жазды. Бұл жәдігерлерді Жошы ұлысының, Алтын Орданың дәуіріне жатқызады. Осы шағын ауданда 400-ден астам кен өндірген орын картаға енгізілген.

XIII ғ. моңғолдар империясының құрамына кіргелі Дешті Қыпшақ даласында мал өсіру, тау-кен ісі, егіншілік қайта жаңғырып, дами бастады. Сырдария, Талас, Шу бойындағы қалалар арқылы Еуропаға және Азияға керуен жолдары өтті. Керуен жолдары қ-дың үлкен сауда орталықтарына айналуына қолайлы болды.

Ұлытау өңірінде Жошы ордасының орнатылуы, Шыңғыс әулетінің еуразиялық саясатында ыңғайлы орталық болуы бұл өңірдің даңқын шығарып, мәртебесін аспандатты. XIII ғ. Кендіртау Дешті Қыпшақтың орталығы Ұлытауға айналды. Ақ Орданы Орда-Ежен Кеңгір өз. жағасындағы Жошының ескі жұрты Орда Базарда отырып басқарған. Ұлытау баурайынан киіз туырлықты, ағаш уықты елдің қолын бастап Жошы ханның ұлы Бату 1235 ж. Еуропаға соғысқа тәуекел етіп аттанған.

Жошы ордасы Орда Базар

Әмір Темірдің Ұлытау аймағына келгені жайлы жазба дерек те, тарихи ескерткіш те сақталған. Темірдің сарай шежірешісі Шараф Әд-дин Әли Йезди Темірдің Дешті Қыпшаққа жасаған жорығының осы бір сәтін былай суреттейді: «Айдың (15.IV) 21-і аталған сәрсенбісінде олар Қыпшақтау дейтін атақты тауға жетті және одан көшіп, 2 түннен кейін екі жұмада Ұлытау дейтін жерге барып тоқтады. Сол даланы көз қуантып көру үшін Темір таудың басына шықты; бүкіл жазық дала көкпеңбек болып жатты. Ол сол күні сонда болып, (сонан соң) сол жерге мұнара тәрізді биік белгі орнатуға жауынгерлерге тас әкелу үшін жарлық берді. Шебер тас қалаушылар сол кездің белгісі қалу үшін сол күннің уақытын қашап жазды». Ал сол тас бүгінде С.-Петербургтегі Эрмитажда «инв. 195. Темір аты жазылған тас. Алтынорда. 1391» деген кодпен сақтаулы түр. Эрмитаж ғалымдарының тәржімесінде тастағы жазудың мәтіні мынандай: «Жеті жүз тоқсан үшінші жылдың жазы, қой жылы көктемнің ортаңғы айы (1391 ж. 6 сәуірі). Тұран сұлтаны Темір бек ислам діні үшін үш жүз мың әскерімен бұлғар ханы Тоқтамыс ханға қарсы ат-

Алтыншоқыдағы Әмір Темірдің белгітасы

танды. Осы жерге жетіп, ескерткіш болуы үшін ол осы қорғанды тұрғызды. Алла беріп, жаратушы әділ төрелігін жүргізсін».

Қазақ даласының кіндік өңірінде Ақ Орданың ханы Орыс хан, Алтын Орданың билеушілері Едіге мен Тоқтамыс болған. Қазақ хандығын құрып, тізгінді қолға алған Керей мен Жәнібек алты ай жаз Ұлытауды жайлады. Үш жүздің өкілдері Ұлытауда Тәукені ақ киізге көтеріп, хан сайлаған. Тәуке хан бытыраңқы рулардың басын біріктіріп, одақ құрды. Ұлы жүзге Төле би, Орта жүзге Қазыбек би, Кіші жүзге Әйтеке би билікке тағайындалды. 1710 ж. Ұлытау өңірінің оңт-де – Қарақұмда өткен құрылтайда көшпелі рулардың тұрмыс, салт, дәстүрлеріне негізделген заңдық сипаты бар «Жеті жарғы» құжаты қабылданды.

Абылай ханның Қазақ ордасын еңселі ел ету ісіне арнаған саналы ғұмырының біразы Ұлытау тарихымен бірге өрілді. Соның бір мысалы. Абылай сұлтан 20 жасында 1731 ж. Ұлы жүз батырларымен бірге Ұлытауға келіп, жекпе-жекте қалмақ ханы Қалдан Сереннің ұлы Шарыштың басын алды. Іле «Абылайлап!» жауға қарсы шапты. Зерттеушілер Әбілмансұрдың Абылай бабасының атын иеленген алғашқы жеңісін Талдықұлжа, бірде Қоңыршәулі, Ақшәулі, бірде Аңырақай деп әрқилы көрсетіп жүр. «Қазақ батырлары» газетінің 1991 ж. №1 санында жарияланған мақаласында тарихшы акад. Р.Б. Сүлейменов: «Әбілмансұрдың даңқын ел-жұртына бірінші мәшһүр еткен шайқас та осы шайқас», – деп 1731 ж. Ұлытаудағы ұрысты атап көрсетеді.

Қасқа жолдың иесі Қасым хан Ұлытауда өзінің алтын үзікті ордасын тігіп, қалың қазаққа билігін жүргізген. Жергілікті халық бұл орынды әлі күнге дейін Хан ордасы деп қасиет тұтады. Белгілі орыс капитаны Н. Рычков өзін 1771 ж. Нұралы хан Ұлытаудың баурайындағы жазғы ордасында қабылдағанын өзінің күнделігінде жазып қалдырған. Ұлытаудың оңт. бөктеріндегі Хантөбе деген жерде 1841 ж. қазақтар Кенесары сұлтанды ақ киізге отырғызып хан көтерген.

Ұлытау аймағында жоңғар басқыншыларына қарсы кескілескен ірі шайқастар болды. Соның бірі – Бұланты-Білеуті шайқасы. Айқастың қарсаңында жоңғарлар Білеуті өңірінің тұрғындарын, бағаналы наймандарды аймақтың батыс және солт.-батысына қарай ығыстырды. Сарысу өз-нің орт. және төм. сағаларына XVII ғ. ортасы мен XVIII ғ. басында жоңғарлардың қарауыл бекеттерінің тұтастай жүйесі орналастырылды. Басты қарауыл бекеттері тұрақты болды. Оған 500 бен 5000 арасында жауынгер бекітілді. Осы кезеңде ойраттың иелігіндегі жердің шекаралары Ұлытаудың оңт-дегі ұсақ шоқылар мен Сарысу өз-не дейінгі алқапты алып жатты. Беделді орыс тарихшысы П.И. Рычков 1744 ж. Сарысу өз. 130 жыл бойы қазақтар мен жоңғар арасын бөліп тұрған шекара болғанын жазды. Біріккен қазақ жасақтарының қолбасшысы Кіші жүз ханы Әбілқайыр хан болды. Ең бастысы, қазақ баласы жұдырық болып бірікті, елдің арасын ашқан алауыздықты ұмытты, байтақ даланың барлық өңірінен жасақтар келді. Дәл осы соғыста Кіші жүз жақайым руының төбе биі Байжанның 17 жасар ұлы Сартай бастаған мың бала жау шебіне кіріп, тұңғыш әскери мектептен өткен. Жаумен шешуші айқас Білеуті өз. бойындағы Бұланты жазығында, Қарасиыр (кейбір деректер бойынша «Қарасире», моңғолша – «жота» деген сөз) қыратының төңірегінде болды. Ел сол шайқастың кіндігі болған төбені Қалмаққырылған деп атап кетті.

«Жау Қарасиыр, Білеуті өзендері жағасында және Бұланты деген жерде толықтай жеңіліс тапты», – деп жазды Мұхамеджан Тынышбаев. Жоңғар мен қазақ арасындағы бітімгершілік Қандыжап (1761) келісім-шартынан кейін екі жақтан көп адам Қалмаққырылғанға келіп, Аңырақайға барып, аруаққа бас иіп, қаруларын сындырып, қаза тапқан бейкүнә жандарды еске алған.



Бұланты-Білеуті шайқасының картасы

Таңбалытастағы жазулар

Бұланты-Білеутідегі жеңіске Ұлытау жұрты қомақты үлес қосты. Ұлытау аймағында бірнеше ұста дүкендері көрікті қыздырды, қылыш, найза, айбалта соқты, садақ, жебе, сауыт жасады. Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты тарихтан мәлім батырлармен қатар қыпшақ Тілеулі, Түйте, Алқалы, бағаналы Төлек, Тулақ, Сағындық, Оразымбет, Мыңбай, Мыңжылқы Құттымбет, Айбас, мыңбасы Шұбартұлы Жаулыбай, арғын Биғаш, Жауғаш, Қойлыбай, т.б. жанкешті батырлардың ел және жер үшін көзсіз ерлігі халық жадында қалды.

Қазақ тарихының небір құпия, беймәлім беттері бағзы замандар еншісінде жатыр. Солардың көне, мәнді айғағы – Ұлытау өңіріндегі Сарысу өз. төменгі сағасының сол-дегі Таңбалытас. Ол жайында тұңғыш мәліметтер XVII-XIX ғғ. Ресей саяхатшы-ғалымдары А.И. Шренк, ка-

зак офицері Д. Телятников, П.П. Иванин, Ю. Шмидт жазбаларында бар. 1895 ж. әскери дәрігер Л. Кузнецов пен Атбасар уездік басқармасының тілмашы ұлытаулық Х. Беккожин таңбалардың көшірмесін жасаған. 1941 ж. акад. Қ. Сәтбаев «Жезқазған ауданының тарихи ескерткіштері» атты мақаласында ескерткішке ғыл. анықтама беріп, оның қазақ тарихындағы маңызын атап көрсетті. Қ. Сәтбаев: «Ұлытау перифериясында қазақ халқын құрған үш жүздің жері тоғысады», – деп қорытынды жасайды. Жартасқа түсірілген бірнеше жүздеген таңбалардың ең көнесі XI ғ. қатысты болса, соңғылары XIX ғ. жетіп, осы аралықтағы мыңжылдықта талай этностар, қазақтың талай тайпалары өз қолтаңбасын қалдырған. Таңбалытастың халық арасында зор атаққа ие болуының басты себебі – бұл жерде қазақтар ұлы мереке жасап, ұран шақырып, бір ел болып қосылған.

Жаңа кезең. Өңірдің будан кейінгі тарихы Қазақстанның Ресейге қосылуымен байланысты. Кіші жүзден басталған қазақтардың Ресей бодандығына кіруі 134 жыл жүріп, 1865 ж. Ұлы жүздің толықтай енуімен аяқталды. Ұлытау аймағы өз жұрты болған бағаналы, балталы тайпалары 1831 және 1840 жж. аралығында екі рет патша ағзамға адалдығына Құран ұстап ант берді. Әуелі Аманқарағай (Құсмұрын), сонан соң Көкшетау дуанының, 1858 ж. Акмола обл. аумағындағы Атбасар уезінің қарамағында болды. Қыс Қаратау баурайында, Сарысу, Шу өз. бойына ілгерілей еніп, Жетіқоңыр, Қарақұмды қыстады, жазда Көкшетау өңіріндегі Салқынкөл, Қалмаққөлді, Есілдің нулы да сулы аймағын жайлады.

Ресей патшалық үкіметі Орт. Қазақстандағы отарлау саясатын іске асырудың тірек нысандары Қарқаралы (1824), Ақтау (1837) бекіністерімен қатар Ұлытау бекінісін (1843) тұрғызды. Оған бір полк казак әскері орналастырылды. Ұлытаудың төңірегіндегі біраз шаруашылық жері, Атбасармен екі арадағы қаражолдың қапталы казак әскерлерінің иелігі деп жарияланды. Оның үстіне Орынбор және Омбы губернаторлықтары арасында жаңа шекара сызығы жүріп, ол бойынша Ұлытау, төрт болыс тұрғындар Омбыға қарап кетті, олардың жайылымға, қыстаққа шығатын жолдары Орынбор жағында қалып қойды, сөйтіп Жетіқыз өз-нен аса алмайтын мүшкіл халге жетті.

Кенесары Қасымұлы

Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының біраз бөлігі (1837-1844) Ұлытау өңірінде, Ырғыз, Торғай аудандарында өтті. Ресей әкімшілігі Ұлытау таулы ауданына ерекше маңыз берді. Өйткені Ұлытау Кенесары үшін тек шөбі шүйгін жайлау ғана емес, ірі стратегиялық маңызды аймақ екенін түсінді. Орта және Кіші жүздің түйіскен жерінде орналасқан, сонымен қатар Орынбор, Сібір губернаторлықтарының құрығынан алысырық жатқан Ұлытау таулары қазақтар жиналатын орталыққа айналған еді. Ұлытауға барлық жүздердің көтерілісшілері көптеп келіп жатты. Бағаналының төрт босағасы Қадір, Шегір, Бабыр, Сандыбай билер Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысына түсінікпен қарады,

оған барам дегендердің бетін қақпады, жазалаушы күштердің қозғалысы жөніндегі ақпарларды жеткізіп тұрды, көлікке, сойыс малына деген қажетін өтеді. Мысалы, Қашқын Жанқарин батыр бастаған Балталы болысы толық көтерісшілер жағына шықты. Арғанатыны мекендеген арғын төртуыл руының ер жігіттері батыр Жанайдар Орынбайұлының соңына еріп, патшаның жазалаушы отрядтарымен айқастарға қатысты. Ұлытаулықтардың біразы Кенесарымен Алатауға барып, ақтық ұрыста бірге болды.

Ұлытау аймағындағы бағаналы болыстарының қыстақ, жайылым жайлы жанайқайы 1863 ж. 29 қарашасында Ресей императорының құлағына тиеді. Император ағзам Орынбор губернаторына орынбасарының қатысуымен мүдделі жақтардың құрылтайын шақырып, онда бағаналы болыстарының қысқы және жазғы қоныстары арасында көшіп-қонатын жерлер жайындағы мәселелерді талқылап, бұл турасында жергілікті жағдайлар негізінде екі жақтың келісімдерін тиянақтап, шешуді жүктеді. Сол құрылтай 1864 ж. 15-25 шілдесі аралығында Сарыторғайда өтіп, оған Кіші жүз бен Орта жүздің жақсылары мен жайсаңдары қатысты. Құрылтайда шекара қайта қаралып сызыла қоймаса да, бағаналы болыстары бұдан былай, баяғы Тәуке, Әбілқайыр, Абылай бабаларымыздың кезіндегідей, Сарысудың оң жағымен Шудың бергі бетіне дейін көшіп-қонып, емін-еркін қысы-жазы шаруашылыққа пайдалануға мүмкіндік алды.

Кенесарының ұлт-азаттық қозғалысы жеңіліс тауып, Ұлытау бекінісі жойылғаннан кейін Сібір казактарының 2-полкі Ақмолаға көшті. Бағаналылардың өрісі кеңейіп, кеше казактар мен орыс мұжықтары аяқ бастырмаған Ұлытаудың төңірегі, Атбасар мен Ұлытау арасындағы жер олардың пайдалануына 1850 ж. соңында қайта берілген. Осының нәтижесінде Сарыкеңгір өз. төменгі ағысынан Есіл өңіріне дейінгі аймақты еркін жайлауға, көшіп-қонуға жол ашылды.

Батыс Сібір генерал-губернаторының атына жазылған Сібір және Орынбор ведомстволары қазақтарының арасындағы дауын қарау жөніндегі комиссияның 1864 ж. 21 тамыздағы №338 рапортында бағаналылықтардың шаруа жайы туралы мынадай деректер береді: «Бағаналылар қыста бір-екі киіз үймен бір ауыл болып қыстайды. Қыстың көзі қырауда көшіп-қонып, жайылымды бірнеше рет ауыстырады. Есепке іліккен малы үй басына 60 бастан келеді, бұған түйелер кірмеген, ал түйелер қисапсыз көп. Оның үстіне қазақтар санақтан көп малын жасырып қалады. Осыларды ескерсек, бағаналылардың әр үйінде кем дегенде 100 бас мал бар десек, қателік болмайды. Мұндай байлықпен басқа ордалықтар мақтана алмайды».

Бағаналылар Ақмола обл. Атбасар оязының оңт. жағында ұз. 600 км, көлденеңі 200 км Шу мен Арғанатының арасын мекендейді. Жері жайлы, оты мол, суы жеткілікті болған себепті 1921 ж. мешінде және ілгерідегі жұттарға бой бермей келген. Бұл елде ат майын пұлдайтын, біреуден сауын сауған жоқ болатын. Шу өз-нен 920 км Атбасарға қарай көшкенде көшке ере алмай қалған отбасы болмаған. Жалпы малды шаңырақ басына бөлгенде 34 ірі қарадан келген. Қолындағы малдары өздерінен артылып, Атбасар, Қызылжар, Қостанай, Ақмешіт, Түркістан базарларын басып кететін. Мәселен, Атбасар жәрмеңкесінің алдында Мәскеудің ірі байлары «Бағаналылар жәрмеңкеге келе ме?» деп жеделхат соғатын, егер «Келмейді» десе, олардың да Атбасар базарына келмей қалған уақыттары болған.

Түйенің көптігі сондай, 1915 ж. қазынаның бидайын Атбасар, Балкашин өңірлерінен Қызылжарға тарту үшін жиырма төрт мың түйе жинауға тығыз бұйрықпен прис-

тав келгенде жұрт сасып, кеткен түйе қайтып келмейді деп қорқып, төрт мың түйені сырттан жалдап алып жіберген, қалған он тоғыз мың түйені өз ішінен жинап берген.

XIX ғғ. 40-50-жж. Ұлытау өңірінде кірпіштен, тастан тұрғын үй, қора-жай салу, егіншілікке көшу көріністері белең ала бастады. Орыс зерттеуші М.И. Красовский XIX ғ. ортасында тек Қаракеңгір өз. бойынан жүзге жуық тұрғын үйлерді санаған. XIX ғ. басында Ұлытау, Сарысу-Шу аймағында әрбір 100 шаруашылықтың 6,8%-ы аздап егін салған. Ұлытау жағында жалпы егін көлемі 90,5 десятина болса, онт-те 16 десятина болған.

Пішен дайындау жайы да осындай. Ұлытау төңірегінде орналасқан шаруашылықтардың 85%-ы қысқа шөп дайындаған, оның көлемі әр шаруашылыққа 30 көпенеден 231 көпенеге дейін болған.

«Далалық облыстарды зерттеу экспедициясы жинаған және қорытқан қырғыздардың жер пайдалануы туралы» материалдарда (Воронеж, 1902, 86-бет) мынандай мәлімет берілген. 1897 ж. қазіргі Ұлытау ауд. Аманкелді ауылд. округінің Қаратал аумағын қыстаған сарғалдақ айт (талқаншы) Тұрсынбай Смайылдың ауылында 7 шаруашылық болған. Шаруалар 10 киіз үйде, 12 жеркепеде, 8 шошалада, 1 ағаш үйде тұрған. 1863 ж. бастап шөп дайындаған, екі десятина жерге егін еккен, 7 кісі өндіріспен (етік, киім тігу, мал терілерін илеу, т.б.) шұғылданған, оның сыртында мал бағуға, өндіріспен шұғылдануға 3 кісі сырттан жалдап алған. XX ғ. басында Ұлытауда тері илейтін кәсіпорын ашылды, 1913-1918 жж. аумаққа аты жайылған Ұлытау жәрмеңкесі өтіп тұрды.

Ресей императоры Петр I «Орта Азияға қақпа» атаған қазақ елінің тау-кен байлықтарын іздеу, барлау және зерттеу жұмыстарының ауқымы мен қарқынына ерекше маңыз бергені белгілі. Орыстар қазақ жерін, оның ішінде Сарыарқаның жер көлемін жан-жақты есепке алып, геодезиялық схемалар жасап, картаға енгізумен бірге жер бетіндегі биіктіктерді өлшеп, пайдалы қазбалар жөніндегі мәліметтер

Қарсақбайдағы алғашқы еуропалық құрылысшылар. Жезді музейі

жинады. Ұлытау аймағында XVIII ғ. 70-жж. болған капитан Н.П. Рычков 1771 ж. 12 мамырында Жезқ-ға тоқтап, сол күні өзінің күнделігіне мына жазуларды түсіріпті: «...мұнда осы елдің ежелгі тұрғындары қазып алып пайдаланатын мыс кен орындары өте көп; бұған қоса алтын мен күміс кендерінің де белгілері бар».

Орынбордың әскери губернаторы князь Г.С. Волконскийдің нұсқауымен Троицк қамалының коменданты И. Феофилатьев, кен инженері Генс, маркшейдер Герман 1814 ж. Қараторғай өз. жағасындағы Қорғасынтауда болып, қорғасынның бай қоры бар екенін анықтады. Келесі 1815 ж. жасақталған 1600 адамнан тұратын экспедиция жүздеген т қорғасын кенін Троицкіге жеткізді. Одан Миасс заводында қорғасын, күміс, мыс, алтын айырылып алынды. Ханшаболған өз. жағасындағы Мыстау мыс кен орнын ашты. Осы экспедиция бір жетіде Ұлытау өңірінен табылған пайдалы қазбалардың 47 түрін есепке алған. Осындай қуанышты оқиғаларға байланысты император Александр І пәрменімен арнайы күмістен медаль құйылды. Оның жиегінде «Еуропа Ресейді даңқы үшін құрметтейді. Азия оған өзінің байлығын ашады» деген сөздер әдіптеліп жазылған.

XVIII ғ. соңғы ширегі мен XIX ғ. басында қазақ жеріне жіберілген экспедициялардың біркатары Ұлытау өңірінде жер асты кендерін іздестірді. Екатеринбургтің екінші гильдиялы көпесі Никон Ушаков 1846 ж. Батыс Сібір генерал-губернаторы П. Горчаковқа жазған өтінішінде қараша айында Ұлытаудың оңт.-шығысында 100 км жердегі Жезқ. тауларына келіп, мыс кен орнын тапқанын хабарлады. 1847 ж. қарашада Н. Ушаков алты бай мыс кен орнын (Покровск, Петропавловск, Златоустовск, Никольск, Спасск, Крестодвиженск) ашса, 1850 ж. кәсіпкер үзеңгілестерімен бірге Жанай мыс, Есқұла темір кен ошағын анықтады, бірақ аталған кен орындарын игеру шетел капиталы Ресей экономикасына дендеп енгенге дейін басталмады. Кейін орыс көпестері ашылған кен орындарын шетелдіктерге қымбат бағамен сатып, көл-көсір пайда табумен айналысты.

Жезқазғанда ағылшындар салған бірінші шахта

Н. Ушаков қолының қысқалығынан кен орнын игеруге байланысты қаржы қорын толықтыру үшін өзінің компаниясына көпестер Аникий Рязановты, Тит Зотовтарды тартты, алайда көп ұзамай А. Рязановтан басқасы компаниядан шығып кетті. А. Рязанов барлық кен орындарын 1908 ж. 24 қыркүйекте «Атбасар мыс кендері» АҚ-ның сенімді өкілі фон Штейнге 260 мың сомға сатып жіберді. Ағылшындар қолына Жезқ. мыс кен орындарымен қатар Есқұлада темір кен орны, известь карьерлері, Байқоңыр көмір ошағы өтіп кетті.

1912 ж. 30 желтоқсанда «Атбасар мыс кендері» АҚ-ның жалпы жиналысы Қарсақбай мыс балқыту заводын салу жөнінде қорытынды шешім қабылдады. Мыс заводын мыс кеніштері мен көмір ошақтарының ортасындағы Қарсақбайда салу, ал үше-

уін тар табанды темір жолмен байланыстыру тиімді деп тапты. Завод құрылысына 1913 ж. көктемінде кірісу, 1913-1914 жж. қысында ғимараттарды салып, құрал-жабдықтарды орнату және сол 1914 ж. өзінде мыс балқытуды бастау қарастырылды. Оған құрал-жабдықтарды, агрегаттар мен машиналарды Орынбор – Ташкент темір жолы арқылы Жосалы ст-нан тасымалдады. Осы мақсатта тар табанды алып-салмалы темір жол да (1914-1917) пайдаланылды. Ағылшындардың ісіне Қазан төңкерісі бөгет болды. Кейін шетел алпауыттарының Жезқ-ды концессияға алу жөніндегі іс-әрекетінен ештеңе шықпады.

Қарсақбай, Жезқ., Байқоңыр өндіріс орындарында жұмысшылар, әсіресе қазақ жұмысшылары аяусыз қанауға ұшырады. Бірге жұмыс істейтін еуропалықтарға қарағанда жалақылары бірнеше есе кем болды. Кенттің шетіндегі барақтарға, санитарлық-гигиеналық талаптарға қарамастан, 12 кісінің орнына 40 кісі орналастырылды. Оларға орыстармен қатар моншаға баруға да тыйым салынды. Байқоңыр көмір ошағында қызмет істеген П. Холмецкий естелігінде былай деп жазды: «Ағылшын әкімшілігі сол уақыттағы мемлекеттік инспекцияның тарапынан бақылаудың жоқтығын және өздері шалғайда жатқанын пайдаланып, жұмысшылардың тұрмысы мен еңбек жағдайын жақсартуға ешбір тырыспастан-ақ, оларды қарапайым құқықтарынан айырды».

1915 ж. жазда және 1916 ж. мамырында алып-салмалы темір жол керуенінде жұмысшылар ереуілге шықты, біріншісіне әкімшіліктің өндірісте мүгедек болып қалғандарға ешқандай көмек жасамауы себеп болса, екіншісіне жұмысшыларға төрт күн нан берілмеуі түрткі болды. Ашынған жұмысшылар қызметкерлерге арналған азық-түлік вагонын бұзып ашып, ішіндегі тамақты бөліп алды. Байқоңырда революциялық топтың мүшесі Н. Саусақовтың бастауымен 1916 ж. жазында жексенбі күндерінің бірінде қазақ жұмысшылары конторға келіп, ағылшын әкімшілігінен жалақыларын сырттан келгендермен теңестіруді талап етті. Басқарушы мистер Ангов контордың ішіне жасырынып, жұмысшылармен кездесуге шықпады, ал стражник тәртіп орнатам деп жүріп, жұмысшы Б. Әлімбаевты атып өлтірді. Мұны естіп ашу-ызасы шегінен шыққан жұмысшылар мен төңіректегі ауылдың тұрғындары, жалпы жобасы екі мыңнан астам адам қолына түскенді қару етіп, кеңішті қоршап алды. Халықтың толқуынан қорыққан ағылшындар көтерілісшілердің талаптарын, стражникті ұстап халық қолына беру жөніндегіден басқасын, сол күні толық орындады. Қазақ және орыс жұмысшыларының жалақысы теңестірілді, құрбан болған жұмысшының отбасына өтемақы төленді.

Патша үкіметінің отарлаушылық саясаты мен жұмыс берушінің қанаушылық іс-әрекеті қазақ жұмысшыларының 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатысуының бір алғышарты болды. Патшаның 1916 ж. 25 маусымдағы Қазақстан, Орта Азия мен Сібір «бұратаналарын» тылдағы қара жұмысқа алу туралы жарлығы онсыз да қиналып отырған халыққа отқа май құйғандай болды. Байқоңыр, Қарсақбай, Жезқ. жұмысшылары, Ұлытау төңірегіндегі ауыл тұрғындарының бірқатары, Қайдауыл болысының қолына қару ұстауға жарайтын жігіттері Дулығалы мешітіне жиналды. Кедей шаруа, жұмысшылар самодержавиенің езіп-жаншуына қарсы көтеріліске шығуға тәуекел етті. Аманкелді Имановты бас сардар сайлап, ту көтертіп, соңынан ерді. Ақсары бас қошқарды құрбандыққа шалып, оң ісіне Алладан медет сұрады. Сол қошқардың басы Құлмұхамед ишанның күмбезді зиратында сақтаулы тұр.

1916 ж. қыркүйекте Омбыдан патша әкімшілігі Ұлытау деген жердің жанында 7000-нан аса қазақ жиналғанын хабарлады. Атбасар уезінің бастығы Омбыға «Баганалылықтар торғайлықтарға қосылып кетті» деп жеделхат берді. Осы жылдың қыр-

күйек-қазанында көтерілісшілер саны 50 мың адам болды. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысының ірі орталықтарының бірі Торғай болса, көтерілісшілердің алғашқы сарбаздары Ұлытау өңірінен шықты.

1916 ж. тамызда Қарағандысайдың Қаракеңгір өз-не құяр тұсындағы бағаналы елі тұрғындарының жиынында Бағаналы хандығын құру туралы шешім қабылданды. Хандықтың міндеті тұрғындарды қарулы жасақтардың шабуылынан қорғау, көрші-көлеммен сауда-саттықты ұйымдастыру, елдің босқыншылыққа ұрынбай, атажұртта қатарын бұзбай отыра беруін қолдау болды.

Жиылғандар хан етіп Төлек батырдың ұрпағы Қасқабаев Хасенді сайлады. 1917 ж. 15 маусымда Х. Қасқабаев, Х. Беккожин, И. Телеубаев, О. Жанайдаров, т.б. Атбасар уезінің бірнеше өкілдері Петербургтегі Мемлекеттік Думаның атқарушы комитетінің төрағасына жеделхат жолдап, уақытша өкіметті қолдайтындықтарын білдірді. 1917 ж. күзде Жезқазған-Ұлытау өңірінің жұрты үлкен жиын өткізіп, жаңа өкімет орнап, тыныштық келгенше Бағаналы хандығын таратпау жөнінде шешім қабылдады. Өз алдына дербес саясат ұстаған Бағаналы хандығы Ақмешіттегі Кеңес өкіметі өкілдерімен келісімге келіп, сауда-саттықты, алыс-беріс, айырбасты күшейтті.

Бағаналы хандығы сындарлы кезеңде өзіне жүктелген міндетті толықтай орындады. Жұмысшы-шаруа депутаттары Түркістан істері жөніндегі кеңесі Сабыр Шәріповке арнаулы мандат тапсырып, Атбасар уезіндегі ІІ бағаналы болыстарында, Қарсақбай, Жезқ., Байқоңыр өндіріс орындарында Кеңес өкіметінің жергілікті атқарушы биліктерін ұйымдастыру үшін жіберді. 1919 ж. желтоқсанда ол Бағаналы хандығының таратылғанын жариялап, Атбасар уездік ревкомының 1919 ж. 5 қарашадағы №47 хаттамасымен бекітілген ревкомның төрағасы А. Оразбаев пен мүшелерін хабарлады.

Ұлытау өңірі Кеңес өкіметі орнаған жылдарда. Қазан революциясының жеңісі мен Ресейдің өнеркәсібі дамыған орт. аудандарында Кеңес өкіметі орнағаннан кейін кеңестік билік органдары Ұлытау өңірінде құрылды. Жаңа өкімет алдына жас мемлекеттің түсті металдарға, оның ішінде мысқаділгірлігін жою үшін Жезқ., Қарсақбай, Байқоңыр кәсіпорындарын жаңғыртып, іске қосу міндеті тұрды. РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі 1918 ж. 11 және 17 мамыр күндері қабылдаған қаулыларымен, ішінде Қарсақбай заводы, Жезқ. және Қорғасын кеніші, Байқоңыр көмір ошағы бар, ірі тау-кен кәсіпорындарын национализациялады. 1920 ж. көктемде Атбасар уездік ревкомының өкілдері Филипович, Ипакулитин Қарсақбайға келіп, бұл кәсіпорындар енді мемлекеттің, халықтың меншігі деп жариялады. Атбасар уездік партия комитеті Байқоңыр Совдепінің төрағасы, жергілікті компартия ячейканың жетекшісі И.В. Деевті 1923 ж. комбинаттағы жағдайды және оны жүргізу мәселелерін жоғары партия және мемлекет органдарына баяндау үшін Мәскеуге жіберді. Оны Еңбек және Қорғасын кеңесінің төрағасы Ф.Э. Дзержинский қабылдады. Ол Қарсақбайдың жағдайын жан-жақты сұрастырып білді. Көп ұзамай Кеңес үкіметі Жезқ. мыс кен орнын ағылшын өнеркәсіпшілеріне концессияға беру жөніндегі алғашқы шешімінен бас тартты. 1925 ж. 10 маусымда Еңбек және Қорғаныс кеңесі Қарсақбай комбинатын қалпына келтіру жөнінде шешім қабылдады. Бұл міндетті іске асыруды басқару жаңадан құрылған «Атбастүстімет» тресіне жүктелді. Бір жыл ішінде Байқоңыр көмір ошағы жаңғыртылып, көмір шығара бастады. 1926 ж. Қарсақбай – Байқоңыр, 1927 ж. Қарсақбай – Жезқазған тар табанды темір жолы қалыпқа келтірілді. Қарсақбайда іске қосылған жылу-электр орталығының қуаты 1928 ж. 1240 квт. жет-

Қарсақбай мыс балқыту зауыты. 1928 ж.

ті, электр энергиясымен Жезқ. кеншін де қамтамасыз етті. Салыстырма үшін айтсақ, осы уақытта бүкіл Қазақстандағы электр станцияларының қуаты 4,2 мың квт. еді.

Қарсақбай заводы 1928 ж. 19 қазанда тұңғыш мыс балқымасын берді. Осы оқиғаға сәйкес «Атбастүстімет» трестінің басқарма төрағасы К.И. Бронзос былай деп жазды: «Қарсақбай заводының ерекше маңызы елімізде шығарылатын кентастан айырылатын мыстың 25 пайызға жуығын өндіретінінде, онда әлемдік металлургияның ең озық жетістіктері іске асырылғанында ғана емес, ең бастысы, осы кәсіпорынды салғанда өте-мөте ауыр қиындықтарды жеңу қажет болды және олар ойдағыдай еңсерілді. Үш жыл тынымсыз күрес нәтижесінде жапан далада индустриалдық жоғары мәдениеттің оазисі пайда болды, 7000 адам тұратын жұмысшы қаласы салынды». Бүкілодақтық Халық Шаруашылығы Кеңесінің төрағасы В.С. Куйбышев: «Заводтың ашылуы елімізді социализмге тағы бір қадам жақындата түсті», – деп баға берді.

«Атбастүстімет» трестінің бас геологы, басқарма мүшесі, Томск политех. инст-ның түлегі, болашақ акад. Қ. Сәтбаев Жезқ-ның жер асты кен байлықтарын геоп. барлау жұмыстарын тікелей өзі басқарды. Ол 1928 ж. Жезқ-ның мыс қоры кем дегенде 1 млн. тонна металл болады деп жазған еді, одан әрі екі жыл ішінде немесе 1931 ж. өңірдің мыс қоры 2 млн., 1934 ж. 3 млн. тоннадан асты. Оны КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Қорлар жөніндегі Мемлекеттік комиссия бекітті. 1936 ж. 25 наурызда КСРО Ауыр өнеркәсіп халкомы С. Орджоникидзе Жезқ. мыс қорыту комбинатының құрылысын бастау туралы бұйрыққа қол қойды. Болашақ мыс комбинатының жылдық өндірістік қуаты 200 мың т деп белгіленді. Бұл сол кездегі бүкіл жер шарында өндірілетін мыстың сегізден бір бөлігі еді. Үлкен Жезқазған кен-металлургия комбинаты кешенінің құрылысы 1974 ж. аяқталды.

Қарсақбайға келген алғашқы отарба

Ұлытау аймағының шегінде қорғасынның, марганецтің, темірдің, көмірдің, флюстердің, Үлкен Жезқазғанның құрылысына пайдаланатын құрылыс материалдарының (гипс, известь, доломит, балшық, құм, қиыршық тас) елеулі қоры табылды.

1937 ж. Жарық ст-нан тартылған темір жол Жезқ-ға жетті.

Ұлытау өңірінде мал шаруашылығының шайқала бастаған кезеңі төңкеріс жылдары болды. 1919 ж. мешін жұты, одан кейінгі толып жатқан азық-түлік салықтары шаруалардың малын сығып алды. Салық жинауда өрескел қателіктер мен астамшылық көп болды. Мысалы, 1920 ж. қысында салық жинауға шыққан күлең орыс жігіттерінен құрылған отряд өз. бойындағы бағаналылардан 2000 түйені жинап алып, Атбасарға қайтады. Жолшыбай түйелер аштан қырылып, уезд орталығына 100-ақ түйе аман жеткен. Немесе 1922 ж. қысында натуробмен агенттігі 900 түйе жинапты. Сол түйелердің 820-сы завод ауласында жейтін жем-шөп жоқтықтан опат болған. Осының салдарынан қалың елдің бір бөлегі құты қашып, жерін тастап, қақ жарылып, екі бағытқа ауа көшкен. Бірі Көкшетау жеріндегі ата-бабаларының жайлауын бетке ұстап, үдере жөнелген, жартысы Бетпақтың арғы бетіндегі қыстауларына барған және отырып қалған. Ұлытау мен Қарсақбай маңында малы жоқ әншең кедейлер еш жаққа бармай, ерулеп қалған. Кешегі II болыста тұрып жатқан 40 мыңдай тұрғындардың атамекендерінде 14 мыңдай кісі тұрақтап, барлығы бір ғана Қарсақбай болысы болып біріккен. Бұл кедейлер 1922 ж. бастап өңірдің әр жерінде өзен-бұлақтарды сағалап егін сала бастады. Шаруалар үлкен бейнетпен егін суару үшін өз-дің ыңғайлы тұстарын байлап, бөгеттер жасады. Мысалы, Қаракеңгір, Сарыкеңгір өз. бойында өңірдегі ірі алты бөгет салынды. 1925 ж. салыстырғанда 1926 ж. түндік саны 13 пайызға, егіндік жер 62 пайызға, ірі қара мал 41 пайызға, қой-ешкі 36 пайызға көбейді. Мұның бір себебі егін шаруашылығының дендеп ене бастағаны болса, екінші себебі құрылысы қайта жанданған Қарсақбай мыс комбинатының оң әсері деп түсіну керек. Өйткені завод 1925 ж. жазынан бастап жұмыс. кіре, заводқа керек кентас, баялыш, тал сияқтыларды даярлау жөнінен тапсырыс беруі өңір жұртына пайдалы болды. Қ. Сәтбаевтың есебі бойынша, Қарсақбай болысь тұрғындарының уысына жылына 270000 сом кіріс түскен, яғни отбасына шаққанда орташа сома 90 сомнан келеді. Қарсақбай билігінің есептеріне қарағанда, завод маңындағы шаруалар бір жылда 7-8 қара мал пайда тапқаны байқалады, ал тігерге тұяғы жоқ 81 түндіктің саны 1926 ж. өзінде 4 еседен артық кеміп, 18-ге дейін азайған.

Қарсақбай мыс қорыту зауытының металлургиялық цехының құрылысынан көрініс

1926 ж. 10-15 қазан күндері Қарсақбай ауд. бірінші партия конференциясы болып өтті. Онда ҚазАКСР ОАК-не тікелей бағынатын ауд. атком

құру жөнінде пікір білдірілді. 1927 ж. мамырда Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы Н. Нұрмақов Қарсақбайда болғанда ауд. аумағын пысықтап, мәртебесін анықтау мәселесі тағы көтерілді. Осылай 1928 ж. 17 қаңтарда Қызылорда округінің аумағында Қарсақбай ауд. құрылды. Оның құрамына Ақмола губ-ның Қарсақбай, Торғай уезінің Қызылжыңғыл, Қайдауыл болыстары енді. Орт-ғы – Қарсақбай кенті. Ауд-да 18 ауылдық, селолық кеңестер бар, елді мекендер – 746, оның ішінде 734 ауыл, қыстау, 7 кент. Ауд. аумағы – 112,7 мың шаршы км, 34111 кісі тұрды. Оның ішінде жұмысшылар – 1110. Әр шаршы км-ге 0,3 кісіден келді. Аймақта 7436 шаруашылық есепке тіркелген, 1928 ж. ұжымшарлар барлығы екеу ғана, 60 мүшесі бар, ал 1929 ж. үшеу болды, мүшелері – 500, отбасыларын қоса алғанда – 2100 адам.

Ауд. – негізінен мал шаруашылығы дамыған өңір. Мал саны 1928, 1929 жж. төмендегідей болды.

1-кесте

Жылдар	Жылқы	Ірі қара	Түйе	Қой	Ешкі	Есек	Барлығы
1928	34243	79022	48944	254979	109578	–	526816
1929	32993	63954	42001	391038	94044	128	624158

КСРО-да 1928 ж. басталған жаппай ұжымдастыру науқаны араға жыл салып Қазақстанға жетті. Ауылдағылар түрлі жағдайды бастан кешірді. Бұл науқанның алдында дәулетті байлардың, болыс басқарушыларының, сұлтандардың мал-мүлкін тәркілеп, өздерін жер аудару басталды. Ет, жүн, тері дайындаудың шамадан тыс жоспары өсім беретін малды союға, қырып-жоюға соқтырды. Ауылдарда ұжымшарлар ұйымдастыру үшін Қарсақбай аупарткомы 45 белсендіден 15 бригада жасақтап, ауылға аттандырды. Әуелі межеленген 10 ұжымшар орнына ауд. бойынша 28 ұжымшар ұйымдастырылды. Көшпелі халықты отырықшылдыққа айналдыру ешбір дайындықсыз, жалаң әкімшілік әдіспен іске асырылды. Ауыл қазақтарының тұрмыс-тірлігінің негізі мал шаруашылығы құрып кетуге айналды. Енді аштық жайлады. Қарсақбай аупарткомының бірінші секретары Шиленков атап көрсеткендей, «қазірдің өзінде (1932 ж. – ред.) кедейлердің бір бөлігінің материалдық жағдайы өте ауыр, соның салдарынан аштықтан бірқатар кісі өлімі болды».

2-кесте

Қарсақбай ауданындағы 1931-1933 жж. мал саны

Жылдар	Жылқы	Түйе	Қой-ешкі	Ірі қара	Барлығы
1931 ж. 01.05	18043	9454	53470	25717	106684
1932 ж. 01.06	4518	2444	8936	8849	24747
1933 ж. 01.02	2524	885	4974	3938	11921

Мал саны әрбір шаруашылыққа шаққанда 1931 ж. мамырында – 12,86 бас, 1932 ж. сәуірінде – 5,3, 1933 ж. қаңтарында – 3,5 бас болды. Шаруашылықтар саны күрт кеміді. Ауд. халқы 60 пайызға жуық азайды. Ашаршылық кезінде ата-анасынан айырылған балалар бірнеше жүздеп саналды. Осы күрделі жағдайға байланысты мыс комбинаты Ұлытауда панасыз балалар коммунасын, балалар үйін ашты. Бұ-

дан басқа Қарсақбайда панасыз балаларды қабылдайтын үйде, аналар мен балалар үйінде, Жезқ. мен Байқоңырда, №5 ауылдағы («Алғабас» ұжымшары есебінен) балалар үйінде 300 бала тәрбиеленді. Әрине, бұл панасыз жетім балаларды толық қабылдауға өте жеткіліксіз болды.

Ауд. аз ғана астық қорымен мүмкіндігінше алыс-жақындағы ауылдардан, Батпаққарадан ағылған 5000-дай адаммен бөлісті. Олар ағайын-туыстарын паналады. Үкіметтің бергенін талшық етті. Біразы комбинаттың, ауд-ның, партия, кеңес органдарының көмегімен оңт. облыстарға жөнелтілді. Мысалы, 1932 ж. жазында Батпаққарадан келген 500 босқынға ауд. қоры есебінен жолазық беріліп, комбинат автокөліктерімен Жосалыға жеткізілді.

А.ш. ұжымдастырудағы асыра сілтеушіліктің, бұрмалаушылықтың салдарын жою ауд. партия, кеңес органдарының кезек күттірмейтін міндетіне айналды. Қарсақбай комбинаты мал ұстайтын, көкөніс, картоп өсіретін «Ұлытау», «Қарабұлақ» (кейін «Ұлытау» кеңшарының бөлімшесі) шаруашылықтарын ұйымдастырды. Олар 1933 ж. 1166 т картоп және көкөніс жинады. Көкөніс өсірушілер жетекшісі Анар Жантілеуов, парник шаруашылығын жүргізген Қомытбай Байзақов, картоп өсірушілер бригадирі Шыңғысов бұл шаруаның қыры-сырын жетік меңгеріп, оған бірнеше ондаған ұлытаулықтарды үйретті. Мал шаруашылығындағы жағдай дұрыстала бастады. 1936 ж. төрт түлік малдың саны 48531 басқа жетті немесе осыдан үш жыл бұрынғымен салыстырғанда 491% өсті. 1600 шаруашылық сауын сиыр алды. Жекеменшік мал шығыны 12-13% құраса, қоғамдық мал шығыны небәрі 4,8% болды. 1939 ж. жазда шаруалар Қарсақбай, Жезқ. базарларына аз да болса а.ш. өнімдерін сатуға әкелді.

Қарсақбай мыс комбинаты үшін жоғары білікті кадрлар дайындау өткір тұрды. Оның негізі жалпы білім беруді жолға қою, сауатсыздықты жою, қажетті өндірістік мамандықтар бойынша кәсіптік-техн. оқуды ұйымдастыру еді. 1967 ж. 5 қазанда «Қазақстан мұғалімі» газетінде жарияланған естелігінде қарт мұғалім Жорабек Ыбыраев 1926-1927 оқу жылында Қарсақбай ауд. оқу жасындағы балалардың 14 пайызы, ал сауатсыздардың 9 пайызы оқуға тартылғанын, ал комбинатта істеген 2503 жұмысшының 1629-ы қазақ жұмысшысы болса, олардың басым көпшілігі сауатсыз болғанын жазды.

Сол кезде сауатсыздықты жою штабы Қарсақбай болаткомы болды. Мұғалімдер күндіз мектепте сабақ беріп, кешкілік ересектерді оқытатын тәртіп орнатылды. 1927 ж. 14 қаңтарда ҚазАКСР Халық Комиссарлар Кеңесі өңірдегі мектептердің барлығын 1927-1928 оқу жылында мемл. бюджет есебінен ұстауға шешті. 1931-1932 оқу жылында ауд. мектептерінің саны 81-ге жетті. Жалпы білім беретін мектептерде 5331 бала оқыды. 93 сауатсыздықты жою нысаны, 8 шала сауаттылар мектебі, 3 қазақ тіліне үйрететін курс, 9 әйелдер курсы ашылды. 11 оқу сыныбы, кенттік көпшілік кітапхана, 1 қызыл отау халыққа қызмет көрсетті. Қызыл отау меңгерушісі әрі халық соты Көкше Жәутіков ауыл шаруалары арасында мәдени-ағарту шараларын өткізді, зәбір көргендердің өтініштерін тыңдап, әділ шешіп беріп отырды. Сонау 20-30-жж. мұғалімдері Жүсіп Асанов, Байқара Сыздықов, Ахмет Рамазанов, Сейтжан Смайылов, Садық Жәкенов, Мағзұм Достәуіров, Аманжол Төлекбаев, Қамаш Кәрібаева, Алиасқар Атанаев, Арыс Сақабаев, Биқадам Сиқымбаев, Мырзағали Байбосынов, т.б. еңбегі жемісті болды.

1931 ж. шілдеде өнеркәсіп жастарының шәкірттік мектебі оқудың негізгі жүйесі ретінде жойылды. Олардың негізінде ФЗО мектептері ұйымдастырылды. Күзге дейін 420 оқушы қабылданды. «Цветметзолото» басқармасының бұйрығымен орта арнаулы білімді техник кадрларын дайындау үшін 1932 ж. қыр-

Зейнолла Биболатов

Ахметкали Сафин

Арыстан Ақшалов

күйекте Қарсақбайда тау-кен және металлургия техникумы ашылды. Жезқ-да шаңырақ көтерген қалалық өнеркәсіп мектебінде забой жұмысшылары, құрылыс, тау-кен десятниктері, газдыэлектр станцияларында істейтін шуровшылар, т.б. мамандық иелері дайындалды. 1932 ж. Қарсақбай комбинаты жоспардан тыс Балқаш комбинатының құрылысына – 259, «Казполиметалл» ӨБ-не 229 жұмысшы маман кадрлар дайындап берді. Екпінді әрі белсенді жұмысшылар ішінен жыл сайын 5-6 жұмысшы Мәскеу, Ленинград, Свердловск, Ташкент, т.б. ірі қ-ғы өндірістік академияларға оқуға жіберілді. Сөйтіп, 1932 ж. басында комбинатта жұмыс істейтіндердің ішінде қазақтардың үлес салмағы 67,5 пайызға, білікті жұмысшылар ішінде 45 пайызға жетті. Заводтың металлургиялық цехында қазақтар – 72,7, ал маман жұмысшылар арасында 45 пайыз болды. Кейбір жетекші мамандықтар бойынша аға горновойлардың 50%-ы, фурмашылардың 60%-ы, дабылшылардың 85%-ы кешегі ауыл қазақтары болатын.

Маман жұмысшылар, техниктер, өндірісті ұйымдастырушылар дайындау кәсіпорынның жұмыс ырғағына, еңбек өнімділігіне, жұмыс сапасына қолайлы жағдай туғызды. Жезқ. кенішінде 1930 ж. әр перфораторға шаққанда сағаттық өнімі 1,25 т болса, 1933 ж. – 2,22 т-сағат, ал 1934 ж. 3,4 т-сағатқа жетті, осы уақыт ішінде мыс кенін өндіру 26 пайызға көбейді. Заводта металлургтер 1936 ж. бірінші тоқсанында шапшаң балқыма алу санын 120-дан 160-қа жеткізді, конверторлардың жөндеуаралық беретін балқымаларының саны 65-тен 220-ға жетті, шарпу пешінің көмейін тазартуға кететін уақыт 3 есе азайды.

1935 ж. 19 желтоқсанда қарсақбайлықтардың ұсынысымен Шымкентте Оңт. Қазақстан облысы кәсіпорындары стахановшыларының I слеті жұмысын бастады. Слеттің екінші күні Жезқ. кенішінде бұрғышы Зейнолла Биболатов 105,5 т мыс кенін құлатып, ауысымдық нормасын 600 пайызға орындады. Бұл мыс өндірісіндегі бүкілодақтық рекорд болды. Осы қуанышты хабарды бүкілодақтық радио кең-байтақ Кеңес елінің әр түпкіріне жеткізді. З. Биболатовтың рекордынан бұрғышы Ахметқали Сафин үш есе асып өтіп, 1936 ж. 25 қаңтарда 332 т мыс кенін құлатты. Екпінді кеншілер Омар Жабағин, Шәмет Тәкішев, Арыстан Ақшалов, Қасымбек Әйгелов, т.б. стахановшылар қатарына қосылды. Жезқ. мыс кені өндірісіндегі бүкілодақтық рекордтардың алтын ұясына айналды. Байқоңыр көмір ошағы Қарсақбай мыс заводының, қорғасын заводының, Жезқ. кенішінің, кент тұрғындарының қажетін толық өтеп тұрды.

Майгел Көккөзов

Мұзафар Жүсіпов

Мұқан Үлкенбаев

1938 ж. күзінде Ұлытау-Жезқазған өңірінің еңбекшілері қуаныш құшағына бөленді. Заводтың конвертор шеберлері Майгел Көккөзов, Мұзафар Жүсіпов, Байқоңыр көмір ошағының бұрғышысы Мұқан Үлкенбаевтар Мәскеуде, Кремль Сарайында М.И. Калининнің қолынан орден-медальдар алып оралды.

Октябрь төңкерісінің 14 жылдық мерекесін Қарсақбай ауд. тұрғындары қос қуаныш үстінде тойлады. 1931 ж. 7 қарашасы күні ауд. «Қызыл кеніш», «За медь» газеттері жарық көрді. «Қызыл кеншінің» редакторы – болашақ елімізге әйгілі ақын Әбділда Тәжібаев, орыс газетінің редакторы – осы өңірдің түлегі Федор Головин, жергілікті радиохабар тарату редакциясының басшысы Хамза Нұрмағанбетов болды.

1936 ж. Мәскеуде өткен Қазақ мәдениеті мен өнерінің онкүндігіне Ұлытау өңірінің бас ақыны Тайжан Қалмағанбетов қатысты. В. Шекспирдің, А. Чеховтың шығармаларын көркемөнерпаздардың орыстілді әуесқой драмалық театры сәтті сахналады. Қазақ жұмысшы-шаруа көркемөнерпаздар ұжымын завод жұмысшысы Мақсұт Үсенов басқарды. Қарсақбайда демалыс паркінің негізі қаланды. Мың орындық жазғы клуб, парашютшілер клубы жұмыс істей бастады. Қарсақбайда бастау алған зор рухани өзгеріс нышандары адамдардың санасында, рухани талғамында, өмірдің басқа да салаларында көрнекті орын алды.

БК(б)П ОК-нің 1937 ж. ақпан-наурыз пленумында И. Сталин ұсынған социализм өз позициясын нығайтқан сайын таптық күрес шиеленісіп, күшейе түседі деген тұжырымы елімізде жаппай жазалау науқанының басталуына негіз болды. Бұдан Қарсақбай да шет қалмады. Мыс комбинатында істейтін 34 жұмысшы, инженер-техник, кәсіпорын, партия, кеңес, кәсіподақ ұйымдарының басшылары «халық жауы» деп табылып, ату жазасына кесілді. Олардың ішінде Қарсақбай заводын іске қосқанда алғашқы штейн алған Спасскінің тәжірибелі металлургі Павел Яковлевич Юмашев, КазЦИК-тің мүшесі, рекордшы кенші, Жезқ. кенттік кеңесі атком төрағасы Қияс Дүйсембеков, завод мехцехының бастығы Дмитрий Антонович Волошин, Жезқ. кеніші парткомының хатшысы Бақберген Ахметбеков, Қарсақбай ауаткомының төрағасы Құрмансейіт Баймағанбетов, «Ұлытау» кеңшарының мотористі Смайыл Беласқанов, т.б. бар.

Осылай коммунизм идеясына, Кеңес өкіметіне шын берілген азаматтар әкімшілік жүйенің қанды шеңгеліне ілекті. Өмір өз заңымен өтіп жатты.

Ұлы Отан соғысы жылдары. 1941 ж. 22 маусымда Германия фашизмі тұтқиылдан Кеңес Одағына кең көлемде басқыншылық соғысты бастады. «Фашист басқыншыларының кеңірдегіне от шашқан қара мысты лақылдата құямыз!» деп шешті Қарсақбай заводының металургтері, байытушылары, транспортшылары 1941 ж. 22 маусымдағы митингіде. КСРО Түсті металлургия халкоматы жүйесінде соңғы жылдары іске қосылған алып заводтардың қатарында Қарсақбай шағын кәсіпорын көрінетін. Бірақ завод 1943 ж. бүкіл Португалияның 1940 ж. өнімінен көп қара мыс берді. Немесе оның жалпы көлемі сол кездегі Болгарияның, Қытайдың барлық мысынан 4 есе асып түсті.

Ерлер майданға кетті. Бір жеті ішінде завод дирекциясы мен партия комитетіне жүзден астам әйел майданға аттанған әкелерінің, ағаларының, күйеулерінің орнын басып, тікелей өндірісте істеуге, жаңа мамандықтар игеруге тілек білдірді. Соғысқа дейін заводта істейтіндердің 7 пайызы әйел болса, енді көп ұзамай олардың үлес салмағы 40 пайызға жетті. Байыту фабрикасында еңбек ететін әрбір үшеудің екеуі қыз-келіншектер болды.

Тамыздың бірінші жартысында конверторшы Абдықадыр Ниязов алты рет қатарынан шапшаң ауыр балқыма берді. Конверторшы Камен Сейтенов шілдеде конвертордың жобалық қуатын 15 пайызға көтерді. Артынша қыркүйекте конвертордың қуатын 40 пайызға көтерген бірінші металлург болды. Оның еңбектегі бұл ерлігін Совинформбюро ертеңіне бүкіл әлемге жария етті.

ҰОС қиын күндері қарсақбайлықтар өз күштерімен және қолдағы материалдық-техн. ресурстар есебінен 1942 ж. тамызында екінші шарпу пешін салуға кірісіп, 1943 ж. 8 қыркүйекте пешті кептіріп, қыздыру үшін от тұтатты. Он күннен кейін (1928 ж. бір ай қыздырған) 18 қыркүйекте алғашқы штейнді алды. 180 км қашықтықтағы Қорғасында кен қорытатын қарапайым пеш салып, кен өндіріп, Балқаш және Жезқ. комбинаттарының қорғасынға деген сұранысын қамтамасыз етті. Заводта №1 арнаулы әскери цех жасақталып, мина корпустарын шығару жолға қойылды. Кәсіпорын 1940 ж. 6603 т қара мыс берсе, 1941 ж. – 7828 т, 1942 ж. 7165 т металл жөнелтті. Байыту фабрикасы тиісінше 1940 ж. – 158858 т, 1941 ж. – 197453 т, 1942 ж. 196660 т мыс кентасын өңдеді.

Жезқ-да кен өндіру 1940 ж. салыстырғанда 1942 ж. – 4 есе, 1943 ж. 5 есе көбейді. Жезқ. кеншілері ҰОС жылдары Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің ауыспалы Қызыл Туын 16 рет жеңіп алды. 1945 ж. 3 шілдеде бұл Ту ұжымда мәңгілік сақтауға қалдырылды.

Соғыс қарсаңында бүкіл Одақта өндірілген марганецтің 91,6 пайызын өндірген Никополь кеніштерін неміс әскерлері 1941 ж. 17 тамызда басып алды, Кавказдағы Тырныауыз комбинаты жаудың бомбалауынан бұзылып, бүлінді. Грузиядағы Чиатура кенішінен марганецті тасу мүмкіндіктері азайды. Орал мен Сібірдің металлургия заводтарын осы шикізатпен қамтамасыз етуде аса қиын жағдай қалыптасты. Осыған байланысты 1942 ж. 23 сәуірде И. Сталин қол қойған КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «Жезді кенішінің құрылысы туралы» №564 қаулысы негізінен әскери техникаға сауыт дайындайтын шығыстағы домна және мартен пештерінің марганецке «аштығын» жоюға бағытталған. Бұған қоса Жезді марганец кентасында кремний мен фосфор аз, кенді ашық әдіспен өндіруге болады, тағы бір артықшылығы – кен орны темір жолға жақын орналасқан.

Жездіге Одақтың әр түкпірінен келген алғашқы кеншілер, құрылысшылар, ауыл шаруалары, кенттің еңкейген кәрісінен мектепте оқып жүрген балаларына дейін тай-

лы-тұяғы қалмай аса маңызды мемл. тапсырманы орындау үшін қолынан келгеннің бәрін істеді. Тіпті, жер бетінде жатқан марганец кентастарын қалталап, қоржындап жинап, автокөлікке жүк тиейтін қондырғыға жеткізді. Маусымның алғашқы күндерінің бірінде 10-кен ауданындағы карьерде тұңғыш жарылыс аймақты дүр сілкіндірді. Жезді кенішінің құрылысына кіріскеннен кейін небәрі 38 күн өткен соң марганец кентасын тиеген автокөліктер колоннасы Жезқ-ға бет алды.

Жезді марганец кенішінің алғашқы құрылысшылары

Жездідегі жағдайды Бас қолбасшы И.В. Сталиннің өзі бақылаған. Магнитогорскіге марганец кентасы тиелген толық эшелон аттанғанша күнде кешкілік жергілікті уақытпен 21.00 сағатта кеніш директоры Н.Ф. Михаловке телефон соғып, тәулікте жөнелтілген марганец кентасының көлемі жөнінде есебін тыңдап отырған.

Осы жылы шілдеден бастап кеніш мемл. жоспармен жұмыс істеді. Жезді марганец кеніші іске қосылған соң КСРО-ның шығыс аудандарының марганец өндіруге қосқан үлес салмағы 13,7 пайыздан 84,6 пайызға дейін өскен. «1941-1945 жж. Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы тарихында» марганец кентасын өндірушілердің ерен еңбегі ірі соғыс операцияларындағы жеңіспен тең екені атап көрсетілген.

Соғыс жағдайында Жезқ., Ұлытау ауд-дары ұжымшар мүшелерінің алдына өндіріс еңбеккерлерін азық-түлікпен жабдықтау және майданға ауылдың ас мәзірін жөнелтіп тұру міндеті қойылды. 1942 ж. Жезқ. ауд. мал шаруашылығын дамытудың мемл. жоспарын асыра орындағаны және оны жеткілікті азықпен қамтамасыз еткені үшін Респ. Құрмет тақтасына жазылды. Ұлытау ауд. мал басын өсіру жоспарын барлық түліктен асыра орындады. Өңір тұрғындары фашистерден азат етілген еліміздің



Жезді кентіндегі Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге арналған монумент-ескерткіш

батыс аудандарына көмек ретінде 200 бас ірі қара, 2,5 мың қой-ешкі, 10 тырма, 3 ат соқасы, кастрюль, қасық, шанышқы, тәрелке, күрішке, т.б. заттар, жүздеген мың сом ақша жіберді.

Жезқ. ауданаралық ӘК әскер қатарына шақырғандардың саны 12 мың адам шамасында болған. Ауд. партия, комсомол ұйымдары мүшелерінің басым көпшілігі майдан даласында соғысты. Ұрыс даласында 3071 әскер шейіт болған және хабарсыз кеткен. Әскери тапсырманы мүлтіксіз орындағаны және ерлігі үшін 4 майдангерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Бір сарбаз «Даңқ» орденінің толық иегері болып елге оралды. Соғыстан оралған ұлытаулық сарбаздардың кеудесінде жауынгерлік орден-медальдар жарқырап тұрды. Олардың ішінде Әбсәмет Тәжбенов, партизан Қаппас Әлиакпаров, Қозғанбай Әбиев, Жәңгір Жанасов (кейін Жезқазған қалааткомының төрағасы), Әбдіхамит Қоңырқұлжинов (кейін Ұлытау ауаткомының төрағасы), Мәкен Төрегелдин (кейін Жезді аупарткомының бірінші хатшысы), Сейітқали Төкебаев, Ибраһим Қорғанбеков, Қасымбек Есеев, Әнуарбек Шманов, Түсіп Жарылғапов, И. Прокопьев, т.б. ондаған, жүздеген, мыңдаған майдангерлер болды.

Жезқ-да ҰОС-на қатысқан жезқазғандықтарға асқақ та айбынды монумент, Жезді кентінде, Ұлытау селосында, бірқатар елді мекендерде ұрыс даласы батырларының аты-жөні жазылған Даңқ тақталары орнатылды.

Соғыстан кейінгі кезең. Жезқазған-Ұлытау өңірінің экономикалық қуаты күшейді. КСРО-ның халық шаруашылығын қалпына келтірудің және дамытудың 1946-1950 жж. арналған жоспарында мыс өндіруді 1,6 есе арттыру, Жезқ. тау-кен комбинаты құрылысының бірінші кезегін аяқтау белгіленген.

Қарсақбай мыс қорыту заводында жаңғырту, шикізатты өңдеу технологиясын жетілдіру жұмыстары жалғасты. Қысқа мерзімде жаңа көмір фабрикасы, шарпу пешінің биікт. 100 м түрбасы мен боровасы, үшінші конверторға ауа үрлейтін жаңа қондырғы, конструкциясы принципті жаңа форсункалар құрастырылып, орнатылды. Шарпу пештерінің шпурасын электр қуатының күшімен ашу сиқыры белгілі болып, практикада қолданылды. 1949 ж. 7034,3 т қара мыс қорытып, жоспарды 100,4 пайыз асыра орындады. 1957 ж. 24644 т қара мыс, мыс ішінде 23,17 т күміс шығарды. 1966 ж. қара мыс өндірісін 31959 т-ға, мыс ішінде күмісті 54,4 т-ға жеткізді. Конвертор пештерінен тозаң ұстайтын қондырғының жұмысы толық қалыптасты, сөйтіп,

конвертор газының тозаңынан рений және басқа бағалы сирек металдарды айырып алу технологиясы игерілді.

Қарсақбайлықтардың еңбегін Отанымыз жоғары бағалады. Тек 1949-1954 жж. ұзақ жылғы ерен еңбегі үшін 20 металлург, шахтер, орт. электр ст-ның турбина машинисі Ленин орденімен, 38 еңбек озаты Еңбек Қызыл Ту орденімен, үш жүздей металлургтер, байытушылар, энергетиктер мен көміршілер «Еңбекті ерлігі үшін», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдарымен марапатталды. Заводта жиырма бір кісі «ҚазКСР еңб. сің. металлургі», «ҚР еңб. сің. қайраткері» құрметті атағына ие болды. Олардың бәрін атап шығу мүмін емес. Орден-медальдармен марапатталған Қозыкен Жанпейісов, Петр Николаевич Мельников, Даяр Коштаев, Мақсұт Жұмабеков, Сейіт Жанділдинов, Бірімбай Орғаринов, Қаржан Байжіков, Әлкебай Нұрғалиев, Хамит Қожабергенов, Шоқай Қаңтарбаев, т.б. кепшіл, жаңашыл, озат өндіріс майталмандары еді.

ҰОС-дағы жеңістен кейін негізгі күш Жезқазғанға ауысты. КСРО Үкіметі 1948 ж. ЖКМК құрылысы туралы шешім қабылдады. 1951 ж. аяғында жаңа үлгідегі №47, 43-бис, 1952 ж. №44 және 42, 1953 ж. №45 шахталар іске қосылды. 1954 ж. 30 тамызда қуатты №51 шахтаның кен бере бастауы Жезқ. мыс кенішінің әлеуетін бірнеше есе арттырды. Жезқ. бүкіл Кеңес Одағының теңдесі жоқ аса қуатты кен басқармасы болды. Үлкен Жезқ-ның бірінші байыту фабрикасының үш секциясы 1954 ж. қаңтарда, төртінші секциясы 1955 ж. ақпанда, ЖЭО-ның бірінші кезегі 1952 ж. карашада өнім берді. Үлкен Жезқ. қалашығына ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж. 20 желтоқсандағы Жарлығымен қала мәртебесі берілді. Қазақстан картасында Жезқ. қ-сы пайда болды.

Қарсақбай мысшылары үшін ҰОС-нан кейінгі отыз жыл шарықтап, нағыз шырқау жылдары болды. 1975 ж. шілдеде завод мыс қорытуды тоқтатты. Елсіз, сусыз, шөлейт далада бұдан 47 жыл бұрын соғылған еңбек дабылы сәл тыным алғандай болды. Бұл кеңестік Шығыстың түсті металлургиясының бабасы болған, металлургтердің төрт бірдей буынын тәрбиелеп өсірген, ауыл қазақтарының алдынан мыс балқытудың әліппесін ашқан Қарсақбай заводының көзден кеткені емес. Қазір Қарсақбай шойын қорытады, машиналарға, тау-кен, металлургия өндіріс-жабдықтарына қажетті қосалқы бөлшектер шығарады.

Жезді марганец кенішінің өмірі алғашқы ойлағаннан ұзақ болды. Металға бай марганец кентасының негізгі бөлігін ҰОС жылдары алып қойған кәсіпорынның жағдайы күрделі еді. Бірақ акад. Қ. Сәтбаевтың араласуымен бірқатар марганец кен орындарын жедел геол. іздестіру және барлау жұмыстары нәтижелі ұйымдастырылды. Металға кедей кенді ұқсату үшін байыту фабрикасы салынды. БАМ-ның шойын жолының сапасын шыңдауға аса қажетті күкірті аз Жезді марганецін өндіру жоспары жыл сайын орындалып тұрды. Алайда Одақ тарағаннан кейін, марганецке сұраныс болмаған соң, кеніш жұмысын 1995 ж. тоқтатты.

ҰОС ауыр жылдары Ұлытау өңірінің ауыл шаруалары сыннан сүрінбей өтті. 1942 ж. салыстырғанда 1947 ж. Жезқ. ауд-да малдың өсімі ірі қарадан – 159, қойдан – 185, жылқыдан – 129 пайыз болса, Ұлытау ауд-да ірі қара саны – 119,5, қой – 186,2, жылқы – 230, түйе – 260 пайызға көбейді. Ұлытау өңірінде қой шаруашылығында жемісті еңбек етіп, жоғары өнд. көрсеткіштерге жеткені үшін аға шопандар Өзімбай Тіккөзов, Мұқан Смайылов, Балаби Балмағанбетов, Түсіпбек Меңдібаев, Әбділда Жұмыртқаринов, Керімбай Тұржанбаев, Тоқберген Ахметов, Әбілқас Сыздықов, Бәкен Мышанов, Мыңбай Берденов, Жарылғап Айтуаровтарға Социалистік Еңбек Ері құрметті атағы берілді. Аға шопандар Әйтен Серіков, Әбділдә Сағынбаев, Смағұл

Әбілдин, Қоянбек Бақшаев, Уатай Зілғаринов, Бірімжан Сүлейменов, Есмағанбет Шоқатов, Смағұл Сұлтанов, т.б. Ленин орденімен марапатталды.

Тың және тыңайған жерді игеру кезінде өңірде шағын ұжымшарлар негізінде 10 кеңшар құрылды. Егіс көлемі 1966 ж. 1950 ж. салыстырғанда 9 есе, жиналған дәнді дақылдардың көлемі 4 есе өсті. Малдың саны барлық түліктен көбейіп, мал шаруашылығы өнімдерін, қозы етін дайындау еселеп артты. Осы жылдары әрбір кеңшар орталығына грейдер жол салынды, қыстақтардың барлығына дерлік электр желісі тартылды. 80-жж. ауд. халқы толықтай дерлік орт., респ., жергілікті телевидениенің хабарларын көрді. Денсаулық сақтау, білім беру, мәдени-бұқаралық жұмыстар жақсарды.

Әдеб.: *Абылай хан өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар, 1-2-томдар, А, «Ел-шежіре», 2011 ж.; «Боздақтар», «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995 ж.; Ибаділдин Ж. Жер кіндігі Жезқазған, Астана, 2004 ж.; Книга по большому чертежу (под. ред. Сербиной, М-Л, 1950 г.; Кузнецов Л.О. О надписи на камне «Таңбалытас» в пустыне Бетпақдала в Атбасарском уезде Акмолинской губернии (Записки Семипалатинского подотдела ЗСОРГО, выпуск 16), Семипалатинск, 1927 г.; Козыбаев М.К. Казахстан – арсенал фронта, А, 1970 г.; Марғұлан Ә. Шығармалары, Т 5, 8,11,13,14, А, 2008-2012 жж.; Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов среднего жуза. А, «Наука», 1974 г.; Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында, А, «Атамұра», 1999 ж.; Назарбаев Н.Ә. Ұлытау баурайында қазақ мемлекетінің тұтастығы мен халқының бірлігі монументі орнатылатын жерге белгітас қою салтанатында сөйлеген сөзі, «Сарыарқа» газеті, 1993 ж. 18 қыркүйек; Народное хозяйство Карагандинской области, статистический сборник, Караганда, 1967 г.; От Алтая до Каспия. Атлас памятников и достопримечательностей природы истории и культуры Казахстана, А, 2010 г.; Смаилов Ж.З. Памятники археологии Западной Сары-Арки, Төрегельдин М.Т. Мәңгілік мұра, Қарағанды, 1998 ж.*

ҰЛЫТАУ ӨҢІРІ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА

Жаңғырған сана, жаңаша көзқарас. Президент Н.Ә. Назарбаев тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Ұлытау ауд-да екі рет (1993, 1994) болды. Тарихи ескерткіштерді аралап, елдің өткенін ой елегінен өткізді. Ұлытаулықтармен кездесіп, жаңа қоғамның қиындықтары мен алдағы міндеттер туралы әңгімелесті. Қазақ мемлекетінің көне орт-ғы Ұлытаудың баурайындағы Қазақ елінің бірлігі мен тұтастығы монументі орнатылатын жерде белгітастың ашылу салтанатына қатынасты. Монумент 2005 ж. 13 қыркүйекте ашылды.

Тарихшы ғалымдардың, өлкетанушылардың, ел ағаларының бастауымен өңірдің кешегісін зерттеп-зерделеп, бодандық және кеңестік кезеңде қалыптасқан ұлттық сананы жаңғырту жұмыстары басталды. Тәуелсіздік жарияланатын жылы жасауы 3-4 мың жыл бұрынғы бабаларымыздың жабдықтарына жақын, негізгі көлігі түйе болған, Отырардан Ұлытауға дейін Ұлы Жібек жолының «Мыс жолы» тармағымен тарихи-этнограф. экспедиция ұйымдастырылды. Экспедиция Қазақ хандығының құрылғанын тасқа қашап жазған Таңбалы Нұрада болды. Сондай-ақ, көне кеніштердегі тау-кен және металл өңдеу ісімен танысты. Нәтижесінде Жездідегі мұражайда Мыйлықұдық кешеніндегі пештердің үлгісіндегі металлургия пештері салынды. ҚарМУ мен ЖезУ-дің ғыл. басшылығымен Бұланты-Білеуті шайқасы болған жерге, Президенттің Астанадағы Мәдени орт-ның қолдауымен Таңбалы Нұраға экспедициялар барып қайтты. Жеңіс биігі Қалмаққырылған тауына Жезқ. қ-ның әкімдігі ескерткіш белгі орнатты. «Бұланты шайқасы» (2009) кітабы шығарылды.



Ұлытау кентіне кіреберістегі мұнара-стела

Елімізге жақсы белгілі, Ұлытаудан басталған 5500 км «Алтай – Дунай» экспедициясының мақсаты – Ұлы Дала белдеуін түйемен жүріп өту арқылы әлем жұртшылығының назарын Еуразияның ежелгі тарихына және еуразиялық кеңістіктегі интеграция үрдістеріне аудару болды. Идея

Аудан орталығындағы Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжановтың ескерткіші

авторы және экспедиция жетекшісі – «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштері мұражай-қорығының директоры Бақтияр Қожахметов. Экспедицияның 3-кезеңі таяудағы жылдары жалғасады.

Мемлекет, бақуатты кәсіпкерлер, ағайын-туыстар ортағасырлық Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл, Аяққамыр, Қойлыбай бақсы, XIX-XX ғғ. Сандыбай Төлеков, Ерден Сандыбаев, Ахмет ишан Оразаев, Мейрам Жанайдаров кесенелеріне, Ахмет ишан Оразаевтың Қорғантастағы медресесіне, т.б. жаңарту және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді. Хан ордасында қалпына келтіру жұмыстары атқарылып жатыр.

Ұлытау тарихын ғұн, сақтардан бастап, бүгінге дейін мұрағат деректері негізінде баяндаған Қуаныш Ахметовтің екі томдық «Ұлы Даланың Ұлытауы», тарихи-танымдық «Ұлытау», «Кенесары хан Ұлытау өңірінде» кітаптарын оқырман жылы қабылдады. Көп кісі білмейтін, жадымыздан өше бастаған деректер қайта сөйледі, кеңестік кезеңде айтылмай немесе қасақана ұмыттырылып келген тұлғалармен ел қайта табысты. М. Төрегелдиннің «Мәңгілік мұра» (1988), Қ. Тоқтамысовтың «Ұлытау неге ұрандайды?» (2008), С. Тілеубаев пен Б. Мырзабековтің «Ұлт ұясы – Ұлытау» (2009), А. Қаражігітовтің «Абыздар биігі» (2001), С. Қожамсейітовтің «Қарашаңырақ Қарсақбай» (2006), Т. Исмағұлұлының «Өмір мұраты» (2008), Р. Нашкенқызының «Ұлытауға тағзым» (2008), т.б. ондаған кітаптар жүйелі ізденістер арқасында дүниеге келді.

Бүгінгі ұрпақтарының қаражатына аты Қазақстанға мәшһүр ақындар Қожабай Тоқсанбаевтың, Болман Қожабаевтың шығармалары, ақын, ойшыл Балқыбайұлы Балмағанбеттің (Сарымолданың) екі томдық «Хадис-Назымы», Қунақұлы Омардың, т.б. өлең-жырлар жинағы жарық көрді.

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштері мұражай-қорығы Ұлытаудың тарихи ескерткіштері, табиғаты және адамдары жайлы үш фотоальбом шығарды. Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің «Ұлытау» ғыл.-зерттеу орт. демеуімен «Ұлытау ақындары», «Жезқазған-Ұлытаудың жер-су аттары» жинақтары басылып шықты.

Бабаларымыз ислам дінін, оның ішінде мазһаб Ханифаның бағытын ұстанғаны мәлім. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін Ұлытау ауд-да мешіт болмаған. Қазір барлық ауылд. және кенттік округтерде мешіт бар. Соңғы жылдары жаңадан 5 мешіт бой көтерген. Мешіт имамдарының көпшілігі – арнаулы білімі бар, аузы дуалы, ислам жолын берік ұстанған азаматтар.

Ауданда 726 тарихи-мәдени және табиғат ескерткіші есепке алынған. Өткен жылдарда 20-ға жуық ескерткіш жөнделіп, қалпына келтірілді. Осы кезеңде ұлттық

ұлы тұлғаларды ұлықтау, есте қалдыру мақсатында біраз шаруа орындалды. Аудан орталығында ҰОС-да ерлікпен қаза тапқан ақын-көсемсөзші Баубек Бұлқышев пен жазушы Мұкан Иманжановқа ескерткіш орнатылған еді. Соңғы жылдары Жезді кентінде Кенесары ханға, Терісаққан а-да XIX г. қазақ ұлт-азаттық қозғалысының батыры Жанайдар Орынбаевқа, Ұлытау с-дағы «Таңбалы» мәдениет және демалыс бағында өңірден аттанған барлық ҰОС майдангерлерінің есімі жазылған «Ер есімі – ел есінде» атты гранит Даңқ тақтасы орнатылды. Кеті бұқаның ескерткіші, Асанқайғының монументі, Алаш арыстарының аллеясы, қазақтың тұңғыш әскери ұшқыштарының бірі Сер кбай Асатовтың бюсті, жаңадан салынған Хан алаңы, «Салтанат» эстрада алаңы, кіреберістегі «Ұлытау» мұнарасы – ауд-да 4-5 жылда пайда болған рухани құндылықтар.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Ұлытаудан айтыс ақындарының шоғыры шықты. Олардың ішінде талай халықар., респ., обл. айтыстарда жеңімпаз атанған Мұхамбетқали Сейітқазинов, Әнуар Омар, Ахат Құрмансейітов, Бағдат Байжантаев, Салтанат Әбдіғожина бар.

Мәдени-көпшілік жұмыстар жалаң саясаттан арылып, егемен ел тұрғындарының жаңа сападағы талғамы мен рухани сұранысын өтеуге бағытталды. Респ-да теңдесі жоқ ұлттық тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштері мұражай-қорығы, Жездідегі таукен және балқыту ісі тарихы мұражайы ашылды. Қарсақбайда акад. Қ. Сәтбаевтың мұражай-үйі жұмыс істейді. 1994 ж. ауднын «Ұлытау» фольклорлық-этнографиялық ансамблі Италияда өнер көрсетіп қайтты.

Ұлытау кентіндегі «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимараты

Ауыл адамдары жекеменшікке алған малдың, жердің, басқа да нысандардың игілігін көріп, көңілдері марқайып, жүздеріне шырай кірді. Нарыққа көшкен қиын уақытта жабылып қалған клубтар, кітапханалар толық қалпына келтірілді.

Ауыл шаруашылығы. Аудан экономикасының негізі – а.ш. Оның басым бөлігі – мал шаруашылығы. 903 шаруа қожалығының 862-сі мал шаруашылығымен, 41-і егін шаруашылығымен шұғылданады. «Агробизнес – 2020» мемл. агроөнеркәсібін дамыту бағдарламасын іске асыру мақсатында кешенді шаралар атқарылуда.

2016 ж. 6 айында мал саны ірі қарадан – 62134 бас немесе 2015 ж. салыстырғанда 108,6%, тиісінше қой – 193628 (105,1%), ешк – 44715 (97,1%), жылқы – 31824 (109,2%), түйе – 356 (102,3%), құс – 17802 (100,8%) болды.

2015 ж. а.ш. өнімдерінің жалпы шығарылымы – 11 млрд. 511,1 млн. теңге, оның ішінде мал шаруашылығы – 7 млрд. 480,1 млн. теңге, өсімдік шаруашылығы 3 млрд.

994,4 млн. теңге болды. Нақты көлем индексі – 102,8%. 11889,5 т ет өндірілді, яғни 2014 ж. салыстырғанда өсім – 100,7%, сондай-ақ 26837,9 т сүт (109,4%), 869,7 мың дана жұмыртқа (105,5%) дайындалды.

Мал шаруашылығын қолдауда және өнімдерінің өсімі мен сапасын арттыруда мал тұқымын асылдандыруға айрықша көңіл бөлініп отыр. Тек 2015 ж. 78 шаруа қожалығы 203 бас асыл тұқымды бұқа сатып алды. 111 шаруа қожалығына селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізгені үшін мемлекет 152 млн. 430,5 мың теңге субсидия төледі.

«Құрбанбай» шаруа қожалығы «АгроКредит корпорациясы» АҚ филиалының «Ұлар» серіктестігі арқылы несие алып, 2015 ж. шетелден 105 бас асыл тұқымды «герефорд» ірі қара малын әкеліп, асыл тұқымды ірі қара фермасын қалыптастырды.

Бүгінде «Құрбанбай» шаруа қожалығынан басқа 3 шаруашылық асыл тұқымды ірі қара өсірумен айналысады. «Жауғашты», «Мулахов А.» шаруа қожалықтары қазақтың ақбас сиырын, «Рахымбек» шаруа қожалығы әулиекөл ірі қара тұқымын өсіреді. «Сарысу» шаруа қожалығы асыл тұқымды қой шаруашылығын дамытып келеді.

«Скобарь» ЖШС-мен әріптестік нәтижесінде ұрықтандыруға қажетті құрал-жабдықтар және симменталь, қара ала асыл тұқымды ірі қара малдарының ұрықтарына тапсырыс толық орындалып отыр.

Ауд. бойынша 41 шаруа қожалығы егін шаруашылығымен айналысады, 2015 ж. нақты егін салғаны – 36 шаруашылық.

2015 ж. ауд-да 20000 га егін егу жоспарланған еді. Оның ішінде бидай 18000 га, арпа 2000 га болса, тұқым сіңірілген алқап көлемі 22260 га құрады.

Егістіктің әр гектарынан 8,6 центнер өнім жиналды. Өндірілген егістік өнімінің жалпы көлемі – 18,3 мың т, оның ішінде бидай – 16,6 мың т, арпа – 1,7 мың т құрады. 2,4 мың т тұқым құйылды.

Шаруа қожалықтары мен тұрғындар 54 га картоп, 17 га бау-бақша отырғызды. 2015 ж. Ұлытау с-да 200 га алқапқа көпжылдық екпе шөп (2014 ж. – 50 га) және Егінді ауылд. округінде 130 га мақсары өсірілді.

Ақтас кентінде биылғы жылы алғаш рет «Бақбергенова А.» шаруа қожалығы өз қаражатына 1 га жерге тамшылатып суару технологиясын іске асырды. Алдағы уақытта бұл жұмыстарды одан әрі қарай дамыту жоспарланып отыр. Мемлекет арпа, майлы дақылдар, картоп, көпжылдық шөп еккендерді қолдау мақсатында 16 шаруа қожалығына субсидия берді.

Өткен жылы нақты ылғалды үнемдеу технологиясымен шаруа қожалықтары «Бекетай баба» – 5500 га, «Хамысханов» – 3000 га, «Асар» – 1000 га, «Асхат» – 830 га, «Кәкімжанов» – 200 га егін салды. Мұндай егіс көлемі 2014 ж. салыстырғанда 2530 га өсті.

2015 ж. 146,2 мың т мал азығы жиналды немесе ол бұрнағы жылдарға қарағанда 51 мың т көп деген сөз.

2012-2020 жж. арналған Ұлытау ауд. әлеум.-экономикалық дамытудың кешенді жоспарына сәйкес нақты жобалар жүзеге асырылуда. «Сыбаға» бағдарламасы арқылы жыл сайын 300 бас ірі қара, 200 бас жылқы сатып алу көзделген. 2015 ж. шаруа қожалықтары мемлекет несиесі және өз қаражаттары есебінен 863 ірі қара мал (2014 ж. – 412), 155 жылқы (2014 ж. – 135) сатып алды.

Жыл сайын лизингке 15 трактор, 5 комбайн, 60 а.ш. техникаларын сатып алу межеленген. 2015 ж. 6 МТЗ-82 тракторы, «Вектор 410» комбайны, 6 дана басқа а.ш. техникалары алынды.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында шаруа қожалықтары күрделі және қымбат бағдарламаларды қолға алып жатыр. «Жарасбаев» шаруа қожалығы өз күшімен 500 басқа арналған мал бордақылау алаңын салуға кірісті. Жоба құны – 52,0 млн. теңге. Қазіргі уақытта 250 басқа арналған құрылымның ішкі құрылыс жұмыстары аяқталды.

Асыл тұқымды ірі қара мал репродукторын іске асыруда Мибұлақ ауылд. округінде «Мулахов А.» шаруа қожалығы өз қаражатына 81 бас ірі қара сатып алып, асыл тұқымды репродуктор құрды. Ақмола обл. «Балкашино» асыл тұқымды зауытынан 38 және Бат. Қазақстан обл-нан 44 бас асыл тұқымды қашар «Қазагроқаржы» АҚ көмегімен сатып алды. Шаруашылық ірі қараны 500 басқа дейін ұлғайту бағытында жоспарлы мақсаткерлікпен жұмыс істеуде. Келешекте кәсіпорын жалпы көлемі 100 млн. теңге тауарлы өнім шығаратын болады. «Сексембаева Т.» шаруа қожалығы кіші сүт қабылдау және оны өңдеу цехын ашуға жұмыс жасап жатыр. Ұлытаулық бақташылар зоотех.-малдәрігерлік талапты қатаң сақтап, ірі қара бордақылаудың осы заманғы технологиясын игеріп, 2016 ж. тұңғыш рет экспортқа сиыр етін шығарды.

Жер ресурстары. Ауд. жер қоры – 12293105 га, оның ішінде а.ш. алқаптары – 11684560 га.

А.ш. мақсатындағы 2021223 га жер 932 жер иелері мен пайдаланушыларға бекітілген. Оның ішінде 919 жеке тұлғаның шаруа қожалығын жүргізуге 2000203 га жері бар. 2 мемл. емес а.ш. заңды тұлғасына – 5757 га, 2 мемл. а.ш. заңды тұлғасына 15263 га берілген.

А.ш. айналымына тартылған алқаптарды түгендеу материалдары бойынша, а.ш. алқаптарын өз мақсатында пайдаланбай отырған 403 жер телімінің иелері 429,96 мың га жерді (жайылымы – 397,65 мың, егістігі – 32,3 мың га) қайта игеруге кірісті. 95 жер телімінің иелері өз еріктерімен немесе сот шешімі арқылы 64,44 мың га жерді (егістігі – 7,5 мың, жайылымы – 56,95 мың га) мемлекетке қайтарды.

Туризм (французша «turisme» – серуендеу, жол жүру) – белгілі бір маршрутқа жасалатын саяхат. Атпен, велосипедпен, шаңғымен, қайықпен және жаяу саяхат жасалса, оны спорттық туризм деп, ұшақпен, пароходпен, поезбен жасалса, оны экскурсиялық туризм деп атайды.

Еліміз экономиканың шикізаттық емес салаларын дамытуға кірісті. Ол кластерлік дамыту жолымен экономиканы бейтараптандыруға сәйкес жүргізілуде. Бұның бір мысалы Қазақстан Үкіметінің Жезқ., Сәтбаев қ. мен Ұлытау ауд. әлеум.-экономикалық дамытудың 2012-2020 жж. арналған бағдарламасында «Ұлытау – ел» туристік инвестиция жобасын іске асыру қарастырылған. Мұның жөні бар. Қасиетті Ұлытау – қазақ халқының тарихи орт-ғы. Көшпелі дала өркениетінің мәйегі. Ежелгі тауды халқымыздың қасиет, кие тұтуы Қазақ мемлекетінің құрылып, қалыптасуындағы орны мен маңызына байланысты. Бұл өңірде 726 архитектуралық, тарихи-мәдени ескерткіштер есепке алынған. Табиғат ескерткіштері, табиғи ландшафтар маңызын ғылыми сараптап, анықтауды күтіп тұр.

Тарихи ескерткіштерге бай, табиғаты әсем, сұлулығына көз тоймайтын Ұлытау көшпелі ұлыстар мен хандардың, сұлтандардың сүйікті жері болғаны мәлім. Мұнда Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ұлысының ордасы болған. Алаша ханға, Жошы ханға кесенелер тұрғызылған. Бату хан Батысқа жорығын осы жерден бастаған. Ұлытаудың ұшар биігіне Алтай, Орал, Қырым, Солт. Кавказ, Өзбекстан ауыз әдебие-

тінде жиі кездесетін Едіге би, Тоқтамыс хан жерленген. Талай хандар Ұлытауда ақ киізге отырғызылып, мемл. биліктің биігіне көтерілген.

Ұлытау аймағының ескеркіштері палеолит, неолит және қола дәуіріне жатады. Алғашқы қауымдық құрылыстағы адамдардың тіршілігін сипаттайтын жәдігерлер назар аударарлық.

«Ұлы» сөзінің түркі тіліндегі мағынасы «Жаратушы», «Тәңірі», «Құдай» дегенді білдіреді екен. Ендеше, Ұлытау – Алланың назарына іліккен тау. Көкпен сөйлесетін орын санапатын тау. Ұлытауға ел бас иіп, тағзым етеді. Осы тұрғыдан келгенде, Ұлытауды өзге мәдени-рухани үрдістердің киелі орны болып табылатын Фудзияма (Жапония), Арарат (Армения), Мұса тауы (Мысыр), Сан-Франциско (Америка) сияқты әлемдік киелі таулармен қатар қоюға болады.

Аймақтың біртұтас тарихи-мәдени кешенін Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштері мұражай-қорығы, Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы, акад. Қ. Сәтбаевтың мұражай-үйі құрайды.

Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейі

Ұлытау өңірі шетелдік туристердің қызығушылығын туғызуда. Шет елдерде тұратын қандастарымыздың І Құрылтайына қатысушылар Қазақстанмен танысуды Ұлытауға келіп, тәу етуден бастады.

Ұлытау аймағына келетін туристерді сапарларының ыңғайына қарай тынығу мақсатында келгендер; туыстары мен таныстарына келушілер; ғыл.-зерттеу, зерделеу үшін келгендер; сырқатына дауа іздегендер; шетелдік қонақтар деп жіктеуге болады.

Туристерді ұйымдастыру, қызмет көрсету, экскурсиялардың танымдық-ақпараттық деңгейі өсіп отыр. «Самұрық-Қазынаның» лингвистика ауылы, «Мың бала» Қазақстан студенттері қозғалысына қатысушылардың үлкен тобы, Қарағанды, Жезқ., Сәтбаев қ. мектеп оқушылары келді. Жақын және алыс шетелден өз бетімен келушілердің қатары өсіп келеді. Жылдан-жылға тәу етуге келушілердің саны еселеп арта түсетіні күмән туғызбайды.

Ұлытау с-дағы «Болатсай» және «Қазақмыс» корпорациясының демалыс үйлері жеткіліксіз болып отыр. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарының қызмет ауқымы демалушылардың сан алуан сұранысын қанағаттандыруға жеткіліксіз. Мұның өзі Ұлытау ауд. әкімдігі, заңды тұлғалар мен бизнес құрылымдары күш біріктіріп, алда тұрған өзекті мәселелерді көп болып еңсеруін талап етіп отыр.

Бұл бағытта істеліп жатқан жұмыс аз емес. Тарихи-архитектуралық ескерткіштерді қалпына келтіруге лицензиясы бар жергілікті мұражай-қорық мамандары бірсыпыра нысандарды қалпына келтірді. 2015 ж. Ұлытаудың батысындағы Хан ордасы (Алаша хан ордасы) демеушілердің қаржысына абаттандырылды. Ел қызыға қарайтын көркем туынды пайда болды, көтерілетін саты және хан тағы таза граниттен жасалды. Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында жоңғар басқыншыларымен Бұланты-Білеуті бойындағы шайқаста жеңіске жеткен қазақ жасақтарының құрметіне ескерткіш мұнара (стела) орнатылды. «Ұлытау – ұлттың бесігі» ғыл.-практ. конференциясына Д.С. Лихачев ат. Ресей мәдени және табиғи мұралар ғыл.-зерттеу инст-ның (Москва), Саратов обл. тарихи-мәдени мұралар ғыл.-өнд. орт-ның (Ресей), Новосібір мемл. универс-нің (Ресей), Ресей ҒА-ның, Қалмақ гуманитарлық зерттеулер инст-ның (Элиста), ЕҰУ-дің (Астана), т.б. еліміздің оқу-ғыл. орт-ның ғалымдары қатысты. Ғыл. баяндамаларда Ұлытаудың Қазақ мемлекетінің құрылуындағы және қалыптасуындағы ролі мен орны жан-жақты негізделді.

2014 ж. ұйымдастырылған Қазақ география қоғамының кешенді экспедициясы Ұлытау өңірінің елді мекендері мен табиғатын, экономикалық жағдайы және географиялық ерекшеліктерін зерттеді, біраз тарихи нысандарының туристерді немен қызықтыратыны анықталды. «Ұлытау» ұлттық табиғи саябағы мен Ұлытау-Арғанаты табиғи кешенін құру жұмыстары пысықталуда, жинақталған ақпараттар өңірдің сапаралық туристік жолкөрсеткішін жасауға негізі бола алады.

Халықтың салт-дәстүрін насихаттау мақсатында өткізіліп жүрген «Терісаққан көктемі» этнофестивалі халықар. мәдениет және өнер қауымдастығында танылып отыр. «Хан қорық» жастар фестивалін, аймақ жас туристерінің форумын, ат спорты түрлерінен тартымды сайыстар өткізу дәстүрге айналды. Оны көрші қ-дан 5-7 мың шамалы адам келіп тамашалап, сергіп қайтады.

Ауд. орт-ның саяси-әкімшілік бөлігіндегі «Хан алаңы» мемориалдық кешені, ҰОС-на қатысқан ұлытаулық жауынгерлер құрметіне қойылған қызыл граниттен сомдалған ескерткіш тақта, «Таңбалытас» саябағы – кісіге ерекше әсер беретін туындылар.

Келешекте күтіп тұрған жоспарлар көп. Басты міндет Ұлытауды ұлттық туристік орт-қа айналдыру болып тұрғанда ауд. тұрғындары арасында үгіт-түсінік жұ-

Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштері музей-қорығының ғимараты

мыстарын жүргізу, бейтаныс кәсіпке және әрекетке бейімдеу, демалыс, дене тәрбиесі, туризм саласында кадрлар дайындау ісі жеделдете шешуді талап етеді. Жарнама-ақпарат дайындау, туристік бағыттар құру, туристерге кәдесыйлар әзірлеуді жетілдіру қажет. Өткір тұрған мәселе – туризм құрылымын қалыптастыруға, транспорт, тамақ, жатын орын, ойын-сауық, спорттық шаралар, қонақтардың тілегіне орай мәнді де сәнді демалыс ұйымдастыруға жергілікті кәсіпкерлерді, шаруа қожалықтарын, мәдениет, спорт, өнер мамандарын көбірек тарту.

«Ұлытау – ел» туристік инвестициялық жобасының тұғырнамасын дайындауды кешіктіре беруге болмайды. Бұл жобаны техн.-экономикалық негіздеу өз алдына. Солардың нәтижесінде 20-30 жылға арналған, мемлекеттің, жергілікті орындардың, бизнестің, туристік ұйымдардың міндеті мен орнын анықтаған, Ұлытау ұлттық туристік орт-ғын құрудың жобасы мен шығынын есептеген нақты жоспар жасалу керек. Бұл елге де, ұлытаулықтарға да пайдалы. Туризмді кәсіп еткен елдер жұмсалған қаржының қайтарымы 8 есе асып түсетінін көрсетіп отыр.

«Жұмыспен қамту – 2020» мемл. бағдарламасына сәйкес Ұлытау ауд-да мақсаткерлікпен кешенді шаралар іске асырылды. Бұл бағыттағы жұмыстарды басқару және үйлестіру үшін «Ұлытау ауданының жұмыспен қамту орталығы» ММ құрылған. Жұмыстың негізгі бағыттары: инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамту; ауылда кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыс орындарын құру және тірек ауылдарды дамыту; жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу. 2011 ж. екінші жартысынан бері аталған бағдарламаға қатысуға ниет білдірген 785 кісімен әлеум. келісім-шарт жасалған. 18 инфрақұрылымдық жоба іске асырылып, 729 адам жұмыспен қамтылған. 51 жұмыссыз өз істерін бастаған. Олардың ішінде 31 адам мал өсіру шаруашылығын, кафе, наубайхана, монша, көлік тасымалы шаруаларын ұйымдастырған. Ұлытау с-да 5 тұрғын үй салынып, болашағы жоқ ауылдардан жұмыссыздар көшіп келді. Еңбекке жарамды отбасы мүшелері толық жұмысқа орналастырылған. Жұмыссыздарды кәсіпке бейімдеп оқыту, қайта даярлау және біліктілігін көтеруді ұйымдастыру жөнінде кешенді істер жүзеге асырылды.

Өнеркәсіп және құрылыс материалдарының өндірісі. Жұмысын тоқтатқан Қарсақбай мыс балқыту заводының негізінде Қарсақбай металлургиялық заводы қалыптасты. Заводтың негізгі мақсаты «Қазақмыс» корпорациясының металлургиялық және тау-кен кәсіпорындарына қажетті қосалқы бөлшектер дайындайтын шойын құймалар шығару, жергілікті тұрғындарға жаңа жұмыс орнын ашу болып табылады. Тапсырысқа қарай завод 400 т дейін шойын құймалар шығарып келеді. 200-ден астам қарсақбайлық тұрақты жұмысқа тартылған.

Мұның сыртында, мыс қорыту заводы жұмыс істеген жылдары 2 млн. т шлак тау-тау болып жиналып қалған. Енді оны қайта өңдеу, оның ішінен пайдалы мыс купоросы мен ұнтағын бөліп алу, құрамында көп мөлшерде рений бар иондық смола өндіру жұмысы шешілгелі тұр. ҚР үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында бұл жұмысты «ГОФ Ұлытау» ЖШС қолға алды. Өз қаржысы есебінен 450 млн. теңге жұмсамақ. Жаңадан 50 жұмыс орны ашылады.

Ақтас кен орны – Қарағандыдағы металлургиялық кремний заводының шикізат базасы. «Silikon mining» ЖШС жылына 70 мың т кварц кентасын өндіреді. 60 адам еңбек ететін байыту фабрикасы бар.

Құрылыс материалдары өндірісінің негізі қаланды. 2014 ж. «Самға» ЖШС Жезді кентінен 3 км жердегі «Никольское» гранит кен орнында қиыршық тас өндіре бастады. Өнімнің сапасы өте жақсы, оған сұраныс басқа облдан да бар. Жезқазған – Бейнеу темір жол құрылысына аса қажетті шикізаттың мыңдаған т-сы жөнелтілді.

Жездіге жұмысшы кенті мәртебесі берілген күнге орай орнатылған белгі

Жол және транспорт. 1926-1927 жж. іске қосылған Қарсақбайды Байқоңырмен, Жезқ. кенішімен байланыстыратын тар табанды темір жолдың ұз. 120 км болды. Қарсақбай – Жосалы қаражолының ұз. 370 км еді, жол бойында 18 бекет салынды, жылына 600 мың пұтқа дейін жүк тасымалданды.

1937 ж. пайдалануға берілген Қарағанды – Жарық – Жезқазған темір жолының 150 км Ұлытау ауд. аумағымен жүрді. Жол бойындағы Түйемойнақ, Теректі ст-ры ауыл тұрғындарының жүріс-тұрысына, жүк тасымалына қолайлы жағдай туғызды.

2014 ж. тамызда жаңадан салынған Жезқазған – Бейнеу, Шұбаркөл – Арқалық темір жолдарында жүк тасымалы басталды. Ұлытау аумағымен өтетін жолдың жалпы ұз. 500 км-ден асады, Жезқазған – Бейнеу жолы бойында 4 ст., 7 разъезд, Шұбаркөл – Арқалық жолында 2 ст., 3 разъезд бар. Темір жол нысандарының құрылысы жоспарлы жүріп жатыр. Жол бойына жүздеген ауыл тұрғыны жұмысқа тартылған.

Автокөлік жолдарының жалпы ұз. – 1305 км, оның ішінде респ. маңызды жолдар – 618 км, обл. жолдар – 474 км, ауд. жолдар – 213 км. 2007 ж. бері мемл. маңызы бар Жезқазған – Ұлытау асфальт жолының басым бөлігі күрделі жөндеуден өтті. Ал Жезқазған – Қызылорда жолының ұлытаулық бөлігі жаңғыртуды талап етеді. Ұлытау – Арқалық асфальт жолын төсеу экономикалық жағынан өткір қойылып отыр. Соңғы жылдары обл. маңызды жолдардың жай-күйі біршама жақсарды. Ауд. жолдарды күрделі және ағымдағы жөндеуден өткізуге жыл сайын қомақты қаржы бөлінуде. Нәтижесінде ауд. жолдардың 71,8%-ы қанағаттанарлық және жақсы жағдайға жетіп отыр. Ауд. орталығы мен Жезқ., Сәтбаев қ., ауылдық және кенттік округ арасында автобус қатынайды.

Ұлытау кенті

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы. Ауд-да 2375 тұрғын үй бар. Үйлердің жалпы ауданы – 313,7 мың шаршы м. Соңғы үш жылда барлық қаражат көздері есебінен жүзден астам үй салынды. Оның ішінде «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында Ұлытау кентінде кәріз жүйесі жүргізілген 40 үй тұрғызылды.

Барлық ауылд. округтердің орталықтарына, көптеген қыстақтарға электр желісі жеткізілген. 2012-2014 жж. елді мекендер ішінде 32,7 км электр желісі жаңадан тартылды, жаңғыртылды. Егінді елді мекеніндегі «Урожайный» подстанциясынан Терісаққан а-на ұз. 93 км жоғары кернеулі екінші электр желісі салынып, тоқты үздіксіз берудің сенімді жүйесі қалыптасты.

Аудандағы ауылдарда, кенттерде ұз. 83,9 км 103 көше бар. Көше жолдарының асфальтталғаны – 57,7 км, көтерме жолдар – 2,7 км, жай жолдар – 23,5 км. 2011-2015 жж. 11,9 км ішкі көше жолдары жөндеуден өтті. 15,5 км асфальт жол төселді, 7,4 км көтерме жолдар салынды. 5,2 км тротуар төселді. Жақсы ішкі көше жолдарының үлесі едәуір өсті.

Ауылдарды тазарту, абаттандыру ісі жоспарлы атқарылуда. Ұлытау кентінде «Таңбалы» саябағы қалыптастырылуда. Жезді кентінде жазғы саябақ жаңғыртылып, қалпына келтірілді. 18 балалар алаңы салынды. Көшелерді жарықтандыру, ағаш отырғызу, гүл алаңдарын жасау жүргізіліп жатыр. Елді мекендерден 37990 текше м қоқыс арнаулы орындарға тасылды.

«Ақбұлақ» ауыз су бағдарламасы іске асырыла бастағанда небәрі екі ауылдың тұрғындары сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілген еді. Содан бері ауд-ғы 15 ауылд. округтің он төртінде ұз. 63,5 км су желісі тартылып, әр үйге ауыз су жеткізіліп берілген. 2011 ж. бері Мыйбұлақ, Байқоңыр а-да су жүйесі қалпына келтіріліп, жаңғыртылды. 2015 ж. Алғабас а-да су желісінің құрылысы толық аяқталып, 81 үйге су берілді.

Судан ділгірлік көріп отырған жалғыз Егінді ауылд. округі тұрғындарының жеке үйлеріне 2016 ж. жазында сапалы, мөлдір су құбырмен жетті.

Кенттердің тұрғындарының сапалы ауыз су тұтынуына жағдай жасалып жатыр. Жезді кентінде су жетіспеушілігін жою үшін диаметрі үлкен трубалар тартылды, Көкбұлақ көшесі тұрғындарына ауыз су желісі жеткізіліп берілді. Қарсақбайда ауыз су құбыры соғыс және еңбек ардагерлері тұратын үйлерге жеткізілген.

Телекоммуникация және почта қызметі. 1993 ж. бұрынғы ауд. байланыс торабы почта және телекоммуникация болып екіге бөлінді. ҚР Үкіметінің 2004 ж. 20 қазандағы қаулысына сәйкес почта байланыс бөлімшелерін компьютерлік құрал-жабдықтармен, кассалық техникамен жарақтандыру біраз жақсарды. Ауд-ның ауылд. округ орталықтары мен кенттерінде 18 почта байланыс бөлімі жұмыс істейді. Қарағанды обл-да тұңғыш 2016 ж. Жезді кенті почта бөлімшесінің модульдардан құрастырылған жұмысқа ыңғайлы ғимараты пайдалануға берілді. Мұнда тұрғындардың сұранысына сәйкес тек почта ғана емес, сондай-ақ, сан алуан әлеум. қызметтер көрсетіледі. Бұл бөлімше ақшалай салымдарды, басқа ұйымдардың пайдасына төлемдерді қабылдау және аудару, зейнетақы мен жәрдемақыларды, стипендияларды төлеу, басқа да қызмет түрлерін игерген.

Қайта құру, нарыққа көшу, электр энергиясының жиі болмай қалуы аналогты автоматикалық телефон ст-ның жұмысын қиындатты. Осыған байланысты 1991-1992 жж. Айыртаудың басына орнатылған күн батареясынан қуат алатын Руртель (Германия), Айыртау-Едіге, Ақтас-Құшоқы жүйесі арқылы елді мекендерге сымсыз телефон байланысы орнатылды. 1998 ж. Сарлық, Бозтұмсық а-ры Н200 сандық жүйеге көшті. Терісаққан, Алғабас, Егінді, Қорғасын а-ры ДАММА қондырғысының көмегімен жер серігі арқылы байланыс жасау мүмкіндігін алды. 2003 ж. Ұлытау с-да сандық АТС SI-2000 орнатылды, сыйымдылығы – 540 номер, 2012 ж. КВП талшықты (ВОЛС) желісіне қосылып, әлемдік деңгейде ғаламтор жүйесі пайдалануға берілді. Ауд. тұрғындарының 95%-ы «Отау» ТВ арқылы өзі қалаған барлық ТВ бағдарламаларын көріп отыр. Ауыл, қыстақ тұрғындарының, фермерлердің кез келген уақытта, ауд., обл. түгіл, жер шарының барлық нүктесімен хабарласуына жағдай жасалған. Ұлытау жерінде кабель арқылы сандық телевидение көріп отыр. Интернет қызметіне 712 жеке тұлға, 128 заңды тұлға, барлық мектептер, балабақшалар қосылған. Олардың қатары аз уақытта бірнеше есе артпақ.

Білім беру ісі. Ұлытау ауд. өңірінде ауылда 1925 ж. 10 мектеп болған, оның біреуі ғана төрт бөлмелі үйге орналасқан, қалған тоғызы ауылдан ауылға көшіп жүреді. Жас геолог Қ. Сәтбаев 1927 ж. «Жаңа мектеп» журналының 5-6-сандарында: «Мектептерді түзеп, оқытушы, оқу құрал-жабдықтары және оқулықтарымен қамтамасыз ету мәселесі – ауданда ең бірінші қажеттілік», – деп жазды. 1927 ж. ҚазАКСР Халық Комиссарлар Кеңесі Қарсақбай ауд-ғы барлық мектептерді мемл. бюджет есебінен ұстау туралы шешім шығарды. 1931-1932 оқу жылында мектептер саны 80-нен асты, бес мыңның үстінде бала оқыды. Бүкіл еліміз сияқты ауд-да 1933-1936 жж. жаппай төрт жылдық білім беруді, 1949 ж. жаппай жеті жылдық білім беруді, 1960-1970 жж. міндетті орта білім беруді жүзеге асыру үшін нақты шаралар атқарылды. Ауд-да білім беру жүйесіне мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, орта және кәсіптік-тік-техникалық арнаулы орта білім беру нысандары кіреді.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбие жұмысы. 2010 ж. ауд. мәслихаттың сессиясы №218 шешімімен «Балапан» бағдарламасын бекітті. Онда балабақшалар және

балалар толық және жарты күн болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар ашу көзделген. Жұмыстың нәтижесі жақсы. 2005-2011 жж. 5 балабақша, мектептер жанынан 14 орталық ашылған. Нәтижесінде балаларды мектепке дейінгі мекемелермен қамту 91,2%, оның ішінде 3-5 жастағы балаларды тарту 100% болып отыр.

Ұлытау кентіндегі балабақша

Жезді кентіндегі «Айгөлек» балабақша ұжымының бастамашыл, игі істері көп. Бақша күрделі жөндеуден өткен. Демалыс, оқу-тәрбие ісіне қажетті оқулықтар, электронды құралдар, музыкалық аспаптар бар. Балалар ана тілімен қатар ағылшын тілін үйренуде. Үш тілде амандасып, ойыншықтардың атын атап, санай біледі, ән шырқайды. Бұл сияқты мысалдарды «Таңшолпан», «Өрнек», «Балдәурен», «Балбұлақ» бақшаларынан да келтіруге болады.

Мектепке дейінгі оқу-тәрбие орындарында балалардың көркем шығармашылығын дамытуға, бойындағы талантын ашуға, ұлтымыздың өнерін, салт-дәстүрін көрсетуге ерекше маңыз беріліп отыр. Ұлытаулық балалар Алматыда 2010 ж. өткен «Күншуақ» І халықар. фестиваль-конкурсында «Театр мода» номинациясы бойынша 1-орын, 2011 ж. Түркияда ART – «Алғашқы қадам» фестивалінде 2-орын, 2011 ж. «Ассоль» орталығының ұйымдастыруымен болған фестивальда «Ауылдағы той» театрландырылған көрінісімен Гран-приді жеңіп алған.

Орта білім. Ауд-ғы мектеп жүйесі Қазақстандағы мемл. реформа және жаңғыртуларға сәйкес дамуда. Жалпы білім беретін 15 орта мектеп, 2 негізгі мектеп жұмыс істейді. Жалпы білім беретін №1 Ұлытау, №6 Жезді, №15 Қарсақбай орта мектептері тірек мектептері болып қайта құрылымдалды. Ауд-да 449 мұғалім қызмет етеді. Олардың 354-і жоғары білімді, 95-і арнаулы орта білімді. Жоғары санаттағы ұстаздар саны – 76, бірінші санаттағылар – 184, екінші санаттағылар – 104 мұғалім. Мұның сыртында «ҚР білім беру ісінің үздігі» және «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» атанған, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен және Ы. Алтынсарин ат. медальмен марапатталған біртапай мұғалімдер бар.

Ұлытау кентіндегі мектеп

Білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін Терісаққан а-да орта мектеп ғимараты салынды. Алғабас а-да орта мектеп құрылысы жүріп жатыр.

Білім беру сапасын жақсарту мақсатында мектептерді заманауи компьютерлермен, пәндік кабинеттермен, интерактивтік жабдықтармен қамтамасыз ету үшін жоспарлы жүйелі жұмыс істеліп жатыр. Бүгінде мектептерде 9 биология, 10 химия, 9 физика кабинеттері, 14 интерактивтік тақта, 7 жоғары технологиялық интерактивтік тақта бар. Ауд. бойыша 1 компьютерге шаққанда 2,7 оқушыдан (2012 ж. – 3,9 оқушы), обл-та бұл көрсеткіш 5,4 оқушыдан, респ-да 6 оқушыдан келеді.

Аз қамтылған, көп балалы отбасылардағы 373 оқушы түгелдей ыстық тамақпен қамтамасыз етілген.

№1 Ұлытау орта мектебінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың тәжірибе алаңы ашылған. Онда басқа оқушылармен біріктірілген инклюзивтік 12 сынып ашылып, мүмкіндігі шектеулі 13 оқушы білім алады. Ауд-да 5 оқушы орта мектеп бітірді, 59 оқушы орта мектепте, 7 оқушы үйде оқытылады.

Ауд-да жалпы білім беретін мектептерде оқушыларды кәсіби бағдарлау жұмыстары жаңа дәрежеге көтерілді. Кейбір кабинеттер кәсіптік бағдар беруге арналған кабинеттер болып қайта құрылып жатыр. Кабинеттер мамандықтардың түрі мен ерекшеліктерін жарнамалайтын стендтермен көрнекіленген. Кәсіби диагностикалық және оқу-техн. құралдармен жабдықталған. Бірқатар мектептерде кәсіби бағдар сыныптары жұмыс істейді. Мұның өзі оқушылардың жеке кәсіптік бейімділігін анықтауға, сол арқылы бейіндік пәндерді таңдауға, мамандықты саналы түрде анықтауға мүмкіндік береді.

2014-2015 оқу жылында орта мектепті 118 түлек бітіріп, оның 95-і ҰБТ-ға қатысып, 24-і мектептік қорытынды аттестациялаудан өтті. ҰБТ-ның орташа көрсеткіші 1915 ж. 65,7 балл болды немесе 2014 ж-мен салыстырғанда орташа 3,5 баллға көтеріліп отыр.

Өткізілген сабақтарды қорытындылай келе, өткізілген тестілеу нәтижелерін сараптай отырып, ауд. мектептерінің жұмысы бүгінгі күн талабына сай келетінін, сұраныс қабілетінің арта түскенін атап көрсетуге болады.

Менеджмент сапасын көтеру үшін жалпы білім беретін 16 мектеп директоры обл. оқу-әдістемелік орт-ғы бекіткен бағдарлама бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. 10 мектеп директоры Астана қ-ғы «Назарбаев зияткерлік мектебі» инст-да 9 ай оқып, тиісті сертификаттарға ие болды.

Кәсіптік-техникалық білім беру. Қарсақбай агротехн. колледжінің негізін 1961 ж. ашылған №183 ауылшаруашылық кәсіптік-техн. училищесі қалады. Ұлытау өңірі ауылшаруашылық кәсіпорындарының тапсырысымен механизатор кадрларын даярлады. Оқу орны Ресей, Молдавия, Украина, т.б. одақтас респ-ға жақсы танымал болды. 1984 ж. училище оқушыларға мамандықпен қатар жалпы орта білім бере бастады. Қарағанды обл. әкімдігінің 2012 ж. 28 желтоқсандағы қаулысына сәйкес, бұл оқу орны Қарсақбай агротехн. колледжі болып қайта құрылды. 1961-2012 жж. училищеден 13 мыңдай қыз-жігіт қалаған жұмысшы мамандықтарын алды, олардың ішінде одақтас респ-дан келіп оқыған жүздеген жастар бар. Училище бітірген түлектер арасында ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттары, «Еңбек даңқы» орденінің II, III дәрежесінің иегері Алпысбай Бөлішбаев, Еңбек Қызыл Ту орденді Гүлбану Сүлейменова, Еңбек Қызыл Ту және «Еңбек даңқы» орденінің III дәрежесімен марапатталған Сарғызов Балтабек, т.б. болды.

Агротехн. колледждің оқу-тәжірибе кешені тоғыз ғимаратқа орналасқан, тәжірибелік егіс алаңы, шабындығы, жайылымы, шағын фермасы бар. Инженер-педагог кадрларының сапасы жақсы, жоғары, бірінші, екінші сыныпты мамандар. Төмендегі мамандық бойынша мамандар дайындауға лицензия алған: фермер шаруашылығы, біліктілігі, а.ш. өндірісінің тракторшы-машинисі, автокөлік жүргізушісі, бухгалтер, автокөлікке техн. көмек көрсету, жөндеу және пайдалану, біліктілігі, автосервис менеджері, а.ш-ғын механикаландыру, есеп және аудит. Колледж, өндіріс кәсіпорындары, шаруа қожалықтары арасында әріптестік қарым-қатынастар арнайы келісім-шарттармен рәсімделген. Мүдделі кәсіпорындар, заңды тұлғалар колледждің жұмысшы-қызметшілердің біліктілігін арттыру жөнінде мүмкіндігін пайдалануға ықыласты болып отыр. Колледжді алғашқы бітірген мамандар жұмыс берушілерінің көңілінен шықты. Студенттердің көркемөнер, спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалған. Баскетбол, волейбол, стол теннисі, грек-рим күресінен, кекушинкай-каратэден спортшы оқушылар халықар., респ., обл. сайыстарда Ұлытау өңірінің, колледждің намысын лайықты қорғап жүр. Әсіресе, кекушинкай-каратэден, бокстан нәтижелері мақтан етерлік.

Дене тәрбиесі және спорт. Дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану адамның денсаулығын жақсартып, күш-қуатын арттырумен бірге, оның адамгершілігіне, кісілік қасиеттеріне ықпал етеді. Ауд-да дене тәрбиесі мен спортқа мән беріліп, назар аударылып келеді. Оған бір мысал, спорт инфрақұрылымы дамып келеді. Соңғы жылдары ауд-да 160 адамға арналған денешынықтыру-сауықтыру спорт кешені, жабық футбол алаңы салынды. 14 көп қызметті хоккей корты, спорт алаңдары орнатылды. Оның сыртында Жезді кентінде мәдени-спорт орт-ғы ашылды. 3 ауылда бөлімшесі бар ауд. балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі 390 адамды қамтыған. Жалпы білім беретін мектептерде 17 спортзал бар. Жыл сайын ауд. орт-да жазғы және қысқы спорт түрлерінен ауыл жастары арасында ауд. спартакиада өтіп тұрады. Ұлттық спорт түрлері – ат жарыс, аударыспақ, теңге алу, жамбы ату, қазақ күресі, тоғызқұмалақ, т.б. өңір тұрғындарының өміріне еніп келеді. 4-5 жылда бір рет аламан бәйге, жыл сайын ауылдарда тай жарысы, Ұлытау тауының баурайында көпшіліктің жаяу жарысын өткізу дәсүрге айналған. 2014 ж. 9 спорт шебері болса, 2016 ж. олардың саны 11 адамға жетті.

Денешынықтыру және спортпен шұғылданушылар саны аудан тұрғындарының 2016 ж. аяғында 23,8% болды, бұл көрсеткіш 2015 ж. 23% болған еді. Ал бұл көрсеткіш 7-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер арасында 18,7%.

Денсаулық сақтау ісі. XX ғ. басында Ұлытау өңірінде халыққа медициналық жәрдем көрсету жүйесі қалыптаса бастады. Бұған дейін жергілікті тұрғындар халық медицинасының, халық емшілерінің күшімен емделген еді. XIX ғ. аяғында және одан кейін Омбыда жоғары дәрігерлік курс бітірген Жанабай Ниязбеков, фельдшерлер мектебін бітірген Айбас Байтабынов, Елемес Баржақсин Ұлытау өңірі мен Атбасар уезінің тұрғындарына қызмет етті. Революциялық қозғалысқа қатысқаны үшін Байқоңырға жер аударылған Чита фельдшерлер мектебінің түлегі И.В. Деев жаңа ашылған көмір ошағының жұмысшы-қызметкерлеріне медициналық көмек беріп тұрды. Ағылшындар Жезқ. мыс кенінің игерілуіне байланысты 8 төсектік аурухананы 1915 ж. ашты. 1927 ж. Қарсақбайда 25 төсектік аурухана салынды, тұңғыш перзентхана ашылды. Жезқ. кенішінде жаңа аурухана жұмыс істей бастады. Мұндай тың өзгерістер барлық кенттерге, ұжымшарларға жетті. Өңір тұрғындарының денсаулығын қорғауда әр кезде бұрынғы Ұлытау ауд. ауруханасының бас дәрігері, болашақ акад. Т. Шарманов, Ұлытау ауд. денсаулық сақтау бөлімінің тұңғыш меңгерушісі О. Бегаев, Қарсақбай ауд-ғы жалғыз хирург, ҚазКСР еңб. сің. дәрігері А. Брылина, Қарсақбай ауд. ауруханасының бас дәрігері Ә. Мұқанов, Қарақұм учаскелік ауруханасының бас дәрігері, ҚазКСР еңб. сің. дәрігері І. Сәбитов, дәрігерлер Т. Әбдіразақов, М. Әлиакпаров, С. Әлібеков, Ғ. Мәліков, т.б. қомақты үлес қосты.

Кеңес Одағының тарауы, өмірге нарықтық қатынастардың өнуі көші-қон процесін тездетті. Халық саны екі есе дерлік кеміді. Тәуелсіздік жылдары денсаулық саласын реформалау іске асырылды. Соның нәтижесінде ауд-да мемл. және жекеменшік нысандардың тұрғындарға медициналық қызмет көрсетуінің жаңа жүйесі қалыптасты. 32 орындық екі аурухана, бір клиникалық-диагностикалық емхана, 8 отбасылық-дәрігерлік амбулатория, 6 фельдшерлік-акушерлік пункт, 5 медпункт жұмыс істейді. Оларда 17 дәрігер, 76 орта буын мамандары еңбек етеді. Барлығы аттестациядан өткен. Соңғы кезде медициналық жоғары оқу орындарының түлектері келісімшартпен ауылда жұмыс істеуге келіп жатыр. Ұлытау және Қарсақбай кенттерінде отбасылық амбулаториялар ғимараттарының құрылысы аяқталды.

Әрбір тұрғын үшін медициналық қызметтің қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Алғашқы медициналық көмекті дамытуға, туберкулез және басқа жұқпалы ауруларды емдеуге және алдын алуға, тегін вакцинациялауға, салауатты өмір салтын насихаттауға назар аударылып отыр. Елді мекендерде ауыз су мәселесі шешілген. Қоршаған ортаны сауықтыру бағытында нақты шаралар іске асырылуда. Соңғы 5-6 жылда ауд. халқының өсімі табиғи өсім есебінен болып отырғанын жақсыға жоруға болады.

Мәдениет, өнер және халық шығармашылығы. Ұлытау ауд-да мәдениет және өнер ошақтарының кең жүйесі қалыптасқан. Өңірде мұндай 100-ге тарта нысан бар.

Тәуелсіздік жылдары олардың саны өсті, жұмысының тақырып аясы мазмұны, көркемдік дәрежесі жаңа биікке көтерілді.

2002-2012 жж. 12 ауылд. клуб, мәдени-спорт орт-ғы жаңадан ашылды. Жылжымалы ойын-сауық кешені (бейнемобиль «Зерде») клубы жоқ ауыл тұрғындарына мәдени қызмет көрсетеді.

Ұлытау кентіндегі мешіт

Мәдени-көпшілік мекемелерінің қызметі қазақтың халық әндерін, күйлер мен билерді, тілдерді, қолөнерді, ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттауға бағытталған. «Ұлытау – киелі мекенім», «Тау самалы», «Әнім сенсің, Сарыарқа» халық шығармашылығы фестивальдеріне талантты үлкен-кіші түгел қатысады деуге болады. Тыңдарман қауымның рухани сұранысына ауылд. клубтар өткізіп жүрген Ш. Қалдаяқов әндеріне «Сағындырған сағым әндер» ретро әндер байқауы, «Екі жұлдыз» ән фестивалі орайлас келді. Қаракеңгір ауылд. клубы «Біздің көшенің тұрғындары» көшеаралық өнер сайысын, «Сөз мерген» мақал-мәтел, жаңылтпаш, көркем сөз байқауын үнемі өткізіп тұрады. Терісаққан а-да жыл сайын өткізіліп тұратын «Терісаққан этнофестивалі» тек елімізде ғана емес, алыс-жақын шет елдерде қызығушылық туғызып отыр.

Ауд. мәдениет үйі іскер әйелдер қауымдастығымен бірлесіп «Ізгілік ізімен» атты мүмкіндігі шектеулі жандармен мәдени-концерттік акцияны жыл сайын өткізіп тұра-

ды. Ауд. «Тау әуендері» мәдени-үгіт бригадасы концерттік бағдарламалармен қатар жергілікті мәдениет ошақтарына әдістемелік көмек береді. Кейінгі жылдары ашылған «Көңілашар» әзіл-сықақ театры көрермен ықыласына бөленіп үлгерді.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен ауд-да түрік тілдес халықтардың «Ұлы дала сазы» атты дәстүрлі ән орындаушыларының халықар. байқауы және ақындар айтысы зор табыспен өтті.

Ауд-да орындаушылық шеберлігі жоғары, көрермендер қызайымы болған «халықтық» және «үлгілі» көркемөнерпаздар ұжымдары бірқатар. Олардың бастауында 70-жж. құрылған ауд. мәдениет үйі жанындағы «Тау гүлі» халық хоры болды. Оған 80 адам қатысты. Хордың көркемдік жетекшісі – Марат Шоқтаев. Аманкелді ат. кеңшардың клубы жанындағы халықтық қазақ драма театры, көркемдік жетекшісі – Жанбау Бірманов. «Жезді жұлдыздары» қазақ ұлттық аспаптарының халық оркестрі, ұйымдастырушысы және көркемдік жетекшісі – Қыдырма Ғазизов, респ-дан тыс жерлерде өнер көрсетті. Тәуелсіздік жылдары сахнаға шыққан «Ұлытау» фольклорлық халық ансамблі (2004), алғашқы көркемдік жетекшісі әрі дирижері – елімізге белгілі күйші Жанғали Жүзбаев, 2007 ж. ҚР Мәдениет қайраткері Байғара Сәдуақасов, өрелі өнерімен танылды. «Кеңгір» халық драма театрының іргесі 1985 ж. қаланған.

Ұлытаудағы Асан Қайғы монументі

2014 ж. театр ұжымы министрліктің жоғары деңгейлі комиссиясы алдында халықтық атағын қорғап қалған. Театр режиссері – Рахмет Орапхан. Үлгілі «Шұғыла» би тобы ауд. мәдениет үйі жанында құрылған (2007 ж.). Жетекшілері – хореографтар Меруерт Жарасбаева, Назым Тойшыбекова. Халықтық «Жезді жұлдыздары» ән-би халық ансамблі, көркемдік жетекшісі әрі дирижері – Алма Кадирова. «Жезді жұлдыздары» қазақ ұлт аспаптары халық оркестрінің мұрагері, халықтық атағын 2016 ж. қорғады.

Тұрғындардың арасында музейлер, кітапханалар үлкен танымдық, мәдени және тәрбиелік қызметтер атқарады. Тәуелсіздік жылдары «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштері мұражай-қорығы, Жездіде тау-кен және балқыту

ісі тарихы мұражайы ашылды. Қарсақбай кентінде акад. Қ. Сәтбаевтың мұражай-үйі жұмыс істейді. Музейлер ірі жобаларды іске асыруда. «Ұлытау» мұражай-қорығы Еуразия даласының соқпақтарымен Алтай – Дунай тарихи-этнографиялық экспедициясын кезең-кезеңмен жүргізіп келеді. Жезді мұражайы көне заманда металл қорытқан пештерді зерттеп, жұмыс процесін зерделеп, қаз-қалпында жаңадан қалпына келтірді.

Ауд. орталықтандырылған кітапхана жүйесіне ауд. балалар кітапханасы, 1 кенттік, 14 ауылд. кітапхана кіреді. Барлығы интернет жүйесіне қосылған. Кітап қоры – 230 мың дана. Ауд-ның ересек тұрғындарының әрбір екіншісі – кітапхана оқырманы. Ауд. кітапхана, Жезді кентіндегі, Аманкелді, Алғабас а-дағы кітапханалар модельдік кітапханалар мәртебесіне ие болған.

Үш мәдениет және демалыс саябақтары бар. Ұлытау өңіріндегі тұңғыш Қарсақбай саябағы отызыншы жылдардан жұмыс істейді. Жезді кентіндегі саябақ екі жыл бұрын жаңартылған. Ұлытау ауылында «Таңбалы» мәдениет және демалыс саябағының негізі қаланды. Ондағы ауд-нан 1941-1945 жж. ҰОС-на қатысқан барлық майдангерлердің аты-жөні қашалып жазылған ескерткіш гранит қабырға асқақ та сымбатты.

Тәуелсіз ел халқының әл-ауқаты артуы, өскелең рухани талаптар, жастарға ұлттық және адамгершілік тәрбие беру ұлттық бейнелеу өнерінің көркем түрлерінің тууына оң әсер жасады. Ұлытауда «Қазақстан мемлекетінің тұтастығы және халықтарының бірлігі» монументі (2005), «Бұланты шайқасы» ескерткіш-мұнарасы (2015), Кеті бұқа, Кенесары хан, т.б. халық жадындағы сегіз үлкен тұлғаның ескерткіші бой көтерді. «Салтанат» ойын-сауық алаңына сәнді, салтанатты, асқақ арка (2014) орнатылды.

Ұлы Жібек жолы тарихи орталықтарын қалпына келтіру, түрік тілдес халықтардың мәдени мұрасын сақтау және дәстүрін жалғастыру, олардың негізінде туризм инфрақұрылымын құру бағытындағы жұмыстар қарқын алып келеді.

Әдеб.: *Валукинский Н. Древнее производство меди в районе Жезказгана, изд. АН КазССР, серия арх. выпуск 1, 1949 г.; Досмаганбетов С.К. Центральный Казахстан. Природа и природные ресурсы, события и люди, реформы и развитие, Алматы, 2003 г.; Жаңа кезең – жаңа міндеттер. Қарағанды облысының әкімі Н. Әбдібековтің тұрғындар алдындағы есебі. «Орталық Қазақстан», 6 ақпан 2016 ж.; Домбай Н. Елбасы және ел, Алматы, «Жедел басу баспаханасы» ЖШС, 2003 ж.; Кузнецов П.О. О надписи на камне Танбалы тас в пустыне Бетпакдала в Атбасарском уезде Акмолинской губернии (Записки Семипалатинского подотдела ЗСОРГО), выпуск 16, 1927 г.; Қарашаңырақ Қарсақбайдың иесі, Алматы, «Өнер», 2008 ж.; Сәтбаев Қ. Қазақстан – менің Отаным, Алматы, «Ғылым», 1999 ж.; Төрегелдин М. Мәңгілік мұра, Қарағанды, 2002 ж.; Шәріпов С. II том, Алматы, «Жазушы», 1982 ж.; Қарағанды облысы Жезқазған, Сәтбаев қалаларының, Ұлытау ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2012-2020 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы. Қазақстан Үкіметі 2013 ж. 31 желтоқсандағы №1505 Қаулысымен бекіткен.*

Ұлытау таулары



Жошы хан кесенесі

Кетбұқа ескерткіші

Орда Базар



Алаша хан кесенесі

Хан ордасы



Теректі әулие

Едіге тауының ұшар басы



Сынақ тас

Басқамыр

Ұлытау өнерпаздары

Хан алаңы

Алаш арыстары



Ғасыр терек

Қарсақбай металлургия зауыты

Мерекелік балқыма алғандар



Ақ қайың

Ұлытаудың аршасы

Ұлытауға тәу етушілер



Туристер

Желі басындағы жылқылар

Қымызмұрындыққа дайындық

Ұлытаудың
бал татыған қымызы

Алтыбақан

Әулие үңгірден көрініс

Бишілер тобы

АЛФАВИТТІК МАҚАЛАЛАР

A

Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845, Қазіргі Шығыс Қазақстан обл., Қасқабұлақ жайлауы – 1904) – ұлы ақын, философ, ағартушы, композитор. 8 жасында Құнанбай қажы салдырған «Ескітам» медресесінде оқып, 2 жылдан кейін Семейдегі Ахмет Риза медресесінде

оқуын жалғастырады. Медресенің үшінші жылында «Приходская» мектебіне қосымша түсіп, 3 ай орысша дәріс алды.

Құнанбай А-дың ерекше қабілетін ерте байқап, оны әрі қарай оқытпай, ел ісіне араласуға баулиды. А. болыс сайлауына түсіп, жеңіп шығады. Қоңыркөкше еліне болыс болған 1875-1878 жж. өз қолындағы билікті пайдаланып, әділдік таразысын тең ұстауға күш салған. 1885 ж. мамыр айында Шар өз. бойындағы Қарамола деген жерде Семей генерал-губернаторы Цеклинскийдің басқаруымен Семей губ-на қарайтын 5 уезден 100-ден астам би-болыс қатысқан съезд болған. Осы съезде төбе би болып сайланған А. бастаған комиссия тапсырма бойынша 3 күн, 3 түнде 93 баптан тұратын «Семей қазақтары үшін қылмыстық істерге қарсы заң ережесін» дайындаған.

Өмірінің соңына қарай А. бойын печделік шаруалардан аулақ салып, уақытының көбін шығармашылыққа арнаған. А. «Кім екен деп келіп ем түйс қуған...» деп басталатын өлеңін 10 жасында жазған екен. Ақындық күш-қуатын танытқан үлкен шығармасы «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. Ал «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» өлеңі А. ұлылығын танытады. «Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деген жыр жолдары адам өлсе де кейінгіге сөзі, айтқан ойы, ісі қалады деген толғамға саяды. А. «Өлең – сөздің патшасы» деген өлеңінде «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп көптің ақындық сөзге үлкен маңыз беріп қарауына, поэзияның жоғары қоғамдық міндетін түсіне білуіне ой тастап тұр.

А. музыка саласында мол мұра қалдырып, ұлттық музыка өнерін ілгері дамытты. Ақынның 27 әнінің 36 нұсқасы нотаға түсірілген. А. Жұбанов пен Л. Хамиди А. әндерін операға пайдаланса, Е. Брусиловскийдің «Жалғыз қайың», А. Жұбановтың «Абай» атты симфониялық поэмалары, С. Шабельскийдің фортепьяналық триосы, т.б. әндері негізінде туған. Қазақ әдебиеті тарихы салаларының бірі абайтану ғылымы ақын мұрасын кең ауқымды зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Елімізде қазақтың бас ақынына деген құрмет айрықша. Әлемдік деңгейдегі қазақтың классик жазушысы М. Әуезовтің бас кітабы «Абай жолы» ұлы ақынға арналған, оның өзі әлем халықтарының 116 тіліне (1993) аударылған.

Абақанов Мейрам Абақанұлы (04.03.1931, Қарағанды обл., Қарқаралы қ. – ө.ж.б.) Қазақ зоотех.-малдәрігерлік инст-ын бітірген. 1958-1962 жж. еңбекшілер депутаттары Қарқаралы ауд. кеңес атком төрағасының бірінші орынбасары, Жезқ. ауаткомының төрағасы, Жезді ауылдық аумақтық а.ш. басқармасының партком хатшысы, Қарқаралы ауаткомының төрағасы. 1972 ж. қалпына келтірілген Ұлытау аупарткомының, 1980 ж. Шет аупарткомының бірінші хатшысы болып сайланды. «Құрмет белгісі» орденімен, екі медальмен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен марапатталған.

Абдуллин Айтмұхамед (24.11.1924, Ұлытау ауд., Құрқарағанды өз. бойы –

12.06.2010, Алматы қ.) 17 жасында өз еркімен майданға аттанып, Сталинград шайқасына Еуропаны азат етуге қатысып, соғыстың соңғы күнін Жапонияда өткерген. ҚазМУ-дің геол.-география фак-ін бітірген (1953). Геол.-минерал. ғыл. докт. (1971). ҚазКСР ҒА акад. (1979). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1982). 1974-1995 жж. ҒА Геологиялық ғылымдар инст-ын басқарды. 1988-1995 жж. ҒА вице-президенті болды. Орт. Қазақстанда алтын, мыс, турмалин кендерін зерттеген, Құмкөл кен орнын алғаш ашқан және аймақтық геология, геотектоника, стратиграфия, металлогения, мұнай және газ өндіру геологиясы саласының дара маманы. 400 ғыл. жұмыстың, 10 монографияның авторы. ҚазКСР және КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1985), Октябрь революциясы, I, II дәрежелі «Отан соғысы», 2 мәрте Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет» ордендерімен, Халықар. геол. конгрестің алтын белгісімен, акад. С.И. Вавилов медалімен марапатталған. АҚШ-тың Оңт. Каролина универс-нің профессоры. Қазақстанның құрметті инженері, «Қазақстанның құрметті кен іздеушісі» атағының иегері. А. есімі Алматы қ. Алтын кітабына енгізілген.

Абұлжа хан (Әбілжа хан) – Қыдырәлі Жалаирдың «Жамиғат-ат тауарих» атты кітабында оғыздардың пайда болуына байланысты жазған жерінде Нұһ пайғамбардың баласы, барлық түрік халқының ханы болып көрсетіледі. Нұһ ұлы тасқыннан кейін өз жерлерін үш баласына бөліп береді. Хаму Судан мен Үндістанға тарап, Средин арабтар мен парсылардың, ал Яфес түріктердің әкесі болады. Түріктер (кітапсыздар) Яфесті А.х. (Абдулжа) хан деп атаған. Оның баласы Диб Якуйдың (Жәкі) қару-жарағы да, билігі де мығым болған. Ол Тәңірге сыйынып, жазда әкесінің Ортақ және Кертақ тауларын жайлаған. Бұл таулар А-ның немересі Қара ханның да үлесінде болған. Бірақ оның жайлауларына солт. даласы да кірген. Олай болса, қазіргі Ұлытау көштің ортасында болғандықтан Ортақ (Ортағ) болып, ал Кішітау кері қайтатын жолды көрсетіп, Кертақ болып атанып кеткен. Бұл жайлау маршруты көшу аралығы жылына 800-1000 км жерді алған кезінде қазақ даласының дәстүрлі көш жолына айналған, яғни Ұлытау мен Сыр бойындағы тарихи оқиғалар бір-бірімен тығыз байланысқан.

Әдеб.: Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т.1. А. 1984. *М. Сейтжанов*

Абыз – Торғай алабындағы өз., Қаратороғай өз-нің бір тармағы. Бастауын Айыршоқы тауынан алып, солт-ке, одан әрі батысқа қарай иіліп барып, 30 км кейін Бозай өз-не қосылып, Қаратороғайға құяды. А. өз. ағып өтетін алқап адырлы, аласа төбелі келген. Олардың ара-арасындағы аумақты ойпаңдардың шабындығы мол, су көздері де жеткілік. Өз. сағалары мен адыр-төбелердің етектерінде қайың, терек, шілік, қамыс өседі. Өз. сәуір айының басында тасып, жаз айларында қарасуларға бөлініп қалады. Суы мал шаруашылығы мен егіндікке пайдаланылады.

Абылай (Әбілмансұр) хан (1711-1781) – қазақ ханы, Қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері. 1730-1733 жж. аралығында болған бір ұрыста бұрын белгісіз жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас батыры, қонтайшы Қалдан Сереннің баласы Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады. Әбілмансұр есімі ұмытылып, А. атанады. 1740 жж. хан билігі Әбілмәмбетте болғанымен, негізгі шешімдерді А. қабылдаған. XVIII ғ. 30-жж. аяғында А.

раганды мемл. универс-ін (1985) бітірген. Экономист, техник-құрылысшы. 1986 ж. Ұлытау ауд., Сәтбаев қ. қаржы бөлімінің меңгерушісі, Жезқ. обл. қаржы бөлімі басшысының бірінші орынбасары. 2009 ж. бастап ҚР Бас прокуратурасында мамандығы бойынша жауапты қызметкер. Уәйіс би туралы екі кітап (2008, 2014) шығарған, сонымен бірге қылқалам шеберлерімен шығармашылық ынтымақтастық орнатып, Ұлытау өңірінің тарихи тұлғаларының бейнесін кескіндеу жөнінде игі іске мұрындық болып жүр.

Қорғантас – Ұлытаудың оңт.-батысындағы тау. Едіге мен Бақатастың жалғасы. Ұлытау а-нан 25 км жерде. Осында Ахмет ишанның медресесі салынған. Атауы солт. суық желден қорғап тұрғанына немесе кене металлургтердің тас қорытқанына байланысты пайда болған.

Қосетов Бәкен Әбуләйісұлы (1925, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы, Қаракеңгір а.) – инженер-геолог. 1956 ж. ҚазМУ-дің геология және география фак-ін бітірген. 1956-1982 жж. геол. барлау партияларында инженер-геолог, бас геолог, «Қазгеология» үйлестіру-геол. басқармасының бөлімдерінде аға инженер, бас геолог болып қызмет атқарды. Лаос ХДР-на іссапармен барып, аға инженер болып жұмыс істеді.

Қ. Жезді марганец, Сарыоба, Итауыз мыс, Жаңатас, Көюжон, Ақсай, Түйесай және т.б. фосфорит, Алексеевка каолин, Құмола родусит-асбест кен орындарын геол. барлауға және шикізат қорын бағалауға, сондай-ақ Үшбұлақ родусит-асбест, Қыпшақбай мыс, Шайтантас гранодиорит, Маман гипс, Үрқат ас тұзы, Гиммельфарб фосфорит, Сайқан мәрмәрленген брекчий, Арбатас гранит, Наркызыл барит кен орындарын ашуға тікелей қатысты. «ҚР кен орындарын алғаш ашушы» белгісінің иегері. «Жер қойнауын барлауға сің. еңб. үшін» Дүниежүзілік геол. конгрестің күміс медалімен марапатталған.

Қоскөл – Ұлытау а-нан 100 км жердегі, Арғанаты тауының солт.-батысындағы көл. Екі бөлек көлден тұрады. Аралары өзекпен жалғасып жатыр. Батыс жақ жиегіне таяу – Құшоқы, солт-де – Сандыбайшоқы мен Сарытоған, ал шығ. жағында – 15 км жерде Арғанатының бір бөлігі Қараадыр тауы көмкеріп жатыр. Қ. – құстың мол шоғырланатын мекені. Айналасы – шабындық, егіс алқабы және мал жайылымы.

Қоскөл (Қарақұм) ауылдық округі – Ұлытау ауд-ғы әкімшілік бірлік. Құрамына Қоскөл, Қосбармақ, Құлжанбай, Нарөлген а-ры кіреді. Тұрғыны – 0,634 мың адам (2015). Жерінің ауд. – 82244 га, оның ішінде егістік жер көл. – 3540 га, шабындық – 1476, мал жайылымы – 74412 га. Округте 62 жеке кәсіпкер мен шаруа қожалықтарында 142 адам еңбек етеді. Орт-ғы – Қоскөл (Қарақұм) а. Ауд. орт-нан 300 км жерде орналасқан. А-да мектеп, кітапхана, мәдениет үйі, дәрігерлік пункт халыққа қызмет етеді. Экономикалық бағыты – мал шаруашылығы мен темір жол қызметі.

Қотан ақын (т.-ө.ж.б.) – XV ғ. өмір сүрген, би. Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі. Арғын тайпасының ақындары оны өздерінің түп атасы деп санады. Бұқар жырау: «Бәрімізді сұрасаң, Қотанбайдың баласы, арғындардың сабасы. Қарақожа бас болып, Қабыл да болған дуасы»; Көтеш ақын: «Біздердің түп атамыз ақын Қотан өзгеден өлеңге үстін болса керек», – деп жырлаған. Шежіре бойынша, Қ.а-ның баласы Дайырқожаны (Ақжол би) Қобыланды батыр өлтіргенде (шамамен 1457 ж.), арғындар өзбек ханы Әбілқайырдан бөлініп, Жетісуға көшкен. Қ.а-нан қалған әдеби мұра – осы қаза үстінде баласына айтқан жоқтауы. Қ.а. туралы Ш. Уәлиханов, М.Ж. Көпеев, Шәкәрім, Г.Н. Потанин, Н.Я. Коншин, М. Шорманов, М. Тынышбаев, М. Мұқанов, Х. Арғынбаев, М. Сәрсеке, Ш. Қуанғанов, т.б. шежірешілер мен зерттеушілер еңбектерінде түрлі деректер кездеседі.

есімі бізге белгілі құжаттарда Әбілмәмбет ханмен қатар аталады. 1740 ж. тамызда ол Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен, т.б. 120 старшынмен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорына» кіруге келісім білдіреді. Сонымен бір мезгілде қазақ халқының тұтастығын сақтау мақсатында Шың империясымен де қарым-қатынасын суытпады. Петербургпен Пекинге елшіліктер аттандырды. Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын Қазақ хандығы мүддесіне пайдаланып отырды. Қазақ хандығының күшін біріктіріп, әскери жағынан қуатты мемлекетке айналдырды.

1741 ж. қалмақ ханы Қалдан Серен баласы Шарыш батырды өлтіргені үшін А-ды тұтқындауға Жалбы батырды жібереді. Ол Ұлытауда аң аулап жүрген Өтеген батырды қолға түсіреді. Бірақ, Өтегеннен еш мәлімет ала алмағаннан кейін, А-ды әрі қарай іздеп, ұйықтап жатқан жерінен ұстап алып кетеді. А. тұтқында 1743 ж. дейін болады. 1765-1767 жж. А. Қоқан билеушісі Ерденбекпен соғысып, Түркістан, Сайрам, Шымкент қ-рын қайтарып алады. Ташкент алым төлеп тұратын болды. 1771 ж. Әбілмәмбет хан дүние салып, үш жүздің басты өкілдері Ұлытауда А-ды хан көтерді. А. өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізіп, Арыс өз. жағасында қайтыс болды. Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген.

Ағыбай батыр Қоңырбайұлы (1802, Ұлытау аймағы – 1885, Балқаш, Тасарал қамалы) – батыр, қолбасшы. Қазақтың соңғы ханы Кенесарының орыс патшалығының отаршыл саясатына қарсы жүргізген соғысындағы қолбасшыларының бірі. А.б. жорықта жолы болғыштығы үшін «Ақжолтай батыр» атанған. Қырғыз манабы Орманға қарсы соғыстарда ерекше ерлік көрсеткен. 1847 ж. Кенесары ханның Кекілік тауындағы қырғыздармен шайқасында Наурызбай батырмен бірге дұшпан қатарын бұзып өткен. Кенесары өлгеннен кейін де Ресейдің саясатына қарсылығын тоқтатпай, Сыздық төренің қарсылық күшінің құрамында соғыс жүргізген. Мазары Тайатқаншұнақ деген жерде.

Айбас – басын оғыз заманынан алатын ортағасырлық бекініс орны. Ұлытаудың солт.-батысынан ағып шығатын Айбас өз. бойында. 1952 ж. акад. Ә. Марғұлан басқарған ОҚАЭ зерттеген. Пішімі төртбұрышты (25x25 м), биікт. – 2-2,5 м, сыртқы қабырғасы тастан қаланған, қалыңд. – 4-6 м. қақпасы батыс жағында. Солт.-батыс және оңт.-шығыс жақ бұрышында ауданы 3,5x1,2 м бөлмелер орны сақталған. Екі жағын су қоршап тұрған бұл қамал жаугершілік замандарда жергілікті халықтардың баспанасы болған.

Айбас дарасы мазары – б.з.д. XIII-XI ғғ. жататын археол. ескерткіш. Акад. Ә. Марғұлан басқарған археол. экспедиция зерттеген. Мазар Едіге тауының солт.-батыс етегінде, Айбас өз. бойындағы әр дәуірден қалған үлкен бейіттің солт. бөлігіндегі қола дәуірі зиратының орт-на салынған. Сырт пішіні шаршыланып келген (12x12 м). Арасына лай салып, жалпақ тастардан қаланған қабырғаларының биікт. – 0,6-1,2 м. Сыртқы қабырғалары мықты болу үшін іргесіне лай аралас қиыршық тас төккен. Мазардың іші он бөлікке бөлінеді. Трапеция іспетті. Ішкі қабырғалары ортадағы төртбұрышты тас қабірге барып тіреледі. Олардың ішінде құрбандық шалу, т.б. түрлі жоралғылардан қалған мал сүйегі, қыш ыдыстар мен күл-көмір қалдықтары табылған. Тас қабір бетін үлкен қақпақ тастармен қиюластыра жапқан. Бірақ

қақпақ тастардың көбі сақталмаған. Қабір мұқият қашалып, тігінен көмілген төрт қақпақ тастан құралған. Көл. – 2,8x2, 6x1,5 м. Бетін жапқан қақпақ тас шашылып қалған. Қабір ішінен жерленген адамның сүйегі, сондай-ақ жылқы мен сиырдың сүйектері, сырты өрнектелген саз ыдыстар, ыдыстың бетін жапқан тас қақпақтар, саздан жасаған ұршықтар, қола заттың сынығы және осында жерленген кісінің қадірлілігін айғақтайтын өрнегі бар алтын білезік шықты. Қабір іші отпен аласталған. Ортасында от жаққан орын бар. Мазардан 40-тан аса саз ыдыстар табылған. Оның жартысы бүтін. Олардың пішіні мен өрнектері Орт. Қазақстандағы осы кезеңнің ірі мазарларынан табылған ыдыстарға ұқсас. А.д.м. Ұлытау өңірінде Беғазы-Дәндібай мәдениетінің ең жарқын ескерткіштерінің бірі болып саналады.

Айбасов Бірмұхамед (1895, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау – 28.02.1938, Алматы қ.) – қоғам қайраткері.

Ұлытау болысында 30 жылдан астам фельдшер болған Айбас Байтабыновтың (1862-1937) отбасында туған. А.ш. училищесін (Омбы, 1917), Қызыл профессура инст-ын (Мәскеу, 1933) бітірген. «Бірлік» мәдени-ағарту ұйымы басқармасының хатшысы болды. «Айқап», «Қазақ» басылымдарында өлеңдері мен мақалалары жарияланған. И.С. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романын қазақшаға аударған. Ақмола уезі қазақ комитетінің және «Жас қазақ» ұйымының мүшесі. XX ғ. 20-жж. Ақмола обл. жер басқармасының бастығы, Семей губ. «Қосшы» одағының төрағасы (1925-1928), Қазақ а.ш. кооперация одағы мал шаруашылығы бөлімінің бастығы, өлкелік кооперация техникумының директоры (1928-1931). Байларды тәркілеудегі, қазақ шаруаларын ұжымдастырудағы асыра сілтеушілікке қарсы шыққаны үшін қуғынға ұшырады. Өмірінің соңғы жылдары «Түрген» қой кеңшары саяси бөлімінің (Алматы обл.) бастығы (1933-1935), Қазақ партия баспасының редакторы (1935-1937) болды. Саяси қуғын-сүргін құрбаны. КСРО Жоғарғы Соты әскери алқасының 28.02.1958 ж. шешімімен ақталған.

Айдарбеков Исмаил (1906, Баку қ. – ө.ж.б.) Қазақ пединст-ын (1927) бітірген. Жас маман Қызылорда қ-ғы балабақшаға мұғалім-тәрбиеші болып тағайындалған. 1929 ж. Қызылорда қ-ғы Абай ат. мектептің, 1930 ж. Қызылорда обл. Қазалы ауд. халық-ағарту бөлімінің, 1931 ж. Қазалы аупарткомы насихат және мәдени-бұқаралық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі. 1932-1935 жж. журналистикамен шұғылданады. 1935 ж. Қарсақбай аупарткомы насихат бөлімінің меңгерушісі болып бекітілді. 1937 ж. маусымынан 1938 ж. мамырына дейін Қарсақбай аупарткомының бірінші хатшысы міндетін атқарды.

Айдаһарлы-Құдайберлі – үңгір, қыстақ атауы. Алғабас а-нан Қорғалжынға қарай 58 км жерде. Екі жотаны бөліп тұрған Көң өз-не төніп тұрған тұмсығында үңгір бар. Биікт. 2 м жуық, ұз. – 500 м. Аңыз бойынша, үңгірдің маңын арғын руының Құдайберлі деген байы мекендеген екен. Байдың сауықшыл, саятшы баласы болыпты. Аң аулап жүрген бала биік жотаның тұмсығында жылтырап жатқан затты аңғарады. Жақындап қараса, үңгірде жатқан айдаһардың құйрығы екен. Құйрықты алмас қылышымен кесіп жібереді. Ызаланған айдаһар үңгірден шығып, баланы жұтып қояды. Құдайберлі бай баласын іздеп жүріп, айдаһардың үңгіріне келсе, ол жерде шабылған құйрық қана жатады. Әуелде бай мен айдаһардың бір-біріне қастық қылмауға келіскен уағдасы болған екен. Сертін бұзған айдаһардың үңгірін тастап, жер ауып кетуінің себебі осы екен.

Айнакөл – кейінгі неолиттен бастап қола дәуірін қамтыған көне металлург-

тер қонысы. Жезқ-ның «Кресто-Центр» кенішінен шығысқа қарай 5 км жерде табылған. Қоныстың мәдени қалдықтарымен қоса жан-жағы ұзын қырлармен қоршалған аумағы 2 га шұңқырлы жерді алады. Қоныс екі қабаттан тұрады. Жоғ. қабаты қола дәуірін құраса, төм. қабат неолит және энеолитте дамыған Орт. Қазақстан мен Торғай даласының классикалық мәдениетін көрсетеді. Астыңғы қабатта көптеген құрал-сайман жабдықтары (нуклеустер, найза мен садақ оқтарының ұштары, қол балталар, т.б.) табылған. Жоғ. қабатында 8 жеркепенің қалдықтары, металл жууға арналған су жиналатын шұңқырлар, таспен қаланған құдықтар, кенді өндіріп, байытатын жерлер мен мыс балқытатын шұңқыр пештер болған. Бұл қабат тау-кен жұмыстарын атқаратын құрал-саймандарға бай археол. табыстарымен ерекшеленеді. А.В. Кузнецов пен Н.В. Валукинскийдің зерттеу нәтижесі бойынша, табылған мыңдаған археол. заттар қоныстың ұзақ мерзім тіршілік еткенін көрсетеді.

М. Сейтжанов

Аймырза шешен мен Бәтеш би (т.-ө.ж.б.) Ұлытау өңірінде XIX ғ. ортасында өмір сүрген. Бағаналы жырық Өтеудің ұрпақтары. А.ш. әке-шешесінен ерте айырылады. 11 жасқа дейін байлардың қойын, қозысын бағып күнелтеді. Асау үйретіп жүрген 14 жасар жасөспірімнің қайратына,ептілігі мен өнеріне тәнті болған Ерден оны жылқышы етіп алады. Жылқы бағудан қолы қалт еткенде Ерден бидің үйінде кісі күтуші бола жүріп, бас қосқан игі жақсылардың, би, шешен, сұлтан, болыстардың ақылды, алғыр сөздерін, нақыл, толғауларын тыңдап өседі. Ауыл арасында кішігірім дауларды шешіп, жарлы-жақыбайлардың біреуде кеткен ақысын алып беріп, елге таныла береді. Оның төрелігіне риза болған жұрт А.ш-ді ат терлетіп іздеп келіп, билігіне жүгінген. Ал Б.б. өз замандастары арасында беделді, ауқатты кісі болған. Біріне-бірі тоқтамай, даулаcып келгендерді тыңдап, бітістіріп отырған. Қызылжыңғыл болысында тұңғыш күйдірілген кірпіштен зәулім үй тұрғызған. Оның ізі әлі бар. Балаларын мектепке беруге, жоғары және арнаулы оқу орындарында білім алуына көңіл бөлген. Кеңес өкіметі билікке келгенде және кейін балалары, немерелері лауазымды гуманитарлық-техн. қызметтер атқарған.

С. Қожамсейітов

Айранбаев Нұрғазы (1923-22.12. 1982) еңбек жолын 1942 ж. Байқоңыр көмір ошағында хронометражшы болып бастаған. 1948 ж. маусымынан 1962 ж. қыркүйегіне дейін Ұлытау ауд. тұтынушылар одағында ревизор, бас есепші, басқарма төрағасы. Ауыл тұрғындарының тұрмыс мәдениетін көтеріп, қажетін қанағаттандыруды жақсартуға үлес қосты. Кейінгі жылдары ферма басқарушысы, кеңшар директорының орынбасары, ауылд. кеңес атқомының төрағасы болып қызмет атқарды. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

Жезқазған қ. мемл. мұрағаты. қор-161. т.-4. 126-б

Айранбай күмбезі (Айранбайтам, Бескүмбез) – сәулет өнері ескерткіші. Сарыкеңгір өз. жағалауында орна-



ласқан. А.к. шамамен 1870 жж. шикі кірпіштен қаланып, іші-сырты күйдірілген қышпен қапталған. Бес күмбезді кесененің жобасы ерекше, айғыш тәрізді пішініне сәйкес төрт жарть сфералы күмбезбен жабылып, солардың үстіне үлкен күмбез орналасқан. Құрылыс өрнегі аса күрделі емес, айналдыра белдеу тартылған. Күмбездің жалпы аум. – 8,30х9,75 м, биікт. – 6 м. Алдыңғы жағы басқаларынан биік, еңсеті. Кіретін есік адам бойынан биік, шығыңқы портикпен

әшекейленген. Кірер бет маңдайшасында арабша жазуы бар. А.к. респ. маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне енгізілген.

Айтболат күмбезі – Сарысу ез. құйылысына таяу, Айтболаттың Ақшиі деген жерде қыпшақ заманында (XII-XIII ғғ.) тұрғызылған сәулетті күмбез. Кейін қирап, тек қабырғасы мен маңдай алдының кейбір сілемдері қалған. XIX ғ. орта кезінде Ш. Уәлиханов күмбездің өзі көрген қалпын қағазға сызып қалдырған. Сол сызу бойынша ескерткіш реставрация жұмыстарын талап етеді.

Айтуар – Байқоңыр өз. алабындағы өз. Дүйсенбай тауының солт. беткейлеріндегі бұлақтардан басталып, Ащылы өз-не сол жағынан құяды. Ұз – 25 км. Жағасы тік жарлы. Көктемгі қар суы және жер асты суларымен толығады. Сәуірде суы тасып, жаздың ыстық айларында қарасуларға айналады. Алабы мал жаюға, суы ауыз суға және мал суаруға пайдаланылады.

Айтуаров Жарылғап (1934 ОҚО. Қарсақбай ауд., «Қызыл әскер» ұжымшары – 2012, Жезқ. қ., Талап а.) 1952 ж. «Қызыл әскер» ұжымшарында, кейін «Жетіқоңыр» кеңшарында аға шопан Мойынқұм өңірін мекен еткен жігіт қой бағып өсірудің, өнімділігін арттырудың қыр-сырын жетік меңгерді. 1963 ж. 600 аналыққа 744 қозы ертіп, әр жүзінен 124 қозы алды. Әр қойдан орташа 3,3 кг жүн қырықты. Аса ауыр болып, біраз шаруашылықтар жұтап қалған 1964 ж. қысында отарындағы қойды 99,1% аман сақтап, жүз саулықтан 107 қозы алды. Әр қойдан 3,1 кг жүн қырықты. 1965 ж. 650 аналық қойдың әр жүзінен 120 қозы өргізді, әр қойдан 3,5 кг жүн

алды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1966 ж. 23 наурыздағы жарлығымен А-қа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. V сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Айыртау – Ұлытау тау жүйесіне кіретін тау. Абс. биікт. – 654 м. Ұлытау а-нан шығысқа қарай 9 км жерде. Бұл тау екі айыр болып жерден қатар бой көтерген. Маңайы – шабындық пен жайылым. Етегінде аққайың мен бұталар өседі. Бүгінгі күні, айналасындағы елге байланыс қызметін қамтамасыз ету мақсатында, таудың басында сымсыз байланыс толқынын тарататын ст. орналастырылған.

Академик Қ. Сәтбаевтың мұражай-үйі. 1969 ж. сәуірде акад. Қ. Сәтбаевтың туғанына 70 жыл толуына орай

Қарсақбайда ұлы ғалым 15 жыл тұрған үй мемориалдық мұражай болып ашылды. Осылайша бүкіл қарсақбайлықтар үлкен шаңырақ санайтын киелі орын мәдениет ошағына айналды.

Қ. Сәтбаевтың жеке мұрағатынан алынған, оның ұрпақтары жинақтап өткізген жәдігерлер – мұражай қорының басты құндылығы. Мұражай экспозициясын құруға ғалымның қыздары Ханиса, Шәмшиябану, Мейіз Қанышқыздары көп еңбек сіңірген. Көрмелерде Қ. Сәтбаевтың өмірі мен қызметін жан-жақты көрсететін, өлкенің өнд. тарихын сипаттайтын деректер, қолжазба құжаттар, минералдар үлгілері, ғалымның еңбектері, ол жайлы әдебиеттер мен әр жылдардағы баспа материалдары жинақталған. Кішігірім 5 залды қамтитын мұражай экспонаттары құндылығы, мазмұны жағынан

ерекше бағалы. Ғалымның киім-кешектері, күнделікті қолданған, тұтынған заттарына дейін қаз-қалпында сақталған. Негізгі қорды құрайтын 3 мыңға жуық жәдігерлердің барлығы дерлік түпнұсқа ретінде бағаланады. 1995 ж. ғалымның мұражай-үйі Жездідегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражай кешенінің құрамына енгізілді.

З. Қазанбаева

Ақбөкен (киік) (лат. Saiga tatarica) – жұптұяқтылар отрядының бөкендер тұысына жататын, тұлғасы ірі, қойға ұқсас,

дөңес тұмсықты, күйіс қайыратын түз жануары. Текелерінің дене тұрқы – 126-150 см, салм. – 37-49 кг, ал ешкілері кішірек, дене тұрқы – 109-127 см, салм. 22-37 кг-дай болады. Үстіңгі ерні салбырап, етті тұмсыққа айналған. Текесінің мүйізі қайқылау келеді, ешкісінде мүйіз болмайды. Жаз айларында арқа түсі сарғыш тартады, қыста түсі ақшылданады.

А. шөл, шөлейтті және далалық аймақтарда тіршілік етуге бейімделген. Олардың қоныс өзгертуі ауа райына байланысты. Жылына бір рет төлдейді. Жаппай төлдеуі мамырдың 1-жартысында өтеді. Қазақстанда 1921 ж. к. аулауға тыйым салынған. 1957-1958 жж. жалпы саны 2 млн. асқаннан кейін кәсіптік жолмен аулауға рұқсат берілді. Жезқ. к-ның «Охотпромхоз» өнд. кәсіпорны жылына шамамен 100000 к. аулап, етін және мүйізін экспортқа шығарып отырған. Киік еті ҚазКСР-інің басты валюта табысының бір көзі болған. Қазіргі сақталған киіктердің үш тобы бар. Олардың ең ірісі және сан жағынан басымы – Бетпақдала-Арыс тобы. 1980 жж. киіктердің саны 1 млн. 400 мың болған екен. 2006 ж. «Қызыл кітапқа» енгізілді.

Ақжал – Ұлытау ауд-ғы тау. Жезді елді мекенінен батысқа қарай 10 км жерде, Жезді – Ақтас автокөлік жолының үстінде орналасқан. Геол. зерттеу жұмыстары жүргізілген. Айналасы – мал жайылымы.

Ақжол би (Керей Дайырқожа) (т.ж. б. – ө.ж. шамамен 1459, Ұлытау өңіріндегі Айыртау) – Әбілқайыр хан кезіндегі атақты би. Қазақ даласының ақындарының бірі Қотанның ұлы. Халықты мазалайтын мәселелерді әділ шешкені үшін А.б. атанып кеткен. Ауыз әдебиеті деректері бойынша, А.б. мен Қобыланды батыр арасында дау-жанжал туып, Қобыланды А.б-ді өлтірген. Бұған наразы болған Қотан бастаған арғындар Әбілқайырдан бөлініп, Жетісуға көшіп кеткен. Кейбір зерттеулер бойынша, Керей және Жәнібек сұлтандардың да қарамағындағы ұлысымен Шу өз. бойына кетуіне осы оқиға сылтау болған. Қотан бидің баласы А.б-ді жоқтауы («Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным?!») әдеби мұра болып бүгінге дейін жеткен.

М. Сейтжанов

Аққеңсе – Ұлытау ауд-ғы елді мекен. Мибұлақ ауылд. аймағында. Атауы кеңсе орналасқан үйдің ақ түсіне байланысты болуы керек.

Аққіс (лат. Mustela erminea) – Ұлытаудың орманды жерлерін мекендейтін сусар тұқымдасына жататын жыртқыш аң. Қазақстанның орманды-далалы аймақтарында, оңт. және оңт.-шығыс тауларында кездеседі. Қоныс таңдамайды. Өзен-көл бойында, бұталы ағаш арасында, сай-салаларда, тау бөктерлерінде жиі кездеседі. Дене тұр-қы – 16-30 см, құйрығының ұз. – 6-12 см, салм. – 120-370 г. Жазда арқасы мен бүйірі қоңыр, бауыры ақ түсті болса, қыста денесінің жүні аппақ келеді. Өзіне ұқсас аққалақтан ай-

ырмашылығы – құйрығының ұшы қара болады. А. негізінен тоқалтістермен, су тышқандарымен, бақа, кесіртке, балық, сондай-ақ ұсақ жәндіктермен қоректенеді. Азығын аулауға көбіне түнде шығады. Ақпан-мамырда ұйығып, 9 айдан соң 8-9-дан күшіктейді. А. жылына екі рет – көктем мен күзде түлейді. Терісі бағалы болғандықтанауланады. Зиянды кеміргіштермен қоректенгендіктен ауыл және орман шаруашылығына да едәуір пайдасын тигізеді.

Аққайың – кәдімгі қайың тұқымдас, сыртқы қабығы ақ түсті орман ағашы.

Жапырақтары үш бұрышты немесе ромб тәрізді болып келеді. Биікт. 20 м-ге дейін жетеді. Сәуір-маусым айларында гүлдейді. Еліміздің далалы және орманды аймақтарында өседі. А. бүрінде шайыр, эфир майы, бетулоретин қышқылы, сапониндер, илік заттар, С дәрумені және фитонцидтер бар. Шырынында 2 пайыз қант, кальций тотығы және хош иісті заттар бар. Ұлытау тауының бектерінде көп өседі.

Аққошқаров Совет Бірмағабетұлы (1939-1973) – журналист, КСРО Журналистер одағының мүшесі (1972). ҚазМУ-дің журналистика бөлімін бітірген (1961). 1956-1973 жж. Қарсақбай мыс балқыту зауытында, Қазақстан Магниткасында жұмысшы, «Лениншіл жас» газетінде, «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер болып істеді. «Жарық жұлдыздар» (1973), «Жер астындағы жұлдыздар» (1975), «Бақыт құшағында» (1976), «Ақтүтекте» (1975) жинақтары жарық көрген.

Ақмешіт, Ақмешіт әулие – ескі қамалдың орны, қасиетті жер. Ұлытау тауының ең биік шоқысында, Ұлытау а-нан батысқа қарай 3 км жерде орналасқан. 1946 ж. акад. Ә. Марғұлан зерттеген. Тіктөртбұрышты жобамен салынған, көлемі – 42х42 м. Іргесінің қалыңд. – 30-40 см, граниттен қапанған. Жанында тас үңгір, тас обалар бар. Алғашқы кезде табынатын орын болған. Кейін төңірегіне атақты адамдарды жерлеген. Зерттеулер бұл көшпелі халықтың киелі орны екенін дәлелдеді.

Ақназар хан (Хақназар хан) Қасымұлы – 1538-1580 жж. билік құрған, Қазақ хандығын біріктіріп, халықар. жағдайын нығайтқан хан. Қасым ханнан кейін басталып, ұзаққа созылған талас-тартыстарды тоқтатып, бір орттан басқару жүйесін орнатып, салиқалы сыртқы саясат жүргізген. Ноғай Ордасымен, Орта Азия халықтарымен, Сібір хандығымен, Орыс мемлекетімен сенімді қарым-қатынас орнатты. Орыс ғалымы Рычков бұл орайда былай жазады: «Ақназар хан болған соң қатты күшейіп алды да, бір ғана ноғайлар мен башқұрттарға ғана ие болмай, сонымен қатар Қазан, Сібір және Астрахан патшалықтарын, Бұхарияны, Хиуаны, Ташкентті және Сыр бойындағы көптеген қалаларды қол астына бағындырып, олардан алым жинап отырған. Ал башқұрт халқына дейін Ақназар хан Оралдың арғы жағындағы сібірлік Көшім ханды, Белая және Жайық бойындағы қазандықтарды бағындырды».

XVI ғ. 50-60-жж. Моғолстан ханы Әбді әр-Рәшит Жетісу мен Ыстықкөл аумақтарын жаулап алу мақсатымен Қазақ хандығына қарсы соғыс бастайды. Бұл сәтте қазақ жасақтары қырғыздармен бірігіп соғысқанымен, ойраттардың араласуы салдарынан Жетісудың біршама жерін қолдарынан шығарып алды. Ноғай ордасында билікке таласы басталған қырқысты тиімді пайдалана отырып, А. Қазақ хандығына қаңлы, қыпшақ, алшын, т.б. тайпаларды қосып алды. XVI ғ. орта шенінде Сібір хандығы солт. аймақтарды мазалай бастады. А. ертеден

жауласып жүрген Шайбан әулетімен өзара келісім жұмыстарын бастады. 1579 ж. Ташкент билеушісі Баба сұлтан мен Бұхара ханы Абдоллаh арасында билік үшін талас басталғанда А. екеуін де қолдап, сый ретінде Түркістан аймағындағы қ-лар мен Сауран қ-сын алады. Бірақ қазақтардың Баба сұлтанмен жасаған одағы әлсіз болды. Абдоллаhты жақтағанын сезіп, 1580 ж. Баба сұлтан А.х-ды Бұзағырға қуып жетіп, оны өлтіруге бұйрық береді. Өз жақтасының құрбан болғанын естіп Абдоллаh хан Баба сұлтанға қарсы соғысын күшейтеді. Ол қазақтың Шығай ханы мен Тәуекел сұлтанына Мауреннахрдан иелікке қыстақтарды сыйға тартады. Солай қазақтармен одақ құрып, 1582 ж. Абдоллаh Баба сұлтан мен оны жақтаған маңғыттарға қарсы Ұлытауға жорыққа аттанады. Бұл жорықта Тәуекел сұлтан ерекше көзге түсіп, Баба сұлтанды өлтіріп, оның басын Абдоллаhқа апарып береді.

Ақ Орда (XIII-XV ғғ. басы) – Жошы ұлысының сол қанатын құраған, Орда-Ежен ие болған, қазіргі қазақ даласында орын алған мемлекет. Астанасы Кеңгір өз. бойындағы Орда Базар қаласында, кейін Сығанақ қ-да орналасқан. Жазғы жайлауы Ұлытау арқылы Сібірге дейін жеткен. XIV ғ. 1-жартысында Алтын Орданың құрамынан бөлініп, егемен мемлекетке айналады. 1327-1328 жж. Мүбарақ ханның кезінде өз теңгесін шығара бастады. Оған Алтын Орда қарсылық көрсетіп, А.О-ны бағындыруға әрекеттерін тоқтатпады. XIV ғ. 60-жж. Алтын Ордада өзара билікке талас күшейіп, А.О. тағына қазақ руларын бір елге біріктірген Орыс хан отырды. Осы кезден басталған Орыс, Тоқтамыс, Темір арасындағы қақтығыстар Ұлытау өңірімен тығыз байланысады. Орыс хан өлгеннен кейін, Ақсақ Темірдің жорықтары салдарынан, мемлекет үшке бөлініп кетті. Тіпті, Орыс ханның баласы Темірге қызмет етіп, ел аузынан тарихта Құйыршық атанып кетеді. А.О. соңғы ханы Орыстың немересі Барақ ханның Жошы ұлысын біріктіру әрекеті жемісті болды. Бірақ Барақ хан қаза болғаннан кейін, 1428 ж. билікті өз қолына Шейбанның ұрпағы Әбілқайыр алып, жеке мемлекеттігін құрғанда, А.О. мемлекеті біржола тарады.

М. Сейтжанов

Ақпанбек Ғұзыхан Әбілқадырұлы (1949) Қарағанды мемл. пединст-ын бітірген. Ақын, өнертапқыш, пед. ғыл. канд. (1998), Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің профессоры (2003). Мектепте сызу және сурет пәнінің мұғалімі, ЖезУ-дің сызба геометрия және сызу кафедрасының меңгерушісі (1992). А. Ұлытау өңіріндегі көптеген тарихи және мәдени ескерткіштердің төлқұжатын жасаған. Өзінің пікірлес әріптестерімен бірге көне металлургиялық пештерді қайта қалпына келтірді. Өңірдің тарихы жөнінде ертегілерді, аңыздарды, археол. қазбаларды, ғыл. толғамдарды салыстыра пікір айтып жүр. «Сызба геометрия» оқу құралының (1992, 1998), «Адам. Жер. Әлем» (1993), «Құранның математикалық құпиялары» (2001), «Адам. Болмыс. Жандүние» (2003) зерттеулерінің, «Өлшеулі ғұмыр өтеді» (2002), «Бері-жыр» (2004) өлең жинақтарының авторы.

Ақпанбетов Мырқы Асқарұлы (1933, ОҚО, Қарсақбай ауд., Қарсақбай кенті) Қазақ кен-металлургия инст-ын (1955) бітірген. Инженер-металлург. Еңбек жолын Қарсақбай мыс заводында балқытушының көмекшісі болып бастады. Конверторшы, конвертор

учаскесінің шебері, участок бастығы, металлургия цехы бастығының орынбасары, бастықтың міндетін атқарушы болды. 1964 ж. мыс заводы партия комитетінің хатшылығына сайланды. 1972 ж. Жезқ. мыс қорыту заводына жұмысқа шақырылып, жаңадан салынып жатқан күкірт қышқылы цехына бастық болып тағайындалды. Кейінгі жылдары завод

бас инженерінің техн. еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі орынбасары, бас технолог болып істеді. Респ. «Қазақ тілі» қоғамы Жезқ. обл. ұйымы басқармасы төрағасының орынбасары, Жезқ. қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы болған. «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.

Ақсай — Шалқар алабындағы өз. Ұз. – 87 км, су жиналатын алабы – 674 км^2. Қар, жаңбыр суымен толығады. Ұлытаудың солт.-батыс беткейінен бастау алып, Бозшакөл көліне 2 км жетпей құрғап қалады. Суы көктемде ғана ішуге жарамды. Күзге қарай минералдануы күшейеді. Мал суаруға пайдаланылады.

«Ақсақ құлан – Жошы хан» – халық күйі. Шыңғыс ханның ұлы Жошы құлан аулауға шығып, үйірді бастап жүрген айғырды аяғынан жаралайды. Ызалы құлан аңшыға тап беріп, оны аттан құлатып, қолын шайнап, өлтіреді. Шыңғыс ханның қаралы хабар әкелген адамның көмейіне қорғасын құямын деп қатаң айтқан сөзі бар еді. Сол кезде хабарды жеткізуге ешкімнің батылы жетпей, Ұлық Жыршы Кетбұқа келіп, домбыра алып, бір күйді тарта жөнеледі. Хан осы күй арқылы бәрін түсініп, сертін бұзбас үшін домбыраның көмейіне қорғасын құйғызады.

Ақсеңгір – Ұлытау жүйесінің оңт.-шығыс бөлігіндегі тау. Борсеңгір а-нан оңт.-шығысқа қарай 5 км жерде. Оңт.-батыстан солт.-шығысқа қарай 20 км созылып жатыр, ені – 5 км. Ең биік нүктесі – 431 м (Үңгірлісай). Ұсақ шоқылы 2 тау массивінен тұрады. Тас көмір жүйесінің гем. тау жыныстарынан түзілген. Сортаңдау қоңыр топырақ жамылғысында жусан, бетеге, сұлыбас, бұталар өседі. Оңт. беткейінен Сарысу өз-не оң жағынан құятын 5 өз. бастау алады. Жазғы жайылым және қыстау ретінде пайдаланылады.

Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама (1723-1725) – қазақ халқының тарихындағы ащы қасірет, ел басына күн туған аса қайғылы кезең. 1723 ж. көктемінде жайлауға көшуге қамданған бейқам қазақ еліне жоңғарлардың қалың қолы тұтқиылдан шабуыл жасады. Екпіні катты шапқыншылар Қазақстанның оңт. аудандарындағы бейбіт елді аяусыз қырғынға ұшыратып, Түркістан, Сайрам қ-рын басып алды. Жоңғарлардың жойқын шабуылының нәтижесінде қазақтар шайқас даласында 100 мыңға жуық жауынгерлерінен айырылды, ал қорғансыз халықтың шығыны одан да көп болды. Қорғануға мұршасы келмеген ел әсіресе Талас, Боралдай, Арыс, Шыршық, Сырдария өз. бойында көп қырылды. Шұбырған халықтың басым көпшілігі Сырдан өтіп, Алқакөлге жетіп құлады. Кейбір тайпа-рулар Қызылқұм, Қарақұм ішіне сіңді. Жоңғар шапқыншылығынан күйзелген қазақ жеріне Еділ бойындағы қалмақтар (торғауыттар), Жайықтың казак-орысы, Орал башқұрттары, Қоқан бектері, Бұхар мен Хиуа хандары тұс-тұстан шабуыл жасады. Қазақ елі өз тарихында алғаш рет қасіретті зардабы өте зор зұлматқа тап болып, жер бетінен ұлт ретінде жоқ болу қаупіне ұшырады. Ұлт перзенттері бардың басын қосып, халық бірікпей тірлік болмайтынын түсінді. Бөгенбай, Қабанбай, Саурық, Жәнібек, Малайсары, Абылай, Әбілқайыр бастаған қалың ел жоңғарларға қарсы майдан ашып, Ұлытау өңіріндегі Бұланты жазығы мен Білеуті өз. жағасында, одан кейін Аңырақай даласында ұлы жеңіске жетті. А.ш., А.с. қазақ халқының есінде ұлы қасірет болып мәңгі тарихқа хатталды.

Әдеб.: М. Қозыбаев. ҚҰЭ. *М. Сейітжанов*

Ақтаз – Найман тайпасының бағаналы саласына кірме ру. Қонысы Телікөл, Байқоңыр, Кішітау, Жыланшық өз-нің Ұлытаудан ағатын салаларының бойы болған. Алты атадан тарайды – Тінеи, Сейіт, Әжем, Жұмық, Балықшы, Қармақшы. Халық аңызы бойынша, жау шапқан кезде адасқан алты жетім бала Алтайдағы ер найманнан бөлініп, Ұлытауға келіп тоқтайды. Оларды бастаған Кербалақ атты Ер Шоштан деген кісі болыпты. Одан – Таз, Тоңбопат, Ер Шегедек, Таздан – А. тарайды.

Ақтас кенті – Жезді кентінен батысқа қарай 60 км жерде орналасқан. Іргесі 1957 ж. пьезооптикалық шикізаттың ашылуына байланысты, қала типтес жұмысшылар кенті болып қаланды. Ақтас кенттік округінің орт-ғы. Округке Пионер елді мекені кіреді. Жер көл. – 35377 га, егіндік – 60 га, шабындық – 179 га, мал жайылымы – 35088 га, тың жер – 50 га. Халқы – 0,33 мың (2015). Ақтас кварц кен орны – Қарағанды қ-ғы металлургиялық кремний заводының негізгі шикізат базасы. «Silikon» ЖШС жыл сайын 70 мың т кварц шығарады. Байыту фабрикасы жұмыс істейді. Жеке кәсіпкерлер саны – шаруа және ферма шаруашылықтарын қосқанда – 27. Төрт түлік мал өсіреді. 40 га жерге көпжылдық шөп еккен, 5,1 га жерге картоп, көкеніс отырғызған, мұнда өңірде тұңғыш рет көкөністі жаңбырлата суару әдісі қолданылды. 2 мектеп, 2 кітапхана, 2 дәрігерлік амбулатория халыққа қызмет етеді.

Ақтас кеніші – Жезқ. қ-нан 120 км жерде орналасқан. Тау мөлдір хрусталі мен кварцтың қоры жағынан дүние

жүзіндегі .рі кеніштердің бірі. Мұнда тау хрусталін өндіруді КСРО Геология министрлігі өнд. басқармасының №112 геол. партиясы 1954 ж. бастады. 1966 ж. «Жезказганкварцсамоцвет» геол.-өнд. бірлестігі, кейін оның негізінде құрылған «Ақтас» АҚ пьезокварц өндіруді қолға алды. Тапсырыс беруші КСРО Қорғаныс министрлігі болатын. Швейцарияда Ақтастың тау хрусталі мен кварцына дүние жүзіндегі ең сапалы деген баға беріліп, ол «Алтын глобус» жүлдесіне (1995) ие болды. Жезді кентіндегі ҰОС майдангерлерінің құрметіне орнатылған монументтің маңдайшасындағы бриллиант тастармен айшықталып жасалған «Жеңіс» орденін Мәскеудегі оптика-механика заводы (ЛОМЗ) дайындап берген. Кеңес Одағы тарағаннан кейін 17 түрлі тауарлы өнім шығаратын «Ақтас» АҚ қызметі тоқтап қалды. А.к. Қарағанды қ-ғы кремний заводының шикізат базасы болып табылады.

Ақшалов Мырзабек Аманбекұлы (23.12.1961, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Сарысу а.) Жезқ. пед. инст-ын (1984), Алматы саясаттану және басқару инст-ын (КИМЭП) (1991-1993) бітірген. №7 Сарысу орта мектебінде мұғалім. «Сарысу» асыл тұқымды қой заводы

комсомол комитетінің хатшысы, завод кәсіподақ комитетінің төрағасы. 1993-1996 жж. Сарысу ауылд. округіндегі шаруа қожалықтары мен кіші кәсіпорындар қауымдастығының төрағасы. 1996 ж. «Сарысу» шаруашылығын басқарды. Мал тұқымын асылдандыру бағытында көп жылдан бері мақсатты бағдарламаны іске асырып келеді. «Сарыарқа» құйрықты қылшық жүнді асыл тұқымды қойдың авторларының бірі. Қазақ қой шаруашылығы ғыл.-зерттеу инст-ның аспирантурасын бітірген. Ұлытау ауд. мәслихатының депутаты. «Шапағат», «Қазақстанның тәуелсіздігіне – 10 жыл» медальдарының иегері.

Ақ ши – Ұлытау ауд-да кең тараған өсімдік. Сабағы сымдай қатты, гүл шоғыры жіңішке, сыпырғы тәрізді. Масағы дара гүлді, үш аталығы мен қысқа ойысы түзу. Мамыр айынан бастап гүлдейді. Азық ретіндегі маңызы жыл мезгіліне қарай өзгеріп отырады. Көктемде масақтанғанға дейін мал сүйсініп жейді. Осы уақытта шөп ретінде даярлауға бо-

лады, құрамында сіңімді заттар саны көп бола тұрса да, тек қосалқы азық ретінде ғана пайдаланылады. Қыс кезінде барлығы қар астында қалғанда, шидің биік сабағы кез келген жануарға азық, сондықтан ши құтқарушы азық болып есептеледі, сондай-ақ жұт жылдары үй жануарларын аштықтан құтқарып қалған өсімдік.

Ақшоқы (Ерденнің Ақ шоқысы) – Қаракеңгір өз. жағасындағы тау. Абс. биікт. – 605 м. Атбасар қ. қайтыс болған аға сұлтан Ерден Сандыбайұлының мүрдесін А-ның басына алып келген. Атбасардан А-ға дейін Ерден белгісі деген белгілердің 6-7-сі кездеседі. Бұл – мәйіттің бұзылмауы үшін қазылған қабірлер. Аға сұлтанның өз аманаты бойынша А-ға жерленеді. Басына 8 қырлы жасыл қарағайдан там салынады. Ерден осы шоқының басына Сағымсары деген атына мініп, атадан мұра сауытты киіп шығып, төңірегін бағдарлап отырған екен.

Ақшоқы алтын кені – Ұлытаудан батысқа қарай орналасқан. 1933 ж. жүргізілген геол. зерттеу нәтижесінде 205 кварц арқауы анықталды. Жетіқыз өз. кенді солт. және оңт. телімдерге бөледі. Солт. телімі аз көлемдегі кварц арқауларынан құралады. Кейбір арқауларының ұз. – 120 м, ал ені 2 м аспайды. Оңт. телімі пирит пен халькопирит, кварц арқауларынан құралған. Барлау жұмыстарының нәтижесінде барлығы 421 м созылған 13 алтын арқау анықталды.

Әдеб.: К. Сатпаев. Избранные труды. Т.2 А-А. 1968 г. *М. Сейтжанов*

Ақышбеков Базыл (1941, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Терісаққан а. – 2011, сонда) Жезқ. қ-да орта мектепті үздік тәмамдаған. Қарқаралы зоотех.-малдәрігерлік техникумын бітірген соң «Шеңбер» кеңшарында мамандығы бойынша еңбек жолын бастады. Кеңшардың бас зоотехнигі болды. Жаңадан ашылған «Терісаққан» астық кеңшарында мал шаруашылығы саласында (бас мал дәрігері, ферма басқарушысы, бас зоотехник, директордың орынбасары) еңбек етті. Астық өсіретін шаруашылықтың мүмкіндіктерін мал өсіруге тиімді пайдалана білді, мал өнімінің көлемі артып, сапасы жақсарды.

Ақышбеков Берік Базылұлы (16.10. 1974, Ұлытау ауд., Терісаққан ауылкеңесі, Шеңбер а.) Е. Букетов ат. ҚарМУ-ді (1997) бітірген. Тарих және әлеуметтік-саяси пәндер оқытушысы. Еңбек жолын Терісаққан а-ғы №9 орта мектепте мұғалім болып бастады. 1997-2000 жж. Сәтбаев қ-ғы №14 орта мектепте мұғалім, 2000-2008 жж. №№10, 7 орта мектептердің директоры, 2008 ж. «Нұр Отан» ХДП Сәтбаев қ. бөлімшісі саяси кеңесі төрағасының бірінші орынбасары болып сайланды. 2010-2016 жж. Ұлытау ауд. әкімінің орынбасары.

Ақышева Базар Құсайынқызы (1928, ОҚО, Қарсақбай ауд., Жезді а.) – еңбек ардагері. 14 жасаз кезінде жаңадан ашылған Жезді марганец кенішінің электр цехында сымораушыға үйренуші болып еңбек жолын бастаған. Ресей, Украина, Белоруссиядан келген қыз-келіншектер арасында жалғыз қазақ қызы болды. Орыс тілін, мамандығының қыр-сырын жетік үйреніп алды. Осы кәсіпорында зейнеткерлікке шыққанша 40 жылдай өз мамандығы бойынша еңбек етті. Еңбектегі жетістіктері үшін «Еңбек ардагері» және мерейтойлық медальдармен, бірнеше Құрмет

грамоталарымен марапатталған I обл. әйелдер съезінің делегаты (1974). Жеті бала тәрбиелеп өсірген ардақты ана, «Алтын алқа» иегері.

Алабұлбұл (лат Luscinia svecica) – Ұлытау ауд. мекендейтін сайрауықтар туыстасына жататын құс. Дене тұрқы – орташа есеппен 14 см. Еуразияда кең таралған. Жыл құсы. Бұталы жерлерде, батпақты суаттардың жағалауы маңдарында кездеседі. Ұяларын жерге салады. Жәндіктермен, күзде жемістермен қоректенеді.

Алаша хан – халық аңызы бойынша, «Алты алашты» құраған тайпалардың түп атасы. Қазақ шежіресінде А.х. шыққан тегі қарапайым кісі болған делінеді. Оның есімі қазақтың шығу тегін баяндайтын ең көне аңыздарда кездеседі. Сондықтан кейбір ежелгі деректерде «Алаш» этнонимінің шығуы осы А.х. атымен байланыстырылады. Оның есімі IX ғ. туындысы «Қорқыт» дастанында айтылады. Соған қарағанда, А.х. есімі елді біріктіріп, мемлекет қуатын күшейткен және жаңа даму барысын орнатқан тұлғаларға берілгені байқалады. Әбілғазы шежіресінде А.х-ның әкесі Көк хан болғандығы, ұрпақтарының бірінің есімі Қара хан, ал немересі – оғыздардың түп атасы – Оғыз хан аталғандығы жазылады. Орта ғасырлар мұраларындағы А.х. – XIV ғ. II жартысында өмір сүрген әрі батыр, әрі би, әрі ұлыс билеушісі. А.х. ел жадында жауынгер тайпалар көшпелі түріктерді біріктіріп, тұңғыш алаш (қазақ) мемлекетін құрған ұлы қайраткер ретінде кастерленеді. Құрбанғали Халид қазақ фольклорынан келтірген үзінді былай дейді: «Алаш Алаш болғанда, Алаша хан болғанда, Қазақ, қалмақ, ноғайлар – бәрі сонда бір болған. Ынтымағы жарасып, жайқын көлдей бай болған». Осы өлеңнің жалғасында А.х. өлгеннен кейін Тоқтамыс пен Темір келіп, Алаш үшке (Ноғай ордасы, Ақ Орда, Моғолстан) қақ бөлінді делінген. Соған қарағанда, бұл жердегі сипатталған А.х. бейнесі Орыс ханға келеді. Рашид әд-Дин мен Әбілғазы А.х. өмір сүрген жер – Дешті Қыпшақтың орт. бөлігі деп көрсетеді. Бұл тарихи деректер ел аузындағы А.х. ордасы Ұлытау төңірегінде болған деген тұжырыммен ұштасады. Ұлытау өңіріндегі «Алаша хан ордасы» аталатын үлкен сарай-қамалдың қалдығы (Жанғабыл өз. бойында) және Қаракеңгір өз. жағасындағы «Алаша хан күмбезі» аталатын кесене әлі күнге дейін сақталған.

Алаша хан күмбезі – Ұлытаудағы сәулет өнерінің ескерткіші. Қаракеңгір өз. оң жағалауында, Сарыкеңгір өз. құятын сағасында, биік жотаның үстінде орналасқан. А.х.к. порталды-күмбезді сәулет өнері үлгісіне жатады. Аум. – 9,73x11,9 м, биікт. – 10 м. Күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Олардың көл. – 230x14x60 мм, 260x230 мм, 320x320x60 мм, т.с.с. әр түрлі болып келеді. Құрылыс үстінен биікт. 231 см құрайтын барабан – күмбез мойындығы салынып, одан күмбез шығарылған. Барабан сатыланып кішірейе түсетін төрт белдеуден тұрады. Көп қырлы және цилиндр тәрізді етіп жасалған бұл белдеулердің диам. – 743, 673, 643 см. Кіреберіс сол жақ бұрышта баспалдақты тар қуыс бар. Сол арқылы жоғары көтеріліп барып, күмбездік екінші айналма қабатқа, барабан галереясы арқылы, одан портал аркасының желке тұсынан кесене үстіне шығуға болады. А.х.к. негізінен Қарахан әулеті дәуірін-

дегі сәулет үлгілеріне жатады. Күмбез әр түсті және әр көлемді кірпіштерді қиюластыра қалау арқылы геом. бейне жасап, күмбездің барлық беттері масаты кілемнің түріне ұқсатып әрнектелген.

Алаша хан, Хан ордасы (Бадагах) – орта ғасырлар қ-ның орны. Ұлытау а-нан 18 км жерде, Қаратал өз. солт. жағасында орналасқан. Ә. Марғұлан ашып, тұңғыш сипаттамасын жасады, кейінірек С. Жолдасбаев, Ж. Смайылов кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізді. Екі бөліктен тұратын қ-ның негізгі бөлігі төртбұрышты (90х92 м), айналасы ені 5-7 м, тереңд. 1,5 м ормен және кезінде ені 4,5 м болған балшықтан соғылған қабырғамен қоршалған. Құлаған бұл қабырғаның сақталған биікт. – 3,5-4 м, ені іргесінде кейде 16 м дейін жетеді, бұрыштарында мұнара орындары бар. Қақпа оңтнен шығарылған. Негізгі бөліктің шығыс жағында жапсарлас жатқан төртбұрышть (65х70 м), үш жақтан айналдыра қазылған оры мен биікт. 3 м асқан жалы бар екінші кіші бөлік бар. Қаланың екі бөлігінде де құрылыс салынбаған, біркелкі тегіс келген алаңдардың мәдени қабаты жоқ. Қала тұрақты мекен-жай, қоныс қызметін атқармаған, тек ерекше жағдайларда пайдаланылатын арнаулы қамал ретінде болған.

Алаш қозғалысы – XX ғ. алғашқы ширегінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне қарсы бағытталған Қазақстандағы ұлт-азаттық қимыл-әрекеттері. Ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты. Ресейдің әскери-монарх. басқару жүйесі, қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігі етіп жариялануы, осыған орай ішкі Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ бұқарасының зорлықпен шұрайлы жерлерінен ығыстырылуы, дәстүрлі халық шаруашылығының терең дағдарысқа ұшырауы осы жаңа жағдайдың нақты көріністері болды. Сол кезеңдегі қазақ қоғамы дамуының күн тәртібінде қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы не өзін-өзі сақтауы үшін күреске шығу мәселесі тұрды. Бірақ ендігі уақытта жеке батырлар бастаған қол түзіп, қару асынып көтеріліске шығу нәтиже бере коймайтын еді. Қалыптасқан жаңа саяси ахуалға орай жаңа күрес құралдары, әдіс-айла қажет болды, ең бастысы, халыққа алда тұрған негізгі мақсат-мүдделерді түсіндіріп, сөйтіп, оны заман талабына сай күрес құралдарымен қаруландырып, азаттық үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын мүлдем жаңа саяси-әлеум. күшке сұраныс зор еді. Ал ондай саяси күштің қалыптасып келе жатқанын 1905-1907 жж. оқиғалар айқын көрсетіп берді. Ол күш – сан жағынан аз болғанымен, саяси күрес қазанында қайнап, тез ысыла бастаған ұлттық интеллигенция болатын. Осы күш бірінші орыс революциясы жылдары ұлттық зиялылар кейін А.қ. атаған қоғамдық қозғалыстың негізін қалады. 1905 ж. Қоянды жәрмеңкесінде дүниеге келген Қарқаралы құзырхаты оның алғашқы бағдарламалық құжаты болатын. Осы кезеңнен бастап Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов жетекшілік еткен ұлт зиялылары жаңа өрлеу ала бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа нысаналық сипат беру үшін газет шығару, азаттыққа үндеген кітаптар бастырып тарату, Мемл. Дума жанындағы мұсылман фракциясының жұмысына, жалпыресейлік мұсылман, түркішілдік қозғалыстарына ат салысу сияқты қазақ қоғамына бейтаныс күрес әдістерін игеруді қолға алды. Ал 1911 ж. шыға бастаған «Айқап» журналы, 1913 ж. жарық көріп, жалпыхалықтық басылымға айналған «Қазақ», оған ілесе өмірге келген «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ақжол» газеттері ұлт-азаттық күрес идеологиясының қалыптасуына қызмет етті.

А.қ-ның басты мақсаты – қазақ елінің өзін-өзі басқару, яғни ұлттық мүддесін қорғай алатын мемл. жүйе құру хақысын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемлекет құру, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал шаруашылығын өркендету, сонымен қатар егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, нарықтық қа-

тынастарға жол ашу, жеке адам құқын және басқа да демокр. принциптерді қадір тұту, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар түзу болды.

Бірінші орыс революциясы жылдарынан бастау алатын ұлттық А.қ. 1917 ж. ақпан және желтоқсан айлары аралығында өзінің шарықтау шегіне жетті. Осы жылдың көктемі мен жазында Қазақ комитеттерінің пайда болуы, күзге қарай Алаш партиясының, ал соңына қарай Түркістан автономиясы мен Алашорда үкіметтерінің құрылуы бұл қозғалыстың нақты нәтижелері болатын. 1917 ж. өмірге келген бұл саяси құрылымдар большевиктер тарапынан күшпен таратылғанымен, ұлт-азаттық қозғалыс күштері саяси күрес сахнасынан бірден кете қойған жоқ. Мемл. тәуелсіздік, жер және кезінде алаш зиялылары күн тәртібіне қойған қоғамдық-саяси басқа да мәселелерді басты талабы етіп, ұлт-азаттық қозғалыс жаңа сипатта Т. Рысқұлов, С. Асфандияров, С. Қожанов, Ж. Мыңбаев, С. Садуақасов қызметтерінде одан әрі өрши түсті. Елде тоталитарлық жүйе біржола орнағаннан кейінгі уақытта ол жаңа саяси жағдайға байланысты шетелдік эмиграция күшімен жүргізілді. М. Шоқайұлының қызметі, оның басшылығымен Берлинде 10 жыл бойы (1929-1939) шығып тұрған «Яш Түркістан» журналындағы материалдар соның айғағы еді. Негізгі мақсаты ұлттық бостандық болған А.қ. көрші түркі, мұсылман халықтарымен күш біріктіруге тырысты. Сөйтіп, XX ғ. алғашқы жылдарынан бастау алатын ұлт-азаттық А.қ. 30-жж. дейінгі тарихи кезеңді қамтыды. Кеңестік тоталитарлық билік алашшыл атанған аға буын зиялылардың ең белсенді бөлігін, сондай-ақ олардың кеңестік-партиялық қызметтегі ізбасарларын қуғын-сүргінге ұшыратып, жауыздықпен жазалады.

Әдеб.: Алаш. Алашорда. Энциклопедия, А.,

М. Қойгелдиев

Алғабас ауылдық округі. 1931 ж. жер өңдейтін серіктестік, 1934 ж. «Қызыл диқан» және «Алғабас» ұжымшарлары шаңырақ көтерген. Мал шаруашылығының негізін әрбір отбасы ортаға салған бір қашар, тайынша құрапты. 1937 ж. үкімет 13 ірі қара, 18 ат бөлген. 1937-1939 жж. егін бітік шығады, мал басы күрт өскен. Алғашқы Мәскеуде өткен колхозшылардың Бүкілодақтық I слетіне осы ұжымшарлардан жылқышы Сейтжан Үмбетов, ұста Тұрсын Торғаев, сиыршы Мұқан Салқаев қатынасқан. 1951 ж. «Алғабас», «Қызыл диқан» ұжымшарлары бірігіп «Алғабас» ұжымшары, 1957 ж. «Алғабас», Сталин ат., «Жігерлі» ұжымшарлары негізінде «Сарыкеңгір» кеңшары шаңырақ көтерген. 1962 ж. «Сарыкеңгір» кеңшарынан «Алғабас» кеңшары бөлініп шықты. 1976 ж. «Алғабас» кеңшарынан «Урожайный» кеңшары бөлініп шықты. Бұл шаруашылықтар жері ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1939 ж. 15 қаңтардағы Жарлығымен құрылған еңбекшілер депутаттары Алғабас ауылкеңесінің құрамына енді. А.а.о. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1962 ж. 5 наурыздағы Жарлығымен құрылған Алғабас ауылкеңесінің аумағын біріктіреді. Орт-ғы – Бетбұлақ а. Бүгінгі күні 32 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Оның төртеуі егін шаруашылығымен шұғылданады. 1051 ірі қара, 1000 жылқы, 5744 қой-ешкі бар. Округ тұрғындары – 0,551 мың адам (2015), орта мектеп, фельдшерлік-акушерлік пункт, клуб, кітапхана халыққа қызмет көрсетеді.

А. Уәлинов

Алданазаров Тұрсын (1922, Ақмола обл., Атбасар уезі., Кеңгір болысы – 1998, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – II дүниежүзілік соғыс ардагері. Өз еркімен тіленіп барып, соғысқа (1941-1944) қатысқан. Свердлов қ-да еңбекақы есептеу және төлеу жөніндегі арнаулы оқу орнын (1953) бітірген. Еңбек саласы бойынша инженер. №№32, 34 шахталарда еңбекақы бөлімін, 1960 ж. комбинаттың орт. есептеу ст-сын басқарған. Кеңес дәуіріндегі қысымға қарамастан, отыз жасында өз бетімен араб тілін меңгерген. Ислам діні мен мәдениетін насихаттаушы болды. Діни лауазымы –

ишан. 1995 ж. Меккеге қажылық сапармен барып қайтты. I, II дәрежелі «Отан соғысы» (1943, 1944), Қызыл Жұлдыз (1944) ордендерімен, жеті медальмен марапатталған.

Алпысбаев Әмірхан Майтонұлы (29.06.1961, Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) Құрманғазы ат. Алматы мемл. консерваториясын (1985) бітірген. Оркестр артисі, оқытушы. Ұлытау-Жезқазған өңірінде мәдениетті, өнерді, музыкалық білімді дамытуға үлес қосты. 1988-2007 жж. Ұлытау кентіндегі балалар музыка мектебінің директоры. Ұлытау ауд. және Сәтбаев қ. мәдениет бөлімдерінің меңгерушісі, Ұлытау ауд., Жезқ. қ. оқу бөлімдерінде музыка, өнер, балаларға эстетикалық тәрбие беру жөнінде әдіскер. Жезқ. обл. мәдениет басқармасы халық шығармашылығы орт-ның директоры. 2007-2016 жж. Ұлытау ауд. музыка мектебінің басшысы болған жылдары балалардың көркемөнерпаздар шығармашылығы кең өріс алды, тек респ. конкурстарда 5 рет бас жүлде және бірінші орындарды жеңіп алды.

Алпысбаев Майтон (21.02.1936, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., 1 Май ауылкеңесі – 2005, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) Қарағанды партия-кеңес мектебін (1964), КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1978) бітірген. Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеп келгеннен кейін «Қаракеңгір» кеңшарында тракторшы болып істейді. 1964 ж. партия, кеңес шаруашылық қызметінде. Жезді аупарткомының жауапты қызметкері (1964-1971), Ұлытау ауд. халықтық бақылау комитетінің төрағасы (1972-1985), «Шеңбер» кеңшарының директоры (1985-1988). 1988 ж. Ұлытау ауд. а.ш. қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы. 1994 ж. «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштері мұражай-қорығының директоры, 2000 ж. зейнеткерлікке шыққанша «Нұр Отан» партиясы Ұлытау ауд. бөлімшесі төрағасының орынбасары. Ауд. кеңес пен мәслихаттың депутаты болып сайланған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Алпысбеков Тұрар (1931, ОҚО. Қарсақбай ауд., Терісаққан а.). Қарағанды мемл. пединст-ын (1952) бітірген, физика және математика пәнінің мұғалімі. 1952-1958 жж. Ұлытау ауд. Талап, Қазақстан, Калинин жетіжылдық мектептерінде ұстаз. 1959 ж. Қорғасын орта мектебінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары. ҚазКСР оқу-ағарту ісінің үздігі (1982), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» және басқа медальдармен марапатталған.

«Алтай – Дунай» – 1999 ж. Жезқ. тарихи-археологиялық мұражайы бастамасымен ұйымдастырылып, жүзеге

асырылып келе жатқан халықар. архео-этнологиялық экспедиция. Мақсаты – Ұлы Дала белдеуін түйемен жүріп өту арқылы әлем жұртшылығы назарын Еуразия даласын мекендеген халықтар тарихындағы ықпалдастыққа аудару, Еуразияның ежелгі тарихы мен қазіргі еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық үрдістерін насихаттау. Идея авторы және экспедиция жетекшісі – «Ұлытау» ұлттық мәдениет және табиғат ескерткіштері мұражай-қорығының директоры Б. Қожахметов. 3 кезеңнен тұратын 5,5 мың км экспедиция сапары 1999 ж. 3 мамырда Алтай өлкесіндегі Құлындыдан (Ресей) басталды. Павлодар, Ақмола, Қостанай, Челябі обл-ның, Башқұртстан, Орынбор, Батыс Қазақстан жерлерін жүріп өтті. 2-кезең 2000 ж. Саратов, Воронеж (Ресей) жерлерін, Украинаның 11 облысын қамти отырып, Венгрия жерінде аяқталды. Барлығы 426 елді мекен қамтылып, 218 этнографиялық жәдігер жиналды. 3-кезең Венгриядан бастау алып, Еуропаны аралап шығады.

М. Сейтжанов

Алтайбеков Тұрсынбай (1930, ОҚО, Ұлытау ауд., Аралтөбе а. – 2002, сонда) 1943 ж. еңбек жолын «Покро» шахтасында жұмысшыдан бастады. 1946 ж. «Аралтөбе» ұжымшарына жұмысқа ауысады. 1950-1990 жж. ұжымшарда, кейін кеңшарда аға шопан. Еселі еңбегі үшін 1944 ж. 23 ақпанда Жоғарғы Бас қолбасшының Алғыс хатын алған. Бүкілодақтық ХШЖК-нің 2 қола, алтын медальдарының иегері. II, III дәрежелі «Еңбек даңқы», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Алтыаяқов Байман (т.ө.ж.б.) – ұста, зергер. Қарсақбай кентінде туып-өскен. Алтын-күмістен түрлі әшекей бұйымдар жасаған. 1916 ж. А. Иманов бастаған ұлт-азаттық көтерілісі кезінде үлкен ұстахана басқарып, сарбаздарға қылыш, найза, қанжар, мылтық, т.б. қару түрлерін соққан. Аманкелді батырдың өзі және сарбаздары ұстаған қарулардың түпнұсқасын жаңадан жасап, ҚазКСР ҒА-на жіберген. Осыған байланысты Қ. Сәтбаев: «Бұл қару-жарақтар белгілі бір тарихи дәуірдегі қазақ халқының жауынгерлік мәдениет үлгісін бейнелейді. Мұның қазіргі ҰОС кезіндегі маңызы да үлкен», – деп жазды.

Алтынбаев Мухтар Қапашұлы (10.12.1945, Қарағанды қ.). Әкесі Ұлытау ауд. Қотыр қыстағынан Қарағанды қ-на көшіп барған. Әскери қайраткер, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚР Халық Қаһарманы, армия генералы. 1966 ж. бастап Қарулы Күштер қатарында қызметте. 1977 ж. Әуе-Қорғаныс әскери училищесін, 1988 ж. Г.К. Жуков ат. Әуе-Қорғаныс әскері Әскери командалық академиясын бітірген. Авиациялық полк ұшқышы, жойғыш авиация полкінің аға ұшқышы, звено, эскадрилья командирі, ұшуға дайындық полкі командирінің орынбасары, жойғыш авиациялық полк командирі, әуе-қорғаныс әскері дивизия командирінің орынбасары, командирі. ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары, Әуе-Қорғаныс әскерінің қолбасшысы, 1996-1999 және 2001-2007 жж. ҚР Қорғаныс министрі қызметін атқарған. III дәрежелі «Отанға қызмет еткені үшін», «Отан», II дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталған.

Алтыншоқы (Ақшоқы) – Ұлытау жотасынан батысқа қарай 30 км жерде Әмір Темір (1336-1405) белгі қалдырған тау. Алтын Орда ханы Тоқтамысқа қарсы жорыққа шыққан Әмір Темір Ұлытауға келгенде А-ның басына үлкен құлпытас орнатуға бұйрық берген. Ол тасқа шеберлер мынадай сөздерді қашап жазған: «Тарихтың жеті жүз тоқсан үшінші қой жылы, жаздың ара (шілде) айы. Тұранның сұлтаны Темірбек екі жүз мың әскерімен өзінің ар-намысы үшін, Тоқтамыстың қаны үшін осында келген. Белгі болсын деп қорған тұрғызып, осы жазуды қалдырды. Тәңірі нәсіп берсін. Іншалла, тәңірі бұл кісіге рақым қылып, барша адам есіне алып жүрсін». Құлпытасты акад. Қ. Сәтбаев ХХ ғ. 30-жж. экспедициялық жұмыстар кезінде тапқан. 1936 ж. Қарсақбайға Эрмитаждың ғыл. қызметкері Морозов келіп, плитаны Ленинградқа алып кетті. Қазір Эрмитажда сақтаулы. Жазудың түпнұсқасы қазіргі

қазақ тіліне өте жақын шағатай тілінде жазылған.

М. Сейтжанов

Алыптың моласы – мола орны. Дәбейдің (Шеңбер) батыс жағында 8 км жерде. Терісбұтақ өз. жағасында орналасқан. Ел аузындағы әңгіме бойынша, мұнда Лақ батырдың жаугершілік соғыста кесілген аяғы жерленген дейді.

Аманбай дуалы – берік қабырғамен қоршалған бекініс, қыстақ. Кеңгір өз. сол жақ жағалауында Сарысу өз. құятын тұсынан 5 км жоғары орналасқан. 1946-1947 жж. ОҚАЭ (жетекшісі – Ә. Марғұлан) зерттеген. Сыртқы пішіні төртбұрышты үлкен үйінді. Солт. және батыс жағы жақсы сақталған. Қалған екі бүйірін су шайып, сілемі ғана қалған. Қабырғасының ұз. – 56х50 м, қазіргі биікт. – 4 м, қамыспен өріп, екі жақ бетін шыммен қалаған. Іргесі енді (6-7 м), жоғарғы жағы бірте-бірте жұқарады (1 м). А.д. ішінде тұрақ үйдің, ат қораның, т.б. құрылыстардың орны сақталған. Шымнан, қамыстан үй тұрғызу XVII-XVIII ғғ. Қазақстанның солт-де кең тараған. Ондай қабырғасы қалың қамыстан тұрғызылған үйлерді «шом қора» деп атаған. Шом қораның орындары Есіл, Нұра өз. бойында жиі кездеседі.

М. Сейтжанов

Амантөбе – жер атауы. Бұрынғы «1 Май» ұжымшарының орт-ғы болған. Амантөбе атауымен қоса Қызылшың атауы айтылады. Қаракеңгір өз. осы маңындағы Ұлытау жағындағы жазықта Қызылшың аталатын егіс алқабы бар. 1949 ж. «1 Май», Калинин ат., «Қызыл Коммуна» ұжымшарлары ірілендірілген. Айналасы мал жайылымына қолайлы, суы және шабындығы мол жер.

Аманжолов Сейтқали Әбдіқадырұлы (22.09.1955, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) ЖезПИ-дің көркем сурет және графика фак-ін (1980), Ленинградтағы И. Репин ат. өнер акад-да сурет және живопись мамандығы бойынша суретші Б.М. Угаровтың шеберханасында біліктілік курсын бітірген,

В.И. Ленин ат. Мәскеу мемл. пединст-да ғыл. тағлымдамадан (1989) өткен. Мәскеу мемл. педуниверс-нің көркем өнер мектебінің оқытушысы (1992-1993), Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің оқытушысы, доценті, кафедра меңгерушісі, фак. деканы, аға ғыл. қызметкері (1980-2003), Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ-де фак. деканы, кафедра меңгерушісі (2004-2010), 2007, 2011 жж. ЖОО үздік оқытушысы мемл. грантының иегері, халықар. «Болашақ» бағдарламасының стипендиаты. ҚР Суретшілер одағының (1996), Ресей Суретшілер одағының мүшесі (2011). Мәскеу мемл. обл. универс-нің профессоры, фак. деканының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (2012), Мәскеу мемл. педуниверситеті өнер фак-нің профессоры (2013-2016). С. Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық универс-нің доценті (2016). Бейнелеу өнері, дизайн мамандықтарына арналған 3 монография, 3 оқулық, 5 әдістемелік, 145 ғыл., оқу-әдістемелік мақалалардың авторы. ҚР 5 авторлық меншік туралы куәліктің, Ресей «КОПИРУС» қоғамының авторлық меншік туралы 2 куәлігінің иесі. Халықар. пед. білім беру акад-ның академигі (2007).

Аманкелді ауылдық округі – Ұлытау ауд. әкімшілігінің құрамындағы ауылд. округ. Құрамына Сарлық және Боздақ а-ры кіреді. Жалпы ауд. – 101867 га, оның ішінде егіс жерлері – 356 га, шабындық – 1424 га, жайылым – 100087 га. Жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының жалпы саны – 81, оның біреуі мал азығының қажетіне егін егеді. Бұл шаруашылықтарда 154 адам еңбек етеді. Халқы – 0,651 мың адам (2015). Округ орт-ғы Сарлық а-да фельдшерлік орт., жалпы білім беретін мектеп, мәдениет үйі, мешіт бар

М. Сейтжанов

Аманкелді Үдербайұлы Иманов (03.04.1873, Орынбор генерал-губернаторлығы, Торғай обл., Қайдауыл болысы, Терісбұтақтың бойы, Балық қарасуы – 18.05 1919, Алашорда автономиясы, Торғай қ.) – халық батыры. 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісінің Торғай ошағының басшысы. Дулығалы өз. бойындағы Құпмұхамед ишан мешітінде орналасқан медреседе білім алған. Байқоңыр көмір кенінде темір ұстасы болып еңбек жолын бастаған. 1916 ж. 25 маусымда шыққан патша жарлығына қарсылық көрсетіп, аумақтағы қазақтарды патша өкіметіне қарсы күреске шақырады. Патша билігі құлағаннан кейін көтерілісшілерден қызыл партизандар отрядын құрып, Кеңес билігін қорғау және нығайту күресіне кіріседі. Торғай уезінің соғыс комиссары болып тағайындалады. 1918 ж. наурызда А. Орынборда өткен Кеңестердің обл. съезіне қатысады. Азамат соғысы жылдарында Ә. Жангелдинмен бірге тұңғыш ұлттық қызыл әскер бөлімдерін ұйымдастырды. Колчак әскерінің тылындағы партизандарға көмектесті. 1918 ж. карашада А. және Ә. Жангелдин басқарған отряд Торғай қ-сын азат етті. Алашордашылар 1919 ж. 20 сәуірде төңкеріс жасап, батырды қолға түсіреді. Қызыл партизандар қ-ға кіруге бірнеше сағат қалғанда алашордашылардың қолынан қаза табады.

М. Сейтжанов

Андағұлов Кенжебек (10.09.1918, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қаракеңгір болысы – 01.01.2000, Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) әкеден ерте жетім қалып, жастайынан өмірдің ауыртпалығын тартқан. 1930-1931 жж. балалар үйінде тәрбиеленеді. Жезқ. кеніштінде жұмыскерліктен еңбек жолын бастаған. 1939-1946 жж. ақ финдермен шайқаста, ҰОС-да, Жапон милитаризмін талқандауда алғы шепте әрекет етуші әскери құрамдардың қатарында болды. Сталинградты, Харьковты, Ворошиловградты азат етуге қатысқан. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, бірнеше жауынгерлік және мерекелік медальмен марапатталған. 1995 ж. Мәскеуде өткен Ұлы жеңістің 50 жылдығына байланысты салтанатты шараларға құрметті қонақ ретінде қатысты. Соғыстан оралғаннан кейін Ұлытау, Жезді ауд. тұтынушылар қоғамы жүйесінде басшылық қызмет атқарған.

Андронов мәдениеті (б.з.д. XVIII-VIII ғғ.) Оңт. Сібірде Андроново селосынан қола дәуіріне жататын ескерткіштер алғаш рет табылды. Оны 1913 ж. Б.Г. Андрианов ашты. Ғылымда шартты түрде Қазақстан жеріндегі қола дәуірі ескерткіштерін Андронов ескерткіштері деп атайды. Бұл атауды ғыл. айналымға 1927 ж. С.А. Теплоухов енгізген. Андронов мәдени-тарихи қауымының негізгі орталықтарының бірі Орт. Қазақстан аумағында болды. А.м. алғашқы ескерткіштерін 1914 ж. А.Я. Тугаринов ашты. Қазақстанның А.м. кезеңдерге бөлу мәселесімен Ә. Марғұлан, К. Ақышев, А. Максимова, А. Оразбаевтар айналысты. Орт. Қазақстаннан көптеген мекендер, қорымдар, көне кеніштер, құрбандық орындары, петроглифтер табылған. Орт. Қазақстанның А.м-не тән сипаты – оның мазарларының күрделілігі, тас өңдеумен байланысты құрылыс техникасының жетіле түскендігі. Жезқ-да осы кезде-ақ кен өндіріле бастады. Олар кенді тотықтандыру, қайлалау, отпен өңдеу әдістерін меңгерді. Қола дәуірінің жартастар бетіне салынып, кілегей қоңыр қабыршақпен жабылып

қалған суреттерінің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл тасқа салынған жануарлар, күн бейнелі адамдар, соғыс арбалары, шайқас көріністері туралы суреттер сол дәуірдегі адамдардың дүниетанымын көрсетеді. Жартастағы суреттер – петроглифтер Ұлытауда, Теректіде, Байқоңырда табылды.

М. Сейтжанов

Анкинович Степан Герасимович (14.11.1912. Витебск обл., Кашино – 16.06.1985. Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1964), проф. (1967). ҚазКСР еңб. сің. жоғары мектеп қызметкері (1972). Ленинград тау-кен инст-ын бітірген (1938). 1938-1951 жж. Қазақстанның геол. қызметі жүйесінде, Жезқ., Ұлытау кенді ауданында полиметалл, темір, марганец, ванадий кендерін барлайтын партиялар тобь. мен экспедициялардың геологы, аға геологы, бас геологы, Қазақ геол. басқармасының аға инженері болып жұмыс істеді. 1949 ж. Қазақ кен-металлургия инст-да доцент, 1970 ж. кафедра меңгерушісі болды. Негізгі ғыл. еңбектері Ұлытау өңірінің геологиясын, стратиграфиясын, шөгінділік металлогениясын, түсті металдар кендерінің геологиясын зерттеуге арналған. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1946, 1948).

Апбаз Баймендеұлы Қаражігіт (1923, Ақмола губ., Апбасар уезі, Қарсақбай болысы) – жазушы, драматург.

Қазақстан Жазушылар одағының (1990), Қазақстан Театр қайраткерлері одағының мүшесі (1989). ҚазМУ-дің филология фак-ін бітірген (1948). 1948-1990 жж. Жезқ-дағы №6 мектепте мұғалім, мектеп директоры, Қарағанды обл. «Орталық Қазақстан» газетінің Жезқ. және Ұлытау, Жезді ауд-ры бойынша меншікті тілшісі, «Жезқазған туы» газетінің бөлім меңгерушісі әрі респ. «Ара» сатиралық журналының штаттан тыс тілшісі қызметін атқарды. 1972 ж. «Ақмоншақ» повесі мен әңгімелер жинағы, 1991 ж. «Шақпақ» повесі мен «Әке дауысы» әңгімелер кітаптары, 1993 ж. «Майқоңыр» романы, 1998 ж. «Қайран шеше» повестер жинағы, «Сәкен шығағы сенбейді», «Баубек» трагедиялары, 2013 ж. 2 томдық таңдамалылары жарық көрді. Б. Бұлқышев ат. респ. сыйл. иегері. Жезқазған қ. (1993) мен Ұлытау ауд. Құрметті азаматы (1998).

Аппасов Сейтбек Қасымұлы (1930, ОҚО, Қарсақбай ауд., Жанкелдин ауылкеңесі, Қарғалы өз. бойы – 1998). 1943 ж. Сталин ат. ұжымшарға мүше болып кіреді. II дүниежүзілік соғыс жылдары мал бақты, сүтті сепаратор машинасына тартып, май, ірімшік, брынза өндіріп, оны ауд. орт-на жеткізу жұмыстарын атқарды. 1957 ж. ұжымшарлар негізінде құрылған «Байқоңыр» кеңшарында жұмысшы, 1960 ж. бір отар қой қабылдап, Қарақұм өңіріне қоныс тепті. Ферма зоотехнигі етіп тағайындалды. 1975-1980 жж. қой өсіретін комсомол-жастар бригадасына ұстаз-жетекші болды. «Құрмет белгісі» орденімен (1973) марапатталған. Бүкілодақтық ХШЖК-нің күміс медаліне қоса сыйлыққа «Москвич-412» жеңіл автокөлігін алған.

Аппазов Сәруар Аппазұлы (01.01. 1935, ОҚО, Қарсақбай ауд., Жыланды а. – 2016, Жезқ. қ.) – ұстаз Қарағанды пединст-ын (1963) бітірген. Математика пәнінің мұғалімі. 1945-1946 жж. «Бірлестік» ұжымшарында сиыр бақташысы. 1953-1955 жж. Жезқ. кенішіндегі №№42, 47 шахталарда жұмысшы, ауысым бақылаушысы. 1955 ж. №24 орта мектепте мұғалім. 1965-1987 жж. мектеп директоры. Жезді ауд. оқу бөлімінің меңгерушісі. «Аға мұғалім» біліктілік дәрежесін алған. Мұғалімдердің бүкілодақтық съезінің (1978) делегаты. Медальдармен марапатталған.

Арал Қарақұмы – Арал теңізінің солт.-шығысында жатқан құмды шөл.

Арал теңізі мен Торғай үстіртінің аралығын, Ақтөбе, Қарағанды және Қызылорда обл. аумағының бір бөлігін алып жатыр. Аум. 35 мың км^2 шамасында. Құм алқабы бор және палеоген жыныстарының үгілуінің нәтижесінде түзілген. Қазіргі кезде оған жел айдап әкелген Арал теңізінің құм шөгінділері қосылуда. Алқап беті солт-тен оңт-ке қарай бірте-бірте аласарып, Арал теңізі маңында жағалық құм белдеуіне ұласады. Біртұтас құм алқабы солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай ойысты жеке бөліктерге бөлшектенген. Одан жоғары Көлқұдыққұм, Жіңішкеқұм, Алаайғырқұм, Үлкенқұм орналасқан.

А.Қ. жер асты суына бай. Тұщы суы жер бетінен 2-3 м тереңдікте, артезиан суы бор және палеоген жыныстарының қабаттарында, яғни 100-200 м тереңдікте жатыр. Олардың минералдану дәрежесі әр түрлі (тұщы, кермек, ащы). А.Қ. климаты тым континенттік, құрғақ. Қаңтардың орташа темпертурасы –13°C, шілдеде +25-26°C. Жылдық жауын-шашын мөлшері – 100-150, булануы – 140-160 мм. Қыста қар жұқа түседі (5-6 см). Сусыма құмды алқаптар мен ойпаңдарда қоңырқай топырақ арасынан сорлар ұшырасады. Белесті құмды жазықтарда еркекшөп, жусан, жүзгін, құм сұлысы, қияқ, ойпаңдарда ши, айрауық, қамыс, сор жерлерде сарсазан, кокпек, бұйырғын өседі. Ұсақ кеміргіштерден сарышұнақ, қосаяқ; бауырымен жорғалаушылардан кесіртке, жылан, тасбақа; жыртқыштардан қасқыр, қарсақ; қыста ақбөкен мекендейді. А.Қ-да жыл бойы мал жайылады.

Арғанаты тас мүсіндері – түрік дәуірінен қалған ескерткіштер. Ұлытау ауд-ғы Арғанаты тауының Мық, Домбағұл, Айыршоқы қыраттарында орналасқан. 1950 ж. Ә. Марғұлан жетекшілік еткен ОҚАЭ зерттеген. Мүсіндер жалпақ тастан қашалып, төртбұрыш, шаршы түрінде жасалған қоршаулардың шығыс жақ сыртына, беті күншығысқа қаратыла тігінен орнатылған. Одан шығысқа қарай кішірек тас бағаналар немесе балбалдар тізбегі кездеседі. Тас қоршаулар

астында адам сүйегі табылмаған. Ішіндегі тас-топырақ үйіндісінің арасынан мал сүйектері, ат әбзелі мен кейбір тұрмыстық бұйымдар, жағылған оттың табы мен күл қабаттары ашылды. Соған қарағанда, мәйітті ертетүрік дәстүріне сай өртеп жерлеген. Мық тауының етегіндегі жергілікті тұрғындар арасында «Алып тас», «Мықтың алыбы» атанған мүсін сұр граниттен қашалған (биікт. – 1,5 м, ені – 0,4 м, қалыңд. – 0,23 м). Мүсіннен ер адамның бет әлпетінің, шоқша сақалының, үлкен көздерінің, ұзын мұртының және аяқ-қолдарының бедері айқын көрінеді. Оң қолына сусын ішетін тостаған, сол қолына қылыш ұстаған. Екінші мүсін бұдан 200 м қашықтықта орналасқан. Биікт. – 2,1 м, ені – 0,58 м. Осы екі мүсінді жергілікті қазақтар «Қос алып», «Қос батыр» деп атайды. Бұл мүсіндер шамамен түрік заманына, яғни V-VIII ғғ. жатады. Арғанатының Тұлпартас сілемінің баурайынан қыпшақ заманына, яғни VIII-XII ғғ. жататын, граниттен қашалып жасалған (биікт. – 1,25 м, ені – 0,35 м) адам мүсіні табылды. Мүсінде әдемі жас әйелдің бет әлпеті кескінделген. Мұндай мүсіндердің орнатылуы ислам дінінің ықпалымен тоқтатылған.

Арғанаты таулары – Ұлытаудың солт-дегі тау сілемдері. Ол солт-тен оңт-ке қарай 80 км созылған шоқылар тізбегінен тұрады. Ені – 20-25 км. Ең биік жері – Домбағұл (757 м). Таулардың беткейлері көлбеуленіп, бірте-бірте аласарып, төңірегіндегі жазыққа ұласады. А.т-нан Қараторғай, Сарыторғай, Қаракеңгір, Терісаққан өз. көптеген салалары бастау алады. Батысын Қоскөл, Қамыстыкөл, шығысын Бараққөл, Құркөл, Басбай-

тал көлдері алып жатыр. Тауда көптеген бұлақ көздері бар. Мық, Домбағұл, Айыршоқы тауаралық аңғарларында ертедегі Арғанаты тау мүсіндері сақталған. Осы маңдағы Ешкіөлмес жерінде көгілдір асбестің қоры мол.

Арзықұлұлы Арыстанбай (т.-ө.ж.б.) – Ұлытау өңірінде суармалы егін егудің алғаш ұйымдастырушысы, қарапайым гидротех. құрылыс салудың маманы. Тегі – бағаналы найманның жауғашты тармағынан. А. Омбыда тілмаштар даярлайтын мектепті бітірген. Атбасар дуанында тілмаш болып істеген дейтін аңыз бар. 1855-1860 жж. шамасында туған жерінде қуғынға ұшырап, Оңт. Қазақстанға қоныс аударуға мәжбүр болды. «Шымкент оязында Боржар деген жерде арық қаздырып, сол арықтан «Асыркөкек» дейтін 300 үй егін суарып, осы күнге шейін күнелтіп отыр. Міне-кей, Арыстанбай сол елден осы күні алғыс естіп отыр» *(С. Шәріпов. II том, «Жазушы» баспасы, 1982. – 144-б.).*

Арқалық – Шұбаркөл темір жолы. Бұл жолмен 2014 ж. 22 тамыздан жүк тасыла бастады. Жолдың жалпы ұз. – 214 км, оның 165 км Ұлытау өңірі арқылы өтеді. Жол бойындағы екі ст-ның бірі Терісаққан ауылд. округінде салынып жатыр. А.– Ш.т.ж. іске қосылуымен Арқалық тұйықтан шығып, транзиттік қала мәртебесіне ие болды. Жезқазған – Бейнеу арқылы Еуропа мен Азияны байланыстыратын бұл тете жол Рудныйдың темірін, Шұбаркөлдің көмірін, Арқаның астығын Ақтауға жеткізуге мүмкіндік береді. Бұрын Арқалық депосында 15 поезд машинисі жұмыс істесе, енді олардың қатары төрт есе өсті. А.– Ш.т. ж. желісінде қосымша 1200 жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Жол салуға кеткен шығын 8 жылда өтеледі. 2014 ж. тамыз – 2015 ж. сәуір айларында А.– Ш.т.ж. арқылы 2 млн. т-ға жуық жүк тасымалданды.

Арқар – Ұлытау өңірін мекендеген, бүгінгі күні жойылған жабайы тау қойы. Дене тұрқы – 125 см, салм. 200 кг дейін жетеді. Қошқарын «құлжа» дейді. Құлжасының мүйізі ірі, түбі жалпақ, ұшына қарай жіңішкере бұрандалып, екі жағына шығып тұрады. Ұрғашысының мүйізі кішірек болады. А. Орта Азияның, Сібірдің оңт. таулы аймақтарында, Қазақстанның шығыс және оңт.-шығысындағы тауларда кездеседі. Көбінесе тау аңғарындағы жыңғыл, бұталардың арасын, жазда таудың биік жерлерін, қыста күнгей беткейін мекендейді. Көбіне егіз қоздайды, топалаң, т.б. аурулармен ауырады.

Артықбаев Жамбыл Омарұлы (1959, Қарағанды обл., Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауд., Жаңақала а.) – «Қазақстан тарихы» мен «Этнология» салалары бойынша бірнеше мемл. оқулықтардың және оқу құралдарының авторы. Автордың қаламынан шыққан ғыл. монографиялар тек қана Қазақстанға емес, шет елдерге де танымал. Сонымен қатар, XVII-XVIII ғғ. ұлы тұлғаларына арналған бірнеше ғыл.-көркем кітаптардың авторы. Қазақ тарихнамасында шежіретану бағытының негізін салушылардың бірі. А. 300-ден аса кітаптар мен мақалаларын жарыққа шығарды, 15 ғыл. канд. дайындады. 2015 ж. «Ұлы тұлғалар өмірі» сериясымен «Кетбұқа – жырау, аталық,

қолбасшы» (Астана, «Алтын кітап», 2015) ғыл.-көпшілік еңбегі жарық көрді.

Арша – кипаристер тұқымдасына жататын мәңгі жасыл қылқан жапырақты бұта немесе ағаш. Солт. жарты шарда өсетін 60-тан астам түрі белгілі. Тау беткейінде, альпі белдеуінде, құмды жерлерде өседі. Қазақстанда жабайы 10 түрі бар. Табиғи жағдайда көбірек кездесетін түрлеріне Түркістан, Талас, Сібір, Зеравшан аршасы және кәдімгі арша жатады. Олардың биікт. екі метрдей, бұтағы тік немесе Ұлытаудағыдай жерге жайыла өседі. Қылқаны қабыршақты, тікенекті келеді, үш-үштен шоқтанып, қарама-қарсы орналасады. Жеміс бүрі жидек пішіндес не шар тәрізді, түсі көкшілдеу болады. А. тұқымынан және өсімді жолмен көбейтіледі. Көктемде гүлдейді, тұқымы күзде піседі. Тұқымынан шыққан жас өскіндер бір жылдан кейін тез өсіп, жетілген соң топырақты қатайтады. А. 300 жылдай өседі.

Арысқұм – Тұран ойпатының солтдегі құмды алқап. Ұлытау ауд. оңт-де, Сырдария ауд. солт-де, Бетпақдала шөлінің оңт.-батысында орналасқан. Теңіз деңгейінен ең биік жері – 170 м, ұз. – 95 км, ауд. – 2,26 мың км². Жер бедерінде ұз. 5-6 км болатын қырқалы құм төбелер кездеседі. Оңт-де сусымалы құмды төбелер қалыптасқан. Құм төбелер мен қырқаларда сексеуіл, жусан, селеу, еркекшөп, көктем айларында эфемерлі өсімдіктер, ойпаңдау жерлерінде баялыш, бұйырғын, теріскен өседі. Қыста жергілікті мал жайылымына пайдаланылады.

Арыстанбайұлы Құлмұхамед ишан (1841-1904). Қ.и. қыпшақтың бердікей тармағынан тарайды. Жасында өз әкесі Арыстанбайдан ескіше хат танып, дәріс алады. 11 жасында елде сауда-саттық жасап жүрген бай саудагердің керуеніне қазаншы болып жалданып, оңт-ке аттанады. Әкесі Арыстанбай баласының талабына ақ батасын беріп шығарып салады. Сөйтіп, ел аузындағы деректерде ол Бұхара мен араб елдерінің тәуір медреселерінен дәріс алады. Ишан дәрежесін алумен қатар, медицинаны, қол өнерін, құрылыс салу машығын да үйренеді. Дулығалы мешіті мен медресе құрылысы Қ.и. жобасымен салынған. Кірпіш өлшемдері әр түрлі және ою-өрнектері де әр алуан. Мешіт, медресе терезелеріне әйнек жергілікті гипс (бор) қабаттарынан тіліиіп алынған. Құрылысқа сол төңіректегі Есенгұл, Танат, Қаз, Бегімбет аталардың бас көтерер ер азаматтары бір кісідей қатысып, үлкен көмек береді. Құрылыс 1906 ж. аяқталған.

Қ.и. медреседе мұсылманша білім берумен қатар, орысша оқытуға да мән берген. Ол үшін татар жігіті Ғалиулланы арнайы шақыртып, үлкендердің наразылығына қарамастан, ауыл балаларының арифметиканы, жағрафияны, орыс тілін үйренуіне мүмкіндік жасаған. Медреседе Оразбай (ошақты) Жапарқұл Қоңыратбаев (көкмұрын), Жақсылық Батырбаев (бердікей) секілді молдалар дәріс берген. Дулығалы, Ащылы төңірегін жайлаған елдің балалары Қ.и. негізін қалаған медреседе 4 сыныптық білім алып, қазақша, орысша және Құран тілін үйреніп, кейіннен көпшілігі ел басқару ісіне араласты. Мұнда діни кітаптармен қатар, әдеби кітаптар, орыс тіліндегі оқулықтар да болған.

1916 жылы жазда Ресей патшасының 25 маусымда жарияланған бұратаналарды қарамалайлыққа алу туралы жарлығына қарсы көтерілісшілер осы мешітте бас қосып, алғашқы жиын өткізген және А. Имановты бас сардар етіп сайлаған. Сол жиында құрбандыққа шалынған көк қошқардың және Торғайдағы жеңістің құрметіне шалынған қошқардың бас сүйектері Қ.и. кесенесінде бүгінге дейін сақтаулы тұр.

З. Қазанбаева. М. Сейітжанов

Асанай-Борсанай кесенесі – XIX ғ. жататын мазар. Ұлытау ауд. Малшыбай а-нан 12 км солт.-шығыста орналасқан. 1989 ж. «Казпроектреставрация» инст-ның архитекторлары өлшеу жұмыстарын жүргізген. Шикі кірпіштен салынған, күмбезді, төртбұрышты мазар. Іргетасы

жоқ. Кіреберіс қақпасы белағаштардан салынған. Фасадтары «тоқылған ши» әдісімен айшықталған. Көл. – 7,8х8,0 м, бикт. – 3,5 м. Қабырға қалынд. – 1,02 м, аум. – 218 м³. Реставрациялық жұмыстар жүргізілмеген. Атмосфералық ылғал мен жел эрозиясының әсерінен күмбезі мен қабырғасының бұрыштары бұзылған.

Асанқайғы Сәбитұлы (шамамен 1370, Еділ өз. бойы – шамамен 1470, Ұлытау) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Керей мен Жәнібек хандардың ұраншысы. А. шығармашылығында негізгі орын алатын жанрлар: толғау, терме, шешендік сөздер болып табылады. Алтын Орда елінің жырауы, өз заманының абызы. Мемл. мәселелерді басқаруға, шешуге араласқан. Алтын Орда ханы Ұлық Мұхаммедтің серіктестерінің бірі болған. 1420 жж. Ұлық Мұхаммед Алтын Ордадан қуылып, Қазанға билік етуге аттанғанда, оң тізесін кеңесшісі А. басқан. Тек қамқоршысы көз жұмғаннан кейін А. Дешті Қыпшаққа оралған. Қартайған шағында, 1450 жж. Әбілқайыр ұлысындағы тартыс кезінде Керей мен Жәнібек сұлтандарды жақтайды. Ордадан бөлінген рулар Шу, Сарысу бойына орналасқан соң, ел іргесі берік, ағайын арасы тату болуы жолында күреседі. А-ның нақ жерленген жері белгісіз. Аңыз бойынша, Жерұйықты іздеп, Ұлытаудан тауып, Арғанаты тауларында жерленген. Ұлытаудағы Емшектаудың етегінде А-ға арнап ескерткіш орнатылды.

М. Сейтжанов

Асанқожа кесенесі – XIX ғ. жататын, Кеңгір өз. бойында күйдірілген кірпіштен салынған сәулетті құрылыс. Дөңгелете жасаған бүрме төбесі тозығы жетіп, қирап біткеніне қарамастан, текшеленіп қаланған қабырғасы сақталып қалған. Кесененің өзге өрнектерінен көзге түсетіні – алдыңғы кіреберіс қақпа, бағанадан тұрғызған екі жақ босағасы, өрнекті кірпіштен тартқан маңдайшасы, жиек жағалай тартқан дөдегесі, қабырғадан тартылған белдеулері. Бұлардың бәрі халық қолөнерінің нақышты өрнек түрімен әшекейленген.

Асанов Жүсіп (1909, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қаракеңгір болысы, №1 а. – 1973, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – ағартушы-ұстаз. Әке-шешесінен ерте айырылған ол әкесінің ағасының қолында тәрбиеленеді. Бастауыш мектепті (1925), Атбасар қ-ғы а.ш. мектебін (1928), Қарағанды мемл. мұғалімдер инст-ын (1951) бітірген. 1928-1941 жж. қазіргі Ұлытау ауд. аумағында «Шашты» серіктестігінің №15 а-да, Қарсақбай, Жезқ. кенттерінде бастауыш мектеп мұғалімі әрі меңгерушісі, мектептегі мұғалімдік қызметімен қатар ауд. халық ағарту бөлімі инспекторының міндетін қоса атқарды. 1941-1949 жж. Жезқ. ауд. халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болды. Кейінгі жылдары Рудник кентінде, Жез. қ-да орта мектеп, жұмысшы-жастар кешкі мектебін басқарды. А. Ұлытау-Жезқазған өңірінде тұрғындардың сауатсыздығын жоюға, білімін, мәдени дәрежесін көтеруге, тау-кен өндірісіне керекті білікті жұмысшылар, инженер-техниктер дайындауға үлес қосты.

Асанов Төлеш Сүлейменұлы (1960, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті) – журналист. ҚазМУ-дің журналистика фак-ін бітірген, ҚР Журналистер одағының мүшесі. Жезді ауд. «Октябрь туы» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі (1977-1985),

Жезқ. обл. «Жезқазған туы» (кейін «Сарыарқа») газетінде жауапты хатшының орынбасары, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы (1985-1997), «Азия-Транзит» респ. газеті бас редакторының орынбасары, Сәтбаев қ. «Шарайна» газетінің бас редакторы, Жезқазған-Ұлытау өңіріне тарайтын аймақтық «Сарыарқа» газетінің бас редакторы (2002 жылдан). Әңгімелері респ., обл. мерзімді баспасөзде жарияланып жүр. Мақалалары респ., обл. жүлделерге ие болып келеді.

Асансейітов Шахман (1941, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Жезқ. қалашығы) – ғалым-зоотехник. Алматы зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1963) бітірген. А.ш. ғыл. канд. (1982), Жезді ауд. «Сарысу» асыл тұқымды қой заводында бас зоотехник, 1977-1990 жж. «Ұлытау», «Алғабас» кеңшарларында директор, 1990 ж. сәуірде халық депутаттары Ұлытау ауд. кеңесі атком төрағасы. А. бұл жауапты міндетті кеңестік өкімет билігі тарағанша абыройлы атқарды. Кейін ауд. а.ш. саласында басшылық қызметте болды.

Асатов Серікбай Ерсейітұлы (1912, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Сарлық а. – 1942, Германия, Берлин қ.) – II дүниежүзілік соғыста ерлікпен қаза тапқан алғашқы қазақ әскери ұшқыштарының бірі. 1932 ж. әскер қатарына шақырылып, 1933 ж. ұшқыштар даярлайтын еліміздегі бірінші әскери авиация мектебін бітірген. 1940 ж. жетінші алысқа ұшатын бомбалаушы авиация полкінің звено командирі ретінде Кеңес Одағының Финляндияға қарсы соғысына қатысып, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған. ҰОС алғашқы күнінен бастап 750-ші авиация полкінің эскадрильясы командирінің орынбасары болған. 1941 ж. 11 қыркүйегінде жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған. 1942 ж. ақпанда Берлинді бомбалауға барған сапарында ұшағына жау снаряды тиіп, жана бастаған ұшағын жаудың шоғырланған эшелонына құлатып, оларға көп шығын келтіріп, батырлықпен мерт болған. Жезқ. қ-ның, Ұлытау а-ның көшелеріне А. аты берілді.

М. Сейтжанов

Асатов Садық Қасымұлы (1933, ОҚО, Қарсақбай ауд., Кіштау ауыл кеңесі, Сәдір қыстағы – 1988, Жәйрем кенті) – тау-кен инженері. Қазақ мемл. политех. инст-ын бітірген. 1956 ж. ЖКМК №51 шахтасында ауысым шебері, телім бастығы, шахтаның, бірнеше кеніштің, Жәйрем кен-байыту комбинатының директоры болды. Оның орасан ұйымдастыру қабілеті, біліктілігі, жұмысты жүйелі жүргізе білу стилі Жәйрем полиметалл кен орнын игеруде ерекше көрінді. Кен-байыту кәсіпорнының бірінші кезегі мерзімінен бұрын іске қосылып, жобалық қуаты уақытылы игерілді. А. КОКП XXV съезіне делегат болып сайланды. Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. «Құштарлық», «Сәлем де Кіщітаудың серегіне!» жыр жинақтары жарық көрді. Шығармаларына Ұлытаудың ұлылығын, қазақ халқының белгілі тұлғаларын, замандастарын, өзінің өмірге, қоғамға көзқарасын арқау

еткен. 1986 ж. Жәйрем жеріндегі Желтоқсан көтерілісіне қатысты адамдарға қамқорлық жасаған. А. атында Сәтбаев қ-да, Жәйремде көшелер бар.

Асқарова Зоя Асқарқызы (03.11.1943, Алматы обл., Ақсу ауд., Абакумовка а. – 2010, РФ, Саха АР) – Қарағанды мемл. пединст-ын (1966) бітірген, орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі. 1966-1969 жж. Жезқ. қ-ның мектептерінде сабақ берді. 1969 ж. бастап қалалық, облыстық комсомол, партия қызметтерінде. 1992 ж. Саха (Якутия) Республикасында отбасы, әйелдер және демография жөніндегі комитетінде нұсқаушы болып қызмет еткен. Республика Президентінің бастамасымен құрылған республика халықтары Ассамблеясының атқарушы хатшысы болған. Осы Қиыр Сібір республикасында тұратын қазақтардың «Ана жер – Мать земля» мәдени-ұлттық орталығының (1993) төрағасы. Қазақтың ұлттық салтдәстүрін, мәдениетін, тілін сақтау және өзара туыстық-ағайындық қауымдастығын қалыптастыру бағытында игілікті еңбек етті.

Асқарова Күлзия Асқарқызы (1931, Қарағанды обл., Қарқаралы қ. – 2009, Алматы қ.) – Қазақстан ҰҒА және Ресей ҒА академигі Төрегелді Шармановтың жан жары, рухани досы, сенімді серіктес әріптесі, шуақты отбасының анасы. Қарағанды мемл. мед-инст-ның емдеу фак-ін (1956) қызыл дипломмен тәмамдаған. 1956 ж. 23-ке қараған шағында тұрмысқа шықты. 1958 ж. мединст-та аспирантураны бітірген жұбайы кіндік қаны тамған жері Ұлытау ауд. ауруханасының бас дәрігері болып тағайындалды. Күлзия ауруханада терапевт-дәрігер болып жұмыс істеді. Оның ата-енесіне құрметі, үлкендерге ізеті, жастарға қамқорлығы, қонақжайлығы көптің көңілінен шығып жүрді. Болашақ академиктің отбасы жас кезінде жоқшылықтың, пәтердің тарлығын, тұрмыстың қиындықтардың бәрін көрді. Бірақ Күлзия барлығына төзді, иілмеді, жеңді. Ауылда жүріп ғылыммен шұғылданып, канд. дисс. жазған күйеуіне қолынан келген барлық жағдайды жасады. Алматыға көшіп келгеннен кейін неміс тілімен қатар ағылшын тілін меңгерді, компьютердің қыр-сырын үйреніп алды. 1978 ж. Алматыда өткен Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының конференциясына Халықар. әйелдер комитетінің төрайымы болып қатысты. Білімімен, нұрлы табиғатымен өз ұлтымыздың мәдениетін таныта білді.

Күлзия екі құрсақ көтерді, үлкені Алма дүниеден ерте өтті. Ұлытауда қызмет істеп жүргенде туған Алмаз әке-ана жолын қуды, өзінің дарыны, тынбай ізденісі арқасында Америкада атақты Дж. Хопкинс ат. универс-тің профессоры атағына ие болды. Мед. ғыл. докт. Болашағы зор халықар. бағдарлама бойынша ғыл.-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Жанұясында ата-анасының көз қуанышы болған үш баласы ержетіп келеді.

Төрегелді ағамыз бен Күлзия екеуі 52 жыл отасты. Олардың бір-біріне суымаған махаббаты, сүйіспеншілігі ғибратты қос ғұмырдың мәні де, сәні де болды.

С. Қожамсейітов

Асылбеков Ошақбай Асылбекұлы (1929, ОҚО, Қарсақбай ауд., Қарсақбай кенті – 2004, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – ҚазМУ-ді (1952), Қарағанды политех. инст-ын (1969) бітірген журналист, құрылыс инженері. 1952-1963 жж. газет қызметкері, мектеп инспекторы, кәсіптік-техн. училище директорының орынбасары. 1964 ж.

Жезқ. қалааткомы төрағасының орынбасары, 1970 ж. «Қазмысқұрылыс» тресі №5 жылжымалы колоннасының бастығы, 1972 ж. «Қазмысқұрылыс» тресі парткомының хатшысы. 1973-1985 жж. Жезқ. қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы. А. КОКП XXV съезінің делегаты, ҚКП ОК мүшелігіне кандидат. Партияның шешімдеріне сай Жезді, Ұлытау ауд-рын мәдени-әлеум. қайта құруға, энергетика, жол, ақпарат, байланыс коммуникациясын дамытуға қомақты үлес қосты. Еңбек Қызыл Ту (1974), «Құрмет белгісі» (1981) ордендерімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен марапатталған.

Аталықұлы Құттымбет (шамамен XVII г. соңы – XVIII г. 30-жж., Кішітау баурайы) – қазақ елінің жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық соғысының батыры, тегі бағаналы ақтаз руынан. Құрамында 32 жасақшы бар барлаушы жедел іс-қимыл тобының жетекшісі болған. Жауынгер топ жоңғарларға күтпеген жерден шабуыл жасап, шығынға ұшыратып, ізін жасырып жүрген. Жоңғарлар қонтайшысы Сыбан Раптанның қызы Хочаны ретін тауып ұрлап, елге алып келген. Кейін Хоча анамызды Хорқыз деп құрметтеп атаған. Мұны естіген қонтайшы арнаулы әскер құрамын жасақтап, 2-3 жыл бүкіл Орт. Қазақстанды шарлап, іздеу салады. Кішітаудың баурайында қапыда батырды, оның шағын тобын жау қоршауға алған. Күші бірнеше есе көп жоңғарлар батырды қолға түсіреді, жасақшыларын қырып тастайды. Қонтайшының бұйрығына сәйкес Құттымбет батырды қара тақтатастың бетіне жаткызып, қылышпен кеудесін қарс айырып, жүрегін жұлып алса, жүрегінде бірнеше түк бар екен. Халық «жүрегінің түгі бар Құттымбет батыр» деп атап кеткен. 2016 ж. Есқуладағы Құттымбет батырдың бейіті жаңғыртылып, Ақтаудың ұлутасынан еңселі ақ кесене тұрғызылды. Жасақшылар мәңгі тыныс алып жатқан жер қоршапып, Хорқыздың сұпысы калпына келтірілді.

Атбасар сыртқы округі – Ресей үкіметінің «Сібір қазақтары туралы Ережесі» (22.07.1822) негізінде қазақ даласында құрылған (1859) әкімшілік-территориялық бөлік. Бат. Сібір губернаторлығы территориясында ашылған ең соңғы (сегізінші) округ. Қазақ даласын отарлауды одан әрі тереңдете түсу үшін Аманқарағай округінің дуаны Құсмұрын көлінің жағасына көшіріліп, ол Құсмұрын округі деп аталған болатын. Құсмұрын дуаны Омбыдан – 900, өзінің шеткі болыстары мен басқа округ дуандарынан 600-800 км қашықтықта жатты. Мұндай жағдайда даланы басқару қолайсыз болғандықтан, он жылдан астам уақыттан кейін Омбы обл. басқармасы округ дуанын Атбасарға көшіруге шешім қабылдады. А.с.о. 1859 ж. ашылды. Құрамына Қызылтаз-Ибескі-Жұртшы, Сейіт-Ақтаз-Бадана, Қоқан-Жырық-Байназар, Қарабала-Сарғалдақ-Төртқара, т.б. болыстар енді. Ресей императоры қол қойған «Далалық облыстарды басқару туралы Ереже» (21.10.1868) бойынша округтер таратылғанда, бұл болыстар жаңадан құрылған Ақмола обл. құрамына қосылды.

М. Сейтжанов

Атбасар – Жезқазған – Шу мыс белдеуі – Көкшетау антиклинорийінен Тянь-Шань жоталарына дейін 2000 км доға тәрізді созылған ірі геол. құрылым. Ені 200-300 км құрайды. Ол Көкшетау – Солт. Тянь-Шань қатпарлы жүйесін бойлап жатыр. Белдеуде палеозойлық жыныстар кешені екі сатылы құрылымдарға біріккен. Төм. саты – кембрий-девон жыныстары. Олар бойлық бағытта күрделі антиклинорийлер мен синклинорийлер құрып, аймақтық жарылымдармен және палеорифтермен шектелген. Жоғ. саты – орта девон-пермь кешендері. Олар герциндік геотектоникалық қозғалыстардың әсерінен ендік бағыттағы ірі жарылымдармен бөлініп қатпарланған. Белдеу бойы тектоникалық блоктарға (30-60 км) жіктелген. Кен орындары мен кен көздері блоктардың бұрыштарына жақын

орналасқан. Олардың басым бөлігі кейінгі жыныстармен көмкерілген. Ірі кен алқаптары солт-тен оңт-ке қарай: Атбасар, Алтынқазған – Қима. Қызылоба – Балталы, Шарықты, Кенен Әзірбаев. Әулиетас, Теректі, Ұлытау, Жыланды, Жезқ. Жыланды кен алқабында өнд. маңызы бар кен орындары (Итауыз, Сарыоба, Қарашошақ, Қыпшакбай, Айранбай, т.б.) орналасқан. Жезқ. кен өрісінде Құмола. Қаракеңгір. Үйтас, т.б. кен орындары қалыптасқан. Жезқ-нан оңт-ке қарай Жаманайбат ірі мыс кені, Солт. және Оңт. Шу кен топтары, Шоқпар кен көздері топтасқан. Мыс белдеуінің батыс шетіндегі Қаратау антиклинорийі бойында да ұсақ мыс кендері тізбектеліп, Қырғызстан аумағына жалғасып кетеді. Атбасар – Жезқазған – Шу мыс белдеуі бойында Жезқ. және Жыланды кендер тобы, Жаманайбат, Шатыркөл кендері өндіріске қосылып, жұмыс істейді.

Атбасар түсті металдар тресі (Атбасцветмет) 1925 ж. 10 маусымында Еңбек және Қорғаныс кеңесінің арнаулы қаулысымен ұйымдастырылған. КСРО Халық Шаруашылығы Жоғарғы Кеңесіне қарасты «Главметалл» басқармасының өнд.-аумақтық құрылымы. Трест құрамына Спасск комбинаты, Қарағанды көмір кендері, Өспен мыс кеніші, Спасск мыс қорыту зауыты беріледі және салынып жатқан Қарсақбай мыс заводы, Байқоңыр қоңыр көмір кені, Жезқ-дағы мыс кеніштері қаратылады. Трестке осы өңірдегі Қарсақбай мыс заводын қайта салып, жедел мерзімде іске қосу жүктелді. Соған орай тиісті қаржы, тасымал құралдары және жабдықтар босатылды. Бірақ тасымал құралы негізінен ат пен түйе қомы болып қалды, жұмыс күші де сайын даланың негізгі тұрғындары арасынан қабылданды, тек инженер-техниктер ғана КСРО-ның әр түкпірінен, шет елден шақырылды. Трест басқармасы 1925-1929 жж. Мәскеуде, Рождественка көшесіндегі 8-үйде орналасты. 1929 ж. күзіне таман «Атбастүстімет» тресінің басқармасы таратылып, оның орнына жеке басқару жүйесі енгізілді. Көп ұзамай трест пен Қарсақбай мыс комбинаты біріктіріліп, Қарсақбай мемл. мыс комбинаты құрылды.

Атымтаев Бақыт Бірмағамбетұлы (03.10.1945, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ақтам а. – 2015, Алматы қ.) – таукен инженер-маркшейдері, техн. ғыл. канд., доцент. 1954-1963 жж. Алматы қ. №12 қазақ орта мектебінде білім алды. Сол жылы Қазақ политех инст-ның тау-кен фак-не түсіп, 1968 ж. тау-кен инженер-маркшейдері мамандығын алады. 1968-1985 жж. ҚазКСР ҒА Тау-кен инст-да ғыл. қызметкер болып жұмыс істеді. Қарағанды көмір бассейні шахталарының қазба орындарында болатын геомеханикалық құбылыстар мен процестерді зерттеп, 1983 ж. Днепропетровск қ-ғы Украина ҒА Геотехникалық инст-да тау жыныстарының механикасы мамандығы бойынша дисс. қорғап, тех. ғыл. канд. дәрежесін алды.

Ғалымның негізгі ғыл. бағыты – жер асты құрылысындағы геомеханикалық процестерді зерттеу және құрылыстың сол процестерге беріктігі мен орнықтылығын анықтау. Осы салада 70-ке жуық ғыл. мақалалар мен еңбектер жазды. Қазіргі заман талабына сәйкес механикадағы есептеу әдістерін, электронды есептеуіш машиналарымен жұмыс істеуді жетік меңгерген маман. Оқу-ағарту саласында да жемісті еңбек етті. 1985-1992 жж. Алматы автомобиль-жол инст-да аға оқытушы, доцент және сол инст-тың жоғары оқу орындарына даярлау фак. деканы, 1992-1993 жж. А.ш. инст-да доцент, кейін конкурстан өтіп, Алматы темір жол-көлік инженерлері инст-ның инженерлік пәндер кафедрасына геодезия пәні бойынша доцент болып орналасты. Қазақстанда алғаш рет жарық көрген жол шаруашылығы терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігінің, ҚЭ-да геодезия саласы бойынша жарияланған көптеген мақала мен бірнеше әдістемелік құралдардың авторы.

Т. Жанаев

Аханов Талғат Мұзарафұлы (1968, Қарағанды обл., Жезқ. қ., Жезқ. кенті) –

инженер-кенші. Қарағанды политех. инст-ын (1992) бітірген. 1992-2001 жж. Жезқ. кеніштерінде кен мастері, участок бастығы, шахтаның бас инженері, бастығы, кеніштердің бас инженері, директоры. 2001 ж. «Қазақмыс» корпорациясы ЖКМК-ның өндіріс жөніндегі, кейін атқарушы директоры. корпорацияның бас директоры. «Қазақмыс» корпорациясының құрамында шикізат қорын дамытуға байланысты ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға басшылық еткен. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Ахмедова Күлән Бәтішқызы (1927-1998) – географ, педагог, география ғыл. канд. (1954). Ұлытаудың түлегі. Мәскеу мемл. универс-нің география фак-ін тәмамдаған (1949). 1954-1997 жж. ҚазКСР ҒА география секторының, кейін География инст-ның аға ғыл. қызметкері. Қазақ мемл. қыздар пединституты география кафедрасының меңгерушісі. Қазақстанның өндіргіш күштерін орналастыру мәселелері жөніндегі 4 монографияның авторы. 9-сынып оқушыларына арналған «Қазақстанның экономикалық географиясы» оқулығын жазған.

Ахмет ишан Оразайұлы (1861, Сырдария, Зіңкетер а. – 1926, Сіңіртек, Сарысу өз. бойы) – ағартушы, ишан. Бастапқы білімін Оразай әкесінен алғаннан кейін Бұхарадағы діни медреседе оқыған. Ұлытаудың жанындағы Қорғантаста мешіт пен медресе ашқан. 1881-1883 жж. екі рет Меккеге қажылық сапармен барған. А. Байтұрсынов. М. Дулатовпен хабарласып, «Қазақ» газетін шығаруға қаражат жағынан қолдау көрсетіп, оны халыққа таратумен айналысқан. 1916 ж. патша өкіметінің 25 маусым жарлығына қарсы Ұлытау өңірінің тұрғындары көтерілгенде А.и. көтерілісшілер жағында болып, сол жылдың тамыз айында құрылған Бағаналы хандығының бас үлемі (1916) болды. Қазан төңкерісінен кейін көшпелі Бағаналы ауд. ревком төрағасы (желтоқсан. 1919) қызметін атқарды. Тәуіп ретінде де аты шыққан. 1922-1923 жж. Телікөл. Сарысу бойын жайлаған тырысқақ (оба) ауруына қарсы күресте мыңдаған адамның өмірін сақтап қалған.

М. Сейтжанов

Ахмет ишан кесенесі – 1926 ж. салынған сәулет өнері ескерткіші. Сарысу өз. төменгі жағында Сіңіртек деген жерде Жақсыбердіұлы Ақберген шебер тұрғызған. Кесене күйдірілген кірпіштен көлемі әр түрлі екі үлкен бөлме түрінде салынған. Үлкен бөлмесінде зират бар, кішісін кіреберіс дәліз және зияратхана ретінде салған. Осы кіші бөліктің үстіне екінші қабат салынған. Кесененің үлкен бөлігі (7,0x7,0) күмбезбен жабылған. Ішінен еденнен көтерілген сегіз арка күмбез астымен бірігіп кеткен. Бөлмеге кіретін шағын ойық П сияқты маңдайшамен әрнектелген. Бір ғажабы, бөлмеге кіретін есік бұп емес, оңт. бүйіріндегі қас бетінде, ал мына жалған есік қазақтың дәстүрлі кесенелеріне ортақ ерекшелік болып табылады. Кіші бөлмедегі екі баспалдықтың біреуі кесененің төбесіне шығады, екіншісі шағын күмбезді зияратханаға көтеріледі. Қабырғаның кертпеш өрнеуі мен үлкен күмбездің әр жеріне таспен бірге қалап жіберген қысқа таяқтарды есептемегенде, кесенеде ешқандай әшекей жоқ.

М. Сейтжанов

Ахмет ишан медресе-мешіті – Ұлытау ауд. Қорғантас а-да орналасқан. Медресе діни пәндермен қатар жаңаша

үлгімен пәндік бастауыш білім берген. Оның ішінде есеп, жағрафия, орыс тілі оқытылған. Бұл медреседе Ахмет ишанның жиені, акад. М. Қаратаев сияқты кісілер білім алған. Реставрация жұмыстары жүргізілген.

М. Сейтжанов

Ахметов Зікір (1930, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Терісаққан ауылкеңесі – ө.ж.б.) ҰОС қаһарлы жылдары 12 жасында «Жеңдіадыр» ұжымшарында еңбекке араласады. 1952 ж. Ұлытау МТС-да тракторшы, 1957 ж. «Шеңбер» кеңшарында аға шопан болып істейді. Ол өз шаруашылығында ауыр қол жұмыстарын механикаландыру, саулықты қолдан ұрықтандыру, жайылымды тиімді пайдалану ісінде жақсы көрсеткіштерге жетті. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Қ-90, т-3, іс-308, бет-2

Ахметов Қуаныш (06.09.1946, Ақтөбе обл., Ырғыз ауд. – 2008, Астана қ.) 1965 ж. Алматы индустриалдық техникумын,

1973 ж. Ленинград политех. инст-ын бітірген. 1991 ж. дейін өз мамандығы бойынша Ленинградта, Алматыда, Жезқ-да өндірісте басшылық қызметтер атқарған. 1991 ж. респ. баспасөзде қызмет істеген. Тәуелсіздік жылдары Ұлытау өңірі тарихын алғаш зерттегендердің бірі. Оның қаламынан екі томдық «Ұлы даланың Ұлытауы» атты зерттеулер жинағы (І том 1998, ІІ том 2001), «Замана заңғарынан» (2001), «Кенесары хан Ұлытау өңірінде» (2002), «Ұлытау» ғыл.-танымдық кітаптары, төрт жыр жинағы туды. Қаламгерлік еңбектері үшін Қазақстан Журналистер одағының С. Ерубаев ат. сыйлығына (1996), Кенесары хан ат. респ. сыйлыққа (2002) ие болған, «Түркістанға – 1500 жыл» айдарымен өткен халықар. әдеби конкурстың жүлдегері атанған. Өндірістегі және шығармашылық жолындағы еңбегі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен (1984) марапатталған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы (2001).

Ахметов Мұхамбедия Ахметөреұлы (1946, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Аралтөбе а.) Жезқ. медучилищесін (1970) және Қарағанды мемл. мед-инст-ын (1976)

бітірген. Мәскеудегі Бүкілодақтық кардиология ғыл. орт-да клиникалық ординатура (1979) және аспирантураны (1981-1984) тәмамдаған. Дәрігер, кардиолог, мед. ғыл. канд. Жезқ-да терапевт дәрігер, медучилищеде оқытушы (1976-1979). Павлодардағы дәрігерлер білімін жетілдіру фак-де (1984-1989) ассистент, Алматыдағы Тағамтану инст-да (1989-1994) аға ғыл. қызметкер, бөлімше меңгерушісі. 1994 ж. бері Қазақ ұлттық медуниверситеті тағамтану кафедрасының доценті. 30-ға тарта ғыл. еңбектің авторы, негізгі тақырыбы жүрек-қантамыр ауруларын зерттеуге арналған. Аудармa, драма және журналистика салалары бойынша шығармашылық еңбектері бар. Қазақстан Журналистер одағының (2003) мүшесі.

Ахметов Тоқберген (т.-ө.ж.б.) – Социалистік Еңбек Ері (1949). Ұлытау ауд. бұрынғы Сталин ат. ұжымшардың аға шопаны болып еңбек еткен. 1948 ж. қыпшық жүнді 400 саулықтың әр жүзінен 120 қозы алып өсіріп, қозылардың орта салмағын 40 кг жеткізген. Ленин орденімен марапатталған.

Ахметбеков Мәжит (1928, ОҚО, Қарсақбай ауд., 1 Май ауылкеңесі – 2005, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) Жезқ-дағы ФЗО мектебін (1943), орта мектепті

алтын медальмен (1947), Алматы мемл. а.ш. инст-ын (1951) бітірген. Ғалым-агроном. Қарқаралы зооветтехникумында мұғалім (1951), Ұлытау МТС-інің директоры, Ұлытау ауд. а.ш. инспекциясының бастығы (1957), «Алғабас» астық кеңшарының директоры (1962), 1972-1994 жж. Ұлытау ауд. мен Жезқ. обл-да түрлі а.ш. салаларын басқару органдарында басшылық қызметте. 1994 ж. Ұлытау ауд. мәслихаты тексеру комиссиясының төрағасы болып сайланды. Инст-та оқып жүргенде Қазақстан және Орта Азия бойынша еркін күрестен чемпион болған. Жеті медальмен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Ахметов Есімжан Әбутәліпұлы (26.04.1948, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті – 30.11.2003, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. канд. (1982), доцент (1989). Алматы теміржол көлігі техникумын (1967), Қазақ политех. инст-ын (1973) бітірген. Қазақ минералдық шикізат инст-да инженер, бөлім меңгерушісі (1973-89), Қазақ политех. инст-да доцент (1989-96), «Әулие» біріккен кәсіпорнының бас директоры, «Әулие Голд» «Әулие Ресорсиз», «Ақтоғай Мыс» ЖШС-терінің директоры (1996-2003) қызметтерін атқарған. Гидросоққылы және бағыттама бұрғылау технологиясы мен техникасы ғыл. мәселелерімен айналысқан. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Ахметжан мешіті – 1890 ж. салынған сәулет өнері ескерткіші, күмбезді сарай. Сарысу өз. бойында Айтболаттың Ақшиі деген жерде тұрғызылған. Құрылысына қарағанда мешіт емес, бала оқыту мақсатымен медресе ретінде салынған. Оқу бөлмелері, жатақ жайлар осыны айғақтайды. Әбіш Құнанқара, Данияр Кәрібайұлы, Сатыбалды, т.б. қарапайым қазақ шеберлері мешітті саздан салған. Ғимараттың сәулетшілік тұрғыдан мүлтіксіз жасалуы, халық өнеріне негізделген ерекше өрнектері қазақ шеберлерінің сұлулықты терең түсініп, құрылыс техникасына байланысты қиын мәселелерді шеше білгендігін көрсетеді.

Афрасиаб – Тұран патшасы, қолбасшы, түркі жұртының ұлы тарихи тұлғасы. IV-VI ғғ. аралығы шамасында өмір сүрген. А. есімі Әбу Райхан әл-Бируни, Мұхаммед Хайдар Дулати, Махмұт Қашқари, Әбу Бәкр Мұхаммед Нарцаhи, Хамза Исфаhани, Рашид ад-Дин, т.б. ғұламалардың еңбектерінде кездеседі. Тарихи шығармаларда оны түркілердің Тоң Алып деп атағаны айтылып, теңдессіз әскери қайраткерлігі, жеке басының батырлығы мадақталады. Араб, парсы тарихшылары А. Пайкент, Бұхара, Самарқан (алғашқы атауы Афрасиаб), т.б. салған делінеді. Иран деректері бойынша, оның Тұран аталған аса қуатты мемлекеті Әмудариядан Енисейге дейінгі жерді алып жатқан. А. есімі Фирдоусидің «Шаhнамасы» арқылы жұртшылыққа кеңінен танылды. «Шаhнамада» А-тың әкесі Бошан (Пышан), балалары Барысхан, Қарахан, Шиде (Шайда батыр), немересі Аржасып туралы мол деректер келтіріледі. Шығармада Рүстем батыр бастаған парсылар мен А. билігіндегі түркілердің ұзаққа созылған соғысы барысында Иран билеушісі Надир шаhты А. өлтіреді, сол сияқты Кейқауыстың баласы Саяуыш (Сиявуш) батырды жеңеді. Саяуыштың баласы Кейхосроу А-ты және оның ұлы Шайда батырды өлтіреді. А-тың немересі, Тұран патшасы Аржасып парсылармен қиян-кескі соғыс жүргізгенімен, түпкі жеңіске парсылар жетеді. Фирдоусидің әдеби сюжеттері мен пайымдаулары тарихи жазбалардағы А. туралы тұжырымдармен үндес келеді. Бұхара қ-да жерленген.

Әдеб.: Рүстем-Дастан, А. 1961.

М. Сейтжанов

Ащыкөл. Ұлытау өңірінде екі Ащыкөл бар. Бірі – ауд. солт-дегі тұйық, тұзды көл. Қаракеңгір және Сарыкеңгір өз. бастауларының аралығында, оңт-тен солт-ке қарай созылып жатыр. Ауд. – 16 шаршы км, ұзынд. – 6,6 км, ең енді жері – 4 км, тереңд. – 0,8 м, ең терең жері – 1,4 м, су көлемі – 12 млн. текше м. Су жиналатын алабы – 117 км². Оңт. және шығ. жағалары жарлауыт (биікт. – 2-2,5 м), қалған жағалары жадағай. 10-нан астам ұсақ аралы бар. Жағалай қамыс өседі. Балығы жоқ, жағасында су құстары ұя салады. Екіншісі – Сарысудың төменгі бөлігі Боқтықарын өз. құйылысындағы көл. Солт. жағы Бетпақдала және оңт. жағалауы Мойынқұм іргесіне жалғасады. Көл ауд. – 74,2 км². Жағасы жайпақ, негізінен құмды келеді. Жалпы ойысында Телікөл, Ақжайық және А. шаралары қатар қалыптасқан. Кезінде біртұтас айдын болғаны байқалады. Ойыс шығысын Тоғыскентау, оңт-гін Қатыншоқай құм алабы алып жатыр. Төңірегі – мал жайылымы.

Ащылы – Ұлытау ауд-ғы өз., Шалқар алабындағы Дулығалы-Жыланшық өз. оң саласы. Ұз. – 72 км., су жиналатын алабы – 885 км², Ұлытаудың солт.-батыс беткейіндегі бұлақтардан басталады. Жағасы тік жарлы. А-ға ұз. 10 км жетпейтін 14 сала құйылады. Сәуір айының ортасында су деңгейі көтеріліп, тасиды. Жазда қарасуларға бөлініп қалады. Көктемде суы тұщы, ал жазда ішуге жарамайды. Мал суаруға пайдаланылады.

Ащымиір – Шалқар көлі алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 118 км, су жиналатын алабы – 2150 км². Ұлытаудың оңт.-батыс беткейінен басталады. А. батысқа қарай Байқоңыр, Қалмаққырылған өз-мен қатар ағып, құмды өңірде Ақмола а-ның оңт.-батысында 18 км жерде қарасуларға бөлініп қалады. Алабында жалпы ұз. 97 км шағын 29 саласы бар. Аңғарының ені – 1,0-1,2 км, сағасында аңғары байқалмайды. Екі жағында жайылмасы бар, арнасы жарқабақты. Көбіне қар еріген кезде суы молаяды. Көп жылдық орташа су шығымы – сағасында 0,30 м³/с. Жылдық ағымының мөлш. – 9,5 млн. м³. Мал суаруға пайдаланылады.

Аяқбұлақ – тас дәуіріне жататын алғашқы адамдар тұрағы. Ұлытау ауд. орт-нан оңт-ке қарай 50 км жерде орналасқан. Талдысай а-дағы Басқамыр ортағасырлық қалашығының оңт.-шығысында 0,5 км қашықтықта, Ұлытау – Жезқазған тасжолының арғы бетінде, Қарауылтас тауының оңт. етегінен ағатын бұлақтың жоғарғы жағында жатыр. Тұрақты 2001-2002 жж. Ә. Марғұлан ат. ОҚАЭ зерттеген. Қазба жұмыстары нәтижесінде 1423 шақпақ тастан жасалған еңбек құралдары және оның сынық қалдықтары табылған.

М. Сейтжанов

Аяққамыр – орта ғасырлардан сақталған көне қала. Жезқ. қ-нан солт.-шығысқа қарай 70 км жерде, Жезді өз. сол жағасында. Шаршы пішіндес (60х60 м), биікт. 1 м аласа төбе түрінде сақталған. Үш жағы ормен қоршалған,

оңт.-шығыс жағында ұзын топырақ жалдар бар. Оңт. бұрышы домаланып келген, диам. 5 м мұнарамен бекітілген. Саз балшықтан көтерілген қабырғасының қалыңд. – төм. жағында 3,5 м. Екінші мұнараның қалдығы оңт.-шығыс жағындағы қабырғасының орта кезінде сақталған. Археолог Ж. Смайылов жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде 6 тұрғын үй зерттелді. Қала аумағын-

да табылған темір балқыту ісінің іздері және темір мен марганец шлактары ескерткіштің ерекшелігі болып табылады.

М. Сейтжанов

Аяққамыр күмбезі – XII ғ. соңындағы сәулет өнері ескерткіші. Жезді кентінен солт.-батысқа қарай 9 км жерде орналасқан. Орт. Қазақстанның көрнекті ескерткіштерінің бірі. Биікт. 1 м тас іргетастың үстіне 8,10х9,84 м көлемде тікбұрышты жобамен порталды-күмбезді пішінде салынған. Алдыңғы беті П әрпі сияқты жиектеліп, монумент портал түрінде әшекейленген. Күмбезі күйдірілген кірпіштен қаланып, оюлармен әшекейленген тақталармен қапталған. Шаршы негізден бұрыштарын кеміте қапау арқылы күмбез шығарылған. Қыпшақ архитектурасымен салынған.

Аянбаев Мұқыш (1887-1960) – зергер, ұста. Қарағанды обл. Ұлытау ауд. Малшыбай елді мекенінде туып-өскен. Жайлыбаев Науқанбай ұстаның шәкірті. Алтын-күмістен әр алуан әшекей бұйымдар, қыз жасауларын, ат әбзелдерін жасаған. Елде ұжымшар құрылғаннан 1957 ж. дейін ұста болып еңбек еткен. 1958 ж. 71 жасында бәйбішесінің атын жазып, таза күмістен білезік соққан.

Аяшов Райымбек Аяшұлы (12.01. 1953, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті) Қарағанды политех. инст-

ын (1978), Қазақ мемл. басқару академиясын, Ресей – Қазақстан универс-ін (1995) бітірген, инженер-механик, экономист, заңгер. 1970 ж. Жезді автокөлік кәсіпорнында слесарь, көлік жүргізуші, 1978-1993 жж. «Қарсақбай» кеңшарында бас инженер, Жезді автокөлік кәсіпорнының директоры. 1993-1995 жж. халық депутаттары Жезді ауд. кеңесі атқомының төрағасы, Жезді ауд. әкімінің бірінші орынбасары. 1995-2003 жж. «Қазақмыс» корпорациясының көлік және механизация, қаржы-есеп басқармаларының басшысы, Сәтбаев қ. сумен, жылумен қамтамасыз ету кәсіпорнының, жол және су құбыры құрылысы трестінің, Солт. Жезқазған кеніштің директоры. 2014 ж.-дан кәсіпкерлер палатасы Сәтбаев қ. бөлімшесін басқарды. III сайланған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қарағанды обл. мәслихатының екі мәрте депутаты.

Әбдраманова Гүлайша (20.09.1941, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Айыртау ауылкеңесі – 19.02.1998, сонда) – бухгалтер-экономист. Алматы кооперативтік техникумын (1961), Алматы халық шаруашылығы инст-ын (1966) бітірген. 1961-1980 жж. Ұлытау ауд. тұтынушылар одағында, «Ұлытау» кеңшарында мамандығы бойынша жұмыс істеген. 1980-1985 жж. Ұлытау селолық кеңесі аткомының, 1985 ж. зейнеткерлікке шыққанша «Ұлытау» кеңшары кәсіподақ комитетінің төрағасы болған. Адами қасиеттердің бәрін жоғары ұстап, өзінің бауырмалдығымен, пейілінің кеңдігімен, жүрегінің жылуымен айналасындағыларға қамқор болып жүретін. Жасынан өлең, әңгіме жазуға құмар еді. Шығармалары респ., обл., ауд. баспасөз бетінде жарияланып тұрды.

Әбдіраманов Жұмабек (1935) – кен инженері, партия, кәсіподақ қызметкері. Ұлытаудың түлегі. Қазақ кен-металлургия инст-ын (1962) бітірген. Қарағанды көмір бассейні шахталарында инженерлік қызметтер атқарды. ҚКП Шахтинск қалалық комитетінің хатшысы, Киров ауд. комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған. 1980-1990 жж. Қарағанды облпарткомының бөлім меңгерушісі, көмір өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы аумақтық комитетінің төрағасы. 1990 ж. КСРО көмір өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы ОК хатшысы болып сайланды. Тәуелсіздік жылдары бұрынғы «Қарағандыкөмір» ӨБ-нің пионер лагерлерін қалпына келтірумен айналысып, шахтерлердің балалары үшін осы заманғы «Орленок» пионер лагерін құрды. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған. «Шахтер даңқы» белгісінің толық иегері.

Әбдуалиев Әбдімәжит Әбсәметұлы (1952, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кеңгір ауылкеңесі) «Алғабас», «Урожайный» кеңшарларында бесаспап механизатор болып еңбек етті. Егістік жерді өңдеу, бидайды шығынсыз орып алу технологиясын жетік меңгерген. Астық өсіруде жоғары көрсеткішке жеткені үшін «Құрмет белгісі» орденімен (1980) марапатталған.

ЖҚММ, Қ-90, т-12, іс-1, бет-2

Әбдуалиев Төлеу Әбсәметұлы (1942, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кеңгір ауылкеңесі) – «Урожайный» кеңшарының әмбебап механизаторы. Егін егіп, өнімді жинап алуда жоғары көрсеткіштерге жетті. Еңбек Қызыл Ту (1973), Октябрь революциясы (1990), III дәрежелі «Еңбек даңқы» (1985) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Әбдіғалиев Есілбай (1922, Ақмола обл., Атбасар уезі, Терісаққан болысы, Есіл жағалауы – 1976) Қарсақбайда орта мектеп (1940) бітірген. «Талап» ұжымшарында бастауыш мектеп мұғалімі болды. 1942 ж. әскер қатарына шақырылып, елдің Қиыр Шығыс шекарасын қорғайтын полкте қызмет еткен. 1945 ж. күзде Жапонияның Квантун армиясын талқандаған айқасқа қатысқан. Соғыстан кейін жылқы фермасының меңгерушісі болды. 1956 ж. Терісаққан ауылкеңесі атком хатшысы болып сайланды. 1959 ж. Қорғасын жұмысшы қалашығы ауыл қоныстарының қатарына жатқызылғанда Терісаққан ауылкеңесінің ортна көшіп келді. Содан өмірінің соңы 1976 ж. дейін ауылкеңес атком төрағасы болды. Мемл. марапаттары бар.

Әбдіғалиұлы Берік (18.09.1971, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Терісаққан а.) – ғалым-тарихшы, саяси ғыл. канд., қоғам қайраткері. Қазақ мемл. универс-нің тарих фак-ін бітірген. 2000 ж. ҚР Президенті жанындағы Қазақ стратег. зерттеулер инст-ты ішкі саясат бөлімінің бастығы. 2002 ж. Ұлттық зерттеулер инст-нын директоры, сарапшысы, ҚР Президенті жанындағы Қазақ стратег.

зерттеулер инст. директорының орынбасары, Қазақстан ұлттық зерттеулер инст-ның директоры, А. Сәрсенбайұлы қорының жетекшісі. 2010-2012 жж. Мемл. тілді дамыту қорының директоры, «Қазақ альманахы» журналының бас редакторы, 2010 ж. Қарағанды обл. Ұлытау ауд. әкімі. 2011 ж. Жезқазған қ. әкімі. 2012 ж. қаңтар-мамыр айларында ҚР Премьер-министрі орынбасарының кеңесшісі болды. 2012 ж. мамырда Арқалық қ. әкімі болып тағайындалды. Қазір «Сакралды Қазақстан» ғыл.-зерт. орт. басшысы. Бірқатар мемл. марапаттары бар.

Әбдіғапар Жанбосынұлы (1870, Торғай обл., Торғай уезі, Қаратورғай болысы – 21.11.1919, сонда) – қазақ халқының 1916-1917 жж. ұлт-азаттық қозғалысы Торғай ошағының басшысы. Қыпшақ Тілеулі батырдың ұрпағы. Болыс Жанбосынның отбасында дүниеге келген.

1916 ж. жазында Қаратоғай болысының, кейін бүкіл Торғай уезінің көтерілісшілерін бастап патша жарлығына қарсы шықты. Сол жылғы 21 қарашада Жалдама өз. бойында 13 болыс ел өкілдерінің құрылтайы Ә-ды хан көтерді. Ол көтерілісшілерді 20 адамнан тұратын халық өкілдерінің кеңесі арқылы басқарды. Бұл кеңес әскери, әкімшілік, шаруашылық мәселелерін шешетін басшы орт. болды. Жергілікті жерлерде Ә-дың жарлығымен елбегілер сайланды. Көтерілісті жақтаған болыстар өз орындарында қалдырылды. Көтерілісшілер ежелгі шығыс дәстүрімен ондық, жүздік, мыңдықтарға жіктелді. Ә. Кеңестердің Торғай обл. І съезіне (Орынбор, 1918 ж. наурыз) қатысып, кейін Кеңес өкіметінің саясатын жүргізуден бас тартты. Ә. Жангелдин жіберген қызыл әскерлер қолынан қаза тапты. Ұрпақтары «хан тұқымы» ретінде аяусыз қуғынға ұшырады.

М. Сейтжанов

Әбдікәрім мазары – 1917 ж. салынған. Малшыбай а-нан 109 км солтүстікте орналасқан. Салыну тарихы белгісіз. 1989 ж. «Казпроектреставрация» инст-ның архитекторлары өлшеу жұмыстарын жүргізген. Реставрациялық жұмыстар жүргізілген жоқ. Қабырғалары шикі кірпіштен өрілген. Цоколі бар, көл. 7,9х7,9 м болатын мазар. Күмбезге дейінгі биікт. – 6,2 м, аум. – 309 м³.

Әбдікеров Рысқали (18.06.1950, Қарағанды обл., Ақадыр ауд.) – тарихшы, саясаттанушы. Қарағанды мемл. универс-ін (1981), Алматы саясаттану және басқару инст-ын (1991) бітірген. 1981-1983 жж. комсомол қызметінде. 1991-1992 жж. Ақадыр ауаткомы төрағасының орынбасары, 1992-2000 жж. Ақадыр ауд. әкімінің орынбасары, Шет ауд. әкімінің бірінші орынбасары. 2001-2005 жж. Ақтоғай ауд., 2006-2007 жж. Ұлытау ауд. әкімі, 2008-2009 жж. Қарағанды обл. әкімінің орынбасары. 2009 ж. Шет ауд. әкімі. 2016 ж. наурызда Қарағанды обл. мәслихатының хатшысы болып сайланды. Мемл. марапаттары бар.

Әбдіраманұлы Шәмшиден (19.10.1937, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі) – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1997). Қазақ кен-металлургия инст-ын (1960) бітірген. 1960-1973 жж. «Білім

және еңбек» («Зерде») журналында бөлім меңгерушісі, Жезқ. кенішінің шахталарында кен шебері, учаске бастығы, кеніштің өнд. бөлім бастығы, Алжирдегі Айн-Барбар кенішінің бас инженері, ҚазКСР Жоспарлау комитетінің бас маманы, 1973 ж. ҚазПТИ-де аға ғыл. қызметкер, оқытушы, аға оқытушы, доцент, проф.

Ә-ның ғыл. фантастика жанрындағы «Елгезек электр» (1963), «Әл-Фараби көпірі» (1988), «Әл-мисақ» (1998) жинақтары жарық көрді. 130-дан астам ғыл. еңбектің (оның 11-і оқу әдебиеттері) авторы. Бұлардың ішінде мемл. тілде инженерлер даярлауға арналған «Кен жұмыстары технологиясының негіздері» (1990), «Жер астында кен қазу процестерін есептеу» (1991), «Жерасты кен қазу технологиясы» (1991), «Кеніштіашу және қазу» (1992), «Кен қазудың арнайы тәсілдері» (1992), «Жерасты кен қазу жүйелері (1993), «Жерасты кен қазу» (1996) оқулықтарымен қатар тау-кен ісіне арналған 3 тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) (1993, 1997) терминологиялық сөздіктері бар.

Әбдірахманов Рахымбек (1915, Ақмола обл., Ұлытау болысы, Қорғантас а. – 1998) 1940 ж. әскер қатарына шақырылып, әскери міндетін өтеп жүріп, соғыс басталған сәттен майдан даласына аттанады. Брест қамалы, Калинин, Харьков, Сталинград қ. үшін алапат айқасқа қатысады. «Сталинградты қорғағаны үшін» (1942), «Жауынгерлік ерлігі үшін» (1943) медальдарымен, III дәрежелі «Даңқ» орденімен (1944), Бас қолбасшының Алғыс хаттарымен марапатталған. Ә. бейбіт өмірде білікті а.ш. өндірісін ұйымдастырушы, дуалы ауыз, ел шежіресі, ғибратты әңгіме, қисса-жырларды таратушы ретінде танымал болған. Зейнет демалысына шыққан соң өмірінің соңына дейін өзі рухани ұстаз санайтын Ахмет ишан Оразайұлының мешіт-медресесінде шырақшы болды.

З. Қазанбаева

Әбдірахманов Айса (26.08.1941, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкенесі, Сарлық а. – 16.04.1998) – инженер-құрылысшы. Қарағанды мемл. политех. инст-ын бітірген. ҚазКСР еңб. сің. құрылысшысы. «Қазмысқұрылыс» тресі құрылымдарында шебер, прораб, құрылыс басқармасының бас инженері болып еңбек етті. 1975 ж. трест басқарушысының Жайрем құрылыс алаңы бойынша орынбасары. 1980 ж. өмірінің соңына дейін «Жайремтяжстрой» құрылыс-монтаж тресінің басқарушысы болды. Жайрем кентінде атында көше бар.

Әбдірахманов Қаражігіт Абдрахманұлы (1937, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) Қарағанды мемл. мединст-ын емдеу ісі мамандығы бойынша тәмамдаған. Ұлытау ауд. ауруханасында 1962 ж. дәрігер болып еңбек етіп келеді. Оның халықтың денсаулығын қорғау жолындағы ұзақ жылғы жемісті және сапалы еңбегі мемл. және қоғамдық органдар тарапынан лайықты бағасын алды.

Әбдірахманов Төлеген Мұсаұлы (1933) – инженер-металлург, ҚазКСР еңб. сің. металлургі (1973). Қазақ кен-металлургия инст-ын (1955) бітірген. 1955-1963 жж. Қарсақбай мыс қорыту заводында жұмысшы, ауысым шебері, металлургия цехы бастығының орынбасары, кәсіподақ комитетінің төрағасы, партбюро хатшысы болып істеді. 1963 ж. мыс қорыту заводының директоры болып тағайындалды. 1973 ж. ЖКМК партком хатшысы болып сайланды. 1973-1983 жж. Жезқ. мыс қорыту заводының бас инженері, завод директоры. 1990 ж. «Қазақмыс» корпорациясы президентінің кеңесшісі. ҚазКСР Мемл. сыйл. иегері (1986), Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Әбдірахманов Сираж (1915, Орал обл., Казталовка ауд – 1981) – ұстаз. Орал пединст-ын (1939) бітірген. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. 1938-1941 жж. Қарсақбай орта мектебі директорының міндетін атқарушы. 1940-1941 жж. Қарсақбай орта мектебі оқу ісінің меңгерушісі, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі және

ауд. оқу бөлімінің мектеп инспекторы міндеттерін қоса атқарған. 1966 ж. өзінің еңбек жолын бастаған №1 Қарсақбай орта мектебінің директоры болып тағайындалып, өмірінің соңына дейін жауапты міндетті ойдағыдай атқарды. ҚазКСР еңб. сің. мұғалімі (1980). Оның өнегелі өмірі мен азаматтық ұстанымы ұстаздық кәсіпті таңдаған бірнеше буын ұрпақ үшін мектеп болып қалды.

З. Ибраева

Әбдірахманұлы Тілеулі (шамамен 1690-1760) – қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресінде ерлігімен көзге түскен әскербасылардың бірі. Орта жүздің ұзын қыпшақ руынан. 1710 ж. үш жүздің билері мен батырлары бас қосқан Қарақұм құрылтайына, 1723 ж. жоңғарлармен Талас өз. бойында болған соғысқа, 1727 ж. қазақ жасақтарының жоңғар әскерін Біпеуті өз. аңғарында ойсырата жеңген шешуші шайқасына қатысып, ерлігімен көзге түскен. Бөгенбай, Қабанбай, Саурық, Тайлақ сынды батырлармен бірлесе отырып, Әбілқайыр ханға жасақ ұйымдастыруға белсене қатысқан. Қалмаққырылған, Қарақұм, Аңырақай шайқастарында 92 баулы қыпшақ руларының жасақтарын басқарған. 1738 ж. сан мыңдаған қыпшақ руының атынан Орта жүздің старшыны Т. қазақ халқының Ресейге өз еркімен қосылуы жөніндегі келісімге қол қояды.

Т. батырдың әйелі Жапалақ – Тама Есет батырдың қарындасы. Ал оның баласы Нияз Абылай ханның дуалы ауыз билерінің бірі болған. Т. батыр дүниеден өткеннен кейін өзінің аманаты бойынша Ақтөбе қ-нан 18 км жердегі қазіргі Бестамақ теміржол ст. маңындағы қорымда Тама Есет батырдың жанына жерленген.

Жоңғарлармен болған шайқастардың хас батыры Т-нің ерлігі мен қаһармандығы туралы Қазақ Ұлттық энциклопедиясында, ғалым М. Қозыбаев пен тарих ғыл. докт. З. Байдосовтың зерттеу мақалаларында, жазушы М. Сүлейменовтің «Хан Әбдіғапар» кітабында, жазушы Ә. Кекілбаевтың «Елең-алаң» (1984), Қ. Сәрсекеевтің «Смута» романдарында (1988) және Қ. Сапғариннің «Шақшақ Жәнібек» кітабында нақты деректер келтіре отырып баяндалған. 2007 ж. Жезқ. қ-ның бір көшесіне Т. батырдың есімі берілді, көше басына арнайы ескерткіш белгі орнатылды.

Әбдіраш Әлібек (1958, Қарағанды обл., Жезқазған ауд., Байқоңыр а.) – журналист. ҚазМУ-дің журналистика фак-ін бітірген (1982). Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1981), Қазақстан Журналистер одағы сыйл. иегері (1994). Жезқ. обл. телерадио хабарларын тарату комитетінде, обл. радионың өнеркәсіп және жастар редакцияларында тілші (1975-1980), «Жезқазған туы» газетінде өнеркәсіп, құрылыс және көлік бөлімінің меңгерушісі (1980-1992), «АСУ» (Адам. Сана. Уақыт) газетінің редакторы (1993-1994), респ. «Егемен Қазақстан» газетінде экономика бөлімінің меңгерушісі (1995-1997), халықар. «Қазақ Елі» газетінің Қарағанды обл. меншікті тілшісі (1998-1999), аймақтық «Мысты өңір» газетінде экономика жөніндегі редактор, бас редактордың орынбасары болды.

Әбеев Сейтжан (1934, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., 1 Май ауылкеңесі – 1988) – ұстаз. Қарағанды пединст-ын (1957) бітірген. Физика және математика пәнінің мұғалімі. №2 Қорғасын орта мектебінің мұғалімі және оқу ісінің меңгерушісі, №10 Сарыкеңгір орта мектебі онд. оқу ісінің меңгерушісі. 1966-1998

жж. ҚПТИ-дің Жезқ. жалпытехникалық фак.-ті филиалында, Жезқ. тау-кен технологиялық инст-да, Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-де доцент. Оқушылардың техникалық шығармашылығын дамытуда үлкен жетістіктерге жетті. Балалар қолымен аэрошаналар жасады, ракета модельдерін ұшырды, радио арқылы мұхиттағы кеңес кемелерімен тілдесті. Қолданбалы өнермен әуестенді. Қамшы өрді, пышақ, мүйіз шақша жасады. «Сызба геометрия» оқулығын жазды. 11 жасында «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалін иеленді (1945), «Үздік еңбегі үшін» (1967) және басқа медальдармен марапатталған.

Әбенов Ахат (17.09.1926, Ақтөбе губ., Торғай уезі, Қызылжыңғыл а. – 27.12.2007) 1942-1944 жж. ұжымшар мүшесі. 1944-1947 жж. әскер қатарында болды. 1948-1986 жж. «Пионер», «Байқоңыр» ұжымшарларында мал санитары, мал фельдшері, кейін «Байқоңыр», Сәтбаев ат. кеңшарларда ферма басқарушысы. Қарақұмда қой шаруашылығын дамытып, оның өнімділігі мен сапасын арттыруға үлес қосты. Отан алдындағы ерен еңбегі үшін Октябрь революциясы (1971), Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Әбенов Зияда (1901, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 1937) – бағаналы Сандыбай батырдың немересі, кеңес және кәсіподақ қызметкері, қоғам

қайраткері. Кеңес өкіметі орнаған кезде қойшы, ЧОН отрядының жауынгері болған. 1926 ж. ВК(б)П мүшесі. Қарсақбайда ФЗО мектебін бітірген. 1929 ж. Түрксіб теміржолының құрылысына кіреді. Қазақ теміржол құрылысы жұмысшыларының кәсіподақтары комитетінің төрағасы болып сайланған. Осы жылдары КазЦИК-тің мүшесі болды. 1935 ж. Мәскеуге қызметке шақырылады. КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің аппаратында жауапты қызметкер, КСРО Теміржол қатынастары халкоматында инспектор. 1937 ж. Мәскеудегі Сталин ат. Бүкілодақтық транспорт академиясына оқуға түседі. Осы оқу орнында тыңдаушы болып жүргенде 1938 ж. 10 маусымда тұтқындалған. Түрксіб теміржолындағы Кеңес өкіметіне қарсы ұлтшылдық-террорлық ұйымының ісіне белсене қатысқаны үшін деген жалған жаламен 1938 ж. 27 қыркүйекте атылған. Кейін толық ақталды.

ҚазКСР еңб. сің. дәрігері Әбенова Забираның әкесінің інісі Ө. туралы мұрағат деректеріне негізделген «Құйынды жылдардың құрбаны» деген тақырыппен зерттеу кітабы (Қарағанды, 2013) жарық көрді.

Әбенов Төлеген (20.10.1916, Ақмола обл., Атбасар уезі, Терісаққан болысы – 13.11.1977) – II дүниежүзілік соғыс ардагері. Қарсақбай ФЗО мектебін (1933) бітірген. 1933-1942 жж. Байқоңыр көмір ошағының №9 шахтасында, «Талап» ұжымшарында есепші болған. ҰОС-на қатысқан, I топтағы мүгедек. 1946 ж. КСРО Мемл. банкі Ұлытау ауд. бөлімшесінің есепшісі, бас есепші, 1949 ж. бөлімше басқарушысы. 1964-1972 жж. Жезді ауд. тұтынушылар одағының, КСРО Жинақ кассалары ауд. бөлімшесінің бастығы. 1972 ж. зейнеткерлікке шыққанша КСРО Мемл. банкі Ұлытау ауд. бөлімшесін басқарды. Жауынгерлік ерлігі, бейбіт еңбектегі жетістіктері үшін Қызыл Жұлдыз орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерлік еңбегі үшін В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», т.б. медальдармен марапатталған.

Әбиев Білал (1900, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ақтұма а. – ө.ж.б.) 1917 ж. Атбасар ауд. Құлымбай а-да малайлық еткен. 1926-1934 жж. Жезқ. кенішінде кен қазушы, кеніш басқарушысының орынбасары, мыс қорыту заводы партқомының хатшысы. 1936-1937 жж. Ап-

матыдағы марксизм-ленинизм инст-ның тыңдаушысы. 1937 ж. марксизм-ленинизм инст-ның екінші курсынан Байқоңыр көмір кенішінің партком хатшысы қызметін атқаруға арнайы жіберілген. 1938-1940 жж. Қарсақбайда, Қарағанды қ. Сталин аупарткомының бірінші хатшысы. Мемл. марапаттары бар.

Әбсалықов Амантай (1942, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Айыртау ауылкеңесі) Алматы халық шаруашылығы инст-ын (1968), Алматы жоғары партия мектебін (1979) бітірген. Еңбек қадамын ЖКМК №45 шахтасында жұмысшыдан бастаған. 1973-1997 жж. Жезқ. қалалық, обл. партия комитеттерінде жауапты қызметкер, Қаражал қ. партия комитетінің II хатшысы. Жезқ. обл. әлеум. қамтамасыз ету басқармасының бастығы, Ақадыр ауд. әкімшілігінің басшысы. «Қазақмыс» корпорациясы жүйесінде еңбек етті, директорлар кеңесінің мүшесі болды. «Еңбектегі ерлігі үшін» және т.б. үш медальдың иегері.

Әбсаттаров Бектай Әшірбекұлы (1923, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Қарсақбай кенті – 29.09. 2002) – металлург, II дүниежүзілік соғыс ардагері. Еңбек жолын Қарсақбай мыс зауытында бастаған. 1942 ж. 17 маусымда өз еркімен майданға аттанған. Солт.-Батыс майдандағы артиллерия батальонының құрамында Курск доғасындағы ұрыстарға, Берлинді алуға қатысқан. Аумақтық партия органдарында, қалалық және ауылдық сауда жүйесінде жауапты қызметтер атқарған. I және II дәрежелі «Отан соғысы», екі мәрте Қызыл жұлдыз, III дәрежелі «Даңқ» ордендерінің және бірнеше медальдың иегері. Жезқ. қ-нын Құрметті азаматы.

Әбсаттаров Мұталап Бектайұлы (1958, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті) Қарағанды политех. инст-ның Жезқ. бөлімшесін, Л. Гумилев ат. ЕҰУ-ді, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары мемл. басқару мектебін (1997) бітірген. Инженер-механик, экономист-менеджер. Техн. ғыл. канд. (1988), доцент. 1992-1996 жж. Жезқ. қалалық мәслихаты тексеру комиссиясының төрағасы. 1997 ж. ҚР Көлік және коммуникациялар министрлігінде бас маман, департамент директорының орынбасары, 2000 ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінде ғылым және әкімшілік департаменттері директорының орынбасары. 2001 ж. Экономика және сауда министрлігі жанында ұйымдасқан Азия Даму Банкісінің шақыруымен кедейшілікпен күресудің ұзақ мерзімді мемл. бағдарламасын дайындау жөніндегі компанияның (АҚШ) инфрақұрылым экономикасы секторында ұлттық кеңесші, 2002 ж. «Ақжол» ДП аппараты жетекшісінің орынбасары. Қазір ҚР Президенті Әкімшілігінде жауапты қызметкер.

Әбілдаев Жамбай Қалауұлы (14.06.1947, Жамбыл обл., Шу ст. – 03.08.1991) – техн. ғыл. канд. Ұлытау орта мектебін тәмамдаған соң Шымкенттегі Қазақ химия-технологиялық инст-ын бітірген. 1971-1991 жж. Қазақстан ҒА Химия-металлургия инст. силикаттардың физика-химия зертханасында инженер, зертхана меңгерушісі. Жұмысының негізгі бағыттары – силикаттар химиясы, жаңа құрылыс материалдарын жасау технологиясы. Сәтбаев қ-да шыны бұйымдарын жасау цехын ұйымдастырды. Цемент тозаңдарынан Жезқ. кеніші шахталарында кен алынған қуыстарды бітейтін жаңа материал жасап, өндіріске енгізді.

Әбілдина Ғайнижамал – КСРО Кинематографистер және Жазушылар одақтарының мүшесі, Халықар. Ақпараттандыру академиясының акад., Т. Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, «Алтын жұлдыз»

номинанты, қазақ кинопедагогикасының негізін салғандардың бірі. Әл-Фараби ат. ҚазМУ-дің журналистика факін (1976) бітірген. Еңбек және шығармашылық жолын «Жаңа фильм» журналының редакторлығы қызметінен (1976) бастаған. 1976-1983 жж. «Жаңа фильм» журналының, 1985 ж. ҚазКСР Мемлекеттік кинематография комитеті әдістемелік комитетінің редакторы, 1985-1996 жж. «Қазақтелефильм» студиясының сценарийлық редколлегия редакторы, 1996-1999 жж. «ТАҢ» телекомпаниясының бас редакторы қызметтерін атқарған. 1999 ж. Т. Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясының оқытушысы, 2001-2003 жж. «Телевизия» кафедрасының меңгерушісі, 2003-2004 жж. «Кино және ТВ» факультеті әдістемелік орт. басшысы, 2005-2008 жж. «Кино және ТВ» факультетінің деканы. Бүгінде «ТВ режиссурасы» кафедрасының профессоры, телелаборатория меңгерушісі. Шығармашылық жолында 100-ге тарта деректі, мультипликациялық фильм-монологтар авторы, редакторы, режиссері («Қазақтелефильм» студиясы) болған. Ұлытау жайлы тұңғыш «Ұлытау – ғасырлар үні» телефильмі сәтті шықты. Авторлық «Күнтізбек», «Ниет», «Ғайнижамал сырласуға шақырады» және «Портрет» бағдарламаларын шығарып, 200-ге тарта телехабарлар авторы әрі режиссері («ТАҢ» телекомпаниясы) болған.

Әбілғазин Бақытжан (1985, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі) – а.ш. ғыл. канд. 50-ден астам ғыл. еңбектің авторы. ҚР АШМ мал шаруашылығы және ветеринария ғыл.-өндірістік орт-да докторантурада оқыды. 1992 жылы құрылған Аманкелді ауылд. округінің Усабай елді мекеніндегі 1000-нан астам қойы бар «Әбілғазин Б. Асыл тұқымды шаруа қожалығының» (ҚР АШМ №666 бұйрығы, 30.12.2003) жетекшісі. Қой тұқымының түрі – қазақтың құйрықты, ұян жүнді қарғалы типті қойы.

Әбілқайыр хандығы (Өзбек ұлысы, Көшпелі өзбектер мемлекеті, Шейбан ұлысы) (1428-1468). Ақ Орда сұлтандарының билікке таласу күресін жеңіп, 1428 ж. Жошы ханның бесінші ұлы Шейбанның ұрпағы Дәулет Шайхтың баласы Әбілқайыр сұлтан хан болып, Сібір қыпшақтарының көмегімен Ақ Орда жерінде өз мемлекетін құрған. Оның хандығының құрамына қият, маңғыт, арғын, найман, қоңырат, қыпшақ, қарлық, үйсін, т.б. тайпалар кірген. Ә.х-ның шекарасы батыста Оралға, шығыста Балқашқа, оңт-те Арал мен Сырдарияға, солт-те Тобыл мен Ертіске дейін жеткен. 1431 ж. бастап 1446 ж. дейін астанасы Кеңгір өз. бойындағы Орда Базарда орналасқан. Әбілқайырдың билігіне наразылық танытқан Керей және Жәнібек сұлтандармен текетіресінің нәтижесінде қазақтар жеке ұлысқа бөлініп, Қазақ хандығын құрған.

М. Сейтжанов

Әбілқайыр хан (1412-1468) – көшпелі өзбек хандығының негізін қалаушы және соңғы ханы. Жошының бесінші баласы Шайбаннан тараған. 1428 ж. 16 жасар Ә-ды қыпшақтар бастаған Сібір тайпалары Тура қ-да хан сайлады. 1431 ж. Орда Базарға ие болып, Ақ Орданың тізгінін қолына алды. 1446 ж. астанасын Сығнақ қ-на орнатты. Билікке келісімен Орыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандарға қарсы қатаң саясат ұстанып, жер мәселесіне келгенде оларды кемсітіп, шиеленісті күшейтіп жіберді. 1457 ж. ойраттардың алғашқы шабуылында жеңіліс тауып, олармен ел намысын жерге таптайтын келісім-шарт жасасуға мәжбүр болды. Бұл келісім бойынша ойраттар елдеріне үлкен көлемде мал мен қалыңдық алып кеткен. Оған қоса Ә.х-ды қолдаған қарақыпшақтардың Қобыландысы Керей мен Жәнібекті жақтаған арғындардың Ақжол биін өлтіріп, өзбек ұлысы қақ

бөлінеді. Наразылық танытқан екі сұлтан қарамағындағы елімен Моғолстандағы Шу өз. алабына келгенде, оларды Есенбұға батыс жерлерін қорғаушы ретінде бағалап, құшақ жая қарсы алды. Сол жерде қазақтар өз хандығын құрды және Керейді хан сайлады. Ә.х. «бүлікшілерді» жазалауға аттанғанда, 1468 ж. Түркістан қ-да қайтыс болады. Оның қол астындағы ел бірте-бірте қазақтарға келіп қосылады. Ә.х-ға жақын өзбек сұлтандары мен оларды қолдаған шонжарлар Мәуераннахрға көшеді.

М. Сейтжанов

Әбілов Қапет (1940, Қарағанды обл., Ұлытау а.) Ұлытау орта мектебін (1958) бітірген. «Ұлытау» кеңшарында механизатор болды. 1978 ж. Куйбышев қ-ғы (қазіргі Самара) полиграфиялық техникумды бітірген. 1973 ж. наурыз айынан бастап 2005 ж. мамыр айына дейін баспахана меңгерушісі қызметін атқарған.

Әбілтаев Шәміл (1948, Атырау обл.) – домбырашы, композитор-күйші. Құрманғазы ат. халықар. қор президенті. Құрманғазы ат. Алматы мемл. консерваториясын (Қ. Жантілеуов пен К. Мұхитовтың домбыра класын) бітірген. Ә. домбырада төрт жасынан бастап ойнаған. Оның домбырашы ретінде қалыптасуына Көшелі, Кәмеш, Серкебай сияқты белгілі күйшілер үлкен ықпал еткен. Ә. композитор ретінде де танылды. Ә-тың «Заман-ай», «Домалақ ана», «Шақшақ Жәнібек», «Ұлытау» сияқты күйлері, «Күй ата», «Ордабасы», «Аңсау», «Өріккүл» сияқты әндері көпшілікке белгілі. Ұлытаулықтар К. Салықовтың сөзіне жазған «Төрт босаға» әнін жылы қабылдады. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Әбіұлы Жанәлі (1902, Орынбор обл., Торғай уезі, Қайдауыл болысы – 1966) – II дүниежүзілік соғыс ардагері, халық емшісі. Әскерге шақырылғанға дейін Жезқ. ауд-ғы №10 а-да а.ш. саласында еңбек еткен. ҰОС басталсымен майданға аттанған. Құралайды көзге атқан мерген болған. Жауынгерлік ерлігі үшін 1942 ж. III дәрежелі «Даңқ» ордені. 1943 ж. Қызыл Ту орденімен марапатталған. Майданнан ауыр жарақаттанып, мүгедек болып оралса да мал шаруашылығын дамытуға үлес қосты. Сонымен бірге емдік шөптерді жинап, тамырын да алып,

өңдеп, ауыл тұрғындары арасындағы ауру-сырқауларды емдеген.

Әжбенова Гүлжауһар Тақашқызы (1958, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., 1 Май ауылкеңесі) – «Жас талап» комсомол-жастар бригадасын ұйымдастырушылардың бірі. Біраз жыл аға шопан болды. Сәтбаев қ-ғы мәдени-ағарту училищені бітірген. 1990 ж. «Қаракеңгір» кеңшарында клуб меңгерушісі. Нарыққа көшу кезеңінде клуб ғимаратын, музыкалық аспаптарын, басқа мүлкін талан-тараждан сақтап қалды. Талантты мәдениет қызметкерінің шығармашылық, мәдени-көпшілік жұмыстарына ауылдастары риза. Ә. Бүкілодақтық орт. кәсіподақтар кеңесінің «Кәсіподақ мәдени-ағарту мекемесіндегі үздік еңбегі үшін» төсбелгісінің, Бүкілодақтық халықтық көркемөнерпаздар фестивалі грамотасының, Қарағанды обл. әкімінің «Алтын қобыз» сыйл. иегері.

Әжі (Қажымұханбет) қожа (т.-ө. ж.б.) – жоңғар шапқыншылығы тұсында Терісаққан бойындағы арғын-сүйіндік-малай елінің қожасы. Бұл кезде қожалар топ-тобымен ел аралап, ислам ілімін уағыздап, халықтың сауатын ашып жүреді екен. Сондай бір кездесу-

лерде ауып ақсақалдарының көзі шетте отырған 13 жасар жасөспірімге түсіп, піріміз осы болсын деп Ә.қ-ны таңдапты. Ә.қ. алғыр, зерек, білімді болған Ауылды имаңға ұйытып, ислам құндылықтарын бойына сіңірген. Жау шапқанда жігіттердің басын қосып, елдің берекесін алған қаскүнемдерге тойтарыс беруге үндеген. Қажылық парызын орындау үшін Меккеге бара жатқан жолда қайтыс болып, Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген. Ұрпақтары Ұлытау, Онт. Қазақстан, Қызылорда обл-да тұрып жатыр.

Әжібеков Файзолла Жаныбекұлы (1958, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Жезді кенті) – инженер-құрылысшы.

Қарағанды мемп. политех. инст-ын (1980) бітірген. 1980-1992 жж. Жезді марганец кен басқармасының еңбекті ұйымдастыру және еңбекақы бөлімінде инженер-экономист, кеңшар жұмысшылар комитетінің төрағасы, Жезді аупарткомында идеология, кейін ұйымдастыру бөлімдерінің меңгерушісі, Жезді ауд. кеңесі аппаратының жетекшісі болды. 1995 ж. кәсіпкерлікпен шұғылданады. «Марганец» ЖШС ұйымдастырып, жылу, ауыз су және канализация жүйесін салу және жөндеу, металл конструкцияларды құрастыру, инженерлік коммуникациялар тарту, абаттандыру жұмыстарын жасауды игерді. Ауд-ның 15 елді мекенінде серіктестік мамандары қызмет көрсетеді.

Әжім алтын кені – Қорғасын а-нан солт.-батысқа қарай орналасқан. 1933 ж. геол. барлау жұмыстарының нәтижесінде алтын табылған. Кен слюдян сланецтерінде орналасқан кварц-кальцит арқауларынан құралған. Қуат теренд. – 2-3 м. Құрамында мысты минералдар, карбонат, қорғасын жылтырағы, пирит байқалған. Кен орны алтын мен күміске бай.

Әдеб К.И. Сатпаев. Избранные труды. Т.2 А-А.1968 г. *М. Сейтжанов*

Әзімбаев Байзақ Әзімбайұлы (1943, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Бірлестік ауылкеңесі, Жыланды а.) – зоотехник-инженер, мемл. қызметкер. Қарағанды мемл. пединст-ын (1966), Целиноград а.ш. инст-ын (1982) бітірген. Физика және химия пәндерінің мұғалімі. 1966-1983 жж. Жезді ауд-да мұғалім, ауд. комсомол комитетінің бірінші хатшысы, ауатком төрағасының орынбасары, ауд. халықтық бақылау комитетінің төрағасы. 1983 ж. «Сарысу» асыл тұқымды қой заводының партком хатшысы, 1986 ж. XXIII партия съезі ат. кеңшардың директоры, 1993 ж. Сарысу ауылд. округінің әкімі. XXIII съезд ат. кеңшарды басқарған жылдары білікті маман, іскер ұйымдастырушы екенін көрсеткен. Зиянға батқан шаруашылықтың рентабельді табыспен жұмыс істеуіне қысқа мерзімде қол жеткізген.

Әйтеке (Айтық) би Байбекұлы (1682-1766) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Ә. бес жасында молдадан оқып сауатын ашқан.

Шешендік қасиетінің ашылуына әкесі мен Қосуақ бидің ықпалы тиеді. Жеті жасынан бастап Ә. Жалаңтөс батыр мен атасы Ақша ханның тәрбиесінде болады. Алғаш Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс салдырған әйгілі «Тілла-кари», «Шердор» медресесінде дін, құқық, аспан әлемі, тарих, математика пәндерін, араб, пар-

сы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шыққан. Ақша бабасынан елшілік, ел басқару жолдарын үйренеді. Ал Жалаңтөс әскери қолбасшылық дағдыларына үйреткен.

Медресені тәмамдаған Ә. туған ауылына оралып, әкесімен ел басқару істеріне араласа бастайды. 21 жасында Бұхара мен Самарқан төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақтардың бас биі болады. Ал 25 жасында Кіші жүз елі бас би етіп сайлайды. 1680 ж. Салқам Жәңгірдің ұлы Тәукені хан етіп сайлауға айрықша ат салысады. Кейін Тәуке хан құқықты «Хан кеңесін» енгізіп, Ә. Кіші жүз атынан осы кеңестің мүшесі болып сайланған. Осы тұста елге жаңа заң үлгілерін жасау керек болды. Тәуке хан, Әнет баба, Соқыр Абыз, Майлы, Төле, Қазыбек, т.б. билердің қатысуымен «Жеті жарғы» қабылданды. Ә. ресми түрде хан кеңесшісі болды. 25 жасынан бастап Кіші жүздің бас биі ретінде алғашында Ордабасыда, содан кейін Күлтөбе мен Ұлытауда жыл сайын өткізілетін үш жүздің басшылары мен беделді адамдары бас қосқан жиындарға тұрақты қатысып тұрады. Тәуке ханнан бастап дәстүрге енген бұл жиындарда ұлт бірлігін нығайту мәселелері талқыланып, жүздер мен рулардың арасындағы өзара келіспеушіліктен туындайтын даулар шешілетін болған. Ә.б. Ташкенттен 75 км жердегі Қауыншы және Шыназ а-ры маңында жерленген.

Әкпаров Серікбай қажы (1941, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Терісаққан а. – 2011) 1948 ж. орта мектеп табалдырығын аттап, 1958 ж. бітірді. Сол жылы Алматы қ-ғы байланыс техникумына түсіп, радист мамандығын алып шықты. 1960-1992 жж. Ұлытау ауд. бас радист боп қызмет атқарды. 1992-2005 жж. Ұлытау ауд. тұңғыш бас имамы.

Әкпаров Қондыбай қажы Серікбайұлы (1978, Жезқазған обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) Ұлытаудағы №1 қазақ орта мектебін (1995) бітірді. Алматы Ислам универс-ін (1997) тәмамдаған. 1997-2000 жж. Жезқ. қ-ның орт. мешітінде, 2000-2003 жж. Алматы қ-ның орт. мешітінде наиб-имам қызметін атқарды. 2003 ж. 30 мамырда ҚМДБның Өскемен өңіріндегі өкіл имамы, Өскемен орт. мешітінің бас имамы болып тағайындалды. 2011-2013 жж. Жезқ. мешітінің, 2014-2015 жж. Астана қ-ғы «Әс-салам» мешітінің бас имамы. Каирдың Алиаскер мешітінде, Түркия мешіттерінде тағылымдамадан өткен. 2015 ж. Сәтбаев қ. мешітінің бас имамы болды.

Әкім – жергілікті атқ. биліктің басшысы. ҚР Конституциясына сәйкес обл., респ. маңызға ие қалалардың, астананың әкімдерін Премьер-министрдің ұсынысына орай ҚР Президенті, басқа әкімшілік-аумақтық бөліністердің (қала, аудан, кент, ауыл) әкімдерін жоғары тұрған әкімдер тағайындайды. ҚР Президенті өзінің шешімімен оларды жұмыстан босата алады, сонымен қатар жергілікті мәслихат депутаттарының көпшілік дауыспен ә-ге сенімсіздік көрсетіп, орнынан босату жөнінде Президентке және жоғары тұрған әкімге мәселе қоюға құқығы бар.

Ә. аймақтағы ҚР Президентінің өкілі болып табылады, өзі басшылық жасайтын әкімшіліктің қызметі үшін жауап береді және өзінің жұмысын мәслихаттың қызметімен үйлестіріп отырады. Меншіктік пішімдеріне қарамастан, аумақтағы барлық кәсіпорын, ұйым, ме-

кеме басшылары мен азаматтары үшін орындауға міндетті қаулылар мен өкімдер қабылдайды. Заңдар, Президент Жарлықтары, Үкімет актілері шегінде қызметін атқара отырып, өзі басшылық ететін аймақтың экономикалық және әлеум. даму жоспарларын жасауға және оларды іске асыруға басшылық етіп, тікелей қадағалап отыруы міндет. ҚР Конституциясы бойынша ә. жергілікті атқ. органның басшысы ретінде 1995 ж. қазанда енгізілді.

Әлиакпаров Қаппас (1918, Ақмола обл., Атбасар уезі, Терісаққан болысы). 1930 ж. анасы ұлдарын жинап алып: «Қысы жылы, жері құнарлы оңтүстікке көшейік», – деп ой салды. 1932 ж. Ә. Мақтаараллға баратындардың тізіміне ілегіп, Жосалы арқылы Шымкентке келді.

ФЗО мектебінде радист мамандығын меңгерді. Шымкентте а.ш. техникумында оқып жүргенде 1939 ж. әскерге шақырылған. ҰОС-ның алғашқы айларында жау қолына тұтқынға түскен. Одан қашып шығады. Ровно маңайында әрекет етіп жатқан атақты Д. Медведевтің «Жеңімпаздар» партизан отрядына кіреді. Кеңес Одағының Батыры, барлаушы-партизан Н.И. Кузнецовпен бірге қимыл жасаған. Берлинді алу үшін болған айқаста ауыр жараланған. Елге оралған соң Қарсақбай мыс зауыдының өнд. буындарында жұмыс істеген. 1962 ж. Жезқ. үй құрылысы комбинатында директордың орынбасары. I және II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, жауынгерлік ерлігі және еңбектегі жоғары өнд. көрсеткіштері үшін медальдармен марапатталған. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Әлменбет Арман Ерланұлы (08.03. 1991, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) – жас жазушы. 2008 ж. Әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дің филология фак-ін бітірген. 2010-2015 жж. «Қазақ әдебиеті», Қарағанды обл. «Орталық Қазақстан» газеттерінде тілші. 2015 ж. екінші жартысынан бастап респ. «Бекзада» журналының бас редакторы. 2013 ж. мемл. «Жас толқын» бағдарламасы бойынша «Жалын» баспасынан «Режиссердің түстері» атты прозалық шығармалар жинағы жарық көрген. 2015 ж. өткен «Алтын көпір» аудармa байқауында Ю. Казаковтың «Пропасть» атты әңгімесін аударып, орыс тілінен қазақ тіліне прозаны аудару аталымы бойынша I орын иеленген.

Әлменбетов Көкман Әлменбетұлы (1923, Ақмола губ., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы, Талап а. – 1998, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) ҰОС-на қатысқан. Соғыстан кейін Ұлытау өңірінде а.ш. саласында еңбек етті. Мал бақты, ферма зоотехнигі, меңгерушісі болды, еңбекшілер депутаттары ауылд. кеңесі атқомының хатшысы болып сайланды. 6 мәрте ауылд. кеңестің депутаты. Майдан даласындағы ерлігі және соғыстан кейін бейбіт еңбекте жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін «Отан соғысы» орденінің I және II дәрежесімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында фашистік Германияны жеңгені үшін», «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «Тың жерді игергені үшін» және басқа 8 медальмен марапатталған.

Әлмұхамбетов Тәшібай (15.09.1910, Қостанай обл., Камышин ауд., «Бестау» кеңшары – 02.12.1943, Қазан қ.) – ақын. 1932-1941 жж. Қарсақбайда, Жезқ., Семей қ-да мұғалімдік қызмет атқарған. Алғашқы өлең, әңгіме, очерктері «Қызыл кеңші» (Қарсақбай), «Екпінді» (Семей),

«Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газеттерінде, «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналында жарияланған. «Он алтыншы жыл» (1940), «Тарту» (1940), «Жыр аманаты» (1978) жинақтары жарық көрген. 1941-1943 жж. «Отан», «Отан үшін», «Қарағай», «Жігітті мақтап не керек», т.б. өлеңдері жауынгерлер арасына кең тараған. 1942 ж. әскер қатарына шақырылып, майданға аттанады. 1943 ж. қарашада Дон өз. бойында жарақаттанып, Қазан госпиталінде дүние салған.

Әлібаев Арыстанбай (1933, ОҚО, Қарсақбай ауд., Терісаққан ауыл кеңесі – 1999, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Жезді кенті) Жезді мектебінде орта білім алған. 1950 ж. 6 маусымда Жезді марганец кеніштндегі шахтада еңбек жолын бастайды. Бұрғылаушы мамандығын жетік меңгерген. Өнд. тапсырмасын үнемі асыра орындады. Ленин орденімен (1968), «Шахтер даңқы» орденінің барлық дәрежесімен, медальдармен марапатталған. Жезді ауд. Құрметті азаматы.

Әлібеков Совет Әжібайұлы (1935, ОҚО, Қарсақбай ауд., Кішітау ауылкеңесі) Қарағанды мединст-ын (1960) бітірген. Ұлытау ауд. ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары (1960), бас дәрігері (1963), Жезді ауд. ауруханасының бас дәрігері (1970-1995), Жезқ. қалалық мүгедектер қоғамының төрағасы. Еңбек Қызыл Ту орденінің (1971) иегері, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі (1972), Жезді ауд. Құрметті азаматы.

Әлімбетов Әлен Бимағанбетұлы (1940, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Құлат өз. бойы – 2004, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – экономист. Шахтада еңбек ете жүріп Жезді кешкі орта мектебін, ҚазМУ-ді бітірген. Ғ. Мүсірепов ат. балалар мен жасөспірімдер театрында әртіс (1960-1962), Жезқ. қалалық телестудиясының режиссері (1962-1963), Жезқ. құрылыс техникумының оқытушысы (1963-1965), Ұлытау ауд. Аманкелді ат. кеңшардың бас экономисі (1965-1972), «Кеңгір» кеңшарының бас экономисі (1972-1975), Жезқ. су құрылысы тресінің бас бухгалтері (1975-1978), Жезқ. автомобиль көлігі бірлестігі кәсіпорнының бас бухгалтері (1978-1986), ЖезУ-де оқытушы (1999). Бірнеше ғыл. жарияланымның авторы. Ұлытау өңірінде ауыл мәдениетін өркендетуге, көркемөнерпаздар ұжымдарын ұйымдастыруға атсалысқан.

Әменов Сұлтан Хасенұлы (15.01. 1924, Қарағанды обл., Тельман ауд. – 12.20.10, Қарағанды қ.) Алматыда Қазақ зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1954) бітірген. 1942-1945 жж. ҰОС-на қатысқан. 1945-1959 жж. Қарағанды қ-ғы бухгалтер-экономистер оқу комбинатында курсант, «Қазаққөмірбарлау» тресінде жоспарлаушы-нормалаушы, аға инженер, Тельман ауд. Ростов МТС-да, «Топар» кеңшарында бас зоотехник. 1959 ж. Тельман аупарткомының екінші хатшысы, 1962 ж. Жезді селолық аумақтық-өндірістік а.ш. басқармасының бастығы, 1965 ж. қантарда Жезді аупарткомының бірінші хатшысы болып сайланды. 1971 ж. Қарағанды обл. а.ш. өнімдерінің көлемі және сапасы жөніндегі инспекциясының бастығы,

1973 ж. Жезқ. обл. а.ш. баскармасының бастығы, обл. жоспарлау комиссиясының төрағасы, Жезқ. облаткомы төрағасының орынбасары. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған. Жауынгерлік және жоғары еңбек көрсеткіштері үшін I және II дәрежелі «Отан соғысы», Еңбек Қызыл Ту, екі мәрте «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Әмір Темір (Ақсақ Темір) (09.04. 1336, Кеш (Шахрисабыз) қ. – 18.02. 1405, Самарқан қ.) – қолбасшы, мемлекет қайраткері. Темуридтер империясының негізін қалаушы. Барлас руынан шыққан Тарағай бектің отбасында дүниеге келген. 1370 ж. бастап Мауераннахрды билеген. Жас кезінде Түркістан маңындағы бір шайқаста аяғынан жарақаттанған. XIV ғ. 70-жж. оның қолбасшылық дарыны толық ашылып, атақ-даңқы жер жүзіне тарады. Осман империясы мен Орталық Азия аймағында ол Ақсақ Темір есімімен белгілі болды. Бірнеше дүркін жойқын жорықтан соң Алтын Орданы күйретті. Ә.Т. 1370-1390 жж. Тоқтамыс хан мен Едіге әмірдің арасындағы алауыздықты шебер пайдалана отырып, Ақ Орда мен Моғолстанға 10-нан астам жойқын соғыс жорығын жасады. 1391 ж. Тоқтамысқа қарсы ұйымдастырған жорығында Ұлытауға ат басын тіреп, Алтыншоқы деген төбеге белгі тасын қалдырған.

М. Сейтжанов

Әміралин Әбілқасен (1912, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 1991, Жезқ. қ.) – Ұлытау өңірінен шыққан тұңғыш журналист. Қарсақбай ауд. «Қызыл кенші», Ұлытау ауд. «Коммунизм туы» газеттерінде редактор. Қарағанды обл. «Советтік Қарағанды» газетінің бөлім меңгерушісі болған. Жезқ. обл теле-радио хабарларын тарату комитетінде бас редактор болып істеген. 1943 ж. Шашубай мен Болманның айтысын ұйымдастырған, өзі ақын Иманжан Жылқайдаровпен айтысқан. Қарсақбай-Жезқазған өңірі өнеркәсібінің дамуы жайлы «Арқада туған алып» атты публицистикалық шығарма (1985) жазған. Қазақстан Журналистер одағының алғашқы мүшелерінің бірі. Бірнеше медальмен марапатталған.

Әубәкіров Тоқтар (27.07.1946, Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) – қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, сынақшы ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры (1988), ҚР Халық Қаһарманы (1995), техн. ғыл. докт. (1998), проф. (1997), Қорқыт Ата ат. Қызылорда мемл. универс-нің құрметті профессоры. РФ Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесін (1969), Мәскеу ұшқыш-сынақшылар мектебін (1976), Мәскеу авиация инст-ын (1976) бітірген. 1990 ж. ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 ж. 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орт-да ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. 1991 ж. 10 қазанда Жерге оралды.

Ә. қазақ еліндегі ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіру-

ге, жастар арасындағы әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарына белсене араласты. 1992-1994 жж. ҚР Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары, ҚР Ұлттық аэроғарыш агенттігінің бас директоры, Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары. 1996 ж. ҚР Президентінің кеңесшісі, ҚР Қауіпсіздік кеңесі хатшысының орынбасары. ҚазКСР XII-XIII шақырылған Жоғарғы Кеңесінің, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (2004) болып сайланған. ҚР-ның «Отан» орденімен (1995), КСРО-ның Ленин (1988), Октябрь революциясы (1991), «Құрмет белгісі» (1987) ордендерімен марапатталған. Жезқ. қ-ғы оқушылар сарайына Ә. есімі берілген.

Әубәкірова Сәуле Әнуарбекқызы (13.06.1944, Қарағанды қ., Киров ауд.) Қарағанды кооператив училещесін (1963), Целиноград қаржы техникумын (1978) бітірген. Ұлытау ауд. қаржы және экономика бөлімінде бас қаржыгер болып істеген. Әншілік өнерімен жерлестерін тәнті етті. Жезтаңдай әнші ауд. Мәдениет үйі жанынан құрылған «Тау гүлі» халықтық ән-би ансамблінің белсенді мүшесі. 1978-1981 жж. Алматы, Қостанай, Мәскеу қ-да өнер көрсеткен. «Алтын алқа» иегері.

Әуезов Мұхамеджан (1949, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Жезді кенті – 2006, Жезқазған қ.) – техн. ғыл. докт. (2001 ж.), проф., ҚР ЖҒА акад. (2003). Қарағанды мемл. политех. инст-ын (1972) бітірген. КСРО Қара металлургия министрлігі «Урал-Руда» бірлестігінде ауысым шебері, техникалық жетекші, бас инженер, карьер, шахта бастығы (1972-1981). Жоғары оқу орнында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан. 2000-2006 жж. ЖезУ-дің Тау-кен және инженерлік инст-ның директоры. 50-ге тарта ғыл. еңбектің авторы. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Шығ.: «Пайдалы қазбаларды шағын қуатты кен орындарында өндеу кезіндегі кен қопару технологиясын зерттеу және жетілдіру» (1982), «Кен орындарын қазу кезіндегі жарылыс жұмыстарының технологиясы мен қауіпсіздігі» (1996), «Жерасты жарылыстары кезінде контурадан тыс сілемдердің беріктігін арттыру әдіснамасы» (2001), «Жерасты жағдайындағы кеннің сапасы және массивтік контур сыртындағы кеңістігінің төзімділігін жоғарылату мақсатымен кеннің жарылыстан ұсақталуын реттеудің физикалық-техникалық негіздері» (2000) монографиялары.

Әуезов Мұхтар Омарханұлы (08.09.1897, ШҚО, Абай ауд. – 27.06.1961, Мәскеу қ.) – ұлы жазушы, Қазақстан ҒА акад. (1946), филология ғыл. докт., проф. (1946), ҚазКСР еңб. сің. ғыл. қайраткері (1957). 1915 ж. Семей қалалық мұғалімдер семинариясына түседі. 1919 ж. семинарияны бітіріп, қоғамдық-саяси жұмысқа араласады. 1921 ж. ҚазАКСР ОАК-нің Төралқа мүшелігіне сайланды. 1923 ж. ЛенМУ-дің қоғамдық ғылымдар фак-нің тіл-әдебиет бөліміне түседі. 1928 ж. Орта Азия мемл. универс-нің аспирантурасына қабылданды. Алаш қозғалысының көсемдерімен бірге 1930 ж. 16 қыркүйекте тұтқындалып, 1932 ж. сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айырылды. 1932 ж. маусымынан ҚазПИ-дің аға оқытушысы. 1943 ж. қыркүйегінен өмірінің соңына дейін ҚазМУ-дің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры. 1954 ж. «Абай жолы» роман-эпопеясын түпкілікті аяқтады. 1955-1957 жж. алты томдық таңдамалы шығармалары ба-

сылып шықты. 1961 ж. 27 маусымда Мәскеу қ-ғы ауруханада қайтыс болды. Алматы қ-да жерленген. Сол жылы Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер инст-на оның есімі берілді, одан кейін жазушы тұрған үйде мұражай-үйі (1963) ашылды. Алматыда, Семейде, біраз қалалар, аудан орталықтарында Ә-ке ескерткіштер орнатылған. Қазақ академиялық драма театры, Алматы, Астана, Семей және басқа қалалар мен облыстардағы бірқатар аудан, ауыл, көше, мектептер Ә. есімімен аталады. Ә-тің туғанына 100 жыл толуы ЮНЕСКО шешімімен дүниежүзілік деңгейде (1997) аталып өтті.

Әулиетау – Ұлытау кентінің батыс жағындағы таулардың орта тұсындағы бөлек тұрған ең биік тау. Абс. биікт. – 1133 м. Тау басында тас бейіттер бар. Мұнда әулиелер жерленген деген аңыз айтылады.

Әшірбеков Шахмұрат (1922, Ақмола обл., Атбасар уезі, Сарысу болысы) ҰОС-на дейін Жезқ. кенішінің №12 шахтасына табельщі болды. Әскер қатарына 1941 ж. желтоқсанда шақырылған. I Украина майданының құрамындағы 103-кавалериялық дивизияның қатарында соғысқа қатысты. Екі рет жараланды. 1946 ж. елге оралғаннан кейін «Бірлестік» ұжымшарында, «Сарысу» асыл тұқымды қой заводында өндірістің орта буынында басшылық қызметте істеді. Бірқатар жыл комсомол-жастар шопандар бригадасында тәлімгер болды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін Жезқ. қ-на көшіп келді. I және II дәрежелі «Отан соғысы», Қызыл Жұлдыз ордендерімен, екі мәрте «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталған. ҰОС-ның 70 жылдық мерекесі қарсаңында «Құрмет» орденімен марапатталды.

Б

Бабатаев Ағайынбек (1930 ОҚО, Қарсақбай ауд., Айыртау а. – 2006) Қарқаралы зоотех.-малдәрігерлік техникумын (1948), Алматы малдәрігерлік-зоотех. инст-ын (1976) бітірген. ҰОС қызып тұрған 1942 ж. ұжымшардың қозышысы болды. Сол жылы тынымсыз әрі нәтижелі еңбек еткен қозышы балаға қосымша ақыға бірден 10 қозы берілген. Таңдаулы қозышы ретінде респ. малшылар слетіне қатысып, оның мінбесінен сөйлеу құрметіне ие болған. 22 жасар Б. Калинин ат. ұжымшарға төраға болып сайланған. 1957 ж. «Қаракеңгір» кеңшарының бас зоотехнигі, 1961 ж. Аманкелді ат. кеңшардың директоры, кейін Ұлытау ауд. партия және мал шаруашылығы саласында түрлі жауапты қызметтер атқарған. Б. өңірдегі білікті мал мамандарының, өндірісті іскер ұйымдастырушылардың бірі болды. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Бабатаев Жағыпар Ағайынбекұлы (10.10.1956, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау с.) Алматы зоотехн.-малдәрігерлік инст-ын (1980), Алматы Жоғары партия мектебін (1990) бітірген. Мал дәрігері, саясаттанушы. Ұлытау ауд. «Шеңбер» кеңшарында тракторшы (1972-1975) болып еңбек еткен. Ауд. а.ш. басқармасында мал дәрігері (1980-1981), ауд. комсомол комитетінің 1-хатшысы, Жезқ. обл. комсомол комитетінің 2-хатшысы (1981-1988) болып сайланған. 1991-2003 жж. ҚКП Ұлытау ауд. комитетінің 2-хатшысы, Ұлытау ауд. әкімінің орынбасары болды.

10 жыл «Бекетай баба» шаруа қожалығына жетекшілік етіп, жекеменшік жаңа шаруашылық түрінде әріптестерді өнімді әрі сапалы еңбек етуге үйретті. 2010 ж. 10 қарашадан «Нұр Отан» партиясы Ұлытау ауд. филиалы саяси кеңесі төрағасының бірінші орынбасары.

Багреев Иван Григорьевич (1899, Ресей, Курск обл., Щебек ауд., Нещеголь с. – ө.ж.б.) – Мәскеу түсті металдар инст-ын (1935) бітірген инженер-металлург. Мәскеу обл. қалайы заводында инженер (1935), Кыштым электролит заводының директоры (1937), Пермь обл. Медногорск комбинатының директоры (1939), Орск никель комбинаты №2 цехының бастығы (1946). 1947 ж. Қарсақбай мыс қорыту заводының директоры болып тағайындалған. Б. директор болып істеген 1947-1955 жж. заводтың өнд. қуаты 3 есе артты. Қарсақбай кентінде тұрғын үй құрылысы кең қанат жайды. Көшелер абаттандырылды, жаңадан скверлер пайда болды. Ленин (1939), «Құрмет белгісі» (1942) ордендерімен, «Үздік еңбегі үшін» (1949) медалімен марапатталған.

Бағаналы ауданы – Ақмола обл., Атбасар уезі аумағында 1920 ж. 11 мамырда құрылды. Орт-ғы – Қарсақбай заводы. Ол тікелей Атбасар уездік атқару комитетіне бағыныста болды. Оның құрамына 10 болыс енді. Олар – Айыртау, Айнакөл, Жаңа Сарысу, Жезді, Кеңгір, Құмқоңыр, Сарысу, Таранкөл, Ұлытау, Үлкен Жезді болыстары. Осы аралықта Балталы, Баршақұм, Қарабала, Қаракеңгір болыстары таратылған.

1921-1922 жж. Үлкен Жезді, Айнакөл болыстары Жезді болысымен, Айыртау болысы Ұлытау болысымен, Таранкөл болысы Кеңгір болысымен бірікті. Әуелде ауатком төрағасы Хасен Қасқабаев болды. 1922 ж. 26 шілдеде Б.а. таратылғанда оның құрамында болған болыстар Ақмола губ. Атбасар уезіне берілді.

С. Қожамсейітов

Бағаналы хандығы – 1916 ж. тамызда құрылды. 1919 ж. желтоқсанда таратылды. Оның құрамына 40 мыңға жуық тұрғыны бар бағаналы тайпасының 11 болысы енді. Бұл хандық (сол уақытта) қазақ жерінде жарияланып жатқан хандықтармен салыстырғанда ірісі болды, әрі ұзақ – үш жыл билік құрды. Хандықтың құрылуының басты себебі патшаның 1916 жылғы маусым жарлығы, алыс аймақтарда патша әкімшілігі билігінің әлсіреуі, түрлі бағыттағы топтар мен күштердің белең алуы еді. Хандықтың басты міндеті бағаналы елін арандатушылардың шабуылынан қорғау, оның бірлігі мен тұтастығын сақтау, көршілермен сауда-саттықты дамыту болды. Атбасарға жақын орналасқан бағаналы болыстары тік көтеріліп, жергілікті үкіметтің қолы жетпейтін Қарсақбай, Байқоңыр жеріне, Сарысу, Шу бойына көшті.

Бағаналының ханы болып Хасен Қасқабайұлы Сандыбаев сайланды. Бас уәзір Ахмет ишан Оразайұлы болды. Хан Мырзамсейіт Бабыровты, Жалпақ Сарыбаевты, Өтжан Құржанды, Қаражігіт Сүйінбаевты өзінің уәзірі, Хасен Беккожинді Сыртқы істер уәзірі етіп тағайындайды. Ханның Қарулы Күштерін Арыстанбек Қамбаров, Қазыбек Алдамқұлов, Жолдас Төлеков және Досан Теңбаев басқарды. Ханның жанындағы Жоғарғы кеңес осы аталған кісілерден тұрды және әрқайсысы бір дауысқа ие болды. Б.х. мұсылман елдерінің, оның ішінде Бұхара хандығы заңдарын қазақта қалыптасқан құқықтық ұстанымдармен толықтырып қолданысқа енгізді. 1917 ж. күзде барлық бағаналылықтардың II съезі өтті. Онда Б.х. туралы Ереже қабылданды. Хан мөрінде «II бағаналы болысының комитеті» деген сөздер жазылған. Б.х. Ұлытау өңірі тұрғындарының тыныштығына, бейбіт тұрмыс-тіршілігіне, төңірегінде болып жатқан жазалаушы, соғыс қимылдарынан аман қалуына жағдай жасады. Хандық халықтың сеніміне кірді. 1919 ж. желтоқсанда Сабыр Шәріпов Кеңес өкіметі атынан Б.х. таратылатынын жариялады. Оның аумағында көшпелі Бағаналы ауд. құрылды, ол 1922 ж. күзіне дейін өмір сүрді.

С. Қожамсейітов

Бағаналы (Кеті бұқа) – Қазақ елінің Орта жүзіндегі найман тайпасына жататын ру. Кейбір деректер б-ны дербес рулар бірлестігіне жатқызады. X-XII ғғ. б. және балталы рулары Алтай, Тарбағатай тауларын мекендеп, Найман хандығының құрамында болған. Шыңғыс хан мемлекеті құрылғаннан кейін Жошының оң қол әскерінің құрамына кірген. Хорезмді жаулағаннан кейін қыпшақтардан босаған Ұлытау өңіріне қоныстанған. XIII ғ. 50-жж. Кеті бұқа басқарған б-лар Құлағу ханның Таяу Шығысқа аттанған жорығына қатысады. 1260 ж. Кеті бұқа қаза болғаннан кейін б-лар ауыр жағдайға ұшырап, бірі Бағдатты паналап, бірі қарақшылыққа бейіп, ал қалғаны Ұлытауға қайтуға әрекет етіп, Мәуераннахрға келеді. М. Тынышбаев «История казахского народа» атты кітабында наймандар XIV ғ. 20-жж. Мұхаммед Шайбани мемлекетінің құрамына кіргенін жазады. Сол елдің басы бір тудың астына бірігіп, Ұлытау-Кішітау аймағындағы атажұртына көшкен.

Қазақ хандығының тарихында б. елінің орны өте зор. Жыл сайын Ұлытауда құрылтай ұйымдастырып, Жошы тұқымдарын хан сайлап, хандықтың саясатын бір қолға жұмылдырған. Кеңес заманындағы мәліметке назар аударсақ, ұжымдастыру кезеңіне дейінгі қазақ тарихының қаймағы бұзылмаған деректерінің бірі – Қ. Сәтбаевтың жазбалары. «Қазақстан – менің Отаным» атты кітабында 1928 ж. акад. былай деп жазады: «Ұлытау аудандық халқы тегіс дерлік Найманның Бағаналы, Балталы топтарынан құралған. Бағаналы тобы-

ның ауданда Сары-сарғалдақ, Қожас, Ақтаз дейтін үш руы бар. Ел шежіресіне қарағанда, бұлардың ішінде жалғыз ғана Сары-сарғалдақ Найманның өзі болып шығады. Қалғандары кірме, өйткені Ақтаз шынында алты атадан қосылған «құрама» болса керек. Ал Қожастың әкесі Шыңғыс ханның қалмақтағы [Орда] Ежен дейтін баласынан (немересінен) туыпты-мыс дейді. Олай болса, Қожастың тегі – төре тұқымы болады. Ақтаз бен Қожас рулары өздерін Бағаналымыз деп есептейді. Аудан халқы 1918 ж. дейін 13 болыс ел болып келген. Одан бері, әсіресе 1920-23 жж. лайсаңында Бағаналылардың көбі Көкшетау, Шымкент, Қызылорда уездеріне ауып кетіп, көшпелі орында қалған елдер «Қарсақбай» дейтін бір-ақ болыс болып отыр... Ауданның бар халқының саны – 1926 ж. есеп бойынша 14309 адам. Бұлар 3230 түндікке бөлінген».

Бағаналыдан – Шегедек, Шегелек, Шүрешек, Шәуешек аталары тарайды. Б. және балталы рулары кене заманнан іргесін бөлмей келгенін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан табамыз. Бұл деректе рулардың атауы аталардан тарайды десе, ғыл. пікір бойынша рудың атауы таңбасынан шыққан. Б. руы Сыр бойынан бастап, Сарысуды жағалап, Есілге дейін жайлаған. Ұраны – Қаптағай, таңбасы – бақан.

М. Сейтжанов

Базарбаев Рақымжан (1912, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы – 16.07.1973, Жезқ. обл., Жезді ауд., Жезді кенті) – партия, кеңес қызметкері. 1939-1948 жж. Ұлытау ауд-да ауылкеңес төрағасы, ауд. қаржы бөлімінің меңгерушісі, ауд. тұтынушылар қоғамы одағының басшысы. 1948 ж. ірілендірілген Аманкелді ат. ұжымшардың басқарма төрағасы, 1952 ж. Ұлытау ауаткомы төрағасының орынбасары болып сайланды. 1960 ж. Ұлытау ауд., 1964 ж. Жезді ауд. әлеум. қамсыздандыру бөлімдерінің меңгерушісі болып істеді. Ел есінде сөзге шешен, өңір тарихына жүйрік, рақымы мол тұлға ретінде қалды.

Базылов Қазкен Базылұлы (1937, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Қарсақбай кенті) Новосібір қ-ғы байланыс электроникасы инст-ын бітірген. 28 жасында ҚазКСР Байланыс министрінің орынбасарлығына тағайындалды. Содан үзбей 31 жыл бойы орынбасар, бірінші орынбасар, кейінгі кездері «Қазақтелеком» АҚ вице-президенті, бірінші вице-президенті әрі атқарушы директоры болды. Ұлытау-Жезқазған өңірі байланыс жүйесінің қалыптасып, дамуына айрықша еңбек сіңірді. 1994 ж. Бүкілдүниежүзілік почта одағының Конгресіне Қазақстанның тұңғыш делегациясын бастап барып, еліміздің аталған халықар. ұйымның әкімшілік кеңесінің құрамына алынуына үлес қосты. Экономика ғыл. канд., проф. 60-тан астам ғыл. еңбек пен 3 кітаптың авторы. «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерімен, үш медальмен марапатталған.

Байдалы Сәбит Жүнісбекұлы (1947, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті) – ҚР Журналистер одағының мүшесі. ҚазМУ-дің журналистика фак-ін (1972), Алматы Жоғары партия мектебін (1980) бітірген. Респ. телевизия және радио хабарлары жөніндегі мемл. комитетте (1971-1973) диктор, Жезқ. обл. телевизия және радио хабарлары жөніндегі комитеттің (1973-1978) аға редакторы, бас редакторы, төрағасының орынбасары, Жезқ. облпарткомының (1980-1984) лекторы, Жезқ. облтелерадио комитетінің

төрағасы (1984-1997), Қарағанды облтелерадио компаниясының (1997-2000) төрағасы, ҚР телерадио корпорациясында (2000-2003) басқарма және бөлім бастығы болып қызмет істеген. Жезқ. телевидениесі хабарларын Ұлытау өңірі аумағында тарату кеңістігін кеңейтуге көңіл бөлді. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы (1997). «Өлке өмірін – өз кезімізбен», «Летопись края: камерой и словом» кітаптарының авторы. «Құрмет» орденінің иегері.

Байділдинов Қази Сақтағанұлы (1940, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті) Алматы электротехникалық байланыс техникумын (1963) бітірген. Жезқ., Балқаш қалалық телерадио хабарларын тарату орталықтарының бас инженері, директоры, Жезқ. қалалық телекоммуникация кәсіпорнының бастығы, кейін обл. телекоммуникация кәсіпорны директорының орынбасары. Жезқ. обл-да радиореле жүйесін салуға, «Орбита» телехабарларын беру және қабылдау кешенін іске қосуға елеулі үлес қосқан. 1980 жж. байланыс спутнигінен хабарлар қабылдайтын қондырғыларды Ұлытау ауд. барлық кеңшарларына қойып, ауыл тұрғындарының одақтық және респ. ТВ хабарларын көруге мүмкіндік туғызды. Жезқ. обл. кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған (1984). КСРО-ның құрметті радисі.

Байжантаев Бағдат Тілеуліұлы (1973, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі) ЖезПИ-дің филология фак-ін (1995) бітірген. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Жезқ. обл. оқушы ақындар айтысына (1990) Ұлытау ауд. атынан түсіп, бас жүлде жеңіп алған. Бұланты-Білеуті, Таңбалы Нұра тарихи-этнографиялық экспедицияларын (1998) ұйымдастырушылардың бірі, Жезқ. қ-сы мемл. мұрағатының директоры (2011). Қазіо аймақтық ұлттық өнер орт-да жас ақындардың шеберлік сыныбын жүргізеді. «Сарыарқа кітапханасы» 100 томдығына өлеңдері кірген, «Көңілімнің кәусары» жыр жинағының авторы. Бүкіләлемдік Шыңғыс хан акдемиясының акад.

Байжігітов Спандияр Алдабергенұлы (1959, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., 1 Май ауылкеңесі – 2009, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – ағаш, мүйіз, қайыстан ұлттық бұйымдар жасайтын қолөнер шебері. ЖезПИ-дің көркемсурет және графика фак-ін (1984) бітірген. Әр түрлі тақырыптық композицияға жасалған бұйымдары қалалық, обл., респ. көрмелерге қойылған. Б.-ның «Асауды үйрету», «Жылқышы», «Махамбет Өтемісұлы», «Бата», «Қоштасу», «Күй» туындылары Мәскеу, Югославия, Ереван, Ялта, Бендера жерлерінде өткен көрмелерде кәсіпқой мамандар тарапынан жоғары бағаланған.

Баймағанбетов Құрмансейіт (1897, қазіргі Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., №6 а. – 1938) 1930 жж. орта шенінде Қарсақбай ауаткомының төрағасы қызметін атқарған. 1938 ж. 27 мамырда «халық жауы» деген жаламен Қарағанды обл. НКВД басқармасы тұтқынға алып, РСФСР ҚК-нің 58-2, 58-7, 58-8, 58-10, 58-11 баптары бойынша айыпталған. 1938 ж. 28 қазанда осы басқарма үштігінің үкімімен ату жазасына кесіледі. 1963 ж. 6 маусымда Қарағанды обл. сотының шешімімен, іс құрамында қылмыстық белгілер болмағандықтан, Б. толық ақталды.

Байманов Мұханбет (1924, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезқазған қ.– 2001)

1939-1942 жж. ұжымшар мүшесі. 1942-1945 жж. ҰОС-на қатысқан. I Украин майданында Харьков облысын, II Прибалтика майданында Литва, Эстония, Латвия респ-рын азат етушілер қатарында болған. Рига қ-сын жаудан босатуда көрсеткен ерлігі «Ерлігі үшін» медалімен атап өтілген. 1945 ж. 24 маусымда Мәскеудегі Жеңіс парадына қатысқан. Әскерден оралғаннан кейін 1950-1980 жж. еңбекшілер депутаттары Жезді кенттік атком төрағасы, Ұлытау ауаткомының бөлім меңгерушісі, Жезқ. банкілерінде қызметкер. I және II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, 10 медальмен марапатталған.

Байменов Әлихан Мұхамедияұлы (1959, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Қарсақбай кенті) – мемлекет және қоғам қайраткері.

Техн. ғыл. канд. (1988), доцент (1991). Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының мүшесі. Қарағанды политехн. инст-ын (1981) бітірген. 1981-1992 жж. ҚарПТИ-дің ЖФ-да ассистент, аға оқытушы, доцент, Жезқ. тау-кен технология инст-да декан орынбасары болып істеді. 1992-1994 жж. Жезқ. обл. әкімінің орынбасары қызметін атқарды. 1994-1995 жж. XIII шақырылған ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. 2007 ж. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, 1995-1997 жж. ҚР Еңбек министрінің орынбасары, бірінші орынбасары, Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары, ұйымдастыру-бақылау бөлімінің меңгерушісі. 1997-1998 жж. Премьер-Министр Кеңсесінің басшысы, 1998-1999 жж. Президент Әкімшілігінің жетекшісі болды. 2000-2001 жж. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі. 1999-2000 және 2011-2014 жж. ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің төрағасы. 2001 ж. «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қоғамдық бірлестігінде құрылтайшы, саяси кеңесі мүшесі, «Ақжол» демократиялық партиясының тең төрағасы – саяси атқару комитетінің төрағасы, партия төрағасы болды. 2014 ж. қыркүйектен Мемлекеттік қызмет саласындағы өңірлік хаб басқарушы комитетінің төрағасы. «Ұлытау» қоғамдық қозғалысына жетекшілік (1989) етті. Дүниежүзілік және респ. Тоғызқұмалақ федерацияларының президенті. Бірқатар ғыл., ғыл-көпшілік және әдеби-көркем шығармалар авторы.

Байменов (Баймұхамедұлы) Мұхаммедия (1902, Орынбор обл., Торғай уезі, Қызылжыңғыл болысы, Білеуті өз. бойы – 1984, Жезқазған обл., Жезқазған қ.) – дін қайраткері.

Әкесі Уайсұлы Баймұхамед (Баймен аталып кеткен) арабша білімі бар кісі болған. Шешесі Дәстәуірқызы Рахия да арабша білімді болған. М. 14 жасына дейін ауылда өз атасы Уайс қажыдан, Әубәкір қажыдан, әкесі Баймұхамед молдадан арабша білім алған. 14 жасынан 22 жасына дейін Қарнақ медресесінде, Жаңақорғанның Ақтас мешітіндегі медреседе оқып, оларды үздік бітірген. Араб, парсы, шағатай тілдерін білген. 1937 ж. дейін ауылы Өзкентте араб тілінен сабақ берген. 1937-1941 жж. Жезқ. ауд. төлқұжат столының бастығы, 1941 ж. Ұлытау ауд. қаржы бөлімінің бастығы, 1944-1949 жж. осы ауд-да тұтынушылар қоға-

мының басқарма төрағасы қызметін атқарған. 1949 ж. Қарсақбай темір жол станциясында еңбек етті, сол жерден зейнеткерлікке шықты. Ендігі өмірін Алланың ақ жолын, мұсылмандықты, ислам өркениетін түсіндіріп, насихаттауға арнады. Мұсылман жамағатының қасиетті Құранға көзін ашып, ораза ұстауға, намазға, шариғат жолына ұйытты. Атеистердің айла-шарғы, қитұрқы әрекеттеріне қарамастан сенімінен қайтпады. Өмірінде бес уақыт намазын қаза етпеген. Төрт жыл бойы партия, кеңес органдарына хат жазып, босағасын тоздырып, кеңес заңына сәйкес Жезқ-да мешіт ашуға рұқсат беруді сұраумен болды. Нәтижесінде 1983 ж. 6 мамырда Жезқ. тоғырағында алғашқы мешіт ашылды. Ол мешіт Комбинат шағын ауданындағы Дайрабай деген кісінің үйінде орналасқан. М. қожа діни бірлестіктің жиналысында тұңғыш ашылған Жезқ. мешітінің имамдығына сайланды. Осы шағын діни-рухани шаңырақтың негізінде Жезқ-да қазіргі мешіт құрылды.

Баймолдаұлы Ыбыраһым (1883, Атбасар уезі, Ұлытау болысы, Байназар а. – 1965) – халық ақыны. Ақын ретінде ҰОС жылдарында аты шыққан. 1942 ж. халық ақындарының айтысына (Алматы) қатысқан. Жамбылға жолығып, «Жамбыл атаға» деген ұзақ толғауын шығарған. Б-ның өлеңдері, толғаулары «Қызыл кенші» газетінде, обл., респ. баспасөз беттерінде жарияланған. 1953 ж. С. Бегалиннің құрастыруымен жарық көрген «Халық ақындары» жинағына Б-ның «Қыздарыма», «Жезқазған» аталатын екі шығармасы енген. Болман Қожабайұлымен сөз қағыстырғаны да мәлім. Б. шығармаларының негізгі тақырыптары соғыс кезіндегі ел өмірі, ауыл тұрмысы, кеншілер еңбегі, адамгершілік, имандылық болып келеді.

Байна Саламат Бекбайұлы (т.-ө. ж. б.) – Ұлытау өңіріндегі дәулеті мол, соған сәулеті сай байлардың бірі. Шубан жайлауы Есілге көшкенде жүгін 50-60 түйеге артқан. Малдың төрт түлігін мыңғырта өсірумен қатар, сол замангы аса қымбат әдемі тұрмыс заттарын (төсек-орын, киім-кешек, ыдыс-аяқ) жинаған. Қыстауларында тұрғын үйлер қызыл кірпіштен салынған. Қызметінде болған ағайын жігіттер отбасының бір мүшесіндей болған, алдына мал салып берген, құда түсіп үйлендірген. Б. бай тойға, асқа барғанда жанындағы жігіттер бір түсті ат мініп, киімі де, ер-тоқымы да соған сәйкес келген. Көрші ауылдағылар мұндай сәттерде жұмыскер жігіті қайсысы, тойқұмар бай балалары қайсысы – айыра алмаған. Б. бай 1900 ж. Жамбыл обл. Шу өз. бойы Тасты елді мекенінде жерленген. Басына күмбезді қызыл там салынған.

Байтемір Сұлтан – XIX ғ. өмір сүрген бағанапы жабай елінің батыры. Аты Орта жүзге мәшһүр аға сұлтан Ерден: «Байда – Құлыбек (қарабала), кедейде – Құдайменде (қоқан), жалғызда – Байтемір мықты», – деп отырады екен. Б-дің әкесі Боздақ, Бозай, одан қалды Жанкісі әулиелер Кішітауда Боздақ деген жерді қоныс еткен. Етегінен басына дейін қолмен өргендей, көз қарықтырып тұрған аппақ биік шыңды Б-дің ақшоқысы деп атайды. Б-дің құс қанатты торы тұлпары бар дегенді естіп, Ерден сәлемхат жазып, кісі жібереді. Оған Б. өлгі сәлемшіден мынандай жауап жолдапты:

«Ерденжан, алдым жазған қағазыңды,
Түсіндім менмен көңіл мазағыңды.
Жүйрік ат, сұлу қыздың бағасы бір,
Ол үшін көтерем не жазаңызды».

Қатты басталған істің арғы татулықпен жөнін тапқан. Б. Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде жерленген.

Байболов Дүйсенбек (01.10.1962, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) орта мектеп бітірген құрбыларымен бірге комсомол-жастар шопандар бригадасын құрып, Қазақстанда қой санын 50 млн.-ға жеткізу жөніндегі қозғалысқа қатысқан. 1985 ж. Алматы қ-ғы электротехникалық байланыс техникумына оқуға түскен. 1986 ж. Желтоқсан оқиғасының белсенді қайраткерлерінің бірі. Мұздай қаруланған

әскерилермен, ит жетектеген солдаттармен, шовинистік топтың жағындағы саткындармен айқасқа түскен. Сол үшін ҚазКСР Жоғарғы соты кеңестік соц. құрылысқа қарсы аса қауіпті қылмыскер деп танып, 5 жылға бас еркінен айырды. Алматы, Гурьев, Шевченко, Шымкент, Жамбыл, Омбы, Томск, Орынбор, Новосибирск, Өскемен түрмелерінің дәмін татқан. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 12.12.1991 ж. «Желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлығына сәйкес түрмеден шықты, ақталды. Ұлытау а.-да тұрады.

Байғожинов Мұқан (1894, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы – 1981) алғашқы артель, ТОЗ, ұжымшарларды құруға қатысқан. ҰОС жж. Қарағанды шахталарында еңбек етті. Шығыс ауд. өндірістердің іргесін көтеруге араласып, Ақадыр – Ақшатау тасжолы құрылысында еңбек екпіндісі болды. 1946-1958 жж. Жезқ. ауд. Ворошилов ат. ұжымшарында аға шопан, қой түлігін өсірудің шебері. Еңбек Қызыл Ту (1954), «Құрмет белгісі» ордендерімен, ҚазКСР Үкіметінің грамотасымен марапатталған.

Байділдинов Жұмаділдә (1920, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау а. – 1972, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) – соғыс ардагері. 1941 ж. наурыз айында әскер қатарына шақырылады. ҰОС-ын 369-карачаев гвардиялық атқыштар дивизиясы 1223-полкының құрамында қарсы алды. Соғыстың бірінші күнінен соңғы сәтіне дейін сержант майданның алдыңғы шебінде жүрді. Алғашқы екі жылда миномет расчетінде атқыш, кейін миномет расчетінің командирі болды. Соғыстағы ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз орденімен (1944), «Жауынгерлік ерлігі үшін» (1943), т.б. медальдармен марапатталған. Бейбіт еңбекте де ерекше көзге түсті.

Байжақанов Іliяс Байжақанұлы (1935, ОҚО, Қарсақбай ауд., Ұлытау а. – 1984, Жезқ. обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) Алматы қ-ғы шет тілдер инст-ын, Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. Ауд комсомол комитетінің I хатшысы, аупарткомның насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі болды. Ұлытау ауд. Қаракеңгір а-ғы, ауд. орт-ғы №1 Ұлытау орта мектебінің директоры болып істеді. Б. ауыл жастарының шын мәнісіндегі көшбасшысы болды. Ауд. комсомол ұйымдарына жетекші болған жылдарында ауылда тұрмыс мәдениетін көтеруде, қыз-жігіттерді көркемөнерпаздар ұжымына тартуда, жастардың кәмелеттік аттестатпен жаппай шопан таяғын ұстау қозғалысында серпін пайда болды. Аталған мектептерде соны өзгерістердің өмірге келуіне бастамашылық жасады.

Байқоңыр – Ұлытау ауд-ғы ауыл, ауылд. округтің орт-ғы. Байқоңыр өз. сол жағалауында, Қарсақбай кентінің батысында 50 км жерде орналасқан. Тұрғыны – 0,8 мың адам (2015). Жерінің жалпы ауд. – 152,9 га. Іргесі 1914 ж. қаланып, 1961 ж. дейін Б-да қоңыр тасқөмір өндірілген. 1957 ж. бастап қой өсіретін «Байқоңыр» кеңшарының орт-ғы болды. Бүгінгі шаруа бағыты – мал шаруашылығы, оның ішінде еділбай қойын өсіру және теміржол қызметі. Ауылда орта мектеп, клуб, кітапхана, аурухана бар. Ауыл басқа елді мекендермен тасжол және теміржолмен байланысады.

Байқоңыр көмір ошағы – Қарсақбай кентінен оңт.-батысқа қарай 50 км жерде орналасқан. Көмір өндірілген жер иесінің есімімен әуелі Шоқпар, кейін көмірлі аймақты 1905 ж. ағылшындарға жалға берген жамантымақ қыпшақ Байқоңыр байдың атымен аталған *(М. Географические названия мира. Топонимический словарь. М. Аст. Поспелов Е., 2001)*. Ағылшындар геол. барлау жу-

мыстарын қарқынды жүргізді. Бірнеше жылда қоңыр көмір қоры 714840 т жеткізілді. Жылына 56500 т көмір өндірілсе, ол жылына 5000 т қара мыс беретін Қарсақбайды мыс қорытуға 12 жылға қамтамасыз ететіні анықталды. Сондықтан завод Жезқ. мен Байқоңырдың тең ортасында дерлік Қарсақбай ашағында салынатын болды. Олардың арасы ұз. 120 км тар табанды теміржолмен байланыстырылған.

Б.к.о-да 1911 ж. 200-дің үстінде жұмысшы болды. 1911-1917 жж. 34419 т қоңыр көмір шығарылды. Оны негізінен Қарсақбай, Жезқ. және Байқоңыр кенттерінің тұрғындары, жергілікті өндіріс отын ретінде жақты. ҰОС жылдары көмір өндірісі бірнеше есе артып, 130 мың т-ға дейін жетті. Жезқ. өнеркәсіп ауданы көмірмен жеткілікті қамтамасыз етілді. Көмір ошағында орта есеппен 650-790 адам жұмыс істеді. Қарсақбай мыс қорыту заводы іске қосылғанда, 1937 ж. Қарағанды – Жезқазған теміржолы арқылы Қарағандының жоғары қызулы тас көмірі жеткізілгенше Байқоңырдың көмірін пайдаланды. Байқоңырда көмір өндіру 1961 ж. тоқтады.

Байқоңыр өзені – Торғай алабындағы өз. Ұлытау ауд. арқылы өтеді. Ұз. – 235 км, алабының ауд. – 4940 км². Ұлытау жотасынан бастау алатын Құрамбай және Ақтас өз. қосылған жерінен Б. деп аталады. Бас жағында төбелер арасымен, Құрайлы өз. құйылысынан төмен белесті жазықпен ағып, Шұбартеңіз к-не құяды. Аңғарының ені 50 м-ден 2 км-ге дейін жетеді, орташа су ағыны – 0,85 м³/с. Б-ға ұз. 10 км-ден астам 77 сала құяды. Жер асты және қар суымен толығады. Наурыз, сәуір айларында тасиды. Суы тұщы, ал жазда суы тартылған кезде сортаң тартып, ащыланады.

Байқоңыров Өмірхан Аймағамбетұлы (14.09.1912, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 15.03.1980, Алматы қ.) – техн. ғыл. докт. (1972), проф. (1959), Қазақ ҒА акад. (1962), Қаз КСР еңб. сің. жоғары мектеп қызметкері (1971). Жезқ. кен басқармасын-

да басшылық қызметтер (1941-1952) атқарған. Қазақ кен-металлургия инст-ның (1952-1962) басшысы. Негізгі ғыл. еңбектері жер астында кен қазу жұмыстарын кешенді механикаландыруға, қазба орындарының сейсмикалық қауіпсіздігін және тау-кен жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеуге, т.б. арналған. Ол жер астынан кен алу жүйелерінің матрицалық жіктелімін және оларды үйлесімдендірудің геометрикалық тәсілін жасады. Сондай-ақ, кен өндірудің техникалық-экономикалық тиімділігі жоғары кенүңгірлік жүйемен шапшаң бұрғылаудың жаңа тәсілін тауып, өндіріске енгізген. Бірнеше орден-медальмен марапатталған. Жезқ. универс-не аты берілген.

Баймағанбетов Балаби (1890, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы – 1970) 1929-1937 жж. Қарсақбай мыс заводында жұмыскер, 1937 ж. «Өрнек» ұжымшарында шопан, 1952 ж. Қарағанды обл. Жезді ауд. «Қарсақбай» кеңшарында бақташы. «Өрнек» ұжымшарының алдыңғы қатардағы шопаны болды. Әсіресе,

ҰОС-ның соңғы жылдарында әр жүз саулықтан үнемі 120 қозы, қой басына 3 кг жүн қырқып отырды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1949 ж. 12 шілдедегі Жарлығымен Б-ке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Баймұратов Қыпшақбай (1924-1973) – дипломат. Әке-шешеден ерте

айрылған, негізгі тәрбиені А.С. Макаренко басқарған Харьковтегі еңбек коммунасында алған. 1940-1942 жж. Пермь кеме жөндеу зауытында электрмен дәнекерлеуші. II дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Алматы зоотех.-малдәрігерлік инст-ның, Алматы почта комсомол ұйымынын хатшысы. 1948 ж. Ульяновск мұғалімдер инст-ын сырттай бітірген. 1948 ж. ҚазМУ-дің комсомол комитетінің I хатшысы. 1952 ж. ҚазМУ-дің тарих фак-ін бітірген. ҚазМУ-дің КОКП тарихы кафедрасының аспиранты. Алматы қалалық партия комитетінің лекторы. 1953 ж. КСРО Сыртқы істер министрлігінің жоғары дипломатиялық академиясын бітіріп, КСРО-ның Судан мемлекетіндегі елшілігінде жауапты дипломатиялық қызметте болды. ҚКП ОК лекторы, ҚазМУ-дің ғыл. коммунизм кафедрасының аға оқытушысы. Заманында оқырмандардың жақсы бағасын алған «Вот он Арабский восток» (1967) кітабының авторы.

Байсақалұлы Асан (1887-1973) Ұлытау өңірінде туған. Туған өңірін аштық жайлағанда бала-шағасын ертіп, оңт-тегі Шаян жерін панапайды. Діни білімі терең адамды жергілікті мешітке ұстаздыққа қабылдаған. Қолы да епсекті болған. Ер шапқан, қой терісін илеп, тон, жарғақ шалбар, саптама етік тіккен. Асыл тұқымды жылқы өсірген, сәйгүлік баптаған, өңір адамдары жүйрік аттарын, қарны жер сызған биелерін іздеп келіп, сатып алып отырған. Немересі Байсақалов Иман Базарбекұлы – физ.-мат. ғыл. докт., ҰҒА акад.

А. Ермекбаев

Байсалбекұлы Камаладин (Қанай) (16.03.1937, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., «Бірлік» ұжымшары – 24.01.2012, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Сарлық а.) 1956 ж. Жезді орта мектебін бітірген. Аманкелді ат. кеңшардың комсомол комитетінің хатшысы болған. 1964-1967 жж. Қарағанды кеңес-партия мектебінің тыңдаушысы. 1967-1982 жж. Жезді аупарткомының нұсқаушысы, Аманкелді ат. кеңшарда ферма меңгерушісі, «Сарыкеңгір» кеңшары жұмысшылар комитетінің төрағасы, Кішітау ауылкеңесі атком төрағасы. 1982 ж. Жәйрем кен-байыту комбинаты қосалқы шаруашылығының директоры қызметін атқарды. 1992 ж. ауданда алғашқылардың бірі болып мал шаруа қожалығын құрған. «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» (1970) медалімен марапатталған.

Байтасов Рахымбек (1908, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау бол. – 1982) 1927 ж. Жезқ. кенішінде жұмыскер. Қарсақбай байыту фабрикасында электр монтері, ауысым бастығы, фабрика бастығының орынбасары. 1931-1932 жж. Свердловскідегі кен-металлургия инст-ты жанындағы өнеркәсіп академиясының тыңдаушысы. 1939 ж. Жезқ. аупаркомы бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1940 ж. Жезқ. аупарткомының кадрлар жөніндегі хатшысы, 1943 ж. мамырынан 1945 ж. сәуіріне дейін еңбекшілер депутаттары Жезқ. ауд. кеңесі атком төрағасы. Кейін Кеңес Одағындағы ең үлкен «Байқоңыр» қой кеңшарының директоры болды. Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Ерлік еңбегі үшін» медалімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен марапатталған.

Байтоқанова Алтынай (1972, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Жезді кенті – 2013) – журналист, телерадио-хабар жүргізушісі, цирк менеджері. Әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дің журналистика фак-ін бітірген. Швейцария, Италия, Грекияда иллюзионист болып еңбек еткен. Ұлттық «Қазақстан» телеарнасында «Өмір-өзен» бағдарламасын жүргізді. Соңғы жылдары «Гүлдер» мемл. ансамблінде жұмыс істеді. Көптеген әлемдік байқауларға қатысып, иллюзионистік жанрдың шебері ретінде талантына бас

игізді. Дүниежүзіндегі ең үздік сиқыршылардың алғашқы ондығына кірді. 2012 ж. Қытайда өткен Халықар. иллюзионистер байқауының бас жүлдегері болды. «Алтынай» иллюзиялық театрын ашты. Бірақ сұм ажал бастаған ісін аяғына жеткізбеді.

Г. Жакеева

Бақатас – Ұлытаудың оңт.-батысында 22 км жерде орналасқан тау. Таудың бір жақ шоқысы бақа бейнелі болып келгеннен халық арасында осындай атау қалыптасқан.

Бақсытас – археол. қазба жұмыстары нәтижесінде табылған музыкалық-аспаптық мұра. Шамамен VI-VIII ғғ. жатады. Ұлытау өңірінің Жанғабыл өз. бойынан табылған. «Тас мүсіннің бір жақ бетінде бақсы қоңырауының суреті бар. Қоңырау дөңгелек ай түрінде кескінделген, ұстайтын тұтқасы төмен қаратылған. Бұл екі нәрсе – қобыз бен қоңырау ертедегі бақсы мен жыраулардың, не толғау айтатын абыздардың қолынан түспейтін құралдары болған. Олар қоңырауды қағып би билесе, қобызбен не түрлі сарын тартатын болған» (Ә. Марғұлан). Бақсытас 1983 ж. Қазақ музыкалық аспаптар мұражайының экспонаттар төріне қойылған.

Бала Жезді – Ұлытау ауд-ғы өз. Жездінің оң саласы. Ұз. – 66 км, су жиналатын алабы – 655 км². Ұлытаудың оңт. сілемдерінен басталады да, Үлкен Жездімен қосылып, Жезді өзенін құрайды. Аңғары жазық жермен өтеді. Қар және жер асты суымен қоректенеді. Көктемде тасиды. Қарашаның аяғында қатып, сәуірдің басында ериді. Жазда қарасуларға айналады. Аңғары – жайылым мен шабындық.

Бала Терісаққан – Ұлытау ауд-ғы өз. Ұз. – 64 км, су жиналатын алабы – 1,3 мың км². Бастауын Ұлытау өңіріндегі Қоскел маңынан алып, Терісаққан өзене құяды. 13 саласы бар. Қар суымен толығады. Суы ауыз суға, мал суаруға пайдаланылады.

Балбырауын темір кені – Қарсақбай кентінен оңт-ке қарай 5 км жердегі кен орны. Барлау жұмыстары 1931-1949 жж. Қ. Сәтбаевтың басқаруымен жүргізілген. Горизонтта 30-ға жуық кен денелері бар, олардың өлшемдері әр түрлі: бірнеше м-ден 5 км-ге дейін жетеді. Ұсақ түйіршікті кварц және гематит агрегаттарынан тұратын темір-кварцит кентасындағы Fe мөлшері 40%-ға жетеді. Барланған қоры – 125,5 млн. т, оның 80%-ын ашық әдіспен өндіруге болады. Кенді байыту технологиясы жоқтығынан Балбырауын темір кені игерілмей келеді.

Балкенов Кенжал (31.07.1957, Қарағанды обл., Жезқазған ауд., Ақтас а.) Жамбыл обл. Тараз қ-ғы Макаренко ат. физика-математика арнаулы орта мектебін (1974), Қарағанды политех. инст-ын өндірістік және азаматтық құрылыс мамандығы бойынша бітірген. 1979-1995 жж. Қарағанды политех. инст-ның Жезқ. бөлімшесінде, Жезқ. тау-кен технологиясы инст-да, Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-де аға оқытушы, деканның орынбасары, компьютер орт-ның басшысы. 1997 ж. «Қазақмыс» корпорациясы мұражай көрме-кешенінің, 2004 ж. Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштері мұражай-қорығының директоры, 2008 ж. «Қазақмыс» корпорациясы мұражай-кешенінің негізінде құрылған Қ. Сәтбаев ат. тарихи-өндірістік мұражайдың директоры. 1989 ж. Ж. Құрманқұлов басқарған ОҚАЭ-на қатысқан, «Отырар – Ұлытау. Кіші Жібек жолымен» халықар. тарихи-этнологиялық экспедициясының (1991) ғыл. жетекшісі, А. Құнанбаевтың 150 жылдығына орай «Ұлылыққа тағзым» атты ғыл.-этнографиялық жаяу экспедицияның жетекшісі. «Ұлытау. Хан Абылай» қоғамдық қорының, «Кетбұқатану және өлке тарихы»

ғыл.-зерттеу орт-ның директоры. Респ. Инженерлік академияның корр.-мүшесі, бүкіләлемдік Шыңғыс хан академиясының (Моңғолия) акад.

Балқанов Әжиакбар (1924, Ақмола губ., Атбасар уезі, Жезді болысы – 1987) 1932 ж. «Қарабұлақ» кеңшарында жұмысшы, 1936 ж. «Коммуна» ұжымшарының бригадирі, тауарлы-сүт фермасының меңгерушісі. Әкесі Балқан қажыдан арабша хат танып, сауатын ашты. Жетім-жесірлерге қамқоршы болып, қол көмегін жасады. Әліпті таяқ деп білмейтін үлкендерге газет мақалаларын, келген хаттарды оқып берді. Жаны нәзік, көңіліне ой түйіп, өлең шығара бастады. Ақын жігіт атанды. 1942 ж. әскер қатарына шақырылады. Майдан даласында компартия мүшелігіне қабылданды. Латвия, Польша елдерін неміс фашистерінен азат етуге қатысты. Соғыстан оралған соң «Қараадыр» ұжымшарының басқарма төрағасы, ауылкеңес төрағасы, кеңшарларда өнд. орта буындарда жетекшілік қызметте болды. Мемл. марапаттары бар.

Балқыбайұлы Балмағанбет (Сарымолда) (1891-1967) – Ұлытау өңіріне кеңінен мәшһүр болған дарынды ойшыл, ақын, дін қайраткері Құранды, хадистерді насихаттаушы. Б. дін жолына ерте түскен, өзінің діни сауатын қасиетті Түркістан қ. маңындағы Қарнақ, Шаян медресесінде жетілдіріп, ескі діни кітаптарды, қасиетті Құранды, хадистерді, әйгілі Қожа Ахмет Иасауидің сопылық жырларын оқып, оларды жадына тоқыған. Араб, парсы, түркі тілдерін жетік меңгерген. Жыланды а-ғы геол. барлау партиясында (ГРП) кіші жұмыскер ретінде түйе арбамен жұмысшыларға су тасып жүрген Сарымолда қартты геолог Қ. Сәтбаев құрметтеп, онымен сыйлас, жақсы қарым-қатынаста болған.

Б. қаламынан шыққан назым жырлары жинақталып, 1997 ж. жарық көрді. Имандылық иірімдері, философиялық діни уағыздары мен насихаттамалары «Хадис-Назым» атты жинаққа (1997) топтастырылды, «Алаш» баспасынан екі томдық жинағы (2005) басылып шықты. Б. 1947 ж. Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының мүшесі (орт-ғы – Ташкент). Есімі 2005 ж. Сәтбаев қ-ғы мешітке берілді.

С. Балмағанбетова

Балталы – қазақ халқының құрамындағы Ұлытау өңірін мекендеген ру. Шежіре бойынша, Орта жүздегі найман тайпасынан тарайды. Мардан, Бегіс, Құли, Арғымақ, Қаншегір тармақтарына бөлінеді. Тарихи деректерде, аңыздарда бағаналы-балталы қатар айтылады. Ерте заманнан Алтай, Тарбағатай тауларын жайлаған. XIII ғ. бастап Ұлытау өңірін мекендеген. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Қозы батыр бағаналы-балталының бірлігі жолында күрескен. Ұраны – Қаптағай, таңбасы – балта.

М. Сейтжанов

Балтекейұлы Мұқан (1873-1918) – суырыпсалма ақын, қазақ сал-серілерінің соңғы тұяғының бірі. Ақмола обл. Атбасар уезінің Сарысу болысында жырау, ақын Балтекей Қорғанұлының (1831-1911) отбасында дүниеге келген. Балтекей ақын ауылының қыс қыстауы оңт. (Шымкент уезі) болғанымен, жазда Сарыарқаны жайлаған. Мұқанның әкесі Балтекей атақты Дайрабай күйші, Біржан сал, Шәрке сал және композитор, ақын Сегіз сері Баһрамұлының тобында елге танылған. Б. алғашында өз елінде

молдадан үш жыл оқып, сауат ашады. 1882-1888 жж. арғын Жоламан ақын Тәттібайұлының медресесінде оқып, кейін үш жыл Қарнақ медресесінде дәріс алған. Медресені бітіргеннен кейін бала оқытуымен айналысқан. Молда атануы сондықтан.

Б. өлеңді жазбаша да, ауызша да шығарған, сауатты әрі домбыра, сыбызғы, сырнайға қосып ән айтқан. Ол Жоламан, Қожабай, Қонысбай, Құлтума, Бұдабай ақындарды ұстаз тұтса, оның өзінен Нияз, Иманжан, Назар, Нұрғали, Сәрсенбек, Сыр өңірінен Нартай, Қайығназар секілді ақындар өнеге алған. Ол бірыңғай бала оқытумен шектелмей, салдық құрып, Атбасар, Ақмола, Қарқаралы, Әулиеата, Шымкент, Ақмешіт төңірегіне танымал болған тұлға. Оның «Есенқабыл, Есенбек батырларға», «Қалманбай мырзаға» дастандары, «Бидашқа», «Батырбек ұстаға», «Ахмет ишанға» арнаулары, бірнеше насихат, сын өлеңдері, қайтыс болар алдында еліне арналған қоштасу жыры, ақын Нұралы Нысанбайұлымен айтысы сақталып, бүгінгі ұрпаққа мұра болып жетті. Б. 1918 ж. шілде айында Ташкентте тонаушылар қолынан қаза табады.

Т. Мұқанов

Балық қарасуы – Ұлытау ауд. Байқоңыр ауылд. округі аумағындағы ескі қыстаудың орны. Б.қ. қыстауында 1873 ж. Торғай өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыс сардары А. Иманов дүниеге келген. А. Иманов женіндегі әдеби-көркем, деректік әдебиеттерде, өткен ғ. 90-жж. дейін жарияланған анықтамалықтар мен зерттеулерде «А. Иманов Жезді ауданы Терісбұтақ деген жерде дүниеге келген» деген дерек қана беріледі. Б.қ. Иман батыр балалары Балық, Үдербай әулеттерінің атақоныс мекені болған. А. Иманов Дулығалы медресесінде сауат ашып, ержетеді.

2001 ж. Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайының ғыл. кеңесі «Дулығалы» қоғамдық қорымен және Қарсақбай металлургиялық заводының ұжымымен бірлесіп, сардар дүниеге келген жерге ескерткіш белгі орнатты. Белгі биікт. 13 м тот баспайтын болат діңгектен және гранит тақтадан тұрады. Ескерткіш белгіні жасау және орнату Қ. Мәткенов, А. Жұмабеков, Ш. Тәжібаев, Д. Бәрекенов бастаған Қарсақбай заводы мамандарының еңбегі арқасында жүзеге асырылды.

З. Қазанбаева

Балым (Балбике) Жармағанбетқызы (1904, Ұлытау өңірі – 1933, ОҚО, Мақтаарал) – А. Имановтың кіші әйелі. Б-ның әкесі Жармағанбет бағаналы найманның бабас руынан шыққан. Ол батырға ұзатылғанда 15 жаста екен. Екеуі бір жылдай ғана бірге өмір сүрген. Торғай ояздық әскери комиссары Аманкелді батырды тұтқындағанда жанында Б. мен екі-үш күзетшісі ғана болған. Аманкелді қаза тапқан соң Б-ға әмеңгерлік жолымен қайнысы Иманов Есентай үйленген. 1932 ж. елді ашаршылық жайлаған кезде Есентайдың отбасы да Оңт. Қазақстан, Өзбекстан жаққа ауа көшкен. Сол жақта ауыр науқастан екеуі де 1933 ж. дүние салды.

Бапов Әйтен (1920, Қостанай губ., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, №5 а. – 1986) – ІІ дүниежүзілік соғыс ардагері. 1944 ж. бастап Қарсақбай кенттік кеңесі атком төрағасы, кейін Қарсақбай мыс қорыту заводы кадр бөлімінің бастығы, Қарсақбай МТС-да, «Байқоңыр» кеңшарында партком хатшысы, «Шеңбер» кеңшарының директоры қызметтерін атқарды. 1976 ж. өмірінің соңына дейін «Жайремтяжстрой» тресі кадр бөлімінің бастығы. І және ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, медальдармен марапатталған.

Барақ – моңғол заманындағы қорғаныс қабырғалары жоқ қоныс. Жезқ. қ-нан солт.-ке қарай 210 км жерде, Барақ көлінің солт. жағалауында орналасқан. Қоныс бұлақтың маңындағы үш үйіндіден тұрады. Бірінші үйіндінің диам. – 25 м, биікт. – 1 м. Қабырғасының қалыңд. – 0,8 м, күйдірілген және шикі кірпіштен көтерілген. Екінші үйінді біріншіден оңтке қарай 14 м жерде орналасқан. Диам. –

15 м, биікт. – 0,7 м. Жанында керамиканың бөлшектері табылған. Үшінші үйінді екіншіден шығ-қа қарай 7 м жерде. Диам. – 11 м, биікт. – 0,5 м.

Әдеб.: Смаилов Ж.Е. Памятники археологии западной Сарыарки. Б. 1997 г. *М. Сейтжанов*

Бараққөл – Торғай алабындағы тұйық көл. Ұлытау ауд-ның солт-де, Арғанаты тауының орта тұсындағы қазаншұңқырда орналасқан. Аум. – 12 км², тереңд. – 2,9 м. Жылдық су деңгейінің ауытқуы – 0,5 м. Суының минералд. – 1,33 г/л. Негізінен жауын-шашын суымен толығады. Қарашаның басында суы қатып, сәуір айында мұзы ериді. Мал суаруға пайдаланылады.

Барақ хан (т.ж.б. – 1428) – Ақ Орданы 1423-1428 жж. билеген соңғы ханы. Құйыршық ханның ұлы, Орыс ханның немересі. Б.х. өз тұсында ең беделді хандардың бірі болған. Сығанақ қ-сын салуды басқарған. Алтын Орданың күйреуі кезеңінде, төре тұқымдарының таққа тартысы кезінде Ақ Орданың бірқатар ұлыстарын иеленген. 1422 ж. өзінің ең негізгі қарсыласы – Мұхаммед ханның ордасын бағындырғаннан кейін Б.х. Дешті Қыпшақ аумағының үлкен бөлігін жаулап алды. Оның аумағы Сырдарияның төменгі ағысынан Арал теңізіне дейінгі аралықта, солт-те Жайық өз-нен Тобыл өз. дейін, солт.-шығыста Ертіс өз. дейін созылып жатты.

1423 ж. хандық билікке қол жеткізген Б. Мауреннахрға қарсы бағытталған саясат жүргізе бастады. 1425 ж. Ұлықбек мемлекеті мен Сығанақ арасындағы шекараға ішкерілей жақындаған Б.х. бұрын атасы Орыс ханның қол астында болған, одан Темір жаулап алған Сырдария өз. бойындағы Ақ Орданың ежелгі жерлерін қайтаруды талап етті. 1427 ж. басында Сығанақ түбінде Ұлықбек пен Б.х. арасында кескілескен ұрыс болды. Жеңіліске ұшыраған Ұлықбек әскерлері Самарқан қ-на дейін ығыстырылды. Тек 1427 ж. мамыр айында соғысқа Шахрух бастаған Ғират әскерінің араласуымен Б.х. Дешті Қыпшаққа кері оралуға мәжбүр болды. Сығанақ қайтадан Орыс хан тұқымдарының ордасына айналды. 1428 ж. Моғолстан сұлтаны Махмуд оғланға қарсы шайқаста Б.х. қаза болды. Ұлытаудың солт. бетіндегі Бараққөлдің солт. жағалауындағы сарай қалдығы Б.х. ордасы деген пікір бар.

Барбосынов Сахан (1881, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Сарлық а. – 1972) – темірден түйін түйген уста. 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысы кезінде қару-жарақ жасаған. «Бірлік», Аманкелді ат. ұжымшарларда ұстахана ашып, а.ш. құрал-саймандарын жасаған. Кененбай тоғанының жобасын сызған. Өздігінен аударылатын арба (самосвал) ойлап тапқан. Сәйгүлік ұстап, бәйгеге жаратқан атбегі. Бүркіт баптаған құсбегі. Емші, сынық салатын қасиеті болған. Жүзік, білезік, түйме соққан, ағаштан домбыра, қобыз да жасаған.

Баржақсин Ахмет (1894, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы – 1935, Ресей, Омбы қ.) – қоғам қайраткері, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, аудармашы. 1918 ж. Омбы қ-ғы мұғалімдер семинариясын бітірген. «Бірлік» мәдени-ағарту ұйымын құруға атсалысқан.

1928 ж. желтоқсанда большевиктер партиясы қатарынан өз еркімен шықты. 1929 ж. сәуірде «партия беделін төкті», «троцкийшіл» деген айыппен қамауға алынып, Батыс Сібірге жер аударылды. 1933 ж. жазасын өтеп келіп, Омбы а.ш. инст-на оқытушы болып жұмысқа орналасты. 1934 ж. 15 наурызда ОГПУ үштігі РСФСР қылмыс заңының 58-бабының 10, 11-тармағына «сәйкес» екінші рет Батыс Сібірге 5 жылға жер аударып, 1935 ж. ОГПУ үштігінің үкімімен атылды.

Баржақсыұлы Елемес (1884, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы – 1938, Қарағанды обл., Қарсақбай

ауд., Қарсақбай кенті) Атбасарда 1900 ж. орыс училищесін, Омбыда 1906 ж. орт. фельдшерлік мектепті үздік бітірген. Б. Алаш қозғалысына қатысушыларды қолдаған Міржақып Дулатов, Сыздық Мешімбаев, Сейілбек Жанайдаров, Елен Жанайдаров, Әділбек Майкотовпен аралас, пікірлес болған. 1915 ж. Атбасарда М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» пьесасын сахналағанда Б. басты рольдердің бірін ойнаған. Атбасар уезінде, Ұлытауда, Қарсақбайда денсаулық органдарының басшысы міндетін дәрігерлік практикамен ұштастыра жүргізді. «Халық жауы» деген жаламен НКВД құрығына ілігіп, 1938 ж. Қарсақбай түрмесінде қайтыс болған. Ұлытау ауд. ауруханасында Б. құрметіне ескерткіш тақта орнатылған.

Барлыбай Тауасарұлы (шамамен 1790, Ұлытау – 1870, Торғай өңірі) Ұлытауды мекендеген бағаналы найманның Сары (Сарыаталық) тармағы жауғаштыдан шыққан. «Бағаналы Барлыбай батыр», «Барлыбай сардар», «Барлыбай хан» есімімен ел жадында сақталған. Әкесі Тауасар – қалмақтармен айқаста аты шыққан батыр, шешесі Гүлсім – башқұрт батыры Қарасақалдың қарындасы болған. Түркістан түбіндегі Қарнақ медресесін, Үргеніш медресесін бітірген. Орыс, парсы көне түрік тілдерін білген.

Ел аузындағы аңыз бойынша, аты қуба қалмақтармен болған бір ұрыста шығады. Кенеттен шабуыл жасаған қалмақтар бейбіт елді күйзелтіп, мал-мүлкін талан-таражға салып, найман, қоңырат, Кіші жүз әлім руларының табын-табын жылқыларын айдап кетеді. Көп жылқыны олжалаған жауды Кіші жүз (төртқара, әлім), найман, қоңырат рулары жігіттерінен құрылған жасақ Шу өзені бойында қуып жетеді. Бұларды көрген қалмақ батыры Жорыж қалың қолмен үш топқа бөлініп, қарсы шеп құрады. Қалмақ батыры Айбат қарсы жақтың батырын жекпе-жекке шақырады. Ол жекпе-жекте 17-дегі жас батыр Б. қалмақ батырын омақа асырып жеңіп шығады. Тарихи жырларда 1723 жылғы Бұланты, Білеуті бойындағы жоңғар басқыншыларымен шайқаста Б. есімі күресті ұйымдастырушы және басқарушы батырлар қатарында айтылады. Жоңғар шапқыншылығынан кейін қазақ еліне маза бермеген хиуа, қоқан шапқыншылықтары кезінде елге ес, дұшпаға сес Б-ды Ұлытау өңірінің халқы ханнан кем көрмеген, Кіші жүзге қарасты шөмекей руы билік тізгінін сеніп тапсырған. Шөмекей жасағын бастап орыс, қалмақ, түрікмен, қоқан, хиуа әскерлеріне тойтарыс берген. Кіші жүздің ханы Әбілқайырды өлтіргеннен кейін Орта жүзді, бағаналы найманды билеп тұрған Барақ сұлтан оңтүстікке, әкесі Тұрсын ханға қарасты жерге көшіп кетеді. Осы алмағайып заманда Ұлытау өңірінің тұрғындары, бағаналы найман Б-ды хан көтерген. Жанкісі ақын Б-дың әйелі Таңшолпанға көңіл айтуында: «Басшысынан айырылып, жетім болып қалғанға, арғын, найман, Кіші жүз, бір көруге ендi арманда» деген сөздері де мұны аңғартып тұр.

Б. батыр туралы Сегіз сері Шақшақұлы, Ахмет ишан Оразайұлы (1861-1927) шежірелерінде айтылады. Сегіз сері «Барлыбай хан» атты тарихи дастан шығарған, оның ерліктерін Жанкісі Басыбайұлы (1722-1849), Әбутәліп (1788-1857), Балтекей Қорғанұлы (1830-1917), Қожабай Тоқсанбайұлы (1841-1919), Мұқан Балтекейұлы (1873-1918), Тайжан Қалмағанбетұлы (1877-1937), Шеген, Қанафия сынды ақындар жырлаған.

Әдеб.: Қ. Бигожаұлы. Барлыбай Тауасарұлы. ҚҰЭ, 1999. 2-том. В.Я. Басин. Россия и казахское ханство в XVI-XVIII вв. Алматы 1971; Қ. Ахметов. Ұлы даланың Ұлытауы. Омбы, 1999.

С. Қожамсейітов

Басбайтал (Бозбайтал) – Ұлытау ауд-ғы көл. Ұлытаудан солт-ке қарай 50 км жерде, Бараққөлден оңт-ке қарай 30 км жерде орналасқан. Суы тұщы, мине-

ралд. – 1,33 г/л. Негізінен жауын-шашын суымен толысады. Қарашаның басында суы қатып, сәуір айында мұзы ериді. Жыл құстарының қоныстауына, мал суаруға қолайлы. Айналасы – егіндік пен мал жайылымы.

М. Сейтжанов

Басқамыр (Хиам) – VIII-XIII ғғ. оғыз-қыпшақ заманына жататын қала орны. Жезді кентінен Ұлытауға барар жолдың 18-ші км-де, Жезді өз. сол жағалауында. Талдысай өз. құйылысында орналасқан. Алғаш Ә. Марғұлан зерттеген. Кейін археологтар С. Жолдасбаев, Ж. Смайылов кең ауқымды зерттеу жұмысын жүргізді.

Б – кешенді құрылыс. Құрамына қаладан басқа 2 мазар, аттас зират, 2 км жердегі биікт. 3,5 м тастан қаланған қарауыл мұнарасы, 0,8 км жердегі Сарыбұлақ қайнарынан басталып, қала айналасына тартылған арықтар жүйесі, 1,3 км қашықтықтағы тереңд. 20 м шахта, кірпіштерден қаланып, еденіне тас төселген, қала манындағы жеке құрылыс, андронов мәдениетіне жататын зираттар, көне металлургтердің қалашығы кіреді. Қаланың орны – шаршы. Қабырғаларының ұз. 80 м жақын. Ортасында трапеция пішіндес (26.23 м) цитаделі бар. Қаланың сырты да, цитаделі де ормен және одан шыққан жап топырақпен қоршалған. Сыртқы жалдың ені – 5-7 м, биікт. – 1.4 м. Цитадельдің жалының жалпақтығы – 12 м, биікт. – 2,3 м. Қаланың ішкі солт. бұрышында арық бойымен келетін ауыз су сақталатын шұңқыр бар. Қаланың ауданы 310 м² бөлігінде 1991 ж. бастап қазба жұмыстары жүргізілді. Цитадельдің ішкі қабырғаларына жапсарлас салынған 7 бөлменің орны ашылды. Едендері балшықпен сыланған. Ішінде диам. 0,5-0,9 м, тереңд. 0,3 м ашық ошақтармен қатар күйдірілген кірпіштен қаланған пеш кездесті. Цитадель бұрышында биікт. 2,3 м мұнара қалдықтары сақталған. Ішінен қыштың сынықтарынан басқа тас, ағаш және металдан (темір, мыс, қола) жасалған бұйымдар көп табылды. Әсіресе, мыстан құйылған (ұз. – 10 см) «ескек» тәрізді құлақ шұқығыш, темір пышақтар мен жебе ұштары, қорамса ілгіштің алар орны ерекше. Б.қ-нан табылған қыштардың құрамы Аяққамыр қ. қышының құрамына ұқсас. Мұның бәрі – орта ғасырларда Орт. Қазақстанды мекендеген оғыз-бесене тайпалары мәдениетінің айқын көрінісі. Зерттеулер мен заттай деректер Б.қ-сы VIII ғ. бастап өмір сүргенін дәлелдейді.

М. Сейтжанов

Бату хан Жошыұлы, Сайын хан (1208, Моңғолия – 1255, Жошы ұлысы) – Жошы ұлысының ха-ны, қолбасшы. Шыңғыс ханның немересі. Б. 1227 ж. Жошы өлгеннен кейін Шыңғыс ханның үкімімен әкесінің орнына тағайындалды. Сол уақыттан бастап Еуропа жорығына дейін әкесі ту тіккен Ұлытаудағы Орда Базар қ-сын мекендеген. 1229 ж. Өгедейді ұлы хан сайлаған Қарақорымдағы құрылтайға қатысып, сол жиналыстың шешімі бойынша, 1236-1242 жж. біріккен ұлы хандық әскерінің Русь пен Шығыс Еуропаға жорығына қолбасшылық еткен. Бұл жорыққа әскер Ұлытауда жасақталып, дайындық жұмыстары атқарылғаннан кейін осы жерден Батысқа аттанған. Жорықтан кейін Б. Еділ өз. төменгі ағысында Бату Сарайы астанасын салғызды. Өмірінің соңына дейін сол қалада мемлекетті басқарып отырған және сонда жерленген. Б. Жошы ұлысын қуатты Алашқа айналдырып, Еуразия аумағының геосаясатына ықпалын күшейткен.

М. Сейтжанов

Батырбеков Оразай (23.04.1927, Ақмола обл., Қарсақбай ауд., №9 а. – 19.02.2015) – экономист, қоғам қайраткері. Экономика ғыл. канд. (1971), доцент (1980). ҚазМУ-дің тарих фак-ін

(1951) бітірген. 1950-1970 жж. Алматы қ. Фрунзе ауд. комсомол комитетінің 2, кейінірек 1-хатшысы, ҚазМУ-дің саяси экономия кафедрасының аспиранты, Қазақ өнеркәсіп кеңесі оқу комбинатының саяси экономиядан оқытушысы, Алматы мемл. мединституты саяси экономия кафедрасының ассистенті, Алматы қ. Фрунзе ауд. партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Алматы қ. партия комитеті ұйымдастыру бөлімі меңгерушісінің орынбасары, ҚКП ОК-нің жауапты ұйымдастырушысы, нұсқаушысы, партия органдары бөлімі меңгерушісінің орынбасары, бірінші орынбасары, партиялық ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Алматы Жоғары партия мектебінін ректоры болды. 30-дан астам ғыл. еңбектің авторы. VIII-IX сайланған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, ҚКП XII-XVI съездерінің, КОКП XXV съезінің делегаты. 3 мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Бәйеділұлы Кішібай (1888, Торғай уезі – 06.06.1978, Жезқ. обл., Жезқ. қ.) – Аманкелді сарбаздарының бірі. Еңбек және тыл ардагері. Азамат соғысы жылдары А. Иманов отрядында сарбаз болып, кейін қызыл әскер сапында ақтарға қарсы ұрыстарға қатысқан. Бұдан соң ұжымшарда жұмыс істейді және 1936 ж. соғыс басталғанға дейін Қарсақбай теміржол депосында слесарь болып абыройлы еңбек етеді. II дүниежүзілік соғыс жылдары еңбек армиясында болады. 1943-1958 жж. Қарсақбай теміржол депосында ұзақ жыл слесарь болып, еңбек демалысына шығады.

«Иманов Аманкелді сарбаздары». Алматы. 1994. *Т. Жанаев*

Бәрменбаева Нұрәсила (1915-1999, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – ақын. Атбасардағы төрт жылдық қазақ мектебін, одан соң комсомол-жастар мектебін бітірген. Жезқазған-Ұлытау өңіріне 1920 жж. орта шеніне қарай көшіп келген. 1930 жж. басында тұтыну кооперация қызметкерлерін даярлайтын Алматыдағы бір жылдық курсты бітіріп, Қарсақбайға оралады. 1933 ж. Қарқаралыға, одан Алматыға ауысады. 1937 ж. күйеуі «халық жауы» болып ұсталған соң елге оралады. ҰОС жж. Жезді өңірінің тұтынушылар одағында жұмыс істеген. Өлеңдері 1977 ж. республика ақындарының «Шұғыла» жинағында басылды. 1981-1982 жж. «Ерке бота», «Ана жыры», 1990 ж. «Ана махаббаты» атты жинақтары жеке кітап болып шықты. 2015 ж. Жезқ. қ-сы мемл. мұрағатында сақталған өлеңдері, әндері, суреттері, өлең-жырлары жинақталып, ақынның 100 жылдық мерейтойы қарсаңында жеке кітап болып шықты. Соңғы жылдары сазгерлік қырынан танытқан «Өзім мен елім», «Сәкен» тәрізді әндері белгілі әншілер Ғ. Мұхамедин мен М. Есмұханованың репертуарынан берік орын алған.

Бегаев Оразалы (1910, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы – 1982, Жезқ. обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) Қызылорда обл. акушерлік-фельдшерлік училищесін (1939) бітірген. Еңбек жолын №4 а-да фельдшер болудан бастады. 1940 ж. 10 тамызда жаңадан құрылған Ұлытау ауд. денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып

тағайындалды. Б. бұл қызметті атқарып жүргенде ауд. аурухана, әйелдер босанатын үй, төрт ауылда фельдшерлік нысан ашылды. Ауыл тұрғындары арасында тұрмыс мәдениеті, санитарлық түсінік-үгіт жұмыстары кең ұйымдастырылды. Ел арасында тараған бірқатар жұқпалы аурулар ауыздықталды.

Бегалиев Төрехан Әбуұлы 1942 ж. туған. Ұлытаудың түлегі. Қазақ мемл. мединститутын (1964) бітірген. Жас маман Қостанай обл. дәріханалар басқармасында фарминспектор болады. Қызылорда медучилищесінде фармация ісін ұйымдастыру пәнінен оқытушы, дәріхана меңгерушісі, Қарағанды обл. дәріханалар басқармасында фармацевтика өндірісі бойынша директор болып тағайындалған. 1983 ж. атамекені Ұлытау өңіріне оралады. Никольский (қазіргі Сәтбаев қ.) аумақтық дәріханаларының меңгерушісі, Жезқазған обл. дәріханалар басқармасының бастығы, обл. «Фармация» өнд. бірлестігінің бас директоры, 1997 ж. «Жезказганфармация» ЖШС басшысы. Фармация саласындағы алғашқы кәсіпкерлердің бірі. Мәскеуде, Түркияда, Үндістанда, Польшада, Германияда біліктілігін көтерген. КСРО және ҚазКСР денсаулық сақтау ісінің үздігі.

Бегенов Қалбас Алиасқарұлы (1923, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кішітау ауылкеңесі, Қорғантас а. – 1997, Жезқ. обл., Ұлытау ауд., Аманкелді ауылд. округі) орта мектепті бітірген соң 1942 ж. 5 мамырда қызыл әскер қатарына шақырылған. 1942-1945 жж. Сталинград, II Украина, I Беларусь майдандарында шайқастарға қатысты. 2-танк армиясының танкішілер взводының командирі болған. Германия фашизмімен соғыста өзінің жеке басының батырлығы және тапқырлығы үшін Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Беғазы-Дәндібай мәдениеті – қола дәуірінің соңғы кезеңінде (б.з.д. IX-VIII ғғ.) Орт. Қазақстанды қоныстанған тайпалар мәдениеті. Беғазы тауының бір тармағында көне заманның белгілері мол сақталғандықтан «Беғазы» деген атау қойылған. Дәндібай да жер атауы. Осы екі атау біріктіріліп, сол жердегі ежелгі өркениет қонысын Б-Д.м. деп атайды. Бұл мәдениеттің тарихымыз үшін маңызын айқындаған акад. Ә. Марғұлан болды. Б-Д.м. өркендеткен тайпалар батысында Ұлытау, шығысында Абыралы, Шыңғыс таулары, оңт-де Жетіқоңырдан Ертіс бойына дейінгі Нұра, Сарысу, Кеңгір өз. бойларын қоныс еткен.

М. Сейтжанов

Бейлов Қоян (1916, Ақмола обл., Атбасар уезі, Сарысу болысы, Жетіқоңыр құмындағы Рысбай тәуіп қыстағы) – Жезді ауд. «Жетіқоңыр» кеңшарының атақты шопаны. Қой шаруашылығындағы үздік жетістіктері үшін Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Бейсенбаева Нәзипа Әбілдақызы (1905, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы – 2001, Алматы қ.) – ҚР ҰҒА және Ресей ҒА академигі Т. Шармановтың анасы. «Адам – топырағынан» дегендей, қадірлі ананың бойында Ұлытаудың қасиеті тұнып тұр. Кермиық кең мінезі, әдемі де жылы жүзі, нәті қазаққа ерекше жүрек сазы оны бүкіл ұлттың анасы сияқты көз алдыңа әкеледі. Оның жұбайы Шарман кеңшар, ұжымшар басшысы болған, көзі қарақты, түздің шаруасының адамы еді. Үйдің билігі Нәзипа апаның қолында. Он саусағынан өнер тамған іскер, тілінді үйірген тағамның бабы, бүкіл ауылдың басын қосқан бірліктің туы еді. Ол бүкіл өмірін жалғыз ұлы Төрегелдінің ертеңіне арнады. Ұлы анасын бескe келгенше емген

екен. «Анадан – қасиет, атадан – өсиет» деген бабаларымыз. Екі іргелі ел таңдаған академиктің ғұламалығы, адамдарға махаббаты, мейірбандығы мен жақсылығы ана сүтімен келген. «Сырласым, енем, шешем, әріптесім» деп жазды ол туралы келіні Күлзия. Жүзге таяған ана жалғызының әлем таныған ғалым болғанын, немере-шөберелерінің жауқазындай өсіп келе жатқанын көзімен көріп, Аллаға мың тәубе деп өтті өмірден.

С. Қожамсейітов

Бейсенұлы Үңгітбай Шорағай немересі (1882, Торғай обл., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Арақарағай а. – 1976) жас кезінен мұсылмандықтың берік жолын ұстаған пірәдар. Өңірде «ақ тарының атасы» атанған. Үлкен қолөнердің иесі. Тал-жидеден киіз үйдің сүйегін, жүкаяқ, кебеже, табақ, тостаған, ер, ашамай жасаған, тастан диірмен қашаған, теріні өңдеп киім-кешек тіккен. Қолға темір түссе, одан қақпан, орақ, кетпен, күрек жасаған. Әсіресе, Ұлытау өңірінде тары өсіру жөніндегі еңбегі ерекше. Шығырдың жабдықтарын (тегеріш, науа, астау, шелек) ағаштан шауып, Бұланты бойына тары егіп, бір ауылды асыраған. Б. 25 жасында мұрап атанған. «Бала Жезді» ұжымшарында диқан болған. 1944 ж. өңірде бұрын болмаған рекордтық тары өнімін алған, мемлекетке тары тұқымын тапсыру жоспарын асыра орындаған. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен (1945) марапатталған.

Мәскеуде озат ұжымшаршылардың Бүкілодақтық жиынына (1946) қатысқан.

Бекембаев Дүйсембек (1913, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қаракеңгір а. – 1985, Жезқ. обл., Ұлытау ауд., «Қаракеңгір» кеңшары) 1931-1936 жж. «Қызыл коммуна» ұжымшарының мүшесі. 1936-1941 жж. Мирзоян ат. ұжымшардың, 1941 ж. наурызынан ҰОС-на 1942 ж. маусымда өз еркімен аттанғанша «Қызыл коммуна» ұжымшарының төрағасы болды. 1942-1944 жж. И-179 атқыштар дивизиясында «Катюшаның» көздеушісі (наводчигі). Ржев, Калинин, Великие Луки, Смоленск, Харьков қ. азат етуге қатысты. 1944 ж. Смоленск түбіндегі шайқаста алдыңғы шепте ерлікпен соғысып жүріп, сегіз жерден жарақат алып, әскери міндетін одан әрі жалғастыру мүмкін болмады. Соғыстан мүгедек болып оралған Б-ты ұжымшар мүшелері «Қызыл коммуна» ұжымшарына төраға етіп қайта сайлады, бұл міндетті ұжымшар кеңшар болып қайта құрылғанша абыройлы атқарды. КСРО Үкіметі 1953 ж. жүн дайындау жөніндегі жоспарды 5 есе асыра орындағаны, ап еттен бүкіл ауданның қарызын өтегені үшін республиканың санаулы ұжымдары санатында «Қызыл коммуна» ұжымшарына ЗИЛ жеңіл автокөлігін сыйға тартты. 1957 ж. бастап зейнеткерлікке шыққанша еңбекшілер депутаттары 1 Май ауылд. кеңесі атком төрағасы болды. Ауд. кеңеске бес мәрте депутат болып сайланды. II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» (1947), «Құрмет белгісі» (1956) ордендерімен, «Тың игергені үшін» (1956), «Ерлік еңбегі үшін» (1970), т.б. он медальмен марапатталған.

Бекетаев Әліпбек (1932, ОҚО, Қарсақбай ауд., Айыртау ауылкеңесі – 2005,

Қарағанды обл., Жезқ. қ.) Талғар кеншар-техникумын (1958) бітірген. Жастайынан техникаға әуес болып, кең профильді комбайншы-механизатор, автокөлік жүргізушісі мамандығын игерді. Ауд. кеңшарларында МТС меңгерушісі, бас инженер, партком хатшысы. 1964-1992 жж. Аманкелді ат. және «Қаракеңгір» кеңшарларында директор, ауылд. округтің әкімі. Ауылды мәдени-әлеуметтік жағынан қайта құру, мал шаруашылығын дамыту жолында жемісті еңбек етті. ҚазКСР а.ш-на еңб. сің. қызметкері (1990), Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Бекетаев Қанат Әліпбекұлы (25.11.1962. Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Қорғасын а.) – инженер-құрылысшы. Қарағанды политех. инст-ын (1985) бітірген. 1985 ж. Қостанай обл. Рудный қ. «Кустанайсельстрой» тресінде, Ұлытау ауд. «Егінді», «Қаракеңгір» кеншарларында инженер, құрылыс шебері, комсомол комитетінің хатшысы, шұжық цехының меңгерушісі. 1995 ж. «Бекетай баба» шаруа қожалығын құрған. Мал өсіреді, егін егеді. Егін өсірудің үнемді технологиясын өндіріске енгізген. 2007 ж. Ұлытау ауд. мәслихатының депутаты. Мемл. марапаттары бар.

Бекетов Рустем (1928, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Сталин ауылкеңесі, Лақбай а. – 2016, Қарағанды обл., Сәтбаев қ.) Ақмола қ-ғы а.ш. мектебін (1954), Қарқаралы зоотех.-малдәрігерлік техникумын (1964) бітірген. Еңбек жолын 1942 ж. маусымда ұжымшар есепшілігінен бастаған. 1948 ж. қыркүйекте ауылд. кеңес атком хатшысы болып сайланады. 1952 ж. ұжымшар фермасының меңгерушісі, ұжымшар басқармасы төрағасының орынбасары, кеңшар партия комитетінің хатшысы. 1964 ж. маусымда ауд. өнд. а.ш. басқармасының бас зоотехнигі болып тағайындалды. 1965 ж. қарашасынан 1988 ж. тамызына дейін «Қаракеңгір», КОКП XXIII съезі ат. мал бордақылау кеңшарының директоры. «Құрмет белгісі» (1971) Октябрь революциясы (1973) ордендерімен, алты медальмен және ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. 2009 ж. ел және өңір тарихы жөніндегі зерттеулерін «Естігендер мен есімдегілер» деген атпен жеке кітап етіп шығарды.

Бекқожа мазары – 1895 ж. Сарыкеңгір өз. сол жағалауында салынған сәулет ескерткіші. 1975 ж. ҚазКСР Мәдениет министрлігінің экспедициясы зерттеген. Порталды-күмбезді ғимарат. Барлық фасадтары қос-қостан сүйір қуыстармен өрнектелген. Мазарды екі жолақтан тұратын фризбойы орап тұр. Фриздің жоғары жолағындағы өрнек табиғи өсімдік бояумен сыртынан күйдірілген. Осы жолақта «1895 жыл» деп қашап жазылған. Мазар шикі кірпіштен салынып, күйдірілген кірпішпен өрілген. Биікт. – 5,74 м.

Бекқожин Асан (1858, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 1919). Оны 17 жасқа келгенде болыс басқарушысы Атбасар қ. түбіндегі а.ш. фермасына жұмысқа жіберген. Екі сыныптық мектепті, Омбыдағы бір жылдық мектепті бітірген.

Әуелі болыс басқармасында. 14 жылға жуық Атбасар уезінің басқармасында тілмаш болған. Көзі тірісінде елге Хасан деген атпен белгілі болған кісі. Ресей патшасы қазақтарды әскерге қара жұмысқа алу туралы жарлық шығарғанда (1916). Б. ұлт-азаттық қозғалысына қатысушылар жағына шыққан. 1916 ж. тамызда Ұлытау өңірінде Бағаналы хандығы жарияланғанда оның Сыртқы істер жөніндегі уәзірі болған. Сонымен бірге. Б. 1895 ж. әскери дәрігер Л. Кузнецовпен бірге Таңбалы Нұрада болып, ондағы таңбалардың көшірмесін жасаған.

Беккожаулы Ералы (1882. Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы. Қаратал өз. бойы – 1966) жасынан саятшылықпен, аңшылықпен айналысқан. Ұлытау аймағында аңға қақпан, тұзақ құрудың үлгісін таратып. насихаттаған жан. Осы өнерімен аштық жылдарында туған-туыс, жақындарын аң етімен асыраған. Бір қыстың ішінде қақпан мен тұзақ құру арқылы 60 қасқырға дейін алған. Ел ішінде аңшылық өнері туралы аңыздар көптеп таралған. Ұлытау ауд. Сарлық а-да жерленген.

Бекмағанбетов Бақтыкелді (1908, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 1996, Жезқ. обл., Жезқ. қ.) 1929 ж. Қарсақбайда ФЗО бітірген. 1929-1937 жж. Беріойнақ, Құмола, Талап а-да бастауыш мектеп ашып, ұстаздық етті. 1940 ж. Ташкент педучилищесін бітірген соң Алғабас бастауыш мектебінің меңгерушісі болды. 1942-1946 жж. ҰОС-на қатысты. 1946-1947 жж. ауылда мұғалім, 1947-1950 жж. Мойынты – Шу теміржол құрылысындағы Ұлытау құрылыс телім бастығының саяси тәрбие жөніндегі орынбасары, аупарткомның үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі. 1950-1956 жж. Ұлытау ауд. оқу бөлімінің меңгерушісі. 1965-1968 жж. Алғабас орта мектебінің директоры болды. I және II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», Қызыл Жұлдыз ордендерімен, бірнеше жауынгерлік медальмен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Бекмағанбетов Бүтінбай (09.05. 1932, ОҚО, Қарсақбай ауд., 1 Май ауылкеңесі – 2010) ҚазМУ-дің экономика фак-ін (1957) тәмамдаған. 1957-1973 жж. «Қаракеңгір» кеңшарының бас экономисі, 1973 ж. мамыр айынан «Алғабас» кеңшарында. 1975 ж. маусым айынан 1992 ж. мамыр айына дейін «Урожайный» кеңшарында директор болып қызмет атқарды. Егін өсірудің интенсивті технологиясын енгізді, бидайдан жоғары өнім алды. «Құрмет белгісі» (1976), Еңбек Қызыл Ту (1981) ордендерімен, «Тың игергені үшін» және басқа медальдармен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1982) марапатталған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Бекмағанбетов Өмірбай (11.09. 1975, Жезқ. обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі, Сарлық а.) – тарих ғыл. канд., доцент. Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің тарих бөлімін бітірген. Аға оқытушы, тарих және филология фак-ті деканының орынбасары қызметтерін атқарды. 2007-2008 жж. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы «Археография және деректану» ұлттық орт-да бөлім бастығы, директордың орынбасары қызметтерін атқарды. 2008 ж. Л. Гумилев ат. ЕҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, 2013 ж-дан С. Сейфуллин ат. Халықар. агротехникалық ғыл.-зерттеу универс-нің Қазақ-

стан тарихы кафедрасының меңгерушісі болып істейді. «Жезқазған-Ұлытау өңіріндегі 1916 жылғы көтеріліс және оның тарихи сабағы» деген тақырыпта канд. дисс. қорғады. 1 оқу-әдістемелік құралы мен 40-қа жуық ғыл. мақалалар авторы. «Жезқазған» энциклопедиялық анықтамалығы авторларының бірі.

Бекмағанбетова Жамал Бақтыкелдіқызы (1936, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Алғабас ауылкеңесі) Қарағанды мемл. мединст-ын (1960) емдеу ісі мамандығы бойынша бітірген. Жарты ғасырдан астам Ұлытау ауд. ауруханасында акушер-гинеколог болып істеді. Мыңдаған баланың кіндік шешесі, талай ана мен сәбидің өміріне арашашы болды.

Бекмаханов Ермұхан Бекмаханұлы (15.02.1915, Павлодар обл., Баянауыл ауд., Торс а. – 06.05.1966, Алматы қ.) – тарихшы ғалым, тарих ғыл. докт. (1946), проф., ҚазКСР ҒА мүше-корреспонденті (1962). 1933 ж. Семейде жұмысшы фак-ін, 1937 ж. Воронеж пединст-ын бітіріп, ҚазКСР Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғыл.-зерттеу инст-да еңбек еткен. 1947 ж. бастап, өмірінің соңына дейін ҚазМУ-де өзі ұйымдастырған Қазақстан тарихы кафедрасын басқарды. Оның алғашқы еңбегі – «XIX ғасырдың 20-40 жж. Қазақстан» (1947) атты монографиясы болды. Бұл еңбегі Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыстың тарихын ақтау тұрғысынан көрсеткен еңбек деп бағаланып, авторы буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияны дәріптеуші деген жаламен саяси қуғынға ұшырады. 1952 ж. 5 қыркүйекте тұтқындалды. 1952 ж. 2 желтоқсан күні ҚазКСР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер

жөніндегі коллегиясының үкімімен Б. 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды. 1954 ж. 16 ақпанда ісі жабылып, өзі ақталып шықты. Оған универс-тегі өзі ұйымдастырған кафедрасы қайтарылып берілді. 1964 ж. ҚазКСР ҒА-ның мүше-корреспонденті болып сайланды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Б-тың басты еңбегі – «XIX ғасырдың 20-40 жж. Қазақстан» ақталып, орыс және қазақ тілдеріндегі нұсқалары жарық көрді. Бұл еңбегінде Кенесары ханның Ұлытау аймағындағы саяси-әскери қимылының тарихы бейнеленген.

Бексұлтанов Қуанышбек (1928, Көкшетау обл., Зеренд ауд., Қызылегіс а. – 1996) – инженер-металлург. ҚазКСР еңб. сің. металлургі. Қазақ кен-металлургия инст-ын (1953) бітірген. Қарсақбай мыс қорыту заводында ауысым шебері, телім бастығы, байыту фабрикасының технологы болды. 1960 ж. Қарсақбай мыс заводының директоры болып тағайындалды. Кейін ЖКМК партком хатшылығына сайланды. Жезқ. мыс заводы іске берілгенде шихта дайындау цехына бастық болып ауысты және бұл қызметті зейнеткерлікке шыққанша атқарды. КСРО-ның орден-медальдарымен марапатталған.

Бектепберген Үдербайұлы (1870, Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Терісбұтақ өз. бойы – 1922, Қарақұм) – ұста, Аманкелді Имановтың ағасы. Ауыл молдасынан және өз анасынан сауатын ашқан. Киіз үйдің шаңырағын, уық, керегесін, шана жасаған. Қарсақбай, Байқоңырға барып, өндірісте еңбек еткен. 1916 жылғы Торғай көтерілісі кезінде Балықтың қарасуында ұстахана ұйымдастырып, қару-жарақ соғатын және жөндейтін ұсталар тобын басқарған.

Бектепбергенов Дүйсенбек Бектепбергенұлы (1917, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 1992). Аштықтан онт-ке шұбырған тобырға ілесіп, анасы екеуі Сыр бойына жеткен. 6 жыл тұрып ес жинаған соң елге оралған. 1939 ж. әскер қатарына шақырылады. Қатардағы жауынгер Б. I Украина май-

данының құрамындағы 215-атқыштар полкінде атқыш болған, ерлігімен талай көзге түскен. Соғыстан кейін Берлин қ-ның шығыс секторын қалпына келтіруге қатысқан. Жезді ауд. «Сарысу» асыл тұқымды қой заводында таяғы құтты аға шопан болды. Ұрыс даласындағы және бейбіт күндегі ерлік еңбегі I, II дәрежелі «Отан соғысы», Қызыл Жұлдыз ордендерімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Германияны жеңгені үшін», «Берлинді алғаны үшін» медальдарымен, Бранденбург қамалын алуға байланысты Бас қолбасшы И. Сталиннің Алғыс хатымен, «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне» медалімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1975) марапатталған.

Бекілдеков Қуаныш (1942, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) – инженер-энергетик. Қазақ политех. инст-ын (1968) бітірген. 1968-1996 жж. Аманкелді ат. және «Ұлытау» кеңшарында бас инженер, ЖРЭК-тің жоғары кернеулі тоқ тарату мекемесінде бастық, кейін Ұлытау ауд. электр энергиясын тасымалдаушы «Ұлытау» ЖШС директоры. Нарыққа өтпелі қиын кезеңде Ұлытаудың барлық елді мекендерін, өнд.-әлеум. объектілерді электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін дамыл таппай, нәтижелі еңбек етті. Ұлытау ауд. мәслихатының II, III шақырылымының депутаты. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Белең ана – көне қала. Қаланың аты тұңғыш рет Әмір Темірдің Тоқтамысқа қарсы жорығы жайлы жазбада аталады. Қала құрылыстарының қираған үйінділері Сарысу өз. бойында Телікөлден бір күндік жерде жатыр. Жошы ұлысын билеген Орда-Еженнің екінші ұлы Құтидың әйелін Белең қатын деп атаған. Плано Карпинидің Моңғол империясына саяхаты жайлы жазбаларында Шыңғыс хан ұрпақтарының бірнеше әйел алғандығы және олар Орданың белгілі бір бөлігіне иелік етіп, билік жүргізгені жайлы айтылады. Осылардың негізінде Белең ананы Орда-Еженнің келіні деп кесіп айтуға болады. Қираған қала үйінділерінің көлемінен оның аумағы өте үлкен болғаны байқалады. Орыс ғалымы П. Рычков бұл қаланың жұртының ұз. – 6, ені – 2 верста (1 верста – 1,06 км) шамасында екенін жазады. Б.а. – зерттелуін күтіп жатқан тарихи маңызы зор күрделі ескерткіштердің бірі.

М. Сейтжанов

Берденов Мыңбай (1930, ОҚО, Қарсақбай ауд., Малшыбай а. – 1985) еңбек жолын 1950 ж. ұжымшарда жұмыскер болып бастады. 1952 ж. бастап, өмірінің соңына дейін Ұлытау ауд-да әуелі ұжымшарда, кейін «Алғабас» кеңшарында аға шопан болып еңбек етті. Осы бір қарапайым адамға өз ісіне қалтқысыз берілгендік, іздену қасиеті тән болатын. Б. өз тәжірибесін жастарға үйретуге жалыққан емес, жас шопандардың көпшілігіне ұстаздық етті. VIII сайланған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. 1982 ж. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. ҚазКСР соц. мал шаруашылығына еңб. сің. шебері, үш мәрте Ленин, Октябрь революциясы ордендерімен және медальдармен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

Беркімбай Барлыбайұлы (Беркін тәуіп) – бақсы, көріпкел, балталы тайпасынан. Ұлытау өңірінде шамамен XVIII ғ-да өмір сүрген. Терісаққан өз. бойында Беркімбайдың қаратөбесі деген жерде жерленген. Төрт құлақты, қара тастан салынған тамда мәңгілікке тыныстап жатыр. Тамның құлақтарының біріне қара тастан қиылған балта орнатылған.

Б. жел-құз, желікпе сырқаттарын, талма, бала көтермеген ауруларды өзінің қобызының үнімен, аруақтана, тылсым

әрекет-қимылмен емдеген. Өңірде бақсының ордалы жыланның тілін байлап, көшіріп жібергені, көктемде тасыған өзеннен су тигізбей арғы бетке өткені сияқты аңыз-әңгімелер көп. Қазір де Б. басына сыңқатына медет сұраған, бала тілеген жандар келіп, түнеп жатады. Жол үстіндегілер Б. қаратөбесіне ат басын бұрып, бақсы рухына құран бағыштауды парыз санайды. Елемей өтіп, аты өліп, машинасы бұзылып, бейнет көргендер туралы көп әңгіме айтылады.

Бесоба (Бестам) – XIII-XIV ғғ. сәулет өнері күмбездер кешенінің орны. Қаракеңгір а-нан солт.-батысқа қарай 5 км жерде. Күйдірген кірпіштен жасаған он шақты күмбездің іргесі бар. Олардың алдыңғы беті, үстіңгі күмбезі көк бедерлі кірпіш қатарымен өрнектелген. Бедерлі кірпіш сынықтары бұзылған тамның іргесінде осы күнге дейін кездеседі. Б. күмбездері тегіс қирап, үйінді обаға айналған. Түрі, үлгісі Жезді өз. бойындағы Аяққамырға ұқсас. Салынған тарихы белгісіз. Ғыл. зерттеуді қажет етеді.

М. Сейтжанов

Бетбұлақ – Ұлытау ауд. Алғабас ауылд. округіне қарайтын ауыл. Ұлытау а-ның солт.-шығысында 90 км жерде орналасқан. Іргесі 1939 ж. қаланған. Алғашқыда «Қызыл диқан» ұжымшары аталған. 1957 ж. «Алғабас» кеңшары болып қайта құрылды. Халқының саны – 0,551 мың (2015). Жерінің жалпы ауд. – 71,1 мың га. Шаруашылықтың негізгі бағыты – егіншілік, мал өсіру. Ауылда мектеп, фельдшерлік-акушерлік пункт, клуб, кітапхана бар.

Бетеге боз (Stipa lessingiana) – Ұлытау ауд-да өсетін астық тұқымдасы, қау туысына жататын көпжылдық өсімдік. Қазақстанның даланың, таулы аймақтарының тасты және майда топырақты жерлерінде тараған. Биікт. – 30-70 см. Тамыры тығыз, шымдана өседі. Сабағы тықыр, тегіс болады. Жапырақтары жіңішке, қабыса біткен. Гүлі шашақ гүлшоғырына топталған. Сәуір-мамыр айларында гүлдейді. Жеміс қылтанының ұз. – 20-26 см, екі рет иіліп келген. Төм. жағы жалаң, жоғ. бөлігін түк басқан. Б.б. – жақсы мал азығы. Жаңбырлы жылдарда оны екі рет оруға болады.

Бетехтинит (акад. А.Г. Бетехтиннің атымен аталған) – Жезқ. кенінде табылған және 1959 ж. сипатталған. Сульфидтер класының минералы. Б-тің химиялық формуласы: (CuFe) PbS 6,7-7,6 құрамы (салмақтық %): Cu 59,6-61,8; Pb 17,1-17,8; S-18,65-20,4; Ag-0,51. Ромбылық сингонияда кристалданады, қалақша, призма, нәзік ине тәрізді кристалдар түзеді. Түсі қара сұр, қошқыл қызыл және қошқыл қоңыр реңді, сызаты қара сұр, балауыз, металл іспетті жылтыр, күңгірт, морт сынады, қатты. Моос шкаласы бойынша үшке жуық, тығызд. – 5840 кг/м³. Халькозин мен галенитке оңай ауысады. Кварц және кальцит желілерімен, ірі кристалды халькозинмен бірге жарықшалар бойында, қуыстарда кездеседі.

М. Сейтжанов

Бетпақдала – Қазақстанның орт. бөлігіндегі кең аймақты алып жатқан шөлді өңір. Қарағанды, Жамбыл, Оңт. Қазақстан обл. аумағында орналасқан. Бат-да Сарысу өз. төменгі ағысымен, шығ-да Балқаш көлімен, оңт-де Шу өз. аңғарымен, солт-де Сарыарқамен шектеседі. Батыстан шығ. қарай 500 км, солт-тен оңт-ке қарай 300 км аумаққа созылған. Ауд. – 75 мың км² шамасында. Бетпақдала үстіртті шөлінің орташа абс. биікт. – 300-350 м. Абс. биікт. 200-300 м болатын көлемді оңт.-батыс бөлігі жазық, ал абс. биікт. 400-700 м солт.-шығыс бөлігі қыратты. Палеозой эрасының тау жыныстары (гранит, порфирит, әктас) тереңде жатыр, бетін мезозой мен палеоген кезеңінің шөгінді жыныстары (құмтас, саз, малтатас, құм) жапқан. Ең биік жері – Жамбыл тауы (974 м). Бұл бөлік – Сарыарқаның каледондық құрылымының жалғасы. Сай-жыралармен тілімденген Б. жазығында сор, тақыр және жазда құрғап қалатын тұзды көлдер кездеседі. Көктемде жауын суымен толығып, жазда құрғақ арнаға

айналатын Қарқаралы. Қарасу, Талдыеспе сияқты кішігірім өз-дер бар. Климаты тым континенттік. Жазы ыстық, құрғақ, қысы суық. Қаңтарда ауаның орташа температурасы -13°С, шілдеде +25°С. Жауын-шашынның жылдық мөлш. – 100-150 мм. Қардың қалыңд. – 10-15 см. Тұрақты су көздері болмағанымен, жер асты (артезиан) суының қоры мол. Жайылымдар тереңд. 10-30 м артезиан құдықтарымен суландырылады.

Б. топырағы қоңыр, сұрғылт қоңыр. Солт-де жусан басым, шығ-дағы шоқылы таулардың тастақты шөлдерінде баялыш, эфедра, тасбұйырғын, орт. мен бат-дағы саздақты жерлерде жусан мен баялыш, оңт-дегі Шу өз. маңындағы құмды төбелер мен қырқаларда сексеуіл, теріскен, еркекшөп, құрғақ арналарын бойлай жыңғыл, тораңғы өседі. Солт.-шығысындағы таулы қыраттарда арқар, елік, қасқыр, түлкі; жазықта ақбөкен, алақоржын, саршұнақ, аламан, жылан, кесіртке, дуадақ, құр мекендейді. Б. – көктемгі және күзгі мал жайылымы.

Бидаш би Құдабайқызы (1860-1944) – Ұлытау өңіріндегі ел билігіне араласқан, әйелден шыққан белгілі қайраткер. Мамай Дүтбай батыр ауылының қызы. Ол ел арасындағы түрлі дау-тартыстарда билік құрып, өзінің әдептілігі, әділеттілігі, шешендігі мен батырлығы арқасында халық сүйіспеншілігіне бөленген ана. Б. есімі Қожабай ақынның «Ұсталып Бидаш би кетті» атты дастанында кезігеді. Түрмеге жабылған Б-ты Бұзау болыс кепілдікке шығарып алады. Екінші деректе, орыстың Ташкент бекінісіндегі 150-ге тарта әскері Ұлытау жерін басып, Орынборға қарай өтпекші болғанда, Б. 400-ге тарта қазақ жігітінің басын біріктіріп, ұйықтап жатқан отрядқа тұтқиылдан соққы беріп, жеңілген орыстарды ізімен Ташкентке кері қайтуға мәжбүр еткендігі туралы айтылады. Осы қылығы үшін түрмеге жабылған Б-ты босатып алуға тағы да Бұзау болыс араласады.

Биебаев Айтжан (1908, Ақмола обл., Атбасар уезі, Айыртау болысы – ө.ж.б.) 1932-1939 жж. Қарсақбай мыс қорыту заводының теміржолында паровоз машинисі болып жұмыс істеген. ҰОС-на қатысушы. III Украина майданы құрамында болып, Румыния, Австрия елдерін азат етуге қатысқан. 1949-1969 жж. «Жетіқоңыр» кеңшарында аға шопан. Озық еңбек жетістіктері үшін Ленин, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған. Есімі ҚазКСР «Алтын кітабына» жазылған.

Бименде Ерденұлы (1861, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 1918) – ел билеген, болыс болған, ислам жолын ұстаған адам. Ерден Сандыбайұлының бел баласы. Ерден дүние салғаннан кейін 30 жылға тарта болыс болған. Омбыда патша мұрагерінің тойына қатысқан. Б. 50 жасқа келген шағында болыстықты тастап, таза дін жолына түскен. Меккеге қажылыққа барып, ақыры көп пайғамбарлар жатқан Байтулладан топырақ бұйырады. Б. өте нұрлы адам болған деген аңыз бар.

Билер соты. Б.с. көшпелі қазақ қоғамының сот жүйесінің орталық діңі болып табылады. Оның пайда болу тарихы өзінің түп-тамырымен ежелгі кезеңдерге терең бойлайды. Би атағына шешендік өнерді жетік меңгерген және қазақтың әдет-ғұрпын толық білетін адам ғана ие бола алған. Қазақтың әдет-ғұрыптық құқығы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша түрде жетіп отырған. Сондықтан билер ата-бабадан мұра болып қалған ережелерді бұлжытпай сақтаушы әрі қорғаушы қызметін атқарған. Би атағы мұраға қалдырылмаған немесе тағайындалмаған, оған өздерінің әділдігі мен жоғары моральдық-өнегелік қасиеттері үшін үлкен беделі-құрметі бар адамдар ие болған. Тек осындай адамдарға ха-

лық әділдікті іздеудегі өздерінің мәселелерін сеніп тапсыратын болған. Сондықтан Қазақстанның төңкеріске дейінгі тарихында билер – көбінесе қарапайым халықтан шыққан тұлғалар.

Қазақ қоғамында билер азаматтық және қылмыстық істерді шешетін сот ролін атқарып қана қоймай, сонымен қатар Қазақстанның саяси өміріндегі беделі де жоғары болды. Тек солардың келісімі мен қолдауының негізінде ғана хандар мен сұлтандар мемл. және саяси шешімдер қабылдады. Қазақ елі тарихында Ұлы жүзден Төле би, Орта жүзден Қаздауысты Қазыбек би, Кіші жүзден Әйтеке би және басқа билердің есімдері мәлім. Олар ел басына ауыртпалық түскен кезеңдерде орт. билікке халықты жұмылдыруға және қазақ мемлекеттілігінің сақталуына қолдау көрсетті. Күнделікті өңірде билер соттық міндеттерді руды басқару қызметімен ұштастыра отырып, қоғамдық тәртіпті, салықтар мен баждарды жинауды, жоғары билік шешімдерін орындауды қамтамасыз етті. 1822 ж. патша үкіметі қабылдаған Сібір және Орынбор қырғыздары (қазақтары) туралы Уставтар бойынша хан билігінің жойылуымен қоса би лауазымы әкеден балаға тапсырылатын болып, дәстүрлі би жүйесі өз мағынасын жоғалтты.

Битамал – 1916 ж. ұлт-азаттық соғысына қатысқан Ұлытау-Торғай өңірінің жасағын мойындаған халық б. – 4 сомдық салық төлеген. Өзге патшалық «кибиткалық» салықтардың барлық түрінен халық босатылған. Б-дан түскен қаржы патша үкіметіне қарсы жасақтарды құруға, қару-жарақ дайындауға, т.б. азаттық күрес жолындағы қажеттілікке жұмсалған. Жұмсау барысын қазынашылар бақылаған.

М. Сейтжанов

Богданчиков Иосиф Николаевич (1901-1993) қарапайым теміржолшы отбасында дүниеге келген. Азамат соғысына қатысқан, ерекше бөлімшенің жауынгері бол-ған. 1932 ж. Мәскеу к-ғы кен-барлау инст-ын үздік тәмамдаған.

1933 ж. Қ. Сәтбаевтың шақыртуымен Қарсақбайға келіп, кен барлау конторына жұмысқа орналасады.

Б. – Жезқазған-Ұлытау аймағының геол. зерттеу ісіне, оның ішінде марганец, темір кендерін барлау және ашуға айрықша үлес қосқан геолог. 1933-1934 жж. Жезқ. кендерінің петрографиялық құрамын зерттеу ісін алғаш қолға алушы. 1933-1936 жж. Арғанаты тобына жататын кен орындарын, Қорғасын кен орнын, Алтынқазған, Ожарай, т.б. мыс кен орындарын зерттеп, Жезқ-ның солт. белдеуіндегі алтын және сирек металдар түзілісі мен ерекшелігіне геол. талдаулар жүргізеді. 1937-1940 жж. Б. Жезқ. геол. барлау конторының геол. барлау бөлімін басқарды. 1940 ж. бастап Жезді және Найзатас марганец кен орындарын барлау ісімен айналысып, Жезді өз. кең аңғарынан қорғаныс ісі және болат өндірісі үшін аса сапалы марганецтің мол қорын ашты. Осының негізінде 1942 ж. Жезді марганец кеніші өте қысқа мерзімде салынып, қорғаныс заводтарын қажетті шикізатпен жабдықтады. 1983 ж. дейін Жезді кен басқармасы геол. отрядын басқарды. Жезділіктер оған жылы ілтипатпен «Құдайберген» деген лақап есім беріп, өмірінің соңына дейін солай атап кетті. Б. – «Жезді кен орнының алғашқы ашушысы» белгісінің, Еңбек Қызыл Ту орденінің, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегері.

З. Қазанбаева

Божбанов Жайлаубай (1877, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 1952) – өрімші, зергер, уста. Алтын-күмістен шолпы, алқа, білезік, сырға, жүзік сияқты сәндік бұйымдар, ат әбзелдерін, диірмен жасаған. Пышақ, қанжар, балта, балға соққан. Отыз жеті жасында алтынның буы көз жанарын алады.

Содан кейінгі жылдарда да ұсталық, зергерлікпен айналысқан. Қызыл кірпіш құйып, күмбезді бейіттер салатын сәулетші-құрылысшы болған. Жекелеген бұйымдары Жезді қалашығындағы мұражайда сақтаулы.

Бозай – Қараторғай өз. сол саласы. Арғанаты тауының оңт. бөлігіндегі жартасты тау аңғарынан бастау алып, жазықты кесіп өтіп, Қараторғайға құяды. Ұз. – 46 км. Өз. бойында қайың, терек, бұта аралас тоғай өскен. Б-дың кішігірім 8 саласы (Дүйсен, Шилі, Қоғалы, т.б.) бар.

Боздақ – Кішітау желісіне қарайтын тау. Ұлытаудан оңт-ке қарай 55 км жерде, Үлкен Жезді өз. батысында орналасқан. Абс. биікт. – 615 м. Таудың баурайында Боздақ қыстағы орналасқан. Айналасындағы шабындық пен жайылым ірі қара, қой, жылқы өсіруге қолайлы.

М. Сейтжанов

«Боздақтар» – ҰОС-дағы жеңістің 50 жылдығына байланысты шыққан кітап. Ол – майдан даласында шейіт болғандар мен хабарсыз кеткен боздақтарға арналған ескерткіш. Жезқ. обл. әкімшілігінің бастамасымен дайындалып, Алматыдағы «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясында жарық көрген бұл туындыға Жезқ. қаласы және Жаңаарқа, Жезді, Ұлытау ауд-нан оралмаған боздақтарға байланысты деректер енгізілген. Кітаптың таралымы – 10 мың дана, бас редакторы – ҚазКСР ҒА мүше-корреспонденті Р. Нұрғалиев, обл. редакция алқасының жетекшісі – пед. ғыл. докт., проф. Ж. Наурызбай.

Бозтұмсық – ауыл. Ұлытау ауд. Қаракеңгір ауылд. округінің орт-ғы. Ауд-ның солт-де, Ұлытау а-нан шығысқа қарай 40 км жерде, Қаракеңгір өз. оң жағасында, Байсай өз. құяр жерінде орналасқан. Іргесі 1933 ж. Калинин ат., «Коммуна», «1 Май» ұжымшарлары негізінде қаланған. 1957 ж. бұл ұжымшарлар біріктіріліп, «Қаракеңгір» кеңшары құрылды. Халқы – 0,68 мың (2015). Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыты – мал шаруашылығы мен егін. 83 шаруа қожалығында 197 адам жұмыс істейді (01.07.2015). Округтің жалпы ауд. – 145881,7 га, оның ішінде егін алқабы – 20467 га, шабындық – 1949,7 га, жайылым – 120616 га. Ауылда орта мектеп, дәрігерлік амбулатория, клуб бар. Халықтық қолөнер (киіз басу, текемет, т.б.) кең дамыған. Көркемөнерпаздардың домбыра оркестрі жұмыс істейді. «Қаракеңгір» ұжымшарының, осы аттас кеңшардың орт-ғы болған. Ауыл басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы байланысады.

Бозшакөл – Ұлытау ауд-ғы көл. Негізінен суы тартылған. Халықты сумен қамтамасыз етуге, мал және жер суаруға пайдаланылады. Ұлытау ауд-ның а.ш. саласына қосатын негізгі үлесі айналадағы шаруа қожалықтарын қысқа дайындайтын шөппен қамтамасыз ету болып табылады.

М. Сейтжанов

Бозінген – Білеуті (Қалмаққырылған) өз. алабындағы өз. Ұлытаудың оңт.-батыс беткейіндегі бұлақ суларының қосылуынан түзіліп, Қалмаққырылған (Білеуті) өз-не оң жағынан құяды. Ұз. – 45 км. Жағасы биік, аңғары кең. Көктемгі еріген қар және жер асты суларымен толығады. Сәуірде тасып, жазда қарасуға бөлініп қалады. 3 саласы бар, ең ірісі – Төрткөл. Өз. алабында жайылымдық жерлер мен қыстаулар бар. Суы кермек, мал суаруға пайдаланылады.

Болатов Мәди Сыздықұлы (1910, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы, Жыланды өз. бойы – 1986). Жастық шағы Атбасар төңірегінде өткен. Ауыл мектебін бітіргеннен кейін 1926 ж. Ташкент қ-на барып оқуға түсіп, еңбек жолын сонда бастаған. 1928 ж. Қарсақбайға оралып, 1937 ж. дейін ауд. кеңес атқомында жауапты қызметтер атқарған. 1937 ж. «халық жауы» ретінде жазықсыз сотталып, 11 жыл Сібірде, Магаданда айдауда болған. Түрмеден босап елге келгеннен кейін Жезқ. қ-да еңбек еткен. 1956 ж. ақталды. 1969-

1978 жж. ел ішінен бағаналы, балталы тайпалары туралы деректер жинап, қолжазба шежіресін құрастырды.

Болған ана. Аңыздарда Б.а-ны Алаша ханның келіні деп айтады. Ал тарихи дерек көздер Жошының немесе оның ұлы Орда-Еженнің әйелі деп көрсетеді. Плано Карпинидің Моңғол империясына саяхаты жайлы жазбаларында Шыңғыс хан ұрпақтарының бірнеше әйел алғандығы және олар Орданың белгілі бір бөлігіне иелік етіп, билік жүргізгені жайлы айтылады. Соған қарағанда, Б.а. – өзі жерленген жерде бой көтерген қаланы билеген және Жошының ұрпақтарына аналық ақылын айтып отырған тұлға.

М. Сейтжанов

Болған ана – қабырғасы күшейтілмеген, моңғол заманына жататын кент. Жезқ. қ-нан оңт-ке қарай 30 км жерде, Кеңгір өз. Сарысуға құятын жерінен 8 км жоғары орналасқан. Қалашық Жошы ұлысының ірі салық жинау, сауда-саттық және әкімшілік орт-ғы болған. Сарысу жолымен Сыр бойынан керуенмен келетін саудагерлер өз заттарын Милықұдық, Сорқұдық металлургтерінің мыс өнімдеріне айырбастап, салығын төлеп кететін. Кенттің ұз. Кеңгір өз. бойымен 4 км созылады. Аумағында Болған ана және Құлан ана атты күмбездері қираған, күйдірілген кірпіштен көтерілген екі алтынордалық кесене бар. Кесенеден оңт-ке қарай диам. 10-30 м құрайтын 4 деңес сарай қалдығының үйінділері орналасқан. Ең үлкен үйіндінің биікт. – 1,5 м. Қазба жұмыстары кезінде өрнектелмеген керамика ыдыстарының сынықтары табылған.

Әдеб.: Смаилов Ж.Е. Памятники археологии западной Сарыарки. Б. 1997 г. *М. Сейтжанов*

Болған ана күмбезі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Сарысу мен Қаракеңгір өз. құйылысынан 8 км жерде, Қаражар шатқалында орналасқан. Күмбезді 1990 ж. Алматы архитектура және құрылыс инст-ның экспедициясы (жетекш. – Е. Бәйтенов) зерттеген.



Кесененің қасбетіндегі аркалы, порталды кірер аузынын айналасы қуыстана қаланып, қабырғаның өрнегі ретінде жасалған. Бөлменің төменгі шаршы бөлігінің күмбез шеңберіне өтер тұсындағы бұрыштары аркалы тромпты тәсілмен өрілген. Тромп қолтықшалары қосарланған кірпішті қиғаштау бұрышын шығара қалау арқылы өрнектелген. Ескі сылақтың қалдығы П тәрізді порталдық арканың белдеуі мен жапсырылған әшекейлі қыш тақташалардың терракота түсті болғанын көрсетеді. Порталдың ширек бұрышты бағаналары мен басқа қабырғалары түгел ақ түсті. Көрнекі жерге салынған Б.а.к. алғашқы нұсқаларында өте әдемі болғанға ұқсайды. Ол осы өңірдегі кейінірек салынған кесенелер архитектурасына (Ақтыбай, Қауқабай, т.б.) да әсерін тигізген.

Әдеб.: ҚҰЭ. *М. Сейтжанов*

Болман Қожабайұлы (1880, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы – 26.09.1972, Қарағанды обл., Жезді ауд.) – халық ақы-ны, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Әкесі Қожабай ақын, әнші, домбырашы болған. Б. өзі жасында жалшы, кейін Қарсақбайда жұмысшы болды. «Октябрь таңы» атты өлеңімен елге танылды. Өлең-жырларына Ұлытау өңірінің, Жезқ. мен Жездінің, Қарсақбайдың өндіріс озаттарын, бесжылдық табыстарын, қадірлі адамдарды, соғыс батырларын өзек еткен. Ұлытаудың атақты ақыны Т. Қалмағанбетовпен, кейін Маясар, Кешен, Қайып, Доскей, Ілияс ақындармен айтысқа түскен. 1943 ж. Алматыда халық ақындарының респ. айтысына қатысты. 1944 ж. Шашубаймен, 1945 ж. Ұлытау ақындары Ниязбен, Нұртаза-

мен айтысқан. Б-нын «Өмір желісі» атты поэмасы ҚазКСР ҒА М. Әуезов ат. Әдебиет және өнер инст-ның қолжазба корында сақтаулы. Ақынның кейбір өлеңдері мен жырлары «Заман шабыты» (1957), «Ақындар жыры» (1963) жинақтарына енген.

Болманов Қыдырәлі Нұртайұлы (1964, Қарағанды обл., Жезді ауд., Өрнек а.) Т. Жүргенов ат. Қазак ұлттық академиясын (1991) бітірген. 1987 ж. Грозный қ-да жас әншілер конкурсында лауреат атанған. 1988 ж. «Жігер-88» респ. конкурсының лауреаты, 1990 ж. Данияда өткен «Борнхольм-90» халықар. конкурсының бірінші орын иегері, 1991 ж. «Азия дауысы» халықар. конкурсының дипломанты. 2001 ж. «Золотой диск» атты конкурстың жүлдегері болған. Б.-ның бастамасымен құрылған «Ұлытау» тобы қазақтың қара домбырасын әлемге танытты. 2010 ж. «Бал бала» атты ұлттық реңктегі ойыншықтар жасау жобасын іске асырған және осы идеяның авторы. 2001 ж. ҚР Прзиденті Н. Назарбаевтан Алғыс хат алған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Боранбаев Иса (1923, Қостанай обл., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Байқоңыр кенті – 1984). Жастайынан әкеден жетім қалған он б.р жасар жасөспірімді кеңес органдары Шымкент қ-ғы жетім балалар үйіне тапсырған. Оқуды жақсы оқыған Б. Түркістандағы мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлайтын екі жылдық мектепке оқуға жіберілген. 1942 ж. қаңтар айында өзі сұранып ҰОС-на аттанды. Елге 1945 ж. оралғаннан кейін Қарсақбай ауд. парт. және атқомында жауапты қызметтерде істеді. Қарсақбай мыс қорыту заводында партком хатшысы, Жезқ.қалалық атқомының бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. КОКП ОК 1954 ж. ақпан-наурыз пленумдарының қаулыларына сәйкес, отыз мыңдықтардың сапында Ленин ат. ұжымшардың басқарма төрағасы болып сайланды. 1957 ж. наурыз айында осы ұжымшардың негізінде құрылған «Сарысу» кеңшарының директоры. «Сарысу» кеңшары асыл тұқымды еділбай қойын өсіретін ірі қой заводына айналды. 1973 ж. Жезқ. обл. а.ш. жайылымдықтарын суландыру басқармасының бастығы болып тағайындалды. Еңбек Қызыл Ту (1964) орденімен, медальдармен марапатталған.

Борсеңгір ауылдық округі – Ұлытау ауд-ғы әкімшілік бірлік. Құрамына Борсеңгір, Сымтас а-ры кіреді. Тұрғыны – 0,655 мың адам (2015). Орт-ғы – Борсеңгір а. Негізгі экономикалық бағыты – мал шаруашылығы. 44 шаруа қожалығында 100 адам жұмыс істейді (2015). Жалпы ауд. – 92807 га, оның ішінде егін алқабы – 2 га, шабындық – 3234 га, жайылым – 88477 га.

Бөгенбай Ақшаұлы (1680, Қаратаудың шығысы, Бөген өз. бойы – 1775, Торғай) – батыр, қолбасшы. Арғын тайпасының қанжығалы руынан шыққан. 1710 ж. Қарақұмда 80 мыңға тарта халық жасағының қолбасшысы болып сайланған. Бұл құрылтайда қаралған басты мәселе Жоңғар хандығымен қатынас болды. Ақтабан шұбырынды жылдары қазақ елі

жоңғар шапқыншыларының қыспағына түскен кезде, сұлтандардың өзара келіспеушілігінің кесірінен ел бірлігіне қауіп төнгенде Б., Қабанбай, Жәнібек батырлар ел тізгінін өз қолдарына алып, төрелерге араларынан бір қолбасшыны сайлау міндетін қатаң түрде жүктеді. Соның арқасында қазақ елі Кіші жүз ханы Әбілқайырдың қолына жұмылдырылып, 1726-1727 жж. қалмақтармен болған Бұланты-Білеуті шайқасында жеңіске жетіп, мемлекетін сақтап қалды. 1730 ж. Аңырақай шайқасында да Б. қазақ жасақтарының алдыңғы қатарында ерлік көрсетті. 1757 ж. Б. Талқы түбінде Шығ. Түркістанға алғаш рет аяқ басқан қытай әскерімен қиян-кескі шайқасқа қатысты. Бұл ұрыста ол қытайларды талқандап, Үрімшіге дейін қуып барды. Батыр жасы ұлғайған шағында ауырып, Торғай өз. жағасында қайтыс болды. Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген. Оның ерлігін Бұқар, Қожаберген, Үмбетей жыраулар жырлаған.

Бөкейханов Сергей (Үгэ-дей) Әлиханұлы (1905-1957) – инженер-геолог. Мәскеу тау-кен академиясын бітірген (1929). Еңбек жолын 1929 ж. Қарсақбай мыс комбинатының геол. бөлімінде бастап, 1930 ж. ауд. геолог болып жұмыс істеген. 1935 ж. кейін Ресейдің Орал тауы өңірінде еңбек еткен. Соңғы жұмысы – Хакас автон. обл-ның Сор қ-ндағы геол. барлау экспед-ның бас инженері. Мыс және уран кендері жөнінде бірнеше ғыл. еңбектер жариялаған. Алаш қозғалысының көсемі Ә. Бөкейхановтың отбасында дүниеге келіп, жас күнінен зиялылар ортасында, озық мектептерде білім алған. Жезқазғандықтар оны құрметпен Ақтай деп атаған, КСРО ҒА-ның Үлкен Жезқазған мәселесін жан-жақты талқылаған 1934 ж. қараша айындағы төтенше ғыл. сессиясында «Жезқазғанның кен аймағы және структурасы» деген тақырып бойынша (1935 ж. Мәскеуде жарық көрген «Большой Джезказган» жинағында жарияланған) баяндама жасаған.

Бөкенбаев Нұртаза (1923, Ақмола губ., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы, Дүйсенбай а. – 2001, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) еңбек жолын Қарсақбай мыс балқыту заводында жұмысшыдан бастаған. 1939 ж. КСРО мемл. банктің Қарсақбай бөлімшесінде инспектор. 1942 ж. әскер қатарына шақырылады. Соғыста барлау бөлімшесінің командирі болды. Югославияны, Чехословакияны және Германияны азат етуге қатысты. ҰОС-нан кейін Ворошилов ат. ұжымшардың басқарма төрағасы, «Қарсақбай» кеңшары директорының орынбасары, ұзақ жыл қой фермасының басқарушысы болып жемісті еңбек етті. Майдандағы ерлігі және бейбіт өмірдегі ерен еңбегі үшін «Отан соғысы» орденінің І және ІІ дәрежесімен, Қызыл Жұлдыз, Октябрь революциясы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Тың жерді игергені үшін», басқа да медальдармен марапатталған.

Бөкеншіұлы Бабыр (шамамен 1770, Ұлытаудың батыс беткейі, Жыланшық өз. жоғарғы саласы – 1864, сонда) – батыр, би, болыс. 1830 ж. Қызылтаз-Ибескі-Жұртшы болысын үздіксіз 26 жыл басқарған. Жапелтес шоқысының төңірегіне үй тұрғызып, егіншілікпен айналысқан. 1850 ж. болыс екінші гильдиялы орыс көпесі Н. Ушаковқа Жезқ-ның 6 кен орнын өнд. игеруге жалға берген. Сөйтіп, Б. мысты өлкенің жер асты байлығын игеруге бірінші инвестор тартқан.

Оның алыс-жақындар арасындағы сан алуан арыз-шағымдардың, даулардың ақ-қарасын ажыратып, ақиқатын айтуда беделі үлкен төреші болғаны белгілі. Орынбор генерал-губернаторы граф В.А. Петровский Омбы губернаторы Г.Х. Гасфортқа қатарынан екі хат жолдап, қазақтарға байланысты Б-на салмақ салынса, істің әділ шешімсіз қалмайтынын атап көрсеткен. Б-ның 10 баласы, 12 немересі Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының қажетіне қызмет еткен. Сәтбаев қ-да Б. атында көше бар.

Бөлішбаев Алпысбай (1938, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Аралтөбе ауылкеңесі, Жетіқоңыр құмы – 2013) – механизатор. Алғашқы К-700 тракторын

жүргізушілердің бірі. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған. II, III дәрежелі «Еңбек даңқы», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері.

Бөпежанов Мұхит Құлжанұлы (1910, Ақтөбе обл., Темір ауд. – ө.ж.б.) – Мәскеу алтын және түсті металдар инст-ын (1936) бітірген инженер-кенші. 1936 ж. Ауыр өндіріс халкоматының жолдамасымен Жезқ. өңіріне келді.

Қарсақбай-Жезқазған өндірісінің көрсеткіштері Байқоңыр көмірошағындағы істің жайына тәуелді еді. Сондықтан Б. Байқоңырдан еңбек жолын бастаған. 1936-1939 жж. №№18, 19, 9, 3 көмір шахталарында техникалық жетекші, бастық болды. 1939 ж. қазанда Жезқ. кенішіне жұмысқа жіберілді. Ширек ғасыр ішінде шахтаның бас инженері қызметінен Кеңес Одағындағы ең ірі Жезқ. кенішінің директорына дейін жемісті еңбек жолынан өтті. 1965 ж. ҚазКСР Түсті металлургия министрінің орынбасары болып тағайындалды. Б-тың жанкиярлық еңбегі бірнеше рет Үкімет марапаттарымен бағаланды. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлік еңбегі үшін», «Үздік еңбегі үшін», «Ерлік еңбегі үшін» медальдарымен марапатталды, ал 1961 ж. 9 маусымдағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Бөрібайұлы Жыңғылбай (1889, Ақмола обл., Атбасар уезі, Айыртау болысы – 1968) – ұста. Бөрібайдан – Жолдыбай, Әмір, Жолбасар, Көжебай, Қспан, Жыңғылбай, Сембай туады. Үлкен аталарының ұсталық кәсібі тек Жыңғылбайға дарып, халық арасында Жықан ұста атанған. Темірден, ағаштан, сүйектен түйін түйген шебер. Қособада (Үлгілі) өзі салған, ел аузында «ұста сарайы» аталып кеткен шеберханасының орны әлі де бар. Білгір маман ретінде өз бойынан өрнек салуды басқарған. Соқа, тырма, ат орақты темірден соққан. Ағаштан домбыра, қобыз, сүйектен сыбызғы жасап, Ұлытау өңірінде музыкалық аспаптардың тарауына септігін тигізген. Күмістен жүзік, сақина, шашбау, тұмарша жасаған. Ол жасаған әшекей бұйымдардың бірі – өте сирек кездесетін қоңыраулы сақина Жезқ. қ-ғы ұрпақтарында сақтаулы. Атақты ұстаның құрал-саймандары, көрігі жергілікті мұражайға тапсырылған.

Бұзау Толысбайұлы (1861-1918) – би, болыс. Бағаналының сары шағыр руынан шыққан. Болыстыққа 18 және 21 жасында сайланған.

Бағаналы, тама, арғын, қыпшақ елінде орын алған жер мен жесір дауын әділ шешіп, халық бірлігін сақтауға күшін аямаған. Малшыбайдағы Ағаша хан мазарының түбінде жерленген.

Бұқабаев Науан Қапарұлы (22.06. 1935-23.05.2010) – инженер-металлург. Қазақ кен-металлургия инст-ын (1960) бітірген. Қарсақбай мыс қорыту заводында горновой (1960), аға инженер-зерттеуші, отражатель пешінің аға шебері (1961), өнд. участок шебері (1962), конвертор участогының бастығы (1963), металлургиялық цехтың бастығы (1972). 1973 ж. заводтың бас инженері болып тағайындалды. 1979 ж. завод парткомының хатшысы болып сайланды. Мыс өндірісі тоқтап, заводты басқа салаға бейімдеу қолға алынғанда тәжірибелік-сынақ участогын басқарды. Қазақ ұлттық металлургиясының қарашаңырағын мақтан тұтты, оның жабылып қалмауына атсалысты, шойын қорытатын тәжірибелік участокты өз қолымен іске қосты.

Бұланты – Ұлытау тауының оңт.-батысында, Байқоңыр және Білеуті (Қалмаққырылған) өз. төменгі бөлігінде орналасқан жазық келген сортаң қоныс. Ұз. – 60 км, ені – 20 км, абс. биікт. – 130-150 м. Жер қыртысы төрттік кезеңнің сазды-құмдақты аллювийлі шөгінділерінен түзілген. Оның сұр және сортаңдау топырағында баялыш, сарсазан, қарабарақ, бұйырғын, жусан өседі.

Бұланты-Білеуті шайқасы – 1727 ж. Ұлытау өңіріндегі Бұланты жазығында, Білеуті өз. жағасында қазақ жасақтарының жоңғар басқыншыларымен болған шайқасы. 1723-1725 жж. қазақ жерінің шығысы мен Жетісуды, Сырдарияның орта ағысына дейінгі өңірін басып алған жоңғарлар Ұлытауға қарай бет

бұрды. Сұлтандардың арасындағы жанжал, Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін мықты орталықтандырылған хан билігі болмағандығы қазақтың бірлігіне кедергі болды. Сол арада билікке ықпал етіп, басқыншыларға қарсы күресте бастама ретінде қара халықтың арасынан батырлар шықты. Олар төрелердің арасынан бір қолбасшы сайлап, қазақ жасақтарын біріктіруді талап етті. Осы қауіпті кезеңде Ордабасы жиынында біріккен қазақ қолының бас қолбасшылығына Әбілқайыр хан сайланды. Оған қанжығалы Бөгенбай, қаракерей Қабанбай, т.б. батырлар қолдау көрсетті. Ұлытау өңіріне енуді көздеген жоңғарлар 1726 ж. Шұбартеңіз шайқасында қазақ жасақтарынан ойсырай жеңіліс тапты. Мұның артынша Бұланты жазығында шешуші ұрыс болды. Онда қазақ жасақтары жеңіске жетіп, жоңғарлар Ұлытауға жеткізбей тоқтатылды. Сол жеңістен кейін майдан кіндігі болған төбе «Қалмаққырылған» атанды. Қанжығалы Бөгенбайдың ұсынысымен соғыста қаза болған қазақ жауынгерлерінің денесі таудың басына шығарылып жерленді. Маңыздылығы жөнінен Б-Б.ш. 1941 ж. Мәскеу шайқасына тең.

М. Сейтжанов

Бұланты экспедициясы – халық бірлігі және ұлттық тарих жылына орай Жезқ-да ұйымдастырылған (1998). Тарихи-этнографиялық экспедиция Бұланты шайқасына қатысты Таңбалы Нұра – Білеуті, Қалмаққырылған – Бұланты, Шұбартеңіз – Дулығалы – Ұлытау бағыттары бойынша жүріп өтті. Қалалық мұрағат ұйымдастырған экспедиция жұмысына ҚарМУ мен ЖезУ-дің археология, этнология және тарих кафедраларының ғалымдары қатысты. Сапар кезінде Қ. Сәтбаев болжамы бойынша ру басшыларының алғашқы алқалы кеңесі «қазақ» деген халықты өмірге келтірді дейтін Таңбалы Нұрадағы тасқа басылған таңбалар зерделенді, қазақ жасақтарының XVIII ғ. жоңғарларға күйрете соққы берген жерлері – Білеуті, Бұланты, Шұбартеңіз бойы зерттелді. Қалмаққырылған тауындағы қазақ батырлары жерленген биікке ескерткіш белгі орнатылды. Экспедиция жұмысының қорытындысы жайлы ЖезУ (1998) өткізген Марғұлан оқуларында кеңінен хабарланып, жергілікті баспаханадан «Бұланты шайқасы» кітапшасы шығарылды.

Бұлқышев Баубек (1916, Ұлытау – 1944, Украина, Днепропетровск, Софьевск ауд., Серпухов с.) – жазушы-публицист, ҰОС жауынгері. Шығармаларын қазақ, орыс тілдерінде жазған. Қарсақбайдағы ФЗТК мектебін бітірген (1935). Алматы сауда-қаржы техникумында оқи жүріп (1937), көптеген өлең, «Балалық шақ» поэмасын, «Ауылдан Алматыға» атты әңгімесін жазды. 1939 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеби қызметкер, кейін «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде бөлім меңгерушісі болған. 1940 ж. әскер қатарына шақырылып, Мәскеу әскери училищесінде оқиды. Ержүрек жауынгер

Мәскеуді қорғау, Украинаны азат ету шайқастарының бел ортасында болды. 1944 ж. бас кезінде майданда қаһармандықпен қаза тапты. Еліміздің және Ұлытау өңірінің қала, елді мекендерінде көшелерге, кітапханаға есімі берілген.

М. Сейтжанов

Бүкіров Сүтемген Тақабайұлы – (1921, Ақмола обл., Атбасар уезі, Бағаналы ауд., Жаңасарысу болысы – 1996, Жезқ. обл., Жезқ. қ.) – өңірге есімі

мәшһүр өлкетанушы. Еңбек жолын 1937 ж. аға пионер вожатый болып бастады. 1938-1946 жж. Жезқ. ауд. «Қызыл кеңші» газетінің тілшісі. «Қазмысқұрылыс» тресі жүйесінде өндіріс шебері болды. 1963-1992 жж. «Жезқазғантүстіметалл» АҚ тарихи-өндірістік, бұдан соң Жезқ. обл. тарихи-өлкетану мұражайларын ұйымдастырып, басқарды. Обл. соғыс, еңбек және қарулы күштер ардагерлері кеңесі алқасының, обл. «Зерде» кітабы редакция алкасының мүшесі, «Әкелердің даңқты жолымен» жастар қозғалысы штабының, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы обл. бөлімшесі кеңесі төралқасының мүшесі ретінде үлкен қоғамдық ұйымдастыру-түсінік жұмыстарын атқарды. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы (1990).

Бүкіров Төлеген Нұрмағанбетұлы (1962, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – техн. ғыл. канд. (1995). Қазақ политех. инст-ын (1980) тәмамдаған. 1980-1997 жж. ЖКМК мыс қорыту зауытында балқытушы, ауысым мастері, телім, цех бастығы, мыс қорыту зауыты директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, «Жезқазғансирекмет» респ. мемл. кәсіпорнының атқарушы директоры, 1997 ж. бас директоры болып істеді. 1995 ж. заводта осмий-187 изотопының металл ұнтағы алынды. Бұл жетістікке жеткізген принципті ғыл.-техн. шешімдері ғыл. еңбектің негізі болып, техн. ғыл. канд. ғыл. атағы берілді.

Бүркіт (лат. Aquila chrysaetos) – Ұлытау ауд-ын мекендейтін сұңқартәрізділер отрядына, қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Көбінесе тоғайлы және таулы жерде

тіршілік етеді. Биік ағаштарға, зәулім жартасқа, далалық жерлерге ұя салып, жылына 1-2 жұмыртқа табады. Қанаттары 2 м дейін созылып, құйрығы 30-35 см жетеді. Ұябасары шәулісіне қарағанда ірілеу болады. Салм. 6 кг дейін тартады. Ұсақ және орташа сүтқоректігермен, құстармен қоректенеді. Қазақстанда ормансыз және шөл далалардан басқа барлық жерлерде кездеседі. Қыста көбіне оңт-ке ұшып кетеді. Саны азайып бара жатқан, сирек кездесетін құс. Қазақстандағы жалпы саны белгісіз.

Бүркітбаев Әшір (17.12.1906, қазіргі Жамбыл обл., Сарысу ауд., Әшір Бүркітбай а. – 28.02.1938, Алматы қ.) Ташкент балалар үйінде тәрбиеленген. Еңбек жолын Қарсақбай мыс қорыту заводында токарь (1925-1927) болып бастаған. 1927 ж. қараша айынан бастап Қазақстан өлкелік комсомол комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1929-1932 жж. бірінші хатшысы, 1933 ж. Риддер қалалық парт. ком. бірінші хатшысы. Орал-Қазақстан өнеркәсіп академиясын (1934) бітірген. Қазақстандағы

алғашқы техн. жоғары оқу орны Қазақ тау-кен металлургия инст-ын (қазіргі Қ. Сәтбаев ат. ҚазҰТУ) ұйымдастыру жұмыстарын басқарды және оның тұңғыш директоры (1934-1937) болды. 1937 ж. саяси қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесілді. 1958 ж. 25 наурызда толық ақталды.

Білеуті (Қалмаққырылған) – Шалқар алабындағы өз. Ұлытау тауының оңт.-шығыс бөлігіндегі Қарамола тауының оңт-нен басталып, Ботамола бейітінің оңт.-шығысында 5,2 км жерде, Нарөлген а-нан 5 км, Шұбартеңіз қонысына (бұрынғы көлге) 28 км жетпей тартылып қалады. Ұз. – 325 км, су жиналатын алабы – 10,1 мың км^2. Жылдық орташа су ағымы – 1,05 м^3/с. Аңғары кең (0,5-4 км), бүйірлік жыра-сайлармен тілімденген, жоғ. ағысында жағалау беткейлері тік, биікт. – 10-40 м. Төм. ағысынын жағалауы жайпақ. Жер асты және жауын-шашын суларымен толығады. Су ағыны көктемде болып, жазда қарасуларға бөлініп қалады. Б-ге ұз. 10-нан 48 км-ге жететін көптеген салалар құяды. Оң салалары: Шауыпкелсай, Алшынбайсай, Керегетассай, Күнтоғай, Сарыбұлақ, Аманжолсай, Дүйсенбай, Шолақсай, Жиде, Бозінген; сол салалары: Қумола, Талсай, Қаратөбесай, Ащылысай, Аққиіксай, Тұрған, т.б. Алабы – мал жайылымы, жайылмасы шабындық ретінде пайдаланылады.

Бірманов Жанбау (1939 – ө.ж.б.) – актер, режиссер, ҚазКСР еңб. сің. мәдениет қызметкері (1990). Респ. өнер студиясының актерлік бөлімін (1962), Жезқ. пединст-ын (1985) бітірген. 1962-1963 жж. Жезқ. металлургтер Мәдениет сарайының көркемдік жетекшісі, 1963 ж. телевизия студиясында режиссердің ассистенті, режиссер, бас режиссер болып қызмет атқарған. Ұлытау ауд. Аманкелді ат. және «Қаракеңгір» кеншарлары көркемөнерпаздар ұжымының жетекшісі. Екі әуесқойлар драма театры ұжымының халықтық атаққа ие болуына еңбек сіңірді. Ауыл сахнасында 30-ға тарта спектакль қойды. Халық шығармашылығы бүкілодақтық байқауының бірнеше дүркін лауреаты.

В

Валукинский Н.В. (1886-1950) – суретші, геолог, археолог. 1945 ж. бастап Жезқ. мыс комбинатында техник-гидролог болып еңбек ете жүріп, Қ. Сәтбаевтың тапсырмасымен археол. қазба жұмыстарымен айналысқан. Ежелгі металлургтердің Мыйлықұдық, Сорқұдық, Айнакөл, т.б. мыс өндіретін кешендерін тапқан. Олар жайлы ғыл.-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, мақалалар жариялаған. 1947 ж. оның жинаған материалдары негізінде Жезқ. кентінде геол.-минерал. мұражай құрылды.

М. Сейтжанов

Г

Геродот (шамамен б.з.д. 484, Кіші Азия, Каликарнас қ. – 425) – ежелгі дәуірдегі грек тарихшысы, «тарих атасы», жиһанкез. Г. көрген, естіген, оқыған материалдарын жинақтап, артына «Тарих» атты үлкен еңбек қалдырды. Г. алғашқы төрт кітабында Лидия, Мидия мемлекеттері, Ахемен әулеті жөнінде жазып, олардың Мысырға, Вавилонға, сақтарға қарсы жорықтарына тоқталады. Қалған бес кітабы грек-парсы соғысына (б.з.д. 500-449 жж.) арналған. Онда халықтардың тарихымен қатар этнографиясы, діні, әдебиеті, мемлекеттердің ішкі-сыртқы саясаты, экономикасы берілген. Шығарманың төртінші кітабында парсы патшасы Дарий Гистасптың сақтарға қарсы жорығы баяндалған. Онда Ұлытау өңірін мекендеген сақтар елі жөнінде аса құнды мәліметтер ұшырасады. Қолжазбаларының ішінде бізге жеткен Флоренция нұсқасы ағылшын, орыс, т.б. тілдерге аударылған. Г. сақтарды скифтер деп атаған.

Гумилев Лев Николаевич (01.10 1912, Ресей, Петербор губ., Царское с. – 15.06.1992, Санкт-Петербор қ.) – XX ғ. көрнекті еуразияшыл ғалымы, тарихшы-этнолог, тарих және география ғыл. докт., ақын, парсы тілінен аудармашы. Этногенез пассионарлық теориясының авторы. Қазақстанның көшпенді кезеңінің тарихын еңбектерінде өзінше стильде жазған. Ресей ЖҒА акад., Ұлы дала халықтарының тарихын зерттеген маман. 1935 ж. түрмеге қамалады, бірақ анасының араласуымен көп уақыт өтпей босатылады. 1938 ж. қайта түрмеге қамалып, 5 жылға бас бостандығынан айрылады. 1944 ж. өз еркімен майданға кетіп, 1945 ж. Берлин операциясына қатысады. 1945-1948 жж. универс-ті экстерн түрде бітіріп, «Политическая история первого тюркского каганата (546-656)» атты канд. дисс. қорғады. Тұтқында жүргенде «Хунну» кітабын жазып, ол кітап кейіннен «Степная трилогия» кітабының бір бөлігі болды: «Хунну» (1960), «Древние тюрки» (1967), «Поиски вымышленного царства» (1970).

Г-тің зерттеу әдістері толық көлемде «Этногенез и биосфера Земли» (1989) мақаласында көрсетілген. «Ритмы Евразии» атты еңбегінде Кеті бұқа (Кит-Буга) ғоуанды сипаттап, есімін тарихқа қайтарған. 1996 ж. Астанадағы Еуразия ұлттық универс-ті Г-тің есімімен аталды.

Гурба Виктор Васильевич (1914, Украина, Сумы обл., Глухов қ. – 1981, Жезқ. обл., Жезқ. қ.) – 1936 ж. Екатеринбург тау-кен инст-ын бітірген тау-кен инженері.

Өмірінің 40 жылы Жезқазған-Ұлытау өңірімен, ЖКМК-мен байланысты. 1952 ж. сәуірде Жезқ. мыс комбинатының бас инженері, 1953 ж. қарашада Жезқ. тау-кен басқармасының директоры болып тағайындалды. 1958 ж. шілдесінен өмірінің соңына дейін К. Сәтбаев ат. ЖКМК директоры болып істеген. Г. 1960 ж. үзбей ҚКП ОК құрамына сайланды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің (1965), ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің (1955) депутаты, КОКП XXV съезіне делегат болып сайланды. Екі мәрте Ленин орденімен (1961, 1966), 5 медальмен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемл. сыйл. лауреаты, ҚазКСР еңб. сің. кеншісі. Техн. ғыл. канд. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы. Г. атында Жезқ., Сәтбаев қ-да көше бар.

Ғ

Ғарышкерлер кемесі қонатын жайлы айлақ. Ғарыш кемелері қонатын айлақтардың бірі Ұлытау өңірі болып табылады. 1974 ж. 19 шілдеде бортында ғарышкерлер П. Попович пен Ю. Артюхин бар «Союз-14» ғарыш кемесі бірінші рет Ұлытау өңіріне қонған еді. 1998 ж. 25 тамызда ғарышқа екінші рет көтерілген «Союз ТМ-27» ғарыш кемесінің командирі ұшқыш-ғарышкер Талғат Мұсабаев бастаған үш ғарышкер Жезқ-ның солт.-шығысында 40 км (басқа деректер бойынша 136 км) жерге аман-есен қонды. Жезқ. қ-на жеткізілген ғарышкерлерді ҚР Президенті Н. Назарбаев қарсы алып құттықтады. Т. Мұсабаев орбитада қазақстандық ғыл. бағдарламалар бойынша бірқатар эксперименттер жүргізді. Ғарышта болған ҚР Мемл. Туын, қазақ жерінің бір уыс топырағын, Құранды, Н. Назарбаевтың бірнеше еңбектерін алып келді. 2015 ж. 12 наурызды қоса алғанда, киелі Ұлытау жеріне ғарыш кемесінің басын тіреген ғарышкерлер саны – 109.

Г. Жәкеева, Б. Күзембаев

Ғұн (Күн) дәуірінің ескерткіштері – Солт. Қытай мен Қиыр Шығыстан бастап Дунай, Карпат өлкелеріне дейінгі аралықта ғұндар дәуірінен (б.з.д. II – б.з. V ғғ.) сақталған қоныстар, обалар, ғұрыптық құрылыстар, металл өндіру орындары және кездейсоқ табылған көмбелер мен жекелеген заттардың ғылымдағы жиынтық атауы. Оларды зерттеу жұмыстарына бір ғасыр бойы Азия мен Еуропаның ондаған ғалымдары қатысты. Алғаш 100-ден астам обаны Байкал сыртында (Бурятия) XIX ғ. соңында Ю. Талько-Грынцевич қазды. 1924-1925 жж. П.К. Козлов экспедициясы Солт. Моңғолиядағы Ноин-Ула үлкен обаларын зерттегеннен кейін ғұн мәдениеті айқындала түсті. Шығыс ғұндардың негізгі ескерткіштері Ордос, Монғолия, Бурятияда, ішінара Саян-Алтай, Енисей, Қиыр Шығыс өлкелеріне тараған. Мұндағы ғұн ескерткіштері б.з.д. II – б.з. V ғғ. аралығын қамтиды және «суджа», «дерестуй» деп екі мерзімдік топқа бөлінеді. 20-ға жуық қоныс, мыңдаған оба тіркелген. Бурятиядағы Селенга өз. бойынан қазылған Иволга қалашығының маңызы зор. Мұнда орташа аум. 5х4 м, балшық қабырғалы, төбесі екі қанатты ағаш шатырмен жабылған 54 үйдің орны анықталды.

Ғ.д.е-нің келесі топтарына Қазақстан, Орт. Азия, Батыс Сібір, Орал мен Еділдің оңт. өлкелеріндегі түрлі жәдігерлер және IV-V ғғ. Еуропаға барған ғұндардан қалған қабірлер мен көмбелер жатады. Мұндай кабірлер Қаракеңгір өз. бойында, Ұлытау маңында, Айбас дарасында кездеседі. Шығыстағы тарихи ғұн мәдениетінің таза сипаттағы ескерткіштері бұл өлкелерге тән емес. Жергілікті қаңлы, үйсін, сармат, т.б. мәдениеттердің ескерткіштері тараған. Бұларға шығыстық ғұн элементтері қосылып, кей өлкелерде «кеңкол» тәрізді аралас сипаттағы ескерткіштер тобы пайда болған Жетісудағы Қарғалы, Теңдік зираттарынан көптеген сәнді алтын бұйымдар, Ақтастағы қоныс пен зираттан құнды деректер алынған. Батыс өлкелердегі сармат тайпаларының соңғы кезеңдеріндегі ескерткіштерінде шығыс ғұндар ықпалы байқалады. Қазақстаннан бастап Қара теңіз, Дунай, Карпатқа дейін тараған IV-V ғғ. жататын ескерткіштер ерекше тобының негізі – қару-жарағы мен бағалы бұйымдары, ғұн бекзадалардың, атақты жауынгерлердің қабірлері, жиі кездесетін көмбелері.

Дабылов Көшербай (1914, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қаракеңгір болысы, Қаракеңгір а. – 1988, Жезқ. обл., Ұлытау ауд., «Қаракеңгір» кеңшары) 1931 ж. бір айлық мұғалімдер даярлайтын курсты бітіріп, Ұлытау бастауыш мектебіне оқытушы болып тағайындалған. Оқуын Көкшетау педучилищесінде жалғастырған. Осы өңірде мектептің меңгерушісі, директоры болып 1942 ж. дейін қызмет атқарған. 1954-1955 жж. Қаракеңгір орталау, кейін орта мектебінде директор, оқу ісінің меңгерушісі болып, 1974 ж. зейнет демалысына шыққан. Ағы аймаққа белгілі, шәкірттері арасында аса сыйлы, ұлағатты ұлт ұстаздарының бірі. «Қазақстан халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Дайыров Жақыпбек (07.11.1946, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Терісаққан ауылкеңесі) Алматы зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1975) үздік бітірген. 1975-1986 жж. бірқатар кеңшарларда бас зоотехник, бас экономист, кәсіподақ комитетінің төрағасы, партия комитетінің хатшысы. 1986-1997 жж. Аманкелді ат. кеңшардың директоры, шаруа қожалықтары қауымдастығының төрағасы. 1997-2009 жж. ауыл әкімі қызметін атқарды. Шаруашылық басшысы болып жүргенде ауылды мәдени-әлеум. жағынан қайта құруда, жеке кәсіпкерлікті дамытуда, жеке еңбеккерлердің бастамашылығы мен іскерлігін қолдауда көрнекті шаруа тындырды. Мемл. марапаттары бар.

Далабаев Қайрат Нариманұлы (11.06.1969, Қарағанды обл., Жезді ауд., Ұлытау с.) Жезқ. пединст-ын, ІІМ Қарағанды заң инст-ын бітірген. География пәнінің мұғалімі, заңгер. Кеңес әскері қатарында әскери борышын өтеп келген соң Ұлытау селосында, Жезқ. қ-да мектептерде мұғалім болды. «Ұлытау» ұлттық тарихи, мәдени және табиғат ескерткіштерін қорғау жөніндегі музей-қорықта қызмет істеді. 1995 ж-дан ІІ органдарында жұмыста. Кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспектор, аға инспектор, Ұлытау ауд. ІІБ бастығының кадрлар жөніндегі орынбасары, қылмыстарды іздестіру бөлімінің бастығы, ауд. ІІБ бастығының бірінші орынбасары. 2015 ж-дан ауд. ІІБ бастығы. «Полиция органдарында мінсіз қызметі үшін» төсбелгісінің барлық дәрежесімен, «Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін», «Қазақстан полициясына – 25 жыл» медальдарымен марапатталған.

Далабаев Нариман (1928, Ақмола губ., Атбасар уезі, Қарсақбай ауд., Қарсақбай кенті – 1998, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) Қарқаралы педучилищесін (1952), Қарағанды пединст-ын (1961) бітірген. Химия және биология пәнінің мұғалімі. Ұлытау аудда бастауыш мектептің мұғалімі және меңгерушісі, орталау мектептің, оқушылардың жазғы демалысы орт-ның директоры, соңғы жылдары химия және биология пәндерінен сабақ берді. Ауд. мұғалімдерінің химия және биология пәндері бойынша әдістемелік кеңесіне

жетекшілік етті. Аға мұғалім дәрежесі бар. ҚазКСР халық ағарту ісінің озық қызметкері (1962). «КСРО білім беру ісінің үздігі» (1979) төсбелгісінің иегері. Медальдармен марапатталған.

Ш. Смаилов

Далабаев Шенеу (1892, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Тайкеткен а. – 1974, Жезқ. обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) ағылшындар тұсында Қарсақбай мыс заводы құрылысында бетон құюшы, теміржол цехында жөндеуші болып істеген. 1926-1938 жж. Қарсақбай болаткомы төрағасының орынбасары, комбинаттың мал көлігі артелінің бастығы, ауатком төрағасының орынбасары, төрағасы қызметтерін атқарған. Одақтық маңызы бар комбинаттың құрылысына жұмысшыларды, материалдарды, құрал-жабдықтарды Жосалыдан, Атбасардан, Спасскіден жеткізу үшін жұмысқа жүздеген кірешілер тартылған, 1500 біршіке (жүк) арбасы, 3 мыңнан астам түйе жалданған. Сөйтіп, Д. басқарған кезде жылына ағылшындарға қарағанда жүк тасымалдау көлемін екі есе арттыру мүмкін болған. «Атбастүстімет» тресінің басқарма мүшесі, геолог Қ. Сәтбаев тұңғыш рет Қарсақбайға Д-тың көлігімен келген. Ауд. «Қызыл кеншi» газетінің редакторы, қазақтың болашақтағы белгілі ақыны Ә. Тәжібаев: «Кеңгір бойындағы ұжымшар төрағасы Далабаев мені Абайға жақындатып, оны сүйіп оқуға себепкер болды», – деп жазды. Қ. Сәтбаев, И. Деев сияқты ірі тұлғалармен аралас-құралас, жолдас болған. Ұлытау ауд. ұйымдастырылғанда туған жеріне оралып, ұжымшар төрағасы, ферма басқарушы, бригадир болып еңбек етіп, мал шаруашылығын дамытуға еңбек сіңірді.

Ө. Мұқанов

«Даладағы дабыл» – құжаттарға негізделген көсемсөз романы. «Жазушы» баспасынан үш мәрте жарық көрген. Авторы – акад. Мұхаметжан Қаратаев. Тарихи деректерді негіз етіп алған шығармада Қазан төңкерісі қарсаңындағы қазақ елінің тұрмыс-тіршілігі суреттеледі. 1913 ж. Мәскеуден Байқоңырға жер аударылып келген И. Деевтің көргендері мен басынан кешкендері кітаптың арқауы етіп алынып, қазақ жерінде А. Иманов бастаған ұлт-азаттық қозғалысының белсенді тұлғаларының іс-әрекеті баяндалады. Кітаптың «Самородок», «Халық көзімен», «Будақтайды түтіні Қарсақбайдың», «Болашаққа саяхат» тарауларының өзі әңгіме Үлкен Жезқазғанның қалыптасу және даму кезеңдері жайлы екенін айғақтайды. «Д.д»-дың 1981 ж. соңғы басылымының көлемі – 25 б.т.

Данияров Өйтен (1909 ж., Ақмола губ., Ақмола уезі, Қарабұлақ болысы – ө.ж.б.) еңбек жолын Ақмола обл. Азат ауд. ауыл банкісінде есепшіліктен бастаған. 1946 ж. Көкшетау облпартком бөлім меңгерушісі, 1952 ж. Қарсақбай мыс заводы директорының орынбасары. 1955 ж. қарашасынан 1961 ж. наурызына дейін Жезқ. ауаткомының төрағасы. Қызыл Жұлдыз орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Даниярұлы Шамбұл (1940, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Аралтөбе ауылкеңесі – 2015, сонда) 1957 ж. орта мектепті күміс медальмен бітірген. Қарағанды пединст-ның химия-биология фак-ін тәмамдаған. Ауылдағы орта мектепте 20 жыл биология және химия пәндерінің мұғалімі болып жұмыс істеді. 1983 ж. ақпанынан 1988 ж. маусым айына дейін халық депутаттары Борсеңгір ауылкеңесі атком төрағасы

болды. 1993 ж. желтоқсанынан 1995 ж. қазанына дейін Борсеңгір ауылд. округінің әкімі. ҚазКСР оқу ісінің үздігі. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Дәнсары – Ұлы Жыланшық өз. бойындағы тұйық көл. Ұлытау ауд-ның қиыр батысында, Байқоңыр а-ның солт.-батысына қарай 100 км жерде орналасқан. Абс. биікт. – 157 м, аум. – 9,6 км², уз. – 6,9 км, ең терең жері – 1,5 м, су жиналатын алабы – 468 км². Көл ағынсыз, солт.-шығысынан (Сарын тауынан) жазда тартылып, қарасуларға бөлініп қалатын Қайдауыл өз. құяды. Қар және жер асты суларымен толығып, көктемде Шөміш көлімен ұласады. Қарашаның ортасында суы қатып, сәуірдің ортасында мұзы ериді. Ақ және боз жусан, қылқан селеу, т.б. шөптер өсетін жағалауы жайылым ретінде пайдаланылады.

Дәрібаев Бәрменше (1941, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) еңбек жолын 1958 ж. «Қазмысқұрылыс» құрылыс-монтаж тресінде бастаған. Ұзақ жылдар бойы кешенді құрылыс-монтаж бригадасын басқарды. Ұлытау ауд-да бірқатар күрделі объектілерде қолтаңбасы бар. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальмен, ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Дәрібаев Жаңбырбай Абжәметұлы (01.07.1955, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Шеңбер а.) Қарағанды мемл. универс-ін (1971), Алматы экономика және статистика академиясын (2005) бітірген. 1976-2001 жж. Шеңбер а-дағы Қорғасын орта мектебінде мұғалім, ауд. комсомол комитетінің бірінші хатшысы, кеңшар парткомының хатшысы, ауд. мәдениет, мұрағат бөлімдерінің бастығы. 2007-2010 жж. Ұлытау ауд. әкімінің орынбасары, аудан әкімі. 2010 ж. Жезқ. қ. білім және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы. Бұдан соң «Нұр Отан» партиясы Сәтбаев қ. бөлімшесі саяси кеңес төрағасының орынбасары.

Дәулетбеков Қайырбек (т.-ө.ж.б.)– өңірге белгілі партия қызметкері. Қарсақбай ауд. партия конференциясын өткізу жөніндегі ұйымдастыру бюросының төрағасы. Бірінші ауд. партконференция 1926 ж. 10 қазанда өз жұмысын бастады. Онда қаралған негізгі мәселе Қарсақбай комбинаты кәсіпорындарын қалпына келтіру және комбинат құрылысын одан әрі өрістету жұмыстарының кейбір қорытындылары болды. Бұл жөнінде конференция қабылдаған қаулыда аудан партия ұйымдары мен кеңес, шаруашылық активтерінің сол кезеңдегі өзекті және негізгі міндеттерінің ең бастысы – Қарсақбай комбинаты құрылысын тез бітіріп, Үкімет белгілеген мерзімде іске қосу болып табылатыны атап көрсетілді. Конференция Қарсақбай ауд. партия комитетінің тұңғыш құрамын сайлады. 1926 ж. Ұлытау өңірінде небәрі 73 партия мүшесі мен кандидаты есепте тұрды. Ауд. партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған Д., арнаулы өнд. білімі болмаса да, Атбасар уездік комитеті мен Ақмола губ. комитетінде біраз жыл жұмыс істеп тәлім-тәрбие алған, ысылған, ұйымдастырушылық қабілеті мол, жігерлі басшы еді. 1926-1927 жж. қысында көпшілікті қыстың қиындығын еңсеруге жұмылдырып, тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуді жолға қоя білді. Мыс заводы үшін қажетті кадрларды негізінен қазақтар есебінен дайындауды ұйымдастырды.

Дәуітов Баттал Тәжбенұлы (07.02. 1914, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы, Мапшыбай а. – 1967, Қарағанды обл., Жезді ауд., Қарсақбай кенті) – ұстаз. Алматыдағы Абай ат. мемл. пединст-ын 1957 ж. бітірген. Тарих пәнінің мұғалімі. 1932-1935 жж. Қарсақбайдағы мектеп-интернатта саяси тәрбиеші, мұғалім. 1935-1950 жж. Жамбыл ат. №1 қазақ орта мектебінде оқу ісінің меңге-

рушісі, 1950 ж. бастап өмірінің соңына дейін 17 жыл осы мектептің директоры болды. Кәсіби ұстаз басқарған жылдары мектептің оқу-материалдық базасы кеңейтіліп, жаңадан спорт залы, өнд. оқу шеберханалары салынды, оқу-тәрбие жұмысының теориялық-әдістемелік деңгейі көтерілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1964 ж. 25 сәуірде «ҚазКСР еңб. сің. мұғалімі» атағы берілді. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» (1946), «Ерлік еңбегі үшін» (1949), «Тың игергені үшін» (1957) медальдарымен марапатталған. ҚазКСР халық ағарту ісінің үздік қызметкері (1968).

Даутова Сауле Батталқызы – филология ғыл. докт. Ұлытаудың түлегі. Мамандықтары: «Орыс тілі және әдебиеті: қосымша «Педагогика», «Қазақ тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі». Жезқ. пединст-ын үздік (1983) тәмамдап, Абай ат. Қазақ пед-инст-ның қазақ әдебиеті кафедрасында еңбек жолын бастады.

М. Әуезов шығармашылығының зерттелуіне арналған канд. дисс. (1991), «Қазақ драматургиясындағы тарихи тұлғаның көркем тұжырымдамасы» тақырыбында докт. дисс. (2006) қорғады. 1997-2008 жж. қазақ филологиясы фак-нің деканы, 2008 ж. Абай ат. ҚазҰПУ-дегі Әдебиеттану және тіл білімі ғыл.-зерттеу инст-ның директоры.

Ғыл. ізденіс салалары: әдебиеттану, қазақ әдебиетінің тарихы, әдебиеттерді салыстырып зерттеу, тарихи драматургия мәселелері, түркология, педагогика, білім саласы. Д. қазіргі компаративистика үрдістері арнасында қазақ тілі мен әдебиетін зерделеуге, әлем бейнесін мәдениеттану тұрғысынан тіл және әдебиет мүмкіндіктері арқылы ұғынуда жаңа ғыл. парадигманы қалыптастыруға бағытталған ғыл.-зерттеу жұмысын басқарды. «Түркілік мұра – әлемдік өркениеттің құрамдас бөлігі» (2009-2011), «Жоғары мектептің филологиялық білім беру жүйесін ақпараттандыру» (2012-2014), «Әлемнің әдеби-тілдік бейнесі – жас ұрпақ тәрбиесінің рухани қайнар көзі» (2012-2014) респ. іргелі ғыл. жобалардың ғыл. жетекшісі болды. «Әдебиеттегі әлемнің көркем бейнесі – гуманитарлық құндылықтардың қайнар көзі» деген тақырыпта Испанияның Сантьяго де Компостело универс-де ғыл. жоба орындады. Біліктілікті жетілдіру курсында АҚШ, Англия, Польша, Италия, Бразилия, т.б. мемлекеттердің ғалымдарымен әлемдік филология бағыты туралы өз тұжырымдамаларын ғыл. ортаға ұсынды. Бірқатар шетелдік универс-дің студенттері мен оқытушыларына және докторанттарына арнап «Қазақ әдебиетіндегі әлемнің көркем бейнесі», «Абай поэзиясының жалпыадамзаттық маңызы», т.б. тақырыптарда арнайы курс оқыды.

Д. – теориялық және қолданбалы ғыл. жобалар. жетекшісі, атап айтқанда: «Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар – көркем шығарма контексінде» (2009), «Н.Ә. Назарбаев еңбектерінің еліміздің оқу-тәрбие жүйесін дамытудағы маңызы» (2010), «Тәуелсіз Қазақстан: тіл саясаты» (2011), «Латын графикасы бойынша өзге тілдік қоғамдық-саяси лексиканы қазақша айтып, жазу қағидалары» (2013), «Ғылыми-техникалық терминдерді латынша жазу жобасы» (2014). 3 монографияның, бірнеше оқу құралының, 100-ден аса ғыл. мақала авторы, 13 шетелдік сертификат иегері.

Дәукенов Аманжол Мизамбайұлы (22.06.1942, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Социалды ауылкеңесі, Қарабұлақ а.) Қарағанды политех. инст-ын (1966) бітірген. Тау-кен инженері, экономист. Еңбек жолын Кіштау ауылкеңесі Боздақ бастауыш мектебінде мұғалім болып бастаған. Жезді марганец кен басқармасында экономист, бас экономист (1966-

1970), басқарма парткомының хатшысы (1979-1984), Жезді ауатком төрағасының орынбасары (1984-1988), Жезді аупарткомының хатшысы (1988-1990), Жезді кен басқармасының директоры, «Казмарганец» АҚ президенті (1992-1996) болды. Кейінгі жылдары кәсіпкерлікпен шұғылданған. I шақырылған Жезді ауд. мәслихатының депутаты.

Дешті Қыпшақ – XI-XIII ғғ. Алтайдан Дунайға дейін алып жатқан кең-байтақ даланың атауы. VIII-X ғғ. Қимақ қағанатының құрамында болған қыпшақ тайпасы билікке таласу нәтижесінде қимақтарды жеңіп, XI ғ. Қыпшақ хандығының іргесін қалайды. Мемлекет күшейген сайын аумағы да кеңейіп, Днестрге дейін жетті. Моңғол шапқыншылығына дейін Қазақстан аумағы Шығыс Дешті (Тасты) Қыпшақ аталса, Еділ өз-нен Дунайға дейінгі жерлер Батыс Дешті Қыпшақтың құрамына кірген. Д.Қ-тың кең даласын түркі тілдес, бауырлас, көбіне көшпенді мал шаруашылығымен айналысатын тайпалар мекендеген.

М. Сейтжанов

Деев Иван Васильевич (1884-1972) Ішкі Ресейден «саяси сенімсіз адам» ретінде жер аударылып, 1913 ж. Байқоңыр көмір ошағына жіберілген. Мамандығы – фельдшер. Жергілікті ауруханада жұмыс істеген. 1914 ж. жұмысшылар арасынан большевиктерге тілектес топ ұйымдастырған. Атбасар уездік партия комитетінің

тапсырмасымен 1923 ж. іссапармен Мәскеуге барған. Оны Бүкілодақтық Халық Шаруашылығы Кеңесінің төрағасы Ф.Э. Дзержинский қабылдаған. Көп ұзамай Қарсақбай мыс заводын қалпына келтіру жөнінде шешім шығады. 1925 ж. 14 маусымда Қарсақбай комбинатының директоры қызметіне кірісу үшін жеделхатпен шақыртып алған. Д. Жосалыда жиналып қалған жабдықтар мен станоктарды, Атбасардан азық-түлікті және Спасскіден заводтың кәдеге жарайтын құрал-саймандарын жеткізіп алу үшін 1500 арба, 3000-5000 түйе керуенін ұйымдастырды. Жергілікті тұрғындардан жаңа жұмысшы кәсіптеріне мамандар дайындауды қолға алды, қазақтарды ірілі-ұсақты басшы қызметке тарту – істің табыс көзінің бірі деп есептеді.

«Дидар» телерадио хабарлары қалалық дирекциясы. 1959 ж. 20 ақпаннан хабар бере бастады. Әуелде ЖКМК басшылығының қолға алуымен әуесқой телевизия орт-ғы ретінде жұмыс істейді. ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы Ж. Ташенов Жезқ. телевизия орт-ғын Байланыс министрлігінің қарауына беру туралы өкімге 30.03.1960 ж. қол қойды. Қаладағы қазіргі радиотелевизиялық орт. кешенінің құрылысы 1965 ж. аяқталды. Жергілікті әуесқой телевизия студиясының тұңғыш директоры (1960) майдангер мұғалім, өнер жанашыры Керімбай Көпбаев болды. Облыс кезіндегі Жезқ. телерадио хабарларын тарату комитеті 1973 ж. сәуірде құрылды, оның тұңғыш төрағасы соғыс ардагері Рахымбай Жұматаев болған еді. Жезқ. телестудиясында түрлі түсті хабарлар беруге көшіру 1986 ж. толықтай аяқталды. Облыс телерадиокомпаниясының таратылуына байланысты (1997) бұрынғы материалдық-техн. базасы негізінде «Д.» т.х.қ.д. құрылды. Телеарна өз хабарларын Жезқ., Сәтбаевка, Ұлытау өңіріне таратады, қазақ елінің басқа аймақтары көріп отыр.

Домбығұл (Дарқұ) – шамамен VII-XIII ғғ. оғыз-қыпшақ заманында тұрғызылған сарай қалдығы. Ұлытау ауд. орт-нан

солт-ке қарай 80 км жерде, Арғанаты тауының батыс етегінде, Домбағұл шатқалында орналасқан. Оңт. Қазақстанды қоныстанған қыпшақтардың Д. сынды көптеген сарайларының болғанын XII ғ. араб ғалымы Мұхаммед әл-Идриси мен XIII ғ. Франция миссионер-саяхатшысы Вильгельм Рубрук жазып қалдырған болатын. Сарайдың қалдығын XVIII ғ. орыс саяхатшысы Н.П. Рычков пен XIX ғ. басында қырды аралауға шыққан кен инженері И. Шангин де көріп, тамашалаған. 1946-1950 жж. Ә. Марғұлан (ОҚАЭ) сарайдың ғыл. сипаттамасын жасады. Кейін Ж. Смайылов зерттеген.

Д. осы өңірдегі Хан ордасы бекінісінен кейінгі күшейтілген ірі қамал орнына жатады. Төрт жағынан ормен және қорғаныс жалдарымен қоршалған төртбұрышты алаңқай түрінде салынған. Сарайда көлемді қазба жұмыстары жүргізілмеген, шағын мөлшердегі ұңғымадан көптеген мал сүйектері алынды. Сарай маңындағы кішірек жылғаның айналасынан егістік орындар мен суландыру жүйесінің қалдықтары табылды. Қаланың көл. – 80х51 м. Сыртқы бекінісінің қалыңд. – 11-12 м, биікт. – 1,2 м. Тереңд. – 0,5 м, ені 3-6 м ормен қоршалған. Қаланың ортасында көл. – 23х23 м, биікт. 6 м цитадель бар. Д. қыпшақ билеушілерінің күшейтілген бекініс ордасы болған.

М. Сейтжанов

Домбай Нұрперзент (1958) – ақын, сазгер, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағы сыйл. лауреаты, журналистердің «Болашақ бүгіннен басталады» респ. конкурсының жеңімпазы (2003). ҚазМУ-ді бітіргеннен кейін еңбек жолын «Ұлытау өңірі» газетінде бастаған. Әдеби қызметкерден бастап, барлық жолдарды өтіп, газет редакторының орынбасары болып қызмет атқарған. Жезқ. аймақтық «Мысты өңір» газетінің бас редакторы болды. Бүгінде респ. «Ана тілі» газеті бас редакторының орынбасары. «Жүрек әні» жыр жинағының, «Адалдықтын ақ жолы», «Елбасы және ел» публицистикалық кітаптардың, «Бөбегім», «Ағалырым-ай», «Туған жер», «Амандық болсын», «Достарым», т.б. әндердің авторы.

Домбауыл кешені – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Кеңгір өз. сол жағасында, Алаша хан мен Жошы хан

күмбездерінің орта кезінде орналасқан. Астыңғы қабаты шаршы пішіндес, үстіне киіз үй тәріздес күмбез салынған. Астыңғы бөлігінің аум. – 8,9х7,9 м, қабырғасының қалыңд. – 2 м-дей, ішінің аум. – 4х4 м, есігі сопақшалау етіліп оңт.-шығыс жақтан шығарылған. Бұған жалпы биікт. 1,2 м болатын төрт баспалдақ арқылы кіреді. Кешеннің еденіне тас аралас топырақ жайып, оның үстіне жалпақ тақтатастар төселген. Қабырғалары 3 м-ге көтеріліп барып, көлденең бөренелермен жабылған. Ескерткіштің салынған мерзімі оғыз дәуіріне жатады. Мұндай киіз үйге ұқсата созып барып күмбезделген тас кесенелер «үйтас», «дың» деп аталады.

Әдеб.: ҚҮЭ. М. Сейтжанов

Досанов Сабыржан Досанұлы (22.03.1933, ОҚО, Қарсақбай ауд., Ұлытау ауылкеңесі – 2014, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.). Қазақ зоотех.-мал дәрігерлік инст-ын (1957) бітірген жас маман «Ұлытау» кеңшарына бас зоотехник болып тағайындалды. 1963-1965 жж. ҚКП ОК жа-

нындағы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы. «Шеңбер» кеңшарының партком хатшысы (1965), Қарағанды облпарткомының жауапты қызметкері (1966), Жезді аупарткомында хатшы (1967) 1972 ж. наурызынан 1982 ж. маусымына дейін халық депутаттары Ұлытау ауд. кеңесі атком төрағасы. Ауылды мәдени-әлеум. қайта құрылымдауға, мал шаруашылығын, егіншілікті дамытуға көп еңбек сіңірді. «Құрмет белгісі» орденімен, жеті медальмен марапатталған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Досбол Қорлыбайұлы (1800, Ұлытау өңірі – 1890, Қызылорда обл., Шиелі ауд.) – би, қоғам қайраткері. Орта жүз құрамындағы қыпшақ тайпасынан шыққан. Әділдігімен, тапқырлығымен, шешендігімен халық арасында зор беделге ие болған адам. Д. ел тыныштығын кетіріп, қанау-тонау саясатын жүргізген Қоқан бектерін ашық сынап, жолыққанда сөзбен түйреп отырған. Содан қуғынға ұшырап, екі-үш жыл Арқаға келіп паналаған. Бидің талай айтыс-тартыстарда (найман Көкшолақ бимен, Арқадағы Нұржанмен, т.б. шешендік, билік сөз тапастары) айтқан ұтымды жауаптары, нақыл сөздері мақал-мәтел іспеттес болып, халық арасына кең тараған. Бейіті Оқшы ата қорымында.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Досетов Қойшығара (1925, Ақмола губ., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы, Айыртау а. – 1998, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Жезді кенті) ҰОС басталғанда еңбек армиясына шақырылып, Қарағандыдағы «Углеразрез» тресінде 1942 ж. 7 қарашадан 1948 ж. дейін дәрі аттырушы болып еңбек еткен. Одан кейінгі 40 жыл өмірі Жезді марганец кен басқармасымен байланысты. Озат кенші. Ленин орденінің (1971) иегері. Құрметті кенші, Жезді ауд. Құрметті азаматы.

Досжанов Айтбай (1873, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы, Қарадыр а. – 1958, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Қараадыр а.) – ақын, зергер, ұста. Ұсталық, ақындық – ата-бабасынан дарыған өнер екен. 15 жасында өлең шығарып, жыр толғаған. Ұлытау өңірінің жыр дүлдүлдері Тайжанмен, Иманжанмен, Қунақтың Омарымен аралас-құралас болған. Өлеңдері Қарсақбай ауд. «Қызыл кенші» газетінде жарияланып тұрған. Өлеңдер топтамасы 70-жж. «Жұлдыз» журналында жарияланған. «Қызыл коммуна» ұжымшарында көрік ұстап, 85 жасқа келгеннің өзінде ұсталықпен, зергерлікпен шұғылданған. Соц. жарыста үздік шығып, екпінділер қатарында болған. 1935 ж. 15 қарашада «Қазақстанның XV жылдығы» төсбелгісімен марапатталған.

Доспанов Қойшыбек (1928, ОҚО, Қарсақбай ауд., Кішітау ауылкеңесі) – металлургтер әулетінің басы. 1943 ж. қарашада Қарсақбай мыс зауодының темір-жол цехында жұмысшы болды. 1952 ж. зауодтың металлургия цехына ауысты. Онда шихта тиеуші, горновой, балқытушы болды. Кейін Жезқ. мыс заводында 1975 ж. зейнеткерлікке шыққанша 8-санатты аға балқытушы болып жұмыс істеді. Бүгінде ұлдары мыс зауытының металлургия цехында еңбек етеді. Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. ҚазКСР еңб. сің. металлургі.

Доспанова Хиуаз Қайырқызы (15.05.1922, Ганюшкин, Атырау обл. –

21.05.2008, Алматы қ.) – II дүниежүзілік соғыста қазақтан шыққан жалғыз әйел ұшқыш, ҚР Халық Қаһарманы. Мектепті үздік тәмамдаған жас қыз ұшқыш болуды армандайды. Мәскеудегі Жуковский ат. Әскери-әуе академиясына қабылданбай қалса да, мединст-та алған білімімен тылда еңбек етіп, кейін ұшқыштар дайындайтын училищеге түседі. Өрімдей жас қыздың қайсарлығына тәнті болған атақты ұшқыш әйел Марина Раскова сол кезде-ақ оған зор үміт артқан. Қазақтың жас қызы ҰОС жж. М. Раскова басқарған 46-гвардиялық түнгі бомбалаушы ұшқыштар полкінде штурман қызметін атқарған. Жаумен аспандағы шайқаста 300 рет болған. Төрт мәрте ауыр жарақат алып, ұрыс даласына қайта оралып отырған. Майдандағы ерлігі үшін Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальмен марапатталған.

Достайұлы Иса (1886-1950) – ағартушы, д.ни оқымысты, халық емшісі. Руы – шағыр. Әуелі ауыл молдасынан ескіше оқып, Уфа, Қазан қ-да діни білім алған (1902-1912). Қазан төңкерісіне дейін Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқыған 50 қазақтың бірі. 1912-1928 жж.

Жезқ. және Ұлытау бойындағы ауылд. мектептерде балаларды А. Байтұрсынов әліппесі бойынша оқытқан. Емшілік қасиеті ел арасында кеңінен жайылған. Жылан, қарақұрт, шаян шаққан адамды, малды емдеп жазған. Жүйке ауруына ұшыраған адамдарды емдеген.

Дрейман Рудольф Ансович (1887, Курляндия губ. – 1938) – Қазақстан мен Орт. Азияда соц. құрылысқа белсене қатысқан қайраткер. 1905 ж. большевиктер партиясының мүшесі. 1903-1914 жж. жұмысшы қозғалысына белсене қатысқаны, ереуілдер ұйымдастырғаны, патша армиясы қатарында болғанда революциялық насихат жүргізгені, бірінші империалистік соғысқа қарсы шыққаны үшін талай рет жер аударылған, түрмеге қамалған. Қазан төңкерісінен кейін бірқатар өңірлерде контрреволюциялық бүліктерді жоюға қатысты. Азамат соғысы кезінде РКП(б) ОК Батыс майданға жіберді. Латвия ОАК мүшесі және Байланыс халкомы болды. 1921 ж. 6 қыркүйекте Риддер қорғасын кенішіне, 1926 ж. желтоқсанда Қарсақбай мемл. мыс комбинатына директор болып тағайындалды. Ол өзін ірі өндіріс ұйымдастырушысы ретінде көрсетті. Осы жылы завод электростанциясы ток берді, келесі жылы Жезқ. кенішінде мыс кенін өндіру қайта басталды, 1928 ж. қазанда Қарсақбай мыс қорыту заводы іске қосылды. Қазақстан Үкіметі Д-ды Қарсақбай мыс заводын қалпына келтіруге сіңірген еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттауға ұсынды.

Дулыға батыр Көшербайұлы (1836-1890, Ұлытау өңірі) – тегі бағаналы найман, сарғалдақ, оның ішінде Түктібай атасынан. Заманында Қоқан әскерімен, барымташы-қарақшылармен айқастарда батырлығымен, қайсарлығымен, тапқырлығымен ел ортасында беделді болған.

Д. қайтыс болған кезде ел жайлауға көшіп жатыр екен. Жұрт жиналып, ақылдасып, Дулығалы өз. жағасына киіз үй тігіп, мәйітті аманат қойып, қасына шырақшы қондырып кеткен. Күзде батырдың денесін Түркістанға әкеліп жерлеген.

Дулығалы медресесі – XIX ғ. 60-жж. Дулығалы өз. бойында Құлмұхаммед

ишан салдырған медресе. Ұлытау ауд. орт-нан батысқа қарай 95 км жерде орналасқан. Жалпы ауд. 350 м² құрайтын ғимарат 24 бөлмеден тұрған. Кіреберіс есігі оңт.-шығысқа қараған. Онда дін сабақтарымен қатар жағрафия, есеп негіздері оқытылды, араб тілі үйретілді. Медреседе оқып шыққан қазақ жастары Ұлытау елін сауаттандыру ісіне біршама үлес қосқан. Бұл медреседе тәлім алғандар қатарында 1916 ж. Торғай көтерілісінің сардарбегі Амангелді Үдербайұлы да бар. Бүгінгі күні медресенің орнында үйіндісі ғана қалған.

М. Сейтжанов

Дулығалы мешіті (Терісбұтак мешіті, Бердікей мешіті, Құлмұхамед ишан мешіті) – 1902 ж. Дулығалы өз. бойында Арыстанбайұлы Құлмұхамед ишан салдырған діни орт. құрамындағы мешіт. Ұлытау ауд. орт-нан батысқа қарай 95 км жерде орналасқан. Тоғыз күмбезді, сыртқы қабырғасы үлкен қызыл кірпіштен, ал ішкі қабырғасы шикі кірпіштен,

төбесі тіреусіз, бұрып өріліп тұрғызылған мешіт. Жалпы ауд. – 360 м², ұз. – 23,4 м, ені – 15,4 м. Кіреберіс есігі Меккеге, яғни оңт.-батысқа қарайды. Азан шақыратын мұнарасының биікт. – 7 м, диам. – 2,6 м. Мұнара ғимараттың солт.-шығысында орналасқан. Қабырғасының биікт. – 3,5 м. Іргетасының биікт. – 0,9 м. Терезелері жерден 1 м биіктікте орналасқан. Тоғыз күмбездің бірі есік маңдайшасында, бірі мұнараның төбесінде, алтауы үш-үштен ғимараттың екі қанатында және бір үлкен күмбез төбесінің қақ ортасынан салынған.

Құлмұхамед ишан мешіттің жобасын, кесектерді дайындауды, құйылуын Түркістанға барып үйреніп келіп, қалыптарын өзі жасаған. Қызыл күйдірілген кесектерде оннан аса ою түрі, аяттар болған. Ортадағы үлкен күмбез астында жалғыз тіреу болған. Ғимарат Бұхара архитектура үлгісімен салынған. Намаз оқып, дәрет алатын, жайнамаз, киім ілетін және кітапхана бөлмелері болған. Кітапханада арабша, парсыша, шағатайша, орысша кітаптар қойылған. 1916 ж. 25 маусымында шыққан Николай ІІ-нің жарлығына қарсы көтерілісшілер осы мешітте жиналып, құрбандық шалып, ақсақалдар Аманкелді батыр бастаған сарбаздарға бата берген. Көтеріліс басталарда, шешуші шайқастарда сарбаздар намаз оқып, Құран ұстап, салауат айтып, алған жолдан қайтпауға ант берген.

Мешіт пен медресе жұмысы 1929 ж. ишандар әулетін қудалау кезінде тоқтаған. Ишандар елден қашып, Қызылордаға тақаған жерде алдынан қызыл әскер шығып, малын алып, адамдарын қырғынға ұшыратқан. 1934 ж. белсенділер мешітті бұзып, кітапханадағы кітаптарды өзенге лақтырған. Белсенділердің біреуі төбеден құлап, бірі жерде мертігіп өлген. Мешіттен мүжілген мұнара, жарты күмбезі мен қабырғалары ғана қалды. Д.м. – мемл. маңызы бар ескерткіш.

М. Сейтжанов

Дулығалы өзені (Дулығалы Жыланшық) – Ұлы Жыланшық өз. сол саласы. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 108 км, су жиналатын алабы – 3,1 мың км². Ұлытаудың оңт-дегі Құсмұрын, Үшқырлытау және Ақтас тауларының батыс беткейлерінен басталып, Бірәлі қыстауы тұсында Ұлы Жыланшық өз-не құяды. Қар және жер асты суларымен толығады. Арнасы енсіз, өзенді бойлай тал, т.б. бұталар өседі, жағасы жарлы келеді. Жаз айларында суы иірімдерге бөлініп қалады. Қараша-наурыз айлары аралығында суы қатады. Мал суаруға пайдаланылады.

Дүзен – тас дәуіріндегі адамдар тұрағы. Ұлытау ауд. Қаракеңгір өз. оң жағалауындағы биік төбе үстінде орна-

ласқан. 1992 ж. ОҚАЭ (жетекшісі – Ж. Құрманқұлов) зерттеген. Шашылып жатқан тас құралдарға қарағанда, тұрақ аумағы 6 га-дан асады. Тас дәуірі адамдарының бұл төбені тұрақты мекен етуінің себебі, ол құрал-жабдық жасауға ыңғайлы күлгін, сарғыш, қызғылт түсті шақпақ тастардан тұрады. Тас қазып алған бес шұңқыр сақталған. Олардың кейбірінің ернеуінің диам. – 30 м, тереңд. – 2,5 м. Шұңқыр айналасында тас құрал жасауға ыңғайланып қойылған сопақша және жұмыр тастар өте көп. Сақталған кейбір құралдарға қарап, бұл жерде палеолиттен бастап қола дәуіріне дейінгі тұрақ-шеберхана болғаны анықталды. Оған екінші бір дәлел – осы жерден алынған шақпақ тастан жасалған құралдар Ұлытау, Жезқ. төңірегіндегі неолит, энеолит, қола дәуір тұрақтары мен қоныстарынан көп табылды. Тұрақ үстінде кейінгі кезеңдерде салынған үш тас оба (оның біреуі мұртты) және табиғи бор немесе гипс алған карьер бар.

Дүзен кесенесі – Орт. Қазақстанда XIX ғ. салынған ескерткіш. Қаракеңгір өз. оң жағалауындағы Қарақұдық сайында орналасқан. Кесенені 1863-1866 жж. халық шебері Сералы Еламанұлы Дүзен Сандыбайұлының қабірінің басына тұрғызған. Ғимарат сол жерден 25 км Алаша хан күмбезіне ұқсайды. Д.к-нің бүрмеленген күмбезі он қырлы мойындықпен көтерілген. Ал іргесінің сыртқы өлш. – 8,5х10,2 м, ішкі өлш. – 5,4х5,4 м. Кірпіштері (26х26х6 см) қалың майбалшық ерітіндісімен өрілген. Пештақтың жалпы биікт. – 10 м. Бас қасбетінде есік ойығы (1,70х0,77 м) алдында беларқалы қуысы бар. Оның айналасы үш жолақты жақтаумен қоршалған. Ортадағы жолақ шаршы өрнектеліп ойылған тақтайша кірпішпен әрленген. Ал қалған үш қасбетінің қабырғасы ромб пішінді қалаумен өрілген. Қасбеттерінің жоғары жиектерінде биікт. 60 см дөдегесі бар. Дөдегенің шаршы қалыпты тақтайшалары сегіз қырлы жұлдызбен оюланып, үстінен көк түсті жыланкөз шыңылтырмен көмкерілген. Дөдегеден жоғары екі қатар қалауы тіс тәрізді әдіспен өріліп, ең шетін бұғат жиектеп шыққан. Ғимараттың оңт.-батыс жағындағы ішкі бұрышта төбеге шығатын сатысы бар. Ол тар галерея (1,8х1,6 м) тәрізді қабырғаларды айнала бойлап барып, пештақтың үстіндегі шағын алаңға және төбежабынның үстіне шығарады. Кесененің еденіне шаршы тақта кірпіш төселген. Бүрмелі күмбездің ұшар басында бір-бірімен қиылыса орнатылған ағаш діңгектері бар.

Әдеб.: ҚҮЭ. М. Сейітжанов

Дүйсебеков Сағадат Жапабайұлы (13.11.1938, Қарағанды обл., Ақтоғай ауд., Ақтоғай а.) Қарағанды railway пединст-ын (1962), Алматы Жоғары партия мектебін (1970) бітірген. 1962 ж. Ақшатау кентіндегі орта мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастады. Комсомол және партия қызметінде болды. Жаңадан ашылған Жезқ. обл-на жұмысқа жіберілді. 1973-1985 жж. Жезқ. облпартком партиялық-ұйымдастыру бөлімі меңгерушісінің орынбасары, облатком ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, халық депутаттары Ақтоғай ауаткомының төрағасы. 1985-1990 жж. Ұлытау аупарткомының бірінші хатшысы. Халық депутаттары Жезқ. обл. кеңесі төрағасының орынбасары болып сайланды. 1992 ж. ақпанда Ақтоғай ауд. әкімшілігінің басшысы, 1997 ж. қазанда ауд. әкімі. Мемл. марапаттары бар.

Дүйсеков Әубәкір (1905, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау өңірі – 1970) – партия-кеңес қызметкері, ҰОС ардагері. Қазақстан Жоғары коммунистік а.ш. мектебін (1939) бітірген. Еңбек жолын №№ 11, 12 шахталарда кен тасып шығарушы, ұста, жөндеуші (1927-1936) болып бастады. Қостанай обл. Молотов ат. кеңшардың (қазіргі Жетіқа-

ра) саяси бөлім бастығының орынбасары (1939-1940), Аққарға және Чапаев кеніші партбюросының хатшысы (1941-1942), «Қазмысқұрылыс» тресінде еңбек жөніндегі инженер (1946-1950), Жезді марганец кенішінің партбюро хатшысы (1950-1953), «Қазмысқұрылыс» тресі кадр бөлімінің бастығы (1953-1960). ҰОС жылдарында II Беларусь майданында болған. Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі «Отан соғысы», III дәрежелі Богдан Хмельницкий ордендерімен, бірнеше жауынгерлік медальмен марапатталған.

Дүйсенбаев Дүйсебек (1926, Ақмола губ., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы, Айыртау а. – 2011, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) Қазақ мемл. а.ш. инст-ын (1973) бітірген. 1940-1954 жж. Айыртау ауылкеңесі жанындағы кітапхана меңгерушісі, Қарсақбай темір жолында жұмыскер, Айыртау ауылкеңесі атқомының хатшысы, «Үлгілі» ұжымшар басқармасының төрағасы. 13 жыл «Қарсақбай» кеңшарының директоры болды. Тәжірибелі агроном, ірі ұйымдастырушы екені жаңадан ашылған «Терісаққан» астық кеңшарын басқарған жылдары анық көрінді. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Дүйсенбай – Бұланты өз. саласы. Ұз. – 114 км, су жиналатын алабы – 1,7 мың км^2. Ұлытаудың оңт-дегі Майтөбе (628 м) және Суықтөбе (546 м) тауларынан бастау алады. Қарадыр мекені тұсында Бұлантыға оң жағынан құяды. Қар және жер асты суларымен толығады. Арнасы жоғары ағысында тар әрі терең, сағасы 50-60 м дейін кеңейеді. Жылдық орташа су ағыны – 0.47 м^3/с. Жазда тартылып, қарасуларға бөлініп қалады.

Ділдебаев Шынболат (1937-1998) – ақын, термеші. ҚР еңб. сің. мәдениет қызметкері (1991). Жезқ. тау-кен техникумын бітірген (1964). 1957-1992 жж. Жезқ. кенішінің №45 шахтасында жұмысшы, ауысым мастері болып істеді. 80-жж. респ. ақындар айтысына қатысып, жүлделі орындарға ие болды, шебер термешілігімен танылды. Д-тың заман, адам туралы толғаулары өршіл ақынның асқақ рухын, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін аңғартады («Шындық», т.б.). «Кенші сыры» (1993), «Жылжиды жылдар» (1997) өлеңдер жинағы жарық көрді. Ақтөбе, Қызылорда, Сәтбаев қ-ның, Шиелі ауд. Құрметті азаматы. Сәтбаев қ-да Кеншілер мәдениет сарайына Д. есімі берілген.

E

Егінді ауылдық округі – «Урожайный» егін кеңшарының ашылуына байланысты құрылған бұрынғы еңбекшілер депутаттары ауылкеңесінің аумағын толық қамтиды. Ұлытау а-нан 90 км қашықта орналасқан. Жалпы жер көл. – 134463 га, оның ішінде егістік – 17095 га, шабындық – 1569 га, жайылымдық – 8096 га. Халқы – 0,318 мың адам (2015). Орта мектеп, отбасылық амбулатория, балабақша, клуб, кітапхана, почта бөлімшесі жұмыс істейді. Шаруа қожалықтарының негізгі жұмыс бағыттары – құнарлылығы жоғары сапалы бидай өсіру. Бидай өнімін Жезқ-дағы астық өнімдері кәсіпорнына сатады.

Едіге тауы – Ұлытау тау жүйесіндегі екінші биік тау. Ұлытау а-ның оңт.-батысында 4 км жерде. Көне палеозой жыныстарынан түзілген. Биікт. – 1060 м. Тау беткері, аңғарлар және өзен бойында қайың орманы, тобылғы, арша, жуа өседі. Тау етегіндегі құнарлы қара, қоңыр топырақ биіктеген сайын сусымалы қорым тастарға айналады. Тауда түлкі, қоян, қасқыр, сарышұнақ, зорман, сайрауық құстар мен бүркіт тіршілік етеді. Таудың басында Тоқтамыс хан мен Едіге би жерленген. Таудан Айбас және Қаратал өз. бастау алады.

М. Сейтжанов

Едіге тауындағы тас мүсіндер – Ұлытау төңірегіндегі тарихи екі дәуірді қамтитын тас мүсіндер тобы Едіге тауының етегіндегі Қорғантас а-нан оңт-ке қарай 5 км жерде орналасқан. 1946-1960 жж. ОҚАЭ зерттеген. Мұндағы 12 құрылыстық қоршаулар мен обалар солт-тен оңт-ке қарай тізбектеле салынған. Түрік қағанаты заманының (VI-VII ғғ.) ескерткіштері әдеттегідей қырынан қойылған үлкен тақташалардан төртбұрыш немесе шаршы түрінде жасалған. Бұлардың кішілерінің аум. – 1,8х2 м, үлкендері – 5,9х6 м-дей. Бетімен күншығысқа қараған тас мүсіндер қоршаулардың шығыс іргесінде тұр. Одан әрі балбалдар тізбегі жалғасады. Ең кіші тізбектің ұз. – 5 м, ең үлкені 250 м-ге жетеді. Қыпшақ кезеңіне жататын ескерткіштер (VIII-XIII ғғ.) қоршау емес, тастан үйілген обалар түрінде қаланған және бұлардың балбалдар тізбегі жоқ. Мүсіндер қиратылып, бүлінген. 2 мүсін жақсырақ сақталаған. Биікт. – 180 см, ені – 28 см, қалыңд. – 22 см. Мүсінде ұзын мұртты, үлкен дөңгелек көзді, орта жастағы ер адамның бейнесі айқын бедерленген. Биікт. – 140 см, ені 32 см. 5 мүсін қыпшақ заманына жатады. Адам бейнесінің толық түсірілмегені байқалады. Тас мүсін орнату дәстүрінің қыпшақ кезеңіне қарай әлсіреуі сол кездегі қоғам дамуына, ең алдымен ислам дінінің нығаюына байланысты болған.

Әдеб.: ҚҰЭ. *М. Сейтжанов*

Еділ қаған (Атилла) (400-453) – Батыс ғұн (құн) тайпалар одағының аты аңызға айналған көсемі. III-IV ғғ. орын алған Ұлы көшінен кейін, Моңғолиядан келген құн тайпалары Рейннен Қара теңіздің солт-не дейін өз билігін жүргізген.

Е.қ. – адамзат тарихында өзіндік орны бар тарихи тұлға. Ол билеген тұсында Құн империясы саяси биігіне көтерілді. Шығыста Кавказға, батыста Рейнге, терістікте Даниялық аралдарға, күнгейінде Дунай өз. (оң жағалауын қоса) дейінгі жерлер құндерге бағынған. 444 ж. бастап қайтыс болған күніне дейін Е.қ. Құн мемлекетін басқарған. Ол туралы ең көп мәлімет қалдырған – римдік тарихшы әрі дипломат Приск Паний. Е.қ. кезінде құндер сақ тайпаларын батысқа ығыстырып, жаңа герман (жермаң) мемлекеттерінің пайда болуына септігін тигізді.

М. Сейтжанов

Еламанұлы Серәлі (1809, Ұлытау – 1902, сонда) – XIX ғ. қазақ сәулетшілерінің бірі. Е. қазақ сахарасында күй-

дірілген кірпіштен тұрғызылған құрылыстардың алуан түрін (тұрғын үй, мешіт, медресе, күмбез, кешен, т.б.) жасады. Ол салған құрылыстар Ұлытау төңірегінде, Торғай, Тамды, Терісаққан, Кеңгір өз. бойында жиі кездеседі. Мысалы, Кеңгір мен Сарысу өз. сағасындағы Жандаулеттің қызыл үйін айтуға болады. Ұлытау іргесімен ағатын Жанғабыл өз. бойындағы Төртқараның және Дүзеннің күмбезі осы шебердің қолымен тұрғызылған.

Елемесов Сұлтан (1924, Ақмола обл., Атбасар уезі, Майтөбе а. – 2012, Қарағанды обл., Жезк. қ.) – Ұлытау өңірінің құрметті металлургі. Еңбек жолын (1952) Қарсақбай мыс қорыту заводы теміржолында машинист болып бастап, балқытушы, аға конверторшы болып еңбек етті. 1969 ж. бастап Жезқ. мыс қорыту заводында аға конверторшы болып ұзақ жыл істеген. Осы зауытта 1973 ж. 23 ақпанда ең алғашқы катод мыс балқымасын алуға қатысқандардың бірі. Бұл ел көлеміндегі үлкен оқиға болған. Еңбек Қызыл Ту орденімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Елеуов Әліпбек (1914, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы, Ұлытау а. – 1947, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) 1935 ж. мұғалімдер даярлайтын техникумды бітірген соң мектепте ұстаздық етті. 1932 ж. комсомол. 1940 ж. партия мүшесі болған. 1942-1943 жж. ҰОС-на қатысып, неміс басқыншыларына қарсы шайқаста ерлік көрсеткен. Ержүрек сарбаз «Жауынгерлік қызметі үшін» медалімен марапатталған. Жарақат алып соғыстан оралғаннан кейін, денсаулығының нашарлығына қарамастан, бірден қызметке араласты. ҚК(б)П аукомы соғыс бөлімінің меңгерушісі болып 1944 ж. дейін қызмет істеді. 1944 ж. ҚКП ОК жанындағы партияның жауапты қызметкерлерін дайындайтын саяси мектебін бітірген. 1945 ж. ауд. білім бөлімінің меңгерушісі. Сонымен қатар, Е. ауданда қоғамдық жұмысқа белсене араласқан, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен. Бастауыш партия ұйымының хатшысы, ҚК(б)П аукомының штаттан тыс насихатшысы болған.

Елеусізов Қарабай (1908 – е.ж.б.) 1916-1927 жж. жекеменшік шаруашылықтарда жалдамалы жұмысшы болған. 1927-1936 жж. батрак комитетінің өкілі, жұмысшылар фак. (Орынбор) тыңдаушысы. Қазақ теміржол құрылысына жұмыскерлер тартушы міндетін атқарған. 1936 ж. партия жұмысына шақырылады. 1936-1939 жж. №1 көмір шахтасы паркомының хатшысы, Қарағанды қ-ғы Киров аупарткомының бірінші хатшысы, Қарағанды қ. партия комитетінің үшінші хатшысы. 1940 ж. партия ұйымдастырушыларының курсын (Мәскеу) бітірді. Сол жылы Қарағанды қ-ғы Ленин аупарткомының бірінші хатшысы болып сайланған. 1942-1949 жж. Ұлытау аупарткомының екінші, кейін бірінші хатшысы болып істеген. 1949 ж. Қоңырат аупарткомының бірінші хатшылығына сайланды. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Елубай кесенесі – XIX ғ. жататын сәулет ескерткіші. Малшыбай а-нан солт-ке қарай 37 км жерде орналасқан. 1982 ж. Жезк. обл. тарихи-өлкетану мұражай қызметкерлері зерттеген. Кесене біраз бұзылуға ұшыраған. Кесененің ең сақталған ғимараты – Елубай мазары. Одан басқа бұзылған тас сағанатамдар, мола үйінділер, шикі мазар қалдықтары бар. Кесене биік жерде орналасқан. Аум. – 1450 м^2.

Емшектау – Ұлытау селосының батыс жағындағы тау сілемдерін бастап жатқан тау. Таудың қазақ халқының тарихына қатысты символдық мәні зор. Алтай – түріктің бесігі болса, Ұлытау – қазақтың бесігі. Олай болса, Е. – қазақтың анасының анары ретінде сипатталады. Е-дан ағатын судың тазалығы, шипалылығы соған дәлел.

Еңсебаев Көбейсін (1942) – ақын, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Қа-

зақстан Журналистер одағы сыйл. лауреаты. ҚазМУ-дің журналистика фак-ін (1968), Алматы Жоғары партия мектебін (1981) бітірген. 1961-1968 жж. Жезді ауд. «Октябрь туы» газетінде корректор, әдеби қызметкер, жауапты хатшы болды. Қарағанды обл. «Орталық Қазақстан» газетінің Жезқазған қ. мен Жезді ауд. бойынша меншікті тілшісі. Ұлытау ауд. қайта ашылғанда ауд. «Ұлытау өңірі» газетінің редакторы болып тағайындалды. Кейін облтелерадиокомитеттің бас редакторы, обл. «Жезқазған туы» («Сарыарқа») газеті редакторының орынбасары болды. Е. қаламынан «Сырымды айтсам» (1995), «Жезбұлақ» (2011) очерктер жинағы, т.б. кітаптар жарық көрген. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Ерғалиев Әбдеш (1912, Ақмола обл., Атбасар уезі, Терісаққан а. – 1993) – техн. ғыл. докт. (1967), проф. (1971). Қазақ кен-металлургия инст-ын бітірген (1942). II дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1942-1947 жж. ҚКП ОК нұсқаушысы. 1950-1963 жж. Алтай кен-металлургия инст-ның директоры. 1963-1965 жж. ҚазКСР ҒА Өндіргіш күштерді зерттеу жөніндегі кеңесінің төрағасы. 1965-1993 жж. ҚазКСР ҒА Кен ісі инст-ты директорының орынбасары, лаборатория меңгерушісі, жетекші ғыл. қызметкер. Негізгі ғыл. еңбектері пайдалы жер асты байлықтарын алудың жаңа тәсілдеріне, жүйелеріне, теориясы мен практикасына, сондай-ақ жер қойнауы байлықтарын тиімді пайдалану мәселелеріне арналған. 11 авторлық куәлік иесі. ҚКП V, VII, IX съездерінің делегаты. IV сайланған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. I дәрежелі «Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Ерден кесенесі – XIX ғ. 60-жж. күйдірілген кірпіштен салынған күмбез. Ұлытау а-нан 30 км шығысқа қарай орналасқан. Ерден Сандыбайұлына арнап салынған. Кесенені 1983 ж. ОҚАЭ зерттеген. Кесененің беткі жабындысы күйдірілген кірпіштен қаланған. Кесене сегіз қырлы, күмбезді, шикі кірпіштен қаланып, іші-сырты күйдірілген кірпіштен өрілген. Әрбір қыры – 2,5 м, биікт. 4,20 м кесене қабырғасының сыртқа шығып тұрған төм. белігі – 45 см. XX ғ. 30-жж. кейін кесененің кірпіші мүжіліп, күмбезі бұзылып біткен. 1999 ж. қыркүйек айында Ұлытау ауд-ның және Жезқ., Сәтбаев қ. тұрғындарының күшімен кесене толық қалпына келтірілген.

Ерден Сандыбайұлы (1808, Ұлытау, Қаракеңгір өз. бойы – 1863 ж., сонда) – бағаналының батыры, би, аға сұлтан. Шешендігімен, ерлігімен ел арасында беделі өскен тарихи тұлға. 1832 ж. Қоқан-Жырық-Байназар болысының басқарушысы болып сайланған. 1846 ж. Ресей патшасының жарлығымен хорунжий шенін алған. 1855 ж. наурызда II Александрдың таққа отыру рәсіміне делегат болып, аға сұлтандар, күйші Тәттімбет, т.б. бірге Петербургке барған. 1859 ж. Ресей отрядының қоқандарға қарсы жорығына қатысып, оларды Шу-Түркістан аймағынан қуып шығады. 1862 ж. Ш. Уәлиханов екеуі Атбасар дуаны бойынша аға сұлтандыққа дауысқа түскен. Бірақ Ш. Уәлиханов денсаулығына байланысты бұл қызметтен өз еркімен бас тартып, Е. генерал-губернатордың жарлығымен Атбасар дуанының аға сұлтаны қызметіне бекітілген. Ресей патшалық әкімшілігінің өкілі болғанымен, Е. өз елінің мүддесін қорғаған. Патшаның жергілікті шенеуніктері оның сөзі мен ісіне аса сеніммен қарамаған. Дүние салғаннан кейін ел-жұрт оны құрметтеп, басына сәулетті кесене орнатқан. Сәтбаев қ-ғы көшеге Е. есімі берілген

М. Сейтжанов

Ерденов Тай (1935, ОҚО., Қарсақбай ауд. Терісаққан ауылкеңесі, Қоскөл а. – 2017, Қарағанды обл., Сәтбаев қ.) 1955 ж. Жезді кен басқармасына тау-

кен жұмысшысы болып қабылданды. Шахтада крепильщик, проходкашы, кентас тасушы, электровоз машинисі болды. Кен басқармасының құрылыс бөлімінде автокөлікпен жүк тасымалын басқарды. 1963 ж. жаңадан ұйымдастырылған ауд. «Сельхозтехника» бірлестігіне жұмысқа шақырылды. Қарапайым жұмысшыдан «Сельхозтехника» бірлестігі Жезді ауд. бөлімшесінің басқарушысы қызметіне дейін өсті. 1979 ж. «Сельхозтехника» бірлестігінің Ұлытау ауд. бөлімшесінің басқарушысы болып тағайындалды. 80-жж. ауд-ның жолды пайдалану қызметіне жетекшілік етті. 1995 ж. Терісаққан ауылд. округінің әкімі болып тағайындалып, бұл міндетті зейнетке шыққанша абыройлы атқарды. Е. қарапайым жұмысшы бола жүріп, техника тілін, а.ш. техникасын пайдаланудың технологиясын, өндірісті пайдамен жүргізудің экономикалық тетіктерін жақсы меңгергенін іс үстінде көрсетті.

Ерзақов Қадірбек (1928, ОҚО. Қарсақбай ауд., 1 Май ауылкеңесі – 1984, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.)

1942 ж. 14 жасар жасөспірім ұжымшарға есепші болып қабылданып, бұл қызметте 1954 ж. дейін істеді. Қапланбек а.ш. мектебін (1960) бітірген. 1954 ж. Ұлытау аупарткомының МТС бойынша нұсқаушысы. КОКП ОК мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1955 ж. 25 наурыздағы Қаулысына сәйкес, отызмыңдықтар қатарында Сталин ат. ұжымшардың басқарма төрағалығына жіберіледі. 1957 ж. «Сарыкеңгір» кеңшарының директоры, 1960 ж. «Шеңбер», кейін «Қаракеңгір» кеңшарының партком хатшысы. 1964-1973 жж. «Байқоңыр», «Сарыкеңгір» кеңшарларының директоры. А.ш. өндірісін жетік білетін, кісілермен тез тіл табатын, іскер, көп алдында беделді тұлға болды. Екі рет «Құрмет белгісі» орденімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «Тың игергені үшін», «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», т.б. медальдармен марапатталған.

Ермағанбетов Толқынбек (1951, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі, Сарлық а. – 1984) әскер сапында борышын өтеп келгеннен кейін Аманкелді ат. кеңшарда механизатор болып істеді. Өмірінің соңғы жылдары №1 ферманың шөпшілер бригадасының бригадирі болды. 1984 ж. жазында Көкалажар жазығында өрт шығып, жиналған маялар мен көпенелердің жалынға оралу қаупі төнді. Е. дереу өртпен айқасқа шықты, денесінің біразын күйік шалғанына қарамастан өрттің бетін қайтарды. Өзі ауылдағы халық театрының әуесқой артисі, әншісі болатын. Соңғы демі таусылғанша ауруханада ән салып, өміртмен қоштасқан жігіттің аты ауылдастары аузында аңыз болып қалды. Ақын М. Машайықов Е. рухына «Аяқталмаған ән» жырын арнады. Өрт сөндіру кезіндегі ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен «Құрмет белгісі» орденімен (1984) марапатталды.

Ермағанбетова Шекер (1903, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы, Ақтұма а. – 1986, Алматы қ.) – партия-кеңес қызметкері. 1919 ж. мешін жұтынан малсыз қалған анасы бала-шағасымен Сырдария бойына көшіп, Қармақшыға барып орныгады. Қазақстан өлкелік әйелдер курсын (1930), кеңес-партия мектебін (1932, Қызылорда),

Жоғары Коммунистік мектебін (1935, Ақмола, Шымкент) бітірді. 1922-1935 жж. қазіргі Қармақшы ауд. аумағында шаруа, ұжымшар мүшесі, мал шаруашылығы

шикізатын дайындау мекемесінде қызметкер, Нұра ауаткомының нұсқаушысы әрі Нұра ауд. балалар үйінің директоры. 1935-1938 жж. ОҚО парткомы әйелдер бөлімінің меңгерушісі, Қазалы ауаткомының төрағасы, Жаңақорған аупарткомының бірінші хатшысы. 1938-1955 жж. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасы Төрағасының орынбасары, 1955-1959 жж. осында марапаттау жөніндегі бөлім меңгерушісі болды. 1943 ж. Қазақстан еңбекшілері делегациясын басқарып, II Украина майданына барған. ҚКП IV-VIII съездерінде ОК мүшелігіне кандидат болып сайланған. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі I-IV шақырылымдарының депутаты, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Ә. Муканов

Ерманова (Жаппасбаева) Бақытжамал (26.09.1949, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) Ұлытау орта мектебін үздік тәмамдаған. Абай ат. мемл. пед. инст-ын қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша бітірген. Жас кезінен өнерге бейім болған. Аманкелді ат. кеңшардың Мәдениет үйі жанындағы халық театрының жұмысына белсене қатысты. Ауыл өнерпаздары «Еңлік – Кебек», «Қамар сұлу», «Ажар мен ажал», «Беу, қыздар-ай!» пьесаларын сахналағанда, Е-ға басты рольдерді ойнау тапсырылды. Қамарды ойнаған Е. өнеріне, шеберлігіне және талантына Алматы, Қарағанды, Жезқ. көрермендері тәнті болған. 1971 ж. Жезқ. телестудиясына диктор болып қабылданған өнерпаз хабарды еркін жүргізіп, телекөрермендердің көзайымына айналды. 1980 ж. Алматыға келген Е. конкурстан сүрінбей өтіп, респ. Қазақ телевидениесіне диктор болу мәртебесін иеленді. Бүкіл саналы ғұмыры көгілдір экранда, халқының көз алдында өтті. Е. хабарды шебер жүргізумен, телекөрерменмен байланысты үзбей, қарым-қатынаста болуымен, артистік өнерімен, жүрекке жылы тиетін тек өзіне тән жағымды даусымен ерекшеленді. ҚР Журналистер одағының Т. Жанұзақов ат. сыйл. иегері.

«Ер Тоқымбет» – жыр. Жыр оқиғасы кедей жігіт Тоқымбеттің махаббат жолындағы ерлік күресін баяндауға құрылған. Сүйген қызымен қосылуды қалаған бас кейіпкер – ер рухты, жігерлі, қиыншылыққа төзе білген қайсар мінезді батыр, мерген, әнші, сері. Осы қасиеттері оны өз мақсатына жеткізеді.

Жырдың бес нұсқасы бар. Адам аттарындағы өзгешелік болмаса, мазмұндары бірдей. Торғайлық халық ақыны Файзолла Сатыбалдыұлы ел аузынан естіп жазған «Тоқымбет» атты поэмада Тоқымбеттің Гүләйім деген бай қызына ғашық болып, өмірде болған адам – аға сұлтан Ерден батыр олардың отау тігуіне қол ұшын беруі көркем суреттеледі. Файзолла ақынның осы поэмасының Жақып Ыбыраев ел аузынан жинаған нұсқасы толық та, Рақа Шәріпұлы жинаған нұсқасы толық емес. Екеуі де 11 буынды қара өлеңмен жазылған. Осы жырдың қарағандылық Асылбек Ахметов қара сөзбен баяндаған нұсқасы екі бөлімнен тұрады: 1-бөлімде Тоқымбеттің нағашысы Сүлеймен оқиғасы баяндалса, 2-бөлім бас кейіпкердің әңгімесі арқылы өрбиді. Халық ақыны Б. Қожабаев жырлаған осы дастанның 5-нұсқасы да толық. Жырдың барлық нұсқасы Алматы қ. Орт. ғыл. кітапхана мен Әдебиет және өнер инст-ның қолжазбалар қорында сақтаулы.

Есенбайұлы Құдайменде (1802, Ұлытау өңірі, Сарыкеңгір өз. бойы – 1887) – би. Өзінің әділетті және тура шешімі арқасында аты Арқаға, Торғай өңіріне, Қаратау-Шу аймағына мәлім болған. Керей Арықбай би: «Сөзге жүйрік, елге қазықтай болған, сусындаса суат, дауда жорғадай жосылған Құдайменде бидей би бар ма екен?» – деген. Е. Орынбор және Сібір қазақтарының Сарыторғай жайлауында 1864 ж. 25 маусымда өткен съезіне қатысып, екі ведом-

ство қазақтарының жер дауының дұрыс шешілуіне ықпалы тиген. Кесенесі қызыл кірпіштен салынған, Бетбұлақ а-нан 14 км жерде. Кесенені салған – Төлебай ұста.

Есенберлин Ілияс (10.01.1915, Ақмола обл., Атбасар қ. – 1983, Алматы қ.) – жазушы. 1940 ж. Қазақ тау-кен инст-ын бітіріп, Жезқ. кеніштерінде инженер болып еңбек жолын бастаған. ҰОС-на қатысқан. 1942-1947 жж. ҚКП ОК нұсқаушысы, 1951 ж. Қазақ мемл. филармониясының директоры, 1953-1954 жж. Геология министрлігінде аға инспектор, 1955-1957 жж. Қазақ мемл. көркем әдебиет баспасының аға редакторы, 1958-1967 жж. «Қазақфильм» киностудиясының аға редакторы, сценарий редколлегиясының мүшесі, 1967-1971 жж. «Жазушы» баспасының директоры, 1971-1975 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 2-хатшысы болып қызмет атқарады.

«Алмас қылыш» (1971), «Алтын құс» (1972), «Жанталас» (1973), «Көлеңкеңмен қорғай жүр» (1974) романдары, «Көшпенділер» трилогиясы (1976), «Алтын Орда» трилогиясы (1982-1983), «Махаббат мейрамы», «Алыстағы аралдар» (1983), «Аққу құстың қуанышы» (1984) романдары бар. Шығармаларының 10 томдық жинағы (1984-1990) шыққан. Біраз оқиғалар қазақ ұлтының ұясы, ел бірлігінің ұйытқысы Ұлы даланың Ұлытауында өрбиді. «Көшпенділер» трилогиясының кейіпкерлері – тарихи тұлғалар, Шыңғыс хан дәуірінен басталып, Кенесарымен аяқталатын қазақ мемлекетінің бастау кезі мен қиын-қыстаулы тағдыр-талайының басында тұрған хандар тізбегі, ел мұңы мен арман-тілегінің хабаршысы ақын-жыраулар, отанын қорғай білген арыстан жүрек, атанжілік батырлар. Е. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Есенғабыл, Есенбек (шамамен XIX ғ.ө.с.) – бағаналы найманның атақты батырлары. Бізге жеткен ел аузындағы деректер қос батырды елін қорғаған жаужүрек біртуар тұлғалар ретінде дәріптейді. Әкесі – бағаналы Сарғалдақ батырдан тарайтын Шағатай бұтағынан туған Қырқы есімді қарапайым кісі. Нағашысы – балталыдан шыққан есімі елге белгілі Қашқын батыр. Осы батыр қызын Қырқыға ұзатарда: «Қызым тек батыр туатын жаратылысты еді, тағдыр мына бір жаутікке бұйыртты-ау!» – дегенін құлағы шалып қалған Қырқы Есенғабыл он беске, Есенбегі он үшке келгенде жасы жүзге жетіп отырған атасына екі баласын (жиендерін) көрсете сәлем бергізуге келіп: «Бұдан артық маған Әзіретәлі тудыр деймісіз?» – деген екен. Сонда қасы көзін жапқан Қашқын батыр көзін ашып, екі жиеніне тіке қарап: «Жүректерінің түгі сыртына шығып, азуларын айға біліп тұр екен. Жаны халқының үстінде шыққан ер болсын!» – деп батасын беріпті.

Есенов Бодық (1902, Ақмола обл., Атбасар уезі, Құмола а. – 1960) – соғыс ардагері. Еңбек жолын 1913 ж. Қарсақбай мыс қорыту заводының атқорасында бақташы болып бастады. 1929 ж. теміржол жұмыскері, от жағушы, ауысым шебері, Қарсақбай теміржолы депосының бастығы. 1937 ж. Қарсақбай теміржол партбюросының хатшылығына сайланған. 1938 ж. мамырынан 1941 ж. қарашасына дейін еңбекшілер депутаттары Жезқ. ауаткомының төрағасы болды. 1942 ж. әскер қатарына шақырылды. II дәрежелі «Отан соғысы» (1945) және Қызыл Жұлдыз (1945) ордендерімен марапатталған. Соғыс біткесін екі жыл Берлин қ-сын қалпына келтіру жұмыстарына қатысқан.

Есенов Шаһмардан (05.08.1927, Қызылорда обл., Шиелі ауд., Тартоғай а. – 24.08.1994, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1968), проф. (1969), Қазақстан ҒА акад. (1967). Қазақ тау-кен металлургия (қазіргі Қазақ ұлттық тех. универс-ті)

инст-ын бітірген (1949). Жезқ. геол.-барлау экспедициясында геолог, аға геолог, бас геолог, бас инж. (1949-1960). Қазақстан Геол. министрінің орынбасары (1960), Қазақстан Геол. министрі (1961-1965 және 1974-1978), Қазақстан Мин. Кеңесі Төрағасының орынбасары (1965-1967), Қазақстан ҒА президенті әрі Геол. ғыл. инст-ның директоры (1967-1974) қызметтерін атқарған. 1978 ж. өмірінің соңына дейін Қазақ политех. инст-да (қазіргі Қазақ ұлттық тех. универс-ті) кафедра меңгерушісі болды.

Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстанның геологиясына, металлогениясына, кен байлықтарын іздеу мен барлау әдістерін жетілдіруге арналған. Е. 1952-1967 жж. Үлкен Жезқазған кен өнеркәсібінің шикізат базасын нығайту мақсатында жүргізілген ауқымды металлогениялық болжау және геол. барлау жұмыстарына тікелей ғыл. жетекшілік жүргізіп, бұл аудандағы мыстың барланған қорын бірнеше есе көбейтті. Полиметалл, марганец, темір, барит, т.б. стратегиялық маңызы бар шикізаттардың, құрылыс материалдары кен орындарының жаңа көздерін іздеу және барлау ісінің тиімді әдістерін ұсынып, өндіріске енгізді. Е-тің тікелей басшылығымен Оңт. Маңғыстау өңіріндегі аса ірі Жетібай, Өзен мұнай кендері қысқа мерзімде барланып, іске қосылды. 200-ден астам ғыл.-зерттеу еңбектің авторы. Лениндік (1966), ҚазКСР Мемл. (1972) және Қазақстан ҒА Ш. Уәлиханов ат. сыйл. (1971) лауреаты. 2 рет Ленин орденімен және медальдармен марапатталған

Есқұла су құбыры – Сәтбаев қ-ның тұрғындары мен кәсіпорындарын жер асты суымен қамтамасыз ететін құбырлар жүйесі. Жер асты артезиан суын жер бетіне шығарып, тасымалдайтын су құбырлары үш жерде шоғырланған. Есқұла-1 су құбыры Жезді кентінен солт.-батысқа қарай 13 км; Есқұла-2 су құбыры Жездіден оңт.-шығысқа қарай 14 км; Есқұла-3 су құбыры Жездіден солт.-шығысқа қарай 30 км жерде орналасқан.

М. Сейтжанов

Есмағанбетов Оразбек (1889, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 1947) – зергер, ұста. Зергерлік, ұсталық өнер ата-бабасынан дарыған. Алтын-күмістен сақина, шолпы, алқа, сырға, жүзік, білезік соғып, ат әбзелдерін жасаған. Зергерлік бұйымдарын бағалы тастармен безендірген. Өмірінің соңына дейін ұжымшар ұстаханасында еңбек еткен.

Есмұқанов Ахмедия (1953, Қарағанды обл., Жезк. ауд., Қарсақбай кенті) – әнші, сазгер, ақын, ҚР еңб. сің. қайраткер. Вокалды-аспапты «Қаракөз» ансамблін құрушылардың бірі. ҚР Президент оркестрінің концермейстрі. 200-ге жуық әннің авторы. Олардың қатарында «Тамшылар», «Есіл ағады», «Бір тамшы жас», «Алаугүл», «Махаббат сәулесі» («Свет любви»), т.б. танымал әндер бар. Әндерін ҚР халық әртістері Р. Рымбаева, М. Жүнісова, әншілер Қ. Болманов, Қ. Әбілдина, «МузАРТ» тобы, т.б. орындап жүр.

Есімсейітов Көшербай (1929, ОҚО, Қарсақбай ауд., Қаракеңгір өз. бойы) еңбек жолын 12 жасында «1 Май» ұжымшарында жұмыскерліктен бастаған. 1957 ж. бастап зейнеткерлікке шыққанша «Қаракеңгір» кеңшарында аға шопан болып еңбек етті. Қойды өз төлі есебінен өсіріп, өнімділігін арттыруда жоғары көрсеткіштерге жетіп жүрді. Мал шаруашылығының бірінші сыныпты шебері. ҚазКСР таңдаулы шопаны. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Есімбаев Мұса (1910, Ақмола обл., Атбасар уезі, Терісаққан болысы – 2002) Қарсақбай мыс комбинатының нан заводында нан пісіруші болған. 1942 ж. 5 мамырда Жезқ. ауд. әскери комисса-

инст-ын бітірген (1949). Жезқ. геол.-барлау экспедициясында геолог, аға геолог, бас геолог, бас инж. (1949-1960), Қазақстан Геол. министрінің орынбасары (1960), Қазақстан Геол. министрі (1961-1965 және 1974-1978), Қазақстан Мин. Кеңесі Төрағасының орынбасары (1965-1967), Қазақстан ҒА президенті әрі Геол. ғыл. инст-ның директоры (1967-1974) қызметтерін атқарған. 1978 ж. өмірінің соңына дейін Қазақ политех. инст-да (қазіргі Қазақ ұлттық тех. универс-ті) кафедра меңгерушісі болды.

Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстанның геологиясына, металлогениясына, кен байлықтарын іздеу мен барлау әдістерін жетілдіруге арналған. Е. 1952-1967 жж. Үлкен Жезқазған кен өнеркәсібінің шикізат базасын нығайту мақсатында жүргізілген ауқымды металлогениялық болжау және геол. барлау жұмыстарына тікелей ғыл. жетекшілік жүргізіп, бұл аудандағы мыстың барланған қорын бірнеше есе көбейтті. Полиметалл, марганец, темір, барит, т.б. стратегиялық маңызы бар шикізаттардың, құрылыс материалдары кен орындарының жаңа көздерін іздеу және барлау ісінің тиімді әдістерін ұсынып, өндіріске енгізді. Е-тің тікелей басшылығымен Оңт. Маңғыстау өңіріндегі аса ірі Жетібай, Өзен мұнай кендері қысқа мерзімде барланып, іске қосылды. 200-ден астам ғыл.-зерттеу еңбектің авторы. Лениндік (1966), ҚазКСР Мемл. (1972) және Қазақстан ҒА Ш. Уәлиханов ат. сыйл. (1971) лауреаты. 2 рет Ленин орденімен және медальдармен марапатталған.

Есқұла су құбыры – Сәтбаев қ-ның тұрғындары мен кәсіпорындарын жер асты суымен қамтамасыз ететін құбырлар жүйесі. Жер асты артезиан суын жер бетіне шығарып, тасымалдайтын су құбырлары үш жерде шоғырланған. Есқұла-1 су құбыры Жезді кентінен солт.-батысқа қарай 13 км; Есқұла-2 су құбыры Жездіден оңт.-шығысқа қарай 14 км; Есқұла-3 су құбыры Жездіден солт.-шығысқа қарай 30 км жерде орналасқан.

М. Сейтжанов

Есмағанбетов Оразбек (1889, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 1947) – зергер, ұста. Зергерлік, ұсталық өнер ата-бабасынан дарыған. Алтын-күмістен сақина, шолпы, алқа, сырға, жүзік, білезік соғып, ат әбзелдерін жасаған. Зергерлік бұйымдарын бағалы тастармен безендірген. Өмірінің соңына дейін ұжымшар устаханасында еңбек еткен.

Есмұқанов Ахмедия (1953, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті) – әнші, сазгер, ақын, ҚР еңб. сің. қайраткер. Вокалды-аспапты «Қаракөз» ансамблін құрушылардың бірі. ҚР Президент оркестрінің концермейстрі. 200-ге жуық әннің авторы. Олардың қатарында «Тамшылар», «Есіп ағады», «Бір тамшы жас», «Алаугүл», «Махаббат сәулесі» («Свет любви»), т.б. танымал әндер бар. Әндерін ҚР халық әртістері Р. Рымбаева, М. Жүнісова, әншілер Қ. Болманов, Қ. Әбілдина, «МузАРТ» тобы, т.б. орындап жүр.

Есімсейітов Көшербай (1929, ОҚО, Қарсақбай ауд., Қаракеңгір өз. бойы) еңбек жолын 12 жасында «1 Май» ұжымшарында жұмыскерліктен бастаған. 1957 ж. бастап зейнеткерлікке шыққанша «Қаракеңгір» кеңшарында аға шопан болып еңбек етті. Қойды өз төлі есебінен өсіріп, өнімділігін арттыруда жоғары көрсеткіштерге жетіп жүрді. Мал шаруашылығының бірінші сыныпты шебері. ҚазКСР таңдаулы шопаны. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Есімбаев Мұса (1910, Ақмола обл., Атбасар уезі, Терісаққан болысы – 2002) Қарсақбай мыс комбинатының нан заводында нан пісіруші болған. 1942 ж. 5 мамырда Жезқ. ауд. әскери комисса-

риаты 32 жастағы Е-ты әскер қатарына шақырған. 1942-1945 жж. талай айқасты, небір қанқасап соғысты басынан кешірген. 1945 ж. 24 ақпанда II топтағы мүгедек болып оралған. Айқас даласындағы жанқиярлығы, батырлығы үшін II, III дәрежелі «Даңқ» орденімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және басқа медальдармен марапатталған. Бейбіт еңбекте де соц. жарыстың талай рет жеңімпазы болған.

Есім хан (1598-1628 жж. билік құрған) – Шығай ханның баласы, Түркістан қ-да хан ордасында өскен. 1598 ж. тамызда Тәуекел ханның Бұхар хандығына жасаған жорығына қатысқан. Бірақ Тәуекел өлгеннен кейін Е. хан тағына отырған соң Бұхарамен бітім-шартын жасасып, Орта Азия қалаларымен бейбіт экономикалық байланыс орнатуға ұмтылды. Қазақ хандығын бір орт-ка бағынған мемлекет етіп құруды көздеді. «Есім ханның ескі жолы» деп аталған заңды құрастырды. Е.х-ның қазақтарды бір орт-қа бағындыру саясатына қарсы болған сұлтандар Қазақ хандығын бөлшектеуге тырысты. Ташкент қ. Қазақ хандығына қараған соң оны басқарған Жәнібек ханның немересі Тұрсын Мұхаммед сұлтан 1613-1614 жж. Есімді мойындамай, өзін хан жариялады. Е.х. мен Тұрсын хан арасында күрес шиеленісе берді. Тарихта «Тұрсын ханның бүлігі» деген оқиға орын алды. 1627 ж. Е.х. Тұрсын ханды өлтіріп, қатаған руын жазалап, қазақ хандығын өз қол астына біріктірді. Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің алдына жерленген.

М. Сейтжанов

Ешкіөлмес асбест кені – Жезқазған-Ұлытау өңіріндегі серпентинит массивінде орналасқан. Девон, тас көмір шөгінді тау жыныстарының ішінен сына тәрізді жазықтықтан көтеріліп шыққан палеозой дәуіріне дейінгі жыныстардың горст блогын құрайды. Кен орнының ұз. – 12 км, ені оңт-де – 0,5 км, солт-де – 2,5 км. Ешкіөлмес серпентинит массивінен асбестің тереңге тігінен құлайтын 3 кен аймағы табылды (батыс, шығыс белдемдері, №3 кентас денесі). Әрбір белдем буылтық келген бірнеше күрделі кентас денесінен тұрады. Олардың ұз. – 4-5 км, ал барланған тереңд. – 450 м. Е.а.к-нің барланған қоры – 5 млн. т, болжамды қоры – 8-10 млн. т. Хризотил-асбест талшықтарының асбоцемент, фрикцион бұйымдарын өндіруге жарамды екені анықталды.

Ештанаев Ғазиз Елеусізбайұлы (1958) – фил. ғыл. канд. (1998), доцент (2005), ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі (1992), Жезқ. қ. әкімінің «Жыл ақыны – 2000» атағының және ЖезУ «Алтын белгісінің» иегері (2002). Е. Бөкетов ат. ҚарМУ-дің филология фак-ін (1982) бітірген. 1982-1996 жж. Шет орта мектебінде мұғалім, тәрбие жұмысын ұйымдастырушы (1982-1988), Үңірек ауылкеңес төрағасының орынбасары, Жезқ. обл. «Жезқазған туы» (қазіргі «Сарыарқа») газетінде тілші, ЖезПИ-де қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушысы (1996-2007), Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, «Ұлытау» ғыл. орт-ның директоры, проректор. Екі оқу-әдістемелік құралының, 20-ға жуық ғыл. мақаланың, «Жыр-шуақ» (1996), «Дүние-дүрмек», т.б. жыр кітаптарының авторы. Қ. Сәтбаевтың (1999), С. Мұқановтың 100 жылдығына арналған респ. мүшәйралардың жүлдегері. Шығыс Қазақстанда өткен Кеті бұқаға арналған респ. мүшәйрада бас бәйгені (2015) жеңіп алды.

Жабагин Дүйсенбек (1890, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы, Кішітау баурайы – ө.ж.б.) – шопан. 1927-1957 жж. «Қазақстан», кейін ірілендірілген Аманкелді ат. ұжымшарда. 1957 ж. Аманкелді ат. кеңшарда аға шопан болып еңбек еткен. Жыл сайын әр жүз саулыққа 105 қозы өртіп, оны аман сақтап, етке тапсырылатын бойдақтың жоғары қондылығы мен салмағын қамтамасыз еткен. ҚазКСР соц. мал шаруашылығына еңб. сің. шебері (1957). «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Жабайы шошқа (қабан, доңыз, лат. Sus scrofa) – сүтқоректілер класының жұптұяқтылар отрядына жататын жануар. Ұлытау аймағында қамыс-құрақты қопалар мен батпақты жерлерінде, өз. аңғарларында кездеседі. Денесі ірі, екі бүйірі қысыңқы, мойны жуан, басы сүйір, тұмсығы конус тәрізді болып келеді. Құлағы үлкен және жалпақ, көзі кішкентай, танауы таңқы. Денесін қалың қылшық басқан. Аталығының жалы болады. Жыныстық жағынан 18-20 айда жетіледі. Күйлеуге түсуі тамыздың ортасынан желтоқсанға дейін созылады. Аналығы (мегежіні) 4-10 торай туады. Тістері көп, бұдырлы. Қарны жіктелмеген, күйіс қайтармайды. Қорек таңдамайтын жануар, топырақты қазып құрт-құмырсқа, өсімдік тамырлары, ұлулар және ұсақ тышқандармен қоректенеді. Кәсіптік маңызы бар аң, еті, терісі, қылшығы пайдаланылады. Орта есеппен әр доңыз 50 кг ет, 10 кг май береді.

Жайлыбайұлы Жанақ ақын (1781, Ұлытау – 1879, ШҚО, Аякөз ауд., Ақшәулі елді мекені) – бағаналының сарыаталығынан шыққан Басыбайдың немересі. Жер үшін дау-дамайдың өршуіне наразы болған ақын Ж. 1848 ж. Ұлытаудан көшіп шығып, Аякөздегі сыбан ағайындарға барады. Олар ортасынан ойып қоныс беріп, Бектеу ағасы екеуі тұрақтап қалады. Сонда жүргенде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бір нұсқасын шығарған. Ж. ақынды керейден шыққан Марқашұлы Жанақпен немесе сүйіндік арғынның айдабол-күлік бұтағынан шыққан ақын Жанақпен шатастыруға болмайды. Ж.Ж.а. – өз алдына жеке тұлға.

Жайсаңбаев Ниязғали (1940, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі) – техн. ғыл. канд. 1958 ж. Жезді орта мектебін бітіргеннен кейін Жезді марганец кен басқармасында жұмысшы болып еңбек еткен. 1965 ж. Қарағанды политех. инст-ын бітірген. Таукен инженері. Балқаш қ-ғы ҚарПТИ-дің кешкі бөлімінде оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан. 1983-1989 жж. ҚарПТИ-дің Жезқ. бөлімшесінің директоры. 2001 ж. бастап ЖезУ-дің профессоры. ЖезУ-дің «Алтын белгі» медалінің иегері. ҚР жоғары мектептерде білім беру ісінің үздігі. 50-ге жуық ғыл. еңбектер мен зерттеу мақалаларының авторы. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Жақаев Мейрам (1922, Орынбор обл., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Қуйған өз. бойы – 2005) – шопан, соғыс

ардагері. 15 жасында Қарсақбай ауд. Сталин ат. ұжымшарда еңбекке араласқан. 1942 ж. қазан айында майданға аттанған. Украинаны, Белоруссияны, Чехословакияны азат етуге қатысқан. Жеңістен кейін «Байқоңыр» ұжымшарында, соның негізінде ұйымдастырылған «Байқоңыр» кеңшарында, соңғы жылдары Сәтбаев ат. кеңшарда аға шопан болған. Бекітілген мемлекет қойын аман сақтап, өз төлі есебінен өсіруде және өнімділігін арттыруда, еркек қозыны туған жылы жоғары салмақпен мемлекетке тапсыруда жоғары көрсеткішке жеткен. Еңбек Қызыл Ту (1973), Ленин (1976) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Жақия Бимағанбетұлы (1926, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы – 2000 ж., Ұлытау а.) – ақын, сазгер. 1941-1947 жж. Жезді марганец кенішінде еңбек етті. Алғашқы әндерін 1967 ж. шығара бастады. «Туған жер», «Әке», «Немере», «Құрдастар», «Ойлан, балам», «Құдаша», «Шопан қыз», «Өмірімнен үзінді» сынды 30-дан астам әннің авторы.

Жақсыкең – Құланөтпес алабындағы өз. Ұз. – 160 км, су жиналатын алабы – 4050 км². Ұлытаудағы Желдіадыр қыратының шығыс етегінен басталады да, Баршын а. тұсында Құланөтпестің саласы – Кең өз-не сол жағынан құяды. Қар және жер асты суымен толығады. Арнасы бастауында тар, жағасы жарлы-кемерлі, орта және төменгі жағында жайылмасы 2-3 км дейін кеңейеді. Ірі салалары: Талдысай, Торанша. Жылдық орташа су шығыны – 0,82 м³/с. Негізінен жайылым суландырылады. Аңғарында ойдым-ойдым шабындық бар.

Жақсылық кесенесі – XIX ғ. жататын сәулет ескерткіші. Жезқ. қ-нан солт.-батыс бағытта 62 км жерде орналасқан. Салыну тарихы белгісіз. 1988 ж. «Казпроектреставрация» инст-ның архитекторлары өлшеу жұмыстарын жүргізді. 1989 ж. реставрациялық жұмыстар жүргізілді. Ж.к. – бір камералы, тік бұрышты, күмбезді болып келген. Қабырғасы үш қабаттан тұрады. Сыртқы қабаты күйдірілген кірпіштен өрілген, ішкі қабаты шикі кірпіштен қаланып, іргетасы текше тастардан қаланған. Басқы беті портал тәрізді салынып, онт.-батысқа бағытталған. Кіреберісі баған тәрізді салынған. Көл. – 7,0х7,5 м, биікт. – 6,0 м.

Жақуда мешіті – Ұлытау ауд. Борсеңгір а-нан батысқа қарай 12 км жерде орналасқан. Мешітті қалаушы шебер белгісіз. Бағаналылық болыс Жүсіп Шоновтың тапсырмасымен XIX ғ. аяғында салынған. Мешіттің құрылыс материалы ретінде саман және күйдірілген кірпіш қатар колданылған, құрылымы биік минареттен және 3 бөлмеден тұрады.

М. Сейтжанов

Жалайыр-Найман тектоникалық белдемі – Орт. Қазақстан және Тянь-Шань каледондық массивіндегі доға тәрізді иіле параллель созылып жатқан үш аса ірі геол. құрылым. Оның батыс белдемі Көкшетау-Ұлытау-Қаратауды; ортаңғы белдемі Степняк-Бетпақдала-Солт. Тянь-Шань жоталарын; шығыс белдемі Бозшакөл-Баянауыл тауларын құрайды. Ж.-Н.т.б-нің онт-де Шу-Іле антиклинорийі, онт.-батысқа қарай Ж.-Н синклинорийі, одан әрі Қоңыртөбе-Шу антиклинорийі орналасқан. Соңғы екі құрылымның арасынан Ж.-Н жарылымдық белдемі өтеді. Ж.-Н синклинорийі қимасының төм. жағында кембрийдің кварц-дала шпатты және спилит-диабазды формациялары жатыр. Бұл формацияларды ультранегізді және негізді габбро-перидотит формациялары тесіп шығып, солт.-батысқа бағытталған массивтер құрайды. Қиманың жоғары жағы күшті жарылымдарға ұшырап, ұсақ блоктарға бөлінген. Ж.-Н синкли-

норийінде кендер магмалық процестер нәтижесінде түзілген. Ерте ордовиктің габбро-перидотит кешендерінде асбест, титан, кобальт, никель, т.б. кендері шоғырланған. Ультрамафиттерде және негізді вулканиттерде мыс кендері, абразивтік граниттер кездеседі. Девон кезеңінің магмаларынан молибден, вольфрам, қалайы, алтын, полиметалл кендері түзілген.

Жалтау (Желтау) – Ұлытаудың батысындағы тау. Ақтас кентінен солт.-батысқа қарай 22 км жерде орналасқан. Абс. биікт. – 542 м. Солт-тен оңт-ке қарай бойлық бағытта 6 км-ге созылған, ені 2-3 км шамасында. Оңт-тен Дулығалы, солт-тен Ащылы өз. ағып өтеді. Архей мен протерозойдың тақтатас, кварцит, кварцитті парфериттері мен туфтарынан түзілген. Төм. палеозойдың эффузивті тұнба тау жыныстары да кездеседі. Таудың етегінен бұлақтар бастау алады. Қызғылт қоңыр топырағында изен, қарағаш, жусан, бидайық, боз, сораң өседі.

Жаманайбат мыс кені. Жезқ. қ-нан оңт.-шығысқа қарай 160 км жерде орналасқан. Кен орны Жаманайбат антиклиналын бойлай бірнеше км-ге созылған. Антиклиналдың оңт. қанаты көлбеу (5-25°), ал солт. қанаты флексура түрінде тік құлайды. Кен орны Шығ., Орт., Солт. телімдерден және 11 жеке кен денелерінен тұрады. Негізгі өнд. маңызы бар кен денелері «раймунд» конгломераттары қабаттарында шоғырланған. Кен денелері қабат, линза пішіндес, орташа қалыңд. – 4-5 м. Кентастар минералдық құрамы бойынша мысты, қорғасын-мысты, қорғасынды, мырышты, күмісті-мысты, ренийлі-мысты болып жіктеледі. Ж.м.к. ірі мыс кен орындарына жатады. Кен орны толық барланып, іске қосылған.

Жаманшұбар – Мойынқұмның оңт-гі, Ұлытау ауд-ғы қоныс. Теңіз деңгейінен 246 м биіктікте орналасқан. Шығыс бөлігі жазық тақырлы. Батысынан Сарысу өз. ағып өтеді. Оңт-де ОҚО 25 км жерде шектеседі.

Жамауов Қыздарбек (1915, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қаракеңгір болысы, Бозтұмсық а. – 1944) туған а-да орталау мектепті бітірген соң қысқа мерзімді мұғалімдер даярлайтын курста оқиды. 15 жасынан бастап ел ішіндегі сауатсыздықты жоюға атсалысады. Алғашқыда мұғалім, кейін бастауыш мектеп меңгерушісі, содан соң жетіжылдық мектеп директоры болады. Қаракеңгір бойындағы ауылдардың қызыл отау жұмыстарына белсене араласады. Өзі ән салып, сырнай тартқан. Жиын-той, мерекелерде спорт ойындарын ұйымдастырып, өзі де қызу қатысатын болған. Әнші әрі балуан атанған. ҰОС-на қатысқан. Оның майданнан жазған өлеңдері ел аузында «Қыздарбек әні» деген атпен сақталған. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Жамауов Сәлкен Қыздарбекұлы (1935, ОҚО, Қарсақбай ауд., 1 Май ауылкеңесі – 2006). Балалық шағы ҰОС жж. ауылдағы ауыр тірлікпен бірге өрілді. 1944-1945 жж. әжесімен бірге бір табын өгізшені бағып, қыстан күйлі әрі аман алып шыққан. Соғыстан кейін Жезқ. кенішінде орта мектепті тәмамдап, автокөлік жүргізушілер курсын бітірген. 1955 ж. Ұлытау ауд. «Қаракеңгір» кеңшарында, кейін Жезқ. шахтапроходкалау тресінде ауыр автокөлік жүргізушісі. Соңғы он жылда «Соц. жарыстың жеңімпазы» төсбелгісімен жыл сайын марапатталып отырған. Ал соғыс жылдарындағы тынымсыз жұмысы үшін тоғыз жасар тыл қаһарманы Ж. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Т. Жанаев

Жамбыл Жабаев атындағы Қарсақбай орта мектебі. Білім ошағының

негізі 1925 ж. ашылған бастауыш мектеп болды. Қарсақбай мыс комбинатының құрылысшылары, инженер-техниктері, төңіректегі шаруалардың балалары оқуға құштарлық танытты. Бастауыш сынып саны бірден онға жетті. Оның негізінде 1930 ж. жетіжылдық мектеп оқушыларға есігін айқара ашты. 1939 ж. Қарсақбай орта мектебі шаңырақ көтерді. Бұл – Ұлытау өңіріндегі тұңғыш орта мектеп. Қазір мектепте 32 мұғалім сабақ береді, олардың 8-і – жоғары санатты, 11-і – бірінші санатты. Елімізге мәлім Оразай Батырбеков, Мейіз Сәтбаева, Қоңыратбек Құрманбаев, Асқар Маткенов, Қыдырәлі Болманов, т.б. тұлғалар осы мектептің түлегі.

Жанайдар обасы – ерте темір дәуіріне жататын ескерткіш. Ұлытау ауд. Қаракеңгір өз. бойында, Жанайдар қыстағынан оңт-ке қарай 350 м жерде орналасқан. 1961 ж. ОҚАЭ тапқан (жетекшісі – Ә. Оразбаев). Тасмола мәдениеті кезінде салынған ғұрыптық ескерткішке жатады (б.з.д. VII-VI ғғ). Ж.о. жерлеу ескерткіштеріне жатпайды. Обадан жылқы сүйектерінің шығуы және ұзын жолдардың шығысқа қаратылғаны кешеннің шығып келе жатқан күнге табыну дәстүріне және мұнымен тікелей сабақтас құрбандыққа жылқы шалу ғұрпына байланысты тұрғызылғаны байқалады.

Әдеб.: ҚҰЭ. *М. Сейтжанов*

Жанайдар Орынбайұлы (шамамен 1818, Ұлытау өңірі – XIX г. 70-жж.) – батыр, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық соғыс қолбасшыларының бірі. 1837 ж. Ақмола дуанына қарайтын арғын жасақшыларын бастап Кенесары әскеріне қосылады. Кенесары Ақмола бекінісіне шабуыл жасар алдында Ж-ды бас етіп бекіністі барлауға жіберіп, ерлігі мен мергендігіне көзі жеткен. Ж. Кенесарыға еріп, он жыл бойы азаттық жолындағы шайқастың бел ортасында жүрген. 1847 ж. соғыс тығырыққа тірелгенде амалсыздан ат басын Арқадағы еліне бұрады. Көтеріліске қатысқанына Ресей патшасы кешірім жасағаннан кейін Ж. Терісаққан өз. бойы мен Арғанаты тауының етегіне қоныстанады. 1868 ж. қазақтың игі жақсыларымен бірге князь Владимирдің Омбыға келген құрметіне жасалған салтанатқа қатысады. Қажылық сапардан қайтып келе жатып, жолда қайтыс болған. Терісаққан а-да Ж. батырға ескерткіш орнатылған.

М. Сейтжанов

Жанайдаров Сейілбек Мейрамұлы (1884, Ақмола обл., Атбасар уезі, Терісаққан болысы – 1929, Алматы қ.) – Алаш қозғалысының қайраткері, заңгер. 1913 ж. Санкт-Петербург универс-нің заң фак-ін бітірген. Ресейдің Витебск губ. қаржы саласының тексерушісі болып қызмет атқарған. М. Дулатов, М. Шоқай, А. Бірімжановтармен бірге Ресейдегі Ақпан, Қазан төңкерістері қарсаңында қазақ даласында етек алған ұлттық-демокр. қозғалысқа белсене араласқан. 1916 ж. Витебскіден елге оралып, Атбасар қ-да салық инспекторы болып қызмет істейді. 1917 ж. шілдеде Орынборда өткен І жалпықазақ съезіне Ақмола обл-нан делегат болып қатысты. 1917 ж. 5-13 желтоқсанда Орынбордағы ІІ жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда үкіметі мүшелігіне сайланды. 1918 ж. Ә. Бөкейхановтың жарлығымен Ақмола обл. соты болып тағайындалды. Қазақ автон. респ. құрылғаннан кейін Орын-

бордағы респ. Қаржы халкоматының алқа мүшесі, халком орынбасары, халком болып қызмет істеген. Астана Қызылордаға көшірілгенде Қазақстанның А.ш. банкін басқарды.

Әдеб.: ҚҰЭ. *М. Сейтжанов*

Жанайдарұлы Мейрам (1846, Ақмола обл., Атбасар уезі, Терісаққан болысы – 1921) – этнограф. Арабша, орысша білім алып, Атбасар уезі бастығының көмекшісі болған. «Мың бір түнді» өлеңмен жырлап, 1895 ж. «Дала уалаяты» газетінің бірнеше санына бастырған. Кейін болыс болып, ұзақ жыл ел билеу ісіне араласқан. Қазақ халқының мәдениетін зерттеумен айналысып, Ресейде өткен этнография көрмелеріне қатысқан. Ж. қазақ киіз үйінің құрылысына өзіндік жаңалық енгізіп, жылжымалы терезелер орнаттырған. Осы киіз үй Ресей патшасының қазақ сахарасын аралауға келген сапарының құрметіне және Романовтар әулетінің таққа отыруының үш жүз жылдығының құрметіне орай Омбыда өткізілген көрмелерге (1868, 1891, 1913) жәдігер ретінде тігілген. Оның 1876 ж. шығыстанушылардың халықар. III конгресінің көрмесіне арнап Санкт-Петербургке жіберген терезелі киіз үйінің бір нұсқасы қазір Ресейдің мемл. этнография мұражайында сақтаулы.

Ж. жылқы тұқымын асылдандыруға қосқан үлесі үшін 8 рет Батыс Сібір әскери ген.-губернаторының жүлдесіне ие болып, 1891 ж. көрмедегі ат жарысында бірінші жүлдені Николай II-нің өз қолынан алған. Егде тартқан шағында қажылық парызын өтеп қайтқан. Ж-ның «Үш дос» поэмасы, Мүслима қызбен айтысы, бірқатар өлеңдері ҚР ҒА ғыл. кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы. Қазақ шежіресін жинап, кітап етіп бастыру туралы мәселе қозғаған мақаласы 1912 ж. «Айқап» журналында жарияланып, «Мың бір түннің хикаясы» аталатын дастаны кейін екі рет (1986, 1994) жарық көрді.

Жанай мазары – Ұлытау ауд-да, Жезді өз-ін теміржол қиып өтетін жерде орналасқан. Бұл ескерткішті 1946-1948 жж. Ә. Марғұлан зерттеп, оғыз заманының архитектурасына теңестірген. Мазардың сырт көрінісі киіз үй пішіндес, үстіндегі мұнарасы «діңгек тас» деп аталған.

Жанасов Жаңгір (1920, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы – 1999) – экономист. ҚКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1951), Алматы халық шаруашылығы инст-ын (1965) бітірген. 19 жасында Қарсақбай ауд. комс. ком. бөлім меңгерушісі. ҰОС-на бастан-аяқ қатысқан. 1946 ж. Қарсақбай мыс

заводы партбюросының, 1947 ж. Жезқ., Жаңаарқа аупарткомының хатшысы, екінші хатшы. 1955 ж. Қоңырат ауд. Сталин ат. ұжымшардың төрағасы, 1958-1965 жж. Жезқ. қ. атқомының төрағасы, 1965-1973 жж. ЖКМК директорының орынбасары, 1973 ж-дан зейнеткерлікке шыққанша Жезқ. облатком төрағасының орынбасары. Жезқазған-Ұлытау өңірінің экономикасын, халықтың тұрмысы мен мәдениетін көтеруге үлкен үлес қосқан. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1963), I, II дәрежелі «Отан соғысы», екі мәрте Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» және т.б. медальдармен марапатталған.

Жанбосынов Шахмардан Өмірзақұлы (1971, Қарағанды обл., Жезді ауд., Жезді кенті) Қарағанды политех. инст-ын (1993) үздік бітірген. ҚР Қарулы Күштері қатарында әскери борышын өтеген. Орта мектепті тәмамдаған соң еңбек жолын Жезді ауд. тұрмыстық қызмет комбинатында жөндеу шебері болып бастаған. 1995-2005 жж. «Қазақмыс» корпорациясы жүйесінде қызмет етті.

Автокөлік және механизмдер кәсіпорнында аға диспетчер, көлікті пайдалану жөніндегі бөлім бастығы, кәсіпорын директоры. 2005-2006 жж. Жезқ. қ-сы әкімінің орынбасары, әкімінің міндетін атқарушы. Респ. «Нұр-Астана» қоғамдық қорының атқ. директоры болып істейді.

Жангелдин Әліби Тоғжанұлы (Шоқынды Степнов) (1884, Торғай обл., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, қазіргі Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Бозшакөлдегі Әли қыстағы – 14.08.1953, Алматы қ.) – кеңестік мемлекет қайраткері. Торғайдағы кәсіптік училищеде, Қостанайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқыған. 1903 ж. Орынбордағы діни училищені бітіріп, Қазандағы мұғалімдер семинариясында екі жыл оқыған соң, 1905 ж. революцияға қатысты деген айыппен оқудан шығарылады. Сол жылы Мәскеудегі діни академияға оқуға түсіп, 1906 ж. «сенімсіз студент» деп танылып, академиядан қуылған.

Ж. Еуропа, Африка, Таяу Шығыс, Азия елдерін жаяу аралап, 1913 ж. Жапония арқылы туған жерге оралады. 1915 ж. Ресей компартиясының қатарына кірген. Ресей патшасының 1916 ж. маусым жарлығына қарсы Торғай қазақтарының көтерілісін қолдап, Торғай қ-сын қорғауға қатысты. 1918 ж. Орынборда өткен Торғай обл. кеңестерінің I съезінде облатком төрағасы болып сайланды. 1918 ж. тамыз-қазан айларында Ақтөбе майданының әскерлеріне қару-жарақ, дәрі-дәрмек, азық-түлік жеткізген арнаулы отрядты басқарды (Жангелдин экспедициясы). 1920 ж. қазанда өткен ҚазАКСР Кеңестерінің құрылтай съезінде алғаш құрылған үкімет мүшесі болып сайланды. ҚазАКСР ОАК Төралқасы төрағасының орынбасары, ҚазКСР-і құрылғанда Әлеум. қамсыздандыру халкомы болды.

Жангелді ауылдық округі – Ұлытау ауд. құрамындағы әкімшілік бірлік. Құрамына Байқоңыр, Қызылүй, Талдықұдық а-дары кіреді. Жалпы ауд. – 119704 га, оның ішінде шабындық – 4000 га, мал жайылымы – 113209 га. Округте 63 жеке кәсіпкер мен шаруа қожалықтары бар. 101 адам еңбек етеді. Халқы – 0,517 мың адам (2015). Экономикасының басты бағыты – мал шаруашылығы мен теміржол саласы.

Жанділдинов Мырзамсейіт (1914, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Қарсақбай а. – 1981, Алматы қ.) ФЗО мектебін бітірген. Қарсақбайда кеніште, теміржолда, «Қызыл кенші» газеті редакциясында, ауд. комсомол органдарында қызмет атқарған. Семей, Гурьев, Жамбыл обл. бойынша КСРО Мемл. қауіпсіздік комитеті басқармаларында бастық болған, полковник. Ленин, Қызыл Жұлдыз, «Құрмет белгісі» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. Семей қ-да оның есімі берілген көше бар.

Жанділдинов Мәжит Мырзамсейітұлы (1947-2010) – генерал-майор, Ұлытаудың түлегі. Ташкент теміржол транспорты инж. инст-ын (1969), КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы МҚК Жоғары мектебінің шет тілін меңгерген басшы кадрлар дайындайтын екі жылдық курсын (Мәскеу) тәмамдаған. Инст. бітіргеннен кейін Қазақ теміржолының Семейдегі №2 жол дистанциясында электромеханик болып еңбек етеді. 1972 ж-дан мемл. қауіпсіздік органдарында қызметте. 1980-1981 жж. Ауғанстан Демократиялық Республикасында болып, интернационалдық міндетін атқаруда ер-

лік, шешімділік, бастамашылық үлгілерін көрсеткен. 1987 ж-дан МҚК-нің облыстардағы басқармалары бастығының орынбасары, 1992 ж. ҚР ҰҚК Қарағанды обл. басқармасының, 1994 ж. Көкшетау обл. басқармасының бастығы. 1997 ж. отставкаға шыққан. Мемл. марапаттары бар.

Жандарбеков Әлімбек (12.08.1949, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі, Сарлық а.) Қазақ а.ш. инст-ын а.ш. өндірісін ұйымдастыру және экономикасы мамандығы бойынша (1976) бітірген. Орта мектеп бітірген соң тракторға отырды. 1976-1990 жж. Жезқ. совхоз-техникумының, «Терісаққан» кеңшарының, «Сельхозтехника» бірлестігі ауд. бөлімшесінің бас экономисі, ауылкеңес аткомының төрағасы, ауатком төрағасының орынбасары, ауд. а.ш. басқармасында экономика-жоспарлау саласын басқарды. 20 жылдан астам Ұлытау ауд. бойынша салық бөлімінің, кейін басқармасының басшысы (1990-2012). Ауд. ардагерлер кеңесінің, ауд. әкімдігі жанындағы қоғамдық кеңестің төрағасы.

Жанкісі Басыбайұлы (1772, Ұлытау ауд., Қарағандысай бойы – 1849, Сыр бойы) – ақын, би. Арқада туып, Сыр бойында өскен өз заманының озық ойлы, өткір, ділмар шешен билерінің бірі болған. Тегі бағаналы найманның жабай тармағынан. Бұл жөнінде ақын Омар Құнақұлы өзінің дастанында «алтыншы бабам Жанкісі» деп анық көрсеткен. Басыбай аншының шаңырағында дүниеге келген.

Ж. шығармаларының көпшілігі сақталмаған. «Мақпал – Сегіз» дастанының үзіндісі, «Қоқан ханына айтқаны», «Қожыққа айтқаны» толғаулары ғана жеткен. «Қоқан ханына айтқаны» толғауы «Ай, заман-ай, заман-ай» жинағына кірген. Осы толғауында Ж. Қоқан ханын, оның салықшы бектерінің әділетсіздігін өткір сынаған. Кейін оларға қарсы ашық күреске шыққан. Ж-нің «Қоқан ханына айтқаны» толғауы 1830 ж. орыс тіліне аударылып, «Песня о временах владычества коканцев» деген атпен «Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания, переложенных в русские стихи» жинағында жарық көрген (1885, Орынбор). Кейбір шығармалары Әдебиет және өнер инст-ның қолжазбалар қорында сақтаулы. Ж. Қоқан ханының жендеттері қолынан қаза болды. Ұлытау ауд. мешіті Ж. есімімен аталады.

М. Сейтжанов

Жанқарин Қашқын батыр (т.-ө.ж.б.) басқарған Балталы болысы Аманқарағай округіне қарап тұрғанда, түгелге жуығы Кенесары бастаған көтерілісшілер жағына өтіп кеткен. Үнемі көтерілісшілермен бірге көшіп-қонып жүрген. Кенесары Орта жүзді тастап, оңт-ке бет түзегенде бір болыс дерлік балталы бірге кетті. Қайтып Ұлытау жеріне оралмаған.

Жанпейісов Әшімхан Сламбекұлы (04.08.1959, Қарағанды обл., Жезқ. ауд.) – елімізге танымал, ойы салмақты, қаламы қарымды журналист. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Жезқ. пединститутын (1981), Қазақстан-Ресей универс-ін (2007) бітірген. Физика пәнінің мұғалімі, журналист. 1982-2000 жж. Қарағанды обл-дағы Ульяновск, Егіндібұлақ ауд. газеттерінде, обл. «Полиграфия» ӨБ-де, «Қарағанды жастары», «Замандас» жастар апталықтарында, басқа да жарнама-ақпараттық, құқықтық

мерзімді басылымдардың әдеби қызметкері, бас редактордың орынбасары, бас редакторы болып жұмыс істеген. 2000 ж. Қарағанды обл. телевидениесінде, кейін «Сарыарқа» телеарнасында телехабар жүргізуші. 1994-2010 жж. қоғамдық негізде халықар. «Қазақ тілі» қоғамы Қарағанды обл. бөлімшесінің төрағасы міндетін атқарды. Тәуелсіздік жылдары ұлттық сананы қайта жаңғыртуға, ұлттық рух пен намысты биіктетуге, тілді, салт-дәстүрді насихаттауға, экономикалық мәселелерге басымдық беріп, теледидар тілімен баяндап келеді. Телехабарларының үзілмей келе жатқан өзекті тақырыптарының бірі – Ұлытау өңірі, оның кешегісі мен бүгінгісі, адамдары, оның қазақ мемлекетін құрып, қалыптастырудағы орны мен рөлі.

Ж. – обл. әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері. «Жасампаздықтың 20 жылы» атты ҚР тәуелсіздігінің 20 жылына арналған 20 сериялы телециклі үшін Қазақстан Журналистер одағының лауреаты атанған, басқа да респ. сегіз байқау-конкурстың жүлдегері, бас жүлдегері. Қырғызстан Республикасының мәдениет қызметкері (2015). Танымал мемлекет және қоғам қайраткерлерімен «Сыр-сұхбат» (2011), «Есіңде ме Қаракөз ансамблі?» (2012) кітаптарының авторы. Медальдармен марапатталған. ҚР ІІМ-нің 2-дәрежелі «Қайсар» төсбелгісінің иегері.

Жанпейісов Қозыкен (1908, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – ө.ж.б.) – құрметті металлург. 1929 ж. Қарсақбай мыс комбинатына жұмыскер болып орналасқан. 1930 ж. металлургиялық цехқа жұмысқа шақырылды. Бес-аспап металлург болды, кіші фурмашы, конверторшының көмекшісі, аға горновой, аға балқытушы, аға конверторшы. Еңбек кітапшасында тек бір цехта жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққаны көрсетілген. Оның сапалы өнімі, қажырлы еңбегі, ерекше жұмыс қабілеті металлургтер арасында аңыз болып қалды. Ленин орденімен, медальдармен марапатталған. Сәтбаев қ-да атақты металлург атында көше бар. 2008 ж. Ж-тің туғанына 100 жыл толған атаулы күнді жұртшылық салтанатпен атап өтті.

Жансейіт кесенесі – қыпшақ мемл. бірлестігі кезеңінде (XII ғ.) тұрғызылған төрт бұрышты зәулім күмбез. Қаракеңгір а-на таяу, Қаракеңгір өз. оң жағасында орналасқан. Күмбездің іргесін құмайт қалың таспен қалап, үстіңгі жағын күйдірген кірпішпен өрген. Кіретін есігі сол кездегі дәстүр бойынша оңт.-батысқа қаратылған. Маңдай алды қирап біткен. Жақсы сақталғаны – үш қабырғасы. Солт., оңт. қабырғасының ұз. – 9,8 м, шығыс, батыс қабырғасының ұз. – 8,35 м. Қабырғалардың сақталған биікт. – 2,5 м-ден 3,5 м дейін. Маңдай жақ қапаұының қалыңд. – 3,5 м, қалғаны – 2,7 м. Мазардың күмбезі құлап, ортасына түскен. Күмбездің түрі қандай болғаны белгісіз. Оның іргесінде шашылып жатқан көк шыны бедерлер ғана бар. Ж.к-нің теріскейінен 10 м жерде ежелгі дәуірде кірпіш күйдірген екі пештің орны жатыр.

Жансүгірұлы Бекмағанбет (1887, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы – 1936, Усабай қыстағы) – ағаш шебері, темір ұстасы. Ұсталық кәсіпке арналған қара дүкен ұстасы. 1916-1917 жж. ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Кейкі батырдың әйгілі «шұбар мылтығын» соққан. Кейінгі кезеңде халыққа қажетті шаруашылық құрал-саймандары мен жабдықтарын жасаған.

Жанұзақов Заман (1925, Ақмола губ., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы, Жыланды өз. бойы – 2006) – ІІ дүниежүзілік соғыс ардагері. Әке-шешесінен ерте айырылып, Атбасардағы ба-

лалар үйінде тәрбиеленген. 1943 ж. маусымда әскер қатарына шақырылған. 312-гвардиялық дивизияның 889-артиллериялық полкінде 1-батареяның командирі болған Украинаны, Варшаваны, Берлинді азат ету операцияларына қатысты. Елге 1950 ж. жазда оралған. Жезқ. қ-да «Қазмысқұрылыс» тресіне десятник болып орналасты. Кейін ауылға келіп, «Қаракеңгір» кеңшарының құрылыс телімінде зейнеткерлікке шыққанша еңбек етті. Соғыс кезіндегі ерлігі және жоғары әскери шеберлігі үшін I, II дәрежелі «Отан соғысы», Қызыл Жұлдыз ордендерімен, «Ерлігі үшін» және басқа 12 медальмен марапатталған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Жаншуақұлы Ырсай (1826, Ұлытау өңірі, Жезді өз. бойы – 1898, сонда). Әкесі Жаншуақ – ибеске ағайындардың белгілі биі, беделді рубасы. Кенесары хан 1945 ж. Қызылтаз-Ибеске-Жұртшы болысының ықпалды кісілеріне жолдаған хаттарында «Жаншуақ биге», «Бектұрған биге» деп әкелі-балалы ел ағаларының есімдерін қатар атаған. Ж. арабша сауатты болған, орыс тілін білген. Үш мәрте Атбасар уезі аға сұлтанының заседателі болып сайланған. Ол кезде аға сұлтанның қазақтан екі, орыстан екі заседателі сайланатын тәртіп болған. Заседатель аға сұлтанның орынбасары міндетін атқарған.

Ж. – 1864 ж. Сарыторғайда өткен Орта және Кіші жүз қазақтарының құрылтайында Атбасар уезі делегациясына кіргендердің бірі. Оның ел арасындағы биік тұлғасы Батыс Сібір генерал-губернаторы А.И. Дюгамельдің 1964 ж. 28 тамызда қазақтардың обл. басқармасының төрағасына жолдаған №942 нұсқауында көрсетілген. Онда алдағы күзде Орынбор өңірінде бағаналылардың көшіп-қонуын ұйымдастыруды тиянақты атқару үшін Ж-ын Атбасардан қырға іссапарға жіберу қажеттігі көрсетілген. Ж. жайлы молда Мұқан жырау, ақын Қожабай Тоқсанбайұлы, Бименде Ерденұлы өлең-жырларында айтылған.

Ғ. Әуезов

Жаныбеков Алмағанбет (т.ж.б., Торғай обл., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Досан қопасы – ө.ж.б.) – 1916 ж. А. Иманов бастаған ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқандардың бірі. Имановқа хатшы болған. Ұлытау ауд. дайындау кеңсесінде дайындаушы болып еңбек еткен. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 ж. 9 шілдедегі Жарлығымен Құрмет грамотасымен марапатталған. Аманкелді ауылд. округінде Сарлық елді мекеніндегі зиратқа жерленген.

Әдеб.: Аманкелді Иманов. Мақалалар, документтер, материалдар, «Қазақстан» баспасы, 1975 ж.

Жаныбеков Әбдірахман (1909, Қостанай обл., Қарабалық ауд., №12 а. – ө.ж.б.) ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесі жанындағы басқарушы кеңес жұмысшыларының курстарын (1941), ҚКП ОК жанындағы екі жылдық партия мектебін (1948) тәмамдаған. Еңбек жолын 1929 ж. бастауыш мектеп мұғалімі болып бастаған. 1938 ж. қарашасынан еңбекшілер депутаттары Қарағанды қ. кеңесі аткомының, 1939 ж. қарашасынан Қарқаралы ауаткомының төрағасы, 1942 ж. Қоңырат ауд., 1948 ж. Қарқаралы ауд. парт. ком. бірінші хатшысы. 1953-1955 жж. Жезқ. аупарткомында бірінші хатшы болды. I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Жанысбаев Туғанбай Байғабылұлы (1945, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті) – мед. ғыл. канд., жоғары дәрежелі дәрігер. КарММИ-ді бітірген (1970). Жезқ. медучилещесінде, Жезқ. обл денсаулық сақтау бөлімінде,

ҚазКСР Денсаулық сақтау министрлігінде, Алматы обл. денсаулық сақтау бөлімінде қызмет істеген. Респ. дәрігерлер білімін жетілдіру инст-да, респ. медколледжде дәріс берген. 1995-2011 жж. «Қазақмыс» корпорациясының Талғар ауданындағы «Ақбұлақ» санаторийінің директоры – бас дәрігер. 2010 ж. Алматыда тұратын ғұламалар мен ұлт қайраткерлерінің Ұлытаудың тағдыры жөнінде үкіметке үндеу жолдауына бастамашы болған. Халықар. Жазушылар одағының (2014) мүшесі, «Таулардан алдым тағылым» (2005), «Жан жылуы» (2011), «Ғибрат» (2014) кітаптарының авторы. Ұлытау және Талғар ауд. Құрметті азаматы.

Жапалақтәрізділер (лат. Strigiformes) – Ұлытау ауданын мекендейтін, түнде тіршілік етуге бейімделген жыртқыш құстар. Басы үлкен, көздері бадырақ, көз бұршағы қимылсыз, қауырсындары өте жұмсақ, ұшқанда дыбыссыз қанат қағады. Негізінде кемірушілермен қоректенеді, жемін түнде аулайды. Жұптарын өмір бойы сақтайды, ағаштың қуысына, кейбіреуі жерге ұя салады. Ұядағы жұмыртқалар саны дене мөлшеріне байланысты 2-ден 12-ге дейін жетеді. Оларды аналығы басады. 28 туысқа бірігетін 133 түрінің Қазақстанда 9 туысы, 12 түрі кездеседі, олардың 10-ы ұя салады. Наурыз-мамыр айларында ұшып келіп, қыркүйек-қарашада жылы жаққа ұшып кетеді. Дене тұрқы 12 см-ден (кішкене байғыз) 84 см-ге дейін (сақалды жапалақ), мекиені қораздарынан ірі болады. Бұлардың жылдан-жылға саны азаюына байланысты 4 түрі мен 9 түр тармағы Халықар. табиғат қорғау одағының, 1 түрі – балықшы үкі бұрынғы КСРО-ның және 1 түрі Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Ж-дің ең ірісі және өте әдемісі – үкі. Ұлытаудың біраз жерінде кездескенмен, саны көп емес. Үкілер қоянды, кемірушi тышқандарды аулайды. А.ш-на кемірушілерді жою арқылы пайда әкеледі.

Жапбасов Рақымбек (1942, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Алғабас а.) 1968 ж. Алматы зоотех.-малдәрігерлік инст-ын бітірді. 1976 ж. КСРО ҒА Мәскеу қ-ғы Жалпы генетика инст-да «Қойлардың хромосомаларының спонтандық өзгеруі» деген тақырыпта дисс. қорғап, биология ғыл. канд. дәрежесін алды. Ж. цитогенетикалық әдістерді Қазақстандағы а.ш. малдарының геномын (тұқымын) зерттеуге бірінші болып қолданды. «Қазақстанның қой тұқымдарына цитогенетикалық және тератологиялық скрининг (таңдау) жасау» тақырыбы бойынша жұмысы үшін биология ғыл. докт. ғыл. дәрежесін алды. 95 ғыл. жұмыстың авторы. Сонымен қатар, оның бірлесіп шығарған «Цитогенетика овец» атты ғыл. монографиясы КСРО-дағы бірінші ғыл.-әдістемелік құрал ретінде саналды. 1995 ж. бастап Жалпы генетика және цитология инст-ның бас ғыл. қызметкері. 1996-1999 жж. ҚР Жоғары Аттестациялық комиссияның эксперті, ҚР ҒА іргелі зерттеулер респ. комиссиясының мүшесі болды.

Жарасбаев Нұрғали (1926, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы, Ұлытау а. – 1987) – ІІ дүниежүзілік соғыс ардагері. Еңбек жолын Ұлытау ауд. қаржы бөлімінен бастаған. Онда хатшы, есепші, салық агенті, салық есепшісі және мемл. сақтандыру мекемесінде қызметкер. 1972 ж. бастап өмірінің соңына дейін Ұлытау ауд. қаржы бөлімінің меңгерушісі болып істеген. Адал, тәлімгер, өз ісіне жетік қаржыгер.

Ж. басқарған жылдары бөлім КСРО, ҚазКСР Қаржы министрлігі бойынша жүлделі орынға ие болған. КСРО қаржы сапасының үздігі, бірнеше медальмен марапатталған. Ауд. қаржы бөлімінің ғимаратына Ж-қа ескерткіш тақта орнатылған.

Жасымыққұс немесе Қызылқанат құралай (лат. Rhodopechys sanguineus) – Ұлытау ауданын мекендейтін, таушымшықтар тұқымдасына жататын өте жуан тұмсықты, ұзын қанатты және қысқа айыр құйрықты, ірі денелі (30-45 г) құс.

Жонының жалпы реңі – сары қоңыр, бауыры – қызғылт реңкті ақ, қанаты – қара, қызылдау қызғылт «көзтартары» бар. Аналықтан аталықтың айырмашылығы – басында қара «телпек» болмайды, қанатында қызғылт түстің азырақ және баяу жүретіндей болып көрінеді, ал ұшқанда шапшаң әрекет етеді. Ұшып жүріп «ти-лиу» деген таза, қанық ызылдаған дыбыс шығарады, әуені де дәл осындай таза дыбыстардан құралады. Мұндай дыбысты, әсіресе, бірнеше рет жаңғыртатын жартастар маңынан естіп, ләззаттануға болады. Солт. Африка, Алдыңғы және Орта Азияның таулы ауд-да тараған. Ұясын тас астына немесе биік тауда өсетін жастықтәріздес тікенекті балбұршақтың (эспарцет) арасына салады. Салындығы 4-6 ұсақ секпілді бозғылт көгілдір жұмыртқаларды аналығы басады. Балапандарын ұяда алғашқы күндері жылытатын да аналығы, ал аталығы жем тасиды. Балапандар ұяны 16-күні тастайды, ал ата-енелері тағы біраз уақыт оларға қамқорлық жасайды және коректендіреді. Ж. балапандары ұшқан соң топқа жиналып, жылдың көп бөлігін топтасып өткізеді. Қазан-қарашада оңтүстікке ұшып кетеді.

Жауғаш батыр (1708-1750) – он сан Орта жүзде ұран болған. 15 жасынан қалмақтармен соғысқа қатыса бастайды. Бұғанасы қатая келе жекпе-жек айқастарда талай жаудың сағын сындырып, жер жастандырып, Ж.б. атанған. Ж.б. қол бастап, қамал бұзып қана қоймай, ел басын біріктіруде де елеулі орын алған. «Жауғаш батыр аттанып, қалмақта өліп, бір өзіне жеті ердің құнын алған» деген аңыз бар. Ж.б-дың кіндік қаны тамған мекен – Ұлытау баурайы.

Жауқасынов Жетпіс (1937, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Сарысу ауылкеңесі, Жетіқоңыр құ-мы, Қозыбек қыстағы) – Ұлытау өңіріндегі атақты шопан, «Сарыарқа» құйрықты қылшық жүнді асыл тұқымды қойының авторларының бірі. 1952 ж. Сарысу а.-нда орталау мектепті бітірген соң ұжымшарға мүше болған.

1958 ж. тракторға отырды, 60-жж. К-700 әмбебап тракторын игерген ауд-ғы санаулы механизаторлардың бірегейі болды. 1972 ж. «Сарысу» асыл тұқымды қой заводының аталық қошқар өсіруге маманданған №4 фермасында аға шопан. Жергілікті қойды ширатып, асылдандыру жұмысымен ұзақ жыл айналысқан. Жоғары еңбек көрсеткіштері үшін Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Үздік еңбегі үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін. В.И Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», т.б. медальдармен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

Ұйымдастырушы мамандар М. Ақшалов, К. Шубаев, Б. Әзімбаевпен бір-

лесіп, 1987 ж. «Сарыарқа-Сарысу типті еділбай қойы» қауымдастығын құрып, респ-ның белгілі ғалымдарының қатысуымен көп жылғы мал тұқымын асылдандыру жұмыстарын белсенді жалғастырды. Жұмыс өз нәтижесін берді. 1990 ж. «Нұрқабай» шаруа қожалығын құрған. Ж. шаруа қожалығынан Ақтөбе, Ақмола, Алматы, Жамбыл обл., Жаңаарқа ауд. шаруалары жүздеген аталық қошқар сатып алған.

Ж. Меккеге екі рет барып, қажылық парызын өтеп қайтқан. Мешітке де, кембағал-күнкөрісі қиын жандарға да қолынан келгенде көмегін аямайды. Қазақтың ұлттық өнері мен мәдениетінің жанкүйері. Даладан табылған тастан, мыстан жасалған жебе оқтарын, басқа да құнды жәдігерлерді шашау шығармай, мұражайларға тапсырған. Жұбайы Замоктың қолынан шыққан тұскиіз қолөнердің үздік үлгісі есепті Жезді мұражайында көрнекті жерге қойылған. Он баланың анасы Замок Шубаева КСРО «Батыр Ана» алтын жұлдызының, ҚР «Алтын алқасының» иегері.

Жаулыбай Өтегенұлы (1697-1760) – бағаналының сарғалдақ руы тәңірберлі бұтағынан шыққан батыр. Қазақ елінің шығысы мен оңт. өлкесін жаулап алған жоңғар басқыншылары 1726 ж. Ұлытауға жақындап, қазақ еліне жойылып кету қаупі төнді. Қазақ жасағын басқарған Әбілқайыр хан мен Бөгенбай батыр Бұланты жазығының Қарасиыр, Білеуті өз. арасында болатын шайқасты қазақта әйгілі батырлармен қатар Ұлытаудан әскерлерді бастап келген мыңбасы Ж. батырға тапсырады. Жасаққа бағаналыдан – Барлыбай, Төлек, Мыңжылқы, Мыңбай, Сағындық батырлар, арғыннан – Бостан, Жауғаш, Бағаш батырлар, қыпшақтан – Тілеулі батыр, т.б. қатысқан. Ж-дың бұл шайқаста қолданған әскери әдіс-тәсілдері жоңғарларға жойқын соққы болып тиіп, қазақтар жеңіске қол жеткізді.

Жауыртаев Ишанбек (15.12.1931, ОҚО, Қарсақбай ауд., Байқоңыр а. – 1987, Жезді кенті) кедей шаруа отбасында дүниеге келді. Еңбек жолын 1946 ж. колхозшы болып бастады. Қызылорда пединст-ның қазақ тілі және әдебиеті фак-ін, Түркістан педучилищесін бітірген. Үш жылдай мектепте мұғалім болып істеді. 1960 ж. Жезқ. ауд. «Еңбек жолы» газетінде әдеби қызметкер, 1965 ж. бастап өмірінің соңына дейін 22 жыл Жезді ауд. «Октябрь туы» газетінің редакторы болды. Оның қаламынан туған әңгімелер, очерктер, сатиралық шумақтар халық арасында кең тараған. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталды. «Жүрегім жырлайды» өлеңдер жинағы (2001) баспадан шықты.

Жәлелова Гүлбағира (05.01.1930, ОҚО, Қарсақбай ауд., Кішітау ауылкеңесі – 31.10.2010, Жезқ. қ.) Сарань педучилищесін бітірген. Ұстаздық еңбек жолын 1942 ж. Боздақ бастауыш мектебінің мұғалімі қызметінен бастаған. Жас ұрпаққа білім беру, тәрбиелеу, еңбекке даярлау бүкіл саналы ғұмырының мәні болған. Сонымен бірге, шуақты шаңырақтың анасы болды. 20-жж. қызыл қырғында, ашаршылықта, ҰОС-да күйеулері, балалары опат болған төрт кейуана тағдырдың жазуымен жұбайы Ахат екеуінің отауында бас қосты. Қамқорлық пен құрметтің бәрін көрді. Балаларына ризашылықпен бұл дүниеден өтті. Ж-ның айтқан сөзі, нұрлы жүзі, көркем мінезі ортасына үлгі болды. «Батыр

ана» алтын жұлдызының, «Алтын алқа» иегері. Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған. ҚазКСР оқу-ағарту ісінің үздігі. Жезді ауд. Құрметті азаматы.

Жәлелов Өміртай (1943, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі, Боздақ а.) – пед. ғыл. канд. (1983), ҚР Пед. ғыл. академиясының корр.-мүшесі (2005). Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің профессоры (1997), Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы (2001). Қарағанды мемл. пед-инст-ын (1965) бітірген. Физика

және математика пәнінің мұғалімі. 1965-1973 жж. Қарсакбай, Жезді кенттеріндегі орта мектептерде мұғалім, Жезді ауд. оқу бөлімінде әдістемелік кабинет меңгерушісі. Ж. оқушылары математика және физика пәндері бойынша респ., бүкілод. олимпиадаларда (1970) жеңімпаз болған. Қарағанды политех. инст-ның Жезқ-дағы жалпытехникалық фак-нің (кейін Тау-кен технолог. инст., ЖезУ), жоғ. математ. кафедрасында ассист., аға оқытушы, доцент, проф., жоғ. математ. кафедрасының меңгерушісі. Жаратылыстану инст-ның, «Ұлытау» ғыл.-зерттеу орт-ның директоры. 2 монографияның, 200-ден астам ғыл., ғыл.-әдістемелік, ғыл.-көпшілік еңбектің авторы.

Жәнібек Барақұлы (шамамен 1410/20-1470/74) – Қазақ хандығы мен қазақ хандары әулетінің негізін қалаушы, Орыс ханның шөбересі. XV ғ. өмір сүрген. 1450 жж. дейінгі өмірі мен қызметі туралы нақты деректер жоқ. 1458 ж. Жәнібек пен Керей бастаған найман, арғын, т.б. тайпалардың бір бөлігі Ұлытаудан Моғолстанға қоныс аударып, Шу мен Қозыбасы өз. аңғарында орын тепті. Моғолстан ханы Есенбұға мемлекетінің батыс аймақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қазақ сұлтандарымен одақтас болды. Өзара қырқысулар мен соғыстардан жапа шеккен 200 мыңға жуық көшпенділер Ж., Керей сұлтандардың маңына топтасты.

1465-1966 жж. екі сұлтанның бастамасымен Қазақ хандығы құрылды. 1468 ж. Моғолстан мен жаңа құрылған Қазақ хандығына әскери жорық жасамақ болған Әбілқайыр Түркістан қ. маңында кенеттен қайтыс болған. Ж. пен Керей хан Әбілқайыр мұрагері Шейх-Хайдар ханмен кескілескен шайқасқа түсті. Өз әміршілері тарапынан ешқандай көмек ала алмаған Шейх-Хайдар билік үшін күресте жеңіліске ұшырады. Бұдан кейін Дешті Қыпшақтағы билік Орыс ханның тұқымдары – Ж., Керей хандардың қолына қайтадан өтті.

М. Сейтжанов

Жәнібек Қошқарұлы (1693-1752) – батыр, тархан. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының момын руынан шыққан. Ж. 1710 ж. Тәуке ханның қолымен бірге жоңғарға шауып, жекпе-жекте қалмақтың бас батырын өлтірген. Абылай ханның тұсында қол бастап, ханның негізгі кеңесшілерінің бірі болған. 1717 ж. Аягөз маңындағы шайқаста ерлік көрсеткен. 1723 ж. бастап Ж. Кіші жүз жасақтарына көмектесіп, Еділ қалмақтарына тойтарыс беріп отырды. 1726-1727 жж. Бұланты шайқасына қатысқан. Ресей әкімшілігі Орта Азиядан Орынборға қатынап тұрған сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді Ж-ке жүктеген. 1743 ж. 11 шілдеде Ресей патшайымы Елизаветаның жарлығымен Ж. батырға тархан атағы берілді. Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген.

Жәнібеков Өзбекәлі (28.08.1931, ОҚО, Отырар ауд., Сарықамыс а. – 22.02.1998, Алматы қ.) – көрнекті мемл.

және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғыл. канд. (1990). Абай ат. Қазақ пед-инст-ын бітірген (1952). Онт. Қазақстан обл. Келес ауд. мектеп мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі болды (1952-1955). Бұдан кейін комсомол жұмысына ауысып, 1955 ж. Келес ауд., ОҚО комсомол комитеттерінің, Қазақстан ЛКЖО ОК 1-хатшысы қызметтерін атқарды. 1970 ж. жаңадан ұйымдастырылған Торғай обл. партия к-нің идеология жөніндегі хатшысы, 1975-1977 жж. ҚКП ОК шетелдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі, 1977-1988 жж. Қазақстан Мәдениет министрінің орынбасары, министрі қызметтерін атқарды. 1988-1991 жж. ҚКП ОК хатшысы.

Ж. бүкіл саналы ғұмырын туған халқының ұлттық санасын жаңғыртуға, тарихи жадын қалыптастырып, рухын биіктетуге, ғылымын, өнерін, мәдениетін дамытуға арнады. Қожа Ахмет Иасауи кесенесін күрделі жөндеу, дәстүрлі Наурыз мерекесін халыққа қайта табыстыру ісіне ықпал жасады. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев сияқты арыстарымызды ақтауды іске асырды.

Ж. Ұлытау өңірінде тарихи, мәдени және табиғи ескерткіштерді қорғауға ерекше назар аударды. Алаша хан кесенесін жөндеу және жаңғырту жұмыстарын алғашқы кезеңінде тікелей өзі басқарды. С. Қожамқұлов ат. музыкалы-драма театрының Жезқ-да орналасуы мәселелерін шешті. Өңірдегі осы бағыттағы іс-қарекетті жеке демалыс уақыты есебінен апта сайын сенбі күні келіп бақылап отырды. Ғыл.-танымдық маңызы зор «Қазақтың ұлттық қолөнері» (1982), «Жаңғырық» (1991), «Уақыт керуені» (1992), «Ежелгі Отырар» (1997) кітаптарын жазды. Үш мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Мәйіті өз өсиеті бойынша Түркістандағы Арыстан баб кесенесінің жанына жерленген, басына күмбезді кесене тұрғызылған.

С. Қожамсейітов

Жәутіков Көкше (1888, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 1971, Ұлытау а.). Балалық шағы Есіл-Атбасар өңірінде өткен. Атбасар ревкомының мүшесі. 1926-1936 жж. Қарсақбай ауд. «Қызыл отау» соты болған. 1936 ж. Қарағанды обл. құрылғаннан кейін Ұлытауға жіберіледі. «Қызыл диқан», «Алғабас» ұжымшарын құруға қатысқан. Еңбек демалысына шыққанша (1961) «Сарыкеңгір» кеңшарында қызмет еткен. Респ. дәрежедегі зейнеткер.

Жезді ауданы – таратылған Жезқ. және Ұлытау ауд-ры аумағында 1962 ж. құрылды. 1972 ж. Ж. ауд-нан Ұлытау ауд. бөлініп шықты. Ауд. орт-ғы – Жезді кенті. Жер көл. – 86 мың км^2, халқы – 19 мың адам шамасында (1987). 6 ауылд., 3 кенттік кеңес жұмыс істеді. Қарсақбай мыс заводы, Жезді марганец кен басқармасы, Жезқ. тоқыма фабрикасының бөлімшесі, Ақтас кешенді геол. партиясы, 6 кеңшар, құрылыс, көлік, сауда, қоғамдық тамақ, шикізат дайындау, тұрмыстық қызмет кәсіпорындары болған. Балаларға білім және тәрбие беру ісімен 15 мектеп, 13 мектепке дейінгі мекеме, бір ауылд. орта кәсіптік-техникалық училище, музыка және спорт мектептері шұғылданған. «Жезді жұлдыздары» ән-би ансамблі, ұлттық музыка аспаптары оркестріне халықтық атағы берілген. Жезді кенті арқылы Жезқазған – Арқалық, Жезқазған – Қарсақбай, Жезқазған – Ақтас автокөлік жолдары өтеді. Жездіні Жезқ. қ-мен жүк тасымалдау теміржолы байланыстырды. Ж.а. 1997 ж. таратылып, аумағы Ұлытау ауд-на қосылды.

Жезді бөгені – Жезқ. қ. аумағында, Сарысу алабының Жезді өз. бойында орналасқан. Ауд. – 17,6 км^2, ұз. – 11 км, енді жері – 2,5 км, ең терең жері – 8,0 м, орташа тереңд. – 3 м, көл. – 76 млн. м^3.

Су жиналатын алабы – 3580 км². Өткен ғасырда 3500-4000 га суармалы жерге көкөніс, картоп, бақша дақылдары егіліп жүрді. Жезқ. қ-ның өнеркәсіп орындарын сумен қамтамасыз ету және қала тұрғындарының қосалқы жер телімдерін суару қажетіне пайдаланылды.

Жезді елді мекені – Ұлытау ауд-ғы кент, кенттік әкімшілік округінің орталығы. Ұлытау а-нан оңт-ке қарай 67 км жерде. Іргесі ІІ дүниежүзілік соғыс кезінде марганец кенін шұғыл игеру қажеттілігіне байланысты 1942 ж. сәуірде қаланған. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 ж. 24 шілдедегі Жарлығымен бұл елді мекен жұмысшы қалашығы қатарына жатқызылған. Округтің жер көл. – 70997 га, оның ішінде жайылымдық – 26772 га, шабындық – 74 га. Халық саны – 2488 адам (2015). 28 кіші және орта кәсіп нысандары, 10 шаруа қожалығы, 33 жеке кәсіпкер жұмыс істейді. Шаруа қожалықтары, жеке отбасылар 1486 сиыр, 3600 қой-ешкі, 516 жылқы ұстайды. Округте 2 орта мектеп, мұражай, аурухана, мәдени-сауықтыру кешені, кітапхана бар. Мектепке дейінгі 110 баланы қамтитын екі балабақша қайта ашылған. Тәуелсіздік жылдары ҰОС-на қатысушылардың монументі, кент тұрғындарының демалыс саябағы жаңғыртылды, 23 км жолға асфальт төселді. Кенесары ханға ескерткіш орнатылды, Жезді марганец кеніші алғашқы құрылысшыларының сквері қалпына келтірілді. 1963-1997 жж. Ж.е.м. Жезқ. обл. Жезді ауд. орт-ғы болды.

Жезді марганец кен басқармасы. КСРО Мемл. Қорғаныс комитетінің шешімімен 1942 ж. сәуірде ашылды. Асығыс түрде кеніштің жұмыс бастауына себеп болған марганецтің 91,6%-ын беріп отырған Кеңес елінің батысындағы Никополь кенішін жаудың басып алуы, ал Чиатурадан марганец кенін тасу мүмкіндігін толық кесіп тастауы болды. 1942 ж. наурызында сапалы марганецтің жоқтығынан Магнитогорск комбинатында сапалы прокат шығарудың тоқтап қалу қаупі төнді. Осы мерзімде Қ. Сәтбаевтың ықпалымен, Қазгеологияның тапсырысы бойынша, Жезқ. кен-барлау кеңсесі Жезді. Найзатас жерінде 30 скважина бұрғылап, 998,2 мың т марганец, оның ішінде 620 мың т өндірістік марганец кенін барлап, тиісті орындарға бекітуге ұсынды. Елдегі ауыр жағдайды түзету үшін ҚазКСР Үкіметі 1942 ж. наурызда Одақтық Үкіметке Жезді марганец кенін өндіруді кеніш құрылысымен қатар жүргізу жөнінде ұсынысын жолдады. 1942 ж. 25 сәуірде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің Шығыс металлургиялық заводында ферромарганецті балқытуды қамтамасыз ету туралы белгілі №88 Қаулысы шықты. Осы күн Жезді марганец кенішінің туған күні болып есептеледі.

Сәуірдің соңына қарай Жездіге марганец кен басқармасының басқарушысы Н.Ф. Михайлов келді. Ол бұрын Оралдағы Бакал кенішін, Кривой Рог тау-кен комбинатын басқарған еді. Кеніштің партия ұйымының хатшысы болып Ворошиловоград обл. партия комитетінің бұрынғы хатшысы М.А. Григорьев сайланды.

Маусымның басында «Москва», «Кривой Рог», «Липецк», т.б. деп аталған киіз үй қалашықтары пайда болды. Жездіге қорабына «Майдан үшін!» деп жазылған тақтайша бекітілген 200 ГАЗ-АА жеткізілді. Жезді марганец кен орнының 10-телімінде жер бетін аршуға бағытталған жарылыс жасалды. Кен кесектерін жинауға бүкіл кент тұрғындары, инженер-техник қызметкерлер, қарттар, тіпті балалар жаппай жұмылды. 12 маусымда Жезқ. теміржол ст-нан Жезді марганец кентасы тиелген эшелон Орал және Сібір заводтарына жол тартты. Кеніш 1942 ж. – 83100, 1943 ж. – 160600, 1944 ж. – 138100, 1945 ж. 113600 т жоғары сапалы кен өндірді. Жезді кен басқармасы Кеңес Одағы ыдырап, экономикалық байланыстар үзілген шаққа дейін (1995) ырғақты жұмыс істеп келді.

Жезді (Үлкен Жезді) өзені – Сарысу алабындағы өз. Ұлытаудың оңт-нен басталып, Жезқ. қ. маңынан Кеңгір өз-не құяды. Ұз. – 108 км, су жинайтын ала-

бы – 3850 км². Арнасы тік жар. Қар, жаңбыр суымен толығады. Сәуір айының бас кезінде ғана су тасып ағады. Жазда ірімдерге, қарасуларға бөлініп қалады. Аңғарының ені – 2-3 км. Жылдық орташа су ағыны – 1,22 м³/с. Кішігірім 16 саласы бар. Негізгі салалары – Күнкүйген, Үлкенсай, Қарабұлақ, Сағымсай, Нарсай өз-дері. Олардың ұз. 10 км-ден аспайды. Суы түрлі мақсаттарға қолданылады.

Жезді марганец кені – Ұлытаудан 70 км жерде орналасқан. Кен орны 1941 ж. Қ. Сәтбаевтың басшылығымен жедел барланып, 1942 ж. көктемде іске қосылған. Кен алаңы жоғ. девонның ірі малталы конгломераттарынан, аркозды құмтастар мен кремнийлі әктастардан құрылған. Жезді кентінің маңайында бұл жыныстар Есқула антиклиналінің оңт.-батыс қанатында орналасқан. Кен алаңын Жезді, Қарсақбай, Ақадыр сырғу жарылымдары оңт.-батыс, орт. және солт.-шығыс блоктарға бөледі. Кен денелері тақта, линза және желі түрінде Үйтас қабатының конгломератында орналасқан. Солт.-батысқа қарай 5 км-ге созылып, екі қатар белдем құрайды, қалыңд. солт.-батысында – 120 м, оңт.-шығысында – 40 м. Геол. қимасында 6-7 кен қабаттары бос жыныстармен кезектесе орналасқан. Кен қабаттарының қалыңд. – 1-12 м-ден 30 м-ге дейін, желілердің қалыңд. – 0,1-0,5 м. Кен түзуші минералдар: браунит, гематит, магнетит, якобсит, псиломелан, пиролюзит және лимонит. Кентас сапасы өте жоғары.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы – Қаз КСР Министрлер Кеңесінің 02.12.1988 ж. №285-р Жарлығы бойынша ұйымдастырылған. Мұражай қоры 1986-1988 жж. жергілікті өлкетанушы М. Тәрегелдиннің бастамасымен Жезқ. обл. тарихи-өлкетану мұражайының ғыл.-зерттеу бөлімі болып ашылған кезеңінен жинақтала бастаған. Мұражай Сарыарқаны басып өтетін ежелгі керуен жолдары мен орта ғасырдағы Ұлы Жібек жолының Ұлытау арқылы Ресейге шығатын маңызды тармағында орналасқан. Өзінің тақырыптық ерекшелігі, экспозициясының құрылымы, жәдігерлерінің құндылығы жөнінен Орта Азия, ТМД елдерінде кездеспейтін бірегей орт. болып есептеледі. Акад. Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан зерттеулері негізінде экспозиция концепциясы жалпы тарихи дәуірлер шеңберінде халқымыздың ата кәсіптерінің бірі саналатын металл қорыту ісінің пайда болып, бүгінгі замандарға дейінгі даму сабақтастығын көрсетуге негізделген. Мұражайдың экспонат қоры осы тақырыпқа сәйкес жүйеленіп, 7 негізгі экспозициялық залдар мен ашық аспан астындағы алаңдарда көрмеленеді. Жезқ. аймағындағы ең ежелгі металлургиялық қоныстар қазіргі мыс алыптарының технологиясымен салыстырмалы түрде көрсетіледі.

Мұражай экспозициясының басты бір құндылығы – ашық аспан астындағы көрме алаңдары. Негізгі жәдігерлер – ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басында өлкедегі тау-кен, мыс, қорғасын, көмір өндірістерінде қолданылған шетелдік техникалар мен жабдықтардың толық нұсқалары мен фрагменттері, өлкеге келген алғашқы отарба, жүк вагондары мен алғашқы ауыл серіктестерінде жұмыс істеген а.ш. техникалары, Байқоңыр айлағынан ұшырылған ғарыш кемесінің бөлшегі, сол сияқты, Жезқ., Балқаш, Жәйрем, Саяқ, Қоңырат, Ақтас, Жезді кеніштерінен жеткізілген үлкен көлемді, құрамы сан алуан тау жыныстарының табиғи үлгілері. Мұражайдың ашық аспан астындағы көрмелері арқылы түйе арбадан – ғарыш кемесіне дейінгі, ежелгі тас ошақ, көрік пештен – қазіргі мыс қорыту заводына дейінгі мыңжылдықтар тарихымен танысып шығуға мүмкіндік бар.

Тау-кен және металлургия тарихына арналған ерекше мұражайдың тақырыптық-экспозициялық жоспарын жасауға белгілі этнограф-ғалым Ө. Жәнібеков, геолог А. Абдуллин, тарихшы М. Қозыбаев, археолог К. Ақышев, кенші ғалым Ә. Сағынов қол ұшын берді. Металл қорыту кәсібінің көне қыр-сырымен мұражайдың ежелгі заводтары арқылы

тачысуға болады. Милықұдық. Атасу металл қорыту көрік пештерінің жұмыс істейтін үлгісін жасауға ғалым Ғ. Ақпанбек, өндіріс шеберлері Қ. Мәткенов, С. Ұлданов, өлкетанушы К. Балкенов үлкен үлес қосқан. Мұражай тарихындағы ерекше күн – 1994 ж. 3 қарашада ҚР Президенті Н. Назарбаев осыдан 4-5 мың жыл бұрын тірлік кешкен ата-бабалар әдісімен Милықұдық үлгісіндегі пеште балқытылған металдан балға құйып, мұражайға сақтауға қалдырды. Бұл бүгінде аса құнды жәдігерлер топтамасына енгізілген.

Мұражай – жалпы аум. 4 га табиғат ландшафтын құрайтын біртұтас тарихи-мәдени комплекс. Ашық аспан астындағы көрме алаңдарының аум. 3 га-дан астам, экспозициялық залдар жал. 916 шаршы м құрайды. Мұнда үш ғыл.-зерттеу – тау-кен және балқыту ісінің тарихы, көрме-экспозиция және көпшілік-экскурсия, қор сақтау бөлімдері жұмыс істейді. Мұражай қорында 17 мыңға жуық бағалы экспонат бар, оның 12 мыңы негізгі қор, яғни түпнұсқа жәдігерлер болып табылады. Сол сияқты 6 мыңға жуық сирек техникалық әдебиеттер мен анықтамалықтар, қоғамдық-саяси, көркем әдебиеттер мен басылымдар жинақталған кітапхана қоры бар. Келушілер үшін көрме-демонстрация және дәріс залдары жұмыс істейді. ҚР Үкіметінің 2015 ж. 16 ақпандағы №61 қаулысымен мұражайға оны ұйымдастырушы және тұңғыш директоры Мәкен Терегелдиннің есімі берілді.

Д. Марғұлан

Жезді орта мектеп-интернаты 1961-1962 оқу жылында ашылды. 464 оқушыға барлық қажетті жағдай қарастырылған, стандартқа сәйкес ғимараты бар. Ұлытау өңіріндегі алыс жайылымдардағы қыстақтар мен ауылдардағы шопандардың, бақташылардың, мәдени-әлеум. сала қызметкерлері балаларының орта білім алуына барлық жағдай жасалған. 1962 ж. бері 1570 ауыл баласы мектеп-интернатты бітіріп, мемлекеттік аттестатпен үлкен жолға аттанды.

Нарыққа көшу жылдары мектептің оқу-материалдық базасы, тұрмыстық қызмет нысандарының жай-күйі төмендеді. Мемлекеттің білім саласындағы саясатына сәйкес жағдайды оңалтудың шаралары қарастырылуда. Ауд. бюджеттен қаржы бөлініп, оқу корпусы, жатақханалар, қосалқы қызмет нысандары жөнделіп жатыр. Мектеп-интернатта оқу қайта басталды.

Жезқазған ботаника бағы – ҚР БжҒ министрлігіне қарасты Ботаника және фитоинтродукция инст-ның құрамындағы ғыл.-зерттеу мекемесі. 1939 ж. Жезқ-да КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің ғыл.-зерттеу базасы ретінде құрылды. Ол Жезқ. өнеркәсіп ауд-ның елді мекендерін көгалдандыру және а.ш. игеру жұмыстарымен шұғылданды. Оның негізінде 1966-1994 жж. Ұлытау тауының, Жезқ. қ-ның төңірегінде, Жезді, Қаракеңгір, Сарыкеңгір өз. жағалауларында өсетін 300-ден астам жабайы өсімдік түрлері сынақтан өтіп, оның 180-нен астамы елді мекендерді көгалдандыруға пайдаланылды.

1957 ж. ботаника бағы Жезқ. қ-нын оңтүне қарай 4 км жерде, Қаракеңгір өз. оң жағалауында акад. Қ. Сәтбаевтың тікелей басшылығымен құрылған. Ауд. – 62 га. Ж.б.б. тұрған жердің климаты тым континенттік, жазы құрғақ, ыстық, қысы суық, желді. Топырағы құнарсыз, жерсіндірілген өсімдіктер қолдан суарылады. Ж.б.б-ның ғыл.-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары: Орт. Қазақстандағы өсімдіктер дүниесін қорғау; пайдалы өсімдіктер түрлерін өсіріп, оның қорын көбейту; басқа жерлерден әкеліп отырғызылған өсімдіктерді жерсіндіру және олардың биологиялық-экологиялық ерекшеліктерін зерттеу; аймақтағы өнд. орт-рын көгалдандыру. Бақта жоғары сатыдағы өсімдіктердің 1,5 мыңдай түрі бар. Соның ішінде ағаш пен бұталардың 350-дей, сәндік өсімдіктердің – 470, жеміс-жидек өсімдіктерінің – 240, көкөністің – 60, осы аймақта өсетін, жойылу қаупі бар эндемик өсімдіктердің 22 түрі өседі. Ж.б.б. табиғатты қорғау бағытында Орт. Қазақстанда сирек кезде-

сетін өсімдік түрлерін зерттеу жұмысын жүргізеді.

Жезқазған кешенді кен барлау экспедициясы – 1929 ж. Қ. Сәтбаев ұйымдастырған Қазақстандағы алғашқы кен барлау экспедициясы. Қарсақбай мыс балқыту комбинатының геол. бөлімі негізінде арнайы Геол. кеңсе құрылып, ол 1957 ж. Жезқ. кен барлау экспедициясы болып қайта қалыптасты. Экспедиция Қарағанды обл. оңт.-батысындағы 100 мың $км^2$ жерді барлау мақсатында құрылған. Бұл экспедиция көп жылдық жұмысында мыс, қорғасын, мырыш, марганец, көк асбест пен судың, т.б. қазба байлықтың бай қорларын ашты әрі Шетейт ауданда жер асты суларының бірнеше дариясын тауып, барлап, өнеркәсіп торабының, ауылдың тіршілік нәріне қажетін толық өтейтін қорды анықтады. Экспедиция ЖКМК-на қажетті көлемде қазба кендер қорымен қамтамасыз етті. Экспедиция ұжымы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Октябрь революциясы орденімен (1966) марапатталды.

Әдеб.: Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия.
М. Сейтжанов

Жезқазған кен-металлургия комбинаты – одақтық маңызы бар түсті металлургияның ірі кәсіпорны. Қарсақбай мемлекеттік мыс комбинаты Жезқ. мыс кен орнын игере бастады. Әуелде жаңадан іске қосылған мыс қорытатын заводты мыс кентасымен қамтамасыз ету мақсат болса, Қ. Сәтбаев бастаған геологтардың Жезқазғанда Одақта теңдесі жоқ мыс кені қорын ашуына байланысты Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысын бастау күн тәртібіне қойылды. 1936 ж. құрылыс басталғанымен, оның қарқыны мен көлемі өте мардымсыз болды. Тек 1938 ж. №31 және көмекші №32, қуаты одан күштірек «Покро-центр», «Петро-центр» шахталарының құрылысы қарқын алып, 1940 ж. алғашқы өнімді берді. Уақытша Кеңгір плотинасы салынды. 1940 ж. Кеңес Үкіметі Үлкен Жезқазған құрылысын КСРО ІІМ-нің ГУЛАГ-ына тапсырды.

Үлкен Жезқазғандағы орасан құрылыс және өндіріс істерін басқару, үйлестіру мен өнім өндіру жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді түрлері іздестірілді. 1958 ж. 16 шілдеде Қарағанды экономикалық әкімшілік ауд. халық шаруашылығы кеңесі ЖКМК құру туралы Жарлық шығарды. Комбинат құрамына Жезқ. кен басқармасы, Жезқ. мыс заводы (бұл кезде байыту фабрика іске қосылған), Қарсақбай мыс балқыту заводы енгізілді. Бұл басшылықты орталықтандыруға, оны жедел және икемді жүргізуге мүмкіндік берді.

1992 ж. Жезқ. комбинаты «Жезқазғантүстіметалл» ғыл.-өндірістік бірлестігі болып қайта құрылды. Комбинат 1986-1991 жж. тауарлы өнімді жоспарға қарағанда 11% көп өндірді. Таза пайда 967 млн. сом немесе белгіленген межеден 160 млн. сом асып түсті. Жоғары сапалы катод мысы, алтын, күміс, селен, теллур, тауарлы қорғасын, тозаңдағы қорғасын, цинк, кадмий, висмут, перренат аммонийіндегі рений, концентраттағы осьмий, күкірт қышқылы шығарылды. Кеншілер бір жұмысшыға шаққанда орта есеппен бір ауысымда 6,72 текше м кенді жер бетіне көтерді немесе бұл одақтық көрсеткіштен 2,3 есе көп болатын. 1974 ж. 19 қарашада заводтың қара мыс өндірісінің екінші кезегі іске қосылды. Сөйтіп, осы күні кен өндіруден металл қорытуға дейінгі толық циклды қамтитын Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысы аяқталды. ЖКМК-ның 9 өндіріс озатына Социалистік Еңбек Ері құрметті атағы берілді. Олардың ішінде комбинаттың директоры Виктор Васильевич Гурба, Жезқ. кен басқармасының көп жыл тізгінін ұстаған Мұқит Құлжанұлы Бөпежанов, кеніште шахта салушылар мектебін қалыптастырған, ел таныған тау-кен ұйымдастырушы Ғазиз Омаров, екпінді еңбегімен ерекше көзге түскен Ұлытаудың ұландары Әубәкір Құсайынов, Қазымхан Кентаев бар.

1966 ж. өндірістегі табыстары үшін ЖКМК Ленин орденімен марапатталды.

С. Қожамсейітов

Жезқазған қаласы. Қ-нын негізі 1936 ж. қаланған. 1939 ж. 3207 адам тұрды. 1941 ж. 23 мамырда Үлкен Жезқазған елді мекені жұмысшы қалашығы қатарына жатқызылды. 1954 ж. 20 желтоқсанда қала мәртебесіне ие болды, 1973-1997 жж. аттас обл. әкімшілік орт-ғы, теміржол ст. Қала халқы – 95,1 мың (2005), 89 мың (2014) адам.

«Қазақмыс» корпорациясының «Жезқазғантүстіметалл» ӨБ, Жезқ. мыс қорыту заводы, «Жезқазғансирекметалл» мемл. кәсіпорыны, Қарғанды құю-механикалық заводының бөлімшесі, т.б. орналасқан. Ө. Байқоңыров ат. Жезқ. университеті, 10 колледж, 14 орта мектеп, С. Қожамқұлов ат. музыкалы-драма театры, филармония, 2 мұражай, мұрағат, спорт сарайы, стадион, қалалық орт. ауруxана, «Самсунг» медицина орт-ғы, отбасылық амбулаториялар жұмыс істейді.

Ж.қ-ның даму жоспары 2011 ж. бекітілген. Абылай ханға, Қ. Сәтбаевқа, С. Сейфуллинге, А. Имановқа, Ә. Жангелдинге және көтерілісші сарбаздарға, ҰОС-на қатысқан жезқазғандықтарға ескерткіштер орнатылған. Ж.қ. арқылы Қарағанды – Жезқазған – Жезді, Жезқазған – Бейнеу, Жезқазған – Шұбаркөл – Арқалық теміржолдары өтеді. Сондай-ақ, респ. маңызға ие әуе және автокөлік жолдары бар.

С. Қожамсейітов

Жезқазған мыс кен орны – Ұлытау өңірінде, Жезқ. қ-нан солт.-батысқа қарай 25 км қашықтықта орналасқан. Кен орнында энеолит заманында (б.з.д. 5000-6000 жж.) сақтар кен өндіріп, мыс пен қола балқытқан. Қазіргі заманғы алғашқы мыс кәсіпшілігін 1847 ж. Ушаков ашқан. 1904 ж. кен орны ағылшындардың «Атбасар мыс кентасы» қоғамына концессияға берілді. Кен барлау жұмыстары 1925 ж. кең көлемде жүргізіле бастады. Бірінші отандық мыс 1928 ж. Қарсақбай комбинатында балқытылды. Акад. Қ. Сәтбаевтың 1929 ж. қолға алуымен басталған геол. барлау жұмыстары үздіксіз жүргізілген.

Жезқ. мыс кенінің геол. құрылымы таскөмір, пермь және кайнозой шөгінділерінен құралған. Таскөмір жүйесінің орта және жоғарғы бөлімдерін қамтитын кен қабаттары Тасқұдық, Жезқ. свиталарына жіктеледі. Қалыңд. 250-300 м Тасқұдық свитасы 3 кенді горизонт құрайтын қызыл және сұр түсті 16 қабаттан тұрады. Қалыңд. 350-400 м Жезқ. свитасы 7 кенді горизонт түзетін қызыл және сұр түсті 36 қабаттан тұрады. Бұл қабаттар литол құрамы бойынша қызыл және сұр түсті аргиллит, алевролит, құмтастан және аз мөлшерде жұмыртас, жентектас, әктас қабаттарынан тұрады. Кен сұр түсті құмтас қабаттарында шоғырланған. Тектоникалық құрылымына шығыс жағын шектейтін меридиан бағыттағы Шығыс-Ұлытау, оңт-тен Теректі терең жарылымдары кіреді. Жезқ. синклиналі аумағында орналасқан кенді алаң Спасск мульдасы, Ақши күмбезі, Златоуст мульдасы, Кресто күмбезі, Анненск мульдасы және Анненск күмбезі атты бірінен бірі флексурапармен бөлінген құрылымдардан тұрады. Жезқ. мыс кені алты геол.-өндірістік учаскеге бөлінген: Ақши-Спасск, Оңт.-Батыс Покро, Солт. Покро, Златоуст, Кресто және Анненск. Кеннің минералдық құрамы: борнит, халькозин, халькопирит, галенит, бетехтинит, сфалерит, пирит, домейкит, арсенопирит, альгондит. Тереңд. – 10-60 м, тотығу белдемінде азурит, малахит, хризоколла, куприт, элит және таза мыс түзіледі. Негізгі кен құрамдас бөліктері: мыс, мырыш, қорғасын, қосымша Au, Ag, Re, Os, Mo, Ni, Co, Cd, Ge, Se, Te, Ga, S, т.б. Кен денелері таспа, линза, кейде күрделі пішінді. Инж.-геол. жағдайлары бойынша кен алаңдары оңтайлы, орташа, күрделі және өте күрделі түрлерге бөлінеді. Кен өндіру ашық және жер асты әдістерімен жүргізіледі.

Жезқазған облысы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1973 ж. 20 наурыздағы Жарлығымен құрылды. Облтың әкімшілік орт-ғы – Жезқ. қ. Оның құрамына Қарағанды обл-ның Жезқ., Балқаш, Приозерск және Қаражал қалалары қалалық кеңеске бағынатын кенттермен, ауылд. кеңестермен қоса Ақтоғай, Жезді, Ұлытау, Жанаарқа, Шет

ауд-ры берілді. Ж.о. құрамында орт-ғы Ақадыр қалашығы болып табылатын Ақадыр ауд. құрылып, оған Шет ауд-ның Ақадыр, Ақжал, Ақшатау, Қайрақты кенттері, Ақбұлақ, Ақсарлы, Тағылы ауылд. кеңестері, Қаражал калалық кеңесінің Жамбыл кенті, Жаңаарқа ауд-нан Ақтау, Қызылтау және Ортау ауылд. кеңестері енгізілді. Кейін Сәтбаев (Никольский) қ-сы, Тоқырауын (Приозерный) ауд. құрылды. Облыс Ақтөбе, Торғай, Целиноград, Қарағанды, Семей, Жамбыл, Шымкент, Қызылорда обл-мен шекаралас болды. Жер көл. – 313,3 мың шаршы км, а.ш. жерінің көл. – 25 млн. га, оның ішінде егістік – 513,4 мың га, шабындық – 387,2 мың га, жайылым – 24,1 млн. га, халқы – 433,5 мың (1973), 497 мың адам (1997).

Обл-та 5 қала, 7 селолық ауд., 22 кенттік, 61 ауылд. кеңестер болды. 1973-1997 жж. мысты өлке мәдени-әлеум. және экономикалық жағынан дамыды. Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысы аяқталды. Жәйрем, Ақжал кен-байыту комбинаттары іске қосылды. Балқаш кен-металлургия комбинатының өндірістік қуаты артты. Тұрғын үй құрылысы қарқынды жүрді. Обл-та екі инст. ашылды, музыкалы-драма театры, қуыршақ театры, филармония шымылдығын көтерді. 10 техникум, 153 орта мектеп, 242 клуб, 300 көпшілік кітапхана, 12 мұрағат, 7 мұражай болды. Екі обл. газет, обл. телерадио хабарларын тарату компаниясы, 13 қалалық және т.б. газеттер обл. өмірінің айнасы болды. Обл. партия комитетінің бірінші хатшылары: К.С. Лосев (1973-1982), Н.Г. Давыдов (1982-1988), Е.Г. Ежиков-Бабаханов (1988-1990), Ю.В. Груздев (1990-1991), облатком төрағалары: К.Б. Жұмабеков (1973-1988), Ш. Шардарбеков (1988-1990), Қ. Медиев (1990-1992), обл. кеңес төрағасы: Ш. Шардарбеков (1990-1993), Е. Құттымбетов (1993), обл. әкімшілігінің басшысы: Г.П. Юрченко (1992), А.Г. Саламатин (1994), обл. әкімі: Қ.И. Нағманов (1994-1996), Е.Б. Смаилов (1996-1997).

ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 1997 ж. 3 мамырдағы Жарлығымен Ж.о. таратылды, аумағы Қарағанды обл. аумағына кірді.

Жезқазған темір жолы – Қазақ темір жолына қарайтын, Еуропа мен Парсы шығанағын Қытаймен, Жезқ-ды Арқалықпен, Қарағандымен байланыстыратын жол торабы. Қарағанды-Жезқазған т.ж. салуды техникалық-экономикалық жағынан негіздеуді КСРО Жол қатынастары халкоматы 1931 ж. бастаған. Жобалаушы-барлаушылар жолды кедір-бұдыры аз, жері тегіс, барынша жазыққа бағыттап, негізгі сорабын анықтап шықты. Бұл жолды жаңадан салынған Қарағанды – Балқаш темір жолының арасында жатқан Нілді разъезінен тарту керек деген шешім болды. Жол құрылысы 1936 ж. басталды. Оны 1937 ж. іске қосу үшін миллиондаған текше м топырақ аудару, 7 көпір салу, 414 км шойын жол төсеу, 50 мың текше м балласт жазу, 28 өнд. және азаматтық ғимараттарды тұрғызу, телефон-телеграф желісін тарту қажет болды. Жолдың 136 км Қарсақбай (Жезқазған) ауд. аумағынан өтетін. Сондықтан жолға жіберілген коммунистер мен комсомолдардың басым көпшілігі жезқазғандықтар еді. «Жезказган жолы», «Джезказганский путь» газеттері 5 күн сайын шығып тұрды. Көмекке колхозшылар келді, стахановшылық екпінді онкүндіктер өтіп тұрды. 1937 ж. 11 қарашада «Қазжолқұрылысы» трестінің стахановшы құрылысшылары мінген поезд Үлкен Жезқазғанға жетті. 1938 ж. бұған қоса жол желісіне жалғастырыла Жезқ. кеніміне дейін 27 км шойын жол төселді, ал 1942 ж. темір жол марганец өндіріп жатқан Жезді кентіне жетті. Локомотив депосы 1940 ж. бой көтерді. Жылына Жезқ. ст-нан тек бұрынғы Қарағанды желісі бойынша 118,2 мың вагон-т жүк, 258 мың жолаушы тасымалданады.

С. Қожамсейітов

Жезқазған университеті – Ө. Байқоңыров ат. жоғары білім беретін жекеменшік оқу орны. 1996 ж. 7 мамырда ҚР Үкіметінің №573 Қаулысы негізінде Жезқ. тау-кен технологиялық және педагогтік

инст-рын біріктіру жолымен құрылды. ҚР БжҒ министрлігінің 2001 ж. 3 тамыздағы бұйрығымен Ж.у-не А №0000035 мемл. аккредитациялау туралы куәлігі берілді. Үкіметтің «Білім беру қызметін лицензиялау Ережелерін бекіту туралы» 2000 ж. 18 сәуірдегі №596 Қаулысына сәйкес, 2002 ж. 9 ақпанда жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру саласында білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін АА №0000019 мемл. лицензиясы берілді. Ө. Байқоңыров ат. Жезқ. универс-нің қызметі халықар. деңгейде танылған. Универс. 30-дан астам мамандық бойынша кадрлар даярлайды.

Жезқазғанит – минерал, рений сульфиді. Хим. формуласы – $(Re_1Mo)S_2$. 1961 ж. Т.А. Сәтбаева мен Е.М. Поплавко Жезқ. кентастарын зерттеу барысында алғаш тауып, ж-тің толық құрамын және құрылымын анықтаған. Ж. халькозин-борнит кентастарының ішінде жіп, ілмек, глобулдер немесе сопақ сфера пішінді бөлшектер түрінде түзіледі. Ж. түйіршіктері микроскоппен 1000-20000 есе үлғайтқанда ғана көрінеді. Электр тогын өткізгіш. Шағылысқан жарық сәулесінде – қоңырлау күлгін, иммерсияда – қоңырлана түседі.

Жезқазған – Сексеуіл – Бейнеу трансконтиненттік темір жолы 2014 ж. 22 тамызда жүк таси бастады. Азия мен Парсы шығанағы, Еуропа елдері арасында тікелей темір жол байланысы орнатылды. Қытайдан Еуропаға жүк жіберу және Еуропадан Қытайға тасу уақыты транзиттік дәліздің қазақстандық участогында үш есе дерлік кеміді. Мұның халық шаруашылығы үшін маңызын мына бір мысал дәлелдеп тұр. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ өзінің 1,5 млн. тонна өнімін Ақтау порты арқылы Кавказ, Иран, Ирак, т.б. елдерге шығарады, ал жаңа жол қашықтықты 500 км қысқартады.

Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл темір жолдары небәрі екі жыл ішінде салынды. Құрылыс кезінде 1200 км темір жол бойына 46 млн. текше м топырақ, құм төселді. 46 көпір және жол айырықтары қолдан жасалды, 570 су ағатын труба орнатылды, 4200 км қуаты ВЛ-110 35 және 10 киловольт электр желісі тартылды. 23 ст., 33 разъездің құрылысы жүріп жатыр, бірқатары 2015 ж. өзінде іске қосылды.

Жезқазған – Бейнеу темір жолының 300 км бөлігі Ұлытау ауд. арқылы өтеді. Қарсақбай, Байқоңыр, Көктал, Қосколсст-ры салынады, 8 разъезд бар. Мұның үстіне барлығы 60 км жол айырықтары, станцияаралық жолдар, бірнеше суағар көпірлер пайдалануға беріледі. Жұмыстың күрделілігін Жезді өз. үстінен түскен көпір айтып тұр. Ол тек жаңа темір жол бойында ғана емес, бүкіл Қарағанды обл-ғы ең үлкен көпір саналады. Оның ұз. – 144 м, биікт. – 27 м. Сондай-ақ, Ұлытау аймағында Шотыбассай, Құмола көпірлері – жаңа үлгідегі техн. талапқа сай құрылыстар.

Бұл жол толық қуатына шыққанда жылына 21 млн. тонна жүк тасылатын болады. Халықар. жолаушылар поезы жүре бастайды. Жезқ-да темір жол вокзалы қайта құрылымдалады. Қала іргесінде қуатты өнд. база және шағын қалашық іске қосылды. Жезқазған – Бейнеу темір жолының Ұлытау телімінде жүздеген адам жұмысқа тартылды. Темір жолдан ауд. бюджетіне түсетін қаржы қомақты. 2016 ж. 15 наурызынан бастап Жезқазған – Қызылорда бағытында жолаушылар поезы жүре бастады.

Жезқазған энциклопедиялық анықтамасы – Жезқ. қ-ның 50 жылдығы қарсаңында Ө. Байқоңыров ат. Жезқ. университеті 2004 ж. шығарған. Алматы қ-ғы «Эверо» баспасынан жарық көрді. 466 бет, таралымы – 700 дана. Бас редакторы – Сағындық Қожамсейітов. Энциклопедиялық анықтамада Жезқ. мыс кен орны, оны игеру, тау-кен және мыс қорыту ісінің озық технологиясы жайлы соңғы мәліметтер бар. Қаланың аграрлық секторы, құрылысы мен транспорты, мәдени-әлеум. салалар, қаланың алғашқы құрылысшылары, ғылымның, өнеркәсіптің, күрделі құрылыстың қайраткерлері жайлы біраз ақпарлар жарияланған. Энциклопедиядан Ұлытау ауд. мен аймағы жайлы мол дерек табуға болады.

Жек (жорға дуадақ) – дуадақ отрядына жататын құс. Тұрқы – 65-80 см, салм. – 1-2,5 кг, бауыры ақшыл, арқасы қара қоңыр дақты және көлденең күңгірт жолақты, сұрғылт сары түсті. Төбесінде бір топ айдар тәрізді ұзын қауырсындары, ал мойнында жаға

тәрізді ақ және қара ұзын қауырсындары болады. Солт. Африка және Азияда, шөл, шөлейт жерлерде кездеседі. Қазақстанда Үстірт, Маңқыстауда, Шалқар, Қарсақбайға дейінгі аймақта, Бетпақдалада, Балқаштың солт-де, Зайсанда, Оңт. Қаратауға дейін кездеседі. Ж. аулауға тыйым салынған.

Жекешат тас мүсіні – орта ғасырлардан сақталған ескерткіш. Ұлытау өңіріндегі Қаратороғай өз-нің бір саласы Бозай өз-нің Жекешат сайында орналасқан. 1946-1950 жж. ОҚАЭ (жетекшісі – Ә. Марғұлан) зерттеген. Мерзімі жағынан XIV ғ. жатады. Мүсіннің басты ерекшелігі – оның бұрынғы түрік дәуіріндегі салт-жоралғыдан басқаша, жаңа тарихи кезеңнің дәстүрімен қойылуында. Мүсін кішігірім тас обаның түрік кезеңіндегідей шығыс жағында емес, солт.-батысына орнатылған. Беті де солт.-батысқа қарайды. Қызғылт қоңырқай түсті құмайт тастан жонылған. Биікт. – 110 см, ені – 26-30 см, қалыңд. – 20 см. Мүсінші басына сәукеле киген келіншектің бейнесін кескіндеген. Ж.т.м. сипаты бойынша Орт. Қазақстан өңіріндегі тастан мүсін жасау дәстүрінің ең ақырғы кезеңіне жатады.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Желдіадыр – Ұлытау ауд-ның солт-дегі ұсақ шоқылы тау. Ендік бағытта доғаша иіліп жатқан суайрық. Абс. биікт. – 748 м (Сасықбастау), ұз. – 100-110 км, ені – 25-35 км. Девонның граниті мен тас көмірдің тақтатасынан, төм. жағы делювий, пролювий және аллювий шөгінділерінен түзілген. Қыркалы, күмбез тәрізді, жалды болып келеді. Терісаққан, Қыпшақ, Керей, Жақсыкөң, Сарыкеңгір, т.б. өз. суайрығы. Оңт.-батыс беткейінде Ащыкөл көлі бар. Топырағы қиыршықтасты, карбонатты бозғылт қоңыр. Беткейінде бетеге, жусан, селеу, аңғарында қайың, тал, көктерек, қараған аралас бұта өседі.

Жеңсікбаев Жүрсін (1934, ОҚО, Қарсақбай ауд., Өрнек а. – 2009, Қарсақбай кенті) 1951 ж. Қарсақбай металлургиялық цехында еңбек жолын бастаған. Аспалы кран жүргізушісі. 1965 ж. «ҚазКСР еңб. сің. металлургі» құрметті атағы берілген. Еңбектегі үздік жетістіктері үшін 1975 ж. III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен, 1978 ж. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Жетібаев Қарлыбай (05.10.1929, ОҚО, Қарсақбай ауд., Аралтөбе ауылкеңесі – 08.12.2016, Қарағанды обл.,

Жезк. қ.) Қарағанды мемл. пединст-ын (1965) бітірген. Орталау білімі бар жігіт 1944 ж. бастап Тасоба мал жайылымы бөлімшесінде бастауыш мектепте мұғалім болып істеген. Жаңадан ашылған Сарысу орта мектебінің директоры болып тағайындалып, жаңа білім отауының қалыптасу және кемелдену кезінде өзінің мүмкіндігін танытты. Білім саласында 50 жыл еңбек етті. Зайыбы Дариға Жекейқызы да 16 жасынан ұстаздық жолын бастап, өзінің өскен ауылында мектеп оқушыларына физика-математика пәнінен сабақ берді. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Ерлі-зайыпты мұғалімдер әулетінен 14 мұғалім шықты. Ж. – Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Жетіқоңыр – Ұлытау ауд. жеріндегі құмды алқап. Бетпақдаланың батысында, Сарысу өз. сол жағалауында орналасқан. Теңіз деңгейінен 280-300 м биіктікте жатыр. Оңт.-батыстан солт.-шығысқа қарай 65 км-ге созылған, енді жері – 20 км, аум. – 825 км². Ж-дың жер бедері қырқалы-төбешікті, кейбір жерлерінде шағылдар (биікт. 10 м-ге дейін) кездеседі. Ежелгі Сарысу өз-нің орта төрттік шөгінділерінен түзілген. Тұщы грунт суы жер бетіне таяу жатыр. Сортаңды құмды топырағында еркекшөп, теріскен, жусан, жүзгін басым түрлі шөптесіндер өскен. Жыл бойы жайылым ретінде пайдаланылады.

Жетіқыз – Торғай алабындағы өз. Ұлытаудың батыс беткейінен ағып шығатын бұлақтардың қосылуынан түзіледі. Сарыторғай өз-не құяды. Ұз. – 62 км, 12 саласы бар, ең ірісі – Көкалажар. Көпшілік жерінің жағасы биік, аңғары кең. Көктемгі еріген қар және жер асты суларымен толығады. Сәуірде тасиды, жаздың ыстық айларында қарасуларға бөлініп қалады. Өз. аңғарларында шабындық және жайылымдық жерлер, қыстаулар бар. Суы ауыз суға және мал суаруға пайдаланылады.

Живов Анатолий Павлович (1925, Ресей, Калуга обл., Таруса ауд., Кузьмищево с. – 04.04.1944, Украина, Тернополь қ.) – ІІ дүниежүзілік соғысқа қатысушы, байланысшы. 1942 ж. бір топ мәскеулік жұмысшылармен бірге Жезді кеніші құрылысына жұмысқа жіберілген. Қорғаныс өнеркәсібіне қажетті маңызды стратег. нысан Жезді марганец кені 38 күнде салынып бітті. Осы кеніште жұмыс істеп жүрген Ж. өз еркімен 1943 ж. мамырында майданға аттанды. Тернополь қ. көшелерінде болған кескілескен ұрыстарда жау амбразурасын өз денесімен жауып, ерлікпен қаза тапты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Ж-қа ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (23.09.1944). Ленин орденімен марапатталған.

Жиде – Білеуті (Қалмаққырылған) өз. алабындағы өз. Ұлытаудың оңт. беткейіндегі бұлақтар суының қосылуынан құралады. Ащылысай мекенінен солт-те Білеуті өз-не оң жағынан құяды. Ұз. – 48 км. Жағасы биік, аңғары кең. Қар және жер асты суларымен толығады. Сәуірде тасиды, жаздың ыстық айларында қарасуларға бөлініп қалады. Жалпы ұз. 65 км құрайтын 26 саласы бар. Ірілері: Жарқұдық, Шыныбайжиде. Орта ағысында шаруашылық қажеттілігіне сай бөген салынған. Өз. алабында жайылымдық жерлер мен қыстаулар бар. Суы мал суаруға пайдаланылады.

Жидек дақылдары – шырынды жидегі бар көпжылдық бұталар, жартылай бұталар және шөптесін өсімдіктер тобы. Ж.д-на бүлдірген, қарақат, таңқурай, түшала, мүкжидек, көкжидек, шырғанақ, қожақат (қара бүлдірген), т.б. жатады. Жабайы өсетін ж.д-нан қызылжидек, мүкжидек, қаражидектердің де маңызы зор. Ж.д. жемісінде органикалық қышқылдар, минералды тұздар, вита-

миндер, хош иісті заттар болады. Кейбір ж.д. жемісінің (қаражидек, таңқурай, қара жемісті шетен) дәрілік қасиеттері бар. Ж.д. ерте және жыл сайын жеміс береді (бүлдірген екінші, таңқурай үшінші, қарақат пен тұшала үшінші-төртінші жылдары). Ж.д. әр түрлі топырақ-климат жағдайларына жеңіл бейімделеді. Оларды вегетативтік жолмен көбейтеді. Ұлытау өңірінде ж.д. көпшілігі қолдан өсіріледі.

Жиделі – Торғай алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Бастауын Ақтас тауынан алып, Ақтас а-нан 25 км жерде Дулығалы өз-не сол жағынан құяды. Ұз. – 40 км. Жайылмасында Бірман, Талап, т.б. қыстаулар бар. Қуаңшылық жылдары қарасуларға бөлініп қалады. Арнасы тар. Жайылмасында бұталы өсімдіктер мен жусан, еркекшөп өседі. Мал суаруға пайдаланылады.

Жиделісай – Сарысу алабындағы өз. Ұлытау ауд-ғы Молалыжал жотасының солт. беткейінен ағып шығатын бұлақтар суының қосылуынан түзіледі. Тегісдала мекенінен батыста Қаракеңгір өз-не сол жағынан құяды. Ұз. – 27 км. Жағасы жайпақ, кең аңғармен ағады. Көктемгі еріген қар және жер асты суларымен толығады. Сәуірде суы тасиды, жаздың ыстық айларында қарасуларға бөлініп қалады. Өз. алабында жайылымдық жерлер мен қыстаулар бар.

Жолашаров Дәнбай Әбдірұлы (1923, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қарсақбай а. – 1991) – ҰОС-на қатысқан майдангер, ұстаз. ҚазКСР халық ағарту саласының үздігі. Қарағанды мемл. пед инст-ын (1951) бітірген. Тарихшы мұғалім. Ленинград майданының Волхов бағытындағы әскери қимылдарға, Белоруссияны азат етуге, жапон милитаризмін талқандауға қатысқан. 30 жылдан астам Аққеңсе орта мектебінде сабақ берді. Өз қатарларының арасында тарихты, қазақ елінің, өңірдің шежіресін терең білуімен ерекшеленді. II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Германияны жеңгені үшін», «Ерлік еңбегі үшін В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», т.б. бірнеше медальмен марапатталған.

Жолдыбай Кенжеболат Махмұтұлы (1951, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Жезді кенті) – саясаттанушы, журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қарағанды политех. инст-ын (1978), Л. Гумилев ат. ЕҰУ жанындағы Халықар. қатынастар инст-ын (2003), ҚР Үкіметі жанындағы мемл. қызметкерлерді даярлау және біліктілігін арттыру инст-ын (1998) бітірген. 1971-1998 жж. Жезді байыту фабрикасында машинист, автокөлік кәсіпорнында бас инженер, колонна бастығы, ҚарПТИ ЖФ-да ассистент, «Білім» қоғамы обл. бөлімшесі басқарма төрағасының орынбасары, Жезқ. облпарткомында жауапты қызметкер, ҚР Мемл. мүлік Жезқ. аймақтық комитеті бөлімінің бастығы, Халықар. «Қазақ тілі» қоғамы Жезқ. обл. ұйымы басқармасы төрағасының орынбасары, Ұлытау ауд. әкімінің орынбасары. ҚР Мәдениет, бұқаралық ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде бөлім бастығы (1998-2004) «Казахстанская правда» газеті және «Бәйтерек» журналы редакторының орынбасары (2003), «Заң» ААҚ өкілдігінің директоры (2003-2004), «Бұл жылдардың мен де бір куәсі...» (2001), «Мұратымыз: жер, ниет, ар тазалығы» (2002), т.б. кітаптардың авторы. «Құрмет» орденінің иегері.

Жолдыбаев Рахымбек (1940, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Жезді кенті – 2009, Жезқ. қ., Кеңгір кенті) Жезді марганец байыту фабрикасының құрылысына қатысып, кейін онда зейнетке шыққанша еңбек етті. Білікті, белсенді, жаңашыл жұмысшы болды. Ұлытау-Жезқазған өңірінде тұңғыш «ҚазКСР еңб. сің. өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағы берілді. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Жосалы – Қарсақбай алып-салмалы темір жолы – Қызылорда обл. Қармақшы ауд-ғы Жосалыдан Қарсақбайға баратын жол. 1914 ж. ағылшын алпауыттары Қарсақбайда салынатын мыс зауытына ауыр техника жабдықтарын темір жолмен біржола жеткізіп алмақ болады. Бес паровозға 278 вагонды тіркеп, ұз. 2 жарым км поезд құрамын жасақтайды. Оның алдынан 13 км жерге шпал төсеп, рельс тартып отырады. Поезд сол жолмен жүріп өтеді де, шетіне жетіп тоқтайды, поезд құрамының арт жағында қалған темір жолды жинап алып, қайтадан алға төсейді. Осылайша 430 км жерді 3 жылда жүріп өтіп, зауыт жабдықтарын Қарсақбайға 1917 ж. 14 қазанда жеткізеді. Тар табанды темір жол салу Жезқ. тарихи-археологиялық мұражайында «Жосалы жолы» диорамасында бейнеленген. Жезді тау-кен және балқыту ісі мұражайында Қарсақбайға келген алғашқы поезд экспонат ретінде сақтаулы.

Жошы хан (1187, Моңғолия – 1227, Ұлытау) – Шыңғыс ханның үлкен ұлы, әскер қолбасшысы. Жошы ұлысының негізін қалаушы. 1206 ж. Шыңғыс хан керей, найман, меркіт, т.б. тайпаларды бір орт-қа біріктіргеннен кейін, Жошы жасағымен 1207-1212 жж. аралығында Оңт. Сібірді, Алтайды, Шығ. Түркістан жерлерін өзіне бағындырды. 1211-1215 жж. Жошы Қытайды жаулау жорығына қатысады. 1216 ж. батысқа қашқан меркіттерді тас-талқан етуге аттанады. Жошы мен меркіттердің әскерлері Ырғыз өз. бойында кездесіп шайқасқаннан кейін меркіттер жан-жаққа қашады. 1224 ж. Шыңғыс хан сартауылын жаулап алып, шығысқа аттанғанда Жошы Қыпшақта қалып, өз үлесінің шаруаларын ретке келтірумен айналысады. Ұлытауға көк туын тігіп, ордасын Кеңгір өз. бойындағы Орда Базар қалашығына орналастырып, оның қауіпсіздігін Кеті бұқа мыңқолдың сенімді бағаналы-балталы гвардиясына жүктейді. Бағаналылар Ұлытаудың оңтгін, ал балталылар солт-гін жайлайды. Өмірінің соңына дейін Жошы Ұлытау өңірін мекен еткен. Мазары Жезқ. қ-нан 55 км жердегі Кеңгір өз. сол жағалауында орналасқан.

М. Сейтжанов

Жошы ұлысы (үлесі) – 1223 ж. Шыңғыс хан ұйымдастырған Құланбасыдағы құрылтайдың шешімімен негізі қаланған мемлекет. Астанасы Батудың Еуропа жорығын аяқтағанына дейін Ұлытауда Кеңгір өз. бойындағы Орда Базар қ-да орналасқан. Жұбайнидың айтуы бойынша, Ж.ұ. Ертістен батысқа қарай жатқан кең даланы алып, Жетісудағы Қаялық пен Хорезмнен бастап Саксын мен Бұлғарға және мыңқол аттарының тұяғы тиген жерлерге дейін жеткен. Жошы дүние салғаннан кейін Шыңғыс хан ұлысты Жошының ұлдары Бату мен Орда-Еженге, алтын және күміс босағалы киіз үй тігіп, бөліп береді. 1235-1242 жж. Еуропа жорығынан кейін Бату мемлекет астанасын Еділ өз. төменгі ағысына көшіріп, Бату Сарайы атты қ. са-

лады. XV г. ұлыс егемен мемлекеттерге бөлініп, ыдырай бастайды.

М. Сейтжанов

Жошы хан кесенесі – Кеңгір өз. сол жағалауында, Жезқ-ның солт.-шығысынан 55 км қашықтықта орналасқан. ОҚАЭ 1946 және 1973 жж. зерттеген Кесене – тікбұрышты пішінді, сүйір аркасы бар портал. Композициясы бойынша екі күмбезі бар порталды-күмбезді құрылыс. Сыртқы сәнді күмбез көгілдір глазурь тақталарымен қапталған және сондай көк тақтамен қапталған он жетінші барабанда орнатылған. Ішкі жартылай сфералық күмбез шеңбер қатарлармен ерітінді төселген. Қабырғалары тегіс сыланбаған. Еденге шаршы кірпіштер төселген. Құрылысқа 30х30х6, 30х15х5, 25х25х6 см өлшеміндегі кірпіштер қолданылған. Сыртқы периметр бойынша кесененің өлшемдері – 9,5х7,0 м, іші бойынша – 5,25х5,25 м. Жалпы биікт. – 8 м. Кесене 2000 ж. қалпына келтірілген.

М. Сейтжанов

Жувейни Мұхаммед (Ала ад-Дін Ата Мәлік ибн Бехе ад-Дін Мұхаммед Жуайни) (1226-1283) – парсы тарихшысы әрі мемлекет қайраткері. «Тарих-и жаһангушай» («Әлемді бағындырушының тарихы») атты еңбегінде Оңт. Қазақстан, Жетісу, Сырдария өңірінің XII-XIII ғғ. сыртқы саяси жағдайы туралы жазған. Құлағу хан Иранды билеген тұста, 1256 ж. Ж. Хорасанды биледі. Құлағудың жорықтарына бірге қатысып, көп оқиғаны көзімен көреді. Құлағу хан Бағдатты жаулап алып, Ж-ді сол қ-ны басқаруға тағайындайды. Ж. – бізге жеткен бірнеше ірі еңбектердің авторы. Оның ішінде «Тарихи жаһангушай» атты 3 томдық еңбегі ерекше орын алады. Жеті жыл жазған бұл кітабында Ж. Шыңғыс хан империясының түрік, моңғол тайпалары туралы құнды деректер қалдырған.

М. Сейтжанов

Жусан (Artemisia) – Ұлытау ауд-да өсетін күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде бір не екіжылдық шөптесін өсімдіктер тегі, кебіне шала бұта. Қазақстанның барлық жерінде – шөл-шөлейтті далада, таулы жерлерде өсетін 81 түрі бар. Биікт. – 10-60 см, кейде 1.5-2 м-дей болады. Сабағы тік немесе жерге жайылып өседі. Жапырағы кезектесіп орналасқан, қауырсын тәрізді, шеті тілімденген, кейде бүтін жиекті. Ұсақ гүлі қос жынысты, сары түсті, себеттері көп, әбден піскен кезде шашыраңқы иіліп келген сыпыртқы гүлшоғырын құрайды. Шілдеден қыркүйекке дейін гүлдейді. Жемісі – тұқымша. Ж-ның 17 түрі сирек кездесетін эндемик түрге жатады, ал Қазақстанда ғана өсетін бір түрі – дермененің дәрілік шөп ретінде ерекше мәні бар. Шырғалжын жусанның жапырағы мен сабағын жеуге болады, құм жусаны құм тоқтату үшін пайдаланылады. Арасында улы түрі (таврий жусаны) де кездеседі, оны мал жемейді. Ж. – құнарлы мал азығы, дәрілік, бояуыш, тағамдық, витаминді, эфир майлы өсімдік. Мал ж-ды күз мезгілінде эфир майы кеуіп кеткенде бір-ақ жейді.

Жұмабаев Ахмет (1905, Жамбыл обл., Байқадам а. – 1978, Жезқ. обл., Жезді ауд., Қарсақбай кенті) 1930 ж. Ленинград мемл. универс-ін бітірген. Химия пәнінің мұғалімі. Қарсақбайдағы №1 орта мектепте химия, биология пәнінің оқытушысы. 1969 ж. Қарсақбайда ашылған акад. Қ. Сәтбаевтың мұражай-үйінің алғашқы меңгерушісі. Қ. Сәтбаевтың өмірі мен қызметіне қатысты Алматы, Томск, Баянауылға, ғалымның туған жері Аққелін а-на арнайы сапарлармен барып жинақтаған деректері бүгінде мұражайдың негізгі қорын құрайды. Мұражай-үй ғимаратының екінші жартысында отбасымен тұрған Ж. өмірінің соңына дейін осы мәдениет ошағының меңгерушісі, қор сақтаушысы, күзетшісі, бағбаны әрі экскурсия жүргізушісі қызметтерін бір өзі атқарды.

бинаттың бас энергетигінің орынбасары, бас энергетигі болып еңбек етті. 1993 ж. бастап «Қазақмыс» корпорациясының жылу беру орт-да бас инженер, электр желілері кәсіпорнының, энергетика басқармасының директоры. 2002 ж. «Жезқазған аймақтық электр қуатын тарату компаниясы» ААҚ бас директоры болып тағайындалған. Жезқазған-Ұлытау өңіріндегі подстанциялар мен желілерді қалпына келтіріп және жаңғыртып, аймаққа электр энергиясын берудің тұрақтылығына қол жеткізді. ҚР еңб. сің. энергетигі. Мемл. марапаттары бар.

Жұмыртқинов Абайділда (1883, Ақмола обл., Атбасар уезі, Сарысу болысы, №2 а. – 1974, сонда) – шопан. Қазан төңкерісінен кейін серіктестік (1925), одан кейін «Бірлестік» ұжымшарының (1930) мүшесі болды. Аға шопан болып еңбек етті. 1947 ж. отарындағы 440 саулыққа 541 қозы ертіп, енесінен айырғанға дейін аман сақтады. Күзде оның әрбір

қозысы 40-45 кг салмақ тартты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1948 ж. 5 тамыздағы Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Атақты шопан 75 жасында құрметті еңбек демалысына шықты.

Жұмабеков Хамзе Бижанұлы (1928, Павлодар обл., Павлодар ауд., Шақат с.) Алматы зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1958), КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1963) бітірген. Ғалым-зоотехник. А.ш. ғыл. канд. 1946-1960 жж. кеңшар бөлімшесінің зоотехнигі, кеңшардың бас зоотехнигі, ұжымшар төрағасы, кеңшар директоры, ауатком төрағасы. 1961 ж. ҚКП ОК нұсқаушысы, бөлім меңгерушісінің орынбасары. 1968 ж. қаңтарда Қарағанды обл. партия комитетінің хатшысы, 1970 ж. сәуірде екінші хатшысы болып сайланған. 1973 ж. жаңадан құрылған Жезқ. облаткомының төрағасы болып сайланды, бұл қызметті зейнеткерлікке шыққанша (1988) атқарды. Екі рет Еңбек Қызыл Ту (1971, 1974), Халықтар достығы (1980), «Құрмет белгісі» (1966) ордендерімен, 3 медальмен марапатталған. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, ҚКП ОК мүшесі болып бірнеше рет сайланған. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Жұптұяқтылар (лат. Artiodactyla) – сүтқоректілер отрядынан. Бұлардың қазба қалдықтары эоцен дәуірінен сақталған. Арғы тегі ежелгі тұяқтылар – кондиларттар деп есептелінеді. Ж. Жер шарында кең таралған. Австралия мен Жаңа Зеландияда да жерсіндірілген. Бұлар негізінен ашық алаңқайларды мекендейді. Ж., бегемоттан басқасы, тек құрлықта ғана тіршілік етеді. Кейбір түрлері су жағалауында, таулы өңірде, орманда да кездеседі. Арасында топталып тіршілік ететіндері мен жыл маусымдарына сәйкес қоныс аударып отыратын түрлері де (мысалы, ақбөкен) бар. Ж-дың 9 тұқымдасқа, 85 туысқа бірігетін 200-дей түрі белгілі. Ж. 2 отряд тармағына жіктеледі: 1) күйіс қайырмайтындар (Nonruminantia), бұлардың 3 тұқымдасы (доңыз, бегемот, пекарьлар), 134 туысы, 19 түрі бар; 2) күйіс қайыратындар (Ruminantia), бұлардың 6 тұқымдасы (құдыр, бұғы, жираф, қуысмүйізділер,

өгіз, бұғышақ), 255 туысы, 170-тей түрі белгілі. Ж-дың денесінің ұз. 52 см-ден 500 см-ге дейін, денесінің шоқтығына дейінгі биікт. 25 см-ден 350 см-ге дейін, салм. 2-3 кг-нан 3 т-ға дейін жетеді. Негізінен өсімдікқоректі жануарлар, бірақ ішінде қорек талғамайтын түрлері де бар (мысалы, жабайы шошқа). Бұлардың алдыңғы және артқы аяқтарында 2 жұп башайы болады, атауы осыған байланысты қойылған. Күдір, бұғы, арқар, киік, сиыр, қой-ешкі, жираф, доңыз – бұлардың барлығы ж. сүтқоректілер. Осы ж-ға жататын қой мен ешкіні қазақ халқы ашатұяқтылар деп те атайды.

Ж-дың кәсіптік маңызы зор. Бағалы терісі мен жүні, дәмді еті үшін жабайы ж-лар көп ауланады. Сондықтан бұлардың саны жылдан-жылға азаюда. Қазір ж-дың 21 түрі, 14 түр тармағы Халықар. «Қызыл кітапқа» енгізілген. Ал Қазақстанда 4 түрі және 5 түр тармағы «Қызыл кітапқа» енгізілген.

Жұрқабаева Жұмкен Байзаққызы (20.03.1950, Ақмола обл., Ақмола ауд., Майбалық а.) – мәдениет қайраткері. 1967 ж. Астанадағы М. Мәметова ат. тігін фабрикасында тігінші, 1970 ж. Майбалық сегізжылдық мектебінде оқытушы. Алматыдағы Қазақ мемл. қыздар пединст-ның кітапханатану және библиография бөлімін (1975) үздік бітірген. 1975 ж. бастап Ұлытау ауд. Аманкелді ауылд. кітапханасында кітапханашы болып қызмет атқаруда. «ҚР мәдениет қайраткері», «Кітапхана ісінің үздігі», өлкетанушы. Қарағанды обл. «Ауыл энциклопедиясы» сайысының жүлдегері. 2003 ж. «Ауылым – алтын бесігім» атты Аманкелді а-ның энциклопедиясын құрастырып, баспадан шығарды.

Жүгінісов Болат (1934, ОҚО, Қарсақбай ауд., Байқоңыр кенттік кеңесі) – инженер-геолог. 1959 ж. Қазақ тау-кен және металлургия инст-ын бітірген. 1959 ж. бастап Жезді марганец кен басқармасында карьерде, шахтада телім геологы, бас геолог болып жұмыс істеген. «Орталық», «Үшқатын-III», «Жақсы қотыр», «Қамыс», «Тур», «Ақүңгір», «Қаратас», т.б. кен орындарына геол. барлау жүргізіп, қорларды есептеп, кен өндіруді ұйымдастыруға үлес қосты. 1997 ж. «Қазхром» компаниясы «Қазмарганец» кен басқармасы геол. партиясының аға геологы болып еңбек етті. Ж. – марганец кен орындары жөнінде респ-дағы танымал геолог. Ол негізгі қызметін атқара жүріп, өңіріміздегі тарихи, табиғат және археол. ескерткіштерді зерттеді, туризмді дамытуға байланысты ойларын жергілікті газеттерде дүркін-дүркін жариялап тұрды.

Жүнісов Біржан Уәлиұлы (1972, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі, Сарлық а.) қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша Жезқ. пед-инст-ын (1995), есеп және аудит мамандығы бойынша Қарағанды қаржы инст-ын (2005) бітірген. Жезқ. обл. тілдер, халықты әлеум. қорғау басқармаларында (1995-1997) жетекші маман. Мемл. зейнетақы төлеу орт. жүйесінде және зейнетақы жинақтау қорларында Жезқ., Сәтбаев қ., Ұлытау ауд. бойынша басшылық қызметте болды. 2007-2011 жж. зейнетақы төлеу мемл. орт. Алматы қ. бөлімше директорының орынбасары, 2011-2014 жж. директоры. 2014 ж. 23 қыркүйектен «Зейнетақы төлеу мемлекеттік орталығы» респ. мемл. коммуналдық кәсіпорнының бас директоры. Мемл. марапаттары, біліктілігін көтергені жөнінде шетелдік және отандық өкілетті органдардың сертификаттары бар.

Жүнісбеков Қойшығара (1945, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі – 1979) кеңшарда трактор жүргізді, мектепте сабақ берді. Әскери міндетін өтеп келгеннен кейін «Ұлытау» кеңшары комсомол комитетінің хатшысы болып сайланды. Ауыл жастарының

серкесі болды. Ауд. комсомол комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, ҚКП Жезді ауд. комитетінің жауапты қызметкері міндеттерін абыройлы атқарды. Алматы Жоғары партия мектебінде дәріс алды. Болашағы зор жалынды жас қайраткер автомобиль апатынан қыршын кетті.

Жүрсін Ерман (12.02.1951, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Құлжанбай а.) – ақын. М. Мақатаев ат. сыйл. лауреаты. ҚР еңб. сің. қайраткері. ҚазМУ-ді (1976), Алматы Жоғары партия мектебін (1982) бітірген. Қазақтың ұлттық айтыс өнерін жандандырып, қайта түлеткен зор дарын иесі, сөзі уәлі, ірі ұйымдастырушы. 1966-1968 жж. Жезді ауд. газетінде қызметкер, 1971-1980 жж. Жезқ. обл. телерадиокомитетінде редактор, бас редактор, 1982-1992 жж. Респ. телерадиокомитетте бас редактор, 1992-1993 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгеруші, АҚҚҰС респ. қауымдастығының вице-президенті, президенті, 1994-1996 жж. «Қазақ мемлекеті», «Қазақстан қанаты» газеттерінің бас редакторы, «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. «Жанартау», «Арайлы күн, армысың», «Ұлытауға бардың ба...», «Екі тізгін бір шылбыр», «Құдіретке жүгіну», «Құстың көлеңкесі», «Гей-гей», т.б. кітаптары жарық көрген. Қазақстан Жазушылар одағы сыйл. иегері (1986). 2003 ж. бастап Л. Гумилев ат. ЕҰУ-де «Айтыс» зертханасының меңгерушісі болды.

Жүсіпбеков Хамза (1900, Қарағанды обл., Нұра ауд. – 1938, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері, аудармашы. 1920-1922 жж. Омбы, Ақмола губ-да, Көкшетау уезінде жауапты қызметтер атқарған. 1922-1926 жж. БК(б)П Ақмола, Бөкей губкомының бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы, 1927-1932 жж. ВКП(б) Қазақ өлкелік комитеті бақылау комиссиясының алқа мүшесі және жауапты хатшысы, 1933-1936 жж. Қазақстан кәсіподақтар кеңесінің төрағасы, ҚазАКСР Әділет халкомы, Коммуналдық шаруашылық халкомының орынбасары, 1936-1937 жж. Марксизм-ленинизм ғыл.-зерттеу инст-ның қазақ бөлімшесінде аудармашы, Қазақ мемл. көркем әдебиет баспасының директоры қызметтерін атқарған. 1935-1936 жж. ҚазАКСР ОАК мүшесі болды. 1925-1937 жж. мерзімдік баспасөзде әдеби сын мақалалары, әңгімелері, очерктері жарияланған. «Қарсақбай» атты кітабы жарық көрді (1928), Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» романын қазақ тіліне аударған (1935). 1937 ж. күзде «халық жауы» деген жалған айыппен тұтқындалып, ату жазасына кесілді. Алматы қ. маңындағы Жаңалық а-ғы қорымға жерленген.

Жүсіпова Жамал Тойшыбекқызы (1909, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы – 1997, Жезқ. обл., Жезді ауд., Жезді кенті) – Жезді ауд. Құрметті азаматы. Өзінің барлық өмірін Ұлытау өңірінің кен өндірістерін дамытуға жұмсады. Соғыс жылдарында ер азаматтар майданға кеткенде металды электрмен дәнекерлеуші мамандығын меңгерді. Қарсақбай, Жезді өнеркәсіп орындарында дәнекерлеуші болып істеді. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1954). Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері, көптеген медальдармен марапатталған.

Жүсіпов Төлеген (1915, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау а. – 2002, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – II дүниежүзілік

соғыс ардагері. Қарсақбайдағы ФЗО-да оқыған. 1935 ж. Лениногорск тау-кен және металлургия техникумына жолдамамен оқуға жіберіліп, оны аяқтаған соң әскер қатарына шақырылды. ҰОС басталғанда Калинин бағытындағы шайқастарға қатысқан. Соғыстан кейінгі жылдары Жезқ., Сәтбаевта, Жезді, Ұлытау ауд-ның почта қызметі салаларында басшылық қызметте болды. Бірнеше медальмен марапатталған. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Жыланды (Жыланшық) – Сарысу алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағып өтеді. Ұз. – 100 км, су жиналатын алабы – 2800 км². Бастауын Жаманқотыр тауының солт-дегі бұлақтардан алып, Қарағандысай қонысы тұсында Қаракеңгір өз-не құяды. Көктемде қар ерігенде тасиды, жазда кішігірім қарасуларға бөлініп қалады. Ауд. шаруашылықтары өз-ді мал суаруға, жайылмасын шабындыққа пайдаланады.

Жыланды ауылы – Ұлытау ауд. Сарысу ауылд. округінің орт-ғы. 1937 ж. жер өңдеушілер бірлестігінің, 1938 ж. «Бірлестік» ұжымшарының, 1957 ж. «Сарысу» асыл тұқымды қой заводының орт-ғы болған. Қарағанды обл-ның шөлейтті аймағында орналасқан. Батыста – Жаңаарқа ауд-ның Түгіскен а-мен, Ұлытау ауд-ның Егінді, Алғабас а-мен, оңт-де – Шымкент обл-ның Созақ ауд-мен, оңт.-батысында Борсеңгір, Теректі ауылд. аймақтарымен шекаралас. Халқы – 1000 адам (2015). Жерінің жалпы ауд. – 156,6 мың га. Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыты – мал өсіру. Округте шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Мектеп, кітапхана, клуб үйі, дәрігерлік амбулатория халыққа қызмет көрсетеді.

Жыланды – Ұлытау ауд-да орналасқан төбе. Құмола және Дүйсембай өз. қосылған жерінен оңт-ке қарай 23 км жерде. Абс. биікт. – 375 м, онт-де 372 м болатын Көктөбе тауы орналасқан. Оңттен солт-ке қарай 4 км-ге созылып жатыр, ені – 2 км. Беткейлері көлбеу, етегі мал жайылымына қолайлы.

Жыланшық қазба фаунасы – неоген кезеңінің миоцен дәуірінде тіршілік еткен жануарлардың Жыланшық өз. орта ағысынан (Торғай алабы) табылған қазба қалдықтарының жиынтық атауы. Кейбір деректерде Ж.қ.ф. жақын орналасқан Күшік қыстауының атымен Күшік фаунасы деп те атайды. Қазбадан мастодонттың алғашқы түрлерінің бірінің гомфотерий тұқым тармағына жататын Mastodon atavus, мүйізтұмсықтар (Aceratherium depereti, Brachypotherium aurelianense), бауырымен жорғалаушылар (Testudo turgaica), т.б. қалдықтары табылды. Ж.қ.ф-нан қалдықтары табылған жануарлар тіршілік еткен кезде ауа райы құрғақ, континенттік болған. Ж.қ.ф-ның жердің шөгінді қабаттарының геол. жасын анықтауда, олардағы жануарлар мен өсімдіктердің қазба қалдықтарының таралуын зерттеуде маңызы зор.

Жыланшықтүрме – Торғай төрткүлді үстіртінің шығысын алып жатқан таулы қырат. Шығыс етегі Ұлытауға ұласады. Қаоаторғай және Ұлы Жыланшық өз. аралығында жатқан Ж. солт-тен оңт-ке қарай 150 км-ге созылған, енді жері – 40 км, абс. биікт. – 340 м. Қаоаторғай және Ұлы Жыланшық өз. жоғарғы суайрығы саналатын қыраттың беткі бедері эрозиялық қолаттармен тілімденіп, өзенаралық еңкішті-жонды жазық болып келген. Жер қыртысы неоген кезеңінің саз, алеврит және құмдақтарынан түзілген. Ж-нің климаты шөлдік континенттік, қысы суық, жазы ыстық. Қаңтар айының орташа температурасы –16°С, шілдеде +22°С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлш. – 250 мм. Жер бедеріне бозғылт қоңыр және сортаңдау топырақты қуаң дала тән. Онда астық тұқымдас және жусан, қылқан боз өсімдіктер қауымдастығы қалыптасқан. Суайрықтар және жондардың беткейлері мен етегінде лерх жусаны, сарепта бозы, қылқан боз, бетеге, ойпаң жерлерінде қара жусан, бұйырғын, көкпек, ши, айрауық өскен. Көктемгі және күзгі жайылым ретінде пайдаланылады.

Жылқыайдаров Иманжан (1882, Ұлытау – 10.08.1973, сонда) – ақын. «Қандыкөз Мамыт-Үрбике» дастанның авторы.

Жастайынан өлең шығарып, айтысқа түскен. Кезінде Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Ақан сері, Тайжан секілді ақындармен бірге жүріп тәлім алған. 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, оны жырлаған. «Жүрегінде әрбір жанның» (1950), «Туысқандар қойды қол», «Гүлденген менің Отаным» (1958), «Жастарым, жайна» (1959) атты шығармалардың авторы.

М. Сейтжанов

Жылқыайдаров Мұқтар (1897-1937) – әнші, термеші, ақын, сазгер. Алғашқыда ауыл молдасынан сауат ашқан, кейін Атбасар орыс-қазақ мектебінде оқыған. 1928 ж. дейін ауылда еңбек етеді. 1929-1930 жж. байдың баласы деген желеумен қуғынға түсіп, Қарсақбайдың абақтысына қамалады. Түрмеден босаған соң Оңт. Қазақстан обл. барады, «Қызыл отауда» еңбек етеді, Ташкент радиокомитетінде әнші болады, жергілікті педтехникумға сабақ береді. А.В. Затаевичтің «Қазақ халқының мың әні» кітабына Ж-тың орындауында 25 ән-терме кірген. Оның «Сарыарқа» әні ел арасында кең тараған. 1937 ж. Ташкент түрмесіне жабылады, арғы тағдыры беймәлім.

Жылысай тас мүсіндері – Түрік қағанаты (VI-VIII ғғ.) мен Дешті Қыпшақ (VIII-XIII ғғ.) заманынан сақталған ескерткіштер, мүсін тастар тобы. Түрік қағанаты кезеңіне жататын мүсіндер тас қоршаудың шығыс жақ іргесінде, беті шығысқа қаратылпа орнатылған. Ж.т.м-нің өлш. 6,6х5,5х2,2 м болып келеді. Жылысайдағы тас қоршаулардың жалпы саны – 8. Олардың әрқайсысының шығыс іргесінде бір-бір мүсін тастар болған. Оның үшеуі қираған. Бізге жеткен 5 мүсіннің екеуі егде адамды, екеуі жас жеткіншекті, өте түрпайы жасалған соңғы мүсін орта жастағы әйелді бейнелейді. Бұл тас мүсін нәрестелердің қорғаушысы саналған Ұмай ананың бейнесі болуы тиіс.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Жымықы – Шалқар алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағып өтеді. Ұз. – 105 км, су жиналатын алабы – 1460 км². Ұлытаудың оңт.-батысындағы Лақбай қонысы маңынан басталып, Қоңыртөбе тауына 12 км жетпей тартылып қалады. Арнасы тік жарқабақты келген. Жауын-шашын, жер асты суларымен толығады. Ұз. 10 км-ден аспайтын 50-ге жуық саласы бар. Мал суаруға, алабы мал жайылымына пайдаланылады.

Жыңғылдыөзек – Шалқар алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 222 км, су жиналатын алабының аум. – 4360 км². Шұбартеңіз қонысының батыс жағынан басталып, Шалқартеңіз соры тұсында тартылып қалады. Арнасы жайлақ, құмайт. 10 км-ден аспайтын 6 сала құйылады. Алабы қысқы мал жайылымына қолайлы.

З

«За медь» – Қарсақбайда 1931 ж. қарашадан 1955 ж. 30 мамырға дейін шығып тұрған өндірісті өлкедегі алғашқы газеттердің бірі. Қарсақбай аупарткомы мен ауаткомының газеті болды. Басылым дәстүрін ауд. «Красный Октябрь» (1958-1959), «Больше меди» (1963-1965), Жезқ. қалалық «Джезказганский рабочий» (1955-1963, 1965-1973) газеттері жалғастырды. Негізін 1930 жж. жауапты редакторлары Ф. Головин, Н. Бульин сияқты журналистика ардагерлері қалады. Соғысқа дейінгі кезеңде Қарсақбай комбинатының директорлары В.И. Иванов, В.С. Гулин, қазақтың тұңғыш геолог ғалымы, акад. Қ. Сәтбаев газет жұмысына жиі қатысып, Қазақстан түсті металлургиясының тұңғышы мен кенді аймақтың тыныс-тіршілігі туралы мақалалар жариялап тұрды.

Замекбаев Аманкелді (03.12.1942, Ұлытау ауд., Айыртау ауылкеңесі) – инженер-құрылысшы. 17 жасында Жезді кенішінде тас қалаушы, бетоншы болып еңбек жолын бастаған. Жезқ. құрылыс техникумын (1968), Қарағанды политех. инст-ның Жезқ-дағы кешкі бөлімін (1979) бітірген. «Қазмысқұрылыс» трестінің құрылыс басқармаларында құрылыс шебері, прораб, аға прораб, құрылыс басқармасының, колоннаның бас инженері, бастығы болды. «Жезқазғанауырқұрылыс бірлестігі» өнд.-техникалық бөлімінің бастығы (1983-1985), «Жайремауырқұрылыс» трестінің бас инженері (1986-1989). Соңғы жылдары материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі обл. жекеменшік құрылымдарда басшылық қызмет жасады. З. трестің №3 жылжымалы техникалық құрылыс колоннасына жетекшілік еткен жылдары Жездіде қуатты «Центральная» шахтасын, Ұлытауда тұрғын үйлерді, әлеум., әкімшілік нысандарды, типтік астық қоймаларын, машина-трактор шеберханаларын іске қосты. Ұйымдастырушылық таланты, біліктілігі Жезқ. мыс балқыту заводының құрылысында ерекше танылды. КСРО Министрлер Кеңесінің (Қ. Сәтбаев ат. Жезқ. комбинатында электролит өндірісінің жобасын жасап, құрылысын іске асырғаны үшін) сыйл. (1973) ие болды. ҚР құрметті құрылысшысы (2012).

Зворыгин Михаил Абрамович (09.1908, Ресей, Вятка қ. – ө.ж.б.) – Мәскеу тау-кен инст-ын тәмамдаған балқытушы-инженер. 1936 ж. Балқаш байыту фабрикасында инженер-монтаждаушы, ауысым инженері, цех бастығы. 1938 ж. Балқаш қ. партия комитетінің хатшысы. 1941 ж. Қарсақбайда Жезқ. аупарткомының бірінші хатшысы болып жұмыс істеді.

Зейнуллин Әбдікәрім Әбдіжалелұлы (1957, Ұлытау) – техн. ғыл. докт. (1996), проф. (1998). 1979 ж. Қазақ политех. инст-ын бітірген. ЖКМК Шығыс Жезқазған кенішіндегі 57-шахтада тау-кен инженері болып қызмет атқарды (1979-1982). Қарағанды политех. инст-ның Жезқ. бөлімшесінде ассистент, Мәскеу тау-кен инст-ның аспиранты (1982-1985), Жезқ. тау-кен технологиялық инст-да кафедра меңгерушісі

(1989-1996), Жезқ. универс-нің ғыл. жұмыстар және халықар. байланыстар жөніндегі проректоры (1996-2001), ҚР БжҒ министрлігінде департамент директорының орынбасары (2001) болды. 50-ден астам ғыл. мақала авторы.

Зенковский Аркадий Иванович (1920, Ресей, Тюмень обл., Аромашев ауд., Большой Кучеряк с. – ө.ж.б.) соғыс басталғанда Қарағанды обл. Қарсақбай кентінде еңбек еткен. Осы жерден әскер қатарына шақырылған. Ұрыстарда ерлік пен батырлық көрсеткен. Суворов орденді Қызыл Тулы №6 Ровно атқыштар дивизиясы Богдан Хмельницкий орденді 10-гвардиялық атқыштар полкінің 5-ротасының командирі, кіші лейтенант З-ге КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1945 ж. 10 сәуірдегі Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Зорман (лат. Spermophilus fulvus) – кемірушілер отрядының тиін тұқымдасына жататын ірі тышқан. Атырау, Батыс Қазақстан обл., Ұлытау ауд. жерінен Іле өз-не дейінгі өңірлерді мекендейді. Негізгі мекені – саздытопырақты, шөлді қоныстар, құмды төбелер мен шөлейтті жазықтар. Дене тұрқы – 23-35 см, құйрығының ұз. – 6-10 см, салм. – 0,7-1,6 кг. Арқасы сарғыш, жүні қалың, ұзын, жұмсақ болады. Маусым-шілде айларында ұйқыға кетіп, ақпан-наурызда оянады. Көктемде ұйығып, шағылысқаннан кейін 1 айдан аса уақытта балалайды (1-9). 25 күннен кейін балалары інінен шығады. Қорегін күндіз аулайды. З. құнарлы мал азықтық шөптерді, баданалы өсімдіктерді жеп, а.ш-на зиян да келтіреді. Қысқа қор жинамайды. Мамық терісі бағалы аң болғандықтан, кәсіптік жолмен ауланады. Қазақстанда жылына 150-200 мыңдай з. терісі дайындалады.

Зортүлкі – Ұлытау жүйесінің шығысындағы тау. Ұлытау ауд. жерінде батыстан шығысқа қарай Қаракеңгір және Сарыкеңгір өз. арасымен 20 км-ге созылып жатыр, ені – 3 км. Ең биік нүктесі – 736 м. Бірнеше ұсақ шоқылардан тұрады. Девон жүйесінің орта және жоғ. бөлімдері жыныстарынан түзілген. З-ден Сарт өз бастау алады.

Зуб Григорий Павлович (1872-1944) күн күйдірген тастақты, жері құнарсыз Қарсақбай кентінің жанында аум. 13 га үлкен саябақтың негізін қалады. Әуелі барлығы алты қатар жас терек пен қараағаш екті. Артынан акация, шие, итмұрын, жиде өсіп шықты. З. әрбір ағашты, бұтаны, жеміс-жидекті, гүлдерді қалы кілемдей әдемі орналастырды. Саябақ ішінде футбол, жеңіл атлетика алаңы, жазғы театр, парашют мұнарасы, т.б. жұмыс істеді. Металлургтердің сүйікті демалыс орны болды. Бұл Ұлытау өңіріндегі тұңғыш саябақ еді, кейін ол барлық ірі елді мекендерде пайда болды. З. осы саябақта жерленген.

Зыңғыртас – Ұлытау кентінен солт.-шығысқа қарай 20 км жерде орналасқан тау басындағы үлкен жалпақ тастар сілемі. Тастарда көптеген петроглифтер бейнеленген. Таудың ұшар басындағы бұл тастар жел бағытымен ызылдап, зыңғырлаған дыбысты жаңғыртып тұрады. Тастан шыққан дыбысқа орай тау З. аталған.

И

Ибадатов Қылышбек (1916, Ақмола обл., Атбасар уезі, Сарысу болысы, Араптөбе а. – 2016) Қарсақбай ФЗО мектебін (1937), Қызылорда педтехникумын (1940) бітірген. 1942 ж. мамырда әскер қатарына шақырылып, елге 1945 ж. қарашасында оралды. Жезқ. қ-сы іргесіндегі «Қызыл әскер» ұжымшарындағы бастауыш мектепте мұғалім болды. Жетіқоңыр құмы игеріле бастаған 1952 ж. И. шалғайдағы Апақай а-ғы жаңадан ашылған жетіжылдық мектепке директор болып тағайындалды. Шалғайдағы малшы-шопандардың балаларына 1965 ж. дейін ұстаздық етіп, кейін «Жетіқоңыр» кеңшарының орт-дағы №8 орта мектепте бастауыш сынып балаларын оқытты. Интернат меңгерушісі болды. И. мәдени-рухани өмірге белсене араласты, көркемөнерпаздар үйірмесінде әншілігімен танылды. Ұлттық салт-дәстүрді насихаттап, штаттан тыс тілші ретінде ауылдағы жақсылықтар мен кемшіліктерді респ., обл., жергілікті баспасөзде жариялап тұрды. «ҚазКСР оқу-ағарту ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері. Медальдармен марапатталған.

Ибаділдин Жұмамәди Ибаділдаұлы (1950, Қарағанды обл., Жезді ауд. – 2016, Қарағанды қ.) Қарағанды политех. инст-ын өнеркәсіп және азаматтық құрылыс мамандығы бойынша 1973 ж. бітіргеннен бері Жезқ. өңірінде еңбек етті. Қалалық атком күрделі құрылыс бөлімінің инженері, бас инженері, бастығы, қалалық атком төрағасының орынбасары, қалалық жоспарлау комиссиясының төрағасы, қалалық атком төрағасының бірінші орынбасары, Жезқ. облаткомы халыққа тұрмыстық қызмет көрсету басқармасы бастығының орынбасары, бастығы, «Ұлытау» бірлескен кәсіпорнының бас директоры қызметтерін атқарған. 1995 ж. 18 қаңтардан Жезқ. қаласы әкімшілігінің басшысы, 1995 ж. 7 қазаннан қала әкімі, 2005 ж. наурыз айынан Қарағанды обл. әкімінің кеңесшісі.

И. – өңір тарихын зерделеп, көне ескерткіштеріне жанашырлықпен қараған басшы. «Жер кіндігі – Жезқазған, Жезказган – сердце Евразии» кітабының (2004) авторы. «Астана» ескерткіш медалімен (1998), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 10 жыл» мерекелік медалімен (2001) марапатталып, ҚР Президентінің «Алтын Барыс» белгісі бар Алғысын (2000) алған. Сәтбаев (2001), Түркістан, Жезқ. қ-ның (2004) Құрметті азаматы.

Ибрагимов Жамаладен Ибраһимұлы (1973, Қарағанды обл., Жезді ауд., Қарсақбай кенті) – Л. Гумилев ат. ЕҰУ проф., тарих ғыл. канд. Е. Бөкетов ат. ҚарМУ-дің тарих фак-ін (1995) және осы универс-тің заң фак-ін (1999) бітірген. Тарихшы, заңгер. Жезқ. пединст-да оқытушы (1995), аға оқытушы (1997-2001), Л. Гумилев ат. ЕҰУ-де аға оқытушы (2001), кафедра меңгерушісі (2002), осы универс-тің Заң инс-ты директорының орынбасары (2003). «1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс. Хандық биліктің жаңғыруы» деген тақырыпта канд. дисс. қорғады (1999). 1 монография («1916 жыл. Хандық биліктің жаңғыруы»), 1 оқу құралы («Қазақстан Республикасы мемлекет және құқық тарихы»), 1 оқулық («Саяси құқықтық ілімдер тарихы») және 20-дан астам ғыл. мақалалар авторы.

Иванишко Федор Яковлевич (1916 – ө.ж.б.) Қызыл Армия қатарына Жезқ. ауд-да жұмыс істеп жүрген кезінде

шақырылды Отан үшін болған соғыста өзін ержүрек, мерген жауынгер ретінде көрсетті. 1943 ж. 31 желтоқсанда III дәрежелі, 1944 ж. 2 наурызда II дәрежелі, одан кейін I дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды. Гвардиялық 76-атқыштар дивизиясының жеке гвардиялық атқыштар батальоны пулеметшілер тобының командирі И. 1944 ж. жазда Белоруссия жерінде болған шайқаста ерекше көзге түсті. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1945 ж. 24 наурыздағы Жарлығымен «Даңқ» орденінің толық иегеріне Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Игібаев Тасболат Мыңболұлы (17.01.1938, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., 1 Май ауылкеңесі) – техн. ғыл. докт. (1998). Қарағанды политех. инст-ын бітірген (1967) соң Жезқ. шахталарында кен қопарушы, слесарь-автоматшы, механик. Жезқ. тау-кен техникумында оқытушы, Қарағанды шахталарында ауысым мастері, кен инженері, бұдан кейін Қарағанды политех. инст-ның Балқаш бөлімшесінде декан, Алматы теміржол көлігі инженерлері инст-ның Ақтөбе бөлімшесінде декан, Қазақ политех. инст-да (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) доцент, декан (1972-1992) қызметтерін атқарды. 1992 ж. бастап Энергетика және көмір өнеркәсібі мин-нде бас маман, бөлім бастығы, ҚР Қорғаныс өнеркәсібі комитетінде бас маман болып жұмыс істейді. 150-ден астам ғыл. еңбектің, 1 монографияның авторы. 30 өнертапқыштық пен авторлық куәлігі бар.

Иманғожин Совет (1940, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) – экономика ғыл. канд., проф. Қазақ халық шаруашылығы инст-ын (1965) бітірген. 1966-1994 жж. Қарағанды политех. инст-ның саяси экономия кафедрасында ассистент, аспирант, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі. 1994-1999 жж. Павлодар инж.-технологиялық инст-ның Екібастұз қ. бөлімшесінде экономиялық теория кафедрасының меңгерушісі, кейін экономика фак. деканы. 2000 ж. бастап Қазақстан-Ресей универс. жергілікті филиалында экономика және менеджмент кафедрасының меңгерушісі.

Иманжанов Мұқан (20.12.1916, Ұлытау – 18.03.1958, Алматы қ.) – жазушы. Алматы есеп-санақ техникумында оқыған (1935-1938). Респ. радио хабарларын тарату комитетінде (1938-1941), «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер (1942-1943), бөлім меңгерушісі (1943-1949), «Пионер» журналында бөлім меңгерушісі (1949-1958) қызметтерін атқарған.

Тұңғыш әңгімелер жинағы «Жастық» 1948 ж. жарық көрді. «Алғашқы айлар» (1950) повесі, «Таныс қыз» (1952) романы, «Тыңдағылар» (1955) әңгіме және очерктер жинағы басылды.

И. өз шығармаларында кеңестік дәуірдегі өмір шындығын, адамдардың тыныс-тіршілігі мен еңбегін, адамгершілік қасиеттерін суреттеді. Кейін «Көк белес» (1958) романы, «Өркен» (1980) атты мақалалар, естеліктер кітабы, балаларға арналған «Шаңғышылар» (1983) әңгімелер жинағы жарық көрді. И. драматургия саласында да жемісті еңбек етті. «Жас өмір» (1948), «Менің махаббатым» (1954) повесі мен пьесалар жинағын, «Сөнген шапа» (1957) сатиралық комедиясын жазды.

Иманова Мәкен Бектепбергенқызы (1904, Орынбор обл., Торғай уезі, Қай-

дауыл болысы, Ұлытау өңірі, Дулығалы өз. бойы – 1976, Жезқ. қ.). Аманкелді батырдың бәйбішесі Рәш бауырына басып өсірген. Еңбек жолын 1928 ж. ауыл мектептерінде мұғалім болып бастаған. 1939 ж. Аманкелді ауд. орт-дағы балалар үйінің меңгерушісі, 1941-1954 жж. Шыңсай, Бестау ауылкенестері атком төрайымы. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен (1945), ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1944) марапатталған.

Ирмұхамедов Жағыпар (1906, Қостанай обл., Амангелді ауд. – 1978, Жезқ. обл., Жезқ. қ.) – ҰОС және еңбек ардагері. Қостанай педтехникумында (1924), Ташкент жоспарлау-экономикалық инст-да оқыған (1932). Қарсақбай ауаткомында экономист (1932-1933), Жезді кентіндегі №6 орталау мектептің директоры, Жезді марганец кен басқармасы жоспарлау бөлімінің бастығы, ІІМ Степлаг бөлімі №4 лагерінің инженері, Орта Азия экспедиция бастығының орынбасары (Ақтас к.) (1945-1966) болып қызмет етті. Ел аузындағы фольклорлық мұралар мен шежірелік аңыз-әңгімелерді жинастырумен айналысқан. Бірнеше жауынгерлік медальмен марапатталған.

Исатаева Күлзейнеп (1933, ОҚО, Қарсақбай ауд., №4 а.) – хирург, акушер-гинеколог. Алматыдағы Қазақ мединст-ын бітірген. 1967 ж. Жезқ. кеніштіндегі №3 ауруханаының, 1973 ж. соның негізінде қайта құрылған Жезқ. обл. ауруханасының бас дәрігері. Осы жұмыста И-ның дәрігерлік және ұйымдастырушылық талантты анық көрінді. Бір жылда кардиология, урология, неврология бөлімшелері ашылды, санавиация бөлімі қалыптасты. Өңірдің емдік балшықтарын алдырып, созылмалы аурулары бар кеншілерді сазбен емдеу енгізілді. Обл. аурухана жанындағы жылжымалы амбулатория Ұлытау, Жезді және обл. басқа аудандарының тұрғындары үшін танымал болды. 1974 ж. респ. соц. жарыстың қорытындысымен Жезқ. обл. ауруханасы бірінші орын алды. Ленин орденінің иегері, КСРО мен ҚКСР денсаулық сақтау ісінің үздігі, Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Исаханов Темірхан (1906, Семей губ., Өскемен уезі – ө.ж.б.) – кен инженері. Свердловск тау-кен инст-ын (1936) бітірген. 1924-1938 жж. Риддер комбинатында құрылыс жұмысшысы, Степняк қ-ғы «Қазалтын» тресі кен-өнеркәсіп учаскесінің директоры, шахта бастығы, кеніш басқарушысы. 1939 ж. Көкшетау кен-металлургия техникумының директоры болып тағайындалды. 1941 ж. Степняк қ. партия комитетінің екінші хатшысы, 1942 ж. бірінші хатшысы болып сайланған. 1946 ж. Теміртау металлургиялық заводында партия ұйымдастырушысы. 1951 ж. сәуірінен 1953 ж. тамызына дейін Жезқ. аупарткомының бірінші хатшысы.

Исседондар – Ұлытау өңірін қоныстаған сақ тайпаларының бір бөлігі. Геродот и-дың тіршілік еткен жерлерін аримаспалардан шығысқа қарай деп көрсетеді. Ұлытаудың батыс жағында и-дың қорғандары әлі күнге дейін ескерткіш болып сақталып тұр. Негізгі шаруашылығы – аң аулау, мал өсіру және егіншілік болған.

М. Сейтжанов

Итауыз – Қызылтау тауының солт.-шығысындағы оқшауланған тау массиві. Жезді кенті мен Сәтбаев а-ның арағында орналасқан. Абс. биікт. – 546 м. Оңт.-шығыстан солт.-шығысқа қарай доға тәріздес созылып жатыр. Ұз. – 6 км, енді жері 4 км-ге созылған. Көлбеу келген беткейінен Жиделісай, Көкдомбақ өз. салалары бастау алады. Геол. құрылымы тас көмір жүйесінің карбонатты, базальтты жыныстарынан түзілген.

Тауалды қоңыр топырақ жамылғысында боз, селеу, қозықұлақ, жусан, терек, т.б. өседі.

Итауыз мыс кені. Жезқ. қ-нан солт.-батысқа қарай 30 км жерде орналасқан. Кен орнын 1955 ж. геолог В.М. Потапочкин ашқан. 1984 ж. барлау жұмыстары (В.А. Струтынский, В.И. Ужва, Ә.Б. Байбатша, т.б.) аяқталған. И.м.к. Жезқ. синклиналінің бір қанатын құрайды. Кен алаңының құрылысына алеврит (құмайт), құмтас және конгломераттан тұратын Тасқұдық пен Жыланды горизонттары кіреді. Кен орнында желек, линза және таспа пішінді, қалыңдықтары әр түрлі 54 кен денесі анықталған. Кен денелерінің ұз. созылу бағытында 4590 м-ге дейін, еңістену бағытында 1500 м-ге дейін. Қалыңд. – 0,25-22,7 м. Мыстың есептік блоктардағы үлесі – 1,0-1,2%, ал кен орны бойынша орташа үлесі – 1,12%. Біршама бай кентас кен орнының орта бөлігінде шоғырланған, шетіне қарай кенді денелердің қалыңд. мен құрамындағы мыстың мөлшері азаяды. Осы бағыттарда кентастың минералдық құрамы халькозин-борниттен халькопиритке өзгереді. Қорғасынды-мырышты кентас шағын линзалар түрінде кен орнының төм. горизонттарында кездеседі. Кен орнының негізгі элементі – қорғасын мен мырыштың өнеркәсіптік мәні аз. Серіктес элементтер ішінде күміс пен рений басты орында, олардың мөлшері тиісінше – 6,4 г/т және 1,5-1,6 г/т. Кен орнын «Қазақмыс» корпорациясы ашық әдіспен игеруде.

Ителгі (лат. Falco cherrug) – Ұлытау ауд. мекендейтін сұңқар тәрізділер отрядына жататын ірі жыртқыш құс. Қазақстанда биік таулар мен ормансыз жазықтардан басқа жерлердің бәрінде кездеседі. Шәулісінің қанатының ұз. – 34-39 см, салм. – 730-800 г, ұябасарының қанаты – 37-41 см, салм. – 1000-1300 г.

Қазақстанда и-нің 5 түр тармағы кездеседі. Сырт жоны қоңырқай сұрғылт, бауыры сарғылт теңбілді болады. И. қанатын жиі қағып, ауыр ұшады. Өте биіктеп, ұзақ қалықтайды. Негізінен, наурыздың аяғы – мамырдың басында құз-жартас кемеріне, биік қарағайдың басына ұя салады. Ұядағы 3-5 жұмыртқаны ұябасары бір айдан аса шайқайды. Балапандары 40-45 күннен соң ұядан ұшады. Бір жұптан, орта есеппен алғанда, жылына 2 балапан ғана қанаттанады. Негізгі қорегі – құмтышқан, сарышұнақ, майда құстар (торғай, кептер, түркептер, кекілік), сондай-ақ бауырмен жорғалаушыларды, ірі қоңыздарды, тіпті көкқасқа шегірткелерді де жей береді. Тамыз-қыркүйекте жылы жаққа ұша бастайды. Жылдан-жылға саны азаюына байланысты қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (1996).

Итембаев Нұрғали (1888, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Керегетас қыстағы – 1936, сонда) – табиғат сыйлаған талантымен тамам елге танымал ақын. Тұрмағанбет, Тайжан сияқты жыр сүлейлерімен сайысқа түсіп, артына мол мұра қалдырған. Топтама өлең-жырлары «Ұлытау ақындары» жинағында (2012), мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген.

Итемгенұлы Досымбай (шамамен 1806 – ө.ж.б.) – бақсы. Бақсылық қасиет ата-бабасынан дарыған. Әйгілі бақсы болған әкесі Итемген Жандосұлы түсінде аян берген. 25 жасынан бақсылық жолға түсіп, ел аралап, емшілік жасаумен айналысқан. Ем жасау үшін өзінің қара қобызымен қатар кездік, қанжар сияқты қаруларды, дәрілік шөптерді

Тауалды қоңыр топырақ жамылғысында боз, селеу, қозықұлақ, жусан, терек, т.б. өседі.

Итауыз мыс кені. Жезқ. қ-нан солт.-батысқа қарай 30 км жерде орналасқан. Кен орнын 1955 ж. геолог В.М. Потапочкин ашқан. 1984 ж. барлау жұмыстары (В.А. Струтынский, В.И. Ужва, Ә.Б. Байбатша, т.б.) аяқталған. И.м.к. Жезқ. синклиналінің бір қанатын құрайды. Кен алаңының құрылысына алеврит (құмайт), құмтас және конгломераттан тұратын Тасқұдық пен Жыланды горизонттары кіреді. Кен орнында желек, линза және таспа пішінді, қалыңдықтары әр түрлі 54 кен денесі анықталған. Кен денелерінің ұз. созылу бағытында 4590 м-ге дейін, еңістену бағытында 1500 м-ге дейін. Қалыңд. – 0,25-22,7 м. Мыстың есептік блоктардағы үлесі – 1,0-1,2%, ал кен орны бойынша орташа үлесі – 1,12%. Біршама бай кентас кен орнының орта бөлігінде шоғырланған, шетіне қарай кенді денелердің қалыңд. мен құрамындағы мыстың мөлшері азаяды. Осы бағыттарда кентастың минералдық құрамы халькозин-борниттен халькопиритке өзгереді. Қорғасынды-мырышты кентас шағын линзалар түрінде кен орнының төм. горизонттарында кездеседі. Кен орнының негізгі элементі – қорғасын мен мырыштың өнеркәсіптік мәні аз. Серіктес элементтер ішінде күміс пен рений басты орында, олардың мөлшері тиісінше – 6,4 г/т және 1,5-1,6 г/т. Кен орнын «Қазақмыс» корпорациясы ашық әдіспен игеруде.

Ителгі (лат. Falco cherrug) – Ұлытау ауд. мекендейтін сұңқар тәрізділер отрядына жататын ірі жыртқыш құс. Қазақстанда биік таулар мен ормансыз жазықтардан басқа жерлердің бәрінде кездеседі. Шәулісінің қанатының ұз. – 34-39 см, салм. – 730-800 г. ұябасарының қанаты – 37-41 см, салм. – 1000-1300 г.

Қазақстанда и-нің 5 түр тармағы кездеседі. Сырт жоны қоңырқай сұрғылт, бауыры сарғылт теңбілді болады. И. қанатын жиі қағып, ауыр ұшады. Өте биіктеп, ұзақ қалықтайды. Негізінен, наурыздың аяғы – мамырдың басында құз-жартас кемеріне, биік қарағайдың басына ұя салады. Ұядағы 3-5 жұмыртқаны ұябасары бір айдан аса шайқайды. Балапандары 40-45 күннен соң ұядан ұшады. Бір жұптан, орта есеппен алғанда, жылына 2 балапан ғана қанаттанады. Негізгі қорегі – құмтышқан, сарышұнақ, майда құстар (торғай, көптер, түркептер, кекілік), сондай-ақ бауырмен жорғалаушыларды, ірі қоңыздарды, тіпті көкқасқа шегірткелерді де жей береді. Тамыз-қыркүйекте жылы жаққа ұша бастайды. Жылдан-жылға саны азаюына байланысты қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (1996).

Итембаев Нұрғали (1888, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Керегетас қыстағы – 1936, сонда) – табиғат сыйлаған талантымен тамам елге танымал ақын. Тұрмағанбет, Тайжан сияқты жыр сүлейлерімен сайысқа түсіп, артына мол мұра қалдырған. Топтама өлең-жырлары «Ұлытау ақындары» жинағында (2012), мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген.

Итемгенұлы Досымбай (шамамен 1806 – ө.ж.б.) – бақсы. Бақсылық қасиет ата-бабасынан дарыған. Әйгілі бақсы болған әкесі Итемген Жандосұлы түсінде аян берген. 25 жасынан бақсылық жолға түсіп, ел аралап, емшілік жасаумен айналысқан. Ем жасау үшін өзінің қара қобызымен қатар кездік, қанжар сияқты қаруларды, дәрілік шөптерді

пайдаланған. Ел аузында «Досымбай өз заманында жыландармен, су перісімен ұстасып өткен. Жыландыдағы жылан ордасын көшіріп жіберген», «Қара қобызын бәйгеге қосқан», «Қобызын сарната отырып, тасып жатқан өзеннің арғы бетіндегі ақ отауды ас-суымен қоса бергі жағасына өткізген» деген әңгімелер, «Қыпшақта бар Қойлыбай, Шағырда бар Досымбай, Балталыда Беркімбай, Қылған ісім осындай» деген өлең жолдары кездеседі. И-ның бейіті Сарыкеңгір мен Алғабас елді мекендері аралығындағы Сулы Кезауыз деген жерде. Киелі қара кобызы оның төртінші ұрпағы Жұмаділдәұлы Наурызбайдың отбасында сақтаулы.

Итмұрын – Ұлытау ауд-да өсетін раушангүлділер тұқымдасына жататын жапырақ тастайтын бұта. Раушан туыстастарыныңжидегіжалғанжеміс,құрылысы

күрделі, күлте жапырақшалары құмыра немесе бокал тәрізді болып, қабырғаларының ішкі жағында бекінген көптеген сарғыш жаңғақтар, қою да қаттылау түктермен бөлінген. Жемісі пісіп-жетілген қою, ашық қызыл түсті. Ұшында түспейтін құрғақ тостағанша жапырақшалары барлық раушандар мен жабайы раушандарға тән. И-ның ерекшелігі – бағалы дәрумендерге бай, жемісі және одан дайындалған дәрі-дәрмектер медицинада негізінен асқазан және бауыр ауруларын емдеуге қолданылады, гүлдерін шай орнына пайдалануға болады, күлтелерден дайындалған эфир майы парфюмерия өндірісінде пайдаланылады.

К

Камалова Қуаныш Камалқызы (12.06.1939, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) Қарағанды пединст-ын (1961) бітірген, химия-биология пәнінің мұғалімі. Ұлытау ауд. комсомол комитетінің екінші хатшысы (1962), Жезді аупарткомында жауапты қызметкер (1967). Кейін сүйікті кәсібіне қайта оралды. Оқушылар үйінде экология кабинетіне жетекшілік етті. Жоғары сыныптарға химия пәнінен сабақ берді. Балаларды табиғатты сүюге, қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеуде терең білімін, осы заманғы озық технологияны жетік білетінін көрсеткен. Медальдармен марапатталған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Кәрібайұлы Дәнияр (1875-1967) – сәулетші. Өмірінің соңғы кезеңінде Сарысу өз. бойындағы Аралтөбе (Жетіқоңыр құмы атырабында) а-да ұста болып істеді.

Күйдірілген қызыл кірпіштен бірнеше сәулетті күмбез, қызыл үйлер тұрғызды. Бұл құрылыстардың көпшілігі Сарысу мен Кеңгір өз. бойында сақталған. К. кірпіш күйдіру әдісін де жетік білген. Оның өз қолымен жасаған кірпіш күйдіретін пештерінің сілемі Сарысу өз. бойында осы күнге дейін сақталған.

Кварц – түссіз немесе боялған табиғи синтетикалық минерал, кремний қостотығы кристалы, пъезоэлектрик. Электронды аспап жасауда к. (монокристалдан қиып алынған кесінділер түрінде) пъезоэлектрлік түрлендіргіштерді, резонаторларды, сүзгілерді, ультрадыбыстық тежеу желілерін дайындау үшін қолданылады. Табиғатта ең көп таралған тау жынысын түзуші минерал. оксидтер класына жатады, хим. формуласы – SiO_2. К-тың 12 полиморфтық түрі анықталған. Оның ішінде негізгілері – α=К (тригоналдық сингонияда, төменгі температуралы), β=К (гексагоналдық сингонияда, жоғары температуралы), β2 – тридимит (гексагоналдық), b – кристобалит (кубтық). К. әр түрлі жыныстарда ксеноморфты агрегаттар, ұсақ түйірлі масса, жеке, қосарланған кристалдар, друзалар түрінде кездеседі. Табиғатта салм. 40 т-дай к. кристалдары табылған.

К-тың қаттылығы – 7, меншікті салм. – 2,6 г/см³, балқу температурасы – 1710°С, шыныдай жылтыр, ультракүлгін сәулені жақсы өткізеді, пьезоэлектрлі қасиеті бар. Түсіне байланысты к. әр түрлі аталады: оның таза, мөлдір, ашық түсті ақаусыз кристалы асыл тас қатарына жатады. Олар: тау хрусталі (мөлдір), аметист (күлгін көк), раухтопаз (көкшіл, мөлдір), морион (қара), аквамарин (сарғылт, күрең, қызыл), цитрин (алтындай сары), празем (мөлдір жасыл), т.б.

К. дала шпаттары, слюдалар сияқты минералдармен бірге магматекті қышқыл жыныстардың, гидротермалдық желілердің, пегматиттердің, метаморфтық жыныстардың басты жыныс құраушы минералы ретінде кең тараған. К-тың әсем түстілері зергерлік бұйымдар жасауға, түссіз, мөлдір таза кристалдары оптикалық аспаптар, ал кейбіреулері (агат) дәлдігі жоғары механизмдердің бөлшектерін (призма, ось, тірек, т.б.) жасау үшін, гьезооптикалық ақаусыз ірі кристалдар радиотехникада пайдаланылады. К-тан қышқылға, отқа және хим. әсерлерге шыдамды берік ыдыс, к. лампасы, абразиялық материалдар даярланады. Шыны-керамика өнд-де, металлургияда к-ты флюс ретінде пайдаланады.

Кейкі (Нұрмағамбет) Көкембайұлы (1871-1922) – 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісінің батыры. Орта жүз құрамындағы қыпшақ тайпасының құланқыпшақ руынан шыққан. 1916 ж. Ұлытау қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісіне алғашқы күндерден арапасып, мергендер жасағын басқарды. Күйік қопасындағы соғыста, Торғай қ-сын қоршау кезінде және жазалаушы отрядқа қарсы соңғы ұрыс – Доғал шайқасында ерекше ерлік көрсетті. 1919 ж. 13 мамырда Торғай уездық соғыс комиссары, халық батыры А. Иманов өлтірілгеннен кейін Кейкі қудалауға ұшырап, Ұлытау, Қызылқұмға бой тасалауға мәжбүр болды. Бұл сүргін Торғайда Кеңес өкіметі орнағаннан кейін де толастамады. Ақыры 1922 ж. көктемінде комиссар А. Токаревті атып кеткен К-ні 29 наурызда қызыл әскерлер айуандықпен өлтірді.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Келінтам мазары (күмбезі) – Қаракеңгір және Сарыкеңгір өз. құйылысында, Қаракеңгірдің сол жақ жағалауында Келінтам қонысының ішінде салынған сәулет ескерткіші. Жошы ханның екінші әйеліне арнап тұрғызылған. Оның жанындағы хан ордасы дуалмен қоршалған. Мазараттың ішінен көк сырмен сырдақ әшекейлеген кірпіштің, керсеннің, жайпақ табақтың тостағанның сынықшалары табылды. Кірпішінің көк сырмен сырланғанына, салыну әдісіне және оның маңынан табылған көзелерге қарағанда, мазар XIII ғ. тұрғызылған.

Келінтам – Алтын Орда кезеңіне жататын бекінісі жоқ қоныс. Алаша хан кесенесінен шығысқа қарай 8 км жерде орналасқан. К. қонысының аум. шығыстан батысқа қарай – 1 км, солт-тен оңтке қарай 0,5 км созылып жатыр. Қоныс жалпы 36 құрылыс нысанынан тұрады. Үйінділердің көл. – 10-25 м², биікт. – 0,9 м. Құрылыстардың айналасында күйдірілген кірпіштердің сынықтары, ыдыс қалдықтары, сырты боялған қыш тақташалардың сынықтары мол табылған.

М. Сейтжанов

Кенесары хан Қасымұлы (1802, Көкшетау өңірі – 1847, Қырғызстан, Жетіжал жотасының оңт. алабындағы Кекілік-Сеңгір аңғары) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837-1847 жж. ұлт-азаттық соғысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы (1841-1847). К. – Абылай ханның немересі. 1836 ж. Қоқан билеушісінің нұсқауымен К-ның бауыры Саржан өлтіріледі. 1840 ж. әкесі Қасым төре қаза тапты. К. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының аумақтық тұтастығын қалпына келтіруді, Ресей құрамына кірмеген аймақтардың тәуелсіздігін сақтауды көздеді. К-ның қол астына 20 мыңға жуық сарбаз жиналды. Әскери қимылдар 1838 ж. Ақмола, Ақтау қамалдарына шабуыл жасаудан басталды. К. соғыс ауқымын Торғай арқылы Кіші жүз жеріне қарай кеңейтті.

1841 ж. қыркүйекте К. үш жүздің өкілдері жиынында Кішітаудың баурайында қазақ халқының ханы болып сайланды. Осы жылы К. әскері Қоқан хандығының иелігіндегі Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. 1843 ж. Ресей үкіметі К-ға қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырды. Әскери қуаты әлдеқайда басым жау К. сарбаздарын Жетісуға шегінуге мәжбүр етті. Азаттық үшін шайқаста К. қырғыз манаптарынын өзіне бағынуын талап етті. Алайда патша әкімдерімен құпия байланыста болған манаптар оған мойын ұсынбады. К. бағынудан бас тартқан қырғыздарға

1847 ж. шабуыл жасады. К. мен інісі Наурызбай қырғыздардың қолына түсіп, айуандықпен өлтіріледі. Жаулары оның басын кесіп алып, орыс әкімшілігіне жібереді.

М. Сейтжанов

Кентаев Жұртшыбай (09.05.1923, Қостанай обл., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Байқоңыр а. – 10.11.1981, сонда). Әкесі аға шопан Кентай 1944 ж. «Байқоңыр» ұжымшарының төрт отар қойын баққан әріптестерімен бірге Қарақұмдағы Бесастау деген жерге қоныстанды. Кейін бұл жер ферма орт-на айналды. Оның алыстағы ұжымшар ортмен, ауд-мен тұрақты рация байланысын орнатуы қажет болды. Мұндай міндетті ұжымшарда есепші болып жүрген К. 1948 ж. бастап ойдағыдай атқарды. Ұжымшарда, кейін кеңшарда 33 жыл радист болып еңбек етті. Құлжанбайда отырып Мәскеудің төріндегі Кремльдің Съездер сарайында отырған кеңшар директоры Б. Қапановпен тікелей радиобайланыс орнатқанын замандастары әлі ұмытқан жоқ.

Кеңгір – Жезк. қ. әкімшілігіне қарайтын ауыл, Кеңгір ауылд. әкімш. округінің орт-ғы. Жезқ. қ-нан солт.-батысқа қарай 12 км жерде, Сәтбаев пен Жезқ. қ. аралығында орналасқан. Тұрғыны – 2 мың адам (2015). К-де «Кеңгір» ЖШС өндірістік кәсіпорны, орта мектеп, клуб, кітапхана, сауда орындары бар. Тұрғындары көрші елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы қатынасады.

Кеңгір бөгені. Ұлытау өңіріндегі Кеңгір өз. арнасына салынған бөген. 1952 ж. іске қосылған, 1961-1965 жж. қайта кеңейтіліп салынды. Жағасында Жезқ. қ. орналасқан. Бөгеннің ұз. – 27 км, орташа ені – 1,0 км шамасында, орташа тереңд. – 8,6 м (ең терең жері – 25 м), ауд. – 37,5 км², суының көл. – 319 млн. м³. Бөген, негізінен, Жезқ. өнеркәсіп кешенін ауыз сумен, техникалық сумен қамтамасыз ету үшін салынған, сондай-ақ қала төңірегіндегі шаруашылықтарды сумен қамтамасыз етеді. Бөген суы тұщы, минералд. 0,4 г/л-ден (көктемгі су тасуы кезінде) 1,7 г/л-ге дейін (қысқы саба кезінде) өзгереді. Деңгейінің жылдық ауытқуы 2,5-3,0 м шамасында.

КеңгірЛАГ (СтепЛАГ). Лагерь 1940 ж. 1 сәуірінде жұмысын бастап, 1957 ж. жабылды. 1940 ж. Кеңгір өз. жағасында «Жезқазған лагері және КСРО НКВД ГУЛАГ-ының комбинаты» құрылды. 1943 ж. Үлкен Жезқазған бөлімдерінің бәрі НКВД қарауына беріліп, ол «НКВД Жезқазған еңбекпен түзеу лагерь-комбинаты» деп аталды. 1947 ж. №4 Ерекше лагерь немесе СтепЛАГ деп аталды. 1942 ж. 1 қаңтарында лагерьде 140 тұтқын ұсталды. Сотталғандар негізінен кінәсіз жұмысшылар, колхозшылар, инженерлер, дәрігерлер және НКВД тізімімен құрылысқа, шахталарға еңбек күші керек болғандықтан қамалған адамдар болды. Соғыстан кейін лагерьдегі 12 мың кеңес тұтқынына 8 мыңға жуық соғыста қолға түскен немістер мен жапондықтар келіп қосылды. Лагерь төрт негізгі бөлімшеден тұрды: Кеңгір, Жезқ., Жезді және Қарсақбай бөлімшесі. 1954 ж. маусым айындағы мәлімет бойынша СтепЛАГ-та 2660 орыс, 9596 украин, 2690 литван, 1074 латыш, 290 қазақ және басқа ұлттардың перзенттері болған. Ал 1945-1947 жж. шетелдік әскери тұтқындардың жалпы саны 4446 болса, соның 2369-ы – немістер, 1012-сі – жапондар, 103-і – австриялықтар, 630-ы – венгрлер, 145-і – румындар, 58-і – қытайлар және т.б. ұлт өкілдері. Жезқ. жерінде азап лагерін еске түсіретін оның кейбір құрылыстары әлі де сақталған.

КеңгірЛАГ (СтепЛАГ) көтерілісі – 1954 ж. 16 мамырында Кеңгірде орналасқан 3 лагерь бөлімшесінде басталған көтеріліс. 18 мамырда тұтқындар кө-

терілісі қарулы қарсылыққа ұласып, лагерь бөлімшелерінде баррикадалар, бекіністер құрыла бастады. Көтерілісті Қызыл Армияның бұрынғы офицері К. Кузнецов басқарды. Лагерьде болған жалпы жиналыста көтерілісшілер ІІМ-не және лагерьлер Бас басқармасына арнайы хат жазып, арнаулы комиссияның лагерьде орын алған заңсыздықтарды келіп тексеруін талап етті. Көп кешікпей құрамында КСРО Ішкі істер министрінің орынбасары, генерал-майор С. Егоров, лагерьлер Бас басқармасының бастығы, генерал-лейтенант И. Долгих, КСРО Бас прокуратурасының жауапты қызметкері Н. Вавилов бар комиссия келді. Көтерілісшілер мен ресми басшылықтың арасындағы шиеленіс 40 күнге созылды.

К.к. кез.нде Жезқ-ға КСРО Мемл. қауіпсіздік министрі Серов, Ішкі істер министрі Круглов, КСРО Бас прокуроры Руденко, КОКП ОК Төралқасының мүшесі Е. Фурцева келіп кетті. Көтерілістің 40-шы күні, яғни 26 маусымда лагерьдің үш қақпасы және сегіз қосалқы жол арқылы жалпы саны 1600 адамнан тұратын әскери күзеттің екі дивизионы мен ішкі күзеттің бір дивизионы, 98 арнайы үйретілген иттері бар топ, үш өрт сөндіргіш машина көтерілісшілер бекініп жатқан жерге басып кірді. Оларға жол салып, баррикадаларды талқандау үшін бес Т-34 танкі қолданылды. Көтерілісті басу кезінде, ресми құжатқа сүйенсек, тұтқындардан 46 адам өлген, 5 адамды тұтқындардың өздері өлтірген, 61 адам түрлі дәрежеде жарақат алған. Әскерилердің ішінен 40 адам жаралы болған. Белсенділік көрсеткен 400 адам түрмеге жабылды, көтерілісті қолдаған 1 мың адам (500 әйел, 500 еркек) Магаданға, ОзерЛАГ-қа жер аударылды. Сонымен бірге, ресми басшылық саяси тұтқындардың көпшілігінің ісін қайта қарауға мәжбүр болды. Соның нәтижесінде СтепЛАГ бойынша 8 мың тұтқын ақталып, бостандық алды. 1955 ж. бастап лагерьдің басқару әкімшілігі қысқара бастады, 1957 ж. СтепЛАГ мүлдем жабылды.

Кеңгір халық драма театры Қаракеңгір а. Мәдениет үйінің жанында жұмыс істейді. Өнерпаздар ұжымының негізі 1985 ж. қаланған. Театрдың алғашқы режиссері – ҚазКСР еңб. сің. мәдениет қызметкері Жанбау Бірманов. Театрдың шығармашылық құрамы – 30 адам. Театрдың бірінші қойылымы Т. Ахтановтың «Күшік күйеу» спектаклі болды. Репертуары бірқатар өзекті мәселелерді қамтыды. С. Мұқановтың «Мөлдір махаббат», Д. Исабековтің «Ойнамаңдар соғыспен», «Әпке», «Әзәзілге әзіл», С. Сейфуллиннің «Бақыт жолында» пьесалары сахналанған. 1987 ж. ҚазКСР Мәдениет министрлігі ауыл жастарының әуесқой театрына халықтық драма театры атағы лайық деп тапты. Бүгінде театр жаңғыру үстінде, режиссері – Рахмет Оралхан. 2014 ж. ҚР Мәдениет министрлігінің жоғары деңгейлі комиссиясы алдында театр ұжымы жоғары орындаушылық шеберлігімен ұлттық сананы, рухты биіктету жолындағы игі істерімен халықтық атағын сәтті қорғады.

Керегетассай – Ұлытау ауд-ғы өз. Құмола өз-нің оң саласы. Ұлытау тауының оңт.-шығыс беткейіндегі Шиелікұдық, Аққұдық бұлақтарынан бастау алады. Сарысу өз. алабында. Ұз. – 40 км, су жиналатын алабы – 451 км^2. Жағасы жайпақ, өз. бастауы бұта өскіндері арасымен өтеді. Көктемгі еріген қар және жер асты суларымен толығады. Сәуірде тасып, шілдеде төменгі деңгейге түседі, қарасуларға бөлініп қалады.

Керей – Теңіз көлі алабындағы өз. Бастауын Ұлытаудың солт-дегі Жепдіадыр тауының солт. беткейінен алады. Керей көліне шығысынан құяды. Ұз. – 100 км, су жиналатын алабы – 3490 км^2. Негізгі салалары: Талсай, Қарасу, Басыақтұма. Жайылмасының ені – 50-300 м, иректеліп келетін арнасының ортаңғы, төменгі ағыстарындағы ені – 30-40 м. Негізінен қар және жер асты суларымен толығады. Қарашада суы қатып, сәуірде ериді. Жылдық орташа су ағымы – сағасында 0,55 м^3/с. Суы ауыз су ретінде, жайылымдарды суландыруға, мал суаруға жарамды. Алабында жайылмасын

көлдете суғару үшін салынған бөгеттер (жалпы су көл. – 1,23 млн. м³) бар.

Керей хан (т.ж.б. – XV ғ. 70-жж. бас кезі) – Қазақ хандығының негізін қалаушы, алғашқы ханы. Ақ Орда ханы Орыс ханның

ұрпағы. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде К. туысы Жәнібек сұлтанмен бірге XV ғ. 50-жж. аяғында Қазақ хандығының құрылуына қатысты оқиғаларда алғаш рет атала бастайды. Онда К. мен Жәнібектің Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанның батысына қоныстанғаны туралы баяндалады. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Шу мен Қозыбасы аймақтарын берді. 1458 ж. көктемінде қазақтар К-ді хан етіп көтерді. К. мен Жәнібектің бөлінуімен көшпелі өзбектер мемлекетінде ыдырау процесі басталады. Әбілқайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары К.х. мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыт ішінде Қазақ хандығындағы халықтың саны 200 мыңнан асып кетеді. К.х. есімі тарихи деректерде соңғы рет 1472-1473 жж. Жүніс хан ордасына Бұрыш оғлан деген сұлтанның шабуыл жасауына байланысты аталады. Аңыз бойынша, К.х. Қазақ хандығын 10 жыл билеген және Хан тауы етегінде жерленген.

Әдеб.: Тарихи тұлғалар. Алматы.
М. Сейтжанов

Кетебай күмбезі – архит. ескерткіш. Ұлытау өңіріндегі Малшыбай а-нан онт.-шығысқа қарай 20 км жерде, Қаракеңгір өз. бойына 1898 ж. салынған. Батыр, би Кетебай Жолайұлына арнап тұрғызылған. Ғимараттың іші мен сырты күйдірілген кірпішпен қапталған. Ол төрт бұрышты пішінінен дөңгелек күмбезге бұрыштық қуыстар арқылы жалғасады.



Қос қатарлы жиегі бас қасбетінің жоғ. бөлігін көріктендіре түседі. Басқа қасбеттері «шырша» тәрізді етіп кірпішпен өріліп қаланған. Онт.-батысқа қараған кіреберіс ойығы күмбезбен жабылған, ал осы ойық қуысының арқасы (дарбазасы) дөңгелек медальонның төрттен үш бөлігі секілденіп біткен. Ескерткіштің жоғ. жағы қираған.

Кеті бұқа (шамамен 1180-1185, Найман хандығы – 03.09.1260, Палестина, Айн-Жалуд) – жыршы, күйші, Шыңғыс хан әскерінің мыңдық нояны, мыңқол, ғо уан. Ха-

лық К.б-ны Ұлы жыршы, Аталық деп те атаған. 1206 ж. Теміршыңды Шыңғыс хан қылып сайлағаннан кейін мыңқол әскерін жасақтау кезінде мыңдық нояндары тағайындалғанда, барлығы 95 кісі болған нояндардың елу біріншісі болып найман елінің бағаналы және балталы руларын басқарған Кеті (Хэтэ) «Мыңқол құпия шежіресінде» көрсетіледі. 1224 ж. Жошы Ұлытауға көк туын тігіп, ордасын Қаракеңгірдің бойына орналастырғанда, оның қауіпсіздігін К.б-ның сенімді бағаналы-балталы гвардиясына жүктеді. XV ғ. жазылған «Шаджарат ал-атрақ» (Түрік шежіресі) атты еңбегінде Ордаға жақын уәзірлерінің бірі Ұлық жыршының Шыңғыс ханға Жошының өлімі туралы

қаралы хабарды жеткізгені туралы айтылады.

К.б. 1236-1242 жж. Еуропаға жасалған жорыққа қатысқан. 1256 ж. ғоуаң мәртебесіне ие болып, Құлағумен бірге Батыс Азияға аттанған. 1256 ж. соңына карай исмаилиттердің Ирандағы барлық қамалдарын жойып, 1257 ж. ақпанында Бағдатты алған. Осы сәтті жорықтан кейін К.б. Сирияның әміршісі болып тағайындалды. 1260 ж. 3 қыркүйегінде Айн-Жалудтың түбінде К.б. Мәмлүк елінің қолбасшысы Құтіздің қолына түсіп қаза табады. Оның өлімімен бірге Шыңғыс империясында ыдырау процесі басталады, өйткені ол Ұлы әміршінің сенімді 95 нояны ішіндегі мемлекет бірлігін сақтау үшін тер теккендердің соңғысы еді.

М. Сейтжанов

Киікбайтам – күмбез. Қаракеңгір өз. оң жағалауында орналасқан. К. күмбезін 1946 ж. ОҚАЭ (жетекшісі – Ә. Марғұлан) зерттеген. К. салыну пішініне және шикі кірпіштен қаланғанына қарағанда, XVII-XIX ғғ. ескерткішке жатады.

Киікбай тоғаны – ертедегі суару жүйесі. Қаракеңгір өз. жоғ. ағысында орналасқан. Тоған XV-XIX ғғ. қазақтардың жер суару, егін салу кезінде салынған. Тоған жағасынан олардың қоныстары табылған. 1946 ж. ОҚАЭ (жетекшісі – Ә. Марғұлан) зерттеген.

Киіктабан – Ақсақалбелгі құмының шығ-дағы қоныс. Ұлытау ауд. Коскөл а-нын оңт.-шығысында 30 км жерде орналасқан. Жер бедері жазық. Теңіз деңгейінен 135-137 м биіктікте орналасқан. Қоныс бойында Кішікиік, Садық, Тазтөбе, Қоңыртөбе қыстаулары бар. Солтде – Шұбартеңіз, шығ-да – Бұланты, оңтде – Үлкен Тастемір, бат-да Ұзыншұңқыр қоныстары орналасқан. Мал жайылымы ретінде пайдаланылады.

Колбасов Николай Илларионович (21.12.1911, Ақмола обл., Сандықтау ауд., Максимова с. – 21.09.1943, Украина, Полтава обл., Дробиновка с.) кеңес

әскері қатарына шақырылғанға дейін (1942 ж., қазан) Қарсақбай темір жолында жұмыс істеді. Курск-Орел ұрысында командирлік қабілетін, жауынгерлік ерлік көрсетті. 1943 ж. 7 шілдесінде Белгород бағытындағы ұрыстарда К-тың взводы зеңбіректерін ашық позицияға шығарып, немістердің 70 «Пантера» танкісімен ұрысқа кірісіп, бірқатарын шығынға ұшыратты. Осы ұрыста жау взводтың расчетін қатардан шығарды. К. жалғыз өзі әрі нысанашының, әрі оқтаушы мен снаряд тасушының міндетін атқарды. Жаудың 4 танкісін, 100-ден астам әскерін жойды. К. Украинаны азат ету үшін болған соғыста ерлікпен қаза тапты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен К-қа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді (22.02.1944). Қарсақбай кентінде, Сәтбаев қ-да К. атында көшелер бар.

Комиссаров Александр Кириллович (т.-ө.ж.б.) – мемлекет меншігіне алынған Қарсақбай заводы, Жезқ. және Байқоңыр көмір ошағындағы қымбат жабдықтар мен машиналардың толықтай сақталып, талан-таражға ұшырамауын ұйымдастырушы. Өзі жоғары білікті слесарь. К. жасы ұлғайып, зейнеткерлікке шыққан соң өз еркімен жастарды жаңа кәсіпке бейімдеуде өте нәтижелі жұмыс жасады. Оның мектебінен 70-ке жуық жасөспірім шыққан. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. БК(б)П XVI съезінің делегаты болды.

Көбеева Зейнеп Көбейқызы (1913 – ө.ж.б.) – алғашқы журналист қазақ қыздарының бірі. Партия қызметкері. Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. Жезқ. аупарткомы әйелдер бөлімінің меңгерушісі, нұсқаушысы, Жезқ. телестудиясының аға редакторы қызметтерін атқарған. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Көк кептер (лат. Columba livia) – Ұлытау ауд-нын қысы-жазы мекендейтін кептертәрізділер отрядының кептерлер тұқымдасына жататын кең таралған құс. Орташа денелі (240-360 гр), қанатының алымы – 60-70 см, белі ақ және қанатында екі көлденең көкшіл жолақ болады. К.к. баяғыдан бері Солт. Африкада, Еуропаның оңт. бөліктерінде және Азияда ұялап келген. Алайда адам қолға үйреткен соң Еуразияға анагүрлым кең таралып кетті. Қазақстанның оңт. жартысында шыңдарды, тау шатқалдарын, өз. жыраларын мекендейді. Түрлі өсімдік дәнімен қоректенеді. К.к. бастапқыда жартастарда және өз. жарында өмір сүрді, ал енді құрылыстардағы әр алуан қуыстарды пайдаланады. Отырықшы құс. Салындыда екі ақ түсті жұмыртқа болады. Жұмыртқаларды аналығы мен аталығы 17 күндей басады. Балапандар ұядан бір ай мөлшерінде немесе одан да көп мерзімде ұшады.

Көксеңгір – Жақсы Айыртау тауының оңт-де оқшауланған шоқылы тау. Ұлытау ауд. Жыланды а. солт-де 27 км жерде орналасқан. Сарысу өз. аңғарында. Абс. биікт. – 438 м. Солт-тен оңт-ке қарай бойлық бағытта 4 км-ге созылып жатыр, енді жері – 2 км. Беткейі көлбеу, бірнеше ұсақ шоқылардан тұрады. Солт-де Сарыапан тауы, шығ-да Қабыршақты көлі, Күйіс тауы орналасқан. Девон жүйесінің жыныстарынан түзілген. Аласа таудың сұрғылт қоңыр топырақ жамылғысында қара жусан, көкпек, бұйырғын, т.б. өседі.

Көккөз ақын – XIX ғ. Ұлытау өңірінде өмір сүрген. От ауызды, орақ тілді, суырыпсалма сөз зергері, ақын, жыршы. Тегі – найман матай ер Қатпағайдан тарайтын төртқара руынан. К.а-ның алыстан даңқын естіп, Қапалдағы Дәнеке, Тұрысбек: «Ақын елге келіп, ауыл аралап, көңілін көтерсін», – деп сәлем айтады. К.а. ұзақ жолға аттанып бара жатып еліне былай деп қоштасу сөз айтады:

«Ақбоз ат, аяңдай бас,
алдыңда ел жоқ,
Орта жүз баласындай
қайырлы ел жоқ.
...Құрбы-құрдас, замандас,
ел аман бол,
Жыл айналып келгенше
кім бар, кім жоқ?..»

Жетісуды бір жыл аралап, талай жыр дарабоздарымен сайысқа түсіп, тума талантымен озық болған К.а-ға ел жақсылары риза болып, таңдаған қызын алып беріп, жаңа отауды жасаулап, алдына бір үйір жылқы салып, жолына жігіттер қосып, Ұлытауға құрметтеп шығарып салған. Ақынның жас болыс Қозыбай Арыстанмен, Телікөлдегі ақын қызбен сөз шарпысқаны, қараторғай Сегізбай байға айтқаны, Бименде турасындағы сөзі ел жадында сақталған.

Көңжар – Үлкен Жыланшық және Дулығалы Жыланшық өз. аралығындағы қоныс. Ұлытау ауд-да орналасқан. Теңіз деңгейінен 268 м биіктікте Солттен оңт.-шығысқа қарай созылып жатыр. Жер бедері ескі өз. құрғақ арналарымен тілімденген. Қоныстың солт.-шығыс бөлігінде бұталар өскен.

М. Сейтжанов

Көпеев Мұханбет Жұманазарұлы (15.11.1949, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Рудник қалашығы) – мемлекет және қоғам қайраткері. Алматыдағы Қазақ политехн. инст-ын (1972), Алматы Жоғары партия мектебін (1985), Абай ат. мемл. пед. универс-ін (1998) бітірген. Тау-кен инженері, саясаттанушы, заңгер. Жезқ. шахтапроходкалау тресінде тау-кен мастері, комсомол комитетінің хатшысы (1972-1976), Никольский қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы (1976-1980). 1982 ж-дан партия, кеңес және мемлекет қызметінде. Жезді аупарткомының екінші хатшысы, Қаражал

қалалық атқомының төрағасы, Жезқ. обл. партия комитетінің ауыр өнеркәсіп және транспорт бөлімінің меңгерушісі, Жезқ. қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, қалалық кеңес, қалааткомының төрағасы, Жәйрем-Атасу еркін экономикалық аймағы әкімшілік кеңесінің төрағасы. 1992-1995 жж. Қаражал қаласы әкімшілігінің басшысы, әкімі. ҚР Төтенше жағдайлар министрі (2004-2005) болып істеген. ҚР Парламенті Мәжілісінің бірінші және екінші шақырылымдарының депутаты (1996-2004), Сенаттың депутаты (2005-2011). 1999-2004 жж. Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары, 2005-2011 жж. Сенат Төрағасының орынбасары. «Парасат» (2000), III дәрежелі «Барыс» (2008) ордендерімен, 5 медальмен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет» грамотасымен марапатталған. ТМД Парламентаралық Одағының мүшесі және оның «Достастық» (2003) орденінің, БҰҰ балалар қорының – ЮНИСЕФ-тің ескерткіш медалінің (2007) иегері.

Көшпенділік – ерте темір дәуірінде б.з.д. VIII-III ғғ. жердің шөлейт аймақтарында (Аридная зона) пайда болған, мал шаруашылығына байланысты дамыған адамдардың шашыраңқы тұрмыс-тіршілігінің түрі. Көшпенділер Моңғолия, Қазақстан, Иран, Арабия, Солт. Африка және Орт. Американы мекендеген. К. жыл мерзіміне байланысты түрлі мекен-жайларды қоныстанған ру-тайпалық одақтардан құралған. Қазақ жерінде к-тің үш түрі дамыған: біріншісі – Бат. Қазақстандағы меридианалды және көлденең бағыттағы 500-600 км-ге созылатын көшу маршруттары. Қыста Маңқыстауда қыстап, жазда меридиан бағыты Орал тауларының оңт.-шығысына дейін жетіп қайтадан оралса, көлденең бағыты саяси жағдайға байланысты Еділдің оң жағалауын жайлаған; екіншісі – Орт. Қазақстандағы меридиан бағыттағы 800-1000 км-ге дейін созылатын маршрут. Қыстақтары Сырдария, Талас және Шу өз. аралығындағы Қарақұм, Мойынқұм, Бетпақдала шөлейт, қар мөлшері аз аймақтарында орналасқан. Жазда Сарысу өз бойымен жүре отырып, Ұлытаудан Бұғылыға дейін созылған Сарыарқа жерін жайлап, Бат. Сібірге дейін жеткен; үшіншісі – Жетісудағы 150-200 км-ге созылатын жартылай көшпелі түрі. Оның ерекшелігі – жазда тау басындағы жайлауларға көтеріліп, қыста Балқашқа дейін созылған шөл даласын мекен еткен. Қазақ даласында өмір сүрген көшпенділер өсірген малдың басым түрі – жылқы мен қой. Көшпенділердің тұрмыс-тіршілігі, әдеп-ғұрпы және материалдық құндылықтары мал шаруашылығымен тікелей байланысты болды.

М. Сейтжанов

Көшімбек би Балықұлы (1850, Торғай оязы, Қайдауыл болысы, Терісбұтақ бойы – 1925, Аманкелді ауд., Обалы қопасы) – қоғам қайраткері, Иман батырдың немересі. Әкесі Балық а-да арнайы үй салдырып, молда ұстап, бала оқытқан. К.б. ұзақ жылдар бойы Қайдауыл, Жыланшық, Қараторғай болыстарының ресми биі қызметін атқарған. К.б. әкесінен жастай жетім қалған Аманкелдіні қарауына алып, оның азаматтық тұлғасының қалыптасуына ықпал еткен. 1916 ж. Ресей патшасының озбырлық жарлығына қарсы Торғай өлкесі тұрғындарының түгел атқа қонғанына қарамастан өзін бейтарап ұстаған. XIX ғ. соңында ауылында бастауыш мектеп ашып, онда орысша-қазақша сабақ беретін мұғалім ұстағаны туралы мұрағаттық деректер бар.

Краличкин Иван – Ресейден Қарсақбай мыс заводының құрылысына келген шебер-клепальщик. Ол қазандықтарды шегеледі, темір құрастырмаларын бекітті, тар табанды теміржолдың құрылысына қатысты. Замандастары «бүкіл заводты шегелеп шықты» деп есімін

құрметпен атайтын. К. ондаған қазақ жігіттерін темірді шегелеуге үйретті. Завод құрылысындағы ерен еңбегі үшін Еңбек Ері атанып, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

«Жезказган – город меди», изд. «Наука» КазССР, Алматы, 1966 г.

Сөйтіп, Жезқ. Кеңес Одағындағы ең ірі тау-кен орны екенін ғылым және өндіріс білгірлері мойындады.

«Большой Джезказган». Сб. материалов по проблеме комплексного изучения и освоения природных ресурсов Джезказган-Улытауского района. Л., 1935 г.

КСРО Ғылым академиясы қазақстандық базасының ғылыми сессиясы 1934 ж. 10-15 қараша күндері Мәскеуде өтті. Онда Үлкен Алтай мен Үлкен Жезқазғанның өндіріс күштерін дамыту туралы мәселе қаралды. Үлкен Жезқазғанға байланысты негізгі баяндаманы геолог Қаныш Сәтбаев, Жезқ-ның кендік және структуралық аймақтары туралы Қарсақбай комбинатының аймақтық геологы Сергей Бөкейханов, Жезқ. кенін қорыту тәжірибесі туралы Қарсақбай комбинатының бас инженері Иван Стригин, т.б. баяндамалар жасады. Пайдалы қазбалар секциясының жұмысына акад. А.П. Архангельский төрағалық етті, оған акад. В.А. Обручев қатысты. Мәжілісте 250-ден астам кісі мінбеге көтерілді.

Сессия соңғы күні қабылдаған қаулысында Жезқ. кенінің орасан зор мол қорын игеруге Қарсақбай заводы мүлдем жарамсыз, сондықтан еліміздің мысқа деген ділгірлігін тез арада қанағаттандыру үшін үшінші бесжылдықта Үлкен Жезқазған мыс қорыту комбинатын тыңнан салу керек деп қадап көрсетті. Осы бір құжатта Жезқ-ның болашағын түпкілікті шешуге арналған бір ұсыныс болды. «Бұл ауданды тезірек игеру үшін, – деп жазылған онда, – Жезқазған – Балқаш – Қарағанды темір жолын салу керек». Ғыл. сессияда талқылауға түскен Жезқазғанның ситуациялық картасы жарияланды, оның актуальдылығы әлі кемiген жоқ.

Сессия КСРО Жоспарлау комитетінен, Қатынас-жол халкоматынан, Түсті металлургия, Геол. барлау Бас басқармаларынан, одақтық, басқа да ведомстволардан сессия қорытындыларын қарауды және Жезқ-ға байланысты іздестіру, зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін 1935 ж. тиісті қаражат бөлуді өтінді.

КСРО Ғылым академиясының Орал мен Батыс Сібірдің, Қазақстанның қорларын елді қорғау мұқтажына жұмылдыру жөніндегі комиссиясы (1942-1945) II дүниежүзілік соғыс жылдары КСРО-ның табиғи қорларын елдің қорғаныс мұқтажына тиімді пайдалануда ғалымдардың күшін біріктіру үшін құрылды. Инициаторы және төрағасы – КСРО ҒА президенті, акад. В.Л. Комаров (ресми емес аты Комаров комиссиясы) болды. 1942 ж. сәуірінен бастап комиссия Оралдан басқа Батыс Сібір мен Қазақстанның қорларын зерттеумен айналысты. ҒА ғалымдарымен бірге Қазақ бөлімшесінің Қ. Сәтбаев басқарған ғалымдары тығыз ынтымақта жұмыс істеді. 260 экспедиция пайдалы қазбаларды іздестірді. Қазақстан геологтары марганец, темір, түсті және сирек кездесетін металдар, отын және құрылыс материалдары шикізаттары кен орындарын барлады. Қарағанды обл-нда Кентөбе-Тоғай, Атасу, Қарсақбай темір кендерінің орындарына экспертиза жүргізілді. Осының негізінде И.П. Бардин басқарған ғалымдар тобы Самарқан (қазіргі Теміртау қ.) кентінде толық өнд. циклді қазақ металлургия з-дының құрылысын бастау жөнінде ұсыныс жасады. Комиссия мыс комбинаттарының өнд. қуаттарын арттыру жөнінде ұсыныстар берді. Балқаш пен Жезқ-ға құрамында акад. А.А. Байков, Брицке, КСРО ҒА корр.-мүшесі Чижиков және П.Ф. Антипин бар ғалымдар тобы жіберілді. Комиссияның металлургия кәсіпорындарының қуаттарын ұлғайту жөніндегі шаралары респ. үкіметіне ұсынылып, Меммл. Қорғаныс к-ті мен КСРО Мемл. жоспарлау к-тіне жолданды. КазКСР табиғи байлығын анықтаудағы ерекше еңбегі үшін акад. Комаровқа КазКСР еңб. сің. ғыл. қайраткері атағы берілді.

Кузнецов Николай Алексеевич (1920, Қарағанды обл., Қарқаралы қ. – 2010, ШҚО, Өскемен қ.) – зоотехник. Қарқаралы зоотех.-малдәрігерлік техникумын бітірген. 1941-1946 жж. Қарқаралы, Қу ауд-да мамандығы бойынша жұмыс істеді. 1947 ж. Жезқ. ауд. бас зоотехнигі. 1959 ж. Жезқ., 1965 ж. бастап Жезді аупарткомның II хатшысы, 1974 ж. Кеңгір а.ш. тәжірибе ст. директоры қызметтерін атқарды. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Күйкентай (лат. Falco tinnunculus) – Ұлытау ауд. мекендейтін сұңқартәрізділер отрядына жататын жыртқыш құс. Қазақстанда кең тараған. Орманды далада, дала және шөлейтті аудандарда мекендейді. Шәулісінің қанатының ұз. – 23-26 см, салм. – 160-200 г, ал ұябасарында – 24-28 см және 190-280 г. К-дың аталығының басы, арқасы, құйрығының үсті сұр, көкшіл, ал бауыры тамшы тәрізді теңбілі бар бурыл реңді. Ұябасарының басы, арқасы және құйрық үсті теңбілді қызғылт сары, бауырында тамшы тәрізді теңбілі ұзына бойына орналасқан. Жас к-дың рені ұябасарларына ұқсас, бірақ бауыры тұтас қара теңбілді келеді.

К. – жыл құсы. Наурызда ұшып келеді. Топтапып ағаш басына ұялайды. Сәуірдің 2-жартысында ұяда 3-8 (көбіне 4-5) бурыл дақты сарғылт жұмыртқа салады. Оларды ұябасары 30 күндей шайқайды. балапандары бір айдан соң ұядан ұшады. Қорегі – майда кеміргіштер, құстар, кесірткелер мен жәндіктер. Тамыздың аяғы – қазаннын басында жылы жаққа ұша бастайды. Кейбіреулері Қазақстанның орт-ғы мен Орта Азияда, ал басым бөлігі Онт. Азия мен Африкада қыстайды. А.ш. зиянкестерін жеп пайда келтіреді.

Күмістікөл – Есіл алабындағы ағынсыз көл. Ұлытау ауд. Терісаққан өз-нің саласы Бала Терісаққанның жоғ. ағысының оң жағалауында, Қоскөл а-нан солт-ке қарай 3 км жерде орналасқан. Ауд. – 10,5 км^2, ұз. – 4,7 км, ені 3 км-ге жетеді, орташа тереңд. – 0,6 м. Қар, жер асть суымен толығады. Суы жаздың ыстық айларында кермек татиды. Жағасында қамыс, құрақ өседі. Мал суаруға, жайылымдарды суландыруға болады.

Күрең, кляусия (Clausia) – Ұлытау ауд-да өсетін орамжапырақтар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Қазақстанда құм топырақты далалық шалғындарда, қарағайлы ормандардың шетінде, қыраттар мен биік төбелердің тастақты және қиыршықтасты беткейлерінде өсетін 2 түрі (күнгей күрені, қазақ күрені) бар. Олардың биікт. – 3-35 см, сабағы бірнешеу, сыртын қатты безді қылтандар жауып жатады. Жапырақтары ұзынша немесе қандауыр тәрізді (ұз. – 1-8 см, ені – 3-16 мм). Тостағанша жапырақшалары қапшық сияқты, күлтелері ірі күлгін қошқыл немесе ақ түсті. Гүлдері шашақ гүлшоғырына топтапған. Мамыр-шілде айларында гүлдеп, жемістенеді. Жемісі – төрт қырлы бұршаққын. Тұқымы бір қатарда жатады, жалпақ, эллипс тәрізді, шеттерінде қара қоңыр түсті жолағы болады.

Күсенов Қабжан (1936, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Ұлытау ауылкеңесі – 2010, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – инженер-технолог. РФ Магнитогорск тау-кен металлургия инст-ын (1967), Алматы Жоғары партия мектебін (1982) бітірген. Еңбек жолын 1954 ж. Қарсақбай мыс балқыту заводында бастаған. Жезқ-да бірінші байыту фабрикасының алғашқы кезегі іске қосылғанда білікті жұмысшылар қатарында К. Қарсақбайдан жаңа кәсіпорынға жұмысқа жіберілген. Мұнда қатардағы байытушыдан Кеңес Одағындағы ірі байыту фабрикасының директорлығына дейін өсті, фабриканы 10 жылдан астам басқарды. Қал. кеңес аткомы төрағасының бірінші

орынбасары (1976-1977), ЖКМК парткомының хатшысы (1977-1985). XII шақырылған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы. Мемл. марапаттары бар.

«Кіші Жібек жолы. Отырардан Ұлытауға дейін» тарихи-этнографиялық экспедициясы 1991 ж. шілде-тамыз айларында Отырардан Ұлытауға дейінгі көне керуен жолының сорабымен жүріп өтіп, тарихи-танымдық материалдар, деректер жинады. Телефильм түсірілді, фотоальбом шығарылды. Экспедиция жұмысы тұрғындардың қазақ мемлекеті тарихына қызығушылығын туғызды. Батырлар мен үлкен тұлғалардың ерлік ісімен танысуға мүмкіндік берді, ұлттық сананы жаңғыртып, ұлттық рухты көтеруге пайдалы болды. Экспедицияны ұйымдастыру комитетінің төрағасы – Жезқ. облатком төрағасының орынбасары С. Қожамсейітов, экспедиция жетекшісі – Б. Қожахметов.

Кішітау – Ұлытау ауд-ның орта тусындағы тау. Ұлытау жотасының оңт.-батысында, Дулығалы Жыланшық өз. бастауында орналасқан. Абс. биікт. – 793 м. Солт-тен оңт-ке қарай 10-12 км созылып жатыр, ені – 6-8 км. Протерозой жыныстарынан түзілген. Тау басы тегіс, көлбеу беткейлері қорымтасты. Кішітаудан батқа қарай Дулығалы Жыланшық, оңт-ке қарай Кумола, шығ-қа қарай Жезді өз. бастау алады. Беткейлеріндегі аласа-таулық сұр топырағында қара жусан, кекпек өседі. Баурайы мал жайылымына қолайлы.

Қабанбай (Ерасыл) Қожақұлұлы (Қаракерей Қабанбай, Дарабоз) (1692, ШҚО, Үржар ауд., Барлық тауы – 1770, сонда) – батыр, талантты қолбасшы. Жеті жасында әкесі Қожақұл, он алты жасында ағасы Есенбай жоңғарлар қолынан қаза табады. Он алты жасар бала жау арасына жасырын барып, ағасын өлтірген жоңғар батырын өлтіріп, кек алған. Осыдан кейін Зайсандағы керей ішіне кетіп, жездесі Бердәулеттің қолында болды. Осында жүріп жылқыға шапқан жабайы қабандарды жайратып, Қабан батыр атанды. 1717 ж. Аягөз шайқасына, 1723 ж. Түркістан қорғанысына, 1726-1727 жж. Бұланты шайқасына, 1730 ж. Аңырақай-Алакөл шайқасына, кейіннен Шыңғыстау, Ертіс бойындағы шайқастарға қатысып, Абылай ханның бас батырларының біріне айналды. 1741 ж. Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында ақбоз атпен топ жарып, жауға шапқаны үшін Дарабоз атанды. 1751 ж. Сыр бойы, Шымкент, Сайрам, Ташкент қ. жоңғарлардан тазартып, Төле бидің билікке келуіне көмектесті. Жоңғарияға айдалып бара жатқан бірнеше мың қарақалпақты құтқарып қалды. 1752-1754 жж. Қ. басқарған қазақ әскері Іле, Балқаш, Қаратал өңірлерін жаудан тазартуға қатысты. 1756 ж. жоңғар билеушісі Әмірсананы қуып келген қытай әскерінің бетін қайтаруға атсалысты, Шонжы, Нарынқол, Кеген өңірлерін қырғыздардан қайтарып алуға қатысты. 1758 ж. қыркүйекте Барлықтан Үрімшіге 300 жылқы айдап барып, қазақ-қытай саудасын бастап берді. 500 адамдық қолмен келген қырғызға қарсы шығып, жекпе-жекте Қарабек батырды өлтірген. Сол сәтте өзі де ат үстінен құлап, қазаға ұшырайды.

Әдеб.: Отырар. Энциклопедия.
М. Сейтжанов

Қадіров Әбдірашит (1914, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы, Қорғантас а.). Әскерге Жезқ. ауданаралық соғыс комиссариаты 1942 ж. 16 маусымда шақырған. Сержант Қ. 47-армияның танктерге қарсы жойғыш 1213-артиллерия полкында зеңбірекшілер командирінің орынбасары болған. II дәрежелі «Даңқ» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. 1944 ж. 4 сәуірде Ковель қ. түбіндегі Старые кашары ауд-да батальонға неміс әскері мен танктерін барынша жақын жіберіп, дәлдеп атып, олардың біразын жайратып салды. 6 танкісін өртеп жіберді. Осы ерлігі үшін полк командирі оны 1944 ж. 14 сәуірде Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынды. Оны бригада командирі қолдады. Бірақ 47-армияның артиллерия қолбасшысы Қ-ті II дәрежелі «Даңқ» орденімен марапаттауды ұсынды. 15 мамырда Қ-ті II дәрежелі «Даңқ» орденімен марапаттау туралы 47-армияның қолбасшысы мен әскери кеңес мүшесінің шешімі шықты.

Қадырғали Қосымұлы Жалаир (1530, Сыр бойы – 1605) – тарихшы, жылнамашы, би. Әкесі Тәуекел ханның сарайында кеңесші қызметін атқарған. XVI-XVII ғғ. жалайырлардың бір бөлігі Ұлытау, Көкшетау аймағында көшіп жүрген. 1588 ж. жас сұлтан Ораз-Мұхаммедті аң аулау кезінде, Қ. бастаған саятшы, нөкерлерімен қоса орыстар тұтқынға алып, «аманат» ретінде Мәскеуге жөнелтеді. Орыс патшасы оларды жақсы қабылдап, өз маңайында ұстайды. Қ. зор құрметке бөленіп, бас уәзірлік

қызмет атқарады. Қазақ елінің тарихы жөніндегі ғыл. еңбекті де Борис Годуновтың тапсырмасы бойынша жазған. Б. Годуновтың қол астында жүріп, 1602 ж. қазақ тілінде «Жылнамалар жинағын» жазып бітірген. Шыңғыс хан әулеті және оның өзі жайында аса мол деректер келтіреді, қазақ хандарының өмірбаянына тоқталады. Онда қазақ жері, оның қалалары, XIII-XVI ғғ. қазақ жеріндегі оқиғалар, қазақ хандарының ішкі-сыртқы жағдайлары, әлеум. топтар және қазақ жерін мекендеген ежелгі рулар бірлестігі жайында деректер бар.

Әдеб.: «Қазақ энциклопедиясы».
М. Сейтжанов

Қазақбаев Әбдісамет (1898, Ұлытау, Қаракеңгір – 1959, Алматы қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. 1924-1937 жж. Ақмола ауданда ауылкеңес аткомының хатшысы, төрағасы, ұжымшар басқармасының төрағасы, 1937-1938 жж. ауатком төрағасының орынбасары, төрағасы, Қарағанды облаткомының төрағасы қызметтерін атқарды. 1938-1947 жж. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Төрағасы болды. КСРО және ҚазКСР Жоғарғы Кеңестеріне бірнеше рет депутат болып сайланды. 2 рет Ленин орденімен және т.б. орден-медальдармен марапатталған.

Қазақ КСР Ғылым академиясының біріккен көшпелі ғылыми сессиясы Жезқ. қ-да 1961 ж. 25 наурыз бен 1 сәуір аралығында өтті. Біріккен ғыл. сессияны ҚазКСР ҒА., Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, Қарағанды халық шаруашылығы кеңесі және ЖКМК ұйымдастырды. Сессияның негізгі міндеті Жезқ-да атқарылған жұмыстарды қорытындылау, Үлкен Жезқазғанды дамытудың басым мәселелерін талқылау және Жезқазған-Ұлытау өңірі өндіргіш күштерін одан әрі дамытудың перспективалары мен шараларын қарау болды. Оған 100-ден астам одақтық және қазақстандық министрліктердің, жобалау және ғыл.-зерттеу инст. қызметкерлері, олардың ішінде КСРО және ҚазКСР ҒА-ның алты мүшесі, сегіз корр.-мүшесі қатысты. Сессияның барлық мәжілістерінде 175 баяндама тыңдалды, олар негізінен геология мен металлогенияға, тау-кен өндірісіне, металлургия мен байытуға, энергетикаға, су шаруашылығына, құрылыс, транспорт, а.ш., денсаулық қорғау ісіне арналды.

Біріккен ғыл. көшпелі сессиясы Жезқазған-Ұлытау өңірін дамытудың күрделі проблемаларын жан-жақты саралап, оны оңтайлы шешудің нақты қадамдарын анықтап берді. Мысалы, жер астында тау-кен өндірісіне өздігінен жүретін техниканы белсенді енгізіп, өндіріс көлемі мен еңбек өнімділігін арттыру, геол. барлау ісін ашылған кен орындарымен қатар жаңадан мыс, темір кен орындарын іздестірумен тығыз ұштастыра жүргізу, өңір тұрғындарын а.ш. өнімдерімен барынша қамтамасыз етуге бағыттау, т.б.

«Большой Джезказган».
Изд. АН КазССР, Алматы, 1966 г.

ҚазКСР еңбек сіңірген қызметкері құрметті атағы еліміздің дамуына үлес қосқан, жоғары экономикалық көрсеткіштерге жеткен, бастамашыл, қажырлы, өнімді еңбектің үлгісін көрсеткен азаматтарға ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының, ҚР Президентінің Жарлығымен берілген. Қарағанды обл. Ұлытау ауд. бүгінгі аумағында бұл мәртебелі атаққа өнеркәсіп, а.ш., білім беру және мәдени-әлеум. салада төмендегі тұлғалар ие болды. **ҚазКСР еңбек сіңірген металлургтері:** 1964-1975 жж. – Әбдірахманов Төлеген Мұсаұлы, Бексұлтанов Қуанышбек, Жанділдинов Сейт, Жеңсікбаев Жүрсін, Көбенов Қосжібек, Қоштаев Даяр, Ли Моисей, Мәткенов Кадер, Мейрамов Оразалы, Муцаев Ассрудин, Нұрғалиев Әлкебай, Нұрғалиева Несібелді, Отарбаев

Қойшығара, Рысбеков Қайырбек, Сансызбаев Сейтқали, Сейілов Сейітқасым, Таймағанбетов Байбосын, Төребеков Сияр. **ҚазКСР еңбек сіңірген өнертапқыштары және рационализаторлар:** 1965-1970 жж. – Тұрсынов Махмуд, Малых Иван Васильевич. **ҚазКСР еңбек сіңірген дәрігері:** 1966 ж. – Сәбитов Інжіл Сәбитұлы. **ҚазКСР еңбек сіңірген социалистік мал шаруашылығының шеберлері:** 1957 ж. – Берденов Мыңбай, Жабағин Дүйсембек, Қайырбеков Қазыкен, Есетов Әбділда. **ҚазКСР еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкерлері:** 1984 ж. – Бекетаев Әліпбек, Әбілғазин Тұрар, Сүлейменов Әбілжан. **ҚазКСР өнеркәсібінің еңбек сіңірген қызметкері:** 1990 ж. – Жолдыбаев Рахымбек Махмұтұлы. **ҚазКСР еңбек сіңірген мұғалімдері:** 1945 ж. – Сазонтова Мария Васильевна; 1967-1987 жж. – Ахметов Баһадүр, Әбдірахманов Сираж, Дәуітов Баттал, Қаратаева Есен, Құсайынов Ілияс, Черкасова Валентина Матвеевна. **Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері:** 1998 ж. – Мәткенов Кадер Мәткечұлы.

«Қазақ мемлекеті мен ұлт тұтастығының қалыптасуындағы Ұлытаудың тарихи орыны» атты респ. ғыл.-тәжірибелік конференция өңірімізде 2005 ж. 15 қыркүйекте өтті. Конференцияда ҚР Мемлекеттік хатшысы О. Әбдікәрімов, Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ә. Кекілбаев, акад. М. Жолдасбеков, ақын К. Салықов, Ә. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің ректоры Ж. Наурызбай, қазақтың белгілі қаламгері, Мемл. сыйл. иегері Қ. Салғарин, т.б. сөйледі. ЖезУ конференция материалдарын жеке кітап қылып шығарған («Қазақ мемлекеті мен ұлт тұтастығының қалыптасуындағы Ұлытаудын тарихи орыны» респ. ғыл.-тәжірибелік конференциясының (2005 ж. 15 қыркүйек) материалдары. Астана, «Фолиант», 2005).

Қазақ мемлекетінің тұтастығы мен халық бірлігінің монументі – Ұлытау а-нан шығ-қа қарай 9 км жерде, Ұлытау – Жезқазған тасжолының бойында, Айыртаудың етегінде орнатылған. Биікт. – 16 м, авторы – Т. Тереқұлов. Ескерткіш орнатылатын жерге белгітас қою салтанатына 1993 ж. қыркүйекте ҚР Президенті Н. Назарбаев қатысып, сөз сөйледі. Монумент 2005 ж. 13 қыркүйекте ашылды. Монумент жоспарында қарастырылған мұражай құрылысы басталмаған.

М. Сейтжанов

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС – Қазақстанның алдыңғы қатарлы тау-кен және металлургия компаниясы. Компания Штаб-пәтері Лондон мен Алматыда орналасқан. Компания-

ның негізі Қарсақбай мыс заводы іске қосылған 1928 ж. қаланды. 1992 ж. «Жезқазғантүстіметалл» атауымен акционерленеді. 2005 ж. қазанында Лондонның қор биржасына шығады. 2008 ж. компания акционерлері – директорлар кеңесінің төрағасы Владимир Ким (45,76% акция), атқарушы директор Олег Новачуг (6,53%), Kazakhmys Plc-тың 14,99%-ы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-на тиесілі. Kazakhmys Plc-тың директорлар кеңесінің төрағасы Владимир Ким, сонымен қатар, ENRC Kazakhstan Holding BV компания акциясының 25%-ын сатып алу опционына ие. 2007 ж. компанияға тиесілі мыс кені – дәлелденген 700 млн. т, ал шамамен алғанда – 2 млрд. т құрайды. Kazakhmys Plc-тың негізгі еншілік мекемесі «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Қазақстанда 19 жер асты мыс кені мен 2 металлургиялық комбинаты бар. Kazakhmys Plc, сонымен қатар, Германияда мыс

өнімін шығаратын МКМ кәсіпорнына иелік етеді. Kazakhmys Gold (Kazakhmys Plc-тың еншілік мекемесі), «Қазақмыс» ПЛС – пайдалы қазба байлықтарын өндірумен айналысатын негізгі қызметін Қазақстанда және жақын аймақтарда атқаратын Ұлыбританияда тіркелген халықар. компания. Мыс өндіру бөлімшесінің өндірістік алаңқайлары Қазақстанның барлық аймақтарында орналасқан, оның ішінде 15 карьер мен жер асты кеніштері, 10 кен байыту фабрикасы және 2 мыс балқыту кешені де бар. Мыс бөлімшесінің иелігінде көмір шахталары мен электр ст-ры бар. Бозшакөл және Ақтоғай деген екі ірі енд. жоба іске асырылуда. «Қазақмыс» – Қазақстандағы ең ірі электр ст. Екібастұз ГРЭС-1-дің 50 пайыз акцияларының иесі. Топ сол станция мен иелігіндегі бірнеше ТЭЦ-терді меңгеру арқылы Қазақстандағы электр қуаты ұсынымының 20 пайызынан астамын меңгереді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 ж. 30 тамызда өткізілген бүкілхалықтық референдумда қабылданған. ҚР Конституциялық Заңдардың қағидаттарын тұжырымдап, бір арнаға келтірген мемлекетіміздің Негізгі Заңы болып табылады. Ол кіріспеден және 9 бөлімнен (98-баптан) тұрады. Кіріспесінде Қазақстан халқының бостандық, теңдік мұраттарына адал екені жарияланды. ҚР стратегиялық бағыты – оның демокр., зайырлы, құқықтық және әлеум. мемлекет құру жолында дамитыны конст. тұрғыда негізделді. Олар – қоғамдық келісім, елдегі саяси тұрақтылық, республика қызметінің экономиканы дамытуға бағытталуы, қазақстандық патриотизм – отансүйгіштік, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демокр. жолмен шешу принциптері, оның тежемелік және тепе-теңдік жүйесі, халықар. құқық принциптері мен нормаларын құрметтеу, мемл. шекараның мызғымастығы принципі, қазақ тілінің мемл. тіл ретіндегі мәртебесі, т.б. Конституцияда адам мен азаматтық құқықтары, бостандықтары баянды етілген. Конституцияның соңғы IX бөлімінде Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі айтылады.

Қазақ хандығы (1465-1847) – Жошы ұлысының бытыраңқылық кезінде негізі қаланған мемлекеттердің бірі. Әмір Темірдің шапқыншылығы салдарынан Жошы ұлысының Ақ Орда автономиялы мемлекеті Орыс хан қаза болғаннан кейін Ноғай Ордасы мен Өзбек хандығына (Әбілқайыр хандығы) бөлінеді. XV ғ. 40-жж. Өзбек хандығында Орыс ханның ұрпақтары Керей және Жәнібек сұлтандар мен шейбандық Әбілқайыр ханның текетіресі күшейіп, нәтижесінде қарсылық білдірген сұлтандар өздерін қолдаған тайпаларды Шу алабына көшіріп әкетеді. 1458 ж. Керей сұлтан хан сайланып, жаңа мемлекеттің іргесі қалана бастайды. Мұхаммед Хайдар Дулат өзінің «Тарихи-и-Рашиди» атты еңбегінде «қазақ сұлтандарының үкіметі 870 һижри кәмәри (1465 милади) жылы» толық құрылғанын жазады.

Қ.х-ның 400 жылдық тарихын екі кезеңге бөлуге болады. Біріншісі – бір орталықтан басқарылған кезең, екіншісі – бытыраңқылық кезең. Бірінші кезеңге хандық құрылғаннан 1715 ж. Тәуке хан қайтыс болғанға дейінгі аралық жатса, екінші кезең 1715-1847 жж. аралығын қамтиды.

Бірінші кезең тағы да өз ішінде шартты түрде бірнеше кішігірім кезеңдерге бөлінеді. Олар – хандықтың құрылуы, күшеюі, әлсіреуі, қайта өрлеуі, өзара талас немесе «текетірес», жоңғарлармен алғашқы күрес, «алтын ғасыр» кезеңдері. Осы кезеңде Қ.х-да Керей, Жәнібек, Бұрындық, Қасым, Мамаш, Тахир, Бұйдаш, Ахмет, Тоғым, Хақназар, Шығай, Тәуекел, Есім, Тұрсын, қайтадан Есім, Жәнібек, Жәңгір, Тәуке хандар билік еткен.

Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін, жоңғар шапқыншылығы хандықты әлсіретіп, екінші кезең – бытыраңқылық кезең басталып, Қазақ елінде – Ұлы жүзде, Орта жүзде және Кіші жүзде жеке хандар пайда болды. Бұл кезеңде Батыстан ербіген империалдық капитализмнің ықпалы қазақ жеріндегі көшпенді мемлекеттің дамуына әсер етті. Екінші

кезең Қ.х-ның Ресей империясының бодандығына кіруімен аяқталды. Орыс патшаларының саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілістер мен соғыстар орын алды. Олар: Е. Пугачевтың көтерілісіне Кіші және Орта жүз қазақтарының қатысуы, Кіші жүзде орын алған С. Датұлының қозғалысы, Бөкей Ордасындағы И. Тайманұлы мен М. Өтемісұлынын, Сыр бойындағы Есет батырдың, т.б. көтерілістері және Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық соғысы. 1841 ж. Кішітау баурайында бүгінгі күні Қантөбе (Хан-төбе) деп аталатын жерде Кенесары сұлтан бүкіл қазақтың ханы болып сайланып, Қ.х-ғын қайта жандандыруға әрекет жасады. Бірақ 1847 ж. қазақтың соңғы ханы қаза болып, XIX ғ. 60-жж. ортасында қазақ елі мен жері толық Ресей патшалығының құрамына кірді.

М. Сейтжанов

Қазан тау – Ұлытау кентінен оңт.-батысқа қарай 12 км жерде жеке орналасқан тау. Төңкерілген қазан сияқты болып жатқандықтан Қазан тау аталып кеткен. Денесі ұсақталу процесіне жататын көрі граниттен тұрады. Бауырында терек, қайың, жиде талдары, тобылғы, итмұрын, ұшқат бұталары өседі. Айналасы – шабындық және мал жайылымы.

Қазанғапов Орынбек Бұқарбайұлы (10.03.1935, ОҚО, Қарсақбай ауд., Ұлытау а. – 06.2017, Қарағанды қ.) Қызылорда пед. инст-ын (1960) бітірген. Химия және биология пәндерінің мұғалімі. Ұлытау, кейін Жезді ауд. комсомол комитетінің 1-хатшысы болған. «Ұлытау» кеңшары жұмысшылар комитетінің төрағасы, «Сарыкеңгір» кеңшары партком хатшысы, №1 орта мектеп директоры болды. 1981 ж. Ұлытау ауд. көпсалалы коммуналдық кәсіпорнының директоры болып тағайындалды. 1985 ж. Ұлытау ауд. тұтынушылар одағы басқармасының төрағасы болып сайланған. 1988 ж. «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Ұлытау аудандық мекемесінің» директоры болып істеді. Ұлытау орманын қорғауды тыңғылықты ұйымдастырды. Сырттан әкеліп отырғызылған шырша, қарағай, жеміс беретін басқа да көшеттер білікті күтімнің нәтижесінде жаңа топырақты тез жерсінді. Ауд. орталығын, әкімшілік ғимараттарды, жеке тұрғын үйлер ауласын көгалдандыру іске асырылды. ҚР Президентінің Алғыс хатына ие болған. Басқа да мемл. марапаттары, орталық басқару органдарының құрмет грамоталары бар. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Қазанбаева Зейпін Зікірқызы С.М. Киров ат. (қазір әл-Фараби ат.) ҚазМУ-ді (1987), Е. Бөкетов ат. ҚарМУ-ді (2008) бітірген. Журналист, тарихшы. 1987-1995 жж. Жезді ауд. газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі. 1995 ж-дан Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінде бөлім меңгерушісі, директордың ғылым жөніндегі орынбасары, 2011 ж-дан директоры. Музейді дамытудың таяу жылдарға арналған бағдарламасын жасауда, сирек кездесетін жәдігерлерді насихаттауда, кенді өңір тарихын заманауи әдіс-тәсілдермен көрсетуде жетістікке жетті. Музейдің сирек жәдігерлер залы жаңғыртылып, жаңадан жабдықталды, кіреберіс залы қайтадан құрылды, Қарсақбай кентіндегі Қ. Сәтбаевтың музей-үйінің көрме залы экспозицияларының өзектілігі арттырылып, замана талабына орай жасақталды. Ұлытау ауд. мәслихатының депутаты.

Б. Қожахметов

Қази Бірмағанбетұлы (1901, Ақтөбе губ., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Дулығалы өз. бойы – 1984, сонда) – діни ағартушы, ишан. Үлкен атасы Арыстанбайұлы Құлмұхаммед ишан салдырған Дулығалы медресесінде дәріс алған. Әкесі Бірмағанбет те діни білімі бар ишан болған. Ишан деген – діни мис-

тикалық (сопылық) ілімді уағыздаушы мұсылман қауымның басшысы және дін ғұламасы. Қ. ишанның көріпкелдігі, емшілігі болған. Зембілмен әкелген сал адамдарды аяғымен жүргізіп қайтарған.

Қазыбаев Қостанкелді Қазыбайұлы (1803 – ө.ж.б.) 1840 ж. Қарабала-Төрткара-Сарғалдақ болысының басқарушысы болып сайланып, 16 жыл билік еткен. Болыста 4546 жан болды. Ресейдің жергілікті өкімет адамдарының есебіне қарағанда, 6685 жылқысы, 2802 түйесі, 30574 қойы болған. Қ. Кенесары көтерілісін қолдаған. Дүние салғаннан кейін Кеңгір бойына жерленген. Жезқ. қ-да Қ. атында көше бар.

Қазыбек – Сарысу алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 59 км. Ұлытаудың солт. белігіндегі бұлақтардан басталып, Қаракеңгір өз-не құяды. Арнасы кең, жағасы тік жар. Көктемде 10-15 күндей ағады да, жазда құрғап қалады. Суы мал шаруашылығы мұқтажына пайдаланылады.

Қазыбек тау Ұлытау а-ның солт.-шығысында, 25 км жерде батыстан шығқа қарай 7-8 км созылып жатыр, ені – 2-3 км, абс. биікт. – 885 м. Архей және протерезойдың метаморфтанған, дислокацияға ұшыраған жыныстарынан түзілген. Қызыл қоңыр топырағында жусан, бетеге, тобылғы, т.б. дала өсімдіктері мен бұталары өседі. Қ.т. баурайындағы бұлақ көздерінен Қазыбек өз. бастау алады. Сыр бойынан ауа көшкен Қаздауысты Қазыбек осы тауды біраз уақыт мекен қылыг, Алаш баласын жоңғар басқыншылығына қарсы күреске шақырып жиын өткізген екен деген дерек бар. Сондықтан тау сол кісінің құрметіне Қ.т. аталыпты.

Қазыбеков Смағұл Сүлейменұлы (1897, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жез-ді өз. бойы – 1938) – агроном, биолог-генетик. 1913 ж. Омбы а.ш. училищесінің мәдени-техникалық бөліміне оқуға түседі. 1917 ж. 25 тамыздан Ақмола обл. көш-қон басқармасының есеп-са-

нақ бөліміне халықсанағын жүргізуге көмектескен. 1922 ж. Мәскеудегі Тимирязев ат. а.ш. академиясын тамамдады. Акад. Н.И. Вавиловтың шәкірті. Қазақтың тұңғыш агроном, биолог-генетик ғалымдарының бірі. 1920 ж. аяғында Солт. және Оңт. Америкада Н.И. Вавиловтың ботаникалық-агрономиялық экспедициясының құрамында болған. 1925 ж. ҚазАКСР Жершархалкомында жұмыс істеген. 1925-1926 жж. тәжірибе алмасу үшін Англияға барған топтың құрамында болған. Жалған жаламен 1937 ж. тұтқындалып, 1938 ж. атылды. Ақталған. Жезқ-да Қазыбековтер ат. көше бар.

Қазыбекова Мағрипа Мырзағұлқызы (1903-1982) – дәрігер. ОАМУ медицина фак-ін бітірген. 28.07.1938-01.10.1947 жж. аралығында «халық жауы» Қазыбеков Смағұлдың әйелі болғандықтан қылмысты жауапқа тартылып, ҚарЛАГ-та абақтыда отырды. Абақтыда тұтқындар ішінде қазақ зиялыларының жұбайлары Әзиза Рысқұлова, Күнжамал Майлина, Жакетай Татимова, Дәмеш Жүргенова, Гүлбаһрам Сейфуллина, Ресейден Лидия Русланова, Галина Серебрякова, т.б. болды. Ұлы Ерденді Магнитогорскідегі мектеп-интернатқа, кішкентай қызы Елкені Шымкенттегі «Малютка» нәрестелер үйіне алып кетеді. Абақтыда ол дәрігерлік қызметпен шұғылданды. 1956 ж. 27 шілдеде Түркістан әскери округі әскери трибуналының шешімімен ақталды.

1957 ж. Балқаш қ. ауруханаының жұқпалы аурулар бөлімшесінің меңгерушісі болды. Балаларын жан-жақтан жинастырып, қолына алды. Көп жылғы мінсіз кәсіби еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен (1960) марапатталды. ҚазКСР еңб. сің. дәрігері (1966). Балқашта Қ. ат. көше бар.

Қазыбек Келдібекұлы (1667, Сыр бойы – 1764, Семізбұғы тауының етегі, Теректі қыстағы) – би, қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін болатқожа атасынан шыққан. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің бас биі еткен. Би Әз Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді мүшелерінің бірі болса, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта ақыл-кеңес беріп отырған. Тәуке хан үйсін Төле, алшын Әйтеке, арғын Қазыбек билерге жаңа заң жобасын – «Жеті жарғыны» жасатып, Бүкіл халық алдында қабылдатты. Қазақ «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубетіне ұшыраған кезеңде Қазыбек би басқа билермен бірге Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барақ, Батыр, Абылай сұлтандардың арасын жарастыруға күш салды, оларды езара ынтымаққа шақырды. Орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатуды жақтады. Би XVIII ғғ. 40-жж. басында Сыр бойынан Арқаға қарай көшіп, Ұлытау, Қарқаралы өңірін қоныс қылып, Семізбұғы тауының беткейлерін жайлаған. Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде жерленген.

Қайдауылов Хамит (1924, Ақмола обл., Қарсақбай болысы, Қарсақбай елді мекені – 1989, Жезқ. обл., Жезді ауд., Жезді кенті) – II дүниежүзілік соғыс ардагері, Берлин үшін болған ұрыстардың қаһарманы, қаржыгер. Қарсақбай ФЗО мектебінде оқып, флотатордың көмекшісі мамандығын алған. Бірақ еңбек жолын бастамай, өз еркімен 1942 ж. Отан қорғауға аттанады. 1942-1943 жж. атқыштар полкінің мектебінде курсант, кейіннен Беларусь майданында атқыштар взводының командирі болады. Қ. Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағанбетовтің батальоны құрамында ерлікпен шайқасқан. «Берлинді шабуылдауда Есжанов, Сьянов, Қайдауылов, Тұрарбеков сияқты жауынгерлер ерлікпен шайқасты», – деп атап көрсетілген орта мектеп оқулығында (Қазақ ССР тарихы, 10-класс. «Рауан», А., 1997, 213-б.). Майдан даласындағы ерлігі үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Берлинді алғаны үшін», «За отвагу» және басқа медальдармен марапатталған. Қ. ҰОС-нан оралғаннан кейін жиырма жылдан астам Жезқ., кейін Жезді ауд. қаржы бөлімінің меңгерушісі болды.

Қаймолдинов Төлеубай Смағұлұлы (1940) – тележурналист. ҚР еңб. сің. мәдениет қызметкері (1987). ҚазМУ-дің журналистика фак-ін бітірген (1968). 1958-1997 жж. Қарсақбай мыс заводында қалыпқа құюшы, балқытушы қызметін атқарды, Қазақ теледидарында комментатор, аға редактор, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, бас редакторы. 1997 ж. «Таң» телекомпаниясының вице-президенті. Кезінде көрерменге кеңінен танымал болған «Деректі экран», «Мәдениет», «Киносаяхат клубы», «Адам, қоғам, заң», «Өзекті мәселе», «Президент сағаты», т.б. хабарлардың авторы әрі жүргізушісі. «Қазақстан» ақпарат бағдарламасын 14 жыл басқарды. «Хабар», «45 минут» бағдарламаларынын бас редакторы ретінде біраз жас шәкірттерді тәрбиеледі. Мерзімді баспасөз беттерінде «Сайлау алдындағы кеңірдек майлау», «Міңгір», «Үйлендім-ау ақыры», «Бір өтірігім жоқ», «Әй, достым-ай», «Бісміллә», т.б. сықақ әңгімелері жарық көрген. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1987)

марапатталған. КСРО Журналистер одағы сыйл. лауреаты (1985).

Қайырбеков Қазыкен (1884, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау баурайы – 1970, Қарағанды обл., Жезді ауд., Жезді кенті) – Ұлытау өңірінің атақты шопаны. ІІ дүниежүзілік соғыстан кейін алыстағы Қарақұм жайылым бөлімшесін игеруге тікелей атсалысқан. Жиырма жылдай қой бақты. Малдың жайылымы, суы, құмнан жаз жайлауға көшетін кезде адам мен малға жағдай жасау жөніндегі ұсыныстары ауд. және кеңшар басшылары тарапынан қолдау тапты. Қ. ой, іс-әрекеті жағынан көпшілікті иландырған қайраткер дәрежесіне көтерілді. 1956 ж. 650 бойдақ бағып, бір бас шығындатпай, әр қойдан 2,5 кг жүн қырыққан. 1957 ж. отарындағы 467 саулықты қыстан дін аман алып шығып, әр жүз аналыққа 112 қозы ертті. ҚазКСР соц. мал шаруашылығының еңб. сің. шебері (1957), Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Қалдаяқов Шамші (15.08.1930-29.02.1992) – қазақ композиторы. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (2010). Қазақстан комсомолы сыйл. иегері (1965). 1956 ж. шығармашылыққа ден қойған. Қ. адам бойындағы ізгілік пен парасаттылықты, махаббат пен адалдықты, бақыт пен өмірге құштарлықты жырлаған. Әндері алпыс жыл өтсе де сахна төрінен, мереке салтанатынан, той дастарханынан түспей келеді. Қ-тың ақын Ж. Нәжімеденовпен бірлесіп жазған «Менің Қазақстаным» әні Елбасы Н. Назарбаевтың өңдеуінен кейін ҚР Әнұраны болып ресми қабылданды. Қ. шығармашылық сапармен Ұлытау өңірінде, Байқоңыр даласында бірнеше рет болды. Шопандармен, ауыл жастарымен әңгімелесті. Өмірге «Байқоңыр вальсі» әні келді. Сөзін жазған – Н. Әлімқұлов. Қазақ радиосында бірінші орындаған – КСРО халық артисі Р. Абдуллин.

Қалдыбаев Әбдібек (1907, Ақмола обл., Атбасар уезі, Талап а. – 1964, Қарағанды обл., Жезді ауд., Қарсақбай кенті) еңбек жолын Қарсақбай мыс заводы темір жолының ст-да паровоз машинисінің көмекшілігінен бастаған. Қызылорда қ-да кеңес-партия мектебін (1934), жартыжылдық заң мектебін (1940) бітірген. 1938 ж. Қарсақбай ауд. прокуратурасының халық тергеушісі. 1939 ж. Қарсақбай ауд-нан бөлініп шыққан Ұлытау ауд. прокуроры болып тағайындалды. Жаңа ауд. қалыптасуына, азаматтардың құқығын қорғап, заңдылықты қамтамасыз ету жолында жемісті еңбек етті. Кейін еңбекшілер депутаттары Қарсақбай кенттік кеңесі атқомының төрағасы болды. Мемл. марапаттары бар.

Қалдыұлы Ақан (19.03.1965, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Жанкелді ауылкеңесі, Қоскөл а.) – негізгі мамандығы – арнаулы орта білімді мал дәрігері, ақын. Өлең жазуға мектепте оқып жүргенде ден қойған. Өлең-жырлары обл., айм., ауд. газеттерде жарияланып жүр. «Ой өрнегі» атты жыр жинағы жарық көрген. «Ұлытау – жыр бұлағы» атты өлеңдер жинағына жыр топтамасы енген. Қазақ хандығының 550 жылдығында «Түйте батыр» атты дастанын оқырман қауым жылы қабылдады.

Қапқұлов Алтай (1943, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Социалды ауыл-

кеңесі) – шопан. Тоқболатовтар шопандар әулетінде дүниеге келген. Жезді кентінде орта мектеп бітірген соң «Ұлытау» кеңшарында шопан атасының таяғын ұстаған. Ширек ғасыр шопандық еңбек жолында жыл сайын әр жүз саулықтан 105-110 қозы алып, аман өсіріп отырған. 1970 ж. жаз қуаңшылық болып, шөптің шығымы төмен болғанда Қ. зайыбымен бірге 300 км алыстағы Бозшакөл мал жайылымына көшіп барып, малды қыстатып шығу жөнінде бастама жасаған. Сөйтіп, екі мыңға жуық қойды қыстан шығынсыз алып шыққан. Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне», т.б. медальдармен марапатталған.

Қалмағамбетов Садан (Сәдуақас) (1934, ОҚО, Қарсақбай ауд., Пионер (Майтөбе) а. – 1998, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Қарсақбай кенті). Әкесі Баймағұз 1937 ж. «халық жауы» болып ұсталып кеткен соң жастайынан ересектермен қатар ұжымшар жұмысына араласады. II дүниежүзілік соғыстан кейін №1 Қарсақбай орта мектебінде үзіліп қалған оқуын жалғастырды. 1959 ж. Қарағанды мединст-ын төмамдап, Қарсақбайдағы ауд. орт. ауруханада дәрігерлік еңбек жолын бастайды. 1964 ж. Жезқ-дағы №1 қалалық ауруханада оташы дәрігер, хирургия бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. Өмірінің соңғы жылдарында Қарсақбай кентіне оралып, отбасылық-дәрігерлік амбулатория ұйымдастырды.

З. Қазачбаева

Қалмағанбетов Жәлел Шубайұлы (18.03.1934, ОҚО, Қарсақбай ауд., Қарсақбай кенті) М.И. Калинин ат. Мәскеу алтын және түсті металдар инст-ын (1955), КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1973) бітірген. 1955-1969 жж. Қ. Сәтбаев ат. ЖКМК кеніштерінде кен шебері, телім, бөлім және карьер бастығы. Кәсіподақ және партия комитеттерінің жауапты қызметкері. Жаңадан құрылған Жезқ. обл. кәсіподақ кеңесінің төрағасы (1973), Жезқ. облпартком хатшысы (1975). 1977-1980 жж. ҚКП ОК Ауыр өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі, 1980-1988 жж. Қарағанды облпарткомның екінші хатшысы. Кейін Жезқ. облаткомы төрағасының орынбасары, зейнеткерлікке шыққанша обл. әкімінің орынбасары. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесіне екі рет депутат, ҚКП ОК мүшесі болып сайланған. КОКП XXVII съезінің делегаты. Екі мәрте Еңбек Қызыл Ту (1971, 1977), «Құрмет белгісі» (1966) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

ЖҚММ. қор-1, тізімдеме-14, іс бірлігі-21. 3-4-бб.

Қалмаққырылған – тарихи орын атауы. Қазақ-жоңғар соғысы кезіндегі ұлы шайқастардың бірі – Бұланты шайқасы өткен жер. 1727 ж. Бұланты жазығында, Білеуті өз. төменгі жағындағы Мүйір, Қарасире деген жердегі биік төбенің баурайында Әбілқайыр хан бастаған қазақ жасақтары қалмақ басқыншыларына күйрете соққы беріп, жау әскерін қырғынға ұшыратты. Қ. атауы қазақ жерінің түпкір-түпкірінде кездеседі *(Бұланты-Білеуті шайқасын қараңыз)*.

Қалманбайдың қызыл үйі – Сымтас а-нан шығ-қа қарай 7 км жерде. Қызыл күйген кірпіштен белгілі үйші-ұста болыс Байдәулетұлы Қалманбайдың үйін Кәрібайұлы Данияр салған.

Қамбар батыр – Жетіқоңыр алқабындағы жер атауы. Құм ішіндегі кішігірім төбе. Қамбар батыр мен Сәмен батыр кездесіп, найзаласып, Сәмен батыр өледі. Өлер алдында: «Қамбар, сен де ұзаққа бармассың», – деген екен. Сәмен батырдың найзасының ұшы Қамбардың кеудесіне қадалып қалған екен. Жаралы батыр төбе басына жетіп: «Кеудемдегі найзаның ұшын суырыңдар!» – депті. Суырып алғанда жан тапсырыпты. Төбе батыр есімімен осылай аталыпты.

Қамбаров Нығматбек Шенебекұлы (23.07.1944-23.04.2008) – физ.-мат. ғыл. докт.

Орта мектепті алтын медальмен бітірген соң М.В. Ломоносов ат. Мәскеу мемл. универс-не оқуға түсіп, геология фак-ін геофизик (1968), қолданбалы математика және кибернетика фак-ін математик мамандығы бойынша (1985) бітірген. КСРО ҒА О.Ю. Шмидт ат. Жер физикасы инст-да кіші ғыл. қызметкер, аға ғыл. қызметкер болып жұмыс істеді. 1976-1983 жж. ҚазКСР ҒА Сейсмология инст-ның лаборатория меңгерушісі болып еңбек еткен. Ғыл. жұмыстармен қатар М.В. Ломоносов ат. Мәскеу мемл. универс-нің бизнес жоғары мектебінде, социология фак-де, Мәскеудің экономика-қаржы, қаржы-құқық, салааралық технологиялар инст-нда дәріс оқыған. 4 монографиясы және 87 ғыл. еңбегі бар.

Қанапин Төкен Қанапияұлы (1946, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Сарлық а.) – жоғары білікті дәрігер. Ақтөбе мединст-ын (1971) бітіргеннен кейін Жезқ. к. ауруханасында онколог дәрігер-хирург болып еңбек жолын бастады. Обл. онкология диспансерінің (1977) бас дәрігері, диспансердің жабылуына байланысты (1996) аймақтық көпсалалы аурухана бас дәрігерінің онкология жөніндегі орынбасары, ұйымдастыру-әдістеме бөлімінің (1997-2003) меңгерушісі. Өңірде обыр ауруының алдын алу және емдеу жұмыстарын жетілдіруге үлес қосты. Алғашқы фиброгистроскопия кабинетін, цитологиялық зертхана, онкогинекология және химиятерапия бөлімдерін жаңадан ұйымдастырды.

Қандықараша, Қызылтас – Сарысу алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 39 км. Бастауын жарқабақты келген сайдағы бұлақтардан алып, Сарыапан тауының солт.-батысында 15 км жерде тартылып қалады. Арнасы кең, алабы жазық. Көктемде еріген қар суынан арнасында 15-20 күн ағын болады. Жылдың басқа мезгілінде құрғап, қарасуларға бөлініп қалады.

Қантөбе (Хантөбе) – Ұлытау ауд. Кішітау тау жүйесінің құрамындағы тау. Ұлытаудан онт-ке қарай 105 км, Ақтас елді мекенінен шығ-қа қарай 13 км жерде орналасқан. Абс. биікт. – 676 м. Төбеден басын Бала Жезді өз. алады. Айналасы – жайылым. Атауы тарихи маңызы зор оқиғаға байланысты қойылған. 1841 ж. қазақтың үш жүзі қосылып, осы төбенің баурайында қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлын ақ киізге көтеріп, бүкіл қазақ елінің ханы қылып сайлаған.

М. Сейтжанов

Қапанов Белгібай (15.12.1936, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Байқоңыр а. – 2000, Қарағанды обл., Жезқ. к.) – ғалым-зоотехник. Алматыдағы Қазақ зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1962) бітірген.

Еңбек жолын 1962 ж. Жезді ауд. «Байқоңыр» кеңшарының бас зоотехнигі болып бастаған. 1971 ж. маусым айынан 1987 ж.

ны қоныстың металлургтер ескерткіші екендігін дәлелдейді.

Талкенов Аллаяр (1912, Қарағанды обл., Тельман ауд. – ө.ж.б.) ҚКП ОК жанындағы курстарда (1951) тыңдаушы. 1942 ж. Байқоңыр көмір ошағы партия ұйымының хатшысы. 1943 ж. Жезқ. мыс комбинаты директорының орынбасары. Жезқ. өнеркәсіп кешенін ҰОС жылдары толықтай жергілікті көмірмен қамтамасыз ету міндетін ойдағыдай шешкен. 1945 ж. сәуірінен 1952 ж. шілдесіне дейін Жезқ. ауаткомының, 1952 ж. шілдесінен Шет ауаткомының төрағасы болды. Кейін Жезқ. кешенді геол. кен-барлау экспедициясы бастығының орынбасары. Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Танабаев Муса Тұрманұлы (01.02. 1965, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) Қазақ политехн. инст-ын (1987), Е. Бөкетов ат. ҚарМУ-ді (1994) бітірген. Тау-кен инженері. Экономист. Экономика ғыл. канд. (2002).

Еңбек жолын 1986 ж. «Донецкуголь» өнд. бірлестігінде электрослесарь болып бастады. ЖКМК Батыс Жезқ. кенішінде шебер, комсомол ұйымының жетекшісі, бизнес құрылымдарында басшылық қызметте болды. 1995-2004 жж. Жезқ. қ. әкімінің орынбасары, бірінші орынбасары. 2004-2006 жж. ҚР Индустрия және сауда министрлігінің басқарма бастығы, ҚТЖ «Жолаушы тасымалдау» АҚ вице-президенті, «Отан» РСП орталық аппаратында департамент директоры. 2006 ж. Жезқ. қ. әкімі болып тағайындалды. 2008 ж-дан ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі саласында басшылық қызметтер атқарды. Төтенше жағдайлар мен өнеркәсіп қауіпсіздігін мемл. бақылау комитетінің мұнай-газ өнеркәсібі бойынша басқармасының бастығы, осы комитет төрағасының орынбасары, Қостанай обл. департаментінің басшысы болып тағайындалды. 2015 ж. 4 желтоқсаннан Республикалық «Кәсіби әскериленген апаттық-құтқару қызметі» мемл. кәсіпорнының бас директоры. ҚР Президентінің Алғыс хатымен, медальдармен марапатталған. «Еңбек даңқы» төсбелгісінің барлық дәрежесінің, ведомстволық «Ерекше қызметі үшін» айрықша белгісінің, т.б. марапаттар иегері.

Танабайұлы Баржақсы (1868, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы – 1924, Ақмола обл., Атбасар уезі, Атбасар қ.) – заманындағы ірі кәсіпкерлердің бірі. Орысша-парсыша сауатты болған. Ағайындардың артық малын Атбасар жәрмеңкесіне шығарып, пұлдап, тауарға айырбастап, қажетін өтеп отырған. Кейін Атбасар қ-на қоныс аударған. Сол жерде Қазан төңкерісіне дейін екі дүкен ұстаған. Қызыл кірпіштен салдырған екі қабат қызыл үйіне кеңестік кезеңде кітапхана орналасқан. Келешек білімде екенін түсінген Т. төрт ұлын Омбыда оқытқан. Төрежаны – жоғары білімді мал дәрігерлерінің бірі, Бірімжаны – жоғары білімді агроном, Елемесі – дәрігер, Ахметі – дипломат болған. Т. Жезді өңірінде жерленген.

Тамды – Торғай алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 122 км, су жиналатын алабы – 1540 км². Құркөл көлінің солт.-батысында 6 км жердегі бұлақтан басталып, Түсіп қыстауы тұсында Сарыторғай өз-не құяды. Ұз. 30 км-ге жетпейтін бірнеше саласы бар. Негізінен қар суымен толығады. Жаз айларында құрғап қалады. Жылдық орташа су ағымы – 1,8 м³/с. Алабы – шабындық пен жайылым.

Таңбалытас (Таңбалы Нұра) – Ұлытау өңіріндегі бүкіл түрік әлемі үшін аса құнды және қасиетті қорық кешені. Мойынқұмнан оңт-ке қарай 60 км, Сарысу өз. сол жағалауынан шығысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Тастағы таңбалар елді біріктіру, тарихта жазба із қалдыру және болашақ ұрпаққа аманат ретін-

мамырына дейін халық депутаттары Жезді ауд. кеңесі аткомының төрағасы. Кейін Жезді ауд. мен ЖКМК-да а.ш. саласында басшылық қызметтер атқарды. Ұлытау өңірінің экономикалық, мәдени-әлеум. өркендеуіне үлес қосты. КОКП XXIV съезінің делегаты (1965). Еңбек Қызыл Ту орденімен, екі медальмен марапатталған.

Қаптыадыр – Сарыарқаның батыс бөлігіндегі қырқалы таулар. Ұлытау ауд-ғы Арғанаты тауларының қиыр солт-де орналасқан. Бала Терісаққан және Терісаққан өз. суайрығы. Абс. биікт. – 525 м (Қосаяқ тауы). Оңт.-батыстан солт.-шығыс бағытта 30 км шамасында созылып жатыр, ені – 15-18 км. Қ. палеозойға дейінгі гранит және гнейс жыныстарынан түзілген. Қ. бөткейлерінде, Мыңбұлақ тауы етегінде бұлақтар және шайынды жыралар көптеп кездеседі. Адырлы қырқаның сұр топырағында жусан, бетеге, құмайтты жерінде тобылғы өседі. Жайылымға пайдаланылады.

Қараған (Acacia) – бұршақ тұқымдас өсімдіктерге, мимоза мен бұршақгүлділер тұқымдастары тармағына жататын түрліше ағаштар мен бұталардың жалпы аты. Қ-ның 700 түрі бар. Олар: сенегал қараганы, жібек қараған, аққараған, сарықараған, шарқараған, сәлбір қараған, бозқараған.

Қарағанды облысы – ҚР орт-да орналасқан әкімшілік аумақтық бөлік. 1932 ж. 10 наурызда құрылған. Қазіргі шекарасы 1997 ж. қалыптасқан. Аум. – 428,0 мың км^2. Тұрғыны – 1 млн. 300 мыңнан астам адам. Ақмола, Павлодар, Шығ. Қазақстан, Қызылорда, Оңт. Қазақстан, Жамбыл, Ақтөбе, Қостанай обл. шектеседі. 9 ауылдық әкімшілік аудан, 11 қала, 39 кент, 171 ауылд. әкімшілік округ бар. Әкімшілік орт-ғы – Қарағанды қ.

Қ.о. Сарыарқаның оңт. бөлігінде орналасқан. Қиыр батысын – Торғай қыратының шығысы мен Тұран ойпатының солт.-шығысы, солт-гін – Теңіз-Қорғалжын ойысы, Есіл жазығы, Ерейментау, Қызылтау және басқа ұсақ таулар, шығысын – Ащысу, Дағанбай өз-дері, оңт-гін – Бетпақдала сазды шөлі мен Балқаш құмы алып жатыр. Бедері ұсақ шоқылы, төбелі белесті. Обл. батысын Ұлытау (1134), Арғанаты, Кішітау, шығ-ын көтеріңкі келген Балқаш-Ертіс су айрығын құрайтын Қарқаралы таулар тізбегі қалыптастырады. Обл-тың ең биік нүктесі – Қызыларай тауы (Ақсораң – 1565 м). Қ.о. оңт.-батысы мен оңт-гі – Арал маңы Қарақұмы, Мойынқұм, Жетіқоңыр, Қарақойын, Самен сияқты құмды алаптар. Обл. ауа райы континенттік, қысы суық, жазы ыстық. Өз-нің ең маңыздылары – Нұра, Жарлы, Қарқаралы, Талды, Есіл, Өлеңті, Шідерті, Түндік, Сарысу, Кеңгір, Терісаққан, Торғай, Мойынты, Кусақ, Жөмші, Тоқырауын. 1910 көл, 460 тоған мен бөген бар. Ертіс – Қарағанды – Жезқазған каналы Атасу кентіне дейін салынды.

Қ.о. – респ-дың дамыған индустриалды-аграрлы өңірінің бірі. Жалпы ішкі өнімінің көл. 2015 ж. қорытындысымен респ. обл-ры ішінде 4-орын алды. Обл-та энергетика көзі – жергілікті көмір. ЖЭС-ры бар. Өнеркәсіптің басты салалары – көмір өндіру, кокс шығару, қара металлургия («Испат Кармет» ААҚ, Теміртау), түсті металлургия («Қазақмыс» корпорациясы, Жезқ., Балқаш, Сәтбаев қ.), химия, машина жасау және металл өңдеу (Қарағанды, Теміртау, Саран қ). Құрылыс индустриясы, жиһаз шығару, тұтыну заттары өндірісі, жеңіл, тамақ өнеркәсібі, а.ш. өнімдерін өңдеу біршама дамыған. Обл-та а.ш-на пайдалануға жарамды жер көл. – 42,5 млн. га, оның ішінде егіндік – 1,070 млн. га, шабындық – 389,6 мың га, жайылымдық – 31,724 млн. га. А.ш. өндірісімен 357 ұжым шұғылданады. 2016 ж. басында шаруашылықтың барлық түрінде 480,2 мың ірі қара, 978,4 мың қой-ешкі, 480,2 мың жылқы, бір мың түйе, 3174,5 мың құс болды. Әуе, темір жол, асфальт және тасжол жүйесі біраз дамыған. Сарыарқа темір жол желісі 3000 км едәуір асады. Қарағанды әуежайы обл. тұрғындарын бірқатар шет елдермен және респ. басқа қ-мен байланыстырады. Обл. аумағы арқылы

Павлодар – Шымкент, Құмкөл – Қытай мұнай құбыры өтіп жатыр. Өңірде өнер, мәдени-көпшілік мекемелердің, кітапханалардың, мұражайлар мен мұрағаттардың, клубтар мен мәдениет үйлерінің дамыған кешені қалыптасқан. Обл. теледидение, обл., кал., ауд. газеттер тұрғындардың ақпаратқа сұранысына сай күнделікті көп өнім шығарып жатады.

Қарағандысай – Сарысу алабындағы өз. Ұз. – 54 км, су жиналатын алабы – 721 км². Бастауын Ұлытаудың шығ. беткейіндегі бұлақтардан алып, Ақшоқы тауының шығ-да 10 км жерде, Мақат қыстауының тұсында Қаракеңгір өз-не құяды. Арнасы тар, тік жарлы. Қар және жер асты суларымен толығады. Жазда қарасуларға бөлініп қалады.

Қарадың – ортағасырлық сәулет ескерткішінің орны. Ұлытаудан солт.-батысқа қарай 35 км жерде, Қаражыланды өз. жағасында орналасқан. 1947 ж. ОҚАЭ (жетекшісі – Ә. Марғұлан) зерттеген. Қ. құрылысының сыртқы бейнесі киіз үй тәріздес. Іргетасынан бастап ірі тақтатаспен деңгелене қаланып, жоғары көтерілген сайын бүрмелеп өрілген. Диам. – 8 м, биікт. – 5 м. Тұрғызылған уақыты – VII-X ғғ. Қ. сәулет өнерінің озық үлгісі қатарына жатады және ислам діні таралғанға дейінгі уақытты қамтитын ғып, құндылығы зор туынды.

М. Сейтжанов

Қараеспе – Шалқар алабындағы құрғақ арна. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Шалқар алабындағы Арыс к-нің солт-де. Ұз. – 90 км, су жиналатын алабы – 992 км². Арнасымен көктемде 7-10 күндей ағын болады. Шолақнұра тауынан басталып, Теріскенеспеге құяды. Арнасы тік, жарлы. Қар, жаңбыр суымен толығады. Аңғары – мал жайылымы.

Қаражар шайқасы (1916 ж., 23 қыркүйек) – 1916 ж. патша үкіметіне қарсы көтерілген Ұлытау өңірінің қазақтары мен Атбасардан жіберілген жазалаушы казак әскерінің арасында болған шайқас. Полковник Иванов бастаған әскер Терісаққанның бойымен жүріп, 22 тамызда Қарсақбайға келген. 12 қыркүйекте Қарсақбайдан шығ-қа таман 60 км жерде әскер барлаушылары мен қазақ сарбаздары арасында алғашқы қақтығыс болды. Бұл күні қазақтар 2 адамынан айырылды. Қ.ш-на 1500-дей қазақ сарбазы қатысты. Ивановтың қолы 400-дей казакты құрады. 23 қыркүйекте таң ата екі жақ Қаражарда кездесті. Ұрыс бірнеше сағатқа созылды. Пулеметтің шашқан оғына төзбей сарбаздар шегінуге мәжбүр болды. Шайқас нәтижесінде 17 сарбаз, ал патша әскерінен 1 казак ажал тапты. Шайқаста қаза тапқан сарбаздар Қаражардан оңт.-батысқа таман Жарин (Шейіт) деген жерде жерленген. Басына қорған тұрғызылып, белгітас қойылған.

М. Сейтжанов

«Қара жорға» – Абылайдың күйі. Ел аузындағы аңыз бойынша, Абылай Ұлытаудың баурайында аңшылық құрып жүріп, түнгі қалың ұйқыда жатқанда қапыда қалмақ қолына түскен. Ташкент шаһарындағы Қалдан Серенге жеткізіліп, екі жылға жуық тұтқында болған. Қалмақ ханы Абылайды өлтірмей, оның ақылы мен қайратын танып, қазақ елін билеуде сенімді кепіл, серік етуді ойластырған. Осылай өзінің сұлу қарындасы Хошаны (қазақша есімі Топқыш) Абылайға қосады. Астына су төгілмес қара жорға мінгізіп, үш жүздің әрқайсысынан келген 30 мәмілегерге қосып, Отанына қайырады. Аңыз осы жолы еліне көңілі өсіп, қуаныш құшағында келе жатқан Абылай «Қ.ж.» күйін шығарған дейді.

Қаражорғин Балғабек Мүтәліпұлы (04.06.1969, Қарағанды обл., Жезді ауд., Кішітау ауылкеңесі, Сарлық а.) орта мектеп (1987) бітірген соң комсомолдық жолдамамен Аманкелді ат. кеңшардың «Қорғантас» комсомол-жастар шопандар бригадасында механизатор болып еңбек жолын бастаған. Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеген. Талап кеңшар-техникумын (1990) бітірген. 1993 ж. кеңшар таратылғанда үлеске алған мал-мүліктің

есебінен ауд-ғы атақты шопан болған әкесі М. Қаражорғин ат. шаруа қожалығын ұйымдастырған. Іскер, білікті, жаңашыл өндіріс ұйымдастырушысы. Мал басын өсіріп, өнімділігін арттыруда жақсы көрсеткіштерге жетіп жүр. Ұлытау ауд. маслихатының депутаты.

Қаракеңгір ауылдық округі *(Бозтұмсық ауылын қараңыз).*

Қаракеңгір – Сарысу алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Бастауын Ұлытаудың солт-дегі Арғанаты тауындағы бұлақ пен келден алып, Малшыбай а. тұсында Сарыкеңгір өз-не оң жағынан қосылады. Бұдан әрі өз. Кеңгір деп аталады. Аңғары кең, арнасы тік жарлы. Ұз. – 295 км, су жиналатын алабының ауд. – 18400 км². Өз. деңгейі көктемде қар суымен толығады. Өз. арнасында Кеңгір бөгені салынған, бөгет тұсындағы су жиналатын алабының аум. – 12500 км². Өз-нің 100-ден аса саласы бар, оның 82-сінің ұз. 10 км-ден қысқа. Ең ірі салалары: Үлкен Жезді, Сарыкеңгір, Жыланды, Құрқарағанды. Жылдық орташа су ағымы Жыланды өз. қосылған тұста – 3,73 м³/с., Жезқ. қ. тұсында – 6,7 – 7,0 м³/с. Суы Жезқ. өндіріс кешенін сумен қамтамасыз етуге, мал және егін суаруға пайдаланылады. Жайылмасы – шабындық.

Қара қарақат (Тасжарғандар тұқымдасы) – Шығ. және Орт. Қазақстанның орманды дала және таулы ауд-ғы едәуір танымал бұта. Батыста Орал өз. бассейніне дейін,

оңт.-шығыста Жоңғар Алатауына дейін тараған. Ылғалды жерді жақсы көреді. Өз. жағалауында, сазды жерлердің жиегінде, ылғалды ормандарда өседі. Бұл түрдің бұтақтары түзу, биікт. 1,5 м дейін, жас бұтақтар алғашқыда бозарып тұрады, жаздың аяғында қоңыр түске ауысады. Жапырағы саусақ салалы, ұзын.

Қ.қ-қа тән бір ерекшелік – жапырағы мен жас бұтақтарының төм. жағында болатын сары бездің болуы, өсімдікке хош иіс береді. Гүлдері күлгіндеу немесе жасылдау, сирек шашақты, әр шашағында бестен шоғырланған. Мамыр-маусым айларында гүлдейді, шыбынның көмегімен тозаңданады. Қолайсыз жағдайларда да өзі тозаңданады, бұл жиі болып тұрады (бір гүлдің ішінде). Жемісі хош иісті, қара немесе қошқыл. Көптеген ұсақ тұқымды жидек шілде-тамыз айларында пісіп-жетіледі. Тұқымын құстар таратады. Қ.қ. көпшілікке жабайы күйінде де, мәдени түрде де белгілі. Қазақстанның барлық аймағында өсіріледі. Бірақ жабайы қарақат жоғары бағаланады. Себебі қантты витаминге бай тағам ретінде және емдік мақсатта, көкөністерді консервілеуде жапырағы хош иіс беруге кеңінен қолданылады.

Қарақойын – Ұлытау ауд-ғы көл. Сарысу алабында. Ауд. жауын-шашын мол жылдары – 80-90 км², орташа ауд. – 72,5 км². Ұз. – 16,8 км, ені 8,3 км-ге жетеді. Су жиналатын алабы – 11800 км². Көктемгі қар ерігенде Талдыеспе, Қаттағансай өз-дері құяды. Батыс бөлігінде ұсақ аралдар бар. Батыс жағалауы тік жарлы, шығысы батпақты: көктемде суы жайылады. Түбі тегіс, суы тұзды. Шаруашылықтық маңызы шамалы. Төңірегі мал жайылымы ретінде пайдаланылады.

Қарақойын, Қоянжал – Жетіқоңыр құмының оңт-де орналасқан құмды алқап. Ұлытау ауд. Сымтас а. оңт-де 135 км жерде. Сарысу өз. орта ағысының сол жағалауында жатыр. Биікт. – теңіз деңгейінен 260-270 м шамасында. Солт-тен оңт-ке қарай бойлық бағытта 36 км-ге

созылған, енді жері – 17 км-дей. Солт-де тұтасып жатқан Сәменқұм алқабымен, шығ-да Қоянжал, бат-да Қатынқұм, Мойынқұм, оңт-де өзімен аттас көлмен шектеседі. Жалды құмдардың бойында Басбұлақ, Қопабай, Киікті, т.б. қыстаулар мен құдықтар бар. Төбешіктерде теріскен, еркекшөп, жусан, ебелек, шет жақтарында қамыс, ши, т.б. өседі. Тұщы су құм массивтерінің жиек жағында 1-2 м тереңдікте кездеседі. Қысқы мал жайылымы ретінде пайдаланылады.

Қарақұйрық (лат. Gazella subgutturosa) – сүтқоректілер класының қуысмүйізділер тұқымдасына жататын аң. Қазақстанда Үстірт пен Маңғыстауда, Арал өңірінде, Қызылқұм, Мойынқұм, Бетпақдаланың оңт-де, Оңт. Балқаш өңірінде (Тауқұм, Сарыесікатырау) кездеседі. Тұлғасы сымбатты, дене тұрқы – 101-126 см, шоқтығының биікт. – 67-79 см. Текесінің салм. – 22-41, ешкісінікі – 20-34 кг. Текелерінің мүйізі түп жағы бедерлі, ұшы бір-біріне қарай аздап иілген. Ұз. 33-43 см болады, ешкілері – тоқал. Құйрығы кішкентай, қарақоңыр түсті. Тұяқтары кішкентай, қара түсті, сопақша әрі үшкір келеді. Тері жамылғысы құм тектес, сарғыш-сұр. Көз алды, шат, тұяқаралық иіс бездері, көру және есту мүшелері жақсы жетілген, осылар арқылы бір-бірімен тез табысады. Тастақты, құмды, сазды топырақты шөлді аймақтарды мекендеуге бейімделген. Қоныстарын жыл маусымдарына қарай, қыста сексеуіл, жыңғыл өскен бұйрат-бұйрат құмдарға, жазда шөлді жерлерге қарай қоныс ауыстырып отырады. Тау етектерінде, теңіз деңгейінен 2500-3000 м биіктікте де кездеседі (мыс., «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында). Қазір саны аз, Қазақстанда бар-жоғы 13-15 мыңдай. Оның 5-7 мыңы «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында, қалғаны Үстірт қорығы мен Ақтау-Бозащы қорықшасында қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (1996).

Қарақұмдағы халық құрылтайы – XV ғ. 50-жж. басталған ойраттардың қазақ даласына шабуылы бірде күшейіп, бірде бәсеңсіп отырған. 1708 ж. жоңғарлардың жаңа шабуылы басталып, қазақтарды Ташкентке қарай ығыстырды. Мұндай жойқын жорыққа қарсы күрес ұйымдастыру үшін 1710 ж. қазақ халқының игі жақсылары жиналып, Арал маңындағы Қарақұм деген жерде құрылтай өткізеді. Құрылтайдың өтуіне сол кездегі қазақ ханы Тәуке ықпал жасайды. Жиынға қатысушылардың бір бөлігі жоңғарларға бодан болуды қаласа, екінші бөлігі қолайлы сәтті күтуді жөн көреді. Бірақ Қанжығалы Бөгенбай батыр халықты жоңғарларға қарсы шабуылға шығуға көндіреді. Бұл басқосуда Әбілқайыр хан үш жүздің біріккен әскерінің басшысы, ал Бөгенбай батыр бас қолбасшы болып сайланды.

М. Сейтжанов

Қарасиыр, Қарасуыр, Қарасире – Ұлытау ауд. Ащымиір алабындағы өз. Ұз. – 51 км, су жиналатын алабы – 341 км^2. Бастауын Ұлытау тауының оңт.-батыс беткейіндегі бұлақтардан алып, Ащымиір өз-не сол жағынан құяды. Жағасы жарқабақты, аңғары кең. Қар және жер асты суларымен толығады. Көктемде суы тасиды, жазда қарасуларға бөлініп қалады. Жылдық орташа су ағымы – 0,16 м/с. Кішігірім 2 саласы бар, төм. ағысында шаруашылық мақсатында бөген салынған. Өз-нің жоғ. ағысындағы аңғарында Саз, Жарқұдық, т.б. тұщы сулы құдықтар бар. Суы мал суаруға пайдаланылады. Алабы – жайылым.

Қарасор – Ұлытау ауд-ғы көл. Ұлытаудан шығ-қа қарай 130 км, Мешкейсор көлінің оңт-де 15 км жерде орналасқан. Суы ащы. Қарауылшы тауынан және жан-жақтан жиналатын жауын-шашын суымен толады. Айналасы – мал жайылымы.

Қаратаев Мұхамеджан Қожасбайұлы (1910, Ұлытау, Қорғантас а. – 1995, Алматы қ.) – әдебиет зерттеушісі, сыншы-ғалым, ҚР ҰҒА академигі, ҚР еңб. сің. ғыл. қайраткері. Қ. Абай шығарма-

ларын 1930 жж. зерттей бастады. «Пушкин мен Абай» («Әдебиет майданы», 1937, 16 ақпан), «Пушкин қазақ әдебиетінде» («Қазақ әдебиеті», 1937, №2), «Жүз жылдан кейінгі Пушкин» («Әдебиет майданы», 1936, №11-12) деген мақалаларында Абай мен Пушкиннің ақындық ұлылығын, идеялық туыстығын, Пушкиннің Абайға және қазақ ақындарына әсерін сөз етті. Қазақстан кеңес жазушыларының I пленумындағы «Қазақ әдебиетіндегі сынның міндеттері» деген баяндамасында («Қазақ әдебиеті», 1937, 16, 30 мамыр) Қ. баспасөздегі Абай туралы, оның ақындық тұлғасын танудағы жаңсақ пікірлерді сынға алады. «Ұлы Абай» деген мақаласында («Туған әдебиет туралы ойлар». А., 1958, 123-132-бб.) ақынды өз заманының прогресшіл, алдыңғы қатардағы қоғам күрескері деп бағалады. Пушкин орыс әдебиетінде қалай құрметтелсе, ұлы Абайды қазақ халқы солай бағалайды дейді. Сыншы Абай туралы жазғандарында оның халық мұңын жоқтаушы екенін, орыстың зиялыларынан өзі үйреніп, өзгелерді де соған үндейтінін қуаттап отырады. Қ-қа «Шығар шың алда» кітабы үшін Абай ат. ҚазКСР Мемл. сыйл. берілді (1974).

Әдеб.: Абай. Энциклопедия. М. Сейтжанов

Қаратаева Есенкелді (1944, Қарағанд обл., Ұлытау ауд., Айыртау ауылкеңесі) – ұстаз. Қарағанды пединст-ын (1966) бітірген, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. №1 Ұлытау орта мектебінде еңбек жолын ұстаздықтан бастап, зейнетке шыққан. ҚазКСР еңб. сің. мұғалімі (1987).

Қаратал – Торғай алабындағы өз. Бастауын Ұлытау тауының батыс беткейіндегі бұлақтардан алып, Ұсабай қыстауы тұсында Жетіқыз өз-не құяды. Ұз. – 37 км, 8 саласы бар. Ең ірілері: Тынымбай, Айбас. Жағасы тік жарлы. Қармен, бұлақтармен қоректенеді. Сәуірде тасып, жазда қарасуларға айналады. Өз. аңғары – шабындық пен жайылым. Суы ауыз суға және мал суаруға пайдаланылады.

Қаратон – Ұлытау ауд-ғы ортағасырлық ғимарат қалдығы. Арғанаты тауларының бөктерінде, Бозай өз. жоғ. ағысында орналасқан. 1947 ж. Ә. Марғұлан бастаған ОҚАЭ зерттеген. Жеке тұрған бұл ғимараттың аумағы тіктөртбұрышты келген.

Қаратоғай – Торғай алабындағы өз. Қостанай обл. және Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 284 км., су жиналатын алабы – 15,5 мың км². Қырғыштаудың оңт.-батыс беткейлеріндегі бұлақтарынан басталып, Торғай өз-не құяды. Негізгі салалары: Бешке, Қайыңды, Сарыторғай, Жыланды. Көп жылдық орташа су шығыны сағасынан жоғары 20 км-де – 1,93 м³/с. Алқабы – шабындық, мал жайылымы.

Қарауылтас – ортағасырлық мұнара. Жезді кентінен солт-ке қарай 18 км жерде, биікт. 503 м Есқұла тауының басында орналасқан. Биікт. 3,5 м-дей ғана. Алғаш ОҚАЭ (жетекшісі – Ә. Марғұлан) зерттеген. Қ. жобасы төрт қырлы қалпаққа ұқсас. Табаны жалпақ келгенмен, қабырғалары биіктеген сайын сүйірлене түседі. Төрт бұрышты тақтатастан тұрғызылған. Қазіргі уақытта қирап қалған. Қ. Басқамыр қалашығының қарауыл мұнарасы болған. Ол арқылы қарауылдар төңіректі шолып, айналаны бақылап отырған. Қ. орта ғасырларда Орт. Қазақстанды мекен еткен оғызқыпшақ заманындағы бірегей ескерткіш туындыларының қатарына жатады.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Қарауылшы – Ұлытау ауд-ғы тау. Ұлытаудан шығ-қа қарай 130 км жерде орналасқан. Абс. биікт. – 503 м. Таудан Талсай өз. ағады. Таудың еріген қар суы шығ-та Қарасор көлін толтырса, батыста Талсай өз. арқылы Сарыкеңгірге құяды. Айналасы – жайылым.

Қарахметов Төлеген (1922, Қостанай обл., Торғай уезі, Байтілеу өз. бойы – 1991, Жезқ. обл., Ұлытау ауд., Аманкелді ат. кеңшар) – механизатор, ұстаз, соғыс ардагері. Әкесі Шектібай дәулетті адам болған. Кәмпескеге ілігіп, жер аударылған. Қ. он жасынан жетім өсті. 1942 ж. әскер қатарына шақырылды. Сталинград шайқасына қатысты. 1943 ж. әскери бөлімшесі Иранға ауыстырылып, Америкадан келген қару-жарақты, жүкті теңіз арқылы КСРО-ға тоқтаусыз жөнелтіп тұрды. Соғыстан оралған соң мал дайындау мекемесінде механизатор, малшы болды. 1959 ж. Қорғасындағы орта мектепте еңбек пәнінен сабақ берді. Оқушыларды техн. мамандыққа бейімдеуде және оқытуда жақсы көрсеткіштерге жетті. Мектептің жас техниктер клубы Қарағанды обл. мектептері арасындағы жарыста I орын иеленген. Қ. өбелек орнатылған жүрдек аэрошана жасап, онымен ауа райына қарамастан аңшылыққа шығып жүрді. 200-ге дейін қасқыр соққан жылдары болған.

Қарғалы, Ақши, Жоса – Шалқар алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 135 км, су жиналатын алабы – 3090 км^2. Байқоңыр а-ның солт.-батысында 30 км жерден басталып, Жарық а-ның тұсында тартылып қалады. Аңғары терең, ені – 120-220 м. Арнасының ені – 4-40 м, биікт. – 1,5-4 м. Қар, жер асты суларымен толығады. Көп жылдық орташа су ағымы – 0,65 м^3/с. Жайылмасы – шабындық, суы мал суаруға пайдаланылады.

Қарпықұлы Әжібай (1791-1866). Арқа елі мен Сыр бойына аты мәлім болған. Руы торы қыпшақтың шашты, бошай тармағынан. 1822-1847 жж. Сандыбайұлы Ерден батырдың қызметшісі. Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық көтерілісін қолдаушы және оған белсене қатысушы рубасыларының бірі. Кенесары Орынбор және Батыс Сібір губернаторлықтарының жеріне тұрақтай алмай оңт-ке қарай ойысқанда, Қ. патша үкіметінің қысымымен қуғынға ұшыраған. Қ. Сарыарқадан Сыр бойына қоныс аударады. 1857-1858 жж. Қоқан билеушілеріне қарсы халық көтерілісіне қатысқан. Досбол бимен пікірлес болған. 1862 ж. қазан айында Сарысу бойын жайлайтын Кіші жүз рулары мен Ұлытаудың батыс баурайындағы қыпшақтар арасындағы дауды бейбіт жолмен, екі жақты жарастыра, әділ шешкен. Қызылорда обл. Шиелі ауд. Бәйгеқұм қыстағының жанына жерленген.

Қарпықұлы Жақыпбек (т.ж.б., Орынбор губ., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Шоқпар а. – 1956, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Байқоңыр кенті, Қарпық қыстауы) – Шоқпар көмір ошағын алғаш ашқан кісі. Бағаналы бабас руынан. Бабалары Ұлытаудың баурайындағы Қорғантасты мекендеген, кейін атасы Шоқпар Байқоңыр өз. бойына қоныс аударады. Бүгінде қоныстың орны және Шоқпардың бейіті сақталған. Ағылшындар «жанар тас» іздеп жүр деген қауесетті Қ-да естиді. Мұндай тас оның үйінде қысы-жазы үзілмейтін. Бір күні ол кесек тасты шүберекке орап, жер қазып жүрген орыстарға апарып береді. Тас кейін ағылшындардың қолына түседі. Дереу зерттеу-барлау жұмыстары басталады. 1913 ж. сәуірде «Спасск мыс кені» АҚ «Атбасар мыс кен орындары» АҚ иелігіндегі кен орындарын өз қарауына алды. Оның ішінде жалпы жер көл. 23 шаршы км 20 көмір жүлгесі бар Байқоңыр көмір ошағы болды. Ұлытау өңірінен шыққан тұңғыш кен инженерлерінің бірі Жетпіс Дүйсекеевтің «Гүлденген өңір» кітабында («Қазақстан», Алматы, 1971) Байқоңыр көмір кенін алғаш ашушы Жақып (шын мәнісінде Жақыпбек) жөнінде біраз деректер берілген.

Ә. Әбрезов

Қарсақ (лат. Vulpes corsac) – ит тұқымдастарының түлкі туысына жата-

тын жыртқыш аң. Дене тұрқы – 46-56 см, құйрығының ұз. – 25-35 см, терісі бағалы аң. Қысқы жүні қалың, жұмсақ әрі жібектей болады. Жазғы жүні қысқа, ірі және түбітсіз келеді. Қ-тың түлкіден айырмашылығы: құлағы ақ, үлкен тұмсығы сүйір болады. Қ. жылына екі рет түлейді (көктемде және күзде). Тереңд. 1-2 м, ұз. 4-6 м ін қазып алып, сонда тіршілік етеді. Кейде түлкі, борсық және суырлардың ескі індерін де пайдаланады. Қ. қорек іздеуге танертеңгі және кешкі мезгілде шығады. Негізгі қорегі – тышқан, тоқалтіс, құмтышқан, сарышұнақ, суыр, қоян, т.б. Сондай-ақ, тасбақаны, құсты, жыланды, кесірткені де жейді. Қ. жыныстық жағынан 9-10 айда жетіледі. Жылына 1 рет күшіктейді. 2-ден 16-ға дейін, негізінде 3-6 күшік табады. Қазақстанның далалы аймағында ақпанда, ал шөл-шөлейтті аймақтарында қаңтардың аяғында шағылысады. 50 күннен кейін туады. Солт., орт. және оңт.-шығыс Қазақстан жерін мекендейді.

Қарсақбай – Ұлытау ауд-ғы кент, округ орт-ғы. Ауд. орт-нан оңт-ке қарай 110 км жерде орналасқан. Кенттің негізі мыс қорыту заводының салынуына байланысты қаланды. Мұнда завод құрылысшылары, металлургтері, энергетика, байланыс, медицина, халық ағарту қызметкерлері тұрған. 1932 ж. 11 наурызда Қ. елді мекені жұмысшы қалашығы мәртебесін алды. 30-жж. Қ. өңіріміздің белгілі мәдени орт-на айналды. 1932 ж. қыркүйекте тау-кен және металлургия техникумы ашылды. Өнеркәсіп жастарының шәкірттік мектебі негізінде ФЗО ұйымдастырылып, онда мыс комбинатының зиялы тобы Қаныш Сәтбаев, Сергей (Үгедей) Бөкейханов, инженер Иван Стригин, Мұхтар Жанғалин, т.б. сабақ жүргізді. Осында Үлкен Жезқазған, Балқаш, «Казполиметалл» ӨБ үшін жоғары білікті маман жұмысшылар дайындалды. 1939 ж. Қ. тұрғындарының саны 19 мың болды. 1962 ж. Жезқ., Ұлытау ауд-ры таратылып, селолық Жезді ауд. құрылды. Ауд. орт-ғы Қ-дан Жездіге көшті. Бүгінде Қ-да 1,7 мың адам (2015) тұрады. Кентте Қ. металлургиялық заводы, кәсіптік-техникалық колледж, шлакты қайта өңдеу өндірісі бар. Жезқазған – Бейнеу теміржолы ст-ның бірі осында орналасқан.

Қарсақбай ауданы 1928 ж. 17 қаңтарда құрылды. Ол Ақтөбе губ. Торғай обл-ның көшпелі Қайдауыл, Қызылжыңғыл, Ақмола обл. Атбасар уезінің Қарсақбай болыстарын біріктірді. Аудан аумақтық-әкімшілік жағынан Қызылорда округінің қарауында болды.

1932 ж. 20 ақпанда құрылған Оңт. Қазақстан обл. аумағында Қ.а. қалды, ол 1936 ж. 20 шілдеде Қарағанды обл. қарауына берілді. КазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1940 ж. 13 мамырдағы шешімімен Үлкен Жезқазғанды салу міндетіне орай Қ.а-ның аты Жезқ. ауд. болып өзгертілді.

Аудан 15 ауылд., 3 кенттік кеңесті біріктірді, елді мекендер, ауыл-қыстаулар саны 746 болды. Жалпы жер көл. – 112715 км² немесе әр шаршы км-ге 0,3 кісіден келді. Өңірде 7436 жеке шаруашылық тіркелген, 1928 ж. 60 мүшесі бар екі ұжымшар, 1929 ж. 500 мүшесі бар 3 ұжымшар есепке іліккен. Ауд-да 1928 ж. 34243 жылқы, 79022 ірі қара, 48944 түйе, 364557 қой-ешкі, барлығы 526816 бас мал болды.

Ауданның ВКП(б) ұйымдары, кеңес органдары, одақтық және жергілікті шаруашылық құрылымдары Қарсақбай мыс қорыту заводын Үкімет белгілеген мерзімде іске қосу, Жезқ. кенішін және Байқоңыр көмір ошағын қалпына келтіру үшін үлкен саяси-ұйымдастыру жұмыстарын іске асырды. Сауатсыздықты жою, балаларды оқуға тарту, халықты отырықшылыққа бейімдеу жөнінде көп жұмыс істелді. Сонымен қатар, компартия мен Кеңес үкіметінің асыра сілтеушілік саясаты салдарынан ауыл шаруаларын ұжымдастыруда ірі қателіктер жіберілді, аштық жайлады, саяси қырғын-сүргін орын алды.

1926-1937 жж. Қарсақбай аупарткомының бірінші хатшысы болып Қайырбек Дәулетбеков, Нурмухамедов, Шайхуддин Хасанов, Аббас Алифбаев, Қайсар Таштитов, Садықбек Сафарбеков, С.В. Шиленков, Павел Тепелялев қызмет атқарды. Ауатком төрағалары Ақдәулетов, Шенеу Далабаев, Төртембаев, Жантасов. Рысбаев. Сейтен Иманбаев, Аққөбеков, М. Қожбанов. Жөкебаев, Әбдірахман Бисалиев, Құрмансейіт Баймағанбетов, Бодық Есенов болды.

С. Қожамсейітов

Қарсақбай болысы – Ақмола губ., Атбасар уезі құрамында 1923 ж. 6 наурызда құрылған болыс. Оның аумағына таратылған Жезді, Кеңгір, Сарысу, Ұлытау болыстарының аумағы енді. Болыстың орт-ғы болып Жезқ. кеніші белгіленген. Болаткомның тұңғыш төрағасы – **Әбдіраш Әлібаев**, ҚазЦИК-тің мүшесі. Кейін партия-кеңес қызметтерінде болды. 1925 ж. болатком төрағасы болып **Болысбек Хасенов** тағайындалды. Ол Қарсақбай мыс қорыту заводының құрылысы қызып тұрған кезде комбинаттың шешуші енд. буыны мал көлігі саласын басқарады. Әлібаев пен Хасенов сауатты, қажырлы, іскер жастар еді. Көшпелі ауылдың қыс қыстауын, жаз жайлауын, халық ағарту ісін, медициналық қызметті мүмкіндіктеріне қарай біршама ұйымдастырды. Қарсақбай заводын жүргізуге үлес қосты. 1928 ж. 17 қаңтарда жаңадан ұйымдастырылған Қарсақбай ауд. құрамына кірген үш болыстың бірі – Қ.б.

Қарсақбай – Жосалы қаражолы 1926 ж. өзінде істей бастады. 18 бекет салынды. Жауын-шашында, боранда керуеншілер, автокөлік жүргізушілер, жолаушылар панапайтын арнаулы үйлер көтерілді, құдықтар қазылды, көліктер үшін мал азығы және жанармай қоры жасалды. Ағылшындар бір жылда 300 мың пұт жүк жеткізуге қабілетті болса, Қарсақбай комбинаты 1926 ж. 400 мың пұт, 1927 ж. 600 мың пұт жүк тасымалдады. Тұтас паровоз тиелген платформаны жүк автомашиналары небәрі 10 күн ішінде Қарсақбайға әкеліп түсірді.

Қарсақбай кентіндегі әуесқой драма театры 1929 ж. күзде шымылдығын көтерді. Оның ұйытқысы есеп қызметкерлері ерлі-зайыпты Дмитрий Михайлович және Виктория Ивановна Полшковтар болды. Әуесқой артистер – жұмысшылар, мұғалімдер, қызметшілер күн-түн демей, өздерінің бос уақыттарын ойын-сауық әзірлеу ісіне жұмсады. Бірінші рет А.П. Чеховтың пьесасын сахналады. В. Шекспирді, кеңес драматургтерінің шығармаларын қойды. Бұл театр өңірдегі үлкен мәдениеттің алғашқы ошағы болды, бірте-бірте осындай көркеменерпаздар үйірмелері ауылдарда («Бірлік» ұжымшары) көптеп бой көтерді.

Қарсақбай мыс қорыту заводы – Кеңестік Шығыста іске қосылған бірінші металлургиялық кәсіпорын. Завод 1928 ж. 19 қазанда тұңғыш қызыл мыстың балқымасын берді. Кеңес Одағының металлургия өнеркәсібіндегі алғашқы шихта дайындайтын цех, мұнымен қатар көмір тозаң фабрикасы, шарпу пеші, металлургиялық пештің толық кешені қысқа мерзімде салынды. Ауа айдайтын қондырғы, конверторлар, басқа да технол. жабдықтар құрастырылып, тұғырларына орнатылды. Заводтың іске қосылуына орай «Атбасцветмет» тресі басқармасының төрағасы К.И. Бронзос: «Заводтың ерекше маңызы – елімізде

кеннен өндірілетін мыстың 25 пайызға жуығын өндіретінінде», – деп жазды. 1929 ж. мамырда Кеңес Одағының тарихында тұңғыш флотациялық-байыту фабрикасы іске қосылды. Оған дейін завод құрамында 10-13 пайыз металл бар кенді пайдаланды. Енді жаңа фабрика заводка бойына 40 пайыз металл жиған мыс концентратын жіберіп тұрды.

Завод жұмыс істей бастағаннан завод пен фабриканың, кеніштердің өндіріс қуаты біріне-бірі сәйкес келмейтіні анықталды. Одақтық мемл. органдар Карсақбай комбинатын қайта құру, өндіріс қуатын ұлғайту және кәсіпорынның кейбір объектілерінің құрылысын аяқтау туралы қаулы кабылдады. Түпкі мақсат ретінде бұрынғы жобаланған 5000 т орнына мыс балқытуды екі есе көбейтіп, 10000 т ға жеткізу ұйғарылды.

Мәскеу түсті металл және алтын инст-ның соңғы курсында оқып жүргенде арнаулы жолдамамен байыту фабрикасына меңгеруші болып келген И.А. Стригиннің ұсынысымен байыту фабрикасына жаңа секция қосылды. Жас инженер Михаил Мухачевтің (Қ. Сәтбаев М.И. Мұқашов деп жазды) шарпу пешінің өнд. куатын арттырудың бірден-бір төте жолы – пештің ұз. 5 м-ге созып, еңсесін 65 см-ге көтеруді ұсынды. Бұл кезде практиктер пештің биіктігін төмендету жағында еді. Ұсыныс қабылданып, іске асты. Жұмыс үстінде ол мыс өндірісінің әлемдік практикасы мен ғылымның соңғы жетістіктері негізінде салынған өз заманындағы үздік технол. агрегат екенін танытты. 1940 ж. табанының көл. 214 шаршы м екінші шарпу пеші салынып, іске қосылды. Заводтың өнд. қуаты 1941 ж. – 7828 т, 1951 ж. – 10207,2 т, 1955 ж. – 20963,7 т, 1972 ж. – 36414,25 т болды.

Қ.м.қ.з. Үлкен Жезқазғаның ғыл.-зерттеу және сынақ полигоны болды. Оның байыту фабрикасында Кеңес Одағында тұңғыш рет проф. Мостовичтің тотыққан мыс кенін өңдеудің прогрессивтік әдісін ойдағыдай игерді. Тотыққан және аралас мыс кентастарын өңдеудің тәжірибеде өзінің артықшылығы көрсеткен жүйесі Жезқ-дағы №2 байыту фабрикасының бірінші секциясын жобалағанда өндіріске енгізілді. 1956-1957 жж. конвертор газының тозаңынан рений және т.б. бағалы, сирек металдарды айырып алу технологиясы жұмыс істей бастады. 1957 ж. 24644 т қара мыс, оның ішінде 23,17 т күміс шығарылды. Қ.м.қ.з. 1975 ж. 1 шілдеге дейін жұмыс істеді. Осы уақыт ішінде 1 млн. т жуық мыс берді. Заводтың артында тау болып үйілген 2 млн. т шлак (кожа) қалды.

Қарсақбай мемл. мыс комбинатын 1925-1938 жж. мына өндіріс ұйымдастырушылары, білікті инженерлер басқарды: Иван Васильевич Деев (1925 ж. шілде – 1926 ж. желтоксан), Рудольф Ансович Дрейман (1926 ж. желтоқсан – 1929 ж. тамыз), Иван Никитич Филипенко (1929 ж. тамыз – 1930 ж. қаңтар), Тимофей Рыжов (1930 ж. сәуір – 1931 ж. шілде), Василий Иванович Иванов (1931 ж. қазан – 1935 ж. шілде), Виталий Степанович Гулин (1935 ж. шілде – 1938 ж. қазан). Қарсақбай мемл. мыс қорыту заводының директорлары: Марк Евсеевич Богатырев (1938 ж. қараша – 1940 ж. қаңтар), Николай Дмитриевич Ефанов (1940 ж. қаңтар – 1941 ж. шілде), Василий Петрович Шиленков (1941 ж. шілде – 1942 ж. қазан), И.С. Шитиков (1942 ж. қазан – 1943 ж. қаңтар), Леонид Михайлович Леонов (1943 ж. қаңтар – 1947 ж. шілде), Иван Григорьевич Багреев (1947 ж. тамыз – 1955 ж. маусым), Ювеналий Прокопьевич Купряков (1955 ж. маусым – 1960 ж. шілде), Қуанышбек Бексұлтанов (1960 ж. тамыз – 1963 ж. қараша), Төлеген Мұсаұлы Абдрахманов (1963 ж.

желтоқсан – 1973 ж. наурыз), Қадер Мәткенов (1973 ж. наурыз – 1975 ж. шілде).

С. Қожамсейітов

Қарсақбай металлургия заводы ҚазКСР Түсті металлургия министрлігінің шешімімен жұмысын тоқтатқан мыс қорыту заводының негізінде 1975 ж. шаңырақ көтерді. Оның құрамында құю-механикалық телімі, тәжірибелік сынақ бөлімшесі болды.

Жаңа эксперименталдық өндірістің құрылысына 16 млн. сом, ғыл.-зерттеу шараларына 600 мың сом бөлу жоспарланған 1984 ж. 20 карашасында жаңа өндірістің бірінші кезегі пайдалануға берілді. Кәсіпорын жыл сайын 4,5 мың т шлакты өңдеп, 2 мың т өнім өндіретін қуатқа ие болды. Өңірге аса қажет жоғары сапалы шлак мақтасы, сүттей цинк сырының тәжірибелік үлгісі алынды. Одан әрі жылына 30 мың т шлак өңдейтін өндірістің екінші кезегінің құрылысы «Қазақмыс» корпорациясы тарапынан қаржы бөлінбегендіктен тоқтады.

Құю-механикалық участогы жаңғырту жұмыстарынан кейін шойын қорытып, оны өңдеуді техникалық талапқа сай игеріп отыр. Кен-металлургия өндірісінің техника, құрал-жабдықтарына қажетті 200-ден астам қосалқы бөлшектерге шойын құймалар шығарады. Оның өнімдеріне корпорацияның тау-кен, металлургия, металл өңдеу кәсіпорындарынан, Шымкент қорғасын заводынан, Қарағайлы, Қайрақты комбинаттарынан сұраныс болды. Сонымен бірге, мұнда қабырғалық құрылыс материалдарын шығару жолға қойылған. Орта және шағын бизнес қанат жайып келеді. Мұның өзі кенттің маман металлургтерін, инженер-техниктерді, қыз-жігіттерді жұмыспен қамтуға қолайлы жағдай туғызды.

С. Қожамсейітов

Қарсақбай темір кендері тобы – Қарсақбай-Ұлытау синклиналдық ойпатының батыс бөлігіндегі темір кентасты аймақта орналасқан. Бойлық бағытта 200 км дейін созылған және батысқа қарай 60-70° бұрышқа көлбеулене жатыр. Осы құрылымда аса күшті, күрделі қатпарлықтар пайда болған. Негізінен кварциттерден, жасыл түсті туфтекті, кварц-серицитті және кварцхлоритсерицитті тақтатастардан тұрады. Темір кентастары Қарсақбай шоғырының темірлі кварциттерінде шоғырланған. Қ.т.к.т-ғы 7 кеннің ішіндегі бастылары – Балбырауын темір кені мен Керегетас кені. 100 млн. т-дан астам Балбырауын кенінде 7 кентас танабы (жалпы ұз. – 5 км, ені – 300 м дейін), қоры 500 млн. т-дан астам Керегетас кенінде 5 кентас танабы (ұз. – 200 м-дей, қалыңд. – 200 м дейін) бар екені анықталды. Мұндағы кентас минералдары: гематит, мартит, магнетит. Бейкентас минералдары: кварц, серицит, хлориттер, кальцит, гипс. Минералдық құрамына қарай Қ.т.к.т. кентасы кварцты-гематитті (басқалардан басымы), кварцты гематитті-мартитті, мартитті болып келеді. Кентастағы темірдің орташа мөлш. – 34-37%. Қоспалары: кремний тотығы (21-46%); күкірт (0,05-1,5%); фосфор (0,1-0,3%). Кентасты байытудан алынған концентраттардағы темір мөлш. – 54-60%.

Қарсақбай Әйбекұлы – шамамен 1831 ж. туып, 1888 ж. екінші рет қажылыққа Меккеге барып, кемемен келе жатқанда ауырып, өмірден озған. XVIII ғ. өмір сүрген бағаналының атақты байы Мәйгелдінің шөбересі. Мал басы көп Қ. одан ертерек орналасқан аманғұл ағайындармен мәмілелесіп, Құмола өз. бойын, ішінде Екіаша құйған қыстағы бар, өз меншігіне алады. Екіашаның (Көстөбе) өз-ге жақын бетіне үй-жайын, қора-қопсысын салады. Қ. – біртоға, момын, қайырымды кісі болған. Кіндігінен он ұл өрген.

1913 ж. сәуірде ағылшындар Жаңа Жезді болысы басқарушысынан Қарсақбай ашасын 30 жылға жалға алып, мыс қорыту зауытын салуға кіріскен. 1928 ж. кеңестік Шығыстағы өз заманындағы әлемдік озық технологиялармен жарақталған Қарсақбай мыс балқыту зауыты пайдалануға берілді.

Әдеб.: Аймақтық «Сарыарқа» газеті, №85. 5 мамыр 2008 жыл.

Б. Байжантаев, Т. Мұқанов

Қасқыр, бөрі (лат. Canis lupus) – қасқыр тұқымдасына жататын жыртқыш. Асыранды иттің арғы жабайы тегі. Қ. Еуропада, Азияның көп аймақтарында, Ұлытау өңірінің кең даласында да кездеседі. XVIII-XIX ғғ. көп аулаудың салдарынан Еуропаның біраз елінде, Жапонияда, Канаданың оңт. аймақтарында, АҚШ пен Мексикада, т.б. елдерде саны мүлде азайған. Әр қ. күніне орта есеппен 4 кг ет жейді. Дене мөлш. – 105-160 см, үлпілдек жүнді құйрығының ұз. – 29-50 см. Жылына екі рет түлейді. Буаздық мерзімі – 62-75 күн, 3-13, көбінесе 4-6 күшік табады. Қ. қорегін көбіне түнде аулайды. Қорек іздеп бір түнде 70-85 км дейін жортады. Топтанып тіршілік етеді.

Қасқыржидек (лат. Daphne) – Ұлытаудың ылғалы көгалдарында өсетін көкендер тұқымдасына жататын бұта. Биікт. – 40-180 см. Сирек бұтақты сабағының сарғыш түсті қабығы болады. Жапырақтары ұзынша қандауыр тәрізді, кезектесіп орналасқан. Гүлдері ақ, қызғылт немесе сары түсті, хош иісті, бірігіп гүлшоғырын құрайды (кейде гүлі дара да жетіледі). Маусым-шілде айларында гүлдеп, шілде-тамызда жемісі піседі. Жемісі – ашық қызғылт түсті, бір тұқымды сүйекше. Қ. – өте улы өсімдік. Жер бетінде 70-ке жуық түрі кездеседі. Қазақстанда 2 түрі бар. Жылдан-жылға таралу аймағының азаюына байланыста қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Қ-тің жемісі мен қабығынан дәрі жасалады. Гүлі өте әдемі болғандықтан сәндік үшін де өсіріледі.

Қасым хан Жәнібекұлы (1445-1523) – қазақ ханы. Қазақ хандығының ханы (1511-1521) Жәнібектің ұлы. Тарихта Қ.х. есімі Қазақ хандығының күшеюі және нығаюымен тікелей байланысты. 1510 ж. Шейбан ханның соңғы, төртінші жорығы Ұлытау өңіріндегі Қ.х. ұлысына бағытталады. Қ.х. әскері Шейбан хан әскерін тас-талқан етеді де, жауды Сыр бойынан қуып шығады. Осы жеңістен соң ешкім де Бұрындық хан туралы ойламай, Қ.х. билігін мойындайды. Бұрындық Самарқан жаққа кетуге мәжбүр болады.

1517-1521 жж. Қ.х. Қазақ хандығының батысында белсенді саясат жүргізеді. Ноғайлардың бір бөлігі қазақтарға қосылып, шекара Еділге дейін жетеді. Қ.х. тұсында қазақ әскерінің саны 200 мыңға, халқы 1 млн.-ға жетеді. Шекара батыста – Еділге, оңт-те Ташкентке дейінгі жерлерді қамтыды. «Қасқа жол» заңнамасы қабылданды.

Орыс деректері бойынша, Қ.х. 1521 ж. қыста қайтыс болады. Денесі Сарайшықта жерленеді. Мұхаммед Хайдар Дулатидың жазбаларына қарағанда, Қ.х. 1518 ж. қайтыс болған. Ал Тахир Мұхаммед өзінің «Раузат-ат Тарихирин» атты еңбегінде Қ.х-ның өлген уақытын 1523-1524 жж. деп көрсетеді. Қадырғали Жалайырдың сөзі бойынша, Қ.х. Сарайшық қ-да қаза болған. Тарихшы А.П. Чулошников Қ.х-ның Сарайшықтағы мазары XVII ғ. басында құламай, аман тұрғанын жазады.

М. Сейтжанов

Қасымбеков Жолаушы (18.06.1942, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау с. – 1982) өті тірі, еңбекқор, білімқұмар жігіт еді. Әкесі ҰОС-да шейіт болды. Шешесі де ертерек өмірден өтті. 16 жасында «Беларусь» тракторының руліне отырды. 1961-1966 жж. Ұлытау, кейін Жезді ауд. тұтынушылар қоғамы басқарма бас-

тығының кадрлар жөніндегі орынбасары, бүкілодақтық «Білім» қоғамы Жезді ауд. бөлімшесінің хатшысы болып істеген. Алматы Жоғары партия мектебінің төртжылдық бөлімшесін бітірген. Біраз жыл Ұлытау аупарткомы насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі болды. «Еңбектегі ерлігі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен марапатталған.

Қашқымбаев Төлеубек (1918, Қарқаралы уезі, Қу болысы – ө.ж.б.) Қарқаралы педтехникумын (1937), Қазақ пединст-ын бітірген. 1938 ж. Қарқаралы зоотех.-малдәрігерлік техникумының директоры болып тағайындалды. 1940-1951 жж. КСРО ІІ халкоматының біркатар аудандардағы бөлімдерін басқарған. 1951 ж. Қарсақбай ауд. орта мектеп директоры, 1954-1960 жж. Ұлытау аупарткомының бірінші хатшысы. «Құрмет белгісі» орденімен, төрт медальмен марапатталған.

Қияқ (Elymus) – қияқөлеңдер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Құмды аймақтардағы сортаң топырақты жерлерде өседі. Биікт. – 50-100 см, тік, түзу сабақты. Жапырағы таспа тәрізді. 3-6 гүлден тұратын масағының ұз. – 5-12 см, ені – 6-13 мм, жасыл күлгін түсті, масақ гүлшоғырына топталған, мамыр-маусымда гүлдейді. Жемісі – дәнек. Қ. – сояуы көп, қатқыл шөп, масақтау сатысына дейін оны мал жейді.



Қиякты - Шалқар алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 65 км, су жиналатын алабы – 731 км². Ұлытаудың батыс беткейіндегі Лақбай қонысы маңынан басталып, Қызылүй а-ның оңт.-шығысында Қарғалы өз-не құяды. Арнасы – тік жар. Қар, жаңбыр суымен толығады. Жазда көбіне тартылып қалады. Жылдық орташа су ағымы – 0,18 м³/с. Алабы – шабындық, мамыр-маусым айларында мал суарылады.

Қиякты қоңыр көмір бассейні – Қарсақбайдан батысқа қарай Қиякты өз. алабы аумағында. Кен орны туралы ең алғашқы мәліметтерді 1916 ж. Орыс-Атбасар мыс қоғамының геологы С. Клер берген. Ол Қияктыны зерттеудің еш қажеттілігі жоқ екенін айтады. 1929 ж. Қарсақбай комбинаты мен Көмір геол.-барлау инст-ның ГББ бұйрығымен кенді инженер Д.Н. Бурцев зерттеген. Нәтижесінде ол Қиякты геол. барлауға лайықты, қалыңд. 7 м құрайтын пласт Ұлытау тау сілемінің астын түгел алып жатқан кен орны екенін дәлелдеген. Бірақ бүгінгі күнге дейін кеннің толық қуаты игерілмеген. XX ғ. 90-жж. жеке кәсіпкерлер өндіріс көзін жандандыруға талпынып, нәтижесінде жоспарлары жүзеге аспады. Көмірді жергілікті тұрғындар отын ретінде пайдалануда.

Әдеб.: К.И. Сатпаев. Избранные труды. Т.2. А-А. 1968. *М. Сейтжанов*

Қобыланды (шамамен XV ғ.) – қарақыпшақтан шыққан батыр, тарихи тұлға. Әбілқайыр хандығының ордаға жақын батырларының бірі. Қ. жер дауы себеп болған Ұлытау аймағындағы арғын мен қыпшақ арасындағы қақтығыстарының бірінде Қотан бидің ұлы Дайырқожа (Ақжол) батырды өлтірген. Арғындарды жақтаған Керей мен Жәнібек сұлтандар Әбілқайырдан Қ-ның басын талап еткенде, хан оларға Ақжол батыр үшін құн төлеуді ұсынады. Осы оқиға, халық аңызы бойынша, қазақтардың Шу алабына көшуіне сылтау болған. Қазақ әдебиетінде Қотан бидің «Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным» деген баласы өлгенде айтқан жоқтауы сақталған. Қазақ халқы арасында Қ-ның қызылбастар мен қалмақтарға қарсы соғыстарын баяндайтын «Қобыланды батыр» эпосы кең тараған.

М. Сейтжанов

Қожабай Тоқсанбайұлы (1841, Жезді –1918, сонда) – ақын. «Балапан, қанат бітіп, ол ержетер», «Кел, Қожа-

бай, сөз сөйле», «Қазақ баласына» өлеңдері, «Төлен сөзі» дастаны сақталған. Қ. Шығыс әдебиетіндегі дәстүрді сақтай отырып (бір ұйқаспен бастап, сонымен аяқтау, өз атын жырға қосу, т.б.), сондай аңыз-дастандар мазмұнын еркін пайдаланған. Бір топ жырлары Қожа Ахмет Иасауи хикметтерімен үндесіп, дін тақырыбына да жүйрік екенін аңғартады. Қ. қысқа лирика өлеңдермен қатар, кең тыныс-ты эпикалық туындылар да шығарған.

Әдеб.: Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. *М. Сейтжанов*

Қожамсейітов Сағындық (15.03 1941, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кіштау ауылкеңесі) – журналист. Алматыдағы ҚазМУ-ді (1966), екі жылдық Жоғары партия мектебін (1974) бітірген. Барлық еңбек жолы, іс-әрекеті Ұлытау өңірінің мәдени-әлеум. дамуымен байланысты. Ұлытау ауд. «Коммунизм

туы» газетінде жауапты хатшы (1957), ауд. комсомол комитетінің (1961), кеңшар парткомының хатшысы (1962), обл. «Орталық Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі (1965). 1967-1975 жж. Жезді ауд., Сәтбаев қ. партия комитетінің, 1980 ж-дан Жезқ. обл. партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі. Облатком төрағасының орынбасары (1989) болып сайланды, бұл қызметті кеңестік өкімет билігі таратылғанша істеді. Ұлытау өңірінің адамдары мен істері жайлы 5 кітаптың, очерктері мен талдау мақалаларының авторы. «Жезқазған энциклопедиялық анықтамасының» бас редакторы, «Жезқазған» фотоальбомының құрастырушы және редакторы. «Құрмет белгісі» орденімен, «Шапағат» және басқа 5 медальмен марапатталған. Ұлытау ауд. мен Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Қожан балуан (шамамен 1758-1860). Бағаналының майгелдісінің қайдауыл тармағынан. Дөңгелек шаруасы болған. Балуандығымен аты Ұлытау, Қаратау өңіріне, Кіші жүзге әрі түрікмендерге мәшһүр болған. Балуандық және әскери өнерді жоңғарлармен соғыстың батыры Сағындықтан үйренген. Балуандығы хақында ел аузында әңгіме көп. Бірде Уәйіс бидің атан түйесі бөгелектен қашып жүріп, құдыққа құлап түседі. Оны бүкіл жұрт жабылып шығара алмағанда, қос атпен жедел жеткен Қ.б. атанның белінен қос арқан жіберіп, «әу» дегенше жер бетіне көтеріп алыпты. Түрікмендерге қалашылап барғанда ұлан-асыр жәрмеңкенің үстінен түсіп, елдің бас балуанымен күреске шығып, алып ұрып шаң қаптырады. Намыстанған түрікмен патшасы қоңыр пілін алдырып: «Осымен күрес!» – деп бұйырады. Қ.б. шегінбейді. Дереу шапанын пілдің ұзын мұрнына орап, қысып құшақтап, бұрап қалғанда жануар қос тізесін бүгіп барып, қайта көтерілген. «Жеңді! Жеңді! Аруақ қолдасын!» – деп халық көтеріп әкеткен. Патшаның қалауымен сол жақта үш жыл тұрады, үйлі-баранды болады, түрікмен әйелінен тараған ұрпақтары Ұлытау өңірінде тұрып жатыр.

С. Қожамсейітов

Қожахметов Арман Төлешұлы (1967, Қарағанды обл., Сәтбаев қ.) ҚарМУ-ді, Қазақ мемл. басқару академиясы жанындағы Нарық инст-ын, РФ Үкіметі жанындағы Халық шаруашылығы академиясының Жоғары бизнес мектебін бітірген. Универс. бітіргеннен кейін «Жезқазғантүстімет» АҚ-да заңгер, заң бөлімінің бастығы болып жұмыс істеген. 1999-2001 жж. «Қазақмыс» корпорациясы «Шығысқазмыс» филиалы

басшысының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары. 2001-2007 жж. «Қазақмыс» корпорациясы заң қызметі департаменті директорының орынбасары. 2007-2012 жж. «Қазақмыс» корпорациясы заң қызметі департаментінің бастығы. 2012-2016 жж. «Нұр Отан» ХДП тізімі бойынша сайланған ҚР Парламенті Мәжілісі V шақырылымының депутаты. 2016 ж. наурыздан «Нұр Отан» ХДП тізімі бойынша сайланған ҚР Парламенті Мәжілісі VI шақырылымының депутаты, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі. «Жауынгерлік ерлігі үшін» (1988), «КСРО ҚК – 70 жыл» (1988), «Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына – 20 жыл» (2009), «ҚР Тәуелсіздігіне – 25 жыл», т.б. медальдармен марапатталған.

Қожахметов Бақтияр Сапарбекұлы (1962, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Шеңбер а.) – обл., респ., халықар. маңызы бар жобалардың авторы, ұсынушысы, ұйымдастырушысы. Қазақстан, Венгрия, Украина, Ресей жерлерінде этнограф. экспедициялар, фотокөрмелер, бейбітшілік акцияларын ұйымдастырушы. 1991 ж. ЮНЕСКО «Жібек жолы» бағдарламасы аясында «Отырар – Ұлытау» этнограф. экспедициясына жетекшілік етті. 1999 ж. «Алтай – Дунай» халықар. экспедициясын ұйымдастырды.

«Дала мәдениетінің өзара әсері», «Шежіре», «Ұлытау», «Жезқазған» буклеттерінің, «Ұлытау» фотоальбомының, «Алтай – Дунай», «Венгрия алтай-дунайлықтар көзімен», «Мыс жолы», «Киелі Ұлытау», «Ұлытау. Табиғат және адам», «Биіктіктің бейнесі», «Бұланты шайқасы» кітаптарының, «Венгрия қыпшақтары», «Қазақстан мұражайлары», «Жібек жолы Отырар – Ұлытау» телефильмдерінің авторы. Ресей саяхатшылары Ассоциациясы директорлар кеңесінің мүшесі (Москва), Мажарстан Қыпшақтар Одағы президиумының құрметті мүшесі (Қарсақ). Әлем Азаматы Орталығының мүшесі (Париж).

ҚР Президентінің, ҚР Парламентінің, Мәдениет министрінің, Туризм министрінің, Ресей Дума төрағасының, Қарағанды обл. және Жезқазған қ. әкімдерінің Алғыс хаттарымен, «70 лет Вооруженных сил СССР», «ҚР тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Қазақстан халқы Ассамблеясына – 20 жыл», «Талғат Бигелдинов», «За особые успехи», «Ұлт азаттық көтерілісіне – 100 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне – 25 жыл» медальдарымен, «Жылдың үздік мұражай қызметкері» номинациясы бойынша обл. әкімінің Алтын белгісімен марапатталған. «Мәдениет саласының үздігі» атағының, «Құрмет» орденінің иегері.

Қожасова Ұлмекен (1958 ж. Қарағанды обл., Жезқ. ауд. Қарсақбай кенті) Қарағанды мемл. мединстнің дәрігерлік фак-ін (1982) бітірген. 1982-1983 жж. Жезқ. обл. ауруханасында терапевт, 1983 ж. бастап Қарсақбай кенті ауруханасында дәрігер болып еңбек етті. Қазір бас дәрігері. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы (2009).

Қойкелді – Білеуті алабындағы өз. Бастауын Ұлытау тауларының оңт. беткейіндегі бұлақтардан алып, Қумола өз-не оң жағынан құяды. Ұз. – 27 км.

Жалпы ұз. 22 км болатын 2 саласы бар. Жағасы жарқабақты, орта және төменгі ағысының аңғары кең. Көктемгі еріген қар және жер асты суларымен толығады. Сәуір айында тасиды, жазда қарасуларға айналады. Алабы – жайылымдық және қыстау. Суы мал суаруға пайдаланылады.

Қойлыбай Әбурахпанұлы (шамамен XIV ғ. аяғы – XV ғ. екінші жартысы, Кішітаудың батыс беткейі) – қыпшақ елінің бұлтан руынан шыққан атақты қобызшы, есімі аңызға айналған, тылсым әлеммен байланыс жасаған, бойына балгерлік, сәуегейлік, сиқыршылық қасиеттер қонған бақсы. Ш. Уәлиханов Қ-ды «бақсылардың бақсысы әрі пірі» десе, Ә. Марғұлан «Қорқыттың қобызын, оның сарынын ең алғаш рет мирас еткен кісі – Қойлыбай бақсы. Ол Корқыттың шәкірті болып саналады» деген пікір айтады. Ә. Диваев хатқа түсірген «Бақсы» жырындағы аңыз бойынша, Қ-дың төрт батыр ұлы және бес мың жыны болған. Халық аңызында Көкжарлы Барақ батыр өтінген соң, Қ. ат бәйгесіне қобызын қосады. Жарыс болатын жерге алдын ала келіп, қобызын үлкен сексеуілге байлатқан Қ. бәйге аттарының шаңы көрінгенде қолына қылышын алып, бақсылық ойынын бастап, сарын айтады. Кенет қатты дауыл тұрып, ысқырған жел соғады. Көп ұзамай дауыл ортасынан алғашқы аттар көрінеді, алдында сексеуіл сүйреткен Қ-дың қобызы келеді. Шаңды дауыл мен қызыл жел Қ-дың Көкаман атты жынының күші еді. Бәйгеге қобыз қосу үрдісіне қарап, Қ. өмір сүрген кезең Қорқыт заманына сай келеді деген тұспал жасауға болады. Қ. туралы Ш. Уәлиханов зерттеулерін негізге ала отырып, М. Жұмабаев «Қойлыбайдың қобызы» атты дастан жазды.

Халықтың ежелгі наным-сенімінде бақсылардың жақсылық істерін басқаратындары – аруақ, періште, перизат, ал жамандық істерін басқаратындары – пері, шайтан, жын, албасты, жезтырнақ. Қ. осы тылсым әлеммен байланысқа түсіп, жаңағыдай түрлі рухтарды өз қызметіне пайдаланған. Бақсы қобызын зарлатып, зікір салып шақырған кезде бұл рухтар оның алдына шал, қыз, әйел тәрізді бейнеге еніп келеді де, бұйрығын орындайды, бақсы солардың көмегімен гипноздық өнер де көрсете алған. Ақ Орданың соңғы ханы Барақ сұлтан – Қ-дың әкесі Әбурахпанның туған бажасы. 1993 ж. Ұлытау өңірінде Қ. бақсының сүйегі жатқан жерге көрікті кесене орнатылып, аруағына құран бағышталып, ас берілді.

М. Сейтжанов

Қойлыбай Малайұлы (шамамен XVIII ғ. соңы – XIX ғ. басы) – Ұлытау өңірінен Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген санаулы адамдардың бірі. Әкесінің есімі – Кәпке. Алайда ел аузында атасының атымен Малайұлы деп аталып кеткен. Иасауи кесенесіне жерленген адамдардың аты-жөні мен құлпытастары тізімінде «Қойлыбай батыр Малайұлы» деп жазылған. Бірақ ол кісінің аты негізінен діни-рухани ағартушылық бағытындағы еңбегімен мәлім. Дәлірек айтқанда, елге Оңтүстік өңірден 16 қожа әкеліп, оларды барлық жағдайын жасап орналастырып, жергілікті халықтың діни сауатын ашу, имандылыққа баулу ісіне ұйытқы болған. Сонымен бірге, қожалардың елге діни тәлім-тағылым беруімен ғана шектелмей, халықтың жалпы ғылымның әр саласынан дәріс алу ісін ұйымдастырған. Сол себептен оның есімі ел арасында ағартушы, ел-жұртының болашағын ойлаған көкірек көзі ашық тұлға, халық қамқоры ретінде сақталған.

Қойуыс – Ұлытау ауд-ғы тау. Жыланды а-нан солт.-батысқа қарай орналасқан. Оңт. баурайынан Аққұдық бұлағы ағады. Абс. биікт. – 458 м. Айналасы мал жайылымына және шабындық ретінде пайдалануға қолайлы. Ең жақын елді мекен – оңт.-шығысқа қарай 10 км жерде орналасқан Түйемойнақ темір жол ст.

Қожырбаев Ілияс (1905, Ақмола обл., Атбасар уезі, Сарысу болысы – 1967, Қарағанды обл., Жезді ауд., «Са-

рысу» кеңшары) 1930 ж. «Союзпушнина» өнеркәсіп бірлестігі саласында жұмыс істеп, жерлестерін аң терісін мемлекетке өткізуден күнделікті тіршіліктің нәпақасын табуға бейімдеген. Ашаршылық жылдары Қызылордадан ау, қармақ, сүзекі әкеліп, тігерге тұяғы қалмаған ауылдастарының Сарысудан балық аулап, үдере көшпей, күн көріп, аман қалуын ұйымдастырған. 1937 ж. «Жыланды» серіктестігінің, 1939 ж. «Жыланды», «Аралтөбе» ұжымшарлары біріктіріліп іріленген «Бірлестік» ұжымшарының басқарма төрағасы болып сайланған. Қ-тың тікелей қатысуымен 1940-1945 жж. Қарасу бөгеті салынды. Сарысудың бойына шығырлар орнатылды, шаруалар бидай, көкөніс егіп, мол өнім алып жүрді. Ұжымшар мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыру жөніндегі міндеттемелерін үнемі асыра орындап отырды. Қ. «Бірлестік» ұжымшары басқармасының төрағасы болып тұрған жылдары осы ұжымшардың үш мүшесіне Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Қолданұлы Серік (1943, Қарағанды обл., Жезк. ауд., Қарсақбай кенті) – жоғары дәрежелі дәрігер. Жезқ. медучилищесін тәмамдаған соң Ұлытау ауд. Аманкелді ат. кеңшарда фельдшер болып істеді. Мединст. (1979) бітіріп, жолдамамен Жезқ. обл. емханасына ординатор болып қызметке кірісіп, хирургия бөлімінің меңгерушілігіне дейін көтерілді. Сәтбаев медсанитарлық бөлімшесінің хирургия бөлімін (1993) басқарды. Ішек құрылысы органдарындағы лапроскопиялық хирургияны өңірде бірінші болып игерген. «Найман... Майкелді – Қосай ата ұрпақтары» зерттеу еңбегі (2015) бар. «Шапағат», басқа да медальдармен марапатталған. Сәтбаев қ-ның Құрметті азаматы.

Қолдасбаев Шәкір (1913, Қостанай обл., Аманкелді ауд. – ө.ж.б.) – қаржыгер. Қостанай қ-да Қазақ ағарту инст-ын тәмамдаған. 1934 ж. бастап респ-ның бірқатар ауд-ры мен қ-да мемл. банк жүйесінде еңбек етеді. 1942-1945 жж. II дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1950 ж. желтоқсанынан 1952 ж. тамызына дейін Ұлытау ауаткомының төрағасы.

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (12.01.1912, Верный қ. – 22.08.1993, Алматы қ.) – Қазақстанды 22 жыл басқарған қайраткер. 1930 ж. Алматы қ. №14 орта мектепті бітірген. 1936 ж. Мәскеу түсті металл инст-ын бітіріп, 1937-1939 жж. Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигінде бұрғылау станогының машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және директоры болды. 1939 ж. «Алтайполиметалл» комбинатында бас инженердің орынбасары, Риддер және Лениногор кен басқармаларының директоры. 1939 ж. КОКП мүшесі. 1942-1952 жж. ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің, кейін Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары, ҚазКСР ҒА акад. және президенті. 1955-1960 және 1962-1964 жж. ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы. 1960-1962 және 1964-1986 жж. ҚКП ОК I хатшысы. КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі (1971-1987) болды.

Қ. өмірінің 45 жылға жуығын ел басқаруға арнады. Ширек ғасырға таяу Қазакстанның бірінші басшысы қызметін атқарды. 1986 ж. 16 желтоқсан күні ҚКП ОК I хатшылығынан алынып, орнына Ресейден келген Г. Колбин тағайындалды. Қ. ел басқарған жылдары Қазақ Кеңес Республикасы ірі аграрлы-индустриалды мемлекетке айналды, егемендікке көпір болған экономика, сауатты қоғам, саяси элита қалыптасты. Қ. 9 мәрте

КСРО Жоғарғы Кеңесінің, 10 мәрте ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері (1972, 1976, 1982), 8 Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту ордені, көптеген медальдармен марапатталған.

Қонақбаев Кәрім (17.04.1917, Ақмола обл., Қарқаралы қ. – ә.ж.б.) – зоотехник. Қарқаралы малдәрігерлік-зоотех. техникумын (1939), Кеңес Армиясы әскери малдәрігерлік академиясын (1954) бітірген. Мамандығы бойынша ат-көлік құрамаларында қызмет еткен. 1953-1971 жж. еңбекшілер депутаттары Жаңаарқа, Қоңырат, Ұлытау, Жезді ауд. кеңестері атком төрағасы болды. Екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше жауынгерлік және еңбек медальдарымен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

Қонысбаев Шопан (т.ж.б, Ұлытау өңірі – 1942, Ржев қ.) 1925 ж. Байқоңыр көмір ошағы басқармасына хат тасушы болып жұмысқа орналасқан. 1929 ж. Мәскеудегі кәсіподақтар қозғалысы орт. мектебіне оқуға қабылданған. Мектеп бітірісімен Ащылысай, Балқаш, Риддер кендерін игеруге қатысқан. 1934 ж. Алматы қалааткомы төрағасының орынбасары, 1937 ж. төрағасы. Алматылықтар Қ-ты І сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат етіп сайлаған. Қазақстан одақтас республика мәртебесін алғанда ҚазКСР Сауда халкомы болып тағайындалды. Бұдан кейінгі өмірі мен қызметі Мәскеу қ-мен байланысты. Арнаулы оқу орнына жіберілген. Одан соң КСРО Сауда халкоматы аппаратына жауапты жұмысқа қалдырылады. Осында жүргенде ҰОС басталып, бронь бола тұра өз еркімен майдан даласына аттанады, полк комиссары болып тағайындалған. Қ-тың «Правда» газетінде 1941 ж. 5 желтоқсанда жарияланған мақаласының тақырыбы «Соңғы гитлершілді құртқанша күресуіміз керек» деп айбарлы тұр. 1942 ж. қаңтарда Ржев қ-сын қорғау жолындағы айқаста ерлікпен қаза тапты. Ауа райының қолайсыздығы Қ-тың денесін ұшақпен Үлкен жерге жіберуге мүмкіндік бермеді. Монгалова ст. түбінде жерленді. 1956 ж. сүйегі туысқандар қабіріне әкеліп, жер қойнына берілді.

Қонысбай мешіті Ұлытау ауд. Қаракеңгір өз. жағасындағы Лабақ кесенесінен 4 км жерде қыстақтың басында орналасқан. Қабырғасының ұз. – 28,7 м, биікт. – 4 м, ені – 7,30 м. Терезелері жерден 1,25 м биіктіктен басталады. Терезенің биікт. – 1,4 м, ені – 0,85 м. Дәліздің ұз. – 1,80 м, ені – 3,75 м. Кірпіштің көл. – 26х17х6 см. Мешіт есігінің биікт. – 1,84 м, ені – 0,90 м.

Әдеб.: «Ұлытау – 2005». Қарағанды. 2006.

М. Сейтжанов

Қоңырбаев Сейілбек Әлібекұлы (1929, ОҚО, Қарсақбай ауд., Айыртау а. – 2015, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Жезді кенті) КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін бітірген. ІІ дүниежүзілік соғыс жылдары 15 жасында Қарсақбай мыс балқыту заводының кен ауласында жұмысшы болған. 1946-1955 жж. ауд. мемп. қамсыздандыру инспекциясында, Қарсақбай азық-түлікпен қамтамасыз ету кәсіпорнында, өнд. комбинатта бухгалтер, аға бухгалтер, техник-жоспарлаушы. 1953-1989 жж. ауд. комсомол, партия, кеңес органдарында нұсқаушы, сектор, бөлім меңгерушісі, ауаткомның жауапты хатшысы. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» (1946), «Тың және тыңайған жерді игергені үшін» (1957), «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» (1970), «Еңбектегі ерлігі үшін» (1986) және басқа медальдармен марапатталған.

Қоңырқұлжинов Әбдіхамит (1916, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы, Қорғантас а. – 1992, Жезқ. обл., Жезді ауд., Жезді кенті). Әкесі Қоңырқұлжа діни сауатты, жаратылыстану ғылымынан хабары бар, орта шаруа еді. Көп ұзамай әкесі қайтыс болып, жетім қалған бала анасы Ақмоншақпен бірге ағайын-туыстарына еріп, күнкөріс іздеп Амудария бойын, Қарақалпақстанды жағалап

кетті. Алысқа кеткен Қарсақбай мыс заводының дабылы босқындардың да құлағына жетті. Ол ағайындарымен елге оралады. 15 жасында Байқоңыр көмір кеніше жұмысқа қабылданады. Қарсақбай ФЗО мектебінде оқиды. Семей экономика-қаржы техникумын үздік бітіріп, Ленинград экономика-қаржы инст-на емтихансыз қабылданады.

1941-1945 жж. II дүниежүзілік соғысқа қатысты. Кеңес әскерінің бас штабында шифровальщик болды. 1941 ж. 22 маусымда Батыс майданның қолбасшысы Г.К. Жуковтың командалық құрамында Винница қ-на жол тартты. Әскер қатарынан оралған соң Ұлытау аупарткомының екінші хатшысы, ауатком төрағасының орынбасары болып сайланды. 1960-1962 жж. еңбекшілер депутаттары ауд. кеңесі атком төрағасы болып қызмет етті. Мемл. марапаттары бар. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Қорғасын (Шеңбер) – Ұлытау ауд-ғы ауылд. округ орт-ғы. Ұлытау а-нан солтке қарай 90 км жерде орналасқан. 2015 ж. мәлімет бойынша, тұрғындар саны – 0,403 мың адам.

XIX ғ. 70-жж. дейін Қараторғай өз. бойындағы Қорғасынтау кен орнында жергілікті қазақтар мылтыққа оқ құйып және металл құймаларын дайындап, Троицк қ-ғы базарда сатқан. 1814 ж. Орынбордың әскери губернаторы, князь Г.С. Волконскийдің нұсқауымен Қ-ға Троицк камалының коменданты подполковник И. Феофилатьев және кен инженері, штабс-капитан Генс пен маркшейдер Герман басқарған экспедиция жіберіледі. Кен орны зерттелген соң бұл жерді ағылшын концессионерлері сатып алып, қорғасын өндірген. 1936 ж. Қ. Сәтбаевтың басшылығымен жүргізілген геол. барлау жұмыстары кезінде экспедиция қызметкерлерінің қонысы ретінде іргесі қаланған. 1942-1957 жж. мұнда қорғасын кентасын өндіретін кеніш жұмыс істеді. 1957 ж. қой өсіретін кеңшар орт-ғы болды. Оның негізінде 1997 ж. бірнеше шаруа қожалығы құрылды.

М. Сейтжанов

Қорғанбаев Бәрменбай (1885, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қарабұлақ а. – 1972, Қарағанды обл., Жезді ауд., Жезді кенті) – белгілі зергер, темірден түйін түйген шебер. Алтын, күміс, т.б. бағалы металдардан жүзік, сақина, білезік, алқа, шолпы секілді аса бағалы сәндік бұйымдар соққан. Оның қолынан шыққан зергерлік өнімдер даңқы Ұлытау, Қарсақбайдан асып, Есіл, Атбасар, Ақмола, Көкшетау аймағына мәлім болған. Кеңестік Қазақстанның 50 жылдық тойына орай Қарағандыда өткен зергерлер мен қолданбалы өнер шеберлерінің көрмесіне қатысып, II дәрежелі Қызыл дипломмен марапатталған. Қ. пайдаланған құрал-саймандарының біршама толық жинағы Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайында сақтаулы.

З. Ибраева

Қорғанбеков Ибрагим (1923, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы, Үлкенбұлақ а. – 2014, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) Қарсақбайда ФЗО мектебін, Ленинград әскери училищесін бітірген. II дүниежүзілік соғыс жылдары Қырымды азат ету үшін болған ұрыстарға қатысқан, Ауған және Қытай шекараларындағы заставаларда аға офицер болып қызмет еткен. Отставкаға шыққаннан кейін Жезқ. қ-да бірқатар тұрмыстық қызмет, мехсервис кәсіпорындарында басшылық жұмыста болды. I, II дәрежелі «Отан соғысы», Қызыл Жұлдыз ордендерімен, 20-ға жуық жауынгерлік, еңбек және мерекелік медальдармен марапатталған.

Қорғанбеков Сәттібек (1954, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті) Жезқ. құрылыс техникумын (1977), Қа-

12.06.2010, Алматы қ.) 17 жасында өз еркімен майданға аттанып, Сталинград шайқасына, Еуропаны азат етуге қатысып, соғыстың соңғы күнін Жапонияда өткерген. ҚазМУ-дің геол.-география фак-ін бітірген (1953). Геол.-минерал. ғыл. докт. (1971). ҚазКСР ҒА акад. (1979). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1982). 1974-1995 жж. ҒА Геологиялық ғылымдар инст-ын басқарды. 1988-1995 жж. ҒА вице-президенті болды. Орт. Қазақстанда алтын, мыс, турмалин кендерін зерттеген, Құмкөл кен орнын алғаш ашқан және аймақтық геология, геотектоника, стратиграфия, металлогения, мұнай және газ өндіру геологиясы саласының дара маманы. 400 ғыл. жұмыстың, 10 монографияның авторы, ҚазКСР және КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1985), Октябрь революциясы, I, II дәрежелі «Отан соғысы», 2 мәрте Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет» ордендерімен, Халықар. геол. конгрестің алтын белгісімен, акад. С.И. Вавилов медалімен марапатталған. АҚШ-тың Оңт. Каролина универс-нің профессоры. Қазақстанның құрметті инженері, «Қазақстанның құрметті кен іздеушісі» атағының иегері. А. есімі Алматы қ. Алтын кітабына енгізілген.

Абұлжа хан (Әбілжа хан) – Қыдырәлі Жалаирдың «Жамиғат-ат тауарих» атты кітабында оғыздардың пайда болуына байланысты жазған жерінде Нұһ пайғамбардың баласы, барлық түрік халқының ханы болып көрсетіледі. Нұһ ұлы тасқыннан кейін өз жерлерін үш баласына бөліп береді. Хаму Судан мен Үндістанға тарап, Средин арабтар мен парсылардың, ал Яфес түріктердің әкесі болады. Түріктер (кітапсыздар) Яфесті А.х. (Абдулжа) хан деп атаған. Оның баласы Диб Якуйдын (Жәкі) қару-жарағы да, билігі де мығым болған. Ол Тәңірге сыйынып, жазда әкесінің Ортақ және Кертақ тауларын жайлаған. Бұл таулар А-ның немересі Қара ханның да үлесінде болған. Бірақ оның жайлауларына солт. даласы да кірген. Олай болса, қазіргі Ұлытау көштің ортасында болғандықтан Ортақ (Ортағ) болып, ал Кішітау кері қайтатын жолды көрсетіп, Кертақ болып атанып кеткен. Бұл жайлау маршруты көшу аралығы жылына 800-1000 км жерді алған кезінде қазақ даласының дәстүрлі көш жолына айналған, яғни Ұлытау мен Сыр бойындағы тарихи оқиғалар бір-бірімен тығыз байланысқан.

Әдеб.: Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т.1. А. 1984. *М. Сейтжанов*

Абыз – Торғай алабындағы өз., Қаратоpғай өз-нің бір тармағы. Бастауын Айыршоқы тауынан алып, солт-ке, одан әрі батысқа қарай иіліп барып, 30 км кейін Бозай өз-не қосылып, Қаратоpғайға құяды. А. өз. ағып өтетін алқап адырлы, аласа төбелі келген. Олардың ара-арасындағы аумақты ойпаңдардың шабындығы мол, су көздері де жеткілік. Өз. сағалары мен адыр-төбелердің етектерінде қайың, терек, шілік, қамыс өседі. Өз. сәуір айының басында тасып, жаз айларында қарасуларға бөлініп қалады. Суы мал шаруашылығы мен егіндікке пайдаланылады.

Абылай (Әбілмансұр) хан (1711-1781) – қазақ ханы, Қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері. 1730-1733 жж. аралығында болған бір ұрыста бұрын белгісіз жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас батыры, контайшы Қалдан Сереннің баласы Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады. Әбілмансұр есімі ұмытылып, А. атанады. 1740 жж. хан билігі Әбілмәмбетте болғанымен, негізгі шешімдерді А. қабылдаған. XVIII г. 30-жж. аяғында А.

Қошанұлы Әлмұхан (1918, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Қарадыр қыстағы – 2008, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – соғыс ардагері, құрылысшы. 1938 ж. әскер қатарына шақырылып, Амурдағы Комсомольск қ. құрылысында тас қалаушы, пеш салушы болып еңбек еткен. Қиыр Шығыста резервте ұсталған әскери құрамалар 1942 ж. Орлов қ. бағытында айқасқа түскенде Қ. қатардағы атқыш болды. Оның жауынгерлік жолы Орлов, Воронеж, Курск, Полтава, Сумск обл-ры, Белоруссия, Латвия, Литва респ-лары арқылы өтті. Соғыста 3 рет жараланды, елге ІІ топтағы мүгедек болып оралды. Соғыстан кейін Қарсақбай, Қорғасын, Екшіөлмес, Жыланды геол. барлау партияларында бұрғышы, құрылысшы болып еңбек еткен. І, ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, 10 медальмен марапатталған.

Қошанов Ерлан Жақанұлы (14.08.1962, Қарағанды обл., Шет ауд., Ақсу-Аюлы) Қарағанды политехн. инст-ның Жезқ. филиалын (1984), КСРО

Сыртқы сауда академиясы жанындағы Жоғарғы Коммерция мектебін (1991), Қазақ басқару мемл. академиясын (1999) бітірген. Инженер-механик, экономист. 1986-1988 жж. «Жезқазғантүстімет» ғыл-өнд. бірлестігінің байыту фабрикасында жөндеуші, шебер, Жезқ. обл. комсомол комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі болды. Жаңадан құрылған сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі Жезқ. обл. комитетінде жетекші маманнан төраға қызметіне дейін жолдан өтті.

1996 ж. қаңтарда ҚР Парламенті Сенатына депутат болып сайланды. Қазақстан Үкіметінің ҚР Парламентіндегі өкілі (02.1999-06.2003), ҚР Транспорт және коммуникациялар вице-министрі, министрліктің Азаматтық авиация комитетінің төрағасы (06.2003-03.2007) лауазымды қызметтерін атқарды. ҚР Премьер-Министрі Кеңсесі басшысының орынбасары – ҚР Үкіметінің Парламент Мәжілісіндегі өкілі (2007-02.2012) болды. 2012 ж. 2 ақпаннан ҚР Премьер-Министрі Кеңсесінің басшысы.

ҚР Президентінің Жарлығымен 2017 ж. 14 наурызда Қарағанды обл. әкімі болып тағайындалды. «Нұр Отан» партиясы Қарағанды обл. филиалының төрағасы (04.2017). «Парасат» (2013), «Құрмет» (2007) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қошанов Жақан Қозыұлы (13.02. 1938, Қарағанды обл., Шет ауд., Ақсу-Аюлы а., – 02.1985, Жезқ. қ.) Қарағанды мемл. пединст-ын (1961), КОКП ОК жанындағы

Жоғары партия мектебін (1977) бітірген. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

1961 ж. Ақсу-Аюлы ауылындағы сегізжылдық мектепте оқу ісінің меңгерушісі болып істеген. 1962 ж. сәуірден Шет ауд., 1964 ж. шілдеден Ақтоғай ауд. комсомол комитеттерінің бірінші хатшысы, 1969 ж. наурыздан Ақтоғай аупарткомы ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі. 1972 ж. ұйымдастырылған Жезқазған (Ұлытау) аупарткомының хатшысы болып сайланды. Бұдан соң жаңадан ашылған Жезқ. обл. партия, кеңес органдарына жұмысқа шақырылады. 03.1973-08.1978 жж. облаткомның ұйымдастыру бөлімінің, обл. партия комитетінің ұйымдық-партия бөлімі меңгерушісінің орынбасары, халық депутаттары Приозерный ауаткомының төрағасы. Соңғы жылдары Жезқ. облаткомының ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісінің орынбасары, меңгеруші болып еңбек етті.

Қ. комсомол жастардың жалынды жетекшісі, іскер ұйымдастырушы, көп назарына іліккен тұлға болды. Обл. кеңестің депутаты, обл. партия комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланған. «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен (1970), ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1969) марапатталған.

Қошқарбаев Дана (1900, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қарсақбай қалашығы – 1988, Жезқ. обл., Жезқ. қ.) – металлург. Қарсақбай мыс заводында қарапайым қара жұмыскерден ауысым шеберіне көтерілді. Мыс балқыту технологиясын терең білетін жігіт, маңайында дипломды инженер-металлургтер бола тұрса да, металлургиялық цехтың техн. жетекшілігіне тағайындалды. Ол туралы 1942 ж. металлургиялық цехтың бастығы А. Чжевский қол қойған мінездемеде «Д. Қошқарбаев шарпу пешінде шихта қорыту жө-нінде құлақ естімеген рекордтар жасады» деп көрсеткен. Қ. қазақтар ішінен шыққан тұңғыш металлургиялық цехтың бастығы болды және бұл қызметті абыройлы атқарды. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Қошқарбаев Марат Данаұлы (1942, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Қарсақбай қалашығы – 2011, Астана қ.) – инженер-механик. 1960 ж. №1 Қарсақбай орта мектебін үздік бітіріп, Рига азаматтық авиация инст-на түсіп, инженер-механик мамандығын алған. Қ. – өңірден шыққан тұңғыш авиация инженері. 1966-1970 жж. Целиноград біріккен авиация отрядында ауысым шебері, кейін учаске бастығы, 1970-2000 жж. Жезқ. әуежайында ауысым бастығы, әуежай бастығының орынбасары, Жезқ. обл. авиаэскадрильясында штаб бастығы, Балқаш әуежайының бастығы. 2000 ж. бастап Астанадағы «Қазақстан Эйральянс» авиакомпаниясының директоры болды.

Қошқарұлы Сатыбалды (1857-1955) – Ұлытау өңірінде өмірге келген сәулетші, шебер. Еламанұлы Серәліден (1809-1902) тәлім алған. Жезқ., Қарағанды өңірлеріндегі Сейілдің, Өтенің, Қойшығаранның, Қасқабайдың, Әуездің қызыл үйлерін салған. Сауқым мен Мақаттың қызыл тамдарын тұрғызған.

М. Сейтжанов

Қоштаев Даяр (1931, ОҚО, Қарсақбай ауд., Кішітау өңірі) – құрметті металлург. 1950 ж. бастап Қарсақбай заводы байыту фабрикасының майдалау цехында жұмыс атқарған. КСРО құрметті металлургі (1960), ҚазКСР еңб. сің. металлургі (1978), «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен (1965), «Коммунистік еңбек екпіндісі» (1967) төсбелгісімен марапатталған.

Қоян – (лат. Leporidae) – сүтқоректілердің бір тұқымдасы, 8 туысқа бөлінетін 50 түрі бар. Бұлардың ішінде тез жүгіруге, ін қазуға, жүзуге, ағашқа өрмелеуге бейімделген түрлері кездеседі. Салм. – 0,1-4,5 кг, дене тұрқы – 12-75 см. Шөп, ағаш қабығын, бүршігін, бұтағын жейді. Жылына 4 рет 2-8 (кейде 15) көжек туады. Тұрақты іні болмайды, көжегі жүндес, бірден жүріп кететіндей жетіліп туылады, бірнеше күннен кейін өзі қоректенеді. Үй қояны ғана ін қазады, топ-топ болып тіршілік етеді. Көжегі көзі

ашылмай, өте дәрменсіз, қызылшақа болып туады. Кәсіптік маңызы бар, әуестік үшін де ауланады. Қ-ның кейбір түрлері жайылымға, жеміс бағына, жас орманға үлкен зақым келтіреді. Кейбіреулері індет таратады. Қазақстанда кездесетін 3 түрі (ақ қоян, құм қояны, ор қоян) бар. Ақ қоян, негізінен, қалың қар түсетін Қостанай, Солт. Қазақстан, Павлодар және Ақмола обл. орманды далаларда, Қарағанды, Шығ. Қазақстан обл. таулы аймақтарда көптеп, ал Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Алматы обл-да сирек кездеседі. Құм қояны – қояндардың ішіндегі ең кішісі. Дене тұр-қы – 38-53 см, салм. – 1,5-2,5 кг. Арқасы мен бүйірі қоңыр, сұр, ал бауыры ақ түсті. Қазақстанда Арал Қарақұмы, Қызылқұм, Мойынқұмда және Қызылорда, Жамбыл, Оңт. Қазақстан, Маңғыстау, Қарағанды обл-ғы Ұлытау ауд-ғы құмды жерлерде мекендейді. Қорегін іздеуге ымырт түскен кезде, түнде шығады. Ұйығуы қаңтар мен ақпанның аяғында басталады. Құм қояны – өте өсімтал, жылына 3 рет көбейеді, 1-ден 9 көжекке дейін табады.

Қуанышев Сартбай (1921, Ақмола губ., Атбасар уезі, Аралтөбе а. – 1994, Жезқ. обл., Жезқ. қ.) – соғыс ардагері. ІІ дүниежүзілік соғысқа қатысып, І дәрежелі «Отан соғысы», Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған. Соғыстан кейін Жезқ. теміржол ст. (1947) бастығы. ҚКП ОК нұсқаушысы, бөлім меңгерушісі (1961-1971), Жамбыл облаткомы төрағасының орынбасары (1971-1984). Жезқ. қ. соғыс, еңбек және Қарулы Күштер ардагерлері кеңесінің төрағасы (1993-1994) болған. Халық шаруашылығын дамытуға қосқан зор үлесі үшін Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, «Құрмет белгісі» ордендерімен және бірнеше медальмен марапатталған.

Құмола – Білеуті алабындағы өз. Құмола а-нан солт-ке қарай 6 км жердегі Ақжал тауының беткейіндегі бұлақтар суының қосылуынан басталып, Білеуті өз-не оң жағынан құяды. Ұз. – 112 км. Жағасы тік жарлы, ирелең, аңғары кең. Көктемгі еріген қар және жер асты суымен толығады. Сәуірде тасиды, жазда қарасуларға бөлініп қалады. Ірі салалары: Сарыбұлақ, Қойгелді, Кішкенесай, Ащылысай. Алабында жайылымдық жерлер, мал қыстаулары бар. Ауыз суға және мал суаруға пайдаланылады.

Құмола родусит-асбест кені – Жезқ. қ-нан оңт.-батысқа қарай 60 км Құмола өз. маңайында. Сілтілі амфиболдарға жататын бұл минералды тұңғыш рет 1946 ж. КСРО ҒА акад. Ф.В. Чухров, ал оның талшықты түрін 1953 ж. Қазақстан геологтары Л. Габай мен Г. Белов ашқан. 1980-1982 жж. мемл. балансқа енгізілген барланған кендегі родусит-асбест қоры – 11 мың т, болжамдық қоры 120 мың т құрады. Микроталшықты родуситтің болжамдық қоры – 72 млн. т, оның ішінде толық барланған телімдерде – 16 млн. т, зергерлік мақсаттағы қоры – 643 мың т.

Әдеб.: Бейсеев О. Б. Родуситы Джезказганской впадины. А. 1980.

М. Сейтжанов

Құнақұлы Омар (1887-1967) – Ұлытаудың төкпе ақындарының бірі. Қарағанды обл. Ұлытау ауд. Алғабас а-ғы би Құнақтың Ақсайы деген жерде дүниеге келген. Би әкенің жанында еріп жүріп, болашақ ақын ел көрген, жер көрген, талайды тыңдап, дәмдісін санасына сіңіріп, көңіліне түйген. Атақты би, шешен Өтжан Құржіұлының билік құруы, әңгімелері, толғаулары тұтас мектеп болған.

Қ-ның жетінші атасы – кешегі Қоқан ханының алдында басын өлімге тігіп тартынбай сөйлеп, халықтың зар-мұңын өлеңмен жеткізген атақты ақын Жанкісі Өтемісұлы.

Қ. Ұлытау өңірінің бас ақыны Тайжан Қалмағанбетовті ұстаз санап, соңына ер-

ген. Оны Тайжан ақын қаршыға ақын деп бағалаған. Аты мәшһүр Тоқсанбайұлы Қожабайдан бата алған өнерпаз. Ақын, шешен, шығыс халықтарының біразының тілін білген Иманжан Жылқайдаровпен аралас-құралас болған.

Ұстаздарына еріп, Қ. Сыр бойын аралайды, Түркістанға барады, сұлу Көкшенің дабыры алысқа жеткен сал-сері, ақындарымен сөз таластырады. К. Әзірбаевпен, Н. Бекежановпен, Шораяқтың Омарымен жүздескен, сыйлас болған. Ақын шығармашылығының шырқау биігі 1925 ж. Қараспан деген жерде өткен Жамбыл Жабаевпен айтысы болды. 80 жастағы қарт ақын алдында 40-тың қырқасына енді келген Қ. тегеуріні қатты, сөзі асыл, бабындағы жыр сәйгүлігі екенін танытады. Айтыс соңында Жамбыл:

Ақынсың жай отындай жарқылдаған,
Арқаның самалындай аңқылдаған.
Ризамын сый-сияпат, құрметіңе,
Тіледім жыр теңізін сарқылмаған, –

деп ақ батасын береді.

Қ. – ән шығарған сазгер, күреске түскен палуан, ұжымшар өмірін, күнгейі мен көлеңкелі тұстарын жырға қосқан өз заманының суреткері.

Әдеб.: Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің «Ұлытау» ғыл. орт-ғы дайындаған «Ұлытау ақындары» жинағы. Алматы. Эверо, 2007 ж.
С. Қожасейітов

Құрай – орманды-далалы, шөлейт және шөл аймақтарда өсетін бір топ өсімдіктердің жалпы атауы. Көбінесе қ. деп сораң шөптің кейбір түрлерін атайды. Биікт. – 50-100 см, гүлдегеннен кейін сабағы қатайып кететін тікенекті өсімдіктер. Алғашқы кезде баяу, ал жаздың екінші жартысында тез өседі. Мамыр-маусым айларында гүлдейді. Тамыздың аяғында тұқымы пісіп-жетілген соң, шар тәрізді сабағы тамырынан бөлініп, желмен ұшып, алысқа тарайды. Өте өсімтал, бір қ. жылына 200 мыңдай тұқым береді. Тұқымы топырақ астында 2-3 жылға дейін өзінің өну қасиетін жоғалтпайды. Сондай-ақ, құрғақшылыққа да төзімді. Қазақстанның оңт.-шығыс, батыс және оңт. обл-да кездеседі.

Құрайлы – Ұлытау ауд-ғы өз. Ұз. – 56 км, су жиналатын алабы – 421 км2. Жетісеңгір тауының шығысындағы бұлақтан басталып, Байқоңыр өз-не құяды. Арнасы тар, тік жарлы. Жер асты, қар суымен толығады. Ұз. 10 км-ден аспайтын 28 саласы бар. Алабы – жайылым.

Құдабаева Зада Құдабайқызы (1921-2004) Шымкент мұғалімдер инст-ның хим.-биология фак-ін бітірген. Жезқ. аупарткомының хатшысы, ауатком төрағасының бірінші орынбасары, кейін №1 Қарсақбай орта мектебінің директоры болып қызмет еткен. Қарсақбай өңірінің мәдени-әлеум. өркендеуіне ерекше үлес қосқан. Респ. дәрежедегі зейнеткер болған.

Құйылыс, Құмдыеспе – Сарысу алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 70 км, су жиналатын алабы – 476 км^2. Теректі тауындағы бұлақтардан басталып, Жыланды а. тұсында Сарысуға құяды. Аңғары кең, жағасы тік жар. Су ағыны көктемде 7-10 күндей ғана болады. Жазда тартылып қалады. Жағалауы – жайылым.

Құлан – жылқы мен есектің жабайы туысы. Үйір болып жүреді, үйірді айғыр басқарады. Қ-мен байланысты географиялық атаулар солт-те Батыс Сібір жазығынан басталып, оңт-те Бетпақдалаға дейін, шығ-та Тарбағатай, батыста Арал бойына дейінгі аралықта кездеседі. Ұлытау өңіріне байланысты қ. туралы «Ақсақ құлан – Жошы хан» атты аңыз халық арасында кең тараған. Бүгінгі күні қ. елімізде тек қорықтарда ғана кездеседі.

Құлан ана – Шыңғыс ханның меркіттен алған екінші әйелі. «Моңғолдың құпия шежіресі» бойынша, 1204 ж. меркіттің Тоқта бегі Шыңғыс ханнан жеңіліп,

қашып кеткенде, убас меркіттің зәңгісі Дайырұсын соғысудан бас тартып, қызы Қ-ды Шыңғыс ханға алып барып, Шыңғыс оны өзінің әйелі етіп алады. 1219 ж. «қатындарының ішінен Шыңғыс қаған Құлан деген ханымды ертіп, бауырларының ішінен Отшы ноянды үлкен сарайда қалдырып, Арай асуынан асып, сартауыл (Хорезм) елімен соғысуға аттанады»

1224 ж. Орта Азияны жаулап алғаннан кейін Шыңғыс хан империясын төрт ұлына бөліп береді. Ең үлкен ұлы Жошы Қыпшаққа ие болып, Ұлытауда, Кеңгір өз. бойында ордасын тігеді. Сонымен қоса, көз болып жүру мақсатында Шыңғыс хан үлкен ұлына Қ.а-ны қосып жібереді. Оғыздардың заманында бой көтерген Орда Базар қалашығы Жошы ұлысының астанасы болып, оның қауіпсіздігін Кеті бұқа мыңқол басқарған бағаналы-балталы наймандар қамтамасыз етеді. Кеңгірдің Сарысуға құйылысында Қаражар деген жерде төрелердің ірі қаласының іргесі қаланады (археол. атауы – Болған ана). Болған ана қ. ірі салық жинау, сауда-саттық және әкімшілік орт-на айналады. Мұнда Жошының балалары, келіндері, сонымен бірге Қ.а., оның ұлы (Шыңғыс ханның бесінші ұлы) Күлқан тұрған. Жузжанидің 1260 ж. жазылған «Табақат-и Насири» атты жазбасында Жошы сепаратистік саясат жүргізгендіктен, Шыңғыс хан екеуінің арасында алауыздық пайда болғаны айтылады. Бұл оқиғаны XIV ғ. басында жазылған «Жылнамалар жинағында» Рашид ад-Дин де растайды. Нәтижесінде, мемлекетті ыдыратуға жол бермеу үшін Шыңғыс хан Жошыны өлтіруге құпия бұйрық береді. Ол бұйрықты орындауды Шағатай арқылы Қ.а-ға жүктейді. 1227 ж. ақпан айында Қ.а-ның сенімді баскесерлері Жошының қолын шауып өлтіреді. Бұл оқиғаны жасыру үшін жыршы Кеті бұқа ноян Шыңғыс ханға Жошы өлімін күй арқылы жеткізеді. Сол күйде бейнеленген ақсақ құлан – аяғын сылтып басатын Қ.а-ның өзі болған. Жарты жыл өтіп, Шыңғыс ханның өзі дүниеден озғаннан кейін, Жошының балалары Қ.а-ны да артынан аттандырады. Қ.а. өзінің соңғы жылдары өмір сүрген Болған ана қ-да жерленген. Жалғыз ұлы Күлқан орысты жаулауға барғанда Батудың бұйрығымен әкесінің өлімі үшін кек алу ретінде өлтірілген. Тимуридтардың «Муизз ал-ансаб шежіресінде» Күлқанның төрт ұлы қалғаны жазылады. Олар Қ.а басына кесене тұрғызып, Қ.а. күмбезі пайда болады.

М. Сейтжанов

Құланбаев Әбен Жәненұлы (22.01. 1962, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі) – жоғары білікті дәрігер. Қарағанды мемл. мединст-ның педиатрия фак-ін (1985) бітірген. 1985-1987 жж. Сәтбаев қ. №1 орт. ауруханасында балалар дәрігері, бөлімше меңгерушісі, 1987-1997 жж. Жезді ауд. орт. ауруханасында ауд. балалар дәрігері және бас дәрігердің орынбасары, 1997-2000 жж. Жезді отбасылық амбулаториясында аға дәрігер болып жұмыс істеді. 2004 ж. Жезді ауруханасының меңгерушісі. «Шапағат» медалімен марапатталған.

Құлахметов Совет (05.02.1937, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., «Бірлік» ұжымшары, Үсенбай қыстағы) – механизатор. 1956 ж. Қарағанды қ-ғы №28 а.ш-ғын механизациялау училищесін бітірді. Ұлытау ауд. Аманкелді ат. кеңшардың №1 егіс бригадасында С-6 тіркемелі комбайнында комбайнер көмекшісі болды. 1957 ж. бастап тракторшы, егіс бригадирі, трактор паркін басқарушы, кеңшарда бас инженер қызметтерін атқарды. Кейін Жезді ауд. жол пайдалану телімінің бастығы, «Казсельхозтехника» бірлестігі ауд. бөлімшесінің басқарушысы. «Тың жерді игергені үшін», «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне» медальдарымен марапатталған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Құлахметов Қадыр (20.05.1940, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі) – жоғары дәрежелі мал маманы. Целиноград а.ш. инст-ын (1969) бітірген. Ферма мал дәрігері, басқарушысы болып істеген. «Байқоңыр»

кеңшарында басқарған фермасында қой шаруашылығының өнімділігі жоғары болып, оның өзіндік шығыны басқа шаруашылықтарға қарағанда анағұрлым арзанға түскен. КСРО ХШЖК медальдарымен марапатталған. «Сарыбұлақ» шаруа қожалығын ұйымдастырған. Туған жер тарихы және жеке шаруа қожалығының тәжірибесі жайлы «Тіршілік кезі» атты кітап жазған.

Құлман – қола дәуірінің соңғы кезеңі мен сақ заманына жататын егіншілердің қонысы. Жезді кентінен солт.-батысқа қарай 16 км жерде, Үлкен Жезді өз. бойында орналасқан. Баянауылдағы Тағыбайбұлақ қонысына ұқсас. Ұз. 200 м-ге созылған, ені 120 м тас қабырғадан тұрғызылған. Қоныс қабырғасына тас пен саз балшықтан тұрғызған бөген қосылады. Сонымен қатар, бидай сақтайтын шұңқыр, сұр сазбалшықтан жасалған ыдыстар, тас пен темірден жасалған құралдар табылған.

Құлманов Тоғанбай Құлманұлы (1953) – журналист, КСРО Журналистер одағының мүшесі (1981). Орта мектеп бітіргеннен кейін Қарсақбай, Жезқ. мыс заводтарында балқытушы болып еңбек етті. 1985 ж. ҚазМУ-дің журналистика фак-ін бітірген. 1977 ж. Жезқ. обл. телерадио хабарларын тарату комитетінің редакторы, аға редакторы, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, обл. тіл басқармасында бөлім меңгерушісі, қалалық «Дидар» телерадио хабарларын тарату дирекциясының редакторы болып қызмет етті. «Ұлағат – Наше время» газетінің редакторы, Ө. Байқоңыров ат. Жезқ. универс-ті қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы (2003). «Алтын көлір» (1997), «Жыр түйгыны» (2001), «Ұлытаудың нұр дидары» (2002), «Имандылық кеңістігі» (2003), «Имам Ағзам» (2004), «Жұлдыздар шоғыры» (2004), т.б. кітаптардың авторы.

Құлшәріпов Мухамбетжан (1919, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы – 1984, Жезқ. обл., Жезді ауд., Жезді кенті) Қарсақбай ауданаралық ӘК 1938 ж.

қарашада міндетті әскери борышын өтеуге шақырған. №442 артиллериялық атқыштар полкінің құрамында ақ финдермен соғысқан. ҰОС-да майдан жолымен Берлинді алуға қатысты. Әскери сапта телефоншы-байланысшы болып, кеңес әскер бөлімшелерінің сәтті соғыс қимылдарын жасауда маңызды қызмет атқарды. Соғыстан кейін Қарсакбай мыс заводында горновой болып 10 жыл еңбек етіп, ауыр жұмысқа жарамсыз болып қалуына байланысты Кішітауға келеді. Аманкелді ат. кеңшарда зейнеткерлікке шыққанша көмекші шопан, аға шопан болып еңбек еткен, талай рет соц. жарыс жеңімпазы болып, сыйлыққа «Москвич-412» автокөлігін алған. II дәрежелі «Отан соғысы» орденінің, бірнеше медальдың иегері.

Құмкөл мұнай-газ кені – Ұлытау ауд-да, Қызылорда қ-нан солт.-шығысқа қарай 150 км және Павлодар – Шымкент мұнай құбырынан 230 км батыста орналаскан. 1983 ж. іздеу-барлау жұмыстары нәтижесінде анықталып, 1983 ж. бірінші ұңғыманы бұрғылау барысында төмен неоком түзілімдерінен мұнай алынған. Кен орны тектоникалық жағынан Сорбұлақ көтерілімінің Арысқұм ойпатына жапсарлас аймағындағы төмен неоком мен юра түзілімдеріндегі қабаттардан тұрады. Өнімді қабаттың теренд. – 1063-1270 м. Кен орны игерілуде.

Құнанқараұлы Әбіш – XIX ғ. өмір сүрген сәулетші. Баршақұм өңірінде туып-өскен. Атасы Құнанқара танымал сәулетші болған. Қ. тұрғызған «Тіркеспе» атты қызыл кірпіштен өрілген тұрғын-жайлар қазақ сәулет өнерінде кең тараған. Мұнда тұрғын-жайдың қонақ үйі, жатын бөлмесі, ас бөлмесі, шоланы,

сондай-ақ, жатақ үйі мен астық қоймасы, отын-суға арналған қора-қопсысы бір-бірімен жалғасып салынады.

Қ. – мазар тұрғызу ісінде Орта Азия сәулет өнерінде сирек кездесетін сегіз қырлы негіз бен көк күмбезді құрылымды алғаш қолданған сәулетшілердің бірі. Ол Сарысу өз. бойындағы Рахметолла, Жетіқоңырдағы Байсақал мен Ерубай, Сарыкеңгір өз. бойындағы Мөлдір бәйбіше мен Жұмабек мазарларын салған.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Құндақбаев Бағыбек (1926, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы, Жамантас қонысы – 2010, Алматы қ.) – қазақтың көрнекті театртанушы ғалымы, театр сыншысы. Осы мамандық бойынша қазақ топырағында тұңғыш канд., кейін докт. дисс. қорғаған. Т. Жүргенов ат. Қазақ мемл. театр және кино инст-ның профессоры. Ташкенттегі театр және көркемсурет өнері инст-ның театртану фак-ін бітіріп, қазіргі Ғ. Мүсірепов ат. балалар мен жасөспірімдер театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі болған. 1956-1958 жж. Жамбылдағы респ. мәдени-ағарту училищесінде өнер тарихынан сабақ берді. 1958 ж. мамырынан ҰҒА М. Әуезов ат. Әдебиет және өнер инст-да әуелі кіші, сосын аға ғыл. қызметкер, соңғы 25 жыл бойы бөлім меңгерушісі міндетін атқарып келді.

Оның қаламынан туған ғыл. еңбектер: «Режиссер және спектакль» (1971), «Путь театра» (1974), «Уақыт және театр» (1981) кітаптары; «Облыстық театрлар» (1964), 2 томдық «Қазақ театрының тарихы» (1975, 1978, көл. – 40 б.т.), Мәскеуде шыққан 6 томдық «История советского драматического театра» (1966-1971), «История театроведения народов СССР» (1987) жинақтарындағы ғылыми зерттеулері. С. Қожамқұлов ат. Жезқ. сазды-драма театрының қалыптасу және даму кезеңінде үлкен көмек жасады. Қазақстан Жазушылар, Театр қайраткерлері одақтарының, Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі мен театрлардың репертуарлық, көркемдік кеңестерінің мүшесі болды.

Құрманбаев Зейдін Сәмбетұлы (1937, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Қарсақбай кенті – 2011, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – КСРО және ҚазКСР білім беру ісінің үздігі. Қарағанды пединст-ның хим.-биология фак-ін (1962) бітіріп, еңбек жолын Жезді кентіндегі мектеп-интернатта мұғалімдіктен бастаған, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болды. Жезді кентінде музыка мектебінің (1972), оқу-өнд. комбинатының директоры (1980). «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» және басқа бірнеше медальмен марапатталған.

Құрманбаев Қоңыратбек (1936, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Қарсақбай қалашығы) – ҚазКСР еңб. сің. дәрігері, мед. ғыл. докт. Қарағанды мединст-ын (1959) тәмамдаған. 1968 ж. дейін Жезқ. қ. өкпе аурулары диспансерінің бас дәрігері болып қызмет атқарған. Осы қызметте жүргенде Ұлытау ауд. тұрғындары арасында жұқпалы дерттің алдын алу жөнінде кешенді шара іске асырды. 1968 ж. бастап Көкшетау обл. өкпе ауруларына қарсы күрес диспансерінің бас дәрігері бол-

ды. Қ. – Қазақстанда туберкулезге қарсы күрес шараларын ұйымдастырушы және емдеу-профилактикалық жұмыстарын жүргізудің ғыл. мектебін қалыптастырушылардың бірі. Ленин (1982), Еңбек Қызыл Ту ордендері мен бірнеше медальдың иегері.

З. Қазанбаева

Құрманбаевтар жармасы – Қарсақбай – Жезқазған тар табанды теміржолының Қарсақбай ст-нан 8 км Қаратебені қақ жарып төселген теміржол алабы. Бикт. – 10-дей, ұз. – 43 м жарманы теміржол жұмысшылары ағайынды Мәмбет, Сәмбет, Үмбет, Мұстафа, Жағыпар, Жұмағұл Құрманбаевтар, Әбуталіп Түсіпбеков, Жарасбай Ұстабаевтар бірігіп, бригада болып, бір жазда қазып шыққан. Кейін Құрманбай балалары машинист, майлаушы, кондуктор, жөндеуші мамандықтарын меңгеріп, темір жолда зейнеткерлікке шыққанша жұмыс істеді.

Құрманқұлов Жолдасбек (10.02. 1948, ОҚО, Созақ а.) – археолог, тарих ғыл. канд. (1978). 1971 ж. ҚазМУ-ді бітірген. Еңбек жолын 1972 ж. Қазақстан ҒА Тарих, археология және этногрфия инст-ның археология бөлімінде кіші ғыл. қызметкер болып бастаған. 1998-2004 жж. Ә. Марғұлан ат. Археология инст. директорының орынбасары, 2004 ж. бөлім меңгерушісі. 1982 ж. бастап ОҚАЗ-на жетекшілік етіп, Ұлытау өңірінің тарихи ескерткіштерін зерттеген. 2001 ж. Қазақ-итальян археол. экспедициясын, 2004 ж. Шірік рабад археол. экспедициясын ұйымдастырған. Негізгі ғыл. бағыты – қола ғасыры (палеэкономика, көне металлургия, т.б.). 160-қа жуық ғыл. мақала, 4 монографиясы жарық көрген.

М. Сейтжанов

Құрманқұм артезиан алабы – Бетпақдала шөлінің батысында, Сарысу өз. алабында жатыр. Аум. – 13,5 мың км^2. Алапта Қарақойын көлі, құмы, Жетіқоңыр және Мойынқұм құмды алқаптары жатыр. Су қабаты бор кезеңінің альб-сеноман қабатында шоғырланған. Жер асты суының қоры – 205 млрд. м^3, минералд. әр түрлі суының қоры – 190 млрд. м^3. Ашқылтым суының (жалпы қордың 15%-ы) минералд. – 3-5 г/л. Жалпы, Қ.а.а суы тұщы, сәл кермек татиды. Минералд. – 3 г/л-ге дейін.

М. Сейтжанов

Құрмансейітов Ахат (22.01.1964, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Терісаққан ауылкеңесі, Қорғасын а.) – журналист, ақын. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Жезқ. пединст-ның филология фак-ін бітірген (1989). Кеңес әскері қатарында әскери міндетін өтеген. Қорғасын орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ұлытау ауд. комсомол комитетінің бірінші хатшысы, ауд. оқу бөлімінің меңгерушісі, Қарсақбай кентінің әкімі, Ұлытау ауд., Қаражал қ-сы әкімдерінің орынбасары, Жезқ. айм. «Сарыарқа» газеті редакторының орынбасары, Қаражал қ. «Қазыналы Қаражал» газетінің бас редакторы, Қарағанды обл. «Орталық Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы болды. Бүгінде «Орталық Қазақстан» газетінің Жезқ., Сәтбаев, Қаражал, Жәйрем, Ұлытау өңірі бойынша меншікті тілшісі. Ағылшын жазушысы Дж. Свифтің «Гулливердің саяхаттары» кітабын қазақ тіліне аударған, өлеңдері «Сарыарқа кітапханасы» (2011) сериясымен жарық көрген 100 томдыққа енген. ҚЛКЖО ОК мүшесі болып сайланған. ҚР Президенті Алғыс хатының, БЛКЖО ОК «Мал шаруашылығының жас озаты» төсбелгісінің иегері.

Құтан әулие кесенесі – сәулет өнері ескерткіші. Ұлытау өңірінде дүниеге келген Құтан Аталықұлы 1690-1780 жж. өмір сүрген. Абылай хан заманында Қ.ә. ханның кеңесшісі, хан алқасының

мүшесі болған. Әулиелік, көріпкелдік, емшілік бала кезінен қонған. Барлық саналы ғұмырын халықтың денсаулығын қорғауға арнап, ел мен жердің тағдырына араласқан. Торғай даласында келе жатқанда Аманкелді тасжолының бойында дүниеден озған. Бейіті Әулие кесенесі бірнеше мәрте жаңартылған. Ұрпақтары зиратты 1977 және 2008 жж. жаңалап жөндеуден өткізді. Тәуап етушілерге арнап кесенеге жақын жердегі бұлақ басынан шағын қонақ үй тұрғызылған.

Қ-нан – Шалабай, Шортан, Танабай, Манабай, Ақан, Бершін, Кеншін – жеті ұл туған. Ұрпақтары негізінен Ұлытау өңірінде, Сыр бойында тұрады.

Құттыбаев Ғибадат Қуанышұлы (19.02.1968, Қарағанды обл., Жезді ауд., Аманкелді ат. кеңшар – 19.06.1987, Ауғанстан, Чаугани елді мекені) 1985 ж. №6 Жезді орта мектебін бітірген. 1986 ж. 16 сәуірде КСРО Қарулы Күштері қатарына шақырылған. Ауғанстанға 1986 ж. тамызда БМП механик-жүргізуші болып келген. Қ. бірнеше рейдтік операцияларға және ұрыстарға қатысқан, кеңес және ауған колонналарына қарсыластардың шабуылын тойтару кезінде батылдық көрсеткен. 1987 ж. 19 маусымда автоколоннаны алып жүретін бронетоптың құрамында Чаугани елді мекенінде шабуылға ұшырайды. Ұрыс кезінде Қ. БТР-ға тиген гранатаның жарылуынан қаза табады. 1988 ж. 6 қаңтарда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. Ерлік ісін жас жеткіншектерге үлгі ету мақсатында ол оқыған №6 мектептің «Ерлік даңқы» залында ескерткіш тақта қойылған. Жезді кентіндегі өзі тұрған көше және туған ауылы Сарлықта бір көше Қ. есімімен аталады.

Құттымбетов Есболған (1949, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а. – 2009, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – инженер-механик. Алматыдағы Қазақ а.ш. инст-ын (1972) бітірген. Еңбек жолын 1966 ж. Жезқ. құю-механикалық заводында жұмысшы болып бастаған. 1972 ж. Жезді ауд. «Сарысу» асыл тұқымды қой заводында инженер, ауд. а.ш. басқармасында бас инженер, «Байқоңыр» кеңшары партком ының хатшысы болды.

1981 ж. «Байқоңыр» кеңшарының, кейін Сәтбаев ат. кеңшардың директоры. 1988 ж. желтоқсанында Жезді аупарткомының бірінші хатшысы болып сайланды, кейін ауд. кеңес төрағасының міндетін қоса атқарды. 1993 ж. баламалы негізде халық депутаттары Жезқ. обл. кеңесінің төрағасы болып сайланды. Қ. бұл қызметте өкіметтік биліктің бұл түрі жұмысын тоқтатқанша істеді. Жезді кентінде Қ. атында көше бар.

Құсайынов Ілияс (24.12.1924, Қарағанды обл., Қарқаралы ауд. – 2003, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Жез-ді кенті) – соғыс ардагері, білім саласының қызметкері. Қарқаралы педучилищесін (1942) және Қарағанды пединст-ын (1949) бітірген. 1942 ж. әскер қатарына шақырылды. Ленинград майданында Суворов орденді 3-дивизия құрамында Нева жағасындағы қаңа үшін кескілескен айқасқа қатысты. Кенигсберг, Киров қ-рын, Европаның бірнеше мемлекетін азат етушілер сапында болды. Соғыстан кейінгі өмірі мен қызметі

Ұлытау өңірінде халыққа білім беру ісімен тығыз байланысты. Жезқ. ауд. оқу бөлімінің меңгерушісі, Байқоңыр және №6 Жезді орта мектептерінің директоры, Жезді орта мектеп-интернатының басшысы болып қызмет істеді. I, II дәрежелі «Отан соғысы», Қызыл Жұлдыз ордендерімен, «Жауынгерлік қызметі үшін» медалімен, бейбіт кезеңдегі еңбегі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. ҚазКСР еңб. сің. мұғалімі. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Ү. Қапарова

Қыдырпатшаев Орзанбай (1938). ҚХР-да туған. 1962 ж. атажұртқа келген соң КОКП XXIII съезі ат., кейін «Жетіқоңыр» кеңшарында аға шопан болған. Өзіне бекітіліп берілген саулық отарын аман сақтап, мал санын өз төлі есебінен өсіруге және еркек қозыны туған жылы жоғары салмақпен мемлекетке етке тапсыруда үздік көрсеткіштерге жеткен. Алғашқылардың бірі болып шаруа қожалығын құрған. Жер жағдайына қарай қой өсірудің тиімді технологияларын игеріп, жекеменшік шаруашылығында жақсы өнд. көрсеткішке жетіп жүр. КСРО ХШЖК алтын, күміс, қола медальдарының иегері, сыйлыққа жеңіл автокөлік алған. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

«Қызыл кенші» – газет. Қарсақбай ауд. партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары ауд. кеңесінің органы болды. Алғашқы нөмірі 1931 ж. 7 қарашада жарық көріп, тұңғыш редакторы Әбдіпда Тәжібаев, оның орынбасары Шалтай Оспанов, бөлім меңгерушісі Жұмағали Саин болды. Газет қазақ ұлттық жұмысшыларын қалыптастыруда, түсті металлургияны және мал шаруашылығын өркендетуде маңызды роль атқарды. 1940 ж. 3 маусымнан бастап Жезқ. ауд. газеті ретінде шықты.

«Қ.к.» мыс қорыту заводының өнд. тынысы мен стахановтық қозғалыс жайлы жүйелі жазумен қатар «Әдебиет альманахы» атты бет шығарып, онда Б. Қожабаев, Т. Қалмағанбетов, Ә. Тәжібаев туындылары жиі жарияланып тұрған. 1957 ж. «Еңбек жолы», 1962 ж. «Октябрь туы», 1991 ж. бастап «Жезді өңірі» аталды. 1997 ж. Жезді ауд. Ұлытау ауд-на қосылғаннан кейін шығуын тоқтатты. Газетте А. Хангелдин, Ә. Әміралин, Р. Көккөзова, С. Ыбыраев, С. Ниязов, Ә. Нысанбаев, С. Мырзатов, И. Жауыртаев, С. Аққошқаров, Ғ. Алматов, Ж. Мұқанов сияқты журналистер істеген.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Қызылтау – Ұлытау тау сіләміне қарасты тау. Ұлытау а-нан батысқа қарай 18 км жерде. Абс. биікт. – 925 м. Тау қызыл граниттен құралған. Айналасы – мал жайылымы.

Қызылжал – Сарысу алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 72 км, су жиналатын алабы – 1100 км². Жіңішкежал тауының оңт.-шығысындағы бұлақтан басталып, Мешкейсор көлінің солт-не қарай 13 км жерде тартылып қалады. Жалпы ұз. 25 км болатын 5 қысқа саласы бар. Қар, жауын-шашын суымен толығады. Көктемде аз ғана ағып, жазда кішігірім қарасуларға бөлініп қалады. Жылдық орташа су ағымы – 0,012 м³/с. Алабы – жайылым, суы мал суаруға пайдаланылады.

Қызылқия мұнай-газ кені – Құмкөл мұнай-газ кені орнынан батысқа қарай 40 км жерде орналасқан. 1984-1985 жж. сейсмикалық барлау нәтижесінде анықталған. Алғашқы мұнай өнімі 1986 ж. (3 ұңғыма арқылы) алынды. Газ-мұнай шоғыры төмен неокомның арысқұм горизонты шөгінділерінен (терeңдік арақашықтығы – 1467-1600 м) табылған. Сонымен қатар, аздаған мұнай өнімі 5 және 18 ұңғымадағы іргетас жынысынан алынды. Мұнайға қанығу коэффициен-

ті – 0,59, газға қанығу коэффициенті – 0,57. Қабат қысымы – 15,1-15,8 МПа, температурасы 61-70°С аралығында өзгереді. Мұнайы жеңіл, тығызд. – 0,797-0,805 г/см³, күкірті аз (0,017-0,33%), парафинді (0,6-36,0%) және онда 0,1-8%-ға дейін шайыр, асфальтендер бар. Ашық түсті фракциялардың шығымы 3000С-қа дейін 57,5%-ды құрайды. Табан сулары хлоркальцийлі, тығызд. – 1,050 г/см³, минералд. – 61,1 г/л. Судың тәуліктік өнімд. – 9,87 м³.

Қымыз – жылқы сүтінен дайындалатын қышқыл сүт өнімі. Қазақтың ұлтық тағамдары ішіндегі ең құрметті дастарқан дәмінің бірі. Ол тек қана бие сүтінен ашытылады. Алғаш рет қ. ашытарда бие сүті сабаға арнаулы ашытқының немесе қордың үстіне құйылады. Ашытқыны көбінесе сүр жаяның, қазының сынық сүйегін салып сүттен, ол жоқ болғанда сүтке нан ашытқысын езіп әзірлейді.

Қ. – дертке шипа, денеге күш, ерекше дәмді, құнарлы, хош иісті және өте сіңімді сусын. Қ. ыдыстарының негізгі түрі – күбі. Күбі ауыз жағы тарлау, түп жағы кеңірек етіп еменнен жасалады. Оның іші жиі жуып кептіріліп, сүр еттің майымен, қойдың құйрығымен майланып, тобылғы, дүзгін, құлмұрын ағаштарының, қоғажай дейтін шөп түбінің түтінімен ысталып отырады.

Қ-дың бабы пісу мен сапыруға байланысты. Жиі-жиі піскен қ-дың дәмі кіре береді. Ал пісуі жетпеген қ. ірімтіктеніп, суы бір бөлек, тұнбасы бір бөлек болып, бұзылып, сапасын жояды. Көбірек пісілсе, тіпті күшті деген қ-дың өзі жұмсап, ішуге сүйкімді бола береді.

Биенің ашымаған сүтін саумал дейді. Алғашқы қ-ды үй иесі өзі ішпейді, дәстүр бойынша үлкендерді шақырып, ауыз тигізіп, батасын алады. Мұны «қымызмұрындық» дейді. Бие сүті құрт ауруына ем екені, қан айналу жүйесіндегі қан тамырларының жұмсақтығы мен беріктігін қамтамасыз ететіні, қандағы қызыл қан түйіршіктері мен (эритроцит) гемоглобин синтезіне әсер ететіні, ағзаның зат алмасу процесін жақсартып, жалпы иммунитетті күшейтетіні анықталған.

Қыпшақ – Ұлытау өңірін мекендейтін, қазақ елінің Орта жүзі құрамына кіретін түркітілдес тайпа. Қ. туралы бірінші мәлімет қытай жазбаларында кездеседі. Онда қ-тар ғұн мемлекетінің құрамында қазіргі Моңғолияны жайлаған. Тонықөк пен Білге қағандардың жазба ескерткіштерінде қ. сір атауымен көрсетіліп, тек 735 ж. бастап қ. этнонимімен Қимақ қағанатының құрамында тарих сахнасына шықты. Осы кезеңнен бастап батырларды мінген атымен бірге жерлеу рәсімі тарайды. Ондай ескерткіштер Ұлытау өңірінде көп кездеседі.

XI ғ. қ-тар өз хандығын құрып, билігін Алтайдан Днестрге дейін созылған кең далаға таратты. Хандықтың құрамына енген елдер өздерін қ. деп атады. Қ. екі этникалық құрамнан тұрған: 1) 11 тайпалы батыс қыпшақтары – елберілі, тоғызоба, йетіоба, дурут, т.б.; 2) 16 тайпалы шығыс қыпшақтары – сегіз негізгі және сегіз ұсақ тайпалар. Басты шаруашылығы – мал өсіру болған. Шыңғыс хан Қ. хандығын құлатқанымен, халық жойылып кеткен жоқ. Олар қазақ елінің басты этникалық құрамының бірі болды.

М. Сейтжанов

Қыпшақ – Ұлытау ауд-ғы өз. Ұлытаудың солт. етегінен басталып, Қыпшақ көліне құяды. Ұз. – 111 км, су жиналатын алабының ауд. – 2540 км². Суы ащы. Негізгі саласы – 23 км-ге созылған Бірсуат өз. Көктемде еріген қар суымен және жауын-шашынмен толады. Қарашада қатып, сәуірде тасиды. Аңғары – жайылым, мал суаруға пайдаланылады.

Қырғыштау – Ұлытау жүйесінің солт.-батысында, Қорғасын а-ның солт-

гі тау. Солт-тен оңт-ке 14 км созылып жатыр, ені – 3-4 км. Абс. биікт. – 440 м. Шығ. және оңт. етегінде қорымтастың мол үйінділері бар. Төм. кембрийге дейінгі кезеннің жыныстарынан түзілген. Сортаңдау қара топырағында жусан, бетеге, боз, бұталар өседі. Мал жайылымға, қыстауға қолайлы.

Қырыққұлак (лат. Polypodióphyta) – Ұлытаудың ылғалы жерлерінде өсетін жабайы өсімдік. Қазақстанда тау шыршасы өсетін жерлерде көп кездеседі. Тамыр сабағынан алынған қою сығындысы ішек құртына қарсы қолданылады.

Қ. – көркем жапырақты көпжылдық шөптесін өсімдік. Жер шарында он бір мыңға жуық түрі табиғатта, көгалдандыруда және бөлме гүлі ретінде үйде өсіріледі. Күтімді көп қажет етпейді, кез келген жағдайда жақсы өседі. Жапырақтары ұсақ, жіңішке, жиегі ирек, жылтыр түрлері де бар. Қ. – өсімдіктер әлеміндегі бірден-бір гүлдемейтін өсімдік. Жапырақ астындағы споралары арқылы көбейеді. Алакөлеңкеде де, жарықта да жақсы өседі. Көлеңкеге шыдамды. Жоғары ылғалдылықты қажет етеді.

Қырықпышев Бақтияр Әбдірахманұлы (1973, Жезқ. обл., Жезді ауд., Қарсақбай кенті) Ө. Байқоңыров ат. Жезқ. тау-кен технология инст-ын (1995), Қарағанды мемл. техн. универс-ін (2012) бітірген. Инженер-механик, экономист. Федералдық мемл. автономиялық жоғары кәсіптік білім беретін мекемесінің (Ресей) Ұлттық зерттеу технологиялық (МИСиС) универс-де «Түсті металлургия. Тау-кен компаниясын басқару» бағдарламасы бойынша арнайы дайындықтан өткен (2013-2014).

Еңбек жолын «Қазақмыстың» «Жезқазғантүстіметалл» кәсіпорнының Шығ. Жезқ. кенішінде жұмысшыдан бастап, кейін тау-кен шеберінен участок бастығының орынбасары, шахтаның бас инженері жолынан өткен. ЖКМК бас инженері және техникалық директоры, «Жомарт» кенішінің директоры болды. 2008 ж. «Жезқазғантүстіметалл» ӨБ бас директоры, 2010 ж. құрылысы жүріп жатқан Бозшакөл мыс кенішінің бас директоры, 2011 ж. «Қарағандытүстіметалл» және «Балқаштүстіметалл» ӨБ бас директоры, 2012 ж. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС өндіріс жөніндегі директоры, сол жылдың желтоқсан айынан компанияның тау-кен және өңдеу кенішінің бас директоры. 2013 ж. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС бас директоры және онымен қатар «Kazakmys Holding» ЖШС бас операциялық директоры қызметін қоса атқарды. 2016 ж. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС басқармасының төрағасы. Мемл. марапаттары бар.

Қырыққыз (шамамен XVIII ғ.) – Ұлытау ауд. Егінді а-ның оңт.-шығысында орналасқан күмбез. Қара тастан қаланған. Есігі шығысқа қарайды. Күмбездің жан-жағында басқа бейіттердің көптігінен жергілікті тұрғындар қорымды Қ. деп атайды. Атауы ел арасында жүрген әңгімеден шығады: «Қалмақтардың кезекті бір шабуылында қолға түскен қазақ қызын қалмақ қонтайшысы әйелдікке алған. Арада көп жыл өтсе де ел-жұртын, ата-анасын ұмыта алмай зарыққан қазақ қызы ел-жұртына көмектесуді ойлаған. Ойын өз қызына айтып, ол нағашы жұртына барып, қонтайшының қашан, қай жерден шабуыл жасайтынын ескертіп тұрған. Артынан аңдушы жіберген қонтайшы өз қызының жауға хабар беріп жүргенін біліп, қайтып келе жатқан жолында, алдынан әскер жіберіп, құрбыларын қоса қырып тастаған».

М. Сейтжанов

Л

Лабақ күмбезі – Ұлытау ауд. Қаракеңгір өз. жағасындағы сәулет өнері ескерткіші. 1874 ж. Лабақ Қуатұлына арнап тұрғызылған. Л.к. – шаршы пішінді пештақты-күмбезді құрылыс. Сыртқы ауд. – 7,25x8,25 м, биікт. – 6,45 м. Ғимарат шикі кірпіштен қаланып, іші мен сырты күйдірілген кірпіштен қапталып өрілген. Төрт бұрышты пішіннен дөңгелек күмбезге бұрыш қуыстары арқылы ұласады. Қабырғаларының дәл ортасында



осындай сәндік қуыстар бар. Ішкі пішіні қабырғадағы 8 қуыс, сондай-ақ кіреберіс есік ойығы төмен қарай сәл кеңейтілген. Қуыстар мен кіреберіс есік дарбазасы доға түрінде берілген. Қасбеті өрнекті тақта кірпіштермен жиектеліп, П тәрізді белдеумен әсемделген. Ернеуі кертпеш кірпішті қосарлап қалау арқылы әсемделген. Басқа 3 қасбетінің де пештаққа ұқсас әшекейлі жиегі, сондай-ақ «шырша» тәрізді көлбеу қаланған сәндік өзгешелігі бар. Күмбездің бұрыштары шығыңқы етіп, екі қатар кірпіштен қаланған.

Әдеб.: ҚҮЭ. М. Сейтжанов

Левшин Алексей Ираклиевич (1798, Ресей, Тульск губ. – 1879, Курск губ.) – Ресей тарихшысы, түркітанушы. 1845 ж. Ресей География қоғамының негізін қалаушылардың бірі, 1873 ж. дейін сол қоғам төрағасының көмекшісі және кеңестер мүшесі болған. Қазақтар жөнінде алғаш монограф. еңбек жазған. Воронеж гимназиясында оқып, одан кейін Харьков универс-ін бітіреді.

1818 ж. шетел істері коллегиясының Азиялық департаментінде қызмет істейді. 1820 ж. Орынбор шекаралық комиссиясына бекітіліп, қазақтар жөніндегі мұрағатты сұрыптау ісімен айналысады. 1831-1837 жж. Одесса қ-сын басқарды. 1838-1844 жж. Иркутскіде азаматтық губернатор. 1844-1855 жж. Үшінші мемл. мүлік министрлігінде а.ш. департаментінің басшысы. 1856 ж. сенатор және Ішкі істер министрінің көмекшісі. «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» (1832) атты еңбегінің 1-бөлімінде қазақ жерінің, оның ішінде Ұлытау өңірінің географиялық, тұрмыстық, шаруашылық, саяси сипаттамасы берілген. 2-бөлімі қазақ халқының тарихына, 3-бөлімі этнографиясына арналған. Бұл еңбегінде Л. «қазақ» деген атауға ғыл. анықтама беруге тырысқан.

Мағзұмов Ережеп (1942, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Терісаққан а.) Қазақ халық шаруашылығы инст-ның есеп-экономика фак-ін (1969) бітірген. 1969-1972 жж. «Сарыкеңгір», «Қарсақбай» кеңшарларында бас бухгалтердің орынбасары, бас бухгалтер. 1972-1983 жж. Жезді ауд. а.ш. басқармасы есеп-қисап бөлімінің, 1983 ж. Жезқ. обл. а.ш. басқармасы бақылау-тексеру бөлімінің жетекшісі, 1996 ж. обл. агроөнеркәсіп комитетінің бас бухгалтері. Жезқ. обл. таратылғаннан кейін Қарағанды обл. а.ш. департаментінің бас бухгалтері – бөлім бастығы. Әріптестері және ауыл тұрғындары арасында есеп-қисап ісінің білгірі, экономикалық терең білімі және іскерлігі арқасында беделге ие болды. ҚР АШМ Құрмет грамотасымен, дипломмен марапатталған.

Маденов Сабырды (1924, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы, Аралтөбе а. – 2001, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) Жезқ. ауд. ӘК 1942 ж. әскер қатарына шақырған. Жапониямен болған ұрыстарға қатысты. 1975 ж. дейін Қарулы Күштер қатарында қызмет етті. Запастағы полковник. 1974 ж. бастап Қарағанды политех. инст-ның Жезқ. бөлімшесінде, кейін Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-де саяси экономия пәні бойынша аға оқытушы. Қызыл Жұлдыз, I, II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен және бірнеше медальмен марапатталған. Қазақ тілінде жазылған экономика саласы бойынша екі оқулықтың авторы.

Майбұлақ мұнай кені – Жезқ. қ-нан оңт.-батысқа қарай 250 км жерде. Құрылымы 1983-1984 жж. сейсмобарлау нәтижелері бойынша анықталған. Тектоникалық жағынан солт.-батыс бағытта созылған жарылымды антиклинді қатпармен ұштасады. Қима бойынша 1090 м-ден 1300 м-ге дейінгі аралықта ортаңғы юра түзілімдерінде төрт мұнай шоғыры анықталған. Литол. құмтас, алевролит, саз және аргиллит қабаттарынан тұрады. Мұнай шоғырлары қабатты, дөңесті болып келеді. Мұнайға қаныққан тиімді қабаттардың қалыңд. – 2,5-31,5 м.

Майгелдинов Әділ (т.-е.ж.б.) Ұлытау өңірінде туған. Жезқ. кенішіне алғашқы келген ауыл шаруаларының бірі. 1926-1929 жж. забой жұмыскері болған. Өнд. тапсырмасын үнемі 210-250 пайыз асыра орындап отырған. Соңғы жылдары бұрғылау жұмыстары жөнінде нұсқаушы. Бригадасындағы 20 жұмысшының 15-і екпінділер қатарында болған. Алдыңғы қатарлы жұмысшылармен бірге «Соц. жарыстың екпіндісі» төсбелгісімен және грамотамен марапатталған. XV сайланған жұмысшы, шаруа, казактар мен қызыл әскерлер депутаттарының Бүкілресейлік ОК мүшесі болған (1931).

Майлин Жанділда Тәжұлы (1949, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., 1 Май ауылкеңесі – 1998, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – суретші. ҚР Суретшілер одағының мүшесі (1993), ҚР Суретшілер одағы Қарағанды обл. бөлімшесі көркемдік кеңесінің мүшесі (1993-1998),

респ. «Жігер» фестивалінің лауреаты (1982). Қазақтың Абай ат. мемл. пед-инст-ын бітірген (1975). ҚР Суретшілер одағы Қарағанды бөлімшесінің Жезқ. қ-ғы шеберханасында суретші-безендіруші (1975-1977), 1977 ж. ЖезПИ-де (қазіргі ЖезУ) ассистент, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, деканның орынбасары болып еңбек етті. Көркемсурет өнерінің бірқатар жанрларында шығармашылық туындылар жасады. Олардың қатарында хан Абылай, Абай, Қ. Сәтбаев, М. Әуезов портреттері, пейзаждар, натюрморттар, тақырыптық композициялар және абстракциялық туындылары бар. «Жамбыл» портреті Ә. Қастеев ат. Мемл. көркемсурет галереясы қорына алынған.

Мақат сағанасы – сәулет өнері ескерткіші. Шеңбер а-ан солт.-батысқа қарай 10 км қашықтықта, Қараторғай өз. жағасында орналасқан. Мақат Саржанұлына арнап 1923 ж. тұрғызылған. Сыртқы ауд. – 5,5х5,6 м, жалпы биікт. – 6 м. Құрылысына көл. 26х12х7 см болып келетін кірпіштер пайдаланылған. Сыртқы бұрыштары мен қабырға жиектері

кірпішті жартылай доғал қалау арқылы шығыңқы бағанамен өрілген. Конус тәріздес күмбезі дөңгелек негіздің үстіне орнатылған. Бас қасбеті П пішіндес бөлдеумен сәнделіп, ортасынан доғалы кіреберіс есік шығарылған. Дәліз арқылы сатымен 1 м терендіктегі қабірге түсуге болады. Оның есігі шымылдықпен жабылған. Әйел мен ер адамға арналған 2 қабірдің (өлш. – 1,5х2,2 м) бұрыштарында шаршы пішінді (өлш. – 0,6х0,6 м) санылау қалдырылған. Есік алдындағы сағанада 3 құлпытас бар.

Әдеб.: ҚҰЭ *М. Сейтжанов*

Мақашев Байжұма Қатираұлы (1959, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кеңгір ауылкеңесі) – ҚарПТИ-ді бітірген (1981), инженер-механик. Техн. ғыл. докт. (2009), Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің технологиялық машиналар және құрылыс кафедрасының меңгерушісі, доценті (2000). Еңбек жолын Жезқ.

жолаушы тасымалдаушы автокәсіпорнында көлік жөндеуші болып бастаған (1981). «Дизельді двигательдерді қалыпқа келтіру тәсілдері мен құралдарын жасау» тақырыбында канд. дисс. қорғаған (1995). Ұлыбритания Біріккен Корольдігінің «Әлемді тану» қоры ұйымдастырған халықар. ғыл. конкурсының жеңімпазы (2013). «Дизельді жерасты жабдықтарының тұтыныс қауіпсіздігі» оқулығының, 2 монографияның, 60-қа жуық ғып.-әдістемелік мақалалардың авторы, 2 авторлық куәліктің, 2 патенттің иесі. Өлең-жырлары баспасөзде жарияланып тұрады. Бірнеше жыр жинақтарын шығарған.

«Мақпал – Сегіз» – махаббат дастаны. Мақпал атты сұлу бойжеткеннің өнері асқан Сегіз серіге ғашықтық хикаясы баяндалған. Оны бірнеше ақын жырға қосқан. XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. I жартысында өмір сүрген Жанкісі жырау жырлаған «Сегіз сері мен Мақпал сұлу» дастанының аяқталмаған нұсқасы Жезқ. қ-ның тұрғыны Д. Меңдіғалиевтен 1974 ж. жазылып алынған. «М. – С-дің» басқа нұсқалары да осы Жанкісі нұсқасы негізінде тараған ға ұқсайды. XX ғ. қызылордалық Сәрсенбай жыршы бұл дастанды Базар жыраудан үйреніп, одан ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы

Ә. Қайнарбаев жазып алады. Ол осы Сәрсенбай жырлаған «М. – С.» дастанының нұсқасын 1946 ж. Қазақстан ҒА Орт. ғыл. кітапхана қорына тапсырған. Дастан он бір буынды қара өлең үлгісінде жазылған.

Мақыш Серік Биханұлы (04.12. 1970, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Байқоңыр а.) – Л. Гумилев ат. ЕҰУ экономика фак. деканы, эконом. ғыл. докт, проф.

1994 ж. Қазақ мемл. басқару академиясын бітірген. 1995 ж. банк ісін ұйымдастыру кафедрасының оқытушысы, 1996 ж. Т. Рысқұлов ат. Қазақ экономикалық универс-ті (ҚазЭУ) банк ісі кафедрасының аға оқытушысы, 2000-2002 жж. Қазақ академиялық универс-ті экономика және қаржы кафедрасының меңгерушісі, қаржы-экономика фак. деканы. 2005-2012 жж. Қ. Сәтбаев ат. Қазақ ұлттық тех. универс-нің Экология-экономика инст-да қаржы кафедрасының меңгерушісі. 2013 ж. тамызынан ЕҰУ-дің экономика фак. деканы. 80-нен астам ғыл. еңбектің, 1 монографияның, 3 оқулық пен 8 оқу құралының авторы. Ғылым және білім саласындағы жетістіктері үшін «ЖОО үздік оқытушысы – 2010» атағы берілді, А. Байтұрсынов ат. «Үздік автор» медалімен, Қазақстан ғалымдар одағы тағайындаған «Ғылым және техникадағы үздік қызметі үшін» дипломымен және сыйақылармен марапатталған.

Малшыбай елді мекені – Сарыкеңгір ауылд. округі – Жезқ. қ. әкімдігі аумағындағы бірлік. Құрамына Малшыбай, Балабай, Қарабұлақ, Өткелбай а-ры кіреді. Тұрғыны – 0,4 мың адам. Орт-ғы – Малшыбай а. шаруашылығының басты бағыты – мал өсіру.

Малшыбай кесенесі – XIX ғ. сәулет ескерткіші. Малшыбай а-да орналасқан. 1989 ж. «Казпроектреставрация» инст-ның архитекторлары өлшеу жұмыстарын жүргізді. Реставрациялық жұмыстар жүргізілген жоқ. Порталы, күмбезі толық бұзылған. Бір камералы, күмбезді ғимарат. Басты фасады күйдірілген және шикі кірпіштен салынған. Қабырғалары 3 қабатты. Іргетасы жоқ. Көл. – 6,5х6,7 м. биікт. – 4 м, аум. – 174 м³. Кіреберіс қақпасы оңт-ке бағытталған.

Мамақов Көдей Мамақұлы (1913, Орынбор обл., Торғай уезі, Қызылжыңғыл болысының Телікөл еңірі – 1984, Жезқ. обл., Жезді ауд., Қарсақбай қалашығы) 1925-1930 жж. №1 ауылдың бастауыш мектебінде оқыды. Қарсақбай мыс комбинаты теміржолының жұмыскері (1930-1935). Қызылорда обл. Қармақшы ауд. Жосалы ст-ғы

жүргізушілер курсының оқушысы (1935-1936), Қарсақбай мыс комбинатында көлік жүргізушісі (1936-1941). ҰОС-на (1941-1946) қатысты. Қарсақбай мыс қорыту заводында жүргізуші (1946-1949), автокөлік шаруашылығының бастығы (1949-1973), экскаватор-бульдозер шаруашылығының шебері (1973-1984) болды. Ленин орденімен (1966) марапатталған. Қызыл Жұлдыз орденінің, «Ерлігі үшін», «Кавказды қорғағаны үшін», «Праганы жаудан азат еткені үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін» медальдарының иегері.

Марғұлан Әлкей Хақанұлы (11.05. 1904, Павлодар обл., Баянауыл ауд. – 12.01.1985, Алматы қ.) – әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы. Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі (1933), филология

ғыл. докт. (1945), Қазақстан ҒА акад. (1958). Ленинград қ-ғы Шығыстану инст-ның түркітану және тарих-филология фак-де (1925-29) қатар оқыды.

М-ның Ұлытау өңірінде жүргізген археол. қазба жұмыстары нәтижесінде көне замангы тау-кен ісі мен металл өндірісі, қола дәуірі тайпалары мен Ұлытау тарихи-археол. ескерткіштері зерттелді. Тарих, археология, этнография, әдебиет, өнер және металлургия саласына қатысты 300-ден астам ғыл.-зерт. жұмыстар, 100-ден астам энциклопедиялық мақалалар жазды. ҚазКСР Мемл. сыйл. лауреаты. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен және медальдармен марапатталған.

М. Сейтжанов

Матюшин Петр Петрович (1914-1985) – инженер-металлург, Социалистік Еңбек Ері (1971). Свердловск тау-кен инст-ның механикалық байыту бөлімшесін бітірген (1939). 1941-1942 жж. Қарсақбай кен-байыту фабрикасының техн. жетекшісі. ҰОС-на қатысқан. 1956-1958 жж. ЖКМК бас инженері, 1949-1956, 1958-1962 жж. БКМК байыту фабрикасы, ұсақтау цехы, мыс заводы техн. бөлімінің бастығы, комбинаттың бас инженері. 1962-1971 жж. комбинат директоры. КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1969), Ленин, I және II дәрежелі «Отан соғысы», Александр Невский, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен марапатталған.

Маханбетов Жақыпбек (1912, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы, Жамантас а. – 1991, Қызылорда обл.). Елді ашаршылық жайлаған 1932 ж. ата-анасы, ағайындары Сыр бойына көтеріле көшкен. М. жаңа қоныста ұжымдастыруға белсене қатысты. «Кооператор» ұжымшарының басқарма төрағасы болды, тракторшы мамандығын игеріп, тракторшылар бригадасына жетекшілік жасады.

II дүниежүзілік соғысқа қатысты. 1942 ж. Днепр өз. өтерде ерлігімен ерекше көзге түсті. Пулеметінен дұшпанға оқты несерлете жаудырып, бетпе-бет келгенде граната қолданып, фашистердің бірнеше танкісін, 3 автокөлігін, 100 шақты әскері мен офицерінің көзін жойды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен (1944 ж. 22 ақпан) 254-атқыштар полкінің пулеметшісі, кіші сержант М-ке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. М. Жеңіс туы желбірегенше майданның алғы шебінде, соғыстан кейін Қызылорда обл. «Іңкәрдария» кеңшарында бригадир, ұзақ жыл ауылд. кеңес атқомының төрағасы болды. Қызылорда қ-ғы бір көше М. есімімен аталады.

Ө. Мұқанов

Маханов Мұқан (21.12.1941, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Байқоңыр кенті) – техник-құрылысшы. Орта мектеп бітірген соң Қарсақбай заводының теміржолында жөндеуші болып істеген. Жезқ. құрылыс техникумын (1973) тәмамдаған. Жезқ. мыс қорыту заводының құрылысына бастан-аяқ қатысты. Кейін Жезді ауд. коммуналдық шаруашылық кәсіпорнында өндіріс шебері, 1980 ж. ауд. жол телімінің бас инженері. Жергілікті маңызы бар жолдарды қалыпты ұстауға, елді мекендер арасында жол қатынасының үзіліссіз болуына көп еңбек сіңірді. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Махатов Қожамжар Сәлиұлы (1927, ОҚО, Қарсақбай ауд., Ұлытау а. –

2012, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – өңірден шыққан тұңғыш кәсіби заңгер. Алматы мемл. заң инст-ын (1951) бітірген. 1942-1947 жж. Ұлытау ауд. статистика бөлімінде статист, прокуратура хатшысы, Жезді марганец кен басқармасының электр ст-да машинист көмекшісі, инспектор, жауапты атқарушы. Инст. бітіргеннен кейін обл., қал., ауд. прокуратураларда тергеуші, прокурор көмекшісі, тергеу бөлімінің прокуроры, оның ішінде 22 жыл Жезқ. қ. мен Жезді ауд. прокуроры болып қызмет істеді. Өмірінің соңғы кезеңінде Шыңғыс ханның үзеңгілестерінің бірі, жырау, күйші би Кеті бұқа жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижелерін жергілікті баспасөзде жариялады. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Махметова Айткүл Әбушахманқызы (06.05.1962, Қарағанды обл., Жезді ауд., Жезді кенті) – 1986 ж. Алматыдағы Желтоқсан көтерілісіне қатысушы. Алматыда №28 кәсіптік-техн. училищесінде оқып, жоғары басылым басушысы мамандығын (1983) алған. «Кітап» фабрикасының №1 баспаханасында жұмыс істеген. 1986 ж. 16 желтоқсанда күндіз М. өзі тұратын жатақхана тұрғындарына Алматының Брежнев көшесіне жиналған жастардың бейбіт шеруін милиция, армия таратуға тырысып жатқанын, ісі өлімі бар екенін айтқан. Сондықтан көшеге шығуға, шабуыл астында қалған қазақ жастарын қорғауға шақырған. Өзі жатақханадан күшпен шығып кетіп, 17 желтоқсанда елең-алаңда көтерілісшілерге қосылған. Сол іс-әрекеті үшін М-ны Алматы қ. соты екі жылға бас бостандығынан айырған. Түрмеде белгіленген мерзімді толық отырып шықты. ҚР Президентінің 1991 ж. 12 желтоқсандағы Жарлығына сәйкес сот үкімі күшін жойып, М. толық ақталды. Қазір Жезқ. қ-да еңбек етеді.

Машайықұлы Мағзұмбек (1939, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Терісаққан ауылкенесі) – ҚР құрметті журналисі, ақын. 1974 ж. ҚарМУ-дің филология фак-ін, Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 1967-1968 жж. Жезді ауд. «Октябрь туы» газетінің аға әдеби қызметкері, 1968 ж. Қарағанды обл. телерадио комитетінің а.ш. бөлімінде радио хабарын ұйымдастырушы, 1972-1977 жж. Ұлытау ауд. «Ұлытау өңірі» газетінде әдеби қызметкер, редактордың орынбасары, 1977-2011 жж. редактор, 2011 ж. редактордың орынбасары. 2005 ж. БАҚ арасындағы «Мемлекеттік тілді насихаттаушы, ең таңдаулы мақала, айдар бет» тақырыбындағы обл. конкурстың бас жүлдесін алған. Бірнеше кітаптың авторы. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Мәметова Мәншүк (Мәнсия) Жиенғалиқызы (1922, Орал обл., Орда ауд. – 16.10.1943, Невель қ.) – қаһарман қазақ қызы, Кеңес Одағының Батыры (1944). Анасы еркелетіп «Мәншағым» дей бергеннен, Мәнсияның тілі келмей, өзін Мәншүк деп кеткен. ҰОС басталған кезде М. Алматы мединст-да оқып жүрді. 1942 ж. тамызда өз еркімен

қызыл әскер қатарына алынып, 21-атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысты. Аға сержант, пулеметші М. ұрыстарда өзінің мергендігімен және батылдығымен көзге түсті. Невель қ. үшін кескілескен шешуші ұрыста М. ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты. Туған жерінде оған ескерткіш орнатылған. Невель, Алматы, Орал, Жезқ., Сәтбаев, т.б. қ-да М. атында көшелер бар. Респ-ның ондаған мектептері, Қызылорда қыздар педучилищесі М. есімімен аталады.

Мәненов Мәулет Мәненұлы (1913-е.ж.б.) – II дүниежүзілік соғыс ардагері. 1949 ж. қаңтарынан Ворошилов ауд. а.ш. бөлімінің, кейін ауд. жоспарлау комиссиясының басшысы болды. 1952 ж. шілдесінде еңбекшілер депутаттары Жезқ. ауд. кеңесі атқомының төрағасы болып сайланды. 1955 ж. сәуірінен Ульянов ауаткомының төрағасы. Мемл. марапаттары бар.

Мәслихат – тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс қарамағындағы аймақтың жай-күйіне жауап беретін жергілікті өкілеттік орган. М. облыстар мен Астанада, Алматыда, обл. маңызы бар қалалар мен аудандарда сайланады. М. карауына жататын мәселелер: аймақты дамыту жоспарларын, әлеум. және экономикалық бағдарламаларын, бюджетті және оның орындалуы туралы есепті бекіту, жергілікті құрылыс мәселелерін шешу, өз құзыретіндегі мәселелер жөнінде жергілікті атқ. органдар басшыларының есептерін қарау, м-тың тұрақты комиссиялары мен жұмыс органдарын құру және олардың есептерін тыңдау, заңдарға орай азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, т.б. ҚР Парламенті мен мәслихаттарының алғашқы сайлауы 1994 ж. 7 наурызда өтті. Осы сайлауда Ұлытау ауд. мәслихатына 19 депутат сайланды.

«Мәңгілік мұра» тарихи-танымдық және ғылыми-көпшілік кітабы. Авторы – Ө. Байқоңыров ат. Жезқ. унив-нің құрметті профессоры Мәкен Төрегелдин (Қарағанды, 1998). Оның туына ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 1994 ж. 8 қыркүйекте Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайында айтқан «Қазақ елінің өндіріс атасы болып саналатын Жезді өңірінің тарихы келер ұрпақтың есінде сақталуы өте қажет» деген сөзі қамшы болған.

Кітап үш тараудан тұрады: «Тас ошақтан басталған тарих», «Тарихқа тіл бітсе», «Мәңгілік мұра». Автор бұл кітабында отандық және шетелдік ғалымдардың, мамандардың, өлкетанушылардың еңбектерін талдай келіп, ежелгі қазақ елінде тау-кен ісі, металлургияның пайда болу және қалыптасу кезеңдерін баяндайды. Оның ішінде Ұлытау-Жезқ. өңіріне айрықша мән берген. Жезқ-дағы бағзы тұрақтардың, қорғандардың, кен шығарған, мыс қорытқан жерлердің картасын жасап, ондағы нысандарға жеке тоқталған. Теректі, Байқоңыр, Тамды, т.б. жерлердегі петроглифтер, осыған байланысты тұрғындардың тіршілігі, тұрмысы, мамандануы туралы құнды пікірлер айтылған. Ресей империясы мен кеңестік дәуірде Қазақстанның жерасты қазынасын игеруге байланысты соны деректер берілген.

Мәткенов Қадер Мәткенұлы (1935-2006) – Қазақ политех. инст-ын (1957) бітірген, инженер-металлург. Қарсақбай мыс қорыту заводына (1957) келіп, еңбек жолын қатардағы жұмысшыдан бастаған. Ауысым шебері (1958-1961), металлургия цехының бастығы (1962-1972), заводтың бас инженері (1972), 1973 ж. мыс балқыту заводының, 1975 ж. Қарсақбай металлургия заводының директоры. Осы кәсіпорында 33 жыл директор болды. Қарсақбай кентінде ме-

таллургиялық өндірісті сақтап, тұрғындарды жұмыспен қамтуға, мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсартуға үлкен еңбек сіңірді. Еңбек Қызыл Ту (1966), «Құрмет белгісі» (1974) ордендерімен марапатталған. ҚазКСР енб. сің. металлургі (1978), ҚР еңб. сің. қызметкері (1998). Жезді және Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Мәткенов Мұрат Қадерұлы (21.04. 1969, Қарағанды обл., Жезді ауд., Қарсақбай кенті) – инженер-механик. Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын (1997) бітірген. Еңбек жолын 1989 ж. Қарсақбай металлургиялық заводының құю-металлургия телімінде слесарь-жөндеуші болып бастаған. Одан кейін «Қазақмыс» корпорациясының жеңіл автокөліктер кәсіпорнында көлік жүргізуші, өндіріс шебері, гараж бастығы, кәсіпорынның бас инженері, директоры. 2009 ж. Қарсақбай металлургия заводының директоры болып тағайындалған. Ұлытау ауд. мәслихатының депутаты. «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2015) марапатталған.

Мәтішев Әлиакпар Болатұлы (1962 ж.т.) Қарағанды политехн. инст-ын (1984), Қазақ мемл. басқару академиясын (2001) тәмамдаған. Инженер-механик, экономист. Ұлытаудың түлегі. Кеңес әскері қатарында қызмет еткен. 1986-1990 жж. ҚКР Мемлекеттік мұнай өнімдері комитеті Жезқазған обл. басқармасының бас энергетигі, Жезқ. қ.

комсомол комитетінің 1-хатшысы (1984-1990). Жезқ. қ-да коммерциялық құрылымдарда жұмыс істеген (1990-1998). 1998 ж-дан Астана қ. бойынша табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының орынбасары, 1999 ж-дан – ҚР Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау агентігінің Астана қаласы бойынша департаментінің директоры, 2004 ж-дан – ҚР Индустрия және сауда министрлігінің бәсекелестікті қорғау комитетінің төрағасы, 2009 ж-дан – «Бәсекелестікті қорғау және дамыту саясаты орталығы» АҚ президенті, 2012 ж-дан – Бәсекелестікті қорғау жөніндегі ҚР Агентігі төрағасының орынбасары. 2014 ж. 6 тамызда ҚР Ұлттық экономика министрлігі тұтынушылар құқығын қорғау жөніндегі комитетінің төрағасы болып тағайындалды. «Құрмет» орденімен, медальдармен марапатталған.

Медиев Қасымбек (24.03.1938, Қарағанды обл., Шет ауд., Ақсу-Аюлы а.) Қарағанды пединст-ын (1963), КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1970), Алматы халық шаруашылығы инст-ын (1977) бітірген. 1960-1964 жж. Шет, Жаңаарқа, Ақтоғай ауд., Қарағанды обл. жастарының жетекшісі болды. 1965 ж. Егіндібұлақ аупарткомының хатшысы, Қарағанды облпарткомының жауапты қызметкері. 1973 ж. жаңадан құрылған Ақадыр ауд. кеңес аткомының төрағасы, 1985 ж. Жезді аупарткомының бірінші хатшысы, 1988 ж. Жезқ. облпарткомының екінші хатшысы, 1990 ж. Жезқ. обл. кеңесі төрағасының бірінші орынбасары, облатком төрағасы болып сайланды. 1992 ж. Шет ауд. әкімі болып тағайындалды. Соңғы жылдары Қарағанды обл. мәслихатының хатшысы болып істеді.

М. XI-XII шақырылған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына, ҚКП ОК мүшелігіне (1988) сайланған. Еңбек Қызыл Ту (1976), «Құрмет белгісі» (1982) ордендерімен, 4 медальмен. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған. ҚР еңб. сің. қызметкері. Ақтоғай, Шет ауд. Құрметті азаматы.

Қор-1, тізімдеме-55, іс бірлігі-56, 4-47-66.
М. Сейтжанов

Меңдібаев Түсіпбек (1915-ө.ж.б.) – шопан, Социалистік Еңбек Ері (1948). Ұлытау ауд-ның бұрынғы Калинин ат. ұжымшарында еңбек етті. Жетіқоңыр құмындағы қой шаруашылығы бөлімшесінде ұзақ жыл қой бақты. 1947 ж. 415 саулықтан 502 қозы өсіріп, қозылардың салмағын орташа есеппен 41 кг жеткізді. Тәжірибелі, озат шопан ретінде Мәскеудегі АШЖК-не барып қайтты.

Мейрамов Ғабдолла Әшімханұлы (15.11.1918, Ақмола обл., Атбасар уезі, Терісаққан болысы – 26.01.1994, Қарағанды қ.) – тіл білімі маманы, әдіскер, пед. ғыл. докт. (1969), проф. (1970). ҚазМУ-дің филология фак-ін бітірген (1944). 1944-1954 жж. Қаскелең ауд. орта мектеп, училище директоры. 1954 ж. өмірінің соңына дейін Қарағанды универс-де аға оқытушы, доцент, проф., кафедра меңгерушісі, фак. деканы. «Орыс тіліндегі грамматикалық меңгеруді қазақ мектебінің 5-класында оқыту» деген тақырыпта канд. (1961), «Орыс тіліндегі грамматикалық меңгеруді қазақ мектебінде оқытудың жүйесі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Қазақ мектептерінде орыс тілін ана тіліне сүйеніп оқытудың жаңа әдістемелік жүйесін алғаш ұсынушылардың бірі. Негізгі ғыл. еңбектері осы мәселені зерттеуге арналған. Бірнеше монография мен оқулықтардың, 50-ден астам мақала авторы.

Мейірманов Сәтжан Тұрғанәліұлы (11.08.1978, Қарағанды обл., Жезді ауд., Жезді кенті) – саяси ғыл. докт. (2010). ЖезУ-ді (1998) бітірген. 1998-2002 жж. Жезқ. гуманит. колледжінде, 2003-2006 жж. ҚазҰУ-да оқытушы, 2006-2007 жж. ЖезУ-де кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған. 2007 ж. ЕҰУ-де оқытушы, проф. «Қазақстан Республикасының демографиялық саясаты (саясаттанулық талдау)» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. бағыты – демография, миграционология. 50-ден астам ғыл. еңбектің, 1 монографияның, 1 оқу құралының авторы және 2 монографияның телавторы. «ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры» сыйл. лауреаты (2011).

Меңей қажы Сәрімбетұлы (1822-1918) – есімі Ұлытау, Торғай аймақтарына кең тараған тұлғалардың бірі. Кішітаудың баурайындағы Боздақ мекенінде қызыл үй салдырған. Шегендетіп құдық қаздырған. Үйдің терезелерінің жоғарғы жағы доға сияқты иіліп келіп, ұлттық үлгіде айшықталған. М-ді Шегір би қадірлеген. Ауыл ішіндегі дау-дамайды М-ге тапсырып: «Сары атанның (Меңейді осылай атайды екен) алдына барыңдар», – деп ақыл беріп отырған. Алды кең, жүрегі жылы, ағайын-туысқа қамқор М. қажы қиналғандарға әрдайым көмек жасап отырған. Пітір-зекетке қолы мол болған. Мектеп ұстаған, XIX ғ. басында Сабыр Шәріпов («татар молдасы») М-дің мектебінде сабақ берген. М-дің қызыл үйінде өткен ғасырдың ортасына дейін мектеп болды, мәдени-ағарту мекемелері орналасты.

Әдеб.: Ө. Жәлегов. Аталық әулие және оның ұрпақтары. «Ұлытау» журналы, 1998 ж.
Т. Жәмекенов. Олар қаламен бірге есейді. «Ұлағат» – «Наше время» газеті, 15.12.2004 ж.

«Мерейлі отбасы – 2015» ұлттық конкурсының обл. кезеңінде **Мусин Оразалының** отбасы жеңімпаз атанды. Мусиндер Ұлытау ауд. Шеңбер а-да тұрады. Төрт ұрпақтан тұратын әулетте 10 бала, 36 немере, 20 шөбере бар. Әулеттің атасы Оразалы – 71 жаста, зейнеткер, жергілікті мешіттің имамы. Зайыбы Кулалєва Камила – зейнеткер, КСРО «Батыр ана» алтын жұлдызының (1984), ҚР «Алтын алқасының» иегері.

Мусиндер отбасы 1995 ж. «Қазыбек» шаруа қожалығын құрған. Негізгі бағы-

ты – жылқы, ірі қара мен ұсақ мал да көбейіп келеді. Тынымсыз еңбектің нәтижесінде мал шаруашылығы өнімінің көлемі, сапасы және өтім нарығын кеңейтуде жақсы көрсеткіштерге жетті. Бұл әулеттің мемлекетшіл, мейірімді, қазақи ортада ержеткен ұл-қыздары Жезқ., Сәтбаев қ-да, Ұлытау а-да берекелі еңбектің игілігін көріп жүр.

С. Мұхамбетов

Мешкейсор – Ұлытау ауд-ғы көл. Ұлытаудан шығ-қа қарай 130 км жерде орналасқан. Суы ащы, жауын-шашын суымен толығады. Қарашаның басында суы қатып, сәуір айында мұзы ериді. Жыл құстарының көптеген түрлеріне қонып, тынығуға қолайлы. Аум. – 70 км². Арнасы жазық. Айналасы – мал жайылымы.

Мешіттер Ұлытау өңірінде XIX-XX ғғ. 20-дан асты деп жобалайды зерттеушілер. Әрине, бұл соңғы цифр емес. Бүгінгі күннің өзінде есепке түспеген 6 мешіт белгілі болып отыр. Олардың

Терісаққан ауылының мешіті

басым көпшілігі жами немесе күмбезді мешіттер. Солардың бірі – Дулығалы өз. бойындағы Құлмұхаммед ишанның мешіті. Шығыстың озық сәулет өнері негізінде салынған медресесі, керуен немесе қоналқы үйі, 9 күмбезді, ишанның қызыл үйі бар. Одан сәл ертерек салынған Райдың күмбезді мешітінің жұрнақтары сәнді де сәулетті болғанын көрсетіп тұр. Сарысу бойындағы Айтболаттың Ақшиі деген жерде салынған Ахметжан мешіті сәулет өнерінің әдемі өрнегімен безендірілген күмбезді сарай деуге болады. Сарыкеңгір өз. жағасындағы Қонысбайдың, Қаражардың түбіндегі Аққошқар Құрманқұлының мешіттері, Жезқ. қ-нан қашық емес Саламат ағайындардың, Сарлықтағы Достәуір қожаның мешіттері медреселермен қоса салынған. Аманкелді ауылд. округіндегі Қорғантас а-да Ахмет ишан Оразайұлының медресесі қалпына келтірілді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Ұлытау ауд. барлық округтерінде мешіт ашылды. Оның ішінде иманды азаматтардың демеушілігімен Ұлытау а-да, Қарсақбай, Құлжанбай, Терісаққанда жаңа мешіттер салынды.

Ұлытау а-ғы сәулетті, күмбезді, мұнаралы мешітті салуға кәсіпкерлер Сейсенбаев Марғұлан, Әлиакбаров Дүйсенбай демеушілік жасады. Мешіт 2006 ж. тамызда есігін айқара ашып, жамағатын қуантты. Ауд. мешіттің бас имамы – Серікбай Орынбайтегі.

Мойынқұм – Бетпақдаланың оңт-дегі құмды өңір. Сарысу өз. сол жағалауында, абс. биікт. – 200-260 м. Батыстан шығ-қа қарай 100 км-ге созылып жатыр, ені 25 км-ге жетеді. Ауд. – 1670 км². Солт.-шығыс бөлігіндегі төбешікті қырқа құмдардың биікт. – 5-10 м, кей жерлерінде – 15-20 м. Еркекшөп, жүзгін, қоянсүйек, құмсағыз, қаңбақ, құмаршық өседі. Тұщы жер асты сулары құм алабының шет жағында 1-2 м тереңдікте кездеседі. М. атам заманнан Ұлытауды мекендеген шаруалардың қысқы мал жайылымы болған.

Мойынты – Шу темір жолының құрылысына бүкіл қазақстандықтар сияқты Ұлытау ауд. тұрғындары өз үлестерін қосты. 1947 ж. ауданнан құрылысқа 50 колхозшы жіберілді. Сонымен қатар, 5 ат, 10 арба жеткізілді. Ұлытаулықтар өз мамандықтарын шапшаң игеріп алды. Аса ірі М. – Ш.т.ж. іске қосылғанда КСРО Қатынас жолдары министрлігі Жол құрылысы басқармасы бастығының бұйрығымен 5 кісіге «Құрылыс озаты» төсбелгісі тапсырылды. Олардың арасында Аманкелді ат. ұжымшардан Байсалбек Омаров, Сталин ат. ұжымшардан Шерхан Көпеев, «Қызылшың»

ұжымшарынан Шоштанбек Дәуленбаев бар. Ұлытау прораб участогы бастығының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Бақтыкелді Бекмағанбетов ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

Молақов Түсіпбек Жалмағанбетұлы (1901, Торғай уезі, Қайдауыл болысы, №10 а. – 22.12.1995, Сәтбаев қ.) ата-анасынан ерте айырылып, жоқшылықтың ащы дәмін татқан. 1925 ж. Байқоңыр көмір ошағында жұмыскер болып еңбекке араласады. Қысқа мерзімді курсты тәмамдағаннан соң ауысым бастығы, десятник, №5 шахта парткомының хатшысы, №18 шахтаның бастығы, Байқоңыр көмір ошағының директоры болған. ҰОС-на қатысқан майдангер. Ұрыс даласынан II топтағы мүгедек болып оралады. 1945-1953 жж. Жезқ. ауд. а.ш. кәсіпорындарында басшылық қызметте болады. «Қазмысқұрылыс» тресі кәсіподақ комитетінің төрағасы (1954) болып сайланған, 1955-1978 жж. «Покро» шахтасы бастығының орынбасары. М. Бөпежанов, Д. Ешпанов, Ә. Әміралин, С. Асатов, Қ. Шәкіров сынды абзал азаматтар асыл аға деп бағалаған, ақылын тыңдап аралас-құралас болған. Інісіндей болған ақын К. Салықов жырға қосқан.

М-тың ұрпағы әке жолын қуып, Жезқ. шахталарында жұмысын жалғастырып жүр, шаруа қожалықтарына жетекшілік етеді. Майдан даласындағы жанқиярлық ерлігі үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», т.б. медальдармен марапатталған.

Молақов Абзалбек Түсіпбекұлы (05.11.1956, Қарағанды обл., Жезқ. кенті) Қарағанды политех. инст-ын автомобильдер және автокөлік шаруашылығы мамандығы бойынша (1979) бітірген. Еңбек жолын автомобиль жөндеушіден бастап, Жарық кентінде, Жезқ-да ірі автокөлік кәсіпорындарының директоры болып абыройлы еңбек еткен. Жезқ. обл. партия комитетінің өнеркәсіп және транспорт бөлімі меңгерушісінің орынбасары болады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері кәсіпкер. 2004 ж. бұрынғы «Жетіқоңыр» кеңшарының жерінде қазақтың асыл тұқымды ақбас сиырын өсіретін шаруашылық ұйымдастырды. Бұл Ұлытау өңірінде ірі қара тұқымын асылдандыруға мүмкіндік туғызып отыр, сонымен қатар, ет-сүт өндірісін ұлғайтуда. Жезқ. қ-ғы мал союын және мүшелейтін заманауи нысанның да жұмысына тұрғындар риза. Бірқатар мемл. марапаттары бар.

Молдағұлова Әлия Нұрмұхамбетқызы (15.06.1925, Ақтөбе обл., Қобда ауд., Бұлақ а. – 14.01.1944, РФ, Псков обл., Казачиха с.) – Кеңес Одағының Батыры (1944), мерген, ефрейтор. Бала кезінде анасынан айырылып, 1935 ж. бастап Ленинград қ. Красногвардейский ауд. Гурдин көшесіндегі №46 балалар үйінде тәрбиеленген. 1943 ж. мергендер дайындайтын орт. әйелдер мектебін аяқтайды. 1943 ж. бастап 54-ші арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының мергені болған (2-Балтық жағалауы майданы). 30-дан аса жау сарбазы мен офицерінің көзін жойған. 1944 ж.

14 қаңтарда Псков обл. солт-дегі Новосокольники теміржол ст. маңайында фашистердің тірек пунктін алу кезінде асқан ерлік көрсетіп, батальонның шабуылға шығуына жағдай туғызды. Осы шайқаста ауыр жараланып, қаза тапты. 1944 ж. 4 маусымда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды. Новосокольники ауд. Монакова с-да жерленген.

Момышұлы Бауыржан (24.12. 1910, Жамбыл обл., Жуалы ауд., Мыңбұлақ а. – 10.06.1982. Алматы қ.) – жазушы, II дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы. 1936 ж. жаңадан құрылып жатқан бөлімге взвод басқаруға шақырылады, рота командирі, полк штабы бастығының көмекшісі болады. 1941 ж. Қазақ ӘК нұсқаушысы қызметін атқарады. ҰОС-на 1941 ж. қыркүйегінен бастап қатысты. 316-атқыштар дивизиясының жасақталуына белсене атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанады. 1941-1945 жж. Панфилов ат 8-гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі, соғыстың соңғы жылдары аталған дивизияның командирі болады.

1941 ж. 16-18 қарашада Вермахтың Мәскеуге екінші дүркін шабуылы кезінде М. басқарған батальон өз дивизиясынан қашықта, Матронино с. маңындағы Волоколам тасжолында ерлікпен соғысты. 1944 ж. денсаулығына байланысты Алматы госпиталіне жіберіледі. 1945 ж. 16 қаңтарында Алматыға келген оны ғалымдар соғыс туралы әңгіме-лекция өткізуге шақыртып, кездесу ұйымдастырады. 1982 ж. 10 маусымда 71 жасқа қараған шағында дүние салды. Кеңсай зиратына жерленген.

М-ның «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан», «Майдандағы кездесулер», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Куба әсерлері», «Адам қайраты», «Ел басына күн туса», «Психология войны» атты шығармалары жарық көрген. 1942 ж. 6 маусымда Қызыл Ту орденімен, 1944 ж. 6 маусымда «Мәскеуді қорғағаны үшін» медалімен, 1945 ж. шілдеде I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, 2 мәрте Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталды. КСРО Президентінің 1990 ж. 11 желтоқсандағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

М. Сейтжанов

Мусина Ләззат Мұсақызы (12.09. 1959, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Қорғасын а.) – Жезқ. пединститутын (1980) бітірген, математика пәнінің мұғалімі. Алғабас, Терісаққан орта мектептерінде ұстаздық етті. 1983-1993 жж. Шеңбер ауылд. кеңесінің төрағасы. 1993 ж-дан №2 Қорғасын орта мектебінің директоры. Мектептің пед. ұжымы балаларды оқыту процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізіп, олардың заманауи білім, сапалы тәрбие алуына қол жеткізіп жүр. М. Қазақстан іскер әйелдер бірлестігі шығарған «Арқа аруы» жинағына енген.

Мұзбел – Ұлытау жүйесінің оңт.-шығыс бөлігіндегі тау. Борсеңгір а-ның оңт-де 12 км жерде. Солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай Маңдайқақ және Сарысу өз. аңғарлары арасында 15 км-ге созылып жатыр, ені – 4 км, абс. биікт. – 410 м. Беткейлері жайдақтау тегіс келген ұсақ шоқылы жотадан тұрады. Девон жүйесінің төм. бөлігі жыныстарынан түзілген. Сортаңдау қоңыр топырақ жамылғысында жусан, бетеге, көкпек, бұйырғын, бұталар өседі. Мал жайылымына пайдаланылады.

Мұқанов Сабит (1900-1973) – жазушы, қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушылардың бірі, әдебиет зерттеуші-ғалым, қоғам қайраткері, ҚазКСР ҒА акад. (1954), ҚазПИ-дің профессоры. Азамат соғысына, Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату мен нығайтуға қатысушы. Мәскеу қызыл профессура инст-ын бітірген (1935). 1935-1951 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, 1936-1937, 1943-1951 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы.

Алғашқы өлеңі – «Көңілім» 1917 ж. жазылды. «Адасқандар» (1931; 1959 ж-дан «Мөлдір махаббат»), «Жұмбақ жалау» (1933; 2-басылуында «Ботагөз»), «Теміртас» (1935) романдары жарық көрді. «Балуан Шолақ» (1945) повесінде қазақ композиторы, атақты палуан, әнші Балуан Шолақтың образы сомдалса, «Сырдария» (1948) романында ҰОС жж. тыл еңбеккерлерінің жанқиярлық ісі шынайы көркемдікпен баяндалады. «Өмір мектебі» (1949-1964) автобиогр. трилогиясы Абай ат. ҚазКСР Мемл. сыйл. ие болды (1967). Қазақ халқының ағартушы-ғалымы, ойшыл-демократы Ш. Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын бейнелетін «Аққан жұлдыз» атты романының 2 кітабы (1967, 1970) басылды. Поэзия саласында «Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы» (1926), «Октябрьдің өткелдері» (1927), «Сұлушаш» (1928), «Ақ аю» (1935), т.б. поэмалары; очерк-публицистикадан «Саяхаттар» (1954), «Туған жердің тыңында» (1955), «Тыңда туған байлық» (1957), «Алыптың адымдары» (1959) кітаптары жарық көрді. Драматургиядан «Алтын астық» (1939), «Шоқан Уәлиханов», «Күрес күндерінде» (1938), «Сәкен Сейфуллин» (1967) драмаларын; әдеби зерттеулерден «Жарқын жұлдыздар», «Халық мұрасы» (1974) кітаптарын жазды. ҚКП ОК мүшесі (1956-1966), II, VIII сайл. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КСРО Жазушылар одағы басқармасының, Бейбітшілікті қорғау жөніндегі кеңестік комитеттің мүшесі. 3 мәрте Ленин орденімен, 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

М. бірнеше рет Қарағандыда болып, шахтерлермен, машина жасаушылармен кездесулер өткізді. 30-жж. шахтерлер өмірінен «Көмір – коммунизмге» поэмасын жазды, Қарағанды обл. газетінде «5000» поэмасы жарияланды. 1964 ж. М. Кеншілер сарайында С. Сейфуллиннің туғанына 70 жыл толуына арналған баяндама жасады.

1929 ж. жазда М. Қарсақбай ауд-да болды. Жаңадан іске қосылған мыс заводымен, Жезқ. кенішімен, Байқоңыр көмір ошағымен танысты. Ел аралады. Құрметті қонақтың жанында Т. Қалмағанбетов, И. Жылқайдаров болды. Осы сапардан алған жылы әсерлерін, көрген-білгенін көптомдық «Өмір мектебі» өмірбаяндық кітабының 3-томында («Жазушы» баспасы, Алматы, 1959, 281-353-бб.) «Қарсақбайға сапар» деген тақырыппен жариялады. Одан кейін де бұл өңірге қызығушылығы басылмаған. Оған дәлел – 70-жж. жергілікті өлкетанушы С. Бүкіровке хат жазып, аймақтың төңкерістен бұрынғы рухани-мәдени тірлігі, оның ішінде қажылар туралы деректер сұраған.

Мұқанов Өмірбек (1930, ОҚО, Қарсақбай ауд., Ұлытау ауылкеңесі) – ҚазКСР еңб. сің. дәрігері, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, мед. ғыл. канд., хирург. Қазақ мемл. мед. инст-ын (1954) үздік бітірген. Жезқ. ауд. ауруханасының бас дәрігері әрі бас хирургі болып тағайындалған. 1960 ж. Жезқ. қ. хирург-травматологы, №1 қ. ау-

рухана бас дәрігерінің орынбасары (1969-1970). Сол ауруханада травматология бөлімшесін, жедел жәрдем стсын және өзі директор болған медучилищені (1961) ашудың бастамашысы әрі ұйымдастырушысы. Сырқаттарға 10 мыңнан астам ота жасаған. 20-ға жуық кітаптың авторы. 4000 мақал-мәтел кірген жинақтың (2011), «Қазақтың салт-дәстүрпері» (1998), «Ұлытаудың ұландары» (2005), т.б. кітаптардың авторы. Мемл. марапаттары бар. Жезқ қ-ның Құрметті азаматы.

Мұқанұлы Тоңболат (1948, Қарағанды обл., Жезқ ауд., Киров ауылкеңесі) – құрылысшы. Ұлытау өңірінің мал

жайылымдарын суландыруға, Қарсақбай мыс заводын жаңғыртуға үлес қосқан. М. аймақ тарихына қатысты деректерді, белгілі тұлғалардың өмір тарихы мен мұраларын жинаушы ретінде де танымал. Ел ішіндегі аңыз-әңгімелер, тарихи оқиғалар және тұлғаларға байланысты еңбектері баспасөзде, ғыл. жинақтарда жарияланған. Халық ақыны Қожабай Тоқсанбайұлы, Би Ыдаш Құдабайқызы, Мұқан Балтекейұлы, Болман ақын жөніндегі мақалалары ғыл.-журтшылық тарапынан лайықты бағаланды. Олар «Ұлытау ақындары» (Қарағанды), «Бізге де сейлер кез келер» (Астана), «Парыз» (Жезқ.), «Жұртшы атаның құрағаттары» (Қызылорда) жинақтарына енгізілген.

Мұқышев Баттал Мұқышұлы (27.11.1951, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., 1 Май ауылкеңесі, Жансейіт а. – 28.11.2012, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) – Алматыдағы Қазақ зоотех.-малдәрігерлік инст-ын бітірген мал дәрігері. Жезқ. обл. малдәрігерлік зертханасының бөлім бастығы, обл. малдәрігерлік-санитарлық отряд бастығы, а.ш. кәсіпорындарында бас мал дәрігері, бас экономист, шаруалар қауымдастығының төрағасы. 1994-2006 жж. аралығында Ақадыр ауд.-ң, Сәтбаев қ.-ның, Ұлытау ауд.-ның әкімі. Екі медальмен марапатталған.

Мұратбаев Мөрлібек Жұмабекұлы (1952, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Жетіқоңыр а. – 2008, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы,

ҚР Мәдениет қайраткері. Еңбек жолын 1969 ж. Сарысу орта мектебін де мұғалімдіктен бастады. 1982 ж. Е. Букетов ат. ҚарМУ-ді тәмамдағаннан кейін орта мектеп директоры, Ұлытау ауд. білім беру бөлімінің меңгерушісі, ауд. партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі. 1988-1995 жж. Жезқ. обл. музыкалы-драма театрының, Т. Қалмағанбетов ат. обл. мемл. филармонияның директоры, Жезқ. обл. мәдениет басқармасының бастығы. 1996 ж. Жезқ. обл. әкімінің орынбасары болып тағайындалды. Жезқ. обл. таратылған соң Қарағанды обл. әкімінің кеңесшісі. 1997 ж. желтоқсанда «Полиграфия» АҚ директоры, кейін Жезқ. қ. әкімінің орынбасары. «Мезгіл пернелері» эсселер жинағының авторы.

Мұсабаев Әуезхан (1924, Қостанай обл., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Досан а. – 2001, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы. Әкесінен ерте жетім қалған. Жастайынан еңбекке араласып, Байқоңыр көмір кенішінің шахталарында жұмысшы болды. 1942-1950 жж. Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. Соғыста батальон, рота комсомол комтеттерінің хатшысы болды Кейін Белоруссия мен Батыс Украинаның ор-

ман-тоғайларында қаскүнемдік әрекет жасап жүрген бандаларға қарсы күреске қатысты.

Елге оралғаннан кейін Жезқ. ауд. комсомол комитетінің бірінші хатшысы, «Сарысу» кеңшары партком ының хатшысы. 1959-1963 жж. Алматы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы. 1963-1973 жж. Жезді ауд. «Қарсақбай» кеңшары парткомының хатшысы, Қарсақбай мыс қорыту заводы директорының орынбасары, завод кәсіподақ комитетінің төрағасы. 1973 ж. Жезқ. обл. құрылғанда а.ш. және дайындау қызметкерлері кәсіподағы обл. комитетінің төрағасы, 1982 ж. обл. тұтынушылар қоғамы төрағасының орынбасары, 1995-2001 жж. қалалық соғыс, еңбек және Қарулы Күштер ардагерлері кеңесінің төрағасы. КСРО-ның және ҚР-ның он төрт медалімен марапатталған. Жезқ. қ-да тұрған үйінің қабырғасына ескерткіш тақта орнатылған.

Мұхамеджанова Рахила Сәлімқызы (1920-ө.ж.б.) Жезқазған-Ұлытау өңірінде банк жүйесінде 35 жылдай үздіксіз еңбек еткен. Қарсақбай кентінде банк басқарушысы, 1973-1976 жж. КСРО Банк кеңсесі Жезқ. қалалық бөлімшесінің бастығы. ҚазКСР еңб. сің. экономисі (1967), «Мембанк үздігі» белгісімен, бірнеше медальмен марапатталған. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Мұхаммед Хайдар Құсайынұлы Дулат (1498-1551) – тарихшы, әдебиетші, қолбасшы. Дулат тайпасы әмірлерінің ұрпағы. Әкесі өлгеннен кейін М. біраз уақыт Бабырдың қолында тұрады. Содан кейін Бабырдың рұқсатымен Сұлтан Саид ханға келіп, оның Қашқардағы сарайында тұрып, сарай қызметін басқарады. Саид ханның Әбубәкірге қарсы соғыстарына қатысады. Саид өлгеннен кейін таққа отырған Рашид дулат тайпасының басшыларынан қауіптеніп, оларды қуғындай бастайды. Басына қауіп бұлты үйіріліп келе жатқанын сезген М. Үндістанға қашады. Ол мұнда ұлы Моғолдар сарайында әскербасы болып, өзінің атақты «Тарихи Рашиди» еңбегін жазуға кіріседі. «Тарихи Рашиди» атты еңбекте Қазақ хандығының қалыптасуы туралы, мұнан кейінгі Жетісу мен Шығыс Дешті Қыпшақта болған оқиғалар, Моғолстанның құлауы, феодалдық соғыстар, қазақтар, қырғыздар және өзбектердің сыртқы жауға қарсы күресте өзара одақтасуы туралы көптеген мәліметтер кездеседі. Сонымен бірге, XV-XVI ғғ. Оңт. және Шығ. Қазақстанның әлеум.-экономикалық жағдайы, ортағасырлық Қазақстандағы Жетісудың тарихи жағрапиясы, қалалық және егіншілік мәдениеті туралы құнды мәліметтер бар. Қазақ хандығының өткен тарихын жақсы білген. Орта ғасырдағы қазақтарға, әсіресе дулат тайпасының тарихына қатысты өте құнды материалдар берген.

М. Сейтжанов

Мүк – Ұлытаудың орманды жерлерінде өсетін Bryophyta споралы өсімдіктер класының бір бөлімі. М. тәріздiлер бөлімі түрлерінің саны жағынан гүлді өсімдіктерден кейінгі екінші орында. Дүние жүзі бойынша олардың 22000-нан 27000-ға дейін түрлері кездеседі. Әсіресе, ылғалы мол жерлерде қалың өседі.

М. тәріздiлер – аласа болып келетін көпжылдық, сирек жағдайда біржылдық өсімдіктер. Биікт. 1 мм-ден 70 см-ге дейін жетеді. Басым көпшілігінің сабағы мен жапырағы болады. Барлық м-те тамыр болмайды. Тамырдың қызметін ризоидтары атқарады. Ризоид – бір немесе бірнеше клеткалардан тұратын жіңішке жіп тәрізді эпидермистің өсіндісі. Ризоид арқылы өсімдік топырақтан суды және онда еріген минералды заттарды бойына сіңіреді. М. сабағының сыртын бір қатар клеткалардан тұратын қабықша жауып тұрады. Қабықшаның астында клеткалары хлоропластарға толы, жақсы жетілген фотосинтездеуші ұлпа орналасады. Өткізгіш, тірек, қор жинаушы

және жабын ұлпалары нашар жетілген. Су мен минералды заттардың сабақ бойымен тасымалдануы өткізгіш ұлпалардың қатысуымен жүзеге асады. М-тің аса кең тараған түрі: жасыл мүк, көкек зығыры мен шымтезек мүгі.

Мүсірепов Ғабит Махмұтұлы (1902, СҚО, Жамбыл ауд. – 1985, Алматы қ.) – қазақтың әйгілі жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері, ҚазКСР ҒА акад., әдеби сыншы, аудармашы, Социалистік Еңбек Ері, Қазақстанның халық жазушысы. 1923-1926 жж. Орынбор қ-ғы жұмысшы фак-не оқуға түсіп, оны бітірісімен Омбыдағы а.ш. инст-да оқыған. 1927-1928 жж. Бурабай орман шаруашылығы техникумында оқытушы. 1928-1933 жж. Қазақ мемл. баспасының бас редакторы, 1934-1938 жж. «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінің редакторы, 1938-1955 жж. бірыңғай шығармашылық жұмыспен айналысқан. 1956-1957 жж. «Ара» – «Шмель» журналының бас редакторы, 1957-1985 жж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы. Бірнеше мәрте ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің, бір рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған. Үш мәрте Ленин орденімен, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен, Октябрь революциясы орденімен және көптеген медальдармен марапатталған. 2002 ж. елімізде 100 жылдық мерейтойы кең көлемде салтанатпен аталып өтті.

М. Ұлытау өңірінде, Жезқ. кенішінде бірнеше рет болған. Жезқ-ның тарихы, адамдары жайлы очерктер жазған. «Жаңа әдебиет» журналында 1929 ж. жарияланған «Өмір ертегісі» повесінің кейіпкері Жанысбай – шын мәнісінде 1916 ж. Қаражарда патшаның жазалаушы әскерімен шайқаста қайтыс болған Мәмбетбайдың ұлы Рысбай. Ол Қарсақбай заводының құрылысында еңбек еткен. Повестің негізгі мазмұнына оның айтқан әңгімелері арқау болған (Ғ. Мүсірепов. «Тұтқын қыз», Алматы. «Балауса», 1993).

Мыйбұлақ (Милыбұлақ) ауылдық округі – Ұлытау ауд-ғы әкімшілік бірлік. 1982 ж. желтоқсан айында Жезді ауд. «Жетіқоңыр» кеңшары негізінде құрылған. Құрамына Мыйбұлақ, Аққеңсе, Апақай, Баймырза, Қарақойын, Тезекбай а-ры кіреді. Жалпы ауд. – 204860 га, оның ішінде шабындық – 1185 га, мал жайылымы – 198326 га. 103 жеке кәсіпкер мен шаруа қожалықтарында 243 адам еңбек етеді. Орт-ғы – Мыйбұлақ а. Ауд. орт-нан 270 км жерде орналасқан. Халқы – 0,843 мың адам (2015). Шаруашылығы мал өсіру саласына негізделген.

Мыйлықұдық (Елуқұдық) – энеолит кезеңіндегі мыс қорыту зауыты. М. тұрағы – қола дәуірінен орта ғасырларға дейін пайдаланылған мыс кенін өндіру және қайта өңдеудегі негізгі орын. Жезқ. кенішінен оңт-ке қарай 1 км жерде орналасқан. Батыстан шығ-қа қарай – 800 м, солт-тен оңт-ке қарай 600 м жерді алып жатыр, жалпы аум. – 10 га. 1939 ж. акад. Қ. Сәтбаев ежелгі өндірілген кеннің көлемін анықтау үшін зерттеулер жүргізген. Кейін Н.В. Валукинский зерттеген.

М. тұрағы төм., орта және жоғ. қабаттардан тұрады, олар қола дәуірін, ерте және кейінгі орта ғасырларды қамтиды. Жартылай жеркепелердің орындары сақталған. Кіретін есіктері солт.-шығысқа қарайды. Ірі жеркепелер саны – 1 және 2 (8х9; 8х7 м), ең кішілерінің саны – 3 (5х6м). Жеркепелер тереңд. – 0,8-ден 1,2 м дейін.

М. тұрағының төм. қабаты андронов мәдениетінің Беғазы-Дәндібай дәуіріне жатады. Әр үйде тас ошақтар орын тепкен. Кенді ұнтақтаудың ежелгі әдістері қолданылған. Тұрақтан қола дәуірінің 15 мыс балқыту пеші табылды. Қола дәуір пештері дөңгелек пішіндес, диам. –

3-4 м, тереңд. 1-2 м дейін. Қазба жұмыстары кезінде салм. 10 кг болатын тас кайлалар табылған. Н.В. Валукинский 30-дан аса сына тәрізді тас қайла тапқан. Сол сияқты, кенді өндіруге арнапған қайла, балға, сына, қол балта, т.б. құралдар көптеп кездеседі.

Мық алтын кені – Ұлытаудан солт-ке қарай Бозай және Қайыңды өз-нен 2 км жерде. Кенде көне заманда жасалған өндіріс іздері бар. Үш телімнен құралатын ұз. 2,9-96 м 20 алтын кварц арқауы белгіленген. 1934 ж. бастап геол. барлау жұмыстары жүргізіліп, кеннің кел. 7х4 км болып анықталды. Бірінші телімге қарағанда екінші, үшінші телімдерінің алтынға бай екені мәлімделген. Кен шлихын алтын, мыс көкшілі, пирит, лимонит, халькопирит құрайды.

Әдеб.: К.И. Сатпаев. Избранные труды. Т.2. А-А. 1968 г. *М. Сейтжанов*

Мыңбасы, мыңқол, мыңбегі – ертедегі түрік-моңғол әскерлерінің бір мың жауынгерлік бөлімінің қолбасшысы. М-на түрікше – бек, моңғолша – ноян, арабша – әмір лауазымдары беріліп, әскери биліктен бірге уәлаяттар мен үлестерге әкімшілік билікке тағайындалған. Мыңдық әскер қолын бір немесе одан да көп туыстас рулардың сарбаздары құраған. Әскери тәртіп қатаң жазалау тәжірибесімен нығайтылған. Мысалы, Шыңғыс хан «Жасағында» әскерге қатысты айтылған баптар бойынша, шайқас кезінде бір адам қашатын болса – онын, оны қашқанда – жүзін, ал жүзі қашса – түгел мыңқолды жазалау тәртібі орнатылған. Он мыңқол бір түменді, яғни 10000 жауынгерді құраған.

Мыңбұлақ – Мойынқұм алқабының шығ-да орналасқан қоныс. Ұлытау ауд. оңт-дегі Нарелген а-нан оңт-ке қарай 60 км жерде. Аум. – 170 км^2. Солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 20 км-ге созылған. Теңіз деңгейінен 75 км биіктікте жатыр. Түгелімен сор басқан қоныста сорқаңбақ, сарсазан, т.б. сораң шөптесіндер өседі. Оңт-де сиоек бұта шоғырлары кездеседі.

Мыңбұлақ ойысы – Арал Қарақұмының шығ-дағы қазаншұңқыр. Қызылорда обл-ның Жалағаш және Қарағанды обл-ның Ұлытау ауд-ры аумағында, теңіз деңгейінен 50-80 м биіктікте орналасқан. Солт-тен оңт-ке қарай 70-80 км-ге созылған, енді жері – 35-40 км. М.о-ын биікт. 70-150 м болатын сайлы-жыралы келген алаша үстірт қоршаған. Оңт.-батысы Мойынқұм құм алқабымен шектеседі. Қазаншұңқыр табанында суы кермек татитын 170-тен астам бұлақ бар. Сұр, сортаңды топырағында қамыс, құрақ, қара жусан, баялыш, бұйырғын өседі.

Мыңбұлақ артезиан алабы – Қарағанды, Қызылорда обл-ры өңіріндегі, Ұлытаудан Сырдарияның оң жағасына дейін созылған арынды және арынсыз жер асты су алабы. Бірнеше артезиан алаптарының шектескен жерінде орналасқан. Негізгі артезиан сулы қабаты жоғ. бор дәуірінің құмды шөгінділерінде 50-106 м-ден 350-500 м-ге дейінгі тереңдікте қалыптасқан. Судың минералд. 0,6-1,1 г/л аралығында, құрамы гидрокарбонатты-сульфатты-хлорлы натрийлі. Сулы қабаттамалардың жалпы қалыңд. 35 м-ден 153 м-ге дейін өзгереді (орташа 96-118 м). Бұл қабаттамалардағы судың арын күші 15-20 м-ден 542 м-ге дейін. Сулы қабаттарға жеткізіле қазылған әр ұңғымадан деңгейі жер бетіне жақындап көтерілетін (60 м-ге дейін) немесе жер бетінен 42 м биіктікке дейін көтеріліп, шапшып ағатын су алынады. Жер бетіне жақын жатқан (0,5-13 м тереңдікте) неоген-антропогендік көшпенді құмдармен байланысты грунт суы қабаттаманың орташа қалыңд. – 7 м. Артезиан алабындағы жер асты суларының болжамдық пайдалану қоры – 70 м^3/с (артезиан сулары) және 3,9 м^3/с (грунт сулары). Барланып бекітілген тәулік пайдалану қоры – 250 мың м^3. М.а.а. суын негізінен егістіктерді суаруға, мал жайылымдарын суландыруға және ауыз су ретінде пайдалануға болады.

Мыңжапырақ (лат. Achillea) – Ұлытауда тау сілемінде өсетін, күрделігүлділер тұқымдасына жататын көпжыл-

дық өсімдік. Биікт. 60 см дейін жетеді. Сабақтары түзу, бұтақтары аз. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, жіңішке бөліктерге бөлініп тілімделген. Тамыр жапырақтарының сағақтары ұзын, сабақ жапырақтары отырмалы. Сабақтары мен жапырақтарын түк басқан. Гүлдері майда, сабақтың жоғ. жағында күрделі гүл тостағаншасын жасап шоғырланып тұрады. Гүл тостағаншасының шеткі гүлдері ак түсті, ортадағылары түтікше тәрізді, ак немесе сары түсті. Маусым айынан қыркүйек айына дейін гүлдейді. Қазақстанның барлық жазық жерлеріндегі шалғындарда, ашық ормандарда, жол жиегінде, сондай-ақ, егістік алқаптарда арамшөп ретінде өсетін 11 түрі бар. Соның ішінде жиі кездесетіні – кәдімгі м. Оның биікт. – 5-20, кейде 60 см-дей болады. Сабағы тік, жапырақтары қауырсын тәрізді, жиегі тілімденген, жатаған тамырлы. Ақ, қызғылт түсті гүлдері себет гүлшоғырына топталған. Маусым-тамыз айларында гүлдеп, жеміс салады. Кәдімгі м. – дәрілік өсімдік.

Мыңқаев Мінәжат Ибаділдаұлы (01.09.1938, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Аралтөбе ауылкеңесі – 28.07.2008, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Борсеңгір а.)

Қарағанды пединст-ын орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1960 ж. мұғалімдіктен бастаған. 1964-1979 жж. №8 Борсеңгір орта мектебінің директоры. Оның бастамасымен 1978 ж. қалалық үлгідегі қос қабатты 350 оқушыға арналған мектеп, 150 орындық интернат үйі пайдалануға берілді. М. мектепте оқу процесін жетілдіруде, оқушылардың белсенді көзқарасын қалыптастыруда, сапалы білім беруде бастамашыл болды, жаңашылдыққа ұмтылды, нәтижелі қызметімен көзге түсті. Мемл. және қоғамдық марапаттары бар. Қазақстан Үкіметінің 2015 ж. 16 шілдедегі №61 қаулысымен М. есімі Ұлытау ауд. №10 жалпы орта білім беретін мектепке берілді. М-тың қаламынан «Сырымды менің кім білген» жыр жинағы туған (2004).

Мыржабаев Оразалы Жұмабекұлы (1919, Орынбор обл., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Байқоңыр өз. бойындағы Керегетас қонысы – 1989)

Байқоңыр кентінде орталау білім алған. Мұнан кейін сауатты, көзі ашық жас баланы көмір кенішінің басшылығы шахтаға есепші етіп алады. Қарсақбай ауд. ішкі істер бөлімінің басшылығы 1942 ж. 28 шілдесінде Байқоңыр кенті бойынша тәртіп сақшысы етіп жұмысқа қабылдайды. Қарағандыдағы орта милиция мектебін бітірген соң Қарсақбай ауд. милиция бөлімінің, 1950-1973 жж. Ұлытау, Жезді ауд. ішкі істер бөлімдерінің бастығы. Мемл. марапаттары бар.

Мырзабеков Батырбек Тыныштықбайұлы (1948, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) – ақын. 1972 ж. ҚазМУ-дің журналистика фак-ін тәмамдаған.

ҚР Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағының С. Асқаров ат. сыйл. лауреаты.

Еңбек жолын 1967 ж. Ұлытау селолық клубының директорлығынан бастаған. Жезді ауд. «Октябрь туы» газетінде бөлім меңгерушісі, Ұлытау ауаткомында жауапты

қызметкер, Жезқ. обл. «Жезқазған туы» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, «Сарыарқа» газетінде редактордың орынбасары, 1999-2004 жж. тәуелсіз «Наз», «Дауа» газеттерінің бас редакторы болды. Қазақстан Жазушылар одағы Жезқ. аймақтық бөлімшесінің төрағасы (2013). «Тасбұлақ», «Ұлытаудың ұлымын», «Ұлытау – ұлттың ұясы», т.б. оннан астам өлең, тарихи-танымдық, публицистикалық кітаптардың авторы. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Мырзамсейіт – Ұлытау тауларының солт.-батысындағы тау. Ұлытау ауд-ның шығ-да орналасқан. Абс. биікт. – 552 м, ұз. – 3,5 км, ені – 2 км шамасында. Батыс беткейі тіктеу, басқа беткейлері көлбеу келген. Қиыршықтасты бозғылт қоңыр топырағында боз, қау, бетеге, жусан, теріскен, ебелек, т.б. шөптесіндер өскен. Кенембай бөгені жатқан онт.-шығысында қорымтас үйінділері кездеседі. Оңт. беткейімен Сарлық – Ұлытау автожолы өтеді. Сай-жыраларымен тілімденген батыс беткейінен жазда құрғап қалатын шағын өз-дер бастау алады.

Мырзатов Қасым (1909, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Аралкөң қыстағы – 06.08.1969, Қарағанды обл., Жезді ауд., Қарсақбай кенті) 1923 ж. Қарсақбай заводына хат тасушы-шабарман болып жұмысқа алынған. Қарсақбай темір жолына ауысып, кондуктор, кочегар, машинист көмекшісі, паровоз машинисі болып жұмыс істейді. 1937-1939 жж. Қарағанды обл. комсомол комитетінің жұмысшы жастар, комсомол ұйымдары бөлімдерінің меңгерушісі, обл. комсомол комитетінің хатшысы. Өз өтінішімен Қарсақбай темір жолына оралып, паровоз машинисі болып істейді. 1941-1945 жж. ҰОС-на қатысқан. 1946 ж. Қарсақбай темір жолының басшысы, 1957 ж. өмірінің соңына дейін Қарсақбай мыс заводы директорының орынбасары. Жауынгерлік Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі «Отан соғысы», Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Мырзатов Салабек Даярұлы (1930-1997) – журналист, ҚР Журналистер одағының мүшесі (1960). Жезқ. ауд. прокуратурасында хатшы, комсомол қызметкері, «Қызыл кенші», «Советтік Қарағанды», «Строитель Большого Джезказгана», Ұлытау ауд. «Сталин туы», Жезді ауд. «Октябрь туы» газеттерінің қызметкері (1945-1970). Жезқ. телестудиясында, обл. телерадио хабарлары комитетінде бас редактор (1970-1977), «Жезқазған туы» газетінде редактордың орынбасары (1977-1986) болды. Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Мысықбаев Айдарбек (т.-ө.ж.б.) Қарағанды обл. Жезқ. ауд. «Бірлестік» ұжымшарының мүшесі болған. Ұжымшардың арба-шанасын, соқа-тырмасын жөндеген, етік, кебіс тіккен, ауылдастарына тасты шауып-жонып, диірмен жасап берген. Елінің, жерлестерінің амандығы мен қажеті үшін аянбай іс-әрекет жасаған кездері бар.

Соғыс жылдары «Жайынды қарасуда дәу жайын жүр» деген хабар тараған. Жұрт оған суаруға бұзау-танасын, уақ малын, шомылуға баласын жіберуден қорыққан. М. арнайы қармақ әзірлеп, оған әрқайсысы бір құшақ 3 қамыс қалтқы жасап, ұз. 20 құлаш қып араласқан арқан еседі. Қармаққа үйіткен зорман іліп, суға тастайды. Ертеңіне қармаққа жайын түсіп, қалтқы қарасудың бірде оңынан, бірде солынан шығады. М-тың басшылығымен көп болып жабылып, жайынды сүйреп жағаға шығарады. Ұз. – 3,5 м, салм. атан өгіздей, дәу екен. Жағадағы ел «уһ» деп демін алады.

Ж. Жауқасынов

Мышанов Бәкен (1929. Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., 1 Май ауылкеңесі) – Социалистік Еңбек Ері. «Қызыл коммуна» ұжымшарының (1948), «Қаракеңгір» кеңшарының (1956) аға шопаны болған М. көп жыл қатарынан таматаша нәтижелерге жетіп жүрді. 1965 ж. әр жүз саулықтан 116-дан қозы алды. Әр қойдан орташа 3,6 кг жүн қырқылды. М-тың отары кеншарға 11 мың сом таза пайда келтірді. 1966 ж. 22 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен М-қа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Сонда ол небары отыз жеті жаста болатын. Одан ақсақал да, жас та кеңес сұрап келетін. Ал оның жүрегі әрдайым ашық болатын. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы (2008).

Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы (06.07.1940, Алматы обл., Шамалған а.) – Қазақстанның мемлекет қайраткері, ҚР Тұңғыш Президенті. 1960 ж. Днепродзержинск техн. училищесін, 1967 ж. Қарағанды металлургия комбинатына қарасты жоғары техн. оқу орнын, 1976 ж. КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін бітірген.

Еңбек жолын 1960 ж. Теміртау қ-ғы Қарағанды металлургия комбинатында қатардағы жұмысшы болып бастап, домна пешінің аға газдаушысына дейінгі жолдан өтті. 1969-1973 жж. Теміртау қ. партия-комсомол органдарында жауапты қызметтер атқарды. 1973-1977 жж. Карметкомбинаттың партком хатшысы. 1977-1979 жж. Қарағанды обл. партия комитетінің хатшысы, 2-хатшысы. 1979-1984 жж. ҚКП ОК хатшысы. 1984-1989 жж. ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы. 1989-1990 жж. ҚКП ОК бірінші хатшысы, 1990 ж. ақпан-сәуір аралығында ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы болды. 1990 ж. сәуірінен ҚазКСР Президенті. 1991 ж. 1 желтоқсанда тұңғыш рет ҚР Президентінің жалпыхалықтық сайлауында басым дауыспен (98,7%) жеңіске жетті. 1995 ж. 29 сәуірде жалпыхалықтық референдум нәтижесінде өкілеттігі 2000 ж. дейін ұзартылды. 1999 ж. 10 қаңтарда өткен жалпыхалықтық сайлаудың нәтижесінде 79,78% дауыс алып, ҚР Президенті болып қайта сайланды. 04.12.2005 ж. сайлаушылардың 91,5% дауысын алып, ҚР Президенті болып қайта сайланды. 03.04.2011 ж. кезекті Президент сайлауы нәтижесінде 95,55%, ал 26.04.2015 ж. 97,5% дауыс жинады.

Н.Н. – бірқатар ғыл. еңбектердің және әлеум.-экономикалық даму мәселелері мен қоғамдық-саяси тақырып бойынша кітаптардың авторы. 1992 ж. басында «Қазақстанның егемен-ді мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясын» әзірлеп, елдің ішкі және сыртқы саясатының бағыт-бағдарын айқындады. 1994-1995 жж. қызмет атқарған бірінші кәсіби Парламент таратылып (бір жылдың ішінде жеті-ақ заң қабылдаған), Президент жаздың үш айы ішінде 150 реформаға жол ашатын заң жобаларына қол қойды. 30.08.1995 ж. жалпыұлттық референдумда ҚР ІІ Конституциясы қабылданып, Президенттің лауазымды өкілеттігі кеңейтіліп, Парламенттің саяси рөлі шектелді. Соның нәтижесінде 1997 ж. басына қарай елде макроэкономикалық тұрақтылық орын алды, инфляция тоқтатылды, өнеркәсіп жанданып, қаржы-бюджет, салық жүйесі құрылды, жекешелендіру жүргізілді, зейнетақы жинақтау жүйесі дүниеге келді, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын реформалау жүзеге аса бастады.

1997 ж. Н.Н-тың «Қазақстан-2030» стратегиясы мемлекет дамуының басым бағыттарын айқындады. Елбасының экономист және саясаткер ретіндегі жеке беделі елде қолайлы инвестициялық ахуалдың қалыптасуына, көптеген мемлекеттермен және халықар. қаржы институттарымен қарқынды экономикалық ынтымақтасуға игі ықпал етті. 2006 ж. халыққа Жолдауында Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы, 2012 ж. «2050 стратегиясы», 2015 ж. «5 институционалды реформа – 100 нақты қадам» бағдарламасы белгіленді. Респ-да ауылды дамытуға, кедейшілікпен күресуге, тұрғын үй құрылысын дамытуға және т.с.с. бағытталған ірі-ірі әлеум. бағдарламаларды іске асыру басталды. Н.Н. индустриалды-инновациялық даму стратегиясын

әзіргеді, инвестициялық және инновациялық қорлар құруды тапсырды. Дүниежүзілік сарапшылар арасында «қазақстандық үлгі» термині пайда болды.

Н.Н. – экономика ғыл. докт. (1993), Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы, Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы, «Нұр Отан» партиясының төрағасы, Дүние жүзі қазақтары ассоциациясының төрағасы, Орталық Азия мемлекеттері Достық қорының құрметті төрағасы, ЕҚЫҰ-ның бас төрағасы, Халықар. Аралды құтқару қорын басқарды. ҚР ҰҒА-ның, Халықар. инж. академияның, РФ Әлеум. ғылымдар академиясының академигі, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ-дің құрметті профессоры, Беларусь ҒА-ның құрметті мүшесі, М.В. Ломоносов ат. Мәскеу мемл. универс-нің құрметті профессоры. Қазақстанның ең жоғары ерекшелік белгісі – ерекше үлгідегі «Алтын Қыран» орденімен, сондай-ақ әлемнің көптеген елдерінің, халықар. және қоғамдық ұйымдардың жоғары наградаларымен марапатталған.

Найзатас темір-марганец кені Қарсақбайдан солт.-шығысқа қарай орналасқан. Рельефі қырлы-жоталы. Ең жоғары нүктесі – Найзатас (530 м). Жер құрамын кварц порфиры, альбитофир, порфир граниты, гранодиорит және диабазды порфит құрайды. Басты кен денесі батысқа қарай құралған. Тектоникасы каледон заманына жатады. Кеніш алты денеден құралып, екі тектоникалық жарылысқа бөлінеді. Кен байлығын магнетит, гематит, темір жылтырағы, мартит, гаусманит, браунит, псиломелан, пиролюзит және вад минералдары құрайды. Басты кен байлығы – темір мен марганец. Найзатас 1928-1934 жж. Қарсақбай комбинатына темір флюс алу мақсатында игерілген. Жылына ашық әдіспен 5-10 мың т руда алынған.

Әдеб.: К.И. Сатпаев. Избранные труды. Т.2. А-А. 1968 г. *М. Сейтжанов*

Найманбаев Кәрібай (1907, Ақмола обл., Атбасар уезі, Терісаққан болысы, Басбұлақ а. – 1979) – соғыс ардагері. 1935 ж. Ақмолада қысқа мерзімді мұғалімдер курсын бітіріп, туған ауылында ұстаз болып бала оқытқан. ҰОС-на қатысқан. Великие Луки қ. үшін болған кескілескен ұрыста оң иығы мен аяғынан жарақат алып, оң аяғы тізеден төмен кесілген. Әскерден оралған Н-ты «Желдіадыр» ұжымшарының мүшелері ұжымшар басқармасының төрағасы етіп сайлаған. Артта қалған ұжымшарда жұмыс ширап, еңбек және өндірісте технология тәртібі нығайып, мал және егін шаруашылығын дамытуда жоғары көрсеткіштерге қол жеткен. Н. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» (1945), «Тың жерлерді игергені үшін» (1956) медальдарымен марапатталған.

Накенов Сайлаухан (25.06.1940, Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд., Өркендеу а. – 2008, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1986). 1962 ж. ҚазМУ-дің филология фак-ін аяқтаған. Өркендеу а-да мектеп директоры, «Советтік Қарағанды» газетінде әдеби қызметкер, «Жаңаарқа», «Новая степь» газеттерінде бөлім бастығы, Қарағанды обл. «Орталық Қазақстан» газетінде меншікті тілші, Жезқ. обл. «Жезқазған туы» газетінде мәдениет және әдебиет бөлімінің меңгерушісі, редактордың орынбасары болып қызмет істеген. 1977 ж. «Құдіретті қолдар», 2000 ж. «Жұмақтың жолы» жыр жинақтары жарық көрген. С. Сей-

фуллиннің 100 жылдығына байланысты өткен респ. мүшайраның бас жүлдегері. Сейілов Жақсыкелдінің «Ұлытау» әнінің сөзін жазған. 1979-1983 жж. жергілікті қаламгерлердің «Құрыш» («Желкен»), 2002 ж. «Ақ жол» әдеби бірлестіктеріне жетекшілік етті. «Жезқазғанға – 50 жыл» күміс медалінің (2004), КСРО Журналистер одағы Құрмет грамотасының иегері.

Наурызбайұлы Әбілқасым (1892, Орынбор обл., Торғай уезі, Қызылжынғыл болысы, Білеуті өз. бойы – 1968) ауыл молдасынан хат таниды. Ахмет ишанның қолдауымен Қызылжынғыл болысында жауапты хатшы болады (1920-1927). Қарсақбай ауд. құруға атсалысқан. Білеуті ауылкеңесінің төрағасы болады (А. Имановтың тағайындауымен). Байқоңыр өңіріндегі Сталин ат. ұжымшардың төрағасы болып қызмет еткен (1945). Ол басшылық еткен ұжымшар Бүкілодақтық ауыспалы Қызыл Туды жеңіп алған. «Халық жауы» деген жаламен тұтқындалып, СтепЛАГ азабын бастан өткерген. Сөзге шешен, халық даналығына, ел ішіндегі есті әңгімелерге құмар жан болған. Бағаналы жұртының тарихы, тарихи тұлғалары туралы деректі әңгімелерінің қолжазбасы М. Әуезов ат. Әдебиет және өнер инст-ның қорында сақтаулы.

Наурызбаев Ерғазы (1927, Ақмола губ., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы, Байқоңыр а. – 1996) – ҚазКСР халық ағарту ісінің үздігі. Саран педучилищесін, Қарағанды пединст-ның филология фак-ін үздік бітірген. Бүкіл еңбек жолы мектеппен, жас ұрпақты тәрбиелеумен байланысты. 1948 ж. Қарақұм мал теліміне барып, бастауыш мектеп ұйымдастырды. Мектептің меңгерушісі, мұғалімі әрі тәрбиешісі болды. 1952 ж. бастауыш мектеп орталау білім беретін жетіжылдық мектепке айналды. 1955 ж. бастап №2 Қарсақбай және №5 Пионер мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор.

Наурызбаев Марат Ерғазыұлы (1956, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті) – заңгер. ҚарМУ-дің заң фак-ін бітірген. Еңбек жолын 1981 ж. Жезқ. обл. адвокаттар алқасының адвокаты болып бастаған. 1985 ж. Жезқ. обл. прокуратурасында аға тергеуші, Жезқ. к. прокурорының аға көмекшісі, Сәтбаев к. прокуроры болып қызмет етті. 2004 ж. Жезқ. қ. прокуроры, кейін Ұлытау ауд. прокуроры болды. ҚР Бас прокурорының Алғыс хатымен және обл. әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Наурызбай Жұмағали Жөкейұлы (21.10.1949, Жезқ. қ.) – пед. ғыл. докт. (1998), проф. (2001). Халықар. жоғары мектеп ҒА акад. (2003), Ы. Алтынсарин ат. Қазақстан ПҒА акад., ҚР Журналистер одағы сыйл. иегері. ҚарМУ-ді (1972) бітірген. 1972-1975 жж. Жезқ. құрылыс техникумында оқытушы, Жезқ. обл. мұғалімдер білімін жетілдіру инст-да кабинет меңгерушісі, обл. білім беру бөлімінің инспекторы. 1975-1990 жж. Жезқ. обл. аткомында, обл. партия комитетінде нұсқаушы, саяси-ағарту үйінің меңгерушісі, ҚКП ОК насихат бөлімінде нұсқаушы, сектор меңгерушісі. ҚазКСР Президенттік кеңесінде білім және ұлт-

аралық қатынастар мәселелері бойынша кеңесші (1990-1991). 1991-1994 жж. ҚР Президенті Аппараты мен ҚР Министрлер Кабинеті Аппаратында кеңесшілер тобының жетекшісі, Президент жанындағы мемл. саясат бойынша Ұлттық кеңестің жауапты хатшысы (1991-1994). 1994-1996 жж. Жезқ. обл. әкімінің орынбасары. 1996 ж. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды. 2000-2007 жж. Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің ректоры. 500-ден астам ғыл. және публицистикалық жарияланымның, химия саласындағы 3 жаңалықтың, 2 монографияның, 3 жыр жинағының авторы.

Наушабай – Ұлытау ауд. қиыр оңт.-батысындағы құдық. Арал Қарақұмы құмды алқабының оңт.-шығысындағы Қосалбай құмында жатыр. Ең жақын елді мекен – Нарөлген а. (65 км солт.-шығыста). Құдықтың тереңд. – 2 м, су шығымы – 100 л/сағ. Бат-да – Жіңішкеқұм, шығ-да Мойынқұм алқаптары жатыр. Ондағы қыстаулар Н. құдығының суын пайдаланады.

Ниязбекұлы Жаңабай (1876, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Үлкен Жезді өз. бойы – 1920, сонда) жастайынан әке-шешесінен айырылып, туыстарының тәрбиесінде болған. Тегі – бағаналының қосай тармағынан. Бір жолы Атбасардан келген әкесінің інісі, кәсіпкер Баржақсы Танабайұлы жасөспірімнің еңбекқорлығына, зеректігіне сүйсінгені сондай, ағайындардан 60 қой жинап, 9 жасар Жаңабайды оқытуға өзімен бірге алып кеткен. Он жыл Атбасарда орысша оқиды. 1895 ж. Омбыдағы жоғары мед. курста Әділбек Майкотовпен, ұлытаулық Айбас Байтабыновпен бірге оқыған. Жоғары білімді дәрігер, әуелі Атбасарда, кейін Ұлытау өңіріндегі болыстарда дәрігерлік қызмет жасаған. 1916 ж. 25 маусымдағы Ресей патшасының қазақтарды орыс әскеріне қарамалайлыққа алу туралы жарлығынан кейін халық көтеріліп, арты ұлт-азаттық қозғалысына ұласқан. 1916 ж. 23 қыркүйекте Талап елді мекенінің төңірегіндегі Қара-

жар деген жерде орыс әскері мен көтерілісшілер бетпе-бет айқасты. Көтерілісшілерді Н. басқарды. Ұрыс бірнеше сағатқа созылды. Орыс әскерінің саны аз болғанымен, мұздай қаруланған еді. Олардың пулеметпен қардай боратқан оғына көтерілісшілер төзбей, кейін шегініп кетті. Көтерілісшілердің ізімен жазалаушы әскер 10 шақырымдай Сарысу бойымен ілгерілеп жүрді де, одан әрі жолды жалғастырудан сескеніп, кері қайтты. Н. Қаражарда алған жарадан оңалмай, 1920 ж. қайтыс болды. Н. басқарған Қаражар шайқасы жөніндегі құжаттар ҰҒА және ҚР ІІМ мұрағатында сақталған.

Нөгербек Бауыржан Рамазанұлы (06.08.1948, Ұлытау а.) – кинотанушы, өнертану ғыл. канд. (1989), Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (1999). 1971 ж. Мәскеу мемл. кинематография инст-ның кинотану фак-ін (проф. Н.П. Тумановның жетекшілігімен) бітірді. 1981-1985 жж. Қазақстан Кинематографияшылар одағы басқармасының хатшысы. 1993 ж. бастап қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясында пед. қызметте (2000 ж-дан проф., 2001 ж-дан кафедра меңгерушісі). Ол қазақ мультипликациялық кино сапасын («Ертегілерге тіл біткенде. Қазақстанның мультипликациялық киносы», 1984), сондай-ақ, кино өнерінің зәру, көкейкесті мәселелерін («Қазақстан киносы», 1998) зерттеумен шұғылданады.

Нөгербек дарасы (Нұджах) – ортағасырлық қала орны. Ұлытау тауындағы өз. жағасында орналасқан. Ә. Марғұлан, С. Жолдасбаев, Ж. Смайылов зерттеді. Орлар және жалдармен қоршалған аум. – 92,76 м, тікбұрыш алаң түрінде сақталған. Қазіргі сақталған өлшемдері бойынша, жалдардың ені – 10 м, биікт. – 1,2-2 м. Қаланың бұрыштарында орналасқан қарауыл мұнараларының сақталған биікт. – 2-2,5 м. Оңт. жағын ішінен екіге бөлінген цитадель қалдықтары алып жатыр. Мұның шығ. бөлігі қабырғалармен 3-ке бөлінген. Қаланың орта тұсында диам. – 9 м, тереңд. 1 м дөңгелек шұңқыр байқалады. Кең көлемде қазбалар жүргізілмеген. Салынған шағын шурфтардан қыш ыдыс сынықтары алынды. Ескерткіш «орда» деңгейіндегі бекініс қала болып саналады. Кешпелі оғыздардың Ұлытау төңірегіндегі жазғы жайлау кезіндегі орда қонысы.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Нуриден Рахима Шәріпқызы (1955, Қарағанды обл., Жезді ауд., Байқоңыр а.) – филология ғыл. канд. С.М. Киров ат. ҚазМУ-ді, М. Ломоносов ат. Мәскеу мемл. универс-нің журналистика фак-ін (1979) бітірген. 1979-1992 жж. Қазақ радиосының шет елдерге хабар тарату бас редакциясында, «Соңғы хабарлар» бас редакциясында редактор. ҚазҰУ-дің журналистика фак-де (1992) аға оқытушы, ҚарМУ-дің журналистика бөлімінің (1997) меңгерушісі. Л. Гумилев ат. ЕҰУ-дің журналистика кафедрасында доцент, меңгеруші. Астанадағы мәдениеттер мен діндердің халықар. орт-да бөлім меңгерушісі. 2011 ж. Иран Ислам Республикасының халықар. телерадиохабар тарату қызметінің шақыруымен қазақша хабарлар редакциясында қызмет етті. Қазір Л. Гумилев ат. ЕҰУ-нің журналистика және саясаттану фак-ті телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасында проф. «Шетелдердегі қазақ радиолары», «Қазақ рухани журналистикасы» монографияларының, «Араб журналистикасы», «Қазіргі шетел журналистикасы» оқу құралдарының, «Халықаралық радиожурналистика» оқулығының, көптеген ғыл. мақалалардың авторы.

Нұра – Арысқұм алқабының солт-дегі аласа таулы жота. Ұлытау ауд. оңт-де, Байқоңыр а-нан оңт-ке қарай 108 км жерде орналасқан. Абс. биікт. – 278 м (Итауыз тауы). Жота оңт.-батыстан шығ-қа қарай иіліп, 40 км созылып жатыр, орташа ені – 8-10 км. Солт. беткейі біршама тіктеу келген, оңт-гі көлбеуленіп, Сандықтау тауы аралығындағы Тұрмақансай қонысына ұласады. Жер бедеріне карсттан пайда болған ойықтар мен қуыстар тән. Солт-тен Білеуті мен оның саласы – Бозінген өз. ағып өтеді. Борпылдақ бозғылт сұр, сұрғылт топырақ жамылғысында қуаң далаға тән баялыш, күйреуік, жусан, ебелек, көде, т.б. шөптер өседі.

«Нұр Отан» партиясының Ұлытау аудандық бөлімшесі 1999 ж. 1 наурызда құрылды. Бөлімше 21 бастауыш партия ұйымын біріктіреді. Партия мүшелерінің саны – 1589 адам. Ауд. мәслихаттың депутаттығына толықтай НО партиясының мүшелері сайланған. Партия мүшелерінің 456-сы білім беру, мәдениет, 28-і фермерлік шаруашылықтарда, 41-і денсаулық сақтау салаларында еңбек етеді. 222-сі жұмыссыз.

Ауд. партия ұйымының назары, күш-қуаты, мәдени-әлеум. потенциалы аграрлық салаға серпін беруге, өмір сапасын жақсартуға, адам капиталын дамытуға бағытталған. Президент Н. Назарбаевтың Ұлытауды туризм орт-на айналдыру жөніндегі идеясы жұртшылық тарапынан кең қолдау тауып отыр. Осы бастан өңір тұрғындарын беймәлім кәсіпке дайындау, ғыл.-зерттеу жұмыстарын жүргізу, демалуға келе бастаған отандастарымыз бен шетелдік қонақтарға жағдай жасау, қазақ мемлекеті мен ұлттық құндылықтарына байланысты танымы мен білімін кеңейтетін ақпарат беру жұмыстары жандана бастады.

Ж. Бабатаев

Нұрғалиева Кеніш (1918, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Қарабұлақ а. – 1996) – Қызылорда педучилищесін бітірген, шаруашылық және қоғам өміріне белсене араласқан, есімі бүкіл өңірге жайылған қазақ қызы. Тарих пәнінің мұғалімі, Қарсақбай қалашығы кеңесі атқомының хатшысы, Жезқ. ауд. атқомы төрағасының орынбасары. Зейнеткерлікке шыққанша ауд. әлеум. қамсыздандыру бөлімін басқарды. Үш медальмен марапатталған.

Нұрғалиева Несібелді (1928, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Киров ауылкеңесі – 1997, Жезқ. обл., Жезқ. қ.) – Қарсақбайда «ҚазКСР еңб. сің. металлургі» құрметті атағына ие болған бірінші және жалғыз әйел. 1956 ж. Киров ат. ұжымшардың «Өрнек» бөлімшесінен Қарсақбайға келді. Металлургиялық цехта шихташы болып тағайындалды. Бірнеше ай ішінде жоғары разрядты мамандық иесі болды. Алғашқылардың қатарында коммунистік еңбек екпіндісі атағына ие болды. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Нұржанов Ғалым Жұмабайұлы (1980 ж.т.) Ө. Байқоңыров ат. Жезқ. университетін, Е. Бөкетов ат. ҚарМУ-ді тәмамдаған. Тау-кен инженері, экономист. Ұлытаудың түлегі. Еңбек жолын 1999 ж. «Қазақмыс» ЖШС-де проходкалаушылықтан бастаған. ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі пайдалы қазбалар департаментінің жетекші, бас маманы (2002-2004), «Dzet Group» ЖШС Астана қ. бойынша филиалының сарапшысы (2004-2006), Астанадағы «Raising StarLTD» ЖШС-нің атқарушы директоры, «Концерн. Найза-Құрылыс» ЖШС-нің тау-кен істері бойынша жобалар жетекшісі – бас инженер (2006-2007), «Сарыарқа», «Оңтүстік» ӘКК АҚ-да департаменттің бас инженері, директоры (2007-2010), «Сарыарқа» ӘКК ҰК АҚ-ның атқарушы директоры (2011-2012), 2012 ж. қазан айынан бастап «Қазгеология» ұлттық геол. барлау компаниясы АҚ басқарма төрағасының орынбасары, 2013 жылдың сәуір айынан – басқарма төрағасы. Мемл. марапаттары бар.

Нұржанов Көпей (1917, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы, Сералы а. – 1993) – XIX ғ. атақты қазақ сәулетшілерінің бірі Еламанұлы Серәлінің немересі. Ақмоладағы екі жылдық а.ш. техникумын (1939) бітірген. «Айыртау» ұжымшарында зоотехник болып істейді. 1941 ж. әскер қатарына шақырылып, талай айқасқа қатысқан. 1943 ж. жау оғы бір бүйрегі мен төрт қабырғасын қиратқан жауынгер елге мүгедек болып қайтқан. 1944 ж. еңбекке қайта оралады, мал бордақылау пункті бастығының орынбасары міндетін атқаруға кіріседі. Өңірдің «Айыртау», «Алғабас», «Ұлытау» ұжымшарларының басқарма төрағасы болып 1960 ж. дейін жемісті еңбек еткен. Кейінгі жылдары ферма басқарушысы, тұтынушылар қоғамы басқарма төрағасының орынбасары, жұмысшылар жатақханасының басшысы болды. Ұлытау ауд. қалыптасып, экономикалық және әлеум. дамуына үлес қосқан. Н. парасатты, сөзі дуалы, жүрегі жылы, көркем мінезді тұлға болған. I және II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, медальдармен марапатталған.

Нұржанов Серік Көпейұлы (10.04. 1944, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а. – 05.04.2010) – ҚазКСР және

КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі. Қарағанды мемл. мединст-ын (1968) бітірген. Ұлытау а-ғы ауруханада терапевт-дәрігер (1968), Жезді ауд. туберкулезге қарсы диспансерінде бас дәрігер (1971). Ұлытау ауд. қайта құрылғанда ауд. аурухананың бас дәрігері (1972) болып тағайындалып, бұл қызметті 24 жыл жемісті атқарды. Осы жылдары ауд-ның барлық кеңшарларында, ірі ферма ортда ауруханалар, фельдшерлік-акушерлік нысандар жұмыс істеді. Ауд. тұрғындарының, ана мен баланың өлімі кеміді. Ауд. халқының табиғи өсім есебінен көбею тенденциясы байқалды. Мемл. марапаттары бар.

Нұрқамысов Ақмолда (т.ж.б., Ақмола обл., Атбасар уезі, Кішітау – ө.ж.б.) – 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісі кезінде

Аманкелді батырдың сенімді серігі, мыңбасы болған. Бағаналы, ақтаз құтымбет тармағынан. «Денесі ірі, толық, көз жанары өткір, шамалы ат көтеріп жүре алмайтындықтан тек өзі ғана мінетін бір аты болатын, соған ғана отырушы еді, әйтпесе пегчанка арбамен жүретін», – дейді ол кісіні бала кезінде көрген ауыл үлкендері. Елге өте сыйлы болған. Сол беделінің арқасында ауыл жігіттерін жинап, Аманкелді сарбаздарының қатарын толықтырып, көтерілісшілерге көмек жасап отырған. Бүгінде Н-ның найзадай тіп-тік етіп салынған күмбезді қызыл бейіті Кішітаудағы Едільбайдың Сартауының етегінде тұр.

М. Сейтжанов

Нұрмағанбетов Қабай (1906, Ақмола губ., Ақмола уезі, Қарағанды болысы, №4 а. – ө.ж.б.) еңбек жолын 1927 ж. Қарағанды обл. Спасск заводында әскери іс жүргізуші болып бастады. 1930 ж. Тельман ауаткомының хатшысы, сақтандыру кассасының меңгерушісі, құпияны қорғау бөлімінің бастығы, ауд. жоспарлау комиссиясының төрағасы, 1939 ж. Қарқаралы ауд. кеңесі атком төрағасы, Шет ауд. парт. ком. екінші хатшысы. 1947 ж. қыркүйегінен 1948 ж. желтоқсанына дейін еңбекшілер депутаттары Ұлытау ауд. кеңесі атком төрағасы болып істейді. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

Нұрмағанбетов Қайырбек (1938, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Аралтөбе ауылкенесі, Аққенсе қыстағы – 1988) – ғалым-агроном.

Алматыдағы Қазақ а.ш. инст-ын (1962) бітірген. 1966-1970 жж. «Жетіқоңыр» кеңшарының ферма басқарушысы, бас агрономы. 1970-1988 жж. «Байқоңыр», «Қарсақбай» кеңшарларының директоры, Жезді ауд. а.ш. басқармасының бастығы. Жезқ. обл. бойынша бірінші болып «Қарсақбай» кеңшарында шаруашылық есептің чектік формасын өнд-ке кіргізді. Ет, сүт өнімдерінің саны өсіп, сапасы жақсарумен бірге өнімнің өзіндік құны кеміді. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Тың жерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» және басқа медальдармен марапатталған.

Нұрмағанбетова Кәделі (1917, Орынбор-Торғай губ., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Байқоңыр а. – 1968, Қарағанды обл., Жезді ауд., Кішітау ауылкеңесі) – Ұлытау ауд-да «Батыр

ана» орденімен (1958) тұңғыш марапатталған ана. Отағасысы Ә. Наурызбаевпен бірге он баланы өмірге келтіріп, тәрбиелеп өсірген. Н. Ұлытау ауд. «Большевик» ұжымшарында (1936-1950), Аманкелді ат. ұжымшарда, кейін оның негізінде құрылған кеңшарда (1950-1968) аға шопанның көмекшісі болып еңбек етеді. Соц. жарыста жыл сайын жүлделі орынға ие болып отырған. Оның парасатты, пейілі кең, қолы ашық тұлғалық қасиеттері ұрпағына ана сүтімен дарыды деп айтуға болады. Осы шаңырақтан есімі Арқаға белгілі экономист, ғалым-зоотехник, аға шопандардың тұтас шоғыры шыққан.

Нұрмақов Нығмет Нұрмақұлы (25.04.1895, Семей обл., Қарқаралы уезі – 25.09.1937, Мәскеу қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. 1915 ж. Омбы мұғалімдер семинариясын, 1931 ж. ВКП(б) ОК жанындағы Коммунистік универс-ін бітірген. 1921 ж. қазанынан революциялық Трибуналдың төрағасы. 1923 ж. 11 сәуірінен РКФСР Жоғарғы Соты қазақ бөлімінің төрағасы. 1923-1924 жж. Юстиция халкомы. 1925 ж. қыркүйек-қазан айларында ВКП(б) Кировкомының бөлім меңгерушісі. 1924 ж. қазан – 1929 ж. сәуір аралығында ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы. 1931-1937 жж. ВЦИК хатшысының орынбасары, ВЦИК Президиумының бөлім меңгерушісі, ҚАКСР ОАК мүшесі. Н. өлкенің ХКК Төрағасы болып жүргенде Ұлытау өңірінде Қарсақбай мыс комбинатын қалпына келтіруге ерекше маңыз берді. 1927 ж. жазда Қарсақбайда болды. Завод құрылысын аралап көрді, жұмысшылармен әңгімелесті. Қарсақбай аупарткомының жұмысына қатысты. Онда одақтық кәсіпорын мен жергілікті партия, кеңес ұйымдарының өзара бірлесіп әрекет жасау мәселесі талқыланды. Қарсақбай ауданын құру мүмкіндігі пысықталды. 1937 ж. «халық жауы» деген жаламен қылмысқа тартылып, атылып, 1956 ж. тамызда ақталды.

Нұрманов Аманжол (1903, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жаңаарқа өңірі – ө.ж.б.) – мемлекет қызметкері. 1911 ж. бастап Нұра және Ақмола ауд-да байдың малайы болған. Округтік кеңес-партия мектебін бітірген, ҚазПИ-дің дайындық бөлімшесінде оқыған. 1931 ж. Шығ. Қазақстан обл. Жарма аупарткомының үгіт және мәдени-бұқаралық бөлімінің меңгерушісі, кейін аупартком хатшысы. 1935 ж. осы ауд-ның Акжал алтын кенішінің партия ұйымы хатшысы, 1936 ж. Риддер қ. партия комитетінің жауапты қызметкері, 1938 ж. Қарсақбай аупарткомының екінші хатшысы. 1939 ж. Қарсақбай ауд-нан Ұлытау ауд. бөлініп шыққанда Қарағанды обл. партия комитетінің жаңа ауд. бойынша ұйымдастыру бюросын басқарды. 1939-1942 жж. Ұлытау аупарткомының бірінші хатшысы болды. Жаңа ауд-ды қалыптастыруға, тұрғындардың мәдени-әлеум. жағдайын жақсартуға, өңір экономикасының негізі – мал шаруашылығын дамытуға көп күш-жігер жұмсады.

Нұрмаханұлы Ахмет (1886 – ө.ж.б.) Ұлытау өңірінде дүниеге келген. Абылай ханның ұрпағы. Жасында ауылдағы молдадан, Түркістандағы медреселерден діни білім алған. Араб, шағатай тілдерін оқып, меңгергенінің нәтижесінде Әбу-Әли ибн Сина еңбектеріндегі адам ағзасындағы өзгерістерге әсер ететін шипалық қасиеттерді үйренген. Оны өзінің тәуіпшілдік қабілетімен ұштастыра біліп, адамдарды емдеуге қолданған. Оташылдық қабілеті мен

шөптердің емдік қасиетін білу арқылы Жезқазған-Ұлытау аймағында «бала тәуіп» атанған. Өңірдегі дала циркінің негізін салушы, иллюзия және манипуляция жетістіктерін жете меңгеріп, «сиқыршы төре» атанған. ҚазКСР еңб. сің. артисі, иллюзионшы-манипулятор Ибрагим Өкпеновпен өнер жарыстырған. Жезқ. қ-ның өркен жаюына үлесін қосып, ЖКМК қосалқы шаруашылығында мал дәрігері болып еңбек еткен.

Нұртазинова Ақбаян Серікқызы (01.05.1978, Жезқ. обл., Ұлытау ауд., Қоскөл а.) – экономика ғыл. канд. Алматыдағы Қазақ мемл. басқару академиясының қаржы және несие фак-ін (2000) бітірген. 2000 ж. бастап Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің қаржы кафедрасында бюджеттік негізде ізденуші, ассистент, аға оқытушы, инст. директорының орынбасары, кафедра меңгерушісі. 2010 ж. «Несиелік тәуекел менеджментінің банктің несиелік портфелінің сапасын арттыруға ықпалы (Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктер материалдары негізінде)» тақырыбында канд. дисс. қорғады. Қазір универс-те доцент, ғыл. жарияланымдары бар.

Нұршабаев Бөкен (Оразбек) Әбдікәрімұлы (15.06.1925, Ұлытау а. – 25.03.2004, Қарағанды обл., Сәтбаев қ.) – Ұлытау ауд. Құрметті азаматы. 1951 ж. Ташкент милиция мектебін, 1971 ж. Қарқаралы зоотех.-малдәрігерлік техникумын бітірген. Еңбек жолын 1940-1941 жж. Қарсақбай мыс заводына қарасты «Ұлытау» ұжымшарының «Қаражыланды» фермасында есепші болып бастаған. 1942-1944 жж. Ұлытау ауд. «Большевик туы» газетінің жауапты хатшысы. 1944-1954 жж. НКВД-ның Ұлытау ауд. оперкомендатурасының коменданты. 1954-1957 жж. Ұлытау МТС-і партия ұйымының хатшысы. 1957-1959 жж. «Ұлытау» кеңшары партия ұйымының хатшысы. 1959-1972 жж. «Ұлытау» кеңшарының директоры. 1972-1987 жж. Жезді ауд. мал шаруашылығы кәсіпорындарында басшылық қызметте. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Фашистік Германияны жеңгені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін», т.б. медальдармен марапатталған.

Обайдуллин Сайлау (06.01.1946, Ақтөбе обл., Мұғаджар ауд. – 11.2015, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау к.) Семей зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1970) бітірген. Еңбек жолын сол жылы Ақтөбе обл. «Уракачевский» кеңшарында зоотехниктен бастаған. Қазақ қой шаруашылығы ғыл.-зерттеу инст-да (1972) аға лаборант, Жезқ. обл. бойынша а.ш. өнімдерінің сапасы және сатып алу жөніндегі инспекциясының мемл. инспекторы (1975). Жезқ. облпарткомының нұсқаушысы (1978), а.ш. бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Жезді аупарткомының екінші хатшысы (1982). 1985 ж. мамыр айынан 1988 ж. қыркүйек айына дейін халық депутаттары Ұлытау ауд. кеңесі атком төрағасы. Ұлытау ауд. ардагерлер кеңесінің төрағасы болған. Бірнеше медальмен марапатталған.

Обалы – көл. Дулығалы мешітінің солт.-батысында 50 км жерде. Ауд. – 6,5 $км^2$, ұз. – 4 км, ені – 1,7 км. Көктемгі еріген қар және жер асты суымен толығады. Жағасы жайдақ, түбі лайлы, суы кермектеу. Солт. және оңт. жағасы қалың қамыс, құрақты. Үйрек, қаз, т.б. құстар ұя салады.

Обалы алтын кені – 1933 ж. Орт. Қазақстан геол. барлау экспедициясы зерттеген. Мық пен Ақшоқыға қарағанда, бұл жер механикалық күші әлсіз топырақтан тұрады. Кейбір арқауларының ұз. 300 м-ден асады. Солт. арқауларының бағыты солт-ке қараса, оңт. арқаулары солт.-шығысқа қарайды. Арқауларының жалпы саны 100-ден асады. Кварц арқауларын пирит пен мыс сульфидтері құрайды. 1933 ж. 7 кварц арқауы зерттелген. Кен орны әлі де зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Әдеб.: К.И. Сатпаев. Избранные труды. Т.2. А-А. 1968 г. *М. Сейтжанов*

Оғыздар – VIII-X ғғ. Ұлытау өңірін жайлаған түріктілдес көшпенді тайпалар. Құрамына қанлы, қыпшақ, қарлық, қалаш тайпалары кірген. Ең алғашқы мәліметтер көне түрік руникалық ескерткіштерінде кездеседі. Әл-Бируни о-дар күз айларында Ұлытау баурайында көшіп жүргенін жазады. О. мемлекетінің аймағы оңт-те Арал мен Сыр бойынан – солт-те Теңіз көліне дейін, бат-та Шалқар көлінен – шығ-та Бұғылы тауына дейін созылған. О-да көшпелі мал шаруашылығымен қоса қала мәдениеті де дамыған. Хиам (Басқамыр), Нұджах (Нөгербек дарасы), Бадағах (Хан Ордасы), Дарқұ (Домбағұл) және т.б. X ғ. бастап Сырдарияның төменгі ағысын жаулап алып, Янгикент О. мемлекетінің астанасы болғаннан кейін, Ұлытау мен Сарысу бойындағы металлургтер қалаларынан басқа қалалар өз маңыздылығын жоғалтады. Қимақ қағанаты мен Қыпшақ хандығы О. мемлекеттілігінің жалғасы болып табылады.

Әдеб.: Смаилов Ж.Е. Памятники археологии западной Сарыарки. Б.1997. *М. Сейтжанов*

Ожанов Нияз (1882, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы, Жуантөбе а. – 1957, Қарағанды обл., Ұлытау а.) – Қазақстанның өнеріне еңб. сің. қайраткер (1948), ақын, балуан. Өз бетімен оқып хат таныған. Ақын ретінде есімі 1938-1946 жж. ауд., обл., респ. көлемінде тарала бастады. Ақайдар, Әлмағанбет, Нұрғали, Болман, Иманжан, т.б. ақындармен айтысқа түскен. Болманмен айтысы «Социалистік Қарағанды» газетінде (1944) жарияланған. «Қожа мен

қыз», «Қойшы мен қыз», «Қараадыр мен Үлкенбұлақ айтысы», «Екі пионер айтысы», т.с.с. өлеңдері айтыс үлгісінде жазылған. ҰОС жж. жалынды отаншылдық рухтағы өлеңдері халыққа күш-жігер берген. «Жігіт сыны», «Мысал өлең», «Нақыл сөз Ниязда», «Бірлігі күшті», «Әсем жаз» өлеңдерінде мақал-мәтелдерді, нақылдарды қолдана отырып адамгершілікке үндесе, «Ауыл таңы», «Отанға көмек берейік», «Москва», «Біздің жыр», т.б. туындыларында кеңестік өмірді жырға қосады. О. Шығыстың классикалық поэзиясын, ертегі-аңыздарын оқып, олардың біразын қисса, дастан, нәзира үлгі ретінде жырлаған. 1916 ж. Кішітауда Зілғара қажыға берген үлкен аста күреске түсіп, балуан атанған. Өлеңдері «Пернедегі термелер» (1965), «Ұлытау ақындары» (2007) жинақтарына енген. «Ақын-жыраулар» («Ғылым» баспасы, 1979) жинағында өмірбаяны және библиограф. деректері берілген. Өлең-жырлары, толғаулары, дастан-қиссалары ҚР ҰҒА М. Әуезов ат. Әдебиет және өнер инст-ның қолжазбалар қорында сақтаулы.

Омаров Әбілқасым (т.-ө.ж.б.) – Жезқ. геол. кен барлау конторының аға бұрғышысы. Завод ашылғалы жатыр деген дақпыртпен Жезқ-ға келіп, геол. барлау партиясына жұмысқа тұрған. Қатардағы жұмысшыдан аға бұрғылаушыға дейінгі еңбек жолынан өткен. О. өзінің әріптестерімен Шымкентте американдық маман Т. Тебуш мырзадан алмас ұнтақтарын бұрғылау ісінде пайдалануды үйреніп қайтады. Осы әдіспен 1934 ж. 1516 қума м бұрғылады. Байдың баласы деп көп қуғынға түскен. 1938 ж. «Мәдениет» баспасынан «Жатпа, қазақ» деген тақырыппен өлеңдер жинағы шыққан.

Омар Әнуар Серікбайұлы (13.07.1968, Алматы қ.) Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-ді (1998), Е. Букетов ат. ҚарМУ-ді (2006) бітірген.

Мұғалім, құқықтанушы. Жергілікті және респ. мерзімді баспасөз органдарында тілші, редактордың орынбасары, бас редактор. 1991-2000 жж. алты респ. айтысқа қатысып, үшеуінде бас және бірінші жүлде, қалғандарында екінші және үшінші жүлделер алған. Ел ортасында ақтангер айтыскер ақын, көмейі бүлкілдеген жыршы, сөзі уәлі шешен. 2010 ж. басында Ұлытау ауд. әкімінің орынбасары, сол жылы 10 тамыздан бастап ауд. әкімі. 2013 ж. шілдесінен 2016 ж. қаңтарына дейін Сәтбаев қ. әкімі болды. 2017 ж. сәуірде Ұлытау ауданының әкімі болып тағайындалды. «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2014) марапатталған.

Омаров Әшім Құрамбайұлы – Ұлытаудың түлегі, техн. ғыл. докт. (1978), проф. (1971), Қазақстан ҰҒА акад. (2003). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1991).

Мәскеу Болат және қорытпа инст-ын (1953), КСРО ҒА Металлургия инст-ының аспирантурасын (1960) бітірген. Өзбекстанның металлургия з-дында инж. (1953-57), Өзбекстан ҒА-да ғыл. қызметкер (1960-61), Шымкент хим.-технол. инст-ында проректор (1961-68), Қазақ политехн. инст-ында (қазіргі Қазақ ұлттық техн. ун-ті) ғыл.-пед. қызметте (1968-84), ректор (1968-76), Шымкент пединст-ында (қазіргі Оңт. Қазақстан

мемл. ун-ті) ректор (1984-93) болды. 1993 ж-дан Қазақ ұлттық техн. ун-тінде ғыл.-пед. жұмыспен айналысады.

Негізгі ғыл. еңбектері компоненттті қорытпалардың фазалық құрамы мен құрылымын зерттеуге, болат қорыту технологиясын жетілдірудің теор. және тәжірибелік мәселелеріне арналған. Бір топ ғалымдармен бірге техн. процестерді басқаруды автоматтандыру жүйелерін жасап, өндіріске енгізді. Ол электрометаллургиялық болат өндірісінің жаңа технологиясын кешенді құру жобасын ұсынды. 300-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 9 монографияның авторы; 18 авторлық куәлік, 9 патенттің иегері. «Құрмет» (2004), Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және медальдармен марапатталған. Шығ.: Металдар мен конструкциялық материалдар технологиясы, А., 1970; Исследование продуктов взаимной диффузии в системе Ni-Cd, Известие АН ССР, Серия «Металлы», 1998, №1; Современное состояние и перспективы развития производства стали в мире, «Промышленность Казахстана», 2001, №10.

Омаров Ғазиз Омарұлы (1925, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 2002, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – Социалистік Еңбек Ері (1981), КСРО Мемл. сыйл. иегері, ҚазКСР еңб. сің. кеншісі (1978). Қазақ кен-металлургия инст-ын (1949) бітірген. Тау-кен инженері. Шахтаның қатардағы ауысым шеберінен одақтық маңызы бар шахтапроходкалау

тресінің басқарушысына дейін өсу, кемелдену жолынан өтті. 1956 ж. Жезқ. кенішінің партком хатшысы-ВКП(б) ОК партия ұйымдастырушысы болды. Жезқ. кенішінде аты мәшһүр шахта салушылар мектебін қалыптастырды. Шахта салушылардың күшімен Ұлытау ауд. Аманкелді ат. кеңшарына үнемі шефтік көмек көрсетіп тұрды. VII шақырылған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған. Екі мәрте Ленин, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, ҚР-ның «Құрмет» орденімен (1998), «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «Тың жерлерді игергені үшін», «Ерлік еңбегі үшін. В. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медальдарымен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Жезқ. шахтапроходкалау тресіне О. есімі берілген. Сәтбаев қ-ның Құрметті азаматы. Жезқ-да О. атында көше бар.

Омаров Жылкелді (1916-ө.ж.б.) 1930 ж. Қарсақбай мемл. мыс балқыту комбинатында, «Ұлытау» кеңшарында жұмыскер, 1934 ж. Ұлытау ауд. «Қызылшың» ұжымшарында бригадир, тауарлы мал фермасында меңгеруші, басқарма төрағасы болды. Сонымен бірге, оның аты аңшылығымен, мергендігімен елге тараған. Ашаршылық жылдары балық, аң аулап, бір ауылды асыраған. Жылына 100-ден астам қасқыр соғып, терісін дайындау орындарына тапсырып отырған.

Жезқазған қала. мұрағаты
Қ-90. қ-2. іс-424. бет-1

Омаров Сабыр (1940) Жезқ. қ., Малшыбай ауылд. округінде туған. Алматы зоотехн.-малдәрігерлік инст-ын (1964), Қазақ а.ш. инст-ын (1983) бітірген. Зоотехник, экономист. Жезқ. қ-ның төңірегінде мал шаруашылығы, көкөніс кешенін жасауға үлес қосқан. Ауд. а.ш. басқармасында бас зоотехник, бастықтың орынбасары, Ұлытау ауаткомы төрағасының орынбасары, «Ұлытау»

кеңшарының директоры болып қызмет істеген. Соңғы жылдары өңірдің халыққа әлеум. қызмет көрсету мекемелерінде басшы болды. Екі медальмен марапатталған. Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.

Омаров Хамит Нұрланұлы (1953, Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд., Атасу кенті) ҚазМУ-ді (1978) тамамдаған. 1970-1973 жж. Қазақ темір жолы жүйесінде жөндеуші, монтер. 1980-1991 жж. Жаңаарқа ауд. кәсіптік-техникалық училищесінде өнд. оқу жөніндегі шебер, оқытушы, бүкілодақтық «Білім» қоғамы ауд. ұйымы басқармасының жауапты хатшысы, аупарткомның жауапты қызметкері. 1991-1994 жж. ауд. кеңестің аға референті, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, ауд. әкімшілігі басшысының аппарат жетекшісі. 1994-2007 жж. Жаңаарқа ауд. мәслихатының хатшысы. 2007 ж. Жаңаарқа ауд. әкімі, 2011 ж. обл. тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың бастығы, 2013 ж. шілде – 2017 наурыз аралығында Ұлытау ауд. әкімі. «Ерен еңбегі үшін» (2014) медалімен марапатталған.

Омарова Зәуре Сәдуақасқызы (1924, ОҚО, Қарсақбай болысы, Қарсақбай кенті) – кен инженері, мемлекет және қоғам қайраткері. Днепропетровск тау-кен инст-ын (1948) бітірген. 1949-1980 жж. «Қарағандыгипрошахт» жобалау инст-ның тау-кен бөлімінде инженер-жобалаушы, көмір шахталарын жобалаушы, аға инженер, ҚазКСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары, Алматы өнеркәсіптік облаткомының төрағасы. Алматы облаткомы төрағасының бірінші орынбасары, ҚазКСР Әлеум. қамсыздандыру министрі. КСРО Жоғарғы Кеңесі Одақ Палатасы Төрағасының орынбасары болып екі рет сайланған. IV-V сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің, V-X сайланған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. КОКП XX съезінің делегаты, ҚКП VIII, XI, XII съездерінде ОК мүшесі, XIV съезде мүшелікке кандидат. ҚР «Отан» орденімен, Ленин, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің екі рет Құрмет грамотасымен марапатталған.

Онаев Ибрагим Әбілғазыұлы (19.05.1913, Павлодар обл., Баянауыл ауд., Онай мекені – 24.08.1994, Алматы қ.) – металлург, техн. ғыл. докт. (1968), проф. (1969), ҚазКСР еңб. сің. ғыл. қайраткері (1971). Қазақстан ҒА корр.-мүшесі (1972). Қазақ тау-кен және металлургия инст-ын (1941, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. Қарсақбай мыс қорыту з-дында жұмыс істеген (1941-1944). Қазақ металлургия және кен байыту инст-да аспирант, ғыл. қызметкер, лаборатория меңгерушісі (1944-1974), директордың орынбасары (1965-1974), Қазақ политех. инст-да (қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) кафедра меңгерушісі (1974-1994) қызметтерін атқарды. 1968 ж. «Исследование в области плавки медных концентратов Центрального Казахстана» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Негізгі ғыл. еңбектері түсті металлургия шикізаттарын өңдеудің тәсілдерін жетілдіруге арналған. Түсті металлургия саласындағы штейнді-қожды жүйелердің физ.-хим. қасиеттерін зерттеді. Металл-шлак және штейн-қожгаздық фаза жүйесіндегі металдардың таралу заңдылықтарын ашқан. Мысты және полиметалдық материалдарды шашыранды күйде циклондық (кивцэттік) балқытудың ерекше технологиясын жасаған авторлардың бірі. 300-ге жуық ғыл. еңбектің, 28 өнертабыстың авторы. Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған.

Оңтүстік теңіз артезиан алабы – Ұлытау таулары мен Теңіз-Қорғалжын ойысы аралығында ендік бағытта созылып жатқан жер асты су кені.

Әкімшілік тұрғыдан Қостанай, Ақмола, Қарағанды обл-ры аумағында жатыр. Кен орны суы мульда құрылымдарын құрайтын девон-тас көмір кезеңінің жарықшақты-карсттық әктастар мен жарықшақты құмтастарға ала-құла түрде таралған. Жер асты суының жалпы қоры – 10 млрд. $м^3$ және түгелімен дерлік тұщы және ашқылтым судан тұрады.

Оңтүстік Торғай өңірі – Торғайдың төрткүлді өлкесінің онт-дегі шөлейт бөлігі. Ақтөбе және Қарағанды обл. аумағында орналасқан. Бат-да Мұғалжар, шығ-да Ұлытау жатыр. Абс. биікт. – 100-300 м. Палеозой іргетасы тереңге (1000-2000 м) шөккен. Өңірде бозғылт, қызғылт қоңыр топырақ жамылғысы басым, аздап сортаң топырақ кездеседі. Жусанды-бетегелі-сораңды өсімдік жамылғысы қалыптасқан. Өңір жайылымға қолайлы.

Оразалин Есен (1889-1954) – Жезқазған-Ұлытау өңіріне танымал ақын, жырау, әнші. Респ., обл. байқауларда жүлделі орындар иеленген. ҰОС-ның қасіреті туралы «Арманда болып мен жүрмін...», «Қоңыраулы қара нарыма» атты толғаулары әлі күнге дейін ел аузында айтылып жүр.

Әдеб.: «Сарыарқа», 2005 ж. 29 шілде

Оразбеков Дана Бекішұлы (1965, Қарағанды обл., Жезді ауд., Ұлытау а.) Қарағанды политех. инст-ын (1990) бітірген. 1982-1993 жж. «Жезказгансельстрой» тресінде бетоншы, «Сельхозэнерго» респ. кәсіпорнында электромонтер, Жезді автокөлік кәсіпорны №3 автоколоннасының бастығы. 1995 ж. бастап мемл. қызметте. Ұлытау ауд. ішкі істер бөлімінде (1995), ауд. салық инспекциясында инспектор (1996), аға инспектор, сектор меңгерушісі (1998). Ұлытау ауд. әкімінің аппарат жетекшісі (1999). 2006 ж. ауд. тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы. «Еңб. сің. мемлекет қызметкері» төсбелгісімен марапатталған.

Орда Базар – VIII-XVI ғғ. Кеңгір өз. сол жағалауында, қазіргі Жошы хан мазарының жанында орналасқан қала. Оғыз за-

манында салынып, қимақ-қыпшақтардың әкімшілік-экономикалық орт-ғы ретінде қызмет еткен. XIII ғ. Жошы ұлысының ордасы. Батудың Еуропаға, Құлағудың араб еліне жасаған жорықтары Қарақорымда шешімін тауып, осы қ-да ұйымдастырылған. XV ғ. Әбілқайыр хан өз астанасын Тура қ-нан «Саин (Бату) ханның тағына» – Орда Базарға көшіреді. Осында Әбілқайырдың саясаты насихатталып, оның атынан теңге шығарылады. Осы кезеңдегі Орда Базар жайында Масуд бин Осман Кухистани өзінің «Тарихи-и Абулхайр-хани» атты шығармасында «Киелі орда, Дешті Қыпшақтың астанасы» деп жазады. 1990 жж. археол. қазба жұмыстары жүргізілген.

Орда-Ежен ұлысы, Ақ Орда – Жошының үлкен ұлы Орда-Еженнің басшылығындағы Жошы ұлысының шығ. (сол) қанаты. Орт-ғы – Ұлытау өңірі, Орда Базар қ. Жошы ұлысының (Алтын Орда) құрамындағы автономиялы мемлекет. 1309 ж. Орда-Ежен ұлысы Сасық Бұқа тұсында Ақ Орда деп аталды. 1361 ж. бастап, Орыс ханның тұсында тәуелсіз мемлекет болды. Шибанның өлімінен кейін, 1280 ж. Орда-Ежен ұлысына Шибан ұлысы қосылды.

М. Сейтжанов

Орда-Ежен (т.ж.б. – 1253, Сығанақ қ.) – Ақ Орда мемлекетінің негізін қалаған хан (1226-1253), қолбасшы, Шыңғыс ханның немересі, Жошы ханның үлкен ұлы. О.-Е. 1236-1242 жж. моңғолдардың батысқа жасаған жорықтарына қатысты. Бату

Андриатика теңізіне, Орда Ежен Германия жерлеріне бөлініп, германдардың біріккен күштерін химиялық қару қолданып, тас-талқан еткен. Жошы ұлысының сол қанатын билеген О.-Е. інілерімен қосылып Алтын Орда құрамына енетін автономиялы мемлекетін құрды. О.-Е. өз беделінің күштілігіне қарамастан інісі Батудың әкесінің орны – Алтын Орда тағына отыруын қолдады. Қарақорымда Күйікті ұлы хан көтерген құрылтайға Жошы әулеті атынан қатысты. Осы жиында Шыңғыс хан ұрпақтарының үлкендері ретінде Мөңке екеуі бірігіп, көтеріліске шыққандардың ісін тексеріп, жазаға тартты. О.-Е-нің саяси рөлі тек Жошы ұлысында ғана емес, бүкіл Монғол империясында жоғары болды. Рашид әд-Диннің айтуы бойынша, Алтын Орда билеушісі ресми түрде Бату болғанымен, Мөңке хан Шыңғыс хан империясының атынан өзі шығарған үкімдері мен жарлықтарында О.-Е-нің атын Батудан бұрын қойған. О.-Е. өлген соң оның орнына төртінші ұлы Күнқыран отырды.

М. Сейтжанов

Орманбек Мәсімғазы (1938, ҚХР) 1963 ж. елге оралып, Қарағанды обл. Жезді ауд. «Байқоңыр» кеңшарында шопан болған. Әр жүз саулықтан 100-120-дан қозы алып, жүздік шопан атанған. Көп жылғы жемісті еңбегі үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» және «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. 1992 ж. шаруа қожалығын құрып, ата кәсібімізді жалғастыруда.

«Орман-тоғайды және жануарлар дүниесін қорғау жөнінде Ұлытау шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі. Негізі 1938 ж. қаланған. Оған дейін Қазалы ауд. орман-тоғай шаруашылығының қарауында болды. Ұжымға орман-тоғайларды, жануарлар дүниесін қорғаумен қатар оларды қалпына келтіру, көбейту жұмыстарын ұйымдастыру міндеттері жүктелген. 2015 ж. 30 адам еңбек етті, олардың 14-і – орманшылар.

Ұлытау шаруашылығының қызмет ететін аум. – мемл. орман қорына кіретін орманды-тоғайлы 58912 га жер, оның 7914 га орман-тоғай өседі. Ерекше қорғалатын аймақ Ұлытау орманды алқабында орналасқан Ұлытау мемл. табиғи (зоологиялық) қорықшасы болып табылады. Оның кел. – 19300 га. ҚазКСР Үкіметі 1971 ж. 7 желтоқсандағы №672 қаулысымен оны қоғамдық негіздегі қорықша деп жариялаған. Ғыл. орындардың және жұртшылықтың ұсыныстарына сәйкес, ҚазКСР Министрлер Кеңесі 1986 ж. 17 ақпандағы №69 қаулысымен Ұлытаудағы қорықшаға респ. маңызды мемл. табиғи қорықша мәртебесін берді. Онда жұмысты ұйымдастыру Орман шаруашылығы министрлігінің жергілікті орман шаруашылығы мекемесіне жүктелген.

Ұлытау орман-тоғайлы ауданында түрлі малазықтық, көркемдік, дәрілік, жеміс беретін, басқа да пайдасы бар 930 өсімдік түрі өседі. Оның 100-ден астамы – құнарлы малазықтық өсімдік, 70-і – техникалық, 50 түрі – тамақтық, 68 түрі – дәрілік. Жойылып бара жатқан өсімдіктерден Ұлытауда түймешетен, тікен түкті мыңжапырақ, өте сирек кездесетін қазақтың күреңі, үш тарамды сетер, шаш тәрізді қырыққұлақ өседі. «Қызыл кітапқа» енгізілген шренк тобылғысын тек осында ғана кездестіреміз.

Ұлытау өңірінде сүтқоректілердің 100, 250-ге тарта құс, 20-дан астам балық түрлері тіршілік етеді. Елімізде азайып, жоғалып бара жатқан аңдардың 19 түрі «Қызыл кітапқа» енгізілген. Олардың ішінде өңірде аракідік кездесетін қарақұйрық, елік, үш башайлы ергежейлі қосаяқ, бес башайлы қосаяқ, шұбар күзен, селевиния тышқаны бар екенін айтуға болады. Ал аңдардан арқар, құлан, жолбарыс, құстардан ұлар түр ретінде жойылып кеткен.

Ұлытауды халқымыз тәу ететін туристік орт-қа айналдыру міндеті орман-тоғай және жануарлар әлемін қорғау, қалпына келтіру, өркендету жөніндегі жаңа көзқараспен, серпінді жұмыс істеуді талап етеді.

С. Қазанғапов

Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы. Экспедиция төм. палеолит ескерткіштерінен бастап, ор-

тағасырлық қалалар өркениеті ошақтарын зерттеді. Ол 1946 ж. ҚР ҒА Тарих, археология және этнография инст-да құрылған. Жетекшілері: 1946-1975 жж. – Ә. Марғұлан, 1976-1981 жж. – М. Қадырбаев, 1982-1985 жж. – Ж. Құрманқұлов. 1986-1989 жж. – С. Ақынжанов. 1990 ж. бастап Ж. Құрманқұлов болды.

1946-1947 жж. барлау жұмыстарының нәтижесінде Сарысу, Сарыкеңгір, Қаракеңгір, Жезді өз. бойынан адамзат тарихының әрбір кезеңінен қалған тарихи ескерткіштерді ашты. Ұлытау жеріндегі тас мүсін кешендері, кірпішпен әсемдеп өрілген қазақ мазарлары табылды. Сол сияқты ерте заманнан бастау алған Уанас, Хан жолы, Сарысу өз. бойымен жүретін керуен жолдарының бағыттары анықталды.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Орталық Қазақстандағы көне заманғы тау-кен ісі мен металл өндірісі б.з.д. IV мыңжылдықтан басталған. Ұлытау өңіріндегі түсті металл кендерінің көптігі және олардың жер бетіне таяу жатуы осы өлкені мекендеген аңшы, малшы тайпалардың металл өндіруіне мүмкіндік туғызды. Акад. Ә. Марғұланның пайымдауынша, алғашқы металл ошаққа қаланған тастардан балқыған. Тау-кен және металл өндірісі жеке кәсіп болып б.з.д. II мыңжылдықта кең өріс алды. Осы кезде мыс пен қалайыны, мышьякты, т.б. металдарды белгілі бір мөлшерде қосып қорытып, тұрмысқа қолдануға ыңғайлы, тастан гөрі төзімді, балқыту температурасы төмен қоланы, б.з.д. I мыңжылдықтың басында темір балқытуды игерді. Бір ғана Жезқ-да ерте заманда 1 млн. тонна кен өндірілген. Көне кеншілер кен жыныстарының орналасуына байланысты түрлі тәсілдер қолданған. Қарапайым ашық шұңқырдан бастап, күрделі, терең штольнялар салған. Кейбір жерлерде қатты кварцитті үгу үшін отты қолданған. Кені бай тасты бос тастан сындырып ажыратқан. Егер отын болса, алғашқы күйдіруді де осында өткізген. Қоныс тұрғындары кенді үгіп, жуып, арнайы салынған пештерде балқытып, бұйымдар жасаған.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Орталық Қазақстанның қола дәуірі тайпалары – Андрон тарихи-мәдени қауымдастығының ең ірі бөлігі. Зерттеуші ғалымдар М.П. Грязнов, Ә. Марғұлан, К. Ақышев, Ә. Оразбаев, М. Қадырбаев, Ж. Құрманқұлов, В.В. Евдокимов, С. Жауымбаев, В.В. Варфоломеев, т.б. пікірінше, Орт. Қазақстанның қола дәуірі тайпалары өздері мекен еткен табиғи ортаға сәйкес мал шаруашылығы, кен өндіру, металл балқыту ісімен, өз. бойына салған егінімен, көркем де көлемді сәулет ғимараттарымен, тұрмыстық бұйымдары және тастарға салған өнер туындыларымен ерекшеленеді. Олардан сақталған елді мекендер, қорымдар, кен орындары, тастағы суреттер, ғибадат орындары Жезқазған-Ұлытау өңірінде көп кездеседі.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Орынбаев Қалдыбек (1927, Қостанай обл., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Досан қопасы а. – 2000. Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Аманкелді ауылд. округі) II дүниежүзілік соғыс жылдары ұжымшар қозысын баққан. Жұмыстың ауырлығы сондай, қозыны түсте кегендейді. Қозының басын ұстап, сәулықты саудырады. Ұлытау ауд. шағын «Бірлік» ұжымшары жазда 500 кг қойдың құртын дайындап жүрген. 1957 ж. аға шопан болды. Қой санын өз төлі есебінен көбейтіп, мемлекетке ет, жүн тапсыру жоспарын асыра орындап отырған. Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. КСРО ХШЖК медальдарының иегері.

Орыс (Ормамбет) хан Шымтайұлы (1310-1377) – Ақ Орда ханы. 1361-1376 жж. О.х. кезінде Ақ Орда Алтын Ордадан тәуелсіз хандық болып бөлінеді. Қадырғали Жалайырдың айтуынша, О.х. өз заманының қуатты да құдіретті, батыл билеушісі болған. Ол ең алдымен Ақ Орданың саяси тәуелсіздігін нығайтуға мейлінше күш жұмсаған. 1368-1369 жж. Сығанақта өз атынан теңге соқтырып, жаз кезінде Ұлытауда қоныстап, Ақ Орда мемлекетін біріктіріп, қуатын күшейткен.

Оның сыртқы саясаты негізінен Әмір Темірдің шапқыншылық жорығына қарсы бағытталды. Ал ішкі саясаты Ақ Орданың экономикасын өркендетіп, мемл. ел бірлігін нығайтуды көздеді. О.х. Алтын Орда тағы жолындағы күреске белсене қатысты. Осы мақсатта 1368 ж. Еділ бойына жорық жасап, 1374-1375 жж. Сарай-Беркені, Қажы-Тарханды (Астрахань) алып, Кама бұлғарларын бағындырады. Ал Әмір Темір XIV ғ. екінші жартысында Шығыс Дешті Қыпшақты, Жетісуды жаулап алу жорықтарын бастады, бұл соғыстар тұрғылықты халықты қатты дүрліктірді. 1374-1377 жж. Темір Тоқтамысты әскерімен Ақ Ордаға бірнеше рет жөнелтті. Сол шайқастардың бірінде (1376-1377) О.х. қаза болды. Ол қазақ елін біріктіріп, болашақ Қазақ мемлекетінің іргетасын қалауға зор үлес қосқан.

Оспанов Мақсұт Сәрсенбайұлы (28.09.1959, Ұлытау ауд., Ұлытау а.) Алматыдағы мемл. зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1987) бітірген. 1976 ж. «Ұлытау» кеңшарында мал дәрігері. 1983 ж. ауд. комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі, 1985 ж. ауаткомда бөлім меңгерушісі, 1987 ж. Алғабас ауылд. кеңесі аткомының төрағасы. 1989-1995 жж. «Терісаққан» кеңшарының бас мал дәрігері, 2000-2010 жж. Ұлытау аум. мал шаруашылығы инспекциясының бастығы. 1999-2000 жж. ауд. әкімінің мәдени-әлеум. сала бойынша орынбасары болды. 2010 ж. Ұлытау ауд. әкімінің а.ш. мәселелері бойынша орынбасары.

Оспанов Сәрсенбай (1927, Ақмола обл., Атбасар қ.) – қаржыгер. 13 жасында, 1940 ж. Ұлытау ауд. «Қызылшын» ұжымшарында байланыс бөлімінің меңгерушісі болып еңбек жолын бастайды. Өз бетімен оқып, ізденіп, бухгалтерия және есеп жүйесін еркін меңгереді. Біраз ұжымшарларда есепші, аға есепші болып еңбек еткен. 1964-1987 жж. «Ұлытау» кеңшарының, 1987-1991 жж. ауд. а.ш. басқармасының бас бухгалтері болған. 1979 және 1982 жж. АШМ кеңшарлардың бухгалтерия және есеп-қисап жұмысына жарияланған байқау-конкурсында жеңімпаз болған. Өлеңдер жинағын (2004) шығарған. Құрмет грамотасымен, бірнеше медальмен марапатталған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Оспанов Сейтқали (1913, Торғай обл., Денисов болысы – ө.ж.б.) – II дүниежүзілік соғыс ардагері. Қостанай қазақ педучилищесін (1940), ҚКП ОК жанындағы Алматы партия мектебін (1951) бітірген. 1945-1947 жж. Қостанай обл. ауд. партия комитеттерінде нұсқаушы, хатшы, екінші хатшы. 1953 ж. Ұзынкөл аупарткомының бірінші хатшысы болып сайланды. 1955-1958 жж. Қарағанды обл. Шет аупарткомында бірінші хатшы, 1958-1962 жж. Жезқ. аупарткомының бірінші хатшысы болды. Бірқатар жауынгерлік және еңбек орден-медальдарымен марапатталған.

Оспанов Өмірбек (1906, Қостанай обл., Федоров ауд., Чапаев ат. ұжымшар) – топырақ зерттеуші ғалым. ҚазКСР ҒА корр.-мүшесі (1962). ҚазКСР еңб. сің. ғыл. қайраткері. Геол.-минерал. ғыл. канд. (1937), К.А. Тимирязев ат. Топырақтану инст-да аспирант (1931-1936), КСРО ҒА Қазақ филиалында аға ғыл. қызметкер (1936), Жезқ. тәжірибе ст. директоры (1936-1942), КСРО ҒА Қазақ филиалы президиумы председателінің орынбасары. ҚазКСР ҒА Топырақтану және ботаника инст-нын директоры (1942-1945), ҚазКСР ҒА Топырақтану инст-ның директоры (1945-1968), осы инст-та аға ғыл. қызметкер (1968-1971), 1972 ж. бастап бөлім меңгерушісі. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталды.

Өксікбаев Өмірхан (1930, ОҚО, Қарсақбай ауд., Байқоңыр а. – 2006, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – шопан. ҰОС кезінде ұжымшар шопаны әкесі Өксікбайға көмекші болды. Кейін әке таяғын өзі алды. «Байқоңыр», Сәтбаев ат. кеңшарда аға шопан болды. Ленин (1986), екі мәрте Еңбек Қызыл Ту (1973, 1976) ордендерімен, «Үздік еңбегі үшін» және басқа бірнеше медальмен марапатталған. Бүкілодақтық ХШЖК қатысушысы және алтын, күміс, қола медальдарының иегері. ҚКП XV съезінде ҚКП ОК мүшесі болып сайланған.

Өмірбаев Сейтжан (1940, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Айыртау ауылкеңесі, Үлкенбұлақ а.) – мәдениет қайраткері. Орта мектеп бітірген соң «Ұлытау» кеңшарында жылқышы болды. Алматыдағы зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1969) бітірген. 1969-1999 жж. «Ұлытау» кеңшарының бас мал дәрігері, партком хатшысы, а.ш. өнімдерінің көлемі мен сапасын қадағалайтын ауд. инспекциясының бас инспекторы, мал бордақылау кәсіпорнының директоры, ауд. бас мал дәрігері, ауд. а.ш. басқармасы бастығының орынбасары, «Ұлытау» кеңшары сүт кешені-фермасының басқарушысы. 1999-2013 жж. «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштері мұражай-қорығының директоры болды. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Өрнек – Ұлытау ауд. Жезді кенттік округіне қарасты елді мекен. Ұлытаудан оңт-ке қарай 78 км жерде, Қарсақбай – Жезді тасжолының бойында, Бала Жезді өз. жағасында орналасқан. Бастапқыда Қарсақбай мыс зауытының жұмысшыларын ет-сүт азығымен қамтамасыз ету мақсатында негізі қаланған. Кеңес мемлекеті құлағанға дейін Жезқ. сүт заводын сүтпен қамтамасыз етіп отырған шаруашылықтардың бірі. Бүгінгі күні сегіз үйден тұратын ауылда бірнеше жеке шаруа қожалығы жұмыс істейді.

М. Сейтжанов

Өтеев Кәрібай (1909, Семей губ., Қарқаралы уезі, №1 а. – е.ж.б.) Қарқаралы зоотех.-малдәрігерлік техникумын (1932), ҚКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1950) бітірген. 1950-1954 жж. еңбекшілер депутаттары Қарқаралы ауд. кеңесі атком төрағасы, 1954 ж-дан 1960 ж. дейін еңбекшілер депутаттары Ұлытау ауд. кеңесі атком төрағасы. «Құрмет белгісі» орденімен, үш медальмен марапатталған.

Өткелбаев Серік Қойлыбайұлы (21.12.1955, Ұлытау ауд., 1 Май ауылкеңесі – 04.08.2008, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) Алматыдағы мемл. зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1978) бітірген. 1978 ж. Ұлытау ауд. малдәрігерлік ст. бас дәрігерінің орынбасары, 1979 ж. «Ұлытау» кеңшарының бас мал дәрігері. 1983-1995 жж. Аманкелді ат. кеңшардың партком хатшысы, «Шеңбер», «Ұлытау» кеңшарларының директоры. 1995-2007 жж. «Уткелбаев С.К.» шаруа қожалығын ұйымдастырып, жекеменшік шаруашылықтың тиімді жақтарын іс жүзінде көрсетті. 2007 ж. «Нұр Отан» ХДП ауд. бөлімшесі саяси кеңесі төрағасының бірінші орынбасары болып сайланды. ҚР Президентінің Алғыс хатымен марапатталған.

Пионер ауылы. Бұрынғы аты – Тоған. 1936 ж. мұнда мұрап Қыпшақбайдың басқаруымен қоларба, қапшықпен топырақ тасып, тоған тұрғызылған. 1956 ж. үкімет араласып, тоған қайта жөнделді. 1958-1959 жж. ауыл Пионер аталып, ферма орт-ғы болған. П. – қазір Ақтас кенттік округіне қарасты шағын ауыл. А-да 9 жылдық мектеп, кітапхана, дәрігерлік пункт жұмыс істейді. Бау-бақша егіліп, өнімдері нарықта сатылады.

Пирит (гр. pyrites lithos – отты тас) – ашық сары түсті, көбінесе текше кристалдар түрінде ұшырасатын минерал – темір сульфиді. Табиғатта ең жиі кездесетін сульфид болып табылады. Синонимі – күкіртті колчедан; темір колчеданы. Хим. формуласы: FeS_2 (Fe – 46,6%, S – 53,4%). Минералдың құрамына қоспа түрінде Cu, Au, As, Te, Se, т.б. кіреді. Кубтық сингонияда кристалданып, куб, октаэдр, куб-октаэдр, т.б. кристалдар түзеді. Түсі қоладай сары, жылтырлығы металл типтес, сызығы қара көк, жымдастығы нашар жетілген; қаттылығы – 6-6,5, тығызд. – 5 г/см^3, морт.

П. – жер қыртысында ең көп таралған минералдардың бірі, жаратылысы эндогенді, экзогенді, метаморфты; электр тоғын нашар өткізеді. Магмалық жыныстарда, скарндарда, гидротермалық желілерде халькопирит, ал колчедандық және полиметалл кендерінде галенит, сфалерит, арсенопирит, солғын кентастармен бірге шоғырланады. П. күкірт қышқылын ($H2SO_4$) алуда қолданылады. Қазақстанда Бозшакөл, Ешкіөлмес, Жәйрем, Зырянов, Қоңырат, Ырғыз, т.б. кен орындарында кездеседі.

Плано Карпини – қазақ жері туралы құнды мәліметтер жинақтаған италиялық саяхатшы. Шыңғыс хан әскерінің Еуропаға басып кіруінен қауіптенген Рим папасы Иннокентий IV 1245 ж. П.К. бастаған миссионерлерді Шыңғыс хан империясына жібереді. Олардың мақсаты түрлі мағлұматтар жинау және христиан дінін уағыздау болды. П.К. Еділ өз. бойындағы Бату хан ордасына соғып, одан ары Хорезм, Жетісу және Тарбағатай арқылы Моңғолиядағы Ұлы хан ордасына жетеді. Онда төрт айға жуық болып, Күйік ханның таққа отыру салтанатына қатысады.

П.К. Орт. Азия, оның ішінде Ұлытау тұрғындарының тарихы, тұрмыс-салты, әскери күші, т.б. жөнінде маңызды мағлұматтар қалдырған. 1247 ж. кері оралған П.К. Күйік ханның хаты мен өзінің сапары жөніндегі есебін Иннокентий IV-ге тапсырады. Бұл латынша жазылған «Libellus historicus» аталатын шығармасында Сырдария жазығындағы Отырар, Сауран, Баркент, Янгикент, Жент, Ашнас, т.б. қ-лар туралы, жалпы Қазақстанға қатысты құнды деректер бар.

Подчиненов Владимир Васильевич (1942-2011) – фотограф-кинооператор. «Отырар – Ұлытау. Кіші Жібек жолы» халықар. «Алтай – Дунай» тарихи-этнограф. экспедицияларының белсенді мүшесі. «Встреча с мужеством», «Трудная руда» (Мәскеу) фильмдері әуесқой режиссерлердің Бүкілодақтық конкурсына қатысқан. «Остановка запрещена» (авторлары – В. Подчиненов, О. Кундиков, Я. Рудаков) фильмі кәсіпқой емес кинематографтардың Европалық конкурсында (Баден-Баден, 1989) қола жүлдегер атанған. 2002 ж. жеке фотокөрмесі өткен.

Р

Райымбек Әбулақап (1923) – ақын, филология ғыл. канд. ҚазМУ-дің журналистика фак-ін бітірген (1958). 1958-1963 жж. Ұлытау ауд. «Шеңбер» кеңшарында, Жезқ. кенішінде, №22 кәсіптік училищеде мұғалім, тәрбиеші-оқытушы болды. ҚазМУ-дің аспирантурасына түсіп (1963), «Жұмысшы табы қазақ кеңес поэзиясында» деген тақырыпта канд. дисс. қорғады (1966). 1966-1986 жж. Ташкент пединст-да оқытушы, ҚазКСР ҒА Әдебиет және өнер инст-ның ғыл. қызметкері, ҚазМУ-дің журналистика фак-нің доценті. 100-ден астам зерттеулер мен сын мақалалардың (оның ішінде 2 монография) авторы. «Жез қазғандар» (1961), «Тау ұлы» (1963), «Жездария» (1969), «Құрыш білек» (1975), «Құштар көңіл» (1983), «Жұлдыздарым» (1989), «Кешіккен махаббат» (1991), «Арман махаббат» (Таңдамалы, 1995) жыр жинақтарының авторы.

Райымбеков Ахат (15.03.1926, Ақмола обл., Қарсақбай болысы, Нарсай өз. бойы, Маубас а. – 25.02.2009, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – агроном, педагог. Қапланбек а.ш. техникумын (1960), Қарағанды пединст-ын (1968) бітірген. 1942-1976 жж. Ұлытау өңіріндегі ұжымшарларда есепші, ұжымшар басқармасының төрағасы, бас агроном. «Шеңбер», Аманкелді ат. кеңшарлардың, Қарсақбай №183 селолық кәсіптік-техн. училищесінің директоры. «Қазақ тілі» қоғамы Жезді ауд. ұйымы басқармасының төрағасы (1996). «Құрмет белгісі» орденімен, «Тың игергені үшін» (1956), «Ерлік еңбег. үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» (1970) және басқа медальдармен марапатталған. Есімі ҚазКСР «Алтын кітабына» жазылған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Рақымбекова Зифа Мәтенқызы (07.07.1940) – Ұлытаудың түлегі, техн. ғыл. докт. (1997), проф. (2001). Халықар. ақпараттандыру академиясының акад. (1998). Қарағанды политех. инст-ын (1963) бітірген. 1973 ж. бастап Қазақ политех. инст-да ғыл.-пед. қызметтермен айналысты. «Нелинейные стержневые мимтемы за пределом упругости» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Нәтижелері құрылыста, өнеркәсіп орындарында іс жүзінде қолданыс тапты. Материалдар кедергісі тақырыбы бойынша жоғары оқу орындарына арналған қазақ тіліндегі оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Ұлытау табиғаты, өсімдік әлемі, ауа райы, оның адамға әсері жайлы зерттеулері бар («Серебряная нить», Караганды, 2001).

Ранов Нәби Ранұлы (1938, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Қарсақбай қалашығы – 1991, Жезқ. обл., Жезқ. қ.) – ҚазКСР еңб. сің. дәрігері. Еңбек жолын 1962 ж. Ұлытау ауд. «Байқоңыр» кеңшары Қарақұм учаскелік ауруханасының бас дәрігері қызметінен бастаған. 1972-1991 жж. «Жезқазғантүстімет» ҒӨБ-не қарасты санаторий-профилакториясының бас дәрігері. «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісімен (1985) марапатталған. Жезқ. қ-да Р. атында көше бар.

Рахметов Жұмаш Рахметұлы (1919) II дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Қызыл Армия қатарына Қарсақбай ауд. әскери комиссариаты 1939 ж. шақырған. Сызрань танк училищесін бітірген. ҰОС-на бірінші күннен Батыс Брянск және Калинин майдандарында қатысқан. I гвардиялық танк бригадасы I танк батальоны Т-34 танк ротасының командирі. Гвардия аға лейтенанты. Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған.

Р-тың жеке жауынгерлік есебінде жойылған неміcтің 4 танкісі, түрлі калибрлі 15 атыс құралы, 36 ДЗОТ, 6 миномет, 19 пулемет, 300-ге тарта фашист офицерлері мен солдаттары болды. 1942 ж. 24 желтоқсанда Варениста с. үшін айқаста жау снаряды танкісіне тура түсіп, батырларша қаза болды. Ерлігі және батырлығы үшін гвардия аға лейтенанты Р. Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған.

Рахметов Шамхан Қыстауұлы (1943, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Байқоңыр а.) – ҚР Журналистер одағының мүшесі. Еңбек жолын 1960 ж. «Қазмысқұрлыс» тресінде құрылысшы болып бастаған. Жұмыс істей жүріп №3 жұмысшы жастар мектебін тәмамдаған. 1965 ж. Жезді ауд. «Октябрь туы» газетінде тілші, аға тілші. ҚазМУ-дің филология фак-ін (1972), Алматы Жоғары партия мектебін (1985) бітірген. 1970 ж. Жезқ. телестудиясында диктор, аға редактор, обл. радионың бас редакторы болып қызмет атқарған. Ұлытау өңірі және тұлғалары туралы «Сағындым өздеріңді, ағаларым», «Сағындырды сағым жылдар», «Бірлігі жарасып, береке дарыған ауыл», т.б. кітаптары бар.

Рахымбеков Сыздық (1914, Қарағанды обл., Қарқаралы ауд. – ө.ж.б.) 1932 ж. еңбек жолын іс жүргізушіден бастаған. Алматы обл. Қоңырат кенішіндегі геол.-барлау секторында партия комитетін басқарған. 1940 ж. Қарағанды облпарткомының жауапты қызметкері. 1947 ж. Қу аупарткомының екінші хатшысы болып сайланған. 1951-1954 жж. Ұлытау аупарткомының бірінші хатшысы. Екі орденмен, үш медальмен марапатталған.

Рахымбеков Матен Рахымбекұлы (1912, Ақмола обл., Атбасар уезі, Терісаққан болысы, ө.ж.б.) – техн. ғыл. канд. Жасынан жетім қалып, Атбасар қ-ғы балалар үйінде тәрбиеленіп, Омбы, Қызылорда қ-да мектеп-коммунада оқыды. Мәскеу тау-кен инст-ын (1940) бітірген. Қарағанды қ. Костенко ат. шахтада учаске бастығы, №31 шахтаның бас инженерінің орынбасары болды. 1941 ж. шілдеде Қызыл Армия қатарына алынып, ҰОС-на бастан-аяқ қатысты. 1945 ж. «Ленгеруголь» тресінде №2 шахтаның бастығы, 1947 ж. «Карагандауголь» комбинатының №3 шахтасында бас инженер, 1951 ж. №31 шахтаға директор болып тағайындалды. С. Макаровтың комбайнын және кеңінен қамтитын «Донбасс» типті комбайндарды өнд-ке енгізді. 1957 ж. «Ленинуголь» тресіндегі №37 шахтаға бастық болып бекітілді. Аз уақыт ішінде артта қалған кәсіпорынды озаттар қатарына қосып, 1958 ж. рекордты 10950 т, одан кейін «Донбасс» комбайнымен 30 күн ішінде 33517 т көмір өндіруге қол жеткізді. «Абайуголь» тресін басқарған уақытта күрделі тау-кен геол. жағдайындағы көмір қабаттарын игеру үшін өз заманындағы озық ұйымдастыру шараларын іске асырды. Жауынгерлік және еңбектегі үздік жетістіктері үшін Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Рахымжанов Ібіжан (04.1912, Қарағанды обл., Нұра ауд., Майоровка а. – ө.ж.б.) 1930 ж. «Теміржолқұрылыстың» кеңсесіне табельші болып жұмысқа қабылданған. Коммунистік жоғары а.ш. мектебін аяқтаған соң ұжымшар кадрларын қайта даярлау мектебінде оқытушы болды, комсомол, кеңес, партия орындарында жауапты қызмет атқарды. 1941-1953 жж. Қу, Қарқаралы, Ворошилов, Жаңаарқа аупарткомдарының бірінші хатшысы, 1953 ж. тамыз айында Қарағанды облпарткомының екін-

ші хатшысы болып сайланды. 1954 ж. сәуірінен кеңес қызметінде. Ворошилов ауд., Қарағанды қ. Киров ауд. кеңестері атком төрағасы. 1960-1962 жж. Ұлытау аупарткомының бірінші хатшысы болып қызмет етті. Ленин, I дәрежелі «Отан соғысы», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Рахымов Әбіл (1905, Семей губ., Павлодар уезі, Шаяшан болысы, №1 а. – ө.ж.б.) ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесі және ҚКП ОК жанындағы курстарды бітірген. Еңбек жолын 1919 ж. Павлодар обл. Екібастұз қорғасын заводында жұмысшыдан бастаған. 1931 ж. Қарағанды қ-ғы шахта кәсіподақ комитетінің төрағасы, шахта партия ұйымдарының хатшысы, шахта бастығының көмекшісі, Қарағанды облпарткомы партколлегия хатшысы.

1940 ж. қаңтарынан 1946 ж. тамызына дейін еңбекшілер депутаттары Ұлытау ауд. кеңесі атком төрағасы болып қызмет атқарды. 1946 ж. қыркүйекте Қу ауд. атком төрағасы болып сайланған. «Құрмет белгісі» орденімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Рашит-әд-Дін, Фазлаллах ибн Абуль-Хайр Хамадани (1247, Хамадан – 18.07.1318, Тебриз) – иран тарихшысы және мемлекет қайраткері. Құлагу әулетіне жататын Абаға хан тұсында (1265-1282) қызметке араласқан. 1298-1317 ж. Иранды билеген моңғол хандары Ғазан хан мен Ұлжайту ханның уәзірі болды. Ғазан ханның реформасын жүзеге асырды. Медицина саласында да үлкен білімдарлық танытып, мемлекет қайраткері ретінде жан-жақты қабілеттілік көрсетті. Оның алым-салық саясаты елдің экономикасын қайта жандандыруға бағытталды. Уәзір болған кезінде ірі жер иеленушіге айналды. Ол ұлы жер-жерде өз алдына билік құрды. Р.-ә.-Д. діни ғұлама, энциклопедист ғалым, дәрігер, ботаник әрі табиғаттанушы болды. Агро және құрылыс техникасы жөніндегі энциклопедия «Китаб-уль-ахи-уа-ль-асар» мен мұсылман (суннит) теологиясы бойынша 4 трактат жазған. Оның еңбектерінің ішіндегі ең құндысы – 3 томнан тұратын, бізге жетпеген, тарихи деректер негізінде жазылған «Жамиғ ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы»). Р.-ә.-Д. Абу-Саид Бағыадыр хан тұсында биліктен тайдырылып (1317), кейіннен Ұлжайту ханға қастандық жасады деген жаламен өлім жазасына кесілді. Р.-ә.-Д. еңбектері ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеуде құнды дерек болып табылады.

М. Сейтжанов

Рубрук Вильгелм (1215-1293) – фламанд саяхатшысы, монах. 1235-1255 жж. француз королі Людовик IX жіберген дипломатиялық елшілікті басқарып, Моңғолияға сапарға шықты. Р. Франциядан шығып, Палестина, Константинополь, Қырым, Дон далалары, Орт. Азия аумағы арқылы Орт. Моңғолияға жетті. 1254 ж. Қарақорымға келіп, қайтар жолында Кавказ бен Кіші Азияны басып өтті. Р. шығармаларында өзі болған аймақтардың географиясы, соның ішінде түркі халықтарының, қазақтардың ежелгі тайпаларының тарихы, этнографиясы туралы жан-жақты деректер баяндалды.

Рысбеков Қанай Бақытұлы (01.01. 1973, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., 1 Май ауылкеңесі) – техн. ғыл. канд., Халықар. ақпараттандыру академиясының акад., жас ғалымдарға арналған мемл. стипендия иегері (2000-2002). Қазақ ұлттық техн. Универс-нің тау-кен фак-ін маркшейдерлік іс мамандығы (1995) бойынша бітірген. 1995-1997 жж. ҚҰТУ-де оқытушы-стажер, аспирант, 2009 ж. маркшейдерлік іс, геодезия кафедрасының доценті. Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің Тау-кен технологиясы инст. директорының орынбасары (2008), директоры (2011) болған. Бірнеше автормен бірге жазған 1 оқулықтың, «Экологиялық энциклопедияның», «География және геодезия түсіндірме сөздігінің» және 60-тан астам ғыл. еңбектің, 25 әдістемелік нұсқаулықтың авторы.

Сағадиева Шәрипа Құсайынқызы (19.08.1945, Семей обл., Үржар ауд., Науалы а.) – биология ғыл. канд., доцент. Қайта құру жылдары №1 Ұлытау орта мектебінің директоры болды. Бұл жауапты міндетті зейнеткерлікке шыққанша 27 жыл атқарды. Мектептің оқу-материалдық қоры ныгайды, оқу процесіне инновациялық жаңа технологиялар енгізілді, мектепті бітірген жастар шет елдегі атақты оқу орындарына түсуге тәуекел ете бастады. №1 Ұлытау орта мектебі обл. маңызы бар ресурстық орт. болды. Шәкірттерді елін, жерін сүюге тәрбиелеуге бағытталған «Ұлытау энциклопедиясы» атты бағдарлама жасап, іске қосты. Астана, Алматы қ-да өткен ғыл.-практикалық жиындарда жасаған «Мектебіміздің жаңа даму жолы», «Даму жолындағы ауыл мектептерінің ерекшеліктері» атты баяндамалары ғыл.-көпшілік ортада қызығушылық туғызды. Жарияланған 14 ғыл. еңбегі бар.

Сағана там – *(Мақат сағанасын қараңыз).*

Сағатов Сәрсен Сейткенұлы (01.11. 1961, Қарағанды обл., Жезк. ауд., Қарсақбай кенті) Жезқ. тау-кен техникумын (1977), Е. Букетов ат. ҚарМУ-ін (1994) бітірген. Электротехник, құқықтанушы. 1981-1994 жж. БКМК Шығыс Қоңырат кенішінде, Жезқ. кешенді геол. кен-барлау экспедициясында электрмен дәнекерлеуші, әскери борышын өтеп жүргенде Солт. Әскери-Теңіз флотының инженерлік бөлімінде маман. 1995-2000 жж. Қарағанды обл. Жезқ., Сәтбаев қ. прокуратураларында жауапты қызметте. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың 2005 ж. Жарлығымен Ұлытау ауд. судьясы болып тағайындалған. 2009 ж. Ұлытау ауд. №2 ауд. сотының төрағасы, 2013 ж. сәуірінен Ұлытау ауд. сотының төрағасы. Мемл. марапаттары бар.

Сағынбаев Әне (1906, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Сарлық а. – 1985, Жезқ. обл., Ұлытау ауд., Аманкелді ат. кеңшар) Сарлық табанында ұйымдастырылған «Бірлік» ұжымшарының басшысы болған. Кейін Ұлытау ауд. бірқатар ұжымшарларда төраға болып қызмет еткен. Ағаштан түйін түйген шебер. Киіз үй сүйектерін (шаңырақ, кереге, уық, есіктерін), қамшы, ер-тұрман жасаған. «Әне айтты» деген күлдіргі сықақ әңгімелері ел аузында айтылып жүр. Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайында тұрған Бабыр бидің шапаны С-тың үйінде сақталған. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Садықов Жақия (1942, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., 1 Май ауылкеңесі) еңбек жолын 1958 ж. «Шеңбер» кеңшарында автокөлік жүргізушісі болып бастаған. 1965-1974 жж. Аманкелді ат. кеңшарда

автомеханик, автогараж меңгерушісі, партия-шаруашылық жұмысында басшылық қызметте болды. 1992-1997 жж. Ұлытау ауд. әкімшілігі басшысының, әкімнің орынбасары, Ұлытау ауылд. округінің әкімі, ауд. мәдениет бөлімінің меңгерушісі болды. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Садықова Мәрбан (Махарбану) Сәкенқызы (08.03.1926, Қарқаралы – 20.07.2004) – тыл ардагері. Ұлытау ауд. тұрмыс мәдениетін көтеруге, отбасылық құндылықтарын жаңғыртуға, бала тәрбиесіне ауыл әйелдері кеңесінің қатарында белсене қатысқан. Ауд-да жинақтау банк саласында қызмет етті, кейін зейнеткерлікке шыққанша балабақша меңгерушісі болды. Көп балалы ана. КСРО-ның бірқатар мемл. марапаттарына ие болған.

Сазымбай – Ұлытау ауд. батысындағы құм. Оңт-тен солт-ке қарай Баскөл соры мен Сазымбай мекені арасында 20 км-ге созылып жатыр. Ені – 10 км, ауд. – 190 км². Рельефі жалды, төбелі-қырқалы келеді. Жусан, теріскен, еркекшөп, бұталар өседі. Жайылымға және мал қыстауға пайдаланылады.

Сайранбаева Шәрипа (1942, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) №1 Ұлытау орта мектебін бітірген соң осы мектептің тігін шеберханасында ұстаздық еткен. Талай жастың талантын ұштап, әдемі, жарасымды киім тігуге баулыған. 1965-1991 жж. ауд. тұтынушылар қоғамы одағы жүйесінде қызметте: сатушы, қойма меңгерушісі, асхана меңгерушісі. Кеңес тұтынушылар кооперациясының үздігі (1972). Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін кәсіпкерлікке бет бұрды. Ұлытау а-да «Құндыз» дәмханасын ашты. Даяшылары кішіпейіл, аспаздары шебер, тамағы аса дәмді бұл кәсіпорынның жұмысына тұрғындар риза. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Сакипов Қайрат Зәріпбайұлы (21.05.1961, Өзбекстан Республикасы, Қарақалпақ автоном. обл.) – Алматыдағы Желтоқсан оқиғасына (1986) қатысушы («Егемен Қазақстан» газеті, №2006, 13 желтоқсан). Алматы зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1988) бітірген, ғалым-зоотехник. (1989) Ұлытау ауд. а.ш. басқармасының сектор меңгерушісі.

Сақабаев Арыс (1905, Ақмола губ., Атбасар уезі, Қаракеңгір болысы – 1970, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., «Қаракеңгір» кеншары) 1916 ж. Қарсақбай мыс комбинатына жұмыскер болып кірді. Білімге құмарлығын байқаған болыс басқарушысы оны Ақмоладағы оқытушылар дайындайтын курсқа жіберді. 1920 ж. қазіргі Қаракеңгір ауылд. округі аумағындағы Шашты елді мекеніне мұғалім болып тағайындалды. Үлгілі, Айыртау, Амангелді, Қарсақбай а-ғы және басқа мектептерде 40 жылдан астам ұстаздық етті. Мемл. марапаттары бар.

Әдеб.: «Мысты өңір», 29 шілде. 2005 ж.

Салқауов Смағзам Әбсейітұлы (1934, ОҚО, Қарсақбай ауд., Байқоңыр а. – 2005, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – металлург. Қарсақбай мыс қорыту заводына 17 жасында электрик болып жұмысқа түсті. Жұмысшы жастар мектебінде оқып, орта білім алды. 1951-1968 жж. Қарсақбай мыс заводында шихта тиеуші болып жұмыс істеген. Жезқ. мыс қорыту заводында анод пештерінің балқытушысы болып (1969-1991) еңбек етіп, бірнеше рет «Өз мамандығының үздігі» атан-

ды. Әріптестері арасында абыройлы болды. «Құрмет белгісі», III дәрежелі «Еңбек даңқы» ордендерімен марапатталған. КСРО Жоғарғы Кеңесіне (1974) депутат болып сайланған.

Салықов Кәкімбек (22.01.1932, СҚО, Шал ақын ауд., Еңбек а. – 27.11.2013, Астана қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, ақын. 1955 ж. Мәскеу түсті металлургия және алтын инст-ын бітіргеннен кейін Жезқ. кенішінде кен шебері, телім, шахта бастығы, Қ. Сәтбаев ат. ЖКМК парткомының хатшысы, ҚКП Жезқ. қ. комитетінің бірінші хатшысы,

Жезқ. обл. партия комитетінің екінші хатшысы. 1975 ж. КОКП ОК аппаратында инспектор болып қызмет істейді. 1984 ж. Өзбекстан КП ОК бюро мүшесі, Қарақалпақ обл. партия комитетінің бірінші хатшысы, одан кейін КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Экология комитетінің төрағасы, Жоғарғы Кеңестің Президиум мүшесі болды. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесіне үш мәрте (IX, X, XI) депутат болып сайланған. Халықар. Қ. Сәтбаев қорының президенті, ҚР Экология академиясының акад.

Алғашқы өлендер жинағы «Сыр» 1970 ж. баспадан шыққан. Замандастарының жасампаз еңбегі, адам мен табиғат бірлігінің жарасымдылығы, елге, жерге, Ұлытауға деген махаббаты өлен-жырларының негізгі арқауы болды. «Жезкиік» (1973), «Нұрлы күндер» (1976), «Жұлдызды жылдар тынысы» (1978), т.б. отызға жуық кітабы жарық көрді. Ленин, екі Еңбек Қызыл Ту, ҚР «Достық» және «Парасат» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (2001).

Сандыбаев Хасен Қасқабайұлы (1870, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы, №5 а. – ө.ж.б.) – 1916 ж. жарияланған Бағаналы хандығының ханы. С. патшаның жазалаушы отрядтарына қарсы айқасқа елін бастай білген. Көтеріліс жылдары оның қарауындағы сарбаздар 7 мыңнан асты. Ресейде Ақпан төңкерісі болып, уақытша Үкімет билікке келгенде, 1917 ж. 15 маусымда С. бастаған бір топ танымал азаматтар Петербургтегі Мемл. Дума төрағасының атына жеделхат жөнелтіп, өз тілектері мен ұсыныстарын жеткізген.

1917-1918 жж. хандық жалпы қазақ даласы сияқты Жезқазған-Ұлытау өңірінде де тұрақсыздық жайлаған сындарлы кезеңде елге қорған болды. 1918 ж. қарашада Ақмешіттегі Кеңес өкіметінің комиссары Поддорогин мен Сандыбаев келісім-шартқа отырып, оңт-тегі қазақтарға көмек ретінде 150 түйемен азық тиелген керуен жөнелткен. 1919 ж. қарашада Кеңес өкіметінің атынан С. Шәріпов Бағаналы хандығын таратқаннан кейін С. қарапайым ауыл қазағының тірлігіне көшкен. С. 1929 ж. 15 наурызда «бұрынғы хан» деп айыпталып, бүкіл отбасымен Қазақстаннан басқа жаққа жер аударылған. Одан кейінгі тағдыры белгісіз.

Ө. Бекмағанбетов

Сандыбай – Арғанаты тауларының солт.-шығысындағы оқшау тау. Ұлытау ауд. Терісаққан а-ның оңт-де 17 км жерде орналасқан. Абс. биікт. – 543 м. Солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 3,5 км-ге созылған, ені – 1,5 км. Солт. беткейі тіктеу, оңт-ке қарай еңістеніп, ұсақ шоқыларға ұласады. Батысынан Ұлжан, шығысынан Терісаққан өз. ағады. Бозғылт қоңыр топырақ жамылғысында бұта аралас қылқан селеу, сұлыбас, қылша, көкпек, дегелең өседі.

Сандыбай батыр (1740-1815) – бағаналының төрт босағасының жасы үлкені. Талай рет қол бастап, жоңғар басқыншыларының шебін бұзып, жеңіске жеткен. 15 жасында қалмақ шеріі Нұртаймен жекпе-жекке шығып, басын алған батыр. Соған риза болған Барлыбай хан: «Ұраның бабаң ер Қаптағай болса, сен оны ақтадың. Енді ұраның да, атың да батыр Сандыбай болсын», – деп батасын берген. С.б. Терісаққан а-нан 17 км жердегі биік адырға жерленген. Оны бүгін Сандыбай тауы деп атайды.

Сандықтау – Ұлытаудың онт.-батысындағы үстіртті қырат. Білеуті өз. аңғары, батыста Мойынқұм, оңт-те Арысқұм ойпатымен қоршалған. Абс. биікт. – 281 м. Жоғ. девон және төм. тас көмір жүйесінің жыныстарынан түзілген. Сортаңданған қоңыр топырақта жусан, еркекшөп, бұйырғын, баялыш өседі.

Сансызбаев Манарбек Келесбекұлы (06.04.1968, Қарағанды обл., Жезді ауд., Жезді кенті – 1987, Ауғанстан, Бағлан елді мекені) Жездідегі №5 орыс орта мектебінде 8 жылдық білім алып, Қарсақбай кентіндегі кәсіптік-техн. училищені жүргізуші мамандығы бойынша тәмамдаған. 1986 ж. 11 қазанда КСРО Қарулы Күштері қатарына міндетті әскери қызметке Жездіден шақырылған. Өзбекстанның Термез қ-да екі ай атқыштар полкінде даярлық сынынан өтіп, 1986 ж. желтоқсан айында Ауғанстанға келіп түседі. Бөлімше құрамында 12 рет қару-жарақ пен азық-түлік тасымалдауға қатысқан. Бірнеше мәрте колоннаға қарсыластардың жасаған шабуылын тойтаруға қатысып, батылдық пен қайсарлықтың үлгісін көрсеткен. 1987 ж. 26 тамызында Пули – Хумри – Кундуз бағытында колоннаның құрамында жүріп, Бағлан елді мекенінде қарсыластардың шабуылына ұшырайды. Қанқұйлы ұрыста жараланып, қаза табады. 1988 ж. 26 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығы бойынша Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған. Жезді кентінің №5 және №6 орта мектептерінде С-тың есімін кейінгі ұрпаққа үлгі ету мақсатында мемориалдық тақталар ілінді. Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 50 жылдығы мерекесі қарсаңында С. туған Жезді кентіндегі көшеге оның есімі берілді.

Саринов Әшім Сарыұлы (13.12. 1932, ОҚО, Қарсақбай ауд., Жезді а. – 2003, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – инженер-кенші. Қазақ кен-металлургия инст-ын (1956) бітірген. Бүкіл саналы өмірі Жезді марганец кен басқармасымен тікелей байланысты. Еңбек

жолын №5 шахтада қатардағы кен инженерінен бастап, барлық өндіріс буындарынан өтіп, кен басқармасының директоры болып тағайындалды. Өзі туған Жезді кентін көркейтуге, кен басқармасының қуатын арттырып, еңбек адамдарының өмір сапасын жақсартуға көңіл бөлген. «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған. «Шахтер даңқы» орденінің барлық дәрежесінің иегері, Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Сарлық – Ұлытау ауд. ауыл, Амангелді ауылд. округінің орт-ғы. Ауд. орт-ғы – Ұлытау а-нан солт.-батысқа қарай 32 км жерде орналасқан. Тұрғыны – 0,2 мың адам (2015). Іргесі 1957 ж. қой өсіретін Амангелді ат. кеңшардың құрылуына байланысты қаланған. А-да 1996 ж. кеңшар негізінде құрылған шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

Сарханов Хәкімжан Ахметжанұлы (1951, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті) Ж. Жабаев ат. Қарсақбай орта мектебін (1968), Алматы зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1974) үздік бітірген. 1974-1991 жж. Жезқ. обл. а.ш. басқармасында аға маман, Жезқ. обл.

а.ш. тәжірибе ст-да аға ғыл. қызметкер, бөлім бастығы, обл. мал тұқымдарын асылдандыру бірлестігінің басшысы, 1991-1997 жж. Жезқ. обл. а.ш. тәжірибе ст. директоры. 1997 ж. бастап мемл. қызметте. Шет ауд. әкімі (1997-2005), Қарағанды обл. жер қатынастары басқармасы бастығының орынбасары (2005-2011) болды. ҚР АШМ-де «Асыл түлік» АҚ ғыл. қамтамасыз ету бөлімін басқарды. 2014 ж. Қазақ а.ш. экономикасы мен ауылдық аймақтарды дамыту ғыл.-зерттеу ин-ты Астана филиалының директоры. «Сүтті ірі қара малдары сүт өнімділігін ерте кезеңде анықтаудың тәсілдері» атты дисс. ойдағыдай қорғап, а.ш. ғыл. канд. ғыл. дәрежесін алды. 2014 ж. «Орталық Қазақстан жағдайында мал шаруашылығы өнімділігін арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздемелері» атты еңбегі үшін а.ш. ғыл. докт. ғыл. атағы берілді. ҚР АШҒ академиясының акад. 50-ден астам ғыл. еңбек авторы. Бірнеше мемл. марапаттары бар.

Сарыадыр – Білеуті және Ащымиір өз. аралығындағы қоныс. Ұлытау ауд. Нарөлген а-ның оңт.-шығысында 45 км жерде орналасқан. Ең биік жері – теңіз деңгейінен 216 м. Батыстан шығысқа қарай ендік бағытта 40 км-ге созылған, енді жері – 5-6 км. Жер бедері жонды, адырлы келген. Солт-де Ойшұбар, Миір, солт.-шығысында Қарасуыр, оңт.-шығысында Кемер қоныстары, шығысында өзімен аттас тау бар. Сұр, сортаң топырақ жамылғысында құрғақ дала, шөлейт, шөл белдемдеріне тән өсімдіктер өседі. Қоныс бойында Тұрлы, Қалмақ құдықтары бар.

Сарыапан – Сарысу аңғарындағы Көксеңгір тауларының солт-дегі тау. Ұлытау ауд. Сарыбұлақ а-ның оңт.-шығысында 28 км жерде орналасқан. Абс. биікт. – 415 м. Солт-тен оңт-ке қарай бойлық бағытта 2 км-ге созылған, енді жері – 1 км. Тау басы күмбез тәрізді доғал пішінді келген. Беткейі көлбеуленіп, жазыққа ұласады. Сұрғылт қоңыр топырақ жамылғысында қылқан селеу, бетеге, жусан, бұталар өседі. Етегімен құрғақ өз. арналары өтеді.

Сарыапанқұм – Арал және Қарақұмның солт.-шығысындағы құмды алқап. Ақтөбе обл. Ырғыз және Қарағанды обл. Ұлытау ауд. жерінде орналасқан. Ең биік жері – 120 м шамасында. Батыстан шығысқа қарай ендік бағытта 38 км-ге созылған, енді жері – 10 км. Ұялы төбелерден, құмды жалдардан тұрады. Арал Қарақұмынан Жыңғылдыөзек өз. аңғары бөліп жатыр. Тұщы суы жер бетінен 2-3 м, артезиан алабының суы 100-200 м тереңдікте жатыр. С. оңт-дегі Қарадүзген құмымен жалғасқан. Құмды алқапта Алтықұдық, Алтышарқұдық, Құмшөк, т.б. көптеген құдықтар бар. Құмды, сортаңды сұр топырақ жамылғысында жусан, жүзгін, еркекшөп, бұталар өседі.

Сарыарқа қойы – қазақы қой тұқымы. 1970-1999 жж. Қарағанды обл. «Сарысу» және «Жеңіс» асыл тұқымды қой заводында жергілікті қылшық жүнді саулықтарды еділбай тұқымды қошқарлармен сіңіре шағылыстырудан

алынған екінші, үшінші буынды қойларды ұяң жүнді қарғалы қошқарларымен будандастыру арқылы алынған. Қошқарларының тірілей салм. – 90-100 кг, саулықтары – 62-65 кг. Енесінен айырғанда қозыларының салм. 33-38 кг-ға жетеді. Әр қойдан орта есеппен 2,3-3 кг жүн қырқылады. Жабағы жүнінің түсі ақ, ақшыл, боз келеді, түбіті өтпел

және түрлі жуандықтағы жүн талшықтары болады. Қойлардың сойыс шығымы 49-53,5%. Басы мен дене бітімі орташа, сүйегі мықты, тұмсығы дөңестеу, мойны ұзын, кең және терең кеуделі, арқасы жалпақ және түзу, құйрығы орташа және үлкен көлемді, тартыңқы, сан еті жақсы дамыған, тұяқтары мықты. Орт. Қазақстанның шөлейт және құрғақ далалы аймақтарында жыл бойы табиғи жайылымда бағып өсіруге жақсы бейімделген. Қарағанды обл. Ұлытау және Жаңаарқа ауд-да өсіріледі.

Әдеб.: Қазақ энциклопедиясы, 7-том.
М. Сейтжанов

Сарыкеңгір – Сарысу алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 143 км, су жиналатын алабы – 3380 км². Жезқазғандан оңт-дегі Жақсы Сасықбастау, Арғанаты тауларының бөктерлеріндегі бұлақтардан басталып, Қотыржал тауының батысында Қаракеңгір өз-не құяды. Аңғары кең, арнасы тік жарлы. Жауын-шашын суымен толығады. Көктемде тасып, жазда қарасуларға бөлінеді. Жылдық орташа су ағымы – Қаракеңгірге құяр жерінде 0,70 м³/с. Аңғары – мал жайылымы, шабындық.

Сарысай – Байқоңыр алабындағы өз. Майтөбе тауының (Оңт. Ұлытау) солт.-батыс етегіндегі бұлақтардан басталып, Байқоңыр өз-не сол жағынан құяды. Ұз. – 30 км. Жағасы тік жарлы, ирелең. Көктемгі еріген қар және жер асты суымен толығады. Сәуірде тасып, жазда бөлек-бөлек қарасуларға айналады. Алабы – жайылым мен шабындық. Суы мал суаруға пайдаланылады.

Сарысу – Қарағанды, Қызылорда обл. жерімен ағатын өз. Бұғылы тауынан басталып, Сыр бойындағы құмдарға барып сіңіп кетеді. Ұз. – 800 км. Су жиналатын алабы – 81-99 мың км². Ағысының жылдамдығы – 0,7 м/с. Алабында Шу-Сарысу жер асты артезиан суының қоры бар. Салалары – Жаман Сарысу, Жақсы Сарысу, Атасу, Қаракеңгір. Алабы мал шаруашылығына қолайлы.

Сарысу – Бетпақдала артезиан алабы Шу мен Сарысу өз. арасындағы кең аймақты алып жатыр. Жамбыл обл. Сарысу мен Мойынқұм ауд. жерінде орналасқан. Жер асты суы девон мен тас көмір дәуірлерінің шөгінді жыныстарына жиналған. Сулы қабаттың қалыңд. – 20-60 м, арынды суы 20 м биіктікке дейін көтеріледі. Судың минералд. – 1-6 г/л. Ұңғымалардан шығатын су мөлшері сулы жыныстардың литол. құрамына байланысты. Құм мен конгломерат қабатынан өткен ұңғымалардан тәулігіне 50-150 м³, ал әктастан өткендерінен 750 м³ су шығады. Бұл жер асты суымен жайылымдарды суландыруға болады.

Сарысу жолы – Ұлы Жібек жолының Сыр өңірінен Орт. Қазақстанға кететін бір маңызды саласы. Жол Отырар, Сауран, Сығанақ, Жанкент қ. бастап, Сарысудың бойымен Ұлытау өңіріне бет алады. Қаражарда (Болған ана) С.ж. екіге бөлініп, бірі Нұраның құйылысына, екіншісі солт-ке қарай Жезді және Кеңгір өз-мен Басқамыр, Орда Базар қ. арқылы Оңт. Оралға кетеді.

М. Сейтжанов

Сарыторғай, Жетіқыз – Торғай алабындағы өз. Ұз. – 123 км. Су жиналатын алабы – 5,9 мың км². Ұлытаудың батыс беткейінен басталып, Қаратоғай өз-не құяды. Салалары – Тамды, Терісбұтақ, Ханшаболған. Арнасы тік жарлы, ені – 20-400 м. Суы ауыз суға, мал суаруға пайдаланылады.

Сасыққүзен (лат. Mustela sibirica) – Ұлытау ауд. мекендейтін, күзендер тұқымдасына жататын сүтқоректі хайуанның бір түрі. Денесінің ұз. – 28-30 см, оның ішінде құйрығының ұз. – 16-17 см. Түсі қыста жирен-сарғыш, жазда жирен-қызыл, іші ақшылдау. Ареалының басты бөлігі Азияда. Көбінесе ормандарды мекендейді, әсіресе көлдер мен өз. маңында кездеседі.

Сатыпалды қажы Қарамендеұлы (шамамен 1825-1896 жж.) – Ұлытау өңірінде сәулетті құрылыс салудың асқан шебері. Аты елге танымал Қараменде батырдың баласы. С. жасынан әкесінің тәрбиесінде болып, арнайы шақырылған ұстаздардан білім алып, араб, парсы және шағатай тілдерін меңгереді. Кірпіш құйып, тас қалап, үй салуға талпынысы болады. Оның атын елге жайған Кішітаудың баурайындағы Нәдірбай байдың бейітіне көтерілген қалауында мін жоқ күмбезді қызыл кірпіш кесене болды. XIX ғ. қазақ сәулетшілерінің бірі Епаманұлы Сералы қожа екеуі тұрғызған Дүзен байдың кесенесі мемл. маңызды сәулет өнерінің ескерткіші ретінде қорғауға алынған. С. салған Шегір мен Махаттың, өз әкесі Қарамендениң, т.б. 19 мазардың бәрі әлі де қалауы қисаймай, кірпіші кертілмей, мүжілмеген қалпында өткеннің кезіндей болып тұр.

Шебер Меккеге үш рет қажылыққа барған. Оның өнерін ұрпақтары жалғастырған, бірі – құрылыс шебері, бірі – ұста, бірі – мерген, бірі – малдың бабын тапқан шопан. Өкінішке қарай, Сатыпалды Қарамендеұлының ата-тегі кейбір беделді баспа өнімдерінде Қошқарұлы деп жаңсақ жазылып жүр.

С. Қожамсейітов

Сатхожин Әбдіғалым (1900, Қарағанды обл., Нұра ауд. – е.ж.б.) еңбек жолын Нұра ауд. №6 а-да жалшылықтан бастаған. 1926 ж. Петропавловск педтехникумын бітіреді. Содан кейін білім беру саласында жұмыс істейді. 1933-1935 жж. Алматыда марксизм-ленинизм инст-да оқиды. 1935 ж. Петропавлск қ-ғы кеңес-партия мектебінің директоры, Қарағанды обл. партия комитетінің коллегия мүшесі, облпартком мектептер бөлімінің меңгерушісі, Ворошилов аупарткомының екінші хатшысы. 1949 ж. қаңтарынан 1951 ж. қаңтарына дейін еңбекшілер депутаттары Ұлытау ауд. кеңесі атком төрағасы.

Сауқымов Өмірзақ Едігеұлы (1946)– а.ш. ғыл. канд. (1977). Қазақ АШИ-ын

бітірген (1969). «Алғабас» кеңшарында агроном (1969-1972), Қазақ АШИ өсімдіктану кафедрасында аспирант (1972-1975). 1976-1991 жж. Жезқ. обл. а.ш. тәжірибе ст-да бөлім меңгерушісі, а.ш химияландыру жобалау-зерттеу ст-да директор, обл. а.ш. тәжірибе ст-да директор, әрі обл. агроөнеркәсіп комитеті төрағасының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары. Кейін ЖезУ-де география кафедрасының меңгерушісі. С. – «Жүгері егу технологиясы» (1976), «Жезқазған облысында табиғи жем-шөп шабындықтарын құнарландыру жөніндегі ұсыныстар» (1978), «Жезқазған облысында ауыл шаруашылығын жүргізу жүйесі бойынша ұсыныстар» (1982) жинақтары авторларының бірі, 20-ға жуық ғыл. жарияланым авторы.

Сәбитов Сайлау (Енжіл) Сәбитұлы (1937, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Қарсақбай кенті – 2010, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – ҚазКСР еңб. сің. дәрігері (1976). Қарағанды мемл. мединст-ын (1963) бітірген. 1963 ж. 1 тамызынан «Байқоңыр» кеңшарындағы телімдік ауруханада дәрігер. 1964 ж. 1 қазанда Қарақұм а-ғы ауруханаға бас дәрігер болып барып, бұл қызметті зейнеткерлікке шыққанша (22.12.2004) атқарды. С. ауылда білікті дәрігер екенін көрсетті. Әсіресе, жас сәбилер мен аналардың өлімін азайтуға қол жеткізді. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1966) марапатталған.

Сәбитов Ерлан Енжілұлы (26.11. 1970, Қарағанды обл., Жезді ауд., Жанкелді ауылкеңесі) – техн. ғыл. канд., доцент. Жезқ. тау-кен технология инст-ын (1995) өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс мамандығы бойынша үздік бітірген. 1999-2003 жж. Мәскеудегі

тұрғын және қоғамдық үйлердің орт. ғыл.-зерттеу және жобалау инст-ты (ЦНИИЭП жилища) жанындағы аспирантураның күндізгі бөлімінде оқыды. Канд. дисс. қорғады. 2012 ж. Л. Гумилев ат. ЕҰУ өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс технологиясы кафедрасының меңгерушісі, ҚР ҒБ министрлігінде ғыл. жобалар бойынша сарапшы. Астана қ-да құрылыс индустриясы бойынша кеңесші-сарапшы.

Сәдуақасов Байғара Хамзеұлы (1961) – күйші, қылқобыз шебері, дирижер, респ. «Жігер» фестивалінің (1985), жастар мен студенттердің Дүниежүзілік фестивалінің дипломанты (Мәскеу, 1985), Жезқ. қ. әкімінің «Жыл дирижері – 2001» атағының иегері. Сәтбаев қ. мәдени-ағарту училищені (1981), Құрманғазы ат. мемл. консерваторияны (1986) бітірген. 1986 ж. бастап Жезқ. музыкалық колледжінде қылқобыз мамандығы бойынша дәріс береді. Халық аспаптары оркестрінің дирижері.

С. – Қорқыт, Ықылас күйлерін жинақтаушы, орындаушы. Халық жадынан ұмытыла бастаған, сирек орындалатын күйлердің іздеушісі, Орт. Қазақстан аймағына оларды насихаттаушы. Репертуарында Қорқыт, Ықылас, Н. Тілендиев, Қ. Шілдебаев, Е. Үсенов, Ө. Қазақбаевтың қобызға арналған туындылары бар. «Мұрагер», «Адырна» фольк. ансамбльдерінің құрамында өнер көрсеткен. Ұлытау ауд-да біркатар көркемөнерпаздар ұжымдарын құрып, шеберлігін шыңдауға үлес қосып келеді.

Сәдуақасов Темеш Сәдуақасұлы (1926, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қарсақбай бол., «Қызыл әскер» ұжымшары – ө.ж.б.) Қазақ кен-металлургия инст-ын (1949) және КОКП ОК Жоғары партия мектебін (1960) бітірген. Еңбек жолын «Петро» шахтасында нормалаушы болып бастады (1944). №№ 31-32 шахталарда ауысым бастығы (1949), №31 шахтада бас инженер (1950), ЖКМК №№31-32 шахталары басқармасының (1952-1953), кейін №№43-44 шахталар басқармасының (1953-1957) бастығы. Жезқ. қ. партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды (1957). ҚКП ОК ауыр өндіріс бөлімінің меңгерушісі (1960), ҚКП Онт. Қазақстан өлкелік комитеті өндіріс-көлік бөлімінің меңгерушісі (1962), ҚКП Шымкент обл. комитеті өндіріс-көлік бөлімінің меңгерушісі (1964), ҚКП ОК ауыр өндіріс бөлімінің меңгерушісі (1965-1972), халық депутаттары Павлодар обл. кеңесі атком төрағасы (1972). ҚазКСР Түсті металлургия министрінің орынбасары (1976-1985). 1965-1979 жж. бірнеше мәрте ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды және ҚКП ОК мүшесі болды. Үш мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен (1966, 1971, 1973) және бірнеше медальмен марапатталған.

Сәркеев Хамит Сәркейұлы (1927, Ақмола губ., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы, Аралтөбе а. – 1974, Жезқ. обл., Жезді ауд., Борсеңгір а.) – ұжымшар-кеңшар құрылысының өңірге белгілі ұйымдастырушысы. Әке-шешесінен ерте жетім қалған. Мектепте оқудан бос уақытта ұжымшар өндірісіне көмектесті. Мал бақты, қой қырықты, түрлі жұмысшы міндетін атқарды. 1949 ж. Қарқаралыдағы зоотех.-малдәрігерлік техникумын бітірген. 1953 ж. 26 жасар жас маманды «Бірлестік» ұжымшарының мүшелері басқарма төрағасы етіп сайлады. 1960 ж. ұжымшар кеңшар болып қайта құрылғанда, «Жетіқоңыр» кеңшарының директоры болып тағайындалған. 1969 ж-дан ұжымшар-кеңшарларда бас зоо-

техник, зоотехник-селекционер, бөлімше басқарушысы болды. С. басқарған жылдары шаруашылықтағы қой саны 60 мыңға, жылқы 1,5 мыңға, ірі қара 1 мыңға жетті. Кент, Қарақойын, Апақай, Қатынқұмдарда 70 қыстакта қой қыстатылып жүрді. Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған. Милыбұлақ а-да С. атында көше бар.

Сәрсенбаев Өмірбек (1916, Атбасар уезі, Айнакөл бол. – 1982, Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі) 1932-1934 жж. Қарсақбай ФЗО мектебінде оқыған.

Сол заманда қат өнердің бәрі жас жігіттің бойынан табылды. Пеш салудың шебері, ағаштан түйін түйеді, сағат, сүт машинесін, электр тұрмыстық заттарын жөндей біледі. Ахмет ишанның Қорғантастағы мешітінде алған білімін тереңдетті. Зауыттың мехцехында металл құятын ағаш үлгі қалыпты мінсіз жасады. Жас жұмысшыға цехта өзге жұмысшылардың сауатын ашып, оқытуды тапсырды. Ауд. халық ағарту бөлімінің жолдамасымен Қарағандыда мұғалімдер курсын бітірген. «Қорғантас», «Коммуна», «Ленинші» колхоздарындағы баст. мектептерде мұғалім болды. Соғыс жылдары жабылып қалған Ұлытау ауд-да үш баст. мектепті өз қолымен жөндеп, пешін салып, отынын жеткізіп, қалпына келтірді. 1955 ж. Аманкелді ат. ұжымшарда колхозшылардың қолдауымен асарлатып орталау мектеп үйін тұрғызып, оның тұңғыш директоры болды. Ауыл шаруаларына да көмектесіп тұрды. ҚазКСР халық ағарту ісінің үздігі (1952).

С. Қожамсейітов

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы (12.04.1899, Павлодар обл., Баянауыл ауд. – 31.01.1964, Мәскеу қ.) – әйгілі ғалым-геолог, қоғам қайраткері, ҚазКСР ҒА тұңғыш президенті, КСРО және ҚазКСР ҒА академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы.

Томск технология инст-ның тау-кен фак-ін бітірген. 1920-1941 жж. Баянауылда халық судьясы, «Атбастүстіметалл» тресі геология бөлімінің, Қарсақбай мыс комбинаты геол. барлау бөлімінің бастығы, комбинаттың бас геологы, геол. барлау кеңсесінің бастығы қызметтерін атқарған. «Атбастүстіметалл» тресінің басқарма мүшесі ретінде қазақтар арасында жұмысшы кадрларын дайындауға жауапты және бұл бағытта кешенді шаралардың іске асырылуына ұйытқы болған. 1941-1952 жж. КСРО ҒА Қазақ бөлімшесінің құрамындағы Геология ғыл. инст-ның директоры, КСРО ҒА Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары, төрағасы, Қазақстан ҒА президенті болған. 1952 ж. әміршілдік жүйе тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен төмендетіліп, ҚазКСР Геология инст-ның директоры болып тағайындалған. 1955 ж. ҚазКСР ҒА президенті болып қайта сайланып, өмірінің соңына дейін осы қызметті атқарған.

Ғалымның негізгі ғыл. еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқ. кенін зерттеу мен Орт. Қазақстанның металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926-1929 жж. кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқ-ды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтерген. Жезқазған-Ұлытау өңірінде мыстан басқа темір, марганец, көмір, қорғасын кендерін ашып, барлау нәтижесінде маңызды геол. қорытындылар жасаған. ҰОС жылдарында қысқа мерзімде Жезді

марганец кенін барлап, оны игеруге бастамашы болған.

С-тың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған еңбектері мол. Ш. Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырын мәтіндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясы негізінде қайта дайындаған. Жезқазған-Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған.

Сәтбаева (Кошкина) Таисия Алексеевна (20.05.1900-06.04.1976) – Қазақстан әйелдері ішінен шыққан алғашқы инженер-геолог. Геол.-минерал. ғыл. канд., Қ. Сәтбаевтың зайыбы. Томск технол. инст-ның геология фак-ін (1925) бітірген. С-ның қызмет бабына байланысты алғашқы отау тіккен жері Қарсақбай болды. Мамандығы бойынша Жезқ. геол. бөлімінде жұмыс істеді. 1934 ж. КСРО ҒА Қазақстан базасының III сессиясында «Жезқазған кендерінің минерографиялық зерттеулері» атты маңызды баяндама жасады. Бұл баяндама «Үлкен Жезқазған» (1935) кітабында жарияланды. Алматыда геол. инст. зертханасында меңгеруші болды. Әріптестері С.-К. Калининмен, Э.Е. Фаинмен бірігіп Жезқ. кенінде рений бар екенін дәлелдеді. С. – «Жезқазғандағы ренийді алғашқы ашушы» атты арнаулы белгінің иегері. Сондай-ақ, шашыранды элементтердің байыту, балқыту кезінде жолшыбай жоғалып кететін себептерін анықтады, оның жолын кесудің айрықша әдістерін көрсетті.

Сәтбаева Мейіз Қанышқызы (20.08.1931, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Қарсақбай кенті – 30.07.2007, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1987). Қазақ кен-металлургия инст-ын инж.-геолог мамандығы бойынша бітірген (1954). 1958-1975 жж. Түлкібас экспедициясында, Оңт. Қазақстан экспедициясында қызмет атқарды. 1960 ж. бастап ҚР ҰҒА Қ. Сәтбаев ат. геол. ғылымдар инст-да жетекші ғыл. қызметкер. «Қазақстанда өндіріске жарамды мысты құмтастардың түзілу жайы мен олардың минералогиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады (1987). Электронды-оптикалық кен зерттеу саласының маманы ретінде кенді жыныстардың минералдық құрамын зерттеуде озық тәсілдерді қолданды. Ғалымның Жезқ. кен аймағының жер асты терең қойнауларында жатқан «жабық кен қабаттарын» іздеу жөніндегі ұсыныстары барлау ғылымына қосқан үлкен үлес болып табылды.

С. – 2 монография, 72 ғыл. еңбек, 10 ғыл.-өнд. есепті баяндама авторы. Ғалым қорғасынның кенге шөгу формулаларын тауып, кенді байыту кезінде кейбір металдардың неліктен жоғалып немесе азайып кетуінің құпиясын ашты. Атаға тартып туған талантты үш қыздың ішінде Сәтбаевқа мамандығы бойынша ұқсады. Ол әке-шеше жолын әрі қарай жалғастырып, сәтбаевтану ғылымын негіздеуге үлес қосқан. Қарсақбайдағы Сәтбаев үй-мұражайын жасауда, Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайын қалыптастыруда бағалы кеңестер берді

З. Қазанбаева

Сәтбаев қаласы. Іргетасы 1955 ж. қаланды. Жезқ. кеніштерінің қауырт дамуына байланысты кеншілерді, шахтапроходкалаушыларды, құрылысшыларды тұрғын жаймен қамтамасыз ету үшін алғашқы жылдың өзінде 100-ге тарта екі және үш қабатты тұрғын үйлер салынды. Үш мыңға тарта адам жаңа қоныс тойын тойлады. 1956 ж. 31 шілдеде Никольский елді мекені жұмысшы қалашығы қатарына жатқызылды. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1973 ж. 24 желтоқсандағы қаулысымен Жезқ. қалалық кеңесінің Никольский қа-

лашығы обл. маңызы бар қалаға айналып, оның құрамына Жезқ. кенті берілді. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Терялқасының қаулысымен (1990 ж. қыркүйек) Никольский қ. атауы Сәтбаев қ. болып өзгертілді. Қала халқы 70 мың адамға (2015) жуық. Өздігінен жүретін жер асты тау-кен техникасымен кен өндіретін қуатты кеніштер, шахтапроходкалау тресі, шахта құрал-жабдықтарын жөндейтін завод, т.б. ірі кәсіпорындар бар. Қалада 16 орта мектеп, 3 колледж, Кеншілердің мәдениет сарайы, орт. аурухана, мешіт, т.б. мәд-әлеум. нысандар бар. 2015 ж. бастап астының кені алынған қауіпті жерлерде тұратын тұрғындарды С.қ-на көшіру белсенді жүргізіліп жатыр.

Сәулембеков Мұрат (22.04.1935, ОҚО, Қарсақбай ауд., Ұлытау а.) Алматы Жоғары партия мектебін (1969) бітірген.

Партия, кеңес, кәсіподақ қызметкері. 1972 ж. Ұлытау ауд. қайта ашылғанда ауд. мәдениет бөлімінің меңгерушісі болды. Халық әндерін, күй, би, салт-дәстүрімізді кеңінен таратуға біршама үлес қосты. 1994 ж. I шақырылған ауд. мәслихаттың хатшысы болып сайланған. «Тың және тыңайған жерді игергені үшін» (1957), «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» (1970), «Астана» медальдарымен марапатталған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Сәуменқұм, Сәменқұм – Ұлытау ауд. Бетпақдаланың солт.-батысындағы Сарысу құмды массивінің бір бөлігі. Жетіқоңыр, Қарақойын, Мойынқұм аралығында солт-тен оңт-ке қарай созылып жатыр. Ауд. – 300 км². Қырқалы құм төбелердің биікт. – 15-20 м. Шет аймақтарында аласарып, жазыққа ұласады. Осы тұста тұщы грунт суы жер бетіне жақын (1-2 м) орналасқан. Жусан, бұталы шөп өсімдіктері өседі. Жыл бойы мал жайылымы ретінде пайдаланылады.

Сегізбай – Ұлытау а-нан 22 км жердегі көл. Халық ақыны Иманжан Жылкайдаровтың айтуынша, бұрын бұл көл Бақалы аталған. Кейін Сегізбай деген сарғалдақтың бір байының атымен аталып кеткен. Құс-жануар шоғырлануға қолайлы. Суы мал суаруға пайдаланылады. Айналасы – жайылым мен шабындық.

Сейсебаев Ахметжан Тілеубайұлы (1936, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Айыртау а.) Қазақ мемл. а.ш. инст-ын (1957) үздік бітірген. Биология ғыл. докт. (1989). Республикамызда радиобиология ғылымын дамытуға үлкен еңбек сіңірген ғалым. ҚазКСР ҒА Эксперименттік биология инст-да радиациялық

цитогенетика зертханасының жетекшісі (1965-1992). ҚР Ұлттық ядролық орт-ғы Радиациялық қауіпсіздік және экология инст-ның директоры әрі ғыл. жетекшісі қызметтерін қоса атқарды. Бұрынғы Семей сынақ полигонының радиоэкологиялық жағдайын, оның іргелес аймақтардың экологиясына және сол өңірдің тұрғындарының денсаулығына әсерін кешенді зерттеу жұмыстарына басшылық етті. 2001 ж. бастап еліміздегі уран өндіретін аймақтардың радиоэкологиялық ахуалын зерттеумен айналысып жүр. Республикамызда радиобиология, генетика және радиоэкология салалары мамандарын дайындауға үлкен үлес қосты.

Сейсембаев Марғұлан (1966, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі, Сарлық а.) 1991 ж. С.М. Киров ат. ҚазМУ-ді тәмамдаған. Ку-

қықтанушы, заңгер. Орта мектеп бітірген соң Аманкелді ат. кеңшардың комсомол-жастар бригадасында шопан болды, аға омарташы болып істеген. 1991 ж-дан бизнеспен шұғылданады. Елімізге белгілі кәсіпкер. 2013 ж. бастап «Капитал» хедж-қоры басқарушыларының бірі.

Сейтенов Кәмен (т.-ө.ж.б.) Қарсақбай мыс комбинатына Ақмола обл-ның алыс ауылдарының бірінен келген. 1931-1932 жж. комбинаттың тас дайындайтын карьерінде тас қалаушы, 1932 ж. металлургия цехында қара жұмыскер, 1933 ж. аға фурмашы, 1938 ж. конвертор шебері. Конверторшы С. алдыңғылар қатарында шапшаң ауыр балқыма алу әдісін меңгерді. Ол ҰОС екінші айында конвертордың жобалық қуатын 15 пайызға, қыркүйекте 40 пайызға арттырды. Совинформбюро С-тің бұл еңбектегі ерлігін бүкіл әлемге әйгі етті.

Сейфуллин Сәкен (Сәдуақас) (1894, Ақмола уезі, Нілді болысы, Ортаудағы Қарашілік қыстауы – 1938) – ақын, жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері. 1905-1909 жж. Нілді кенішіндегі бастауыш мектепте, 1909-1911 жж. Ақмоладағы екі сыныпты приход мектебінде оқиды. 1913 ж. Омбыда құрылған қазақ жастарының «Бірлік» мәд.-ағарту ұйымының сол қанатын басқарған. 1917 ж. мамыр айында Ақмолада Қазақ комитетін құруға қатысады. Осы комитетпен қатар «Жас қазақ» ұйымын құрып, оның «Тіршілік» газетінің жұмысын басқарады. 1917 ж. күзде Ақмолада ұйымдасқан Совдептің президиум мүшесі, Ақмола уезіндегі ағарту ісінің комиссары болып сайланады. 1918 ж. Колчак әскері Ақмоланы алып, қаңтар айында ішінде С. бар Совдеп мүшелерін Қызылжарға (Петропавл) жаяу айдайды. С. Омбыдағы тұтқын лагерінен 1919 ж. наурыз айында қашып шығып, Әулиеатаға жетеді. 1920 ж. мамыр айында Ақмолаға оралып, уездік атком төрағасының орынбасары және іс басқару бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады. 1920 ж. жазда бүкіл қазақ өлкесін басқаратын Ревкомның құрамына сайланады. Осы жылы 12 қазанда ҚазКСР ОАК президиум мүшесі болып сайланды. 1922 ж. «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, Оқу халкомының орынбасары болып тағайындалады. 1922-1924 жж. ҚазАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің Төрағасы қызметін атқарады. 1925-1937 жж. Қызылорда, Ташкент, Алматы пединст-да қазақ әдебиеті тарихынан сабақ береді. 1934 ж. Қазақстан коммунистік журналистика инст-ның профессоры болды.

Ұзақ уақыт «Әдебиет майданы» журналының редакторы қызметін атқарды. 1914 ж. «Өткен күндер», 1922 ж. «Асау тұлпар», 1924 ж. «Домбыра», 1926 ж. «Экспресс», 1928 ж. «Тұрмыс толқынында» жинақтарын шығарды. 1927 ж. «Тар жол, тайғақ кешу» роман-эссесі мен «Жер қазғандар» повесін, 1929 ж. «Көкшетау» поэмасын, 1934-1935 жж. «Айша» әңгімесін, «Біздің тұрмыс» романы мен «Жемістер» атты публицистикалық хикаятын, көптеген өлеңдерін жариялады. Қарақұм көтерілісіне (1930) байланысты ҚазАКСР ОАК Төрағасының орынбасары Ә. Жангелдин бастаған

мемл. комиссия құрамында негізгі жұмысты Қарсақбай ауд-да жүргізді. 1936 ж. шығармашылығының 20 жылдығына байланысты С. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1937 ж. «халық жауы» деген айып тағылып ұсталып, 1938 ж. 23 ақпанда Алматы қ-да атылды. 1957 ж. 21 наурызда толық ақталды.

Сейілов Әжібек Жүрсінбекұлы (1959-2000) Қарағанды политех. инст-ның Жезқ. филиалын (1981) бітірген, техн. ғып. канд. Әскери борышын өтеп келген соң өндіріс саласында, комсомол жұмысында еңбек етеді. ҚарПТИ-дің ассистенті (1986), Мәскеу автокөлік-жол инст-да аспирант (1989), Жезқ. тау-кен технол. инст-да доцент, Жезқ. қ. әкімшілігі басшысының орынбасары (1994). Жекешелендіру жылдары Ұлытау ауд. пионер лагерін меншігіне алып, өңірдің табиғи және мәдени мүмкіндіктерін тұрғындардың демалысын ұйымдастыруға бағыттау жолында алғашқы қадам жасады. «Ирбис» фирмасының директоры (1995). 10-ға жуық ғыл. жарияланым авторы.

Сейілов Жақсыкелді Уәлиұлы (22.04.1949, Ұлытау ауд., Алғабас а. – 25.03.1997, Жезқ. обл., Жезқ. қ.) – әнші-орындаушы, әуесқой композитор, Қазақстанның еңб. сің. мәдениет қызметкері (1990). Қарағанды қ-ғы мүгедек балаларға арналған мектепте оқып, білім алған. 1970 жж. Жезқ-да «Қарагөз» және «Жезкиік» ансамблін ұйымдастырып, осы шығармашылық ұжымдарға арнайы әндер жазған. С-тің ақын К. Салықовтың «Жезкиік» өлеңіне жазған әні респ. эфир арқылы бүкіл Қазақстанға тараған. Қазақ еліне танымал «Айналайын, қанатым», «Әке туралы ой», «Ана туралы баллада», «Кездесу»,

«Ұлытау» әндерінің авторы. Жезқ. филармониясының шығармашылық ұжымы құрамында Қырғызстан, Өзбекстан және Моңғолияда болып, өнер көрсеткен. Респ. эстрада артистері байқауының лауреаты. «Жігер» фестивалінің жеңімпазы.

Сейітжанов Бақыт Сейітжанұлы (20.08.1938, Ұлытау ауд., Сарлық а. – 19.03.1999, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Жезді кенті) еңбек жолын «Қарағандыкөмір» комбинатының шахтасында откатчик болып бастаған. 1957 ж. ҚазМУ-дің филология фак-не түсіп, М. Әуезов, Б. Кенжебаев секілді академиктерден білім алған. М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, З. Серікқалиев, Н. Оразбековтермен бірге оқыған. 1962 ж. Ұлытау а-ғы №1 мектепте ұстаз болып істеген. Жезді ауд. комсомол комитетінің бірінші хатшысы (1965). Аманкелді ат. кеңшардың партком хатшысы (1970). 1980-1999 жж. Жезді ауд.парткомының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, Жезді ауд.аткомының жауапты хатшысы, «Жезді өңірі» газетінің бас редакторы. «Еңбектегі ерлігі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» (1970) және басқа медальдармен марапатталған. Жезді ауд. Құрметті азаматы.

Сейітжанов Талғат (1954, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) – Қарағанды политех. инст-ын (1978) бітірген инженер-құрылысшы. 1978-1981 жж. Ұлытауауд.құрылысжәнеархитектурабөлімінің топограф-геодезисі, ауд. бас архитекторы болды. 1981-1993 жж. ауд. партия, кеңес органдарында жауапты қызметтер атқарды. 1993-1995 жж. Ұлытау ауд. әкімінің аппарат жетекшісі, 1995-1999 жж. ауд. әкімінің бірінші орын-

басары. 1999 ж. қараша айынан осы уақытқа дейін ауд. мәслихаттың хатшысы болып келеді. ҚР-ның бірнеше медалімен марапатталған. Қазақстан мәслихаттарының Құрметті депутаты (2015).

Сейітжанова Жеңіскүл Жайлаубекқызы (1957, Алматы обл., Шилі-Кемер а. – 2010, Қарағанды обл., Ұлытау а.) – жоғары санаттағы мұғалім, Қаз-КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері (1987). Анасынан жас қалған С. Алматыдағы №4 қазақ мектеп-интернатына қабылданып, оны 1974 ж. үздік бітірген. Алматы мемл. шет тілдер инст-ын (1978) тәмамдаған. БЛКЖО ОК мен КСРО Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің «Өте жақсы оқуы үшін» төсбелгісімен марапатталған. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі №1 Ұлытау орта мектебінде 32 жыл еңбек етті. Ұлытаудың жас жеткіншектеріне әлемдік тілдердің бірі ағылшын тіліне құрмет сезімін қалыптастыру жөніндегі ақпараттық, оқу-тәрбие жұмыстары ата-аналар, шәкірттері тарапынан лайықты бағаланды.

Сейітқазинов Мұқанбетқали (1956, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Қорғасын а.) – ЖезПИ-ді (1981) бітірген ұстаз, айтыскер ақын. Кеңшар кәсіподақ комитетінің төрағасы, ауыл әкімі қызметтерін атқарды. Ұлытау ауд. әкімі аппаратында бөлім меңгерушісі болды. 1989 ж. Алматыда өткен Наурыз айтысының, 1990 ж. Қазақстанның 70 жылдығына арналған респ. айтыстың, Шымкент қ-дағы Орынбай ақынның, Орал қ-дағы Мұхиттың, Ақмола қ-дағы Бөгенбай батырдың, Жаңаарқада өткен Сайдалы Сары Тоқаның және С. Сейфуллиннің мерейтойларына арналған респ. айтыстардың жүлдегері. Өлеңдері «Сарыарқа саздары» атты облыс ақындарының жинағына енген. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы (2008).

Секеманов Нұрғали (1915, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Қарсақбай а. – ө.ж.б.) 1931-1937 жж. Қарсақбай мыс қорыту заводында слесарь, ҰОС-на қатысқан. 1946-1950 жж. ішкі істер органдарында, кейін зейнеткерлікке шыққанша Қазақ гидрология басқармасы жүйесінде шебер, аға бұрғылау шебері болып істеген. I және II дәрежелі «Отан соғысы», Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен (21.04.1971) С-ке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Сексенбаев Қасен (1882, Ақмола обл., Ақмола уезі, Қарағанды болысы, №1 а. – 1953, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Байқоңыр а.) еңбек жолын 1899 ж. Нілді алтын заводында жұмысшы болып бастаған. 1925 ж. дейін Қарағанды шахталарында істеді. 1925 ж. Байқоңыр көмір ошағында забойшы-бекітуші. 1926 ж. КеңестердіңVI Өлкелік

съезіне делегат болып қатысып, сол съезде Қазақстан ОАК мүшесі болып сайланды. Кейін Қазақстан ОАК Төрағалығына ұсынылды («Жұлдыз» журн., №6, 1993 ж. 157-б.). Зейнеткерлікке шыққанға дейін Байқоңыр кенттік кеңесінің төрағасы болып қызмет етті.

Серіков Айтен (1883, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы – 1968, Қарағанды обл., Жезді ауд., Қарсақбай кенті) жастайынан еңбекке араласып, Жезқ. кеңішінде жұмыскер болып еңбек етеді. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының басында саналы әрі жігерлі жұмыскер С. ұжымдастыруға көмектесу үшін Киров ауылкеңесіне жіберіледі. Ұжымшарда аға шопан болған. ҰОС жылдарында әр 100 саулыққа 180-ге дейін қозы алып, аман өсірген. Ленин орденімен (1945) марапатталған.

Сихынбаев Қуаныш Бикадамұлы (1945 ж. Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Айыртау а. – 2011, Жезқ. қ.) ҚазМУ-ді (1974) бітірген. Тарих және қоғамтану пәнінің оқытушысы. №1 Ұлытау орта мектебінде мұғалім болды. 1976 ж. бастап ауд. «Ұлытау өңірі» газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. Ұлытау ауд. а.ш. кәсіподағы комитетінің хатшылығына сайланды. Жезқ. обл. баспасөзде мемл. құпияны қорғау бөлімінде редактор, обл. «Жезқазған туы» газетінде тілші, жауапты хатшының орынбасары болып жұмыс істеді. Жезқ. аймақтық «Сарыарқа» газетінде тілші болды. Ислам өркениетін насихаттаушы. ҚМДБ-ның Жезқ. аймағы бойынша өкіл имамының баспасөз хатшысы міндетін атқарды. Халық емшісі. Қазақстан халық емшілері қауымдастығы Жезқ. бөлімшесінің жетекшілігіне бірнеше мәрте сайланған.

Сламханова Аманкүл (28.08.1943, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Айыртау ауылкеңесі) 1959 ж. орта мектеп бітіргеннен кейін еңбек жолын комсомол жолдамасымен шопан болып бастады. Еңбексүйгіш, бастамашыл, білікті шаруа адамы болды. Қарағанды обл. жас шопандары арасындағы еңбек бәсекесінде жүлделі орындарға ие болды. БЛКЖО XIV съезінің делегаты (1962), Қазақстан ЛКЖО ОК мүшесі. 1962 ж. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған. Он бала туып, тәрбиелеп өсіргені үшін (1982) «Батыр ана» орденімен марапатталған. «Алтын алқа» иегері.

Смағұлов Қоңыр (1950, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Алғабас ауылкеңесі) Қарағанды пед-инст-ын, Торғай кеңшар-техникумын бітірген. Физика-математика пәнінің мұғалімі, агроном. С. терең білімге ынтық балаларды төңірегіне тартқан, тума талантты ұстаз болды. Мектеп директоры, аупарткомның насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, кеңшар партком хатшысы болып істеді. Ауылдағы атқарушы билік түрі әкімдіктер жүйесі енгізілгенде Егінді ауылд. округінің әкімі болып тағайындалып, бұл міндетті зейнеткерлікке шыққанша атқарды. Мемл. марапаттары бар.

Смағұлова Гүлшат (1965, Қарағанды обл., Жезді ауд., Кішітау ауылкеңесі – 05.03.2002) 1983 ж. Алматыда-

рих кафедрасының меңгерушісі болды (1996-2003). IX-XII шақырылған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты.

С. Қазақстан киноөнерінің алтын қазынасына айналған «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры» кинофильмдерін түсіруге бірден-бір жебеуші болды. Оның басқаруымен «Қазақфильм» киностудиясы «Артымызда Москва», «Тақиялы періште», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Маншүк туралы ән», «Көксерек», «Транссібір экспресі», т.б. көркем фильмдерді түсіріп, тұңғыш қазақ мультфильмін жарыққа шығарды. С. қазақ теледидарында көп сериялы «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» фильмін өмірге әкелді. «Алатау» жаңа телеарнасы ашылып, «Айтыс», «Терме», «Шабыт», «Халық таланттары», «Асыл мұра» топтама хабарлары, көпшілікке арналған «Тамаша» бағдарламасы тұрғындардың сүйіспеншілігіне бөленді. Халықар. деңгейдегі «Алматы достарды қарсы алады», «Медеу жұлдыздары», «Азия дауысы» музыкалық-сахналық бағдарламалар авторларының бірі болды.

С-тың қаламынан 15 публицистикалық-танымдық кітап дүниеге келді, өзекті мәселелерді көтерген 350-ден астам көркем очерктері мен мақалалары жарық көрді. С. Сейфуллин ат. әдеби сыйл. (1984), Экономикалық ынтымақтастық ұйымының білім саласындағы халықар. сыйл. (алтын медаль қоса тапсырылды, 2002), «Алтын адам – жыл адамы» фестивалі байқауының, «Қазақстанның 2003 жылғы патриоты» сыйл. иегері болды. Екі рет «Құрмет белгісі» орденімен (1971, 1976), бірнеше медаль, КСРЖоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Алматы және Жезқ. қ-да көшелерге есімі берілген. Ұлытау ауд. және Жезқ. қ-ның Құрметті азаматы.

Смайылов Мұқан (1907, Орынбор обл., Торғай уезі, Қайдауыл болысы, Қарақұм а. – 1969, Қарағанды обл., Жезді ауд., Қарақұм а.) – атақты шопан. С. өзінің бүкіл өмірін мал шаруашылығына, оның ішінде қой шаруашылығына

арнады. Бұрынғы Жанкелді а-да шопан, кейін Сталин ат. ұжымшарда, «Байқоңыр» кеңшарында аға шопан болды. Әр жүз саулықтан жыл сайын 125-тен қозы өсіру, бір қойдан 3 кг-нан артық жүн қырқу оның тұрақты көрсеткішіне айналды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1949 ж. 12 шілдедегі Жарлығымен С-қа Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Смайылов Нұрлан Камалұлы (25.01.1958, Алматы қ. – 18.05.1995, сонда) – дипломат, мәдениет қайраткері. 1975 ж. Алматы қ-ғы мамандандырылған №15 орта мектебін ағылшын тілінде бітірген. Сол жылы ҚазМУ-дің тарих фак-не түсіп, 1981 ж. ағылшын тілінде сабақ беретін тарих пәнінің мұғалімі мамандығын алған. Еңбек жолын 1981 ж. Шевченко (Ақтау) қ-да Маңғыстау обл. тарихи-өлкетану мұражайының ғыл. қызметкері болып бастаған. 1982-1992 жж. ҚР Мәдениет министрлігінің Ескерткіштерді қорғау басқармасында еңбек еткен. «Ұлытау» қорық-мұражайының жобасын дайындап, 1991 ж. ЮНЕСКО-мен бірігіп, «Жібек жолы» экспедициясын ұйымдастыруға атсалысқан. 1992-1995 жж. ҚР СІМ-де ЮНЕСКО жөніндегі басылым, мәдени серіктестік басқармасының меңгерушісі. Ағылшын, түрік тілдерін жетік меңгерген.

М. Сейтжанов

Смайылов Шабаз (1932, ОҚО, Қарсақбай ауд., Кішітау ауылкеңесі, Қаратал а.) – Ұлытау ауд. Құрметті азаматы. ҚазКСР оқу-ағарту ісінің үздігі. №1 Ұлытау орта мектебін (1952), Алматыдағы Абай ат. пединст-тың физика-математика фак-ін (1956) бітірген. 1956-1961 жж. №1 Ұлытау орта мекте-

ғы Абай ат. пед-инст-қа оқуға түскен. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысып, жастар шеруінің алдыңғы шебінде жүрген. Басынан ауыр соққы алған. Қуғынға ұшырап, инст-тан шығарылған. 1989-1995 жж. №3 Амачкелді орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен мұғалім, мектеп-интернатта тәрбиеші болған. Басқа тиген ауыр соққы салдарынан уақыт өте келе ІІ топтағы мүгедек болды.

Смайылов Әлібек (1929, ОҚО, Қарсақбай ауд., Жетіқоңыр құмындағы Батыр қыстағы) ҰОС жж. Жезқ. мыс шахталарында кенші болған. Соғыстан кейін Қарқаралы зоотех.-малдәрігерлік техникумын бітірген. Біраз жыл мамандығы бойынша еңбек етті, кейін ұжымшар фермасының меңгерушісі, зейнеткерлікке шыққанша кеңшар бөлімшесінің басқарушысы болған. Ұлытау өңіріндегі а.ш. өндірісі орта буын басқарушыларының жұмысын білетін, қарауындағы жұмысшы-қызметкерлерге сөзі өтімді, танымал басшылардың бірі болды. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Смайылов Жұман Егінбайұлы (1958, Қарағанды обл., Шет ауд., Ақсу-Аюлы а.) 1979-1985 жж. Е. Букетов ат. ҚарМУ-дің тарих фак-де оқыды. 1985-1987 жж. аталған универстің ҚазКСР тарихы кафедрасында жұмыс істеді. 1987-1990 жж. аспирант, 1991-1993 жж. ҚР ҒА Археология инст-да кіші ғыл. қызметкер. 1993-

1997 жж. Ә. Байқоңыров ат. ЖезУ-де жалпы тарих кафедрасының оқытушысы, 1997-2002 жж. Ә. Марғұлан ат. Археология инст-да аға ғыл. қызметкер. 2002 ж. бастап Е. Букетов ат. ҚарМУ-дің жанындағы «Сарыарқа» археол. инст-ның директоры. Тарих ғыл. канд. Жезқазған-Ұлытау өңіріндегі Қызылкент кешенінде, Басқамыр, Аяққамыр, Шотқара, Жошы ордасы сияқты ортағасырлық қалаларда, Алаша хан, Жошы хан некропольдерінде археол. қазба жұмыстарын жүргізіп, зерттеумен шұғылданған. «Памятники археологии западной Сарыарки» (1997) атты монографияның, көптеген ғыл. мақалалардың авторы.

Смайылов Камал Сейітжанұлы (24.04.1932, Ұлытау ауд., Сарлық а. – 25.06.2003, Алматы қ.) – жазушы-публицист, мемлекет қайраткері, кинотанушы, өнертану ғыл. канд. (1975), проф. (2000). 1954 ж. ҚазМУ-дің журналистика фак-ін бітірген. Еңбек жолын 1954 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің редакциясында бастаған. «Білім және еңбек» журналының тұңғыш редакторы (1960-1962). ҚЛКЖО ОК-нің идеология жөніндегі хатшысы (1971-1973), ҚазКСР Мемл. кино комитетінің төрағасы (1973-1977), ҚазКСР Министрлер Кеңесі мәдениет бөлімінің меңгерушісі (1977-1980), ҚазКСР Мемл. телерадио комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы (1980-1986), ҚКП ОК мәдениет бөлімінің меңгерушісі (1986-1988), «Парасат», «Қазақстан коммунисі» («Ақиқат») журналдарының бас редакторы (1988-1993), Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы (1993-1996). Т. Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, проф., кино теориясы мен та-

бінде мұғалім, ауд. комсомол комитетінің бірінші хатшысы, ауд. партия комитеті саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі. 16 жыл орта мектеп директоры, 7 жыл ауд. оқу бөлімінің меңгерушісі болды.

Смайылұлы Сейітжан (1894, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы, Сарлық а. – 1942, Ұлытау ауд., Сарлық а.) – Ұлытау өңірінің ағартушы-ұстазы. XIX ғ. бастап қазақтардың

мәдени өмірінде елеулі рөл атқарған Троицкідегі «Ғалия» медресесінде орысша-арабша білім алған. 1934 ж. №1 Ұлытау орта мектебінің негізі – бастауыш мектеп ашып, оның тұңғыш директоры болды. 1937 ж. сайлау науқаны кезінде жалған айып тағылып, сталиндік репрессияға ұшырады. 08.12.1937 ж. қамауға алынып, 14.11.1938 ж. Қарағанды обл. УНКВД «үштігінің» шешімімен РКФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10 б-на (діни насихат) сәйкес 8 жылға Шамалған (Жетісу) а-ғы еңбекпен түзеу лагеріне айдалған. 07.03.1940 ж. қылмыстық негізі болмағандықтан ақталып (реабилитация) шыққан. Ұлытаудың жарқын тұлғалары Б. Бұлқышев пен К. Смайыловқа білім мен тәрбие берген.

Сорқұдық – Жезқ. аймағындағы Милықұдықтан кейінгі екінші көне металлургтер орт-ғы. Ағынның арнасында, бат. және солт. беткейлері биік қырлармен шектелген, Жезқ. кенішінен солт-ке қарай 15 км жерде орналасқан. 1945 ж. А.В. Кузнецов пен Н.В. Валукинский зерттеген. Нәтижесінде қоныстың өмір сүрген уақыты қола дәуірі мен қыпшақ заманын қамтитыны анықталды. Қола дәуірінің жеркепелері мен мыс балқыту пештері қоныстың солт. бөлігінде жатыр. Милықұдықтағыдай бұл жерде де көптеген жер шұңқырлар, тұрғын және шаруашылық ғимараттарының орны мен тұрмыстық қалдықтары табылған. Тұрғын үйлерді бір-біріне жақын орналасқан жеркепелер құрайды. Олардың көл. 6х8-ден 8х12 м дейін, теренд. – 1,3 м. Үйлерден аса қашық емес тұста кенді өндірген, үгітіп байытқан және балқытқан жерлер сақталған. Қоныс Милықұдықтағыдай 8 мыс балқытатын шұңқыр пештерден, жеркепелерден, он шақты құдықтан және шаруашылық құрылыстарынан тұрады.

Спанов Самат Мұратұлы (13.11. 1939, Қарағанды обл., Шет ауд., Ақсу-Аюлы а. – 05.1985) Целиноград а.ш. инст-ын (1967) бітірген. 1970-1972 жж. ҚКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы. 1967 ж. Шет ауд. Орджоникидзе ат. кеңшардың бас экономисі, Шет ауд. комсомол комитетінің бірінші хатшысы. 1972 ж. бастап партиялық қызметте. Ауд. партия комитетінің нұсқаушысы, кеңшар парткомының хатшысы, обл. партия комитетінің жауапты қызметкері, 1978 ж. Ұлытау аупарткомының екінші хатшысы. 1982 ж. маусымынан 1985 ж. мамырына дейін халық депутаттары Ұлытау ауд. кеңесі атком төрағасы. «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.

Сужылан (лат. Natrix tessellata) – Ұлытау ауд-да кен таралған, өзі аттас туысқа жататын жыланның бір түрі. Ағысы қатты тау өз. жағалауларын, қамысты көлдерді, қарасуларды мекендейді. Суда жақсы жүзеді, су астында жарты сағаттан артық уақыт бола алады. Денесі біршама ірі, ұз. – 140 см-дей, денесінің үстіңгі жағы сарғыш қоңыр, кейде көлденең салалы ұзын жіңішке жолақты, желке тұсы қара дақты болады. Негізі-

нен балықтармен, бақа, құрбақалармен, ұсақ кеміргіштермен, кейде құстармен де қоректенеді. Ұстаған жемін тірідей жұтады. Топтанып қыстайды. Көбеюі сәуір-мамыр айларында басталады. Маусым-шілдеде ұз. 3-4,5 см болатын 6-23 жұмыртқа салады. Жұмыртқадан шыққан жыланның ұз. 15-22 см болады. С. балық өсіретін питомниктерге, уылдырық өсіретін шаруашылықтарға зиян келтіреді. Усыз жылан, сондықтан адамды шаққаны қауіпті емес.

Суыр (лат. Marmota) – кеміргіштер отряды, тиін тәрізділер тұқымдасына жататын сүткоректі. Қазақстанның орманды даласында, шөлді жерлері мен таулы аймақтарында кездесетін 4 түрі: дала суыры (Marmota bobak), сұр суыр (Marmota baibacina), ұзынқұйрық суыр (Marmota caudata) және мензбир суыры (Marmota menzbieri) бар. Дене тұрқы – 30-60 см, құйрығының ұз. – 10-25 см, салм. – 3-8 кг. Түсі қызыл қоңыр, сарғыш жирен, кейде қара қоңыр түсті, шұнақ құлағы болады. Ашық алқапта тереңд. – 3 м, ін жолдары 8 м-дей, бірнеше (1-6) аузы бар ін қазады. Онда топтанып тіршілік етеді. Жылына 7 айдай ұйықтайды. Жылына бір рет наурыз-сәуір айларында көбейіп, 15-20 жыл тіршілік етеді. Дала суыры мен ұзынқұйрық суырдың кәсіптік маңызы бар. Олардың бағалы терісінен бас киім, сырт киім тігіледі. Майы халық медицинасында түрлі ауруларға ем ретінде пайдаланылады.

Сұлтанов Әбіш (1930, қазіргі Қарағанды обл., Қарсақбай а. – 2006, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Шеңбер а.) – шопан. 1941 ж. майданға аттанған колхозшылардың орнын басып, көктемде сиыр жеккен жалғыз тісті соқамен жер жыртты. Күзде қолорақпен бидай орды, қыста жас төлдерді күтіп-бақты. 1957 ж. шағын үш ұжымшар негізінде «Шеңбер» кеңшары құрылғанда механизатор, кейін шопан болды. Жыл сайын отардан отар өргізу, әр жүз саулыққа 120-130 қозы өрту бұлжымас дәстүріне айналды. Ұлытау ауд-ның бірнеше дүркін рекордшы шопаны. Ауд.

партия комитеті бюросының және обкомның мүшесі болды. Октябрь революциясы (1973), Еңбек Қызыл Ту (1970) ордендерімен, бірнеше медальмен, көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Сұлтанов Нұриден (1932, қазіргі Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Терісаққан өз. бойындағы Обалы қыстағы – 2001, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Шеңбер а.) «Шеңбер» кеңшарындағы Қоскөл және №3 бөлімшелерінің меңгерушісі болған. Жалпы жиыны 25 жыл бөлімше басқарған. Ол басқарған еңбек ұжымдары үнемі жоғары жетістіктерге жетіп жүрді. «Шеңбер» кеңшары кәсіподақ комитетінің төрағасы, ауылдық сауда бірлестігінің директоры болды. Бірнеше мәрте ауылд. кеңес депутаттығына сайланған. Өмірінің соңғы жылдарында ауыл имамы ретінде имандылық жолындағы игі істердің ұйытқысы болды. А.ш. саласындағы ұйымдастырушылық жұмыстары мен жоғары еңбек жетістіктері үшін ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің (1957), ҚазКСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің (1980) Құрмет грамоталарымен марапатталған. Сондай-ақ, Украин КСР ЛЮКО ОК Құрмет грамотасының (1955) иегері.

Сұлтанов Смағұл (1899, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы, Әйтімбет қыстағы – ө.ж.б.) Ұлытау ауд. Кеңгір ауылкеңесінде артель, 1931 ж. «Алғабас» ұжымшары құрылғанда олар-

ға мүше болып кірді. 1948 ж. өзіне бекітіліп берілген 490 ірі қылшықты, құйрықты саулықты аман сақтап, әр жүзіне 122 қозы алды. Енесінен айырғанда әр қозының салмағын 45 кг, енесінің салмағын 65 кг жеткізді. Ленин (1949) орденімен марапатталған.

Сұржылан (лат. Viperidae) – жыландар тұқымдас бауырмен жорғалаушы. Миоценнің бірінші кезеңінен белгілі. Денесі салыстырмалы толық, әр түрлі бояулы, ұз. – 2 м-ге дейін. Басы үшбұрышты немесе трапеция тәрізді, кеудесінен немесе кекірегінен жақсы шектелген. Қарашығы тік, жағының алдыңғы жағында 1-2 үлкен улы, 3-5 кішіріктеу тістері бар. Ұсақ омыртқалылармен қоректенеді. Кәдімгі сұржыландар туысының 11 түрі бар, осылардың 6 түрі ТМД-да кездеседі: қарасұр жылан немесе көлбар жылан, кәдімгі сұржылан, мұрынды сұржылан және азиаттық сұржылан. Жыланның шаққаны адам өміріне қауіпті. Уы медицинада жыландардың шағуына қарсы сарысу әзірлеуге және басқа мақсаттарда қолданылады. Азиаттық сұржыландар КСРО «Қызыл кітабына» енгізілген.

Сүлейменов Әбілжан Әбжаппарұлы (1932, ОҚО, Қарсақбай ауд., Кеңгір а. – 2004, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) қатардағы есепшіліктен басталған еңбек жолында Ұлытау ауд-да кеңшардың бас бухгалтері, партком хатшысы, кеңшар директоры қызметтерін атқарған. Ширек ғасырға жуық «Сарыкеңгір» кеңшарын басқарды. Шаруашылық аумағында орналасқан Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл, Хан аралы сияқты ұлттық маңызы бар ескерткіштер тарихының білгірі болды. Олардың сақталуына қамқорлық жасады. ҚазКСР а.ш-на еңб. сің. қызметкері (1984), «Құрмет белгісі» орденінің иегері.

Сүлейменов Жақан Сүлейменұлы (12.1908, Қарағанды обл., Спасск заводы кенті – ө.ж.б.) 1931-1941 жж. «Балқашқұрылыстың» бөлім жетекшісі, комсомол қызметінде, «Қарағандыкөмір» трестің оқу комбинатында тарих пәнінің оқытушысы, ФЗО директоры. 1942 ж. Шет аупарткомының екінші хатшысы болып сайланған. 1942 ж. қыркүйектен 1944 ж. наурызына дейін Ұлытау, 1944 ж. наурызынан 1945 ж. желтоқсанға дейін Жаңаарқа аупарткомдарының бірінші хатшысы, 1945 ж. желтоқсаннан еңбек резервтері Қарағанды обл. басқармасының бастығы. 1947-1952 жж. еңбекшілер депутаттары Сталин, Ворошилов, Нұра ауд. кеңестері атком төрағасы болған. Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

Сүлейменов Қадырбай Дәрібекұлы (1939, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а. – 2014, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – Қазақ политех. инст-ын бітірген инженер-геолог. Геол.-минерал. ғыл. канд. (1986). Еңбек жолын 1956 ж. Қазақстан геол. барлау трестінің Ұлытау ауд. Қорғасын геол. барлау партиясында бұрғылаушы болып бастаған. Жезқ. кешенді кен-барлау экспедициясында аға геолог, Жезқ. кен қорын есептеу бөлімінің бастығы, бас геологы. 1998-2003 жж. Қ. Сәтбаев ат. Геол. инст-тың аға ғыл. қызметкері. 1986 ж. «Геолого-геохимические особенности и рудоносность докембрийских геологических формаций Улытау» атты тақырыпта канд. дисс. қорғады.

Сүлейменова Гүлбану Теленқызы (28.04.1958, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) 1974 ж. Жезді автокөлік кәсіпорнында жүргізуші, 1980 ж. «Урожайный» кеңшарында автокөлік, кейін К-700 тракторының жүргізушісі. 1980-1992 жж. диқандардың отбасылық звеносын құрып, жер жыртудан бастап егінді орғанға дейінгі жұмысты өздері атқарды. Алматыдағы Қазақ а.ш. инст-ын бітірген соң кеңшарда агроном болды. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1985-1990).

Сүресай, Сүрелі – Шалқар алабындағы Ұлытау ауд. жерімен ағатын өз. Ұз. – 60 км, су жиналатын алабы – 624

км². Ұлытаудың батыс баурайындағы бұлақтардан басталып, Қарғалы өз-не сол жағынан құяды. Бірнеше салалары бар. Көбіне жауын-шашын және жер асты суларымен толығады. Көктемде қар суымен 10-15 күндей тасып, жазда құрғап қалады. Алабы – жайылым.

Сыздықов Әбілқас (1928, ОҚО, Қарсақбай ауд., Байқоңыр кенті – 1997, Қарағанды обл. Ұлытау ауд., Қоскөл а.) 15 жасынан еңбекке араласып, шопанның көмекшісі, кейін Сталин ат. ұжымшардың аға шопаны болды. 1950 ж. бір жылдық мал шаруашылығы мектебін бітіріп, мал дәрігері-фельдшер мамандығын алды. 1957 ж. «Байқоңыр» кеңшарында мал фельдшері. 1965 ж. маусым айынан қой фермасының меңгерушісі болды. 1948 ж. өзіне бекітіліп берілген 420 саулықтың әр жүзінен 120-дан қозы өсіріп, отарындағы қой басына орташа 3,6 кг жүн қырықты. 20 жасар шопанның еңбектегі табыстары лайықты бағаланды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1949 ж. 12 шілдедегі Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Сыздықов Әбдіхалық (05.01.1931, ОҚО, Қарсақбай ауд., Ұлытау а. – 10.01.1988, Жезқ. обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) 1947 ж. №14 ФЗО мектебін бітірген соң Жезқ. кеншіндегі паровоз деподында паровоз жөндеуші. Қарқаралыдағы педучилищені (1950) бітірген. Ұлытауда орта мектепте бастауыш сыныпқа сабақ берді. Жастар арасында мәдени-көпшілік жұмысқа қатыса жүріп, ауд. кітапхана ұйымдастыруға бастамашы және 10 жыл оның меңгерушісі болды. Ауылда оқырмандар тартуға, кітап таратуға, ауыл мәдениетін көтеруге үлес қосты. «Ұлытау» кеңшары партқомы жанындағы аймақтық саяси-ағарту кабинетінің, аупарткомның сектор меңгерушісі болды. «Тың жерді игергені үшін» (1956), «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медальдарымен марапатталған.

Сырлытам – ортағасырлық кесене Жыланшық өз. бойында, онт. үстіртте Аққөл а-нан 55 км жерде орналасқан. Бұл жерде Шыңғыс ханның қонысы болған деген болжам айтылады. Тарихи деректерде Шыңғыс ханның әйелі Алқа ханымның кесенесі болған деген жазба дерек бар. 1950 жж. ОҚАЭ (Ә. Марғұлан) қазба жұмыстарын жүргізген.

Т

Табиғат ескерткіштері – ғыл., тарихи, мәдени және эстетикалық мәні бар табиғат объектілері. Халық игілігіне жарату мақсатымен мемлекет тарапынан қорғауға алынады. Т.е-нің түрлері – ботаникалық, зоологиялық, геол., тарихи, мемл., жергілікті. Т.е. қатарына көне заманнан қалған, сирек кездесетін ағаштар мен ағаш топтары, жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлар, шағын ормандар мен тоғайлар, табиғаты жағынан теңдесі жоқ өз. жағалаулары мен аңғарлары, мұз дәуірінен қалған үлкен домалақ тастар, геол. шөгінділер, үңгірлер, арасан бұлақтары, сарқырамалар, кейбір көлдер, т.б. жатады.

М. Сейтжанов

Таева Шарипа Шыңғұлқызы (1913-1984) – халық шаруашылығын ұйымдастырушылардың бірі. Ұлытаудың түлегі. БК(б)П ОК жанындағы үгіт-насихат жоғары мектебін (1939) бітірген. 1939-1949 жж. Жамбыл обл. партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, бірінші хатшысы, Павлодар обл. партия комитетінің хатшысы, КазКСР Орман шаруашылығы министрінің орынбасары. 1949-1971 жж. БК(б)П ОК жанындағы жоғары партия мектебінде тыңдаушы, Қызылорда обл. партия комитетінің хатшысы, Гурьев обл. партия комитеті әйелдер бөлімінің меңгерушісі, Мемлекет мекемелері қызметкерлері кәсіподағы респ. комитетінің хатшысы, Мемл. сауда және тұтыну кооперациясы қызметкерлері кәсіподағының респ. комитетінің төрайымы. Екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Тайжан Қалмағанбетұлы (1879-1937) – төкпе ақын, әнші, композитор. Үкілі Ыбырайдың туған жиені. Сыбызғы мен сырнайды, қобыз бен домбыраны бірдей тартқан. Жастайынан Арқаның Ақан сері, Біржан, Шәрке сал, Сегіз сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай тәрізді әнші, ақындарының репертуарын игеріп, өзі де ән шығарып, айтуға дағдыланған. 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысқа үн қосып, Аманкелді сарбаздарын жырлады. Қазан төңкерісінен кейін жаңа құрылысқа, Жезқ., Қарағанды, Қарсақбай сияқты өндіріс ошақтарына өлең, жыр арнады. 1926 ж. Шеген, 1930-1936 жж. Болман, Иманжан ақындармен айтысқа түскен. А.В. Затаевичке бірнеше ән жаздырған. 1934-1936 жж. халық өнерпаздарының респ. слеттеріне, 1936 ж. Мәскеудегі қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігіне қатысқан. Онкүндік кезінде Октябрьге арналған толғау жырлары орыс тіліне аударылып, одақтық газеттерде жарияланды. «Ленин мавзолейіне», «Сүйікті Серго», «Тайжан әні», «Ыбырайға» деген ән-термелері күйтабаққа жазылды. Т-ның көптеген әндері кезінде жазылып алынбаған. Кейбір шығармалары ақындардың жалпы жинақтарында, газет-журналдарда, «Қазақтың 1000 әні», «Пернедегі термелер» кітаптарында жарияланды. Өлкетанушы С. Бұқировтің жинақтауымен Т-ның «Ой ағысы» атты жинағы 1984 ж. жарық көрді. Жинаққа ақынның отыз өлеңі, үш қысқа айтысы енді.

Таймағанбетов Байбосын (1913, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы – 1998, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – металлург. Еңбек жолын Қарсақбай мыс заводының кенді ауласында тиеушіден бастаған. Кейін десятник, өндіріс шебері, кенді уақтау цехында

жоғары білікті жұмыскер болып, зейнеткерлікке шыққанша еңбек етті. Жезқ. байыту фабрикасында жас жұмысшыларға тәлімгер ұстаз болды. ҚазКСР еңб. сің. металлургі (1965).

Талап – Арғанаты тауларының солт.-шығысындағы тау. Ұлытау ауд. Терісаққан а-ның оңт.-шығысында 5 км жерде орналасқан. Абс. биікт. – 493 м. Батыстан шығысқа қарай 7 км жерге созылып жатыр, енді жері – 5 км. Беткейі жайпақ, сай-жыралармен тілімденген. Оңт. етегінде қорымтас пен қиыршықтастың мол үйінділері шоғырланған. Таудың қызғылт қоңыр топырақ жамылғысында қылқан селеу, дегелең, қылша, көкпек, бұталардан үшқат, тал, шілік, қараған, тобылғы, т.б. өседі. Солт.-батысында Қаптыадыр, оңт.-шығысында Егізен таулары бар.

Талдыеспесай – Шалқар алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 71 км, су жиналатын алабы – 769 км^2. Ұлытаудың оңт-дегі қыраттан басталып, Тұрмақансай атты құрғақ арнаға құяды. Жайылмасының ені 2 км-ге жетеді. Қар суымен толады. Жазда арнасы құрғап қалады. Көп жылдық орташа су ағымы – 0,50 м^3/с. Мал суаруға пайдаланылады.

Талдықұдық – 1) Жетіқоңыр құмының солт.-батысындағы құдық. Жезқ. қ-нан оңт.-шығысқа қарай 78 км жерде орналасқан. Тереңд. – 4 м, су шығымы – 200 л/сағ. Теңіз деңгейінен 315 м биіктікте жатыр. Жер бедері жонды-белесті келген. Солт-де Мыңқиік, оңт-де Көптақыр қоныстары жатыр; 2) Мойынқұмның батысында, Сарысу өз. аңғарындағы құдық. Шолақ қонысынан оңт-ке қарай 88 км жерде орналасқан. Тереңд. – 8 м, су шығымы – 2400 л/сағ. Теңіз деңгейінен 200 м биіктік шамасында жатыр. Жер бедері сай-жыралы келген. Құдық суы Талдысай құрғақ арнасының бойымен ағады.

Талдысай – Арыс көлі алабындағы өз. Шолақнұра мекенінің оңт-дегі бұлақтан бастау алып, Бәйтен құдығынан оңт-ке таман құмға сіңіп кетеді. Ұз. – 57 км. Жағасы жайдақ, түбі құмдауытты. Қар және жер асты суымен толығады. Сәуірде тасиды, жылдың қалған айларында суы тартылып қалады. Кішігірім 3 саласы бар. Өз. аңғарында суы тұщы 4 құдық (Сапарбек, Талдыбұлақ, Өлең, Бәйтен) бар. Алабы – маусымдық мал жайылымдығы.

Талдысай, Көптамасай – Ұлытау ауд-ғы өз. Сарысу алабында. Ұз. – 56 км, су жинау алабы – 593 км^2. Қоңыржал тауы беткейіндегі бұлақтар суынан түзіліп, Майданқақ көліне құяды. Аңғары жатық, ені – 300-500 м. Қар, жер асты суымен толысады. Жазда иірімдерге айналады. Жылдық орташа су шығыны – 0,41 м^2/сек. Мал суаруға пайдаланылады. Алабы – шабындық пен жайылым.

Талдысай кешені – Ұлытау ауд. Жезді кентінен 18 км, Жезді өз. мен Талдысай өз. сайының құйылысар жерінде орналасқан. Кешенде қола дәуірінің қонысы мен қорымы, ерте темір ғасырының мұртты обасы, ортағасырлық Басқамыр қ., қазақ зираты және оның шығысында солт-тен оңт-ке қарай созылып жатқан биік қырат үстінде төрт бұрыштап тастан қаланған, биікт. 3 м-ге жуық Қарауыл мұнарасы бар. Осының барлығы кене заманнан бері Талдысайдың табиғаты тұрмысқа қолайлы болғандығын, оны үзілмей ел қоныстанғандығын айғақтайды. Т.к. – біздің заманымыздан бұрын II мыңжылдықтың орта кезінде ел мекен еткен орын, яғни қола дәуірінің ескерткіші. Зерттеу нәтижесінде бұл тайпалардың мал бағып, аң аулап, егін егіп, мыс балқытқаны анықталды. Қоныс оңт. пен терістік тайпаларының Сарысу, Жезді бойындағы үлкен жолының ортасында орналасқан. Т-да мыс балқытқан пештердің табылға-

де қашалған. Биікт. 47 м терең аңғарда орналасқан жартастың ауд. – 6 м². Омбылық топограф Ю.А. Шмидттың 1890 жж. жүргізген зерттеулері бойынша, тас бетінде тарихтың түрлі кезеңдерінде 445 рудың таңбалары ойылған. Т. туралы алғашқы мәліметтер Мәшһүр Жүсіптің еңбектерінде кездеседі. Арнайы зерттеу жұмыстарын проф. А.И. Шренк (1840), әскери дәрігер Л.О. Кузнецов және Атбасар уезінің тілмашы Асанқожа Бекқожин (1895), акад. Қ. Сәтбаев (1926), Ә. Марғұлан (1950) жүргізген.

М. Сейтжанов

Таңшаадыр жер асты су кені – Жезқ. қ-нан солт.-шығысқа қарай 50 км жерде орналасқан. Кен орны Таңшаадыр брахиантиклинді құрылымында шоғырланған. Ол карбонатты тау жыныстарынан түзілген. Су сыйыстырушы жыныстары жарықша қалған және крастталған әктастардан тұрады. Опар 200 м тереңдікке тараліған. Жер асты суы ағынсыз. Су деңгейі 1-2 м-ден 17-20 м тереңдікте жатыр. Суы тұщы, минерал. – 0,6-0,9 г/л. Хим. құрамы – гидрокарбонатты-хлоридті кальций-натрийлі. Жобалық сутірек тереңд. 200 м болатын қатар түзеген 4 ұңғымадан тұрады. Сутіректің жиынтық өнімд. – 60 л/с.

Тарғақ – Ұлытау ауд. мекендейтін татрең тәрізділер отрядына жататын құс. Орташа пішінді дала балықшысы. Салм. – 230 г. Қыркүйектен наурызға дейін жылы жаққа ұшып кетеді. Жерде, шұңқырда орналасқан ұясында, сәуірде 4 шұбар жұмыртқа салады. Аталығы мен аналығы кезектесіп басып, 3 аптадан кейін мамықты балапандары шығады да, ұяларын бірден тастап кете береді. Балапандары ересектері сияқты жәндіктермен, яғни шегіртке, қоңыз және а.ш. зиянкестерімен қоректенеді, сөйтіп пайдасын тигізеді. Балапандары 1 айдан кейін ұшады. Қуаң Қазақстан далалары мен шөлдерінде болатын бұл құстың саны азайып барады. Сондықтан Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген және дүние жүзіндегі қорғансыз құстардың бірі болып есептеледі.

Тартарлар – Ұлытау ауд. мекен ететін тырна тәрізділер отряды, су тартарлары тұқымдасына жататын құстар. Дене мөлш. – 16,5-28 см, салм. – 60-130 г. Тұмсығы кішкентай, қанаты қысқа, денесі екі бүйірінен қысыңқы. Т. – жыл құстары. Наурыз айының басында ұшып келіп, қалың қамыс, қоғаның арасына ұя салады. Ұядағы 5-9 жұмыртқаны мекиені мен қоразы 21 күн кезектесіп басып, балапан өргізеді. Қорегін түнде аулайды, сондықтан күндіз көзге шалына бермейді. Негізінен жәндіктермен, суда өсетін өсімдіктермен қоректенеді. Қарашада жылы жаққа ұшып кетеді. Т-ды әуесқойлық жолмен аулайды.

Тасбұлақ – Ұлытау а-ның қасында, Емшектаудың түбінен ағатын бұлақ. Тау тастарының арасында жиналатын қар суы, табиғи сүзбеден өтіп, минералдармен қоректеле байып, үлкен мөлшердегі қысыммен гранит тасты жарып шығады. Суының шөл басу, шипалық қасиеті зор, сақталу мерзімі ұзақ.

Тасбұлақ – Ұлытау тау жүйесінің қиыр оңт-дегі тау массиві. Сарысу өз. төм. ағысында. Абс. биікт. – 320 м. Бор шөгінділерінен түзілген. Оңт. және батыс беткейлері бұлаққа бай (Ұзынбұлақ, Шипі). Сұр қоңыр топырақ жамылғысында жусан, бұйырғын, көкпек өседі. Күзгі, қысқы мал жайылымы.

Тасоба – Шұбартеңіз қонысының оңт.-шығысындағы төбе. Ұлытау ауд. Қосқөл а. шығысында 58 км жерде орналасқан. Абс. биікт. – 204 м. Батыстан

шығысқа қарай ендік бағытта 3 км-ге созылып жатыр, енді жері – 1 км. Жер бедері дөңді-белесті, сайлы-жыралы келген. Солт-де Тасқұдық құдығы, оңт-де Буланты қонысы жатыр. Сұр топырақ жамылғысында эфемерлі сұр жусан, бұйырғын, күйреуік, теріскен, жүзгін, т.б. өсімдіктер өседі.

«Тау гүлі» халық хоры. XX ғ. 70-жж. Ұлытау өңіріндегі халық таланттарының үлкен шоғыры бас қосқан өнер ұжымы. Барлығы – 80 қыз-жігіт. Хор 1975 ж. Ұлытау ауд. Мәдениет үйі жанында құрылды. Шығармашылық ұжымның ұйтқысы, ұйымдастырушысы әрі жетекшісі Мәскеу мәдениет инст. хор дирижерлігі бөлімінің түлегі Марат Шоктаев болды. Әр түрлі табиғи дауыстардың өзіндік әсерлерін бір-бірімен үйлестіру, қосылып ән айтуға үйрету қиындығын жас жетекші жоғары біліктілігімен, таланттармен жұмыс істеу дарынымен, табандылығымен келісті шешті. Хордың репертуарында кеңес композиторлары мен одақ халықтарының таңдаулы әндері орын алды. Оның ішінде С. Мұхамеджановтың «Ленин туралы дастан», Ж. Сейіловтің «Ұлытау», Э. Шиллердің «Россиямен мәңгі бірге», Д. Львов-Компанейцтің «Отаным менің» әндерімен бірге қазақтың халық әндері «Сәулем-ай», «Маусымжан», т.б. болды.

«Т.г.» 1981 ж. Мәскеуде, кейін Пенза қ-да өткен бүкілодақтық, 1990 ж. сәуірде Алматыда өткен респ. хор байқауларында жоғары орындаушылық деңгейден көрінді, жеңімпаз атанды. Хор ардагерлері Жезқ., Қарағанды, Алматыда респ. байқаудың бас жүлдесіне ие болды. Хор құрамында Ұлытаудың намысын қорғағандар қатарында Гүлнар Бегаева, Сәуле Көпбаева, Отар Әбдіғалиев, Сағат Аяшев, Зағила Жылқыбаева, Балкүміс Белекбаева, Ақлима Қосболова, Гүлжан Бекназарова, Вера Құлахметова, Жаңбырбай Дәрібаев, Жоламан Жаналинов, т.б. бар. «Т.г.»-нің шығармашылық табыстары бүгінгі және болашақ ұрпақтарға үлгі болып табылады.

Таштитов Қайсар (1904-1938) – Қазақстан комсомолын ұйымдастырушылардың бірі. Петропавловск қ. кеңес-партия мектебінің (1922-1924) тыңдаушысы. 1930 ж. Мәскеуде коммунистік универс-ті бітірген. 1924-1925 жж. Ақмола губпартком хатшысы. 1930-1931 жж. Қазақстан өлкелік партия комитетінің жауапты қызметкері. 1930 ж. желтоқсанда Қарсақбай аупарткомының бірінші хатшысы болып сайланды. Мемлекетшіл, іскер, шешімді басшы болды. Бірінші хатшының ұсынысымен аупартком бюросы өлкелік партия комитетінің есебіндегі Қарсақбай мыс комбинатының директорын міндетін атқара алмағаны үшін жұмыстан босату жөнінде қаулы қабылдады. Жоғарғы партиялық органдар аупарткомның бұл шешімін демокр. централизм принципін өрескел бұрмалаушылық деп таныды. Өлкелік партия комитетінің бюросы Таштитовты аупарткомның бірінші хатшысы міндетінен босатып, орт-қа шақырып алды. Бұдан кейін Т. 1931-1933 жж. ҚазАКСР Халық ағарту халкоматында хатшы. 1933-1937 жж. өлкелік комсомол комитетінің, Қазақстан ЛКЖО ОК бірінші хатшысы. 1938 ж. жазықсыз жазаға ұшырап, атылған.

Тәжібаева Патшайым (01.01.1920, ОҚО, Төле би ауд., Қарақия а. – 06.01.1991, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1960), Қазақстан ҒА корр.-мүшесі (1967), проф. (1975). Жапония ғыл.

қоғамының мүшесі (1971). Қазақстанда литология мен шөгінді пайдалы қазбалар жөніндегі ғылым саласының негізін қалаушы. Орта Азия (Ташкент) мемл. универс-ін бітірген (1942). 1960 ж. бастап өмірінің соңына дейін Қазақстан ҒА Геол. ғылымдар инст-ты литология секторының меңгерушісі қызметін атқарды. «Литолого-петрографические исследования Джезказганских свит в связи с проблемой генезиса руд Джезказганского месторождения» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Негізгі ғыл. еңбектері Орт. Қазақстанның шөгінді жыныстары мен кентастарын зерттеу мәселелеріне арналған. 80-нен астам ғыл. жарияланымның авторы. 2 рет Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар достығы» ордендерімен марапатталған.

Тәкішев Әбділмалік Арғынұлы – Ө. Байқоңыров ат. Жезқ. универ-нің ректоры (2010), техн. ғыл. докт. (2002), проф. (2003), Халықаралық ақпараттандыру академиясының (2004) және Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (2011), ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері (2005), А. Байтұрсынов ат. алтын медалінің (2016), ҚР-ғы Ұлттық бизнес-рейтингінің «Слава Казахстана» орденінің (2013), Жезқ. универ-нің «Алтын белгісінің» (2005), «Қазақстан мәслихаттарына – 20 жыл» (2014), «Қазақстан Конституциясына – 20 жыл» (2015), «ҚР тәуелсіздігіне – 25 жыл» (2016) мерекелік медальдарының иегері, ҚР Ректорлар Кеңесінің мүшесі.

Қазақ политехн. инст-ын (1976) үздік бітірген. Жезқазған тау-кен металлургия комбинатының «Жезқазғантүстімет» ҒЗЖИ-да инженер (1976), ҚарПТИ-дің ЖФ-да материалдар кедергісі және машина детальдары кафедрасында ассистент, аға оқытушы (1977-1983), ҚазКСР ҒА Сейсмология институтында аспирант (1983-1986), ҚарПТИ-дің ЖФ-да, кейіннен ЖТКТИ, жалпытехникалық пәндер кафедрасында аға оқытушы, меңгеруші (1986-1996), доцент (1991), ЖезУ материалдар кедергісі және қолданбалы механика кафедрасының меңгерушісі (1996-2010), аға ғыл. қызметкері (1998-2000). ЖезУ Технологиялық инст-ның және Тау-кен технологиялық инст-ның директоры (2005-2010), ЖезУ ректоры (2010 ж. бастап).

150 ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монография, 5 оқу құралы мен 10 инновациялық патенттің авторы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыруының «Тау жыныстары массивінің күйін басқару негізінде кен шоғырларын өңдеудің жаңа технологиясын әзірлеу» және «Жазық кен орындарын тиімді және қауіпсіз жолмен игерудің жаңа технологиясын негіздеу және анықтау» жобаларының ғылыми жетекшісі.

Негізгі ғылыми еңбектері: Управление состоянием налегающего массива и поддерживающих целиков (монография). – Алматы, 2001; Математическое моделирование нелинейных термомеханических процессов (монография). – Жезказган, 2016; Природа разрушения элементов систем разработки, поддерживающих выработанное пространство // Труды 1-ой Международной школы-семинара «Физические основы прогнозирования разрушения горных пород». – Красноярск, 2002; Исследование поведения бурильной колонны в пределах областей динамической неустойчивости // Доклады Национальной академии наук РК, 2003. №1; Анализ напряженного состояния выработки с помощью ПК ANSIS // Труды II Международной научно-практической конференции. – Алматы, 2015.

Тәңірлік – б.з.д. II мыңжылдықтан бастап Алтайдан Ұлы Дала – түрік әлеміне тараған дін. Монотеизм діндерінің ең көне діні. Түріктер «Бір Тәңірі» деп көк аспанға табынған. Тәңір – көне түрік-

тердің түсінігі бойынша, жер бетіндегі жанды, жансыз табиғаттың бәрінің үстінен қарайтын, соларды жаратушы, жарылқаушы, жазалаушы бір аспандық күш. Көне түріктер Тәңірмен қатар Жер, Суға да мінәжат еткен. Тәңірдің құдіретті күшін жерге жеткізетін – Ұмай Ана деп түсінген. Қазақтың арғы бабалары Күнге, Айға, Аруаққа да табынған. Оның сілемдерін қазақтың салт-дәстүр ғұрыптарынан, дүниетанымынан көптеп кездестіруге болады.

Тәуекел хан Шығайұлы (т.ж.б. – 1598) – Қазақ хандығының ханы. Бұхар ханы Абдоллаһтың Ташкент билеушісі Баба сұлтанға қарсы ұйымдастырған Ұлытау жорығында белсенділік танытқан. 1582 ж. әкесі Шығай хан қайтыс болғаннан кейін қазақ ханы болып сайланды. Ол Абдоллаһ ханға тәуелділігінен бірден құтыла алмады. 1583 ж. Абдоллаһ ханның Әндіжан мен Ферғанаға жасаған жорығында Т. Баба сұлтанның ұлы Абд әл-Ғафарды тұтқындады.Осы жорықтан кейін Адоллаһтың Т-ге қарсы теріс ниеті біліне бастады. Оған себеп болған Абдоллаһтың қазақтарға Түркістан мен аймағындағы төрт қаланы сыйға беремін деген уәдесінің орындалмағаны. Енді Т.х. Сырдария бойындағы қалалар үшін Абдоллаһ ханмен күресін бастады. Бірақ оның Түркістан аймағындағы қ-ды алуға жасаған алғашқы әрекеті сәтсіз аяқталды.

Ол 1594 ж. Мәскеуге Құлмұхаммед бастаған елшілік жіберді. 1595 ж. Қазақ хандығына жауап ретінде тілмаш В. Степанов бастаған орыс елшілігі келді. Қазақ-орыс байланыстарының дамуы керуен саудасын кеңейтіп, қазақ мемлекетінің әл-ауқаты ұлғая түсті. Т.х. бір баласын қарақалпақ руларына, інісі Шаһмахмедті қалмақтарға билеуші етіп қойып, Чалыш пен Тұрпандағы моғолдардың ішкі саясатына араласты. XVI ғ. соңында Бұхар хандығында Абдоллаһқа қарсы өзінің мұрагері санап жүрген ұлы Абд әл-Мумин көтеріліп, дағдарыс орын алды. Бұл сәтті көптен күткен Т.х. 1598 ж. 120 сұлтан басқарған 10 түмен әскермен қысқа мерзімде Сайрам, Түркістан, Ташкент қ-н басып алды. Ташкент пен Самарқан арасында өткен шешуші шайқаста Абдоллаһ ауыр жеңіліске ұшырап, көп ұзамай кенеттен қайтыс болды. Самарқанды басқаруға інісі Есім сұлтанды қалдырып, Т.х. Бұхараға аттанды. 11 күн бойы қаланы шабуылдап ала алмағаннан кейін, Бұхара қорғаушысы Пір-Мұхаммед қарсы шабуылға шықты. Осы қақтығыста Т.х. жарақат алып, жасақтарын шегіндіруге мәжбүр болды. Шейхтардың араласуымен екі жақ бейбіт келісімге келіп, Т.х-ның Самарқаннан бас тартуына тура келді. Шайқаста алған жарақатынан Т.х. қырық күн өткеннен кейін қайтыс болды.

М. Сейтжанов

Тәуке хан Жәңгірұлы (1626-1718) – Қазақ хандығының ханы, реформатор. 1680 ж. мұрагерлік арқылы Ұлытауда хан тағына отырып, саяси-құқықтық тәртіп орнатқан. Т-нің қасында Ұлы жүз Әлібекұлы Төле, Орта жүз Келдібекұлы Қазыбек, Кіші жүз Байбекұлы Әйтеке, қырғыз Қарашорақұлы Көкім, қарақалпақ Сасық би, қатаған Жайма билер болған. Сонымен қатар өзара тіл табыса алмайтын сұлтандардың ханға ықпалы шектелген.

1681 ж. қалмақ қонтайшысы Галдан Бошоктудың қалың қолы Шу өз. бойына жетіп, Сайрам қ-сын қоршауға алады. 1711-1712, 1714, 1717 жж. жоңғар шапқыншылығы жалғасты. Елдің бірігуінің арқасында Т. жауға қарсы шабуылды тегеурінді әрі сәтті жүргізген. Оның тұсында тұрақты мемл. органдар: хан кеңесі, билер кеңесі жұмыс істеп, жыл сайын үш жүздің шонжарларының съезін өткізу қалыптасты. Тарихқа «Жеті жарғы» деген атпен енген Т.х. заңдарын зерттеушілер қазақтардың бұған дейінгі қолданылып келген әдеттегі құқық нормаларының бір жүйеге келтіріліп, толықтырылған нұсқасы деп қабылдайды.

Тәуке ханның қарасуы – аңызда Тәуке хан жайлаған деп аталған қарасу. Ұлытаудан батысқа қарай 80 км жерде. Жыланшық өз. бойында. Жанында көшкен елдей қалың жиде шұбыра албар

болып өскен. Суы тұщы. Халық арасында жүрген аңыз – Тәуке ханның Ұлытау өңірін жайлағаны туралы ауызша тарихи айғақ болып табылады.

М. Сейтжанов

Тегене – Шалқар алабындағы өз. Ұлытау жерімен ағады. Ұз. – 117 км, су жиналатын алабы – 2530 км². Машай кемері мен Сарыапанқұм құмды алабы аралығындағы бұлақтардан басталып, Шалқартеңіз сорына жетпей тартылып қалады. Қар суымен толығады. Көктемде ғана ағыны болады. Жылдық орташа су ағымы – 0,16 м³/с. Мал суаруға пайдаланылады.

Текесақал (Dodartia) – Ұлытау ауд. өсетін сабынкөктер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанның барлық аймақтарында кездеседі. Далалық жерлерде, сортаң сұр топырақты шалғындарда, өз. бойларында, көбінесе егін арасындағы арамшөптер түрінде бақшаларда және жол жиектерінде өсетін бір түрі – шығыс текесақалы (Д. orientalis) бар. Оның биікт. – 15-50 см, жуан, ұзын тамыры болады. Сабағы көп, бұтақталып келеді. Жоғарғы жапырақтарының пішіні жұмыртқа, қалғандары қандауыр тәрізді, жиектері тегіс, сабаққа сағақсыз орналасады. Тостағанша жапырақшалары қоңырау тәрізді, бес тісті, тұқымында қалады. Күлтесі біртіндеп кеңейген түтік сияқты, қос ерінді. Жоғарғы ерні қысқа, қос қалақты; төменгісі ұзынша, үш қалақты болып келеді. Гүлдері қосжынысты, аталығының саны төртеу, аналық мойны ұзын болады. Күлгін не сиякөк түсті көп гүлі (3-7) бұтағының ұшында жетіліп, шашақ гүлшоғырына топталған. Гүлдері солғанда қараяды. Мамыр-маусым айларында гүлдеп, шілде-тамызда жеміс салады. Жемісі – қос ұялы, төрт қырлы, сырты тегіс қорапша. Тұқымы көп болады. Т. – дәрілік өсімдік, асқазан ауруларына қарсы ем ретінде қолданылады.

Телбаев Жәлел (1892, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы, Кішітау баурайы – 1948, сонда) малдың терісін, жүн-жүркасын, мүйіз-тұяғын ұқсатуға байланысты білгені көп болған. Бұл жөнінде сауда-саттықтан, дүние айырбасынан бейхабар Ұлытау өңірі тұрғындары арасында түсінік-ақпарат жұмысын жүргізген. Ат шанамен, өгіз арбамен Т. бармаған ауыл қалмаған, халық пайдасын көріп, малдың өнімдерін шашау шығармай, дайындаушыға жаппай өткізген. Кейін үздік дайындаушыға берілген полуторка машинасымен елді аралау мүмкін болған. Т-ты замандастары заңға жүйрік, ықтиятты шаруа, ақылдың кені деп құрмет тұтқан.

Тельбаев Жақия Мақанұлы (06. 1929, ОҚО, Қарсақбай ауд., Ащыкөл а.) 12 жасында Ұлытау ауд. «Жігерлі» ұжымшарында қозы, бұзау бағудан еңбек жолын бастады, ферманың есепшісі, Терісаққан мал участогының бастығы болды. Кеңес әскері қатарында міндетін орындаған соң Қазан қ-да жаңадан ашылған Одақтың орта милиция мектебін, Мәскеудегі Плеханов ат. халық шаруашылығы инст-ын (1965) бітірген. Қарағанды к-ғы Ленин ауд. ІІБ-де аға тергеуші, Октябрь ауд. ІІБ бастығының орынбасары, қайта ашылған Ұлытау ауд. ІІБ бастығы, Жезқ. обл. ІІБ ведомстводан тыс күзет бөлімінің бастығы болып 20 жылдан астам мінсіз еңбек етті. Милиция полковнигі. Мемл. марапаттары бар.

Темереева Фарида Мамбеталиқызы (1951, Алматы обл., Шілік ауд., Құрам а. – 2010) Абай ат. Қазақ пединст-нің жаратылыстану-геогр. фак-ін (1974) үздік бітірген. 1976 ж. ЖезПИ-де аға оқытушы болып жұмыс істеді. Жалпы жертану, тарихи геология, табиғатты қорғау пәндерінен дәріс оқы-

ды. «Орталық Қазақстанда қорғалатын аумақтың жүйесін қалыптастырудың экологиялық-географиялық негіздері» деген тақырыпта канд. дисс. қорғады. Ұлытау ұлттық тарихи, мәдени, табиғат ескерткіштері мұражай-қорығының био-логиялық-географиялық негіздемесін дайындады. «Жезқазған облысының физикалық географиясы» (орта мектеп оқушылары үшін оқулық), «Жезқазған облысының географиясы» атты кітаптары, 20-дан астам ғыл. жарияланымы бар.

Темірбеков Садық (1897, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы, Нөгербек дарасы – 2010, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) еңбек жолын Қарсақбай мыс қорыту зауыдының құрылысында бастаған. Мыс комбинатының Ұлытауда ашылған кеншарына жұмысқа жіберіледі. Көкеніс өсіретін бригаданың бригадирі болған. ҰОС басталғанда алғашқылар қатарында майданға аттанған. Қарулы жігітке артиллерия батареясын снарядпен қамтамасыз етіп тұру жүктелген. 1944 ж. қос жанарынан айырылып, ауылға мүгедек болып оралған. Майдан даласындағы ерлігі үшін Ленин, I және II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Теміржолшы Мырзатовтар әулеті. Бұл әулет даңқы Қарсақбай мыс зауыдының құрылысы кезінде дәуірлеп тұрды. 1926 ж. басшылық теміржолда істейтін жұмысшылар қатарына Даяр, Жақан, Шажай, Қасым Кеңпейіл (Штанке) – ағайынды бес жігіт – Мырзатовтарды іріктеп алды. Шажай сол жылдың өзінде паровоз машинисі куәлігін алды. 1935 ж. күзде ол мыс тиелген поезд құрамасының салм. 25 пайызға асырып, уақыт кестесінен 1 сағат 15 минут бұрын Жезқ. кенішінен завод бункеріне жетті. Мырзатовтар ауыр салмақты поезбен жүк тасу жөніндегі Кривоностың әдіс-тәжірибесін игеріп, барлығы да жергілікті жолда рекордты көрсеткіштерге жетті. Кейін өндіріс академияларын бітірген соң Даяр – Жезқ. құрылысына бастық, Шажай – Байқоңыр көмір кеніше директор, Қасым – обл. комсомол комитетіне жұмысқа жіберілді.

Теңбай кесенесі – Ұлытау ауд. Малшыбай а-нан солт.-шығыста 26 км жерде орналасқан, XIX ғ. салынған. Салыну тарихы белгісіз. Ылғал мен жел әсерінен сыртқы беті, қабырға, күмбезі бұзылуға ұшыраған. Кесене екі мазар мен жартылай бұзылған бір сағанатамнан тұрады. Сағанатам табиғи текше тастардан салынған. Бірінші мазар порталды-күмбезді, күйдірілген кірпіштен салынған, төрт бұрышты. Екінші мазар шикі кірпіштен қапанған. Аум. – 0,1 га.

Теңге – ҚР ақша бірлігі (ұлттық валютасы). Айналымға ҚР Президентінің Жарлығымен 1993 ж. 15 қарашада енгізілген. 15 қараша ресми түрде «Қаржы мамандарының күні» деп аталады. Т. ақша банкноттар мен монетадан тұрады. Алғашқы т-лер 1, 3, 5, 10, 20, 50, 100 қағаз банкноттар және 1, 2, 5, 20, 50 тиын етіп шығарылды. 1994 ж. 2, 5, 10, 20, 50 тиын номиналдары металл монеталарға ауыстырылды. Одан әрі қарай қорғау деңгейінің жоғары санымен және түрлі түсті гаммаларымен ерекшеленетін 200, 500, 1000, 2000 т. номиналды банкноттары шығарылды. Ал 5000, 10000, 20000 номиналды т. банкноттары жоғары қорғаныстық сапасымен ерекшеленеді. ҚР ақша айналымында мерейтойларға және естелік күндерге жоғары сапалы алтын мен күміс монеталар да шығарылады. Алғашқы т-лер шетелде дайындалса, бүгінде респ-дың өзінің банкноттық фабрикасы мен т. сарайында шығарылады. Ұлттық валюта ақша жүйесінің негізгі төлем құралының және тәуелсіз мемлекетіміздің міндетті нышандарының бірі болып табылады.

Ұлттық валютаның ішкі және сыртқы тұрақтылығын қорғау ҚР Ұлттық банкінің негізгі міндеті болып саналады.

Терек (лат. Pypulus) – тал тұқымдасына жататын жапырақ тастайтын ағаш. Қазақстанның барлық аймағында, оның ішінде Ұлытау өңірінде кездеседі. Өз. жайылмасында, далалық жерлерде, тау етегінде, бұта арасында өсе-тін 15 түрі (ақ терек, қара терек, мырза терек, т.б.) бар. Бұтақ шоғыры пирамида пішіндес. Жапырағы жалпақ, сағақты келген, ромбыға не қандауырға ұқсайды. Гүлі қос үйлі, гүл сырғасы (ұз. – 3-15 см) салбырап ілініп тұрады, онда аталығы не аналығы ғана болады, жел арқылы тозаңданады. Негізінен, жапырағы шыққанша гүлдейді. Тұқымынан және атпа тамырынан, шыбығынан көбейтіледі. Гүлінде шырынды дискісі (тор) болады. 150 ж-дай тіршілік етеді. Жемісі – қорапша, тұқымы ұсақ. Қазақстанда беріккара терегі мен тораңғы қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Теректі – Қазақстан теміржолы ст-сы. Жезқ. қ. Кеңгір ауылд. округіне қарайтын елді мекен. Жезқ. қ-ның шығысында 70 км жерде орналасқан. 1937 ж. іске қосылған. Халқы – 0,2 мың (2015). Орта мектеп, пошта байланысы бар. Тұрғындар теміржолдан басқа егін егіп, мал өсірумен айналысады.

Теректі әулие – Орт. Қазақстандағы тасқа бейнелеу өнерінің көне ескерткіші. Теректі теміржол ст-нан солт.-шығысқа қарай 20 км жерде орналасқан. 1940 жж. ОҚАЭ жетекшісі акад. Ә. Марғұлан осы ескерткішке алғаш назар аударып, қысқаша сипаттама берген. Т.ә-ні кешенді зерттеуді 1996 ж. БҚАЭ жүргізді (жетекшісі – З. Самашев). Т.ә-нің археол. кешені тасқа бейнеленген суреттерден,

неолиттік тұрақтардан, қола дәуірінің қоныстары мен некропольдерінен, т.б. тұрады. Т.ә-де тасқа жануарлар суреті бейнеленген. Бұның барлығы сақ дәуіріне жататын «аң стилі» бейнелеу өнеріне саяды. Жалпы, Т.ә. петроглифтері: қола дәуіріне (б.з.д. 2-1 мың ж. басы); скиф-сібір дәуіріне (б.з.д. XII – б.з. I ғғ.) және орта ғасырға жатады.

Терісаққан – Есіл алабындағы өз. Ұз. – 334 км, су жинапатын алабы – 19500 км². Ұлытаудан басталып, Есілге құяды. Басты салалары – Бала Терісаққан, Ащылы, Шабдар, Көкпекті, Қайрақты. Аңғарының ені жоғары бөлігінде – 3-5 км, төмендегі ағысында кең, жайпақ келеді, жайылмасы 2 жақты, жоғары бөлігінде арнасы ирелең. Жауын-шашын суымен толығады. Суы тұщы, сәл кермек – ауыз суға жарамды. Жылдық орташа су шығыны Балталы а. тұсында секундына – 8,97 м³. Сағасында топырақтан үлкен тоған салынған. Тоған суы тұщы, жазда шабындық суаруға, елді мекендер тұрғындары мұқтажына пайдаланылады. Өз-нің жоғары және орта өңірі – мал жайылымы мен шабындық.

Терісаққан ауылдық округі – бұрынғы Терісаққан ауылкеңесінің аумағында 1995 ж. құрылған. Құрамына Терісаққан, Қоскөл а-дары кіреді. Орт-ғы – Терісаққан а.

Терісаққан а-ның негізі қалануына аттас астық кеңшарының ашылуы себеп болды. Кеңшардың егістік алқабы 21 мың га жетіп, клейковинасы көп, өте сапалы бидай жиналып, астық дайындаудың жылдық жоспары 1,5-3 есе асы-

ра орындалып отырған. Жалпы аум. 103 мың га жер шаруа қожалықтарына бекітілген. Шаруашылықтардың мамандандырылған негізгі бағыты – астық дайындау, мал өсіру. Тұрғындар саны – 0,33 мың адам (2015). Т-да орта мектеп, фельдшерлік-акушерлік пункт, клуб, почта бөлімшесі, басқа да мәдени-әлеум. нысандар бар. 2013 ж. Кенесары ханның атақты батырларының бірі Жанайдар Орынбаевқа ескерткіш орнатылды, жаңа мешіт салынды. Шұбаркөл – Арқалық теміржолының кешені аясында Т. ст-сы салынып жатыр.

«Терісаққан көктемі» этнофестивалі 2012 ж. бері өтіп келеді. Фестивальдің жайын алдын ала біліп, қызығын көру үшін арнайы келетін қонақтар еліміздің обл-нан ғана емес, алыс-жақын шет елдерден де көбейіп келеді. Арасында ЮНЕСКО өкілдері де бар. Мереке мамыр айының 1-і күні өтеді. Этнофестиваль «Бие байлау» рәсімін тамашалаудан басталады. Мұндағы 56 отбасының барлығында дерлік жылқы бар. Киіз үйлер жанынан қазық қағылып, құлындарды байлайтын желі тартылып, оны «Ақ мол болсын!» деп ырымдап майлайды. Ауылдағы 22-24 үйір жылқыны желі басына үйіреді. Құлындарды ноқталап, желіге байлайды. Үйірге айғыр қосады. Ұлттық спорт ойындары (найза лақтыру, садақ ату, асық, лекеш), ат жарысы (бәйге, теңге алу, аударыспақ) болады. Асауды бұғалықтау, тай-құнанды бас үйрету, жылқы жығу өнері де білек күші мен ептілікке байланысты болады. Жиналған топ ат ойындарын дуылдасып тамашалап жатқанда ауылдың ортасында биенің екі-үш сауынына дейін жастар үшін шеберлік сыныбы (киіз басу, ши тоқу, бау тоқу, арқан есу, т.б. тұрмыс тірліктері) өтеді.

Алты ай қыстағында отырып, малын қарақтаған шаруалар бас қосып, әңгіме-дүкен құрып, әзіл-қалжыңға да ерік беріп, бір жасап қалады. Жастар жағы ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін біліп, қазақы өмірдің қызығы мен қуанышына бөленеді. 2014 ж. бастап фестивальға көрші ауылдардың шаруалары киіз үй тігіп, балуандарын, шеберлерін, сәйгүліктерін әкеліп, мерекенің мазмұны мен сән-салтанатына өз үлесін қосып жүр. Терісаққандықтардың бастамасына ауд. әкімдігі, ұлттық мұражай-қорығы қолдау жасап отыр.

С. Қожамсейітов

Терісбұтақ – Ұлытау ауд. жерімен ағатын Шалқар алабындағы өз. Ұз. – 55 км, су жиналатын алабы – 595 км². Бастауын Алаайғыр тауының солт.-батыс беткейіндегі бұлақтардан алып, Амангелді қыстауынан 10 км төмен Сарыторғай өз-не оң жағынан құяды. Ірі салалары: Шилісай, Ақбайсай. Көктемде суы мол, жазда қарасуларға бөлініп қалады. Орташа жылдық су ағымы – 1,1 м³/с. Мал суаруға пайдаланылады.

Теріскенеспе – Шалқар алабындағы өз. Ұз. – 115 км. Су жинау алабы – 4170 км². Ұлытау ауд. Жыландытөбенің оңт-дегі Байжаннұра а. тұсынан басталып, Мұрақан құдығына 2,7 км жетпей тартылып қалады. Ірі салалары – Қарасу, Ақсай, Теренсай, Еспесай. Аңғары – сазды жазық дала. Қар, жауын-шашын суымен толығады. Көктемде тасиды, жазда иірім қарасуларға бөлініп қалады. Жауын-шашын тапшы жылдары арнасы кеуіп қалады. Жылдық орташа су шығыны – секундына 0,66 м³. Суы мал суаруға пайдаланылады. Алқабы – мал жайылымы мен шабындық.

Тобылғы (Spiraea) – Ұлытау ауд-да өсетін раушангүл тұқымдасына жататын көпжылдық бұта. Қазақстандағы далалы, таулы жерлерде өсетін 10 түрі бар. Биікт. – 15-200 см. Сабағы түзу. Жапырағы қауырсын тәрізденіп тілімделген, жиектері ара тісті иректелген немесе бүтін болады. Гүлі қос жынысты, аталығының саны – 10, аналығы – 5, ақ түсті, хош иісті. Гүлдері қалқанша, шатырша, сыпыртқы гүлшоғырына топталған. Мамыр-шілде айларында гүлдеп, тамызда жеміс салады. Жемісі – қабаттасқан жапырақ. Балды өсімдік, жақсы мал азығы. Құм тоқтату үшін үй шаруашылығында пайдаланылады.

Тобылғы – Жетіқоңыр құмының солт-дегі құм. Бат-нан, солт-нен және оңт-нен Қараадыр, Қаражол, Мұзказған мекендерімен шекаралас. Ұз. – 20 км, ені – 15 км, ауд. – 300 км². Рельефі жалды, қырқалы. Өсімдіктерден жусан, теріскен, еркекшөп, бұталар өседі. Атырабында суы тұщы Тоғызқұдық, Белқұдық, Шиқұдық, Қызылжол құдықтары бар. Маусымдық мал жайылымдығына және қыстауға пайдаланылады.

Тоқалсай – Байқоңыр алабындағы өз. Ұлытаудың оңт-дегі Дүйсенбек тауының беткейіндегі бұлақтардан басталып, Ащылы өз-не құяды. Ұз. – 28 км. Жағасы біршама биік, ирелең. Көктемгі еріген қар суы және жер асты суымен толығады. Сәуірде тасиды, жаздың ыстық айларында жекелеген карасуларға айналады. Алабы – шабындық пен мал жайылымы. Ауыз суға, мал суаруға пайдаланылады.

Тоқболатов Есенғали (1929, ОҚО, Қарсақбай ауд., №8 а. – 1999, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – зоотехник-ұйымдастырушы, ғалым-зоотехник.

Қарағанды облысаралық кеңес партия мектебін (1966), Целиноград а.ш. инст-ын (1971) бітірген. Орталау мектепті тәмамдаған соң Ұлытау ауд. «Ленинші» ұжымшарында колхозшы, кейін Ұлытау ауд. халық сотының сот актілерін орындаушы. 1957-1967 жж. Ұлытау аупарткомында, Жезді аумақтық селолық а.ш. өндірісі партия комитетінде, Жезді аупарткомында жауапты қызметкер. 1967 ж. Ұлытау ауд. а.ш. саласында қызметте. «Ұлытау» кеңшарында ферма басқарушысы, кеңшардың бас зоотехнигі, ауд. а.ш. басқармасы бастығының орынбасары, «Қаракеңгір» кеңшарының директоры. «Ерлік еңбегі үшін», «Тың жерді игергені үшін» және баска медальдармен марапатталған.

Тоқпанов Дүйсек (1916, Ақмола обл., Атбасар уезі Терісаққан болысы, Желдіадыр а. – 2005) – милиция генерал-майоры.

Қазақстанның 10 жылдығы ат. Қарсақбай ФЗО мектебін, КСРО ІІМ жоғары мектебін, Ташкент мемл. универс-ін бітірген. Жезк. кенішінде еңбек жолын забой жұмысшысынан бастаған. 1939-1966 жж. ІІ Халкоматы обл. басқармасында тергеуші, ауд. ІІБ бастығы, обл. ІІБ бастығының орынбасары, бастығы болып қызмет атқарған. ҰОС-на қатысушы. І және ІІ дәрежелі «Отан соғысы», Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, екі мәрте «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Тоқпанбетова Қазинаш (1948, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі) Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. Орта мектепті бітірген соң өз тілегімен Аманкелді ат. кеңшарда аға шопан болып істейді. Қойды өз төлі есебінен өсіріп, өнімділігін арттыруда жоғары жетістіктерге жеткен. Кішітау ауылкеңесі аткомының, кеңшар кәсіподақ комитетінің төрағасы болып істеген. КОКП XXV съезінің делегаты, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Тоқтақия (т.ж.б. – 1377) – Ақ Орда ханы (1377). Орыс ханның баласы. 1376 ж. Әмір Темірдің әскерін басқарған Тоқтамыстың Дешті Қыпшаққа жорығына тойтарыс беруге белсене қатысты. Әкесі қайтыс болғаннан кейін оның орнына таққа отырды. Жазба деректерде Т. әділ билеуші болғаны жайлы айтылады. Ол көп ұзамай белгісіз жағдайда қайтыс болды.

М. Сейтжанов

Тоқтамыс (шамамен 1350, Маңғыстау – 1406, Ұлытау) – Жошы ұлысының ханы (1380-97/98). Маңғыстауда билеуші болған Тұтқожа оғланның баласы. Жошы хан әулетінен. Әкесі Орыс ханның қолынан қаза тапқаннан кейін, Ақ Ордадан Әмір Темірге қашады. 1378-1379 жж. Әмір Темірдің көмегімен Сығанақты жаулап алып, Ақ Орданың билеушісі болды. Ол Мамайдың Күлік шайқасында жеңіліске ұшырағанын пайдаланып, Алтын Орда тағына отырды. Сарайды, Қажы-Тарханды, Қырымды басып алды. Таққа отырысымен Шыңғыс хан әулетінің тақ үшін 25 жыл бойғы қырқысуларын жойды, ақша реформасын жүргізді. Сонымен қатар Хорезм, Қажы-Тархан, Қырым иеліктері мен т.б. ұсақ ордалардың басын қосып, Жошы ұлысын біріктірді. Алтын Ордадан бөлініп шықпақ болған Ресей жерлеріне шабуыл жасады. 1382 ж. Мәскеуді басып алып, өртеп жіберді. Бірақ Т-тың ұлыдержавалық ниеті Әмір Темірдің қарсылығын туғызып, екеуінің арасында ұзаққа созылған күрес басталды. 1387 ж. Т. Кавказдағы Кура өз. бойында Әмір Темірден жеңіліс тапты, бірақ Орт. Азияда Т-тың, Қамар ад-Дин мен Еңке төренің одақтасқан әскерлері Самарқанд пен Бұхараның төңірегін шапқыншылыққа ұшыратты. Т. 1391 ж. 18 шілдеде Құндызша өз. бойында, 1395 ж. 15 сәуірде Терек өз. аңғарында Әмір Темір әскерлерінен жеңіліс тапты. 1397 ж. Едігенің қудалауына ұшырап, Литваға қашты. 1399 ж. Ұлы Литва князі Витовтпен одақтасып, Алтын Ордаға жорық жасады. 1399 ж. 12 тамызда Темір Құтлық пен Едіге әскерлерімен Ворскла өз. бойында болған шайқаста тағы да жеңіліске ұшырады. 1406 ж. Түменге жақын жерде Т. Едіге мен Шәдібек әскерлерімен шайқасып, қаза тапты. Қазақ шежіресі бойынша Ұлытаудың басына жерленген.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Тоқтамысов Мүсілім (1936, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Қарсақбай кенті) 1959 ж. Қарағанды политех. инст-ын тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірген, техн. ғыл. канд. (1977). 1954-1994 жж. ЖКМК-да басшылық қызмет атқарды. 1994 ж. экологиялық таза отын және тауарлы хим. өнімдер өндірумен шұғылданатын «Қиякты» ЖШС президенті болды. 4 монографияның, 50-ге тарта ғыл. еңбектің авторы. 15 авторлық куәлігі бар. Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған.

Тоқтамысов Қойшыбек (1920, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қаракеңгір болысы, Сарықамыс қыстағы) 1928-1931 жж.

ауыл мұғалімінен сабақ алған. 1933-1941 жж. Жезқ. кентіндегі орта мектепте оқыды. Өндірістен қол үзбей Қарағанды пед-инст-ын бітірді. 1941-1949 жж. Шығыс шекара күзетінде қызмет етті. 1949-1990 жж. партия және комсомол қызметінде, тау-кен кәсіптік-техникалық училищесінің директоры, «Қазмысқұрылыс» құрылыс-монтаж трестінде түрлі басшылық жұмыста. Республикамызда тұңғыш Тіл мұражайын ұйымдастырушы. «Бала дауысы» (2000), «Ана дауысы» (1994), «Ата дауысы», «Баба дауысы», «Дала дауысы» (2003), «Ұлытау неге ұрандатады?», «Біз қазақты білеміз бе?» (2012), т.б. кітаптар шығарған. Сәтбаев қ. мен Ұлытау ауд. Құрметті азаматы. Мемл. марапаттары бар.

Тоқтауыл – тас ғасырына жататын көп қабатты тұрақ. Ұлытау ауд. Жезді мен Талдысай (Бала Жезді) өз. тоғысуында орналасқан. 2001 ж. бастап ОҚАЭ (жетекшісі – Ж. Құрманқұлов) зерттеу жүргізген. Тұрақ шоқыаралық ойпаттың жоғарғы бөлігіндегі бұлақтың жанында орналасқан. 2006 ж. қазба орнының жалпы ауд. 140 $м^2$, ап тереңд. 0,5-1,2 м-ге жетті. Табылған заттардың саны 30 мың данадан асады. Олар та-

стан жасалған еңбек құралдары, қару-жарақтар және оларды өндіруден қалған қалдықтар, сондай-ақ түрлі жануарлардың ұсатылған сүйектері түрінде кездесетін ас үй қалдықтары болып табылады. Құралдар барлық табылған артефактілердің 9-12%-ын құрайды. Бұлар: қырғыштар, тескіштер, жебе және найза ұштары, тісті-оймалы құралдар. Аз мөлшерде ақшыл сұр, қызғылт, қоңыр түсті кремний алевролиті мен аргиллиттен жасалған ретушталған пластиналар мен геометр. микролиттер (трапециялар) кездеседі. Сонымен қатар, құралдарды жасауға түрлі түсті яшма, кремень, кварцит тәрізді құмдақ, т.б. шикізат қолданылған. Қазба орнының аумағында екі ошақтың орны анықталды. Табылған артефактілердің ең көнелері кейінгі палеолитке (12-15 мың жыл бұрын), он шақтысы мезолитке (7-9 мың жыл бұрын) жатады. Артефактілердің негізгі бөлігі неолит пен энеолит кезеңі тұрғындарынан қалған.

Әдеб.: ҚҰЭ. *М. Сейтжанов*

Тоқтыбаев Әбдірахман (1913, Ұлытау ауд., №10 а. – 1987, Жезқ. обл., Жезқ. кенті) – Жезді марганец кен басқармасының директоры болған еңбек ардагері. 1935 ж. Жезқ. мыс комбинатының жолдамасымен Алматыдағы кен-металлургия инст-на түскен. 1941 ж. инст-ты бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған. 1941-1942 жж. Қырғыз КСР-і «Ақ Тұз» атты кен басқармасындағы ФЗО мектебінің директоры. 1942 ж. қыркүйек айында ҚКП ОК нұсқауымен Қарағанды обл. партия комитеті арқылы Жезді марганец кен басқармасының қарамағына жіберілді. 1942 ж. қазан айынан бастап Жезді марганец кенішінде партбюро хатшысы, аға инженері. 1943-1949 жж. Жезді кен басқармасы техн. бөлімінің, №2 телімінің бастығы. 1949-1976 жж. Жезді марганец кенішінің директоры болып үздіксіз еңбек еткен. Байыту фабрикасының салу, Жезқазған – Жезді электр желісін тарту, Қарабұлақтан фабрикаға су құбырын тарту жұмыстарын ұйымдастырған. Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, II және III дәрежелі «Шахтер даңқы» белгісімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. ҚазКСР еңб. сің. кеншісі. Жезді кентінде Т. атында көше бар. 2014 ж. Т-тың туғанына 100 жыл толуын жерлестері салтанатпен атап өтті.

Томпаева Мариямкүл Томпайқызы (01.03.1946, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кіштау ауылкеңесі, Боздақ а. – 09.02.2001, Ұлытау а.) – ұстаз. М. Мәметова ат. респ. қыздар педучилищесін бітірген. Бастауыш сынып мұғалімі. Т-ның бүкіл өмірі №1 Ұлытау орта мектебімен, жас ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеумен байланысты болды. Алғашқы әліппенің бетін ашып, әріп танытқан, өмір мен табиғаттың сан қилы құбылыстарын түсінуге бастамашы болып, балалардың жан дүниесіне шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған ұстаздың алдынан білікті мамандар мен шынайы отансүйгіш азаматтар шықты. Т-ның еңбегі қоғам, білім беру органдары тарапынан лайықты бағаланды.

Топыраққорған – ортағасырлық кент орны. Қаратал өз. солт. бетінде. Алаша хан қалашығынан оңт.-шығысқа қарай 2 км жерде орналасқан. 1946 ж. ОҚАЭ зерттеген. Кенттің орналасқан жері тегіс, өз-нен 4 км қашықтықта. Қазір онда құлаған үйлер қабырғаларының сілемі ғана сақталған. Т. – аум. – 28х30 м, биікт. – 1,5 м, жан-жағы қамалмен және ормен қоршалған төртбұрышты төбешік. Қамалдың ені – 9 м, биікт. – 1,2 м. Ордың ені – 7 м, тереңд. – 0,35 м. Қазба жұмыстары кезінде кезе сынықтары, мал және жабайы жануарлардың сүйектері табылған.

Тораңғы (лат. Populus diversifolia) – терек туысына жататын ағаш. Діңі түзу, жуандығы кейде 1 м-ге жетеді, қабығы сарғылт сұр, таспа тәрізді сыпырылады. Өркендері бастапқыда нәзік түкті, кейін түксіз, түсі қоңыр сарғылт. Сәуірде гүлдейді, мамырда жеміс береді. Топтанған тоғай түрінде де, жеке дарақ ретінде де шөл-шөлейт аймақтарда, құмды қолат баурайларда, тұзды-сортаң тақырларда, өз. аңғарлары мен жағаларында өседі. Сырт келбет-пішіні мен жапырақтары көгілдір терекке ұқсастау келеді. Т. сол саялы ағаштың жабайы түрі іспеттес. Т. аланқайы Ахмет ишан кесенесі аумағында өсіп тұр. Т. отын орнына пайдаланылып құрып бара жатқандықтан, соңғы кезде Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Төбе – салыстырмалы археологияда ежелгі қоныстар мен ортағасырлық қалалардың, елді мекендердің орындарында қалыптасқан жасанды биіктік. Басқаша айтқанда, адам тіршілігінің әсерінен қалыптасқан мәдени қабаттар үйіндісі. Ондай т-лер үйлердің жарамсыз бөлігін бұзып, орнын тегістеп, үстіне жаңа үй тұрғызудың бірнеше дүркін қайталануы барысында қалыптасқан. Сыртқы пішіні мен өзіндік ерекшеліктеріне қарай жергілікті жұрт т-ге әр түрлі ат беруі мүмкін. Бұл т-ді археол. ескерткіш ретінде қорғап, сақтау қарастырылған. Әлі қазба жұмыстары жүргізілмеген т-ді тегістеуге, оның үстінен жол жасауға мемлекет тарапынан тыйым салынған.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Төле Әлібекұлы (1663, Шу өңірі – 1756) – қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің бас биі, «Жеті жарғыны» жасаушылардың бірі. Ұлы жүздегі дулат тайпасының жаныс руынан. Т. Қазыбек, Әйтеке билермен бірге Тәукені хан етіп көтеруге, үш жүздің ұлыстарын бір ортка бағындыруға, сөйтіп, бірегей Қазақ хандығын нығайтуға, жоңғар шапқыншылығына карсы бауырлас қазақ, қарақалпақ және өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған шараларды жүзеге асыруға қатысқан.

Тәуке хан Т-ні Ұлы жүздің бас биі еткен. Ордабасы жиыны кезінде Т.б. басшылық жасап, жоңғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық тойтарыс беруге ұйытқы болды. Шашырап кеткен қазақтардың басын қосып, Ресей мен Қытай секілді екі алпауыт мемлекет арасында оңтайлы саясат жүргізген Абылай ханды екіл бала етіп тәрбиелеп, азамат қатарына қосуда Т.б-дің қызметі орасан.

Төлек батыр (XVIII ғ.) Ұлытау, Қаратау, Ырғыз-Торғай өңірінде өмір сүрген. 1710 ж. Қарақұмдағы алапат айқаста Т.б. Орта жүз баған алы әскерлерінің қолбасы болған. Ақын Жеңкей Шаңғытбаев, Тілеміс Есполұлы жырға қосқан. Ел аузында «Пошымы басқалардан бөлек батыр, Айлакер, аңдасуға зерек батыр. Әскерін бағаналы бастап келді Ақырып арыстандай Төлек батыр» деген сөздер бар. Ағылшын суретшісі Дж. Кэстль Әбілқайырдың ордасында Орта жүз елшілері ішінде Т.б. болғанын айтады. Сандыбай батырдың әкесі, халық жадында баласына берген батасы сақталған.

Төлекбаев Аманжол (1896, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кішітау баурайы – 1976, Жезқ. обл., Жезді ауд., Ақтас кенті) – ағартушы-ұстаз. Троицк қ-ғы екі жылдық «Ғалия» медресесін (1917-1919) бітірген. Алғашқыда Есіл бойында мектеп ашып, бала оқытқан. Кішітаудағы Меней қажының қызыл үйіндегі бастауыш мектепте көп жыл сабақ

берген. ҚазКСР халық ағарту саласының үздігі (1953). Бірінші респ. мұғалімдер съезінің делегаты. Ленин орденінің иегері. Кезінде халық оны «Орденді мұғалім» деп қадір тұтумен қатар, ғұлама молда деп те ардақтаған.

Төлекбаев Балталы Аманжолұлы (13.10.1955, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кіштау ауылкеңесі) Алматы энергетика және байланыс инст-ын бітірген. 1972-1975 жж. Актас геол. барлау экспедициясында, 1979-1980 жж. обл. байланыс басқармасында істеген. 1980-1986 жж. Жезді ауд. байланыс торабының бас инженері, 1986-1998 жж. бастығы. 1998-1999 жж. Қаражал қ. байланыс мекемесінің директоры. 1999-2002 жж. Қарағанды қ-да техн. пайдалану байланыс торабы мекемесі басшысының орынбасары, желілік аппараттық цех бастығы. 2003-2005 жж. Шет ауд. телекоммуникация директоры. 2006-2010 жж. ішкі аудит бөлімінің бастығы. 2010-2012 жж. жобалау және құрылыс ортның бастығы. 2012 ж. бастап Қарағанды обл. телекоммуникация дирекциясы қызметкерлер құрамын басқару бөлімінің бастығы. 1994 ж. Ұлытау ауд. мәслихатының I шақырылымына депутат болып сайланған. Мемл. марапаттары бар.

Төребаев Асан (1904, Ақмола обл., Атбасар уезі, Жезді болысы – ө.ж.б.) әкесі қайтыс болып, бір отбасының асыраушысы болып қалған 14 жасында салынып жатқан Қарсақбай заводына жұмысқа тұрды. 1922 ж. қаңылтыр цехына жұмысқа ауысты. 1925 ж. гаражда үйренуші слесарь болды. 1928 ж. Қарсақбай мыс комбинатында шоферлық сынақты ойдағыдай тапсырды. Т. – автокөлік жүргізушісі куәлігін алған өңірдегі тұңғыш қазақ. Оның өз ісінің майталманы екенін «Форд» автокөлігімен Бетпақтың даласымен Қоңыратқа төте барған сапары дәлелдеді. Комбинат директорының бұйрығымен кәсіпорын есебінен Т. автотрактор инст-на оқуға жіберілген.

Төребеков Абдолла (1950) – мал дәрігері, а.ш. ұйымдастырушы. Омбы мемл. малдәрігерлік инст-ын бітірген (1971). 1973-1986 жж. Молодежный ауд. «Родниковский» кеңшарының бас мал дәрігері, ауд. а.ш. бірлестігінің бас мал дәрігері, бірлестік бастығының орынбасары. 1986-1988 жж. Молодежный ауд. агроөнеркәсіп бірлестігі төрағасының бірінші орынбасары, Еңбекшілдер ауд. «Бақты» кеңшарының директоры. 1988-1991 жж. Егіндібұлақ аупарткомының екінші хатшысы. 1991 ж. Молодежный ауд. а.ш. басқармасы бастығының орынбасары, бастығы. ауд. әкімінің бірінші орынбасары. 1993 ж. Молодежный ауд., 1997 ж. Осакаров ауд. әкімі.

Төрегельдин Мәкен (1923, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қарсақбай болысы, Бәреке қыстауы – 2006 Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Жезді кенті) Қарқаралы зоотех.-малдәрігерлік техникумын (1963), Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің құрметті профессоры. Еңбек жолын 1939 ж. Қарсақбай геол. барлау кеңсесінде қатардағы жұмысшыдан бастады. Коллектордың көмекшісі, үйренуші лаборант болды. Т-нің өмірлік көзқарасы, азаматтық тұлғасы қалыптасуға Қ. Сәтбаевтың тікелей ықпалы болды.

1942 ж. еріктілер қатарында Отан қорғауға аттанды. Харьков әскери-хим. училищесінің жеделдетілген курсын бітірген 19 жасар лейтенант 1942 ж. қарашада 107-арнайы от атқыштар ротасының взводын қабылдап алып, Сталинград түбінде жауынгерлерді шешуші айқасқа бастай білді.

Соғыстан кейін Т. орта мектепте мұғалім (1946), ауд. комсомол комитетінің бірінші хатшысы (1947), геолог. барлау экспедициясы бастығының орынбасары (1952), Жезқ. ауаткомының жау-

апты хатшысы (1948), төрағаның бірінші орынбасары (1955), XXIII партсъезд ат. кеңшардың директоры (1968), 1970 ж. Жезді аупарткомының бірінші хатшысы болып сайланып, бұл қызметті 15 жыл атқарды. Ауылды әлеум.-мәдени қайта құруда кешенді шаралар іске асырылды. Ауд-да 3 млн. га жайылымдық суландырылды. Сарысу, Қоскөл, Дулығалы бойында бөгендер жасалып, 45 мың га астам жасанды шабындық пайдаланылуға берілді. Еділбай тұқымдас (90 мың) еркек қозылар туған жылы етке тапсырылып, әрқайсысы 10-15 сом таза табыс әкелді.

Т. өзі ұйымдастырған ТМД елдерінде теңдесі жоқ Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихының мұражайын 20 жыл басқарды. Мұражайда болған Президент Н. Назарбаев мұражай қызметкерлерінің қызметіне (1994) жоғары баға берді. Т. І және ІІ дәрежелі «Отан соғысы», Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, ҚР «Ерен еңбегі үшін» және 30-ға тарта КСРО мен ҚР медальдарымен марапатталған. Түркістан қ. мен Ұлытау ауд. Құрметті азаматы. ҚР Үкіметі 2015 ж. 16 шілдедегі №61 қаулысымен Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайына Т. есімін берді. Т. – «Мәңгілік мұра», «Кадрлар – алтын қорымыз», «Мой долг», «Вечное наследие» ғыл.-танымдық кітаптар авторы.

Төрегелдин Серік Мәкенұлы (01.01.1950, Қарағанды обл. Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті) Қарағанды политехн. инст-ын (1973), Алматы Жоғары партия мектебін (1982), Е. Бөкетов ат. ҚарМУ-ді (1997) бітірген. Инженер-құрылысшы, саясаттанушы, заңгер.

1973-1980 жж. «Казмедьстрой» трестінің үй құрылысы комбинатында шебер, техн. қауіпсіздік жөніндегі инженер, Жезқ. обл. партия комитеті қаржы-шаруашылық бөлімінің инженер-құрылысшысы, кейін құрылыс бөлімінің нұсқаушысы. 1982 ж. шілдеде Никольский қалалық партия комитетінің

2-хатшысы болып сайланды. 1985 ж. қарашасынан 1990 ж. қаңтарына дейін халық депутаттары қалалық кеңесі атқомының төрағасы болды. 1991-1995 жж. Жезқ. обл. халықтық бақылау комитеті төрағасының орынбасары. Жезқ. облатқомы аппаратында құрылыс және коммуникациялар бөлімінің меңгерушісі. 1995 ж. қаңтарда Сәтбаев қ. әкімшілігінің басшысы, кейін әкімі болып тағайындалды.

ҚР Индустрия және сауда министрлігінде лауазымды қызметтер атқара жүріп, елімізде метрология және техн. реттеу салаларын қалыптастыруға үлес қосты. Көп жыл табиғи монополия қызметін реттеу, бәсекелестікті қорғау және кіші бизнесті дамытуға байланысты Қарағанды обл-дағы өкілетті мемл. органдарға басшылық етті. 2012 ж. қарашасынан «Қуатты Қазақстан» азаматтық одағының президенті. ҚР Ұлттық палатасының кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесінің мүшесі. Қарағанды обл-да осындай кеңестің төрағасы. «Құрмет» орденімен (2011) және медальдармен марапатталған. ҚР Құрметті құрылысшысы (2016).

Төрт босаға – сайын даланы еркін жайлаған бағаналы тайпаларының өзін-өзі басқару түрі. Елді сақтау, жыл мезгіліне қарай қоныстарды белгілеу, ағайын арасында дау-дамайды шешу үшін төрт босаға төрт биді сайлаған. Сайланатын билерге төрт талап қойылды. Біріншіден, елдің қыстауы мен жаз жайлауын кеңейтуге үлес қосқан

және қосатын кісі болуға тиісті. Екіншіден, ел басқарып, көпті сөзіне ұйытқан адам болуы керек. Үшіншіден, әрісі үш жүз бас қосқан, берісі көрші ағайындармен жиынға қатысып, суырылып сөз бастаған, әділ билік айтатын би болуы керек. Төртіншіден, руы өсіп-өнген, ұран тасталса бір ту астына жиналар жігіттері көп, қол бастайтын адам болуы керек. Ресей империясы қазақ жеріне еркіндеп еніп, хандық билік жойылған XVIII-XIX ғғ.-да бағаналының сан ғасырлар өмір сүрген соңғы төрт босағасы жауғашты Қадір би, Сандыбай батыр, Шегір би, Бабыр би болған.

С. Қожамсейітов

Төрткіл, Төрткүл – Ұлытау тауларының батысындағы тау. Сарлық а-нан батысқа қарай 77 км жерде орналасқан. Абс. биікт. – 360 м. Енсіз келген таудың төбесі жазық, оңт.-шығыс беткейі өте жатық, жайпақ, қалған беткейлері біршама тіктеу. Шығысынан Сарыторғай өз. саласы – Ханшаболған өз. бастау алады. Тау етегі сай-жыралармен тілімденген. Құрғақ даланың бозғылт қоңыр топырағында бұта аралас ши, изен, жусан, селеу, қылқан боз, т.б. шөптесіндер өседі. Алабы – мал жайылымы.

Төртқара күмбезі – сәулет өнері ескерткіші. XIX ғ. 1-жартысында портал-күмбезді үлгімен тұрғызылған. Ұлытау ауд-ғы Арпабұлақ мекенінен батысқа қарай 6 км жерде орналасқан. Сәулетшісі – Еламанұлы Серәлі. Ескерткіш тұрған қорым кейіннен «Төртқара бейіті» атанып кеткен. Құрылыс негізгі текше көлемнен, сегіз қырлы биік барабан мен шошақ күмбезден және еңселі порталдан тұрады. Ескерткіштің сыртқы ауд. – 7,23х6,40 м, биікт. – 8,8 м. Құрылыс материалы – негізінен шикі кірпіш. Сыртынан күйдірілген кірпішпен қапталып, оның еңселі портал маңдайшасы мен қос босағасына түйетабан үлгімен бедерленген күйген кірпіштен П әрпіне ұқсас жолақ тартылған. Алдыңғы бетіндегі жебеге ұқсас тайыз қуыс ортасынан есік орнатылып, арка іспетті қуыс бедерлі кірпішпен көмкерілген. Ішкі қабырғалары көк, қызыл, жасыл және сары түсті бояумен нақышталған. Қазақ сәулет өнерінде порталды-күмбезді үлгіде салынған архитект. ескерткіштердің бірі.

Тұздысай тұрағы – Тұздысай өз-нің Сарысуға құяр сағасында, Қаражардан 30 км төменірек орналасқан. Тұрақ жердің үстіңгі қабатында жатыр. Алғаш проф. А.Н. Формозов 1949 ж. ашқан. 700-ден аса кремний, түрлі құралдар табылған. Керамика кездеспейді. Сарысу алабындағы неолиттік тұрақтар неолит және қола дәуірдегі алғашқы адамдар мекен етуде маңызды роль атқарғанын көрсетеді.

Әдеб.: Сәтбаев қаласы. Энциклопедия. 2009.

Тұржамбаев Керімбек (1910, Ақмола обл. Атбасар уезі, Сарысу болысы, №2 а. – 1990, Жезқ. обл., Жезді ауд.) – «Бірлестік» ұжымшарының мүшесі. 1942 ж. әскер қатарына шақырылған. Туған ұжымшарына соғыстан оралысымен қой фермасының меңгерушісі болып еңбек етті. Ферма 1947 ж. құйрықты қойдың 1301 бас аналығынан 1596 қозы алып, етке әр бастың орташа салмағын 40 кг-нан өткізген. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1948 ж. 5 тамыздағы Жарлығымен ферма меңгерушісі Т-ка Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Тұмар (Томирис) (б.з.д. 570-520 жж.) – массагет халқының байырғы заманда ел билеген атақты әйелдерінің бірі. Ахемен әулетінен шыққан, «төрт құбыланың тұтас билеушісі» атанған парсылардың Кир патшасы (б.з.д. 558-530 жж.) түрік көшпенділер еліне елші аттандырып, олардың ханшасы, сол кезде күйеуі өліп жесір отырған Т-дың өзіне тұрмысқа шығуын сұрайды. Т. Кир патшаның ұсынысын қабылдамай тастайды.

Осыны желеу еткен Кир жауынгерлерін шығысқа қарай қаптатады. Амудария жағасында далалық ұрыс тәсілін тиімді пайдаланған массагеттер парсылардың әскерін түгел дерлік жаусатып салады. Кирдің өзі де жауынгерлерімен бірге айқас аланында қаза табады. Аңыз бойынша, Т. шайқас аяқталған соң, сарбаздарына Кир патшаның денесін таптырып алып, басын кестіріп, қан толтырылған меске салып тұрып: «Басыңды қанға бөктіріп, сусыныңды қандырғаннан басқа амалым жоқ», – депті.

Тұрсынбаев Байқара Әбілдаұлы (1924, Ақмола обл., Атбасар уезі, Ұлытау болысы – 1996, Жезқ. обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) еңбек жолын ауд. сотта сот орындаушы қызметінен бастаған. 1951-1959 жж. Ұлытау ауд. комсомол, партия комитеттерінде жауапты қызметкер, 1959 ж. ауд. партия комитетінің хатшысы. Ұлытау ауд. таратылып, аумағы жаңадан құрылған Жезді ауд-на берілуіне байланысты, 1962 ж. Жезді өнд.-аумақтық а.ш. басқармасы партия комитетінің инспекторы, аупарткомның насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, XXIII партсъезд ат. кеңшардың партком хатшысы болып істеді. 1973-1985 жж. Ұлытау ауд. а.ш. жұмысшы-қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрағасы. «Құрмет белгісі» орденімен, үш медальмен марапатталған.

Тұрсынов Жармұхаммед (Жәкен) Дүрмұхаммедұлы (1956, Қарағанды обл., Жезк. ауд., Қарсақбай кенті – 1990, Жезқ. обл., Жезқ. қ.) – Ұлытау өңірінен шыққан азаматтық авиацияның екінші ұшқышы *(бірінші ұшқыш – Қ. Бекмағанбетов)*. Красноякутск азаматтық авиация ұшқыштары училищесін (1975), Қарағанды политех. инст-ын (1985) тәмамдаған. Ленинград азаматтық авиация академиясы жоғарғы командалық фак-нің алғашқы түлегі. Жезқ. әуежайында еңбек жолын қатардағы ұшқыш болып бастап, звено командирлігіне тағайындалды. Өмірінің соңына дейін Жезқ. әуежайында абыройлы әуе қырандарының бірі болған.

Түйе (лат. Camelus) – сірітабандылар отряды тармағына жататын сүтқоректі ірі жануарлардың бір туысы. Шөлге де, аязға да төзімді, күшті көлік малы. Екі түрі бар: қос өркешті т. (Бактрия түйесі) – негізгі өсірілетін жерлері: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Астрахан, Саратов және Чита обл-ры, бұрынғы КСРО-да мұның Астрахан т-сі, Қазақстан т-сі, моңғол т-сі деп аталатын негізгі үш түрі өсірілді; бір өркешті т. (дромедар) Түрікменстанда, көбінесе Тәжікстанда, Өзбекстанның оңт. ауд-да және Қазақстанның кейбір жерлерінде өсіріледі. Ең көп өсірілетін жері – Қарақұм. Қоспақ түрлеріне, пайдалануына, қанына қарай: аруана, желмая, нар деп аталады. Т-нің еті мол, жүні биязы болады. Өткен ғасырдың басында Ұлытау өңірінде 50 мыңға тарта түйе болған.

Түйежапырақ (Rheum turkestanicum) – таран тұқымдасы, рауғаш туысына жататын көпжылдық өсімдік. Қазақстанның құмды жерлерінде, Арал өңірі мен Қызылқұмда кездеседі. Биікт. – 30-70 см. Тамыры ұзын, қара қоңыр қынапты, сабағы тік өседі. Сабақ түбіндегі жапырағы жатаған, өркен бойындағы жапырақтары ірі, ұз. – 35 см, ені – 50 см-дей, пішіні дөңгелек, үш жүйкелі. Гүлі ақ түсті, оның ұз. – 3-4 мм-дей. Гүлшоғыры шашақ болып төгіліп тұратын сыпыртқы. Сәуір-мамыр айында жемісі піседі. Жемісі – үш қырлы, қара қоңыр түсті, пішіні жүрек тәрізді. Т. тамырында іш жүргізетін антрогликозидтер, хризофен қышқылы, флавоноидтар, илік заттар бар. Дәрі жасау үшін рауғаштың сабағы мен тамырын көктемде қазып

алып пайдаланады. Асқазан, туберкулез, т.б. ауруларды емдеуде қолданылады. Жемісінен С витамині, дәнінен көмірсулар алынады. Жапырағын түйе, қой жақсы жейді. Респ-ның құмды, құмды-далалық жазық жерлерінде өсетін рауғаштың бір түрі – татар рауғашын (R. Tataricum) жергілікті тұрғындар т. деп атайды. Оның да тамыры мен тамыр қабығында емдік заттар болады.

Түймешетен (лат. Tanacetum) – Ұлытау ауд-да өсетін астра тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Бикт. – 30-150 см. Сабағы тік, көп болады. Жапырақтары қауырсын тәрізді тілімделген, кезектесіп орналасады. Сары түсті ұсақ гүлдері

бір-бірден орналасып, себет гүлшоғырын құрайды, олар сабақтың ұшында жетіледі. Шілде-қыркүйек айларында гүлдеп, жеміс салады. Жемісі – дәнек. Қазақстанның барлық өңірінде тараған 15 түрі бар. Орманды, далалы, кейде сортаң топырақты жерлерде, тастақты төбешік баурайларында өседі. Жиі кездесетіні – кәдімгі т. (Tanacetum vulgare). Т. гүлінің құрамында танацет, галлус, т.б. органикалық қышқылдар, илік және бояғыш заттар, шайыр, эфир майы мен май болады. Улы өсімдік. Медицинада ішек құртын түсіретін, бауыр және өт жолдарын емдейтін дәрі ретінде қолданылады. Халық медицинасында ревматизмді, қуяңды, бас ауруларын, гастритті, қызбаны, шеменді, қарын жарасын, жүрек қызметінің бұзылуын емдеуге пайдаланылады. Сондай-ақ, іріңді жаралар мен жарақаттарды емдеуде терінің сыртына жағады.

Түлкі (лат. Vulpes vulpes) – жыртқыштар отрядының ит тұқымдасына жататын аң. Кәдімгі т. Еуропаның барлық территориясында, Солт. Африкада, Азияның көптеген аумағында және Солт. Америкада кездеседі. Кәдімгі т. Австра-



лияда акклиматизациядан өтіп, сол құрлықта кең тараған. Түсі жирен, сұрғылт сары. Құлағының сырты қара не қара қоңыр, құйрығы ұзын (ұзынд. – 60 см-дей), қысқа сирақты. Жүні тығыз әрі жұмсақ. Реңі жыл маусымына қарай өзгеріп отырады (түлейді): жоны мен бүйірі көбіне сарғыш жирен, бауыры мен құйрығының ұшы ақшыл тартады. Тұрқы – 70-77 см, салм. – 6,5-6,8 кг. Сегдір орманды ашық жерлерді, өзен-көл жағалауларын, аңыз, тау баурайларын мекендейді. Күндіз інінде жатып, түнге қарай қорегін іздейді. Әдетте ұсақ жәндіктермен, көбіне тышқандармен қоректенеді, қорегінің құрамында 300-ден астам жәндік пен ондаған өсімдік түрлері бар. Моногамды. Қаңтар-ақпан айларында ұйығып, 49-58 күннен кейін 4-6 (кейде 15) күшік туады. Терісі бағалы аң, әсіресе қарабурыл т. терісі жоғары бағаланады. Кеміргіштерді жеп, а.ш-на пайда келтіреді. Құс шаруашылығына зиян келтіреді, құтыру ауруының вирусын таратады.

Түпкібаев Төлеу (03.03.1923, Павлодар обл., Семей уезі – ө.ж.б.) ҚКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1952) бітірген. Еңбек жолын Қарағанды обл. Ворошилов ауд. «Ақжар» ұжымшары төрағасының орынбасарлығынан бастаған. Ұжымшарларда басқарма төрағасы, бас есепші, ауд. партия комитетінің жауапты қызметкері, Ворошилов, Қоңырат ауатком төрағаларының орынбасары, 1953 ж. наурыздан 1954 ж. қарашасына дейін еңбекшілер депутаттары Ұлытау ауд. кеңесі атком төрағасы. Еңбек Қызыл Ту орденімен, «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «Үздік еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған.

Түрікменбаев Қадір би (шамамен 1770-1855) – төрт босағаның бас биі. Атасы Өтеубай би – үш жүзге танымал,

қара қылды қақ жарған, аузы дуалы ел ағасы. Әкесі Түрікменбай – көзі ашық, көкірегі ояу, шешен, айбынды, көпшілік аузына қараған жақсылардың бірі. Қ. жасында Қарнаққа барып білім алған. Шариғат жолын жақсы біліп, қазақ хандарының жарғыларынан, Ресей зандары мен нұсқауларынан мол хабары болған. Жасында жылқы бағып, барымталанған малдың бағытын тұяғы тиген шөпке қарап анықтайды екен. Түздің аңдары мен құстарының өзіндік ерекшеліктерін, өмір сүру дағдысын тарқата алған. Бағаналылар туысы жоқ тура би Қ-ді құрмет тұтқан. XIX ғ. қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көсемі хан Кенесары Қ.б-ге желмая сыйлаған. Ресей әкімшілігі оны Анна лентасына тағылған алтын медальмен марапаттаған.

Түсіп бақсы (шамамен XIX ғ. II жартысы) – халық емшісі, есімі ел аузында қалған көріпкел әулие. Негізінен психикалық дертке шалдыққандарды оқып жазған. Кітап ашып, алдағы оқиғаға болжау айтатын көріпкелдік қасиеті де болған. Руы – бағаналы сарғалдақ, шәлтеке бұтағы. Қуянды үзу, шөппен емдеу тәсілдерін жетік меңгерген. 1937 ж. «халық жауы» деген жаламен Алматы обл. Іле ауд-на жер аударылған.

Түсіпбеков Доскен (1940, Қарағанды обл., Жезк. ауд., Жанкелді ауылкеңесі, Қарақұм а.) Талғар а.ш. техникумын (1963), Қызылорда пединст-ын (1971) бітірген. Агроном-зоотехник, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Кеңшарда зоотехник, Қарақұм а-ғы мектепте мұғалім, Қызылүй орталау мектебінде директор, 1974-1994 жж. халық депутаттары Қоскөл ауылкеңесі атком төрағасы болды. Жаңадан ашылған Сәтбаев ат. кеңшардың заманауи тала-

пқа сай салынуына, қой шаруашылығы қызметкерлеріне лайықты мәдени-тұрмыстық жағдай жасауға, құмның мүмкіндігін экологиялық таза қой етін мол өндіруге пайдалануға көңіл бөлді. Респ., обл. соц. жарыстарда жеңімпаз деп танылып, ауылкеңеске ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі мен обл. кеңестің ауыспалы Қызыл тулары тапсырылды. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Түсіпбеков Еркін (06.08.1956, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., 1 Май ауылкеңесі) – инж.-құрылысшы. Қарағанды политех. инст-ын (1978) бітірген. Ұлытау ауд. сәулет бөлімінің өнд. тобында, коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарында, ауд. а.ш. басқармасында қызмет істеген. 12 жыл ауд. бас сәулетшісі, 7 жыл ауатком төрағасының орынбасары, 3 жыл ауд. әкімінің орынбасары болған 2012 ж. Ұлытау ауд. жер қатынастары бөлімінің басшысы. Ауд-ның экономик.-әлеум. дамуына өз үлесін қосқан.

Түсіпбеков Қарақойшы Түсіпбекұлы (1930, ОҚО, Қарсақбай ауд., Қаракеңгір а. – 1978, Қарағанды обл., Ұлытау ауд.) – ағартушы-ұстаз. Қарқаралыдағы Абай ат. педучилищені (1949), ҚазМУ-ді (1961) бітірген. Қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі. 25 жылға жуық халыққа білім беру саласында еңбек етті, оның ішінде 23 жыл бастауыш мектеп меңгерушісі, жетіжылдық және орта мектеп директоры, ауд. оқу бөлімінің бастығы болды. «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» (1946), «Тың жерді игергені үшін» (1958) медальдарымен марапатталған.

Түсіпбеков Марат Әбілдаұлы (1946-2010) – ҚР Композиторлар одағының мүшесі, сазгер. Ұлытаудың түлегі. Қарағанды музыкалық училищесін (1966), ҚазПИ-ді ән-күй пәні мұғалімі мамандығы бойынша (1971) бітірген. 200-ден астам ән, романс, аспаптық шығармалардың авторы. Олардың ішінде «Қазақстан», «Отанымды сүйемін», «Ақ тырналар», «Сағыныштың моншақтары», «Қайта көргім келеді», т.б. әндері,

«Киік кескен» күйі бар. Таңдаулы төрт әні «Жастық шақ әуендері» жинағына (Алматы, 1993) енген. Ондаған спектакльге музыка жазған. Респ. «Жаңа ғасырға – жаңа ән» байқауының дипломанты, халықар. театрлар фестивалінің (Бішкек, 1999) лауреаты.

Тынымбаев Уәлішер (1931, ОҚО, Қарсақбай ауд., Қарақұм өңірі – 1987) 1950 ж. бастап 1987 ж. дейін қой шаруашылығының өркендеуіне атсалысқан. Бесжылдық міндеттемелерін

асыра орындап, түрлі дәрежедегі мемл. марапаттарға, атақтарға ие болған. Ленин (1970), Октябрь революциясы ордендерімен (1974), медальдармен марапатталған. ҚазКСР Мемл. сыйл. лауреаты (1981). Мәскеу қ-ғы Жұлдызды қалашықта болып, Леонов, Титов сияқты ғарышкерлермен кездесіп, Ю. Гагарин ат. вымпелді қабылдап алған.

Тіккозов Әзімбай (1888, Ақмола обл., Атбасар уезі, Сарысу болысы, Жетіқоңыр а. – 1976) – Социалистік Еңбек Ері. Кеңес өкіметі ауып шаруаларын алдымен коммунаға, кейін серіктікке біріктірді, біраздан соң ұжымшарлар ұйымдастырылды. 1925 ж. Т. серіктікке мүше болды, серіктік таратылып, ұжымшар құрылғанда бір қой отарын қабылдап алды. Еңбекке тыңдырымды Т. өз жұмысын ерекше пейілмен атқарады. 1947 ж. өзіне бекітілген 430 бас құйрықты аналық қойға 525 қозы ертіп, мемлекетке тапсырғанда орта салмағын 45 кг жеткізді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1948 ж. 5 тамыздағы Жарлығымен Т-ке Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. 1959 ж. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Тілеубаев Серік (1946, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Социагды ауылкеңесі) – кеңес, партия қызметкері. Қазақ мемл. а.ш. инст-ын (1969) бітірген. Инженер-механик. 1969-1971 жж. Жезді ауд. «Қаракеңгір» кеңшарында бақылаушы механик, бас инженер. 1971 ж. Солт. Жезқ. кеңішінің трактор-бульдозер учаскесінде механик. 1972 ж. Ұлытау ауд. а.ш. басқармасының бас инженері, кейін бастығы. 1988-1991 жж. халық депутаттары Ұлытау ауд. кеңесі атком төрағасы, аупарткомның бірінші хатшысы. 1992-1999 жж. Ұлытау ауд. әкімшілігінің басшысы, Ұлытау ауд. әкімі. «Ұлт ұясы – Ұлытау» тарихи-танымдық және зерттеулер кітабының тең авторы. «Құрмет» орденімен марапатталған. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

У

Уәлиханов Шокан (Мұхамет-қанапия) Шыңғысұлы (11.1835, Құсмұрын бекінісі – 04.1965, Алтынемел) – атақты ғалым, ориенталист, тарихшы, этнограф, географ, фольклоршы, ағартушы демократ. 1853 ж. Омбының кадет корпусын корнет шенінде бітірген, 1861-1862 жж. Петербор университінің тарих-филология фак-де дәріс тыңдаған. 1860 жж. Ұлытау өңіріне сапар шегіп, Алаша хан мазары, Жұбан ана кесенесі, Аяққамыр күмбезі сәулет ескерткіштеріне сипаттама берген. Ер Едіге, Қойлыбай бақсы, Байғозы, Жаулыбай және Оразымбет (Оразай) батырлар жайлы құнды тарихи деректер қалдырған.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Уәйіс Байжанұлы (1796-1876) – би. 1831 ж. Ресей өкіметі Ұлытау өңірін болыстық басқару жүйесіне көшіргенде, У. бағаналы руының ішінен тұңғыш рет болыс болып сайланды. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысын белсене қолдады. Сол үшін патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. У. қарамағындағы ел өз мекендерінен қуылып, жерлері казак әскерлерінің иелігіне етті. 1858 ж. Ұлытау станицасы жабылғаннан кейін бағаналылар атақонысына көшіп барды. Бұл мәселе У. пен Ерден Сандыбайұлының табандылығы арқасында ғана шешілді.

У. өз заманында талай дауға түсіп, айрықша беделге ие болған. Ел аузында Қарасарт бидің «Қайыс созылса да, Уәйіс созылмайды», Қарадос бидің «Уәйіс дегенше барыс десеңші» деген, оны жоғары бағалаған сөздері сақталған. Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген.

Устиновский Михаил (1935, ОҚО., Қарсақбай ауд., Қарсақбай кенті – 2004, Қарағанды қ.) Қарағанды политех. инст-ын (1959) бітірген. Көмір ғыл.-зерттеу инст-да кіші, аға ғыл. қызметкер, көмір шахталарында кен шебері, учаске бастығының, бас инженердің орынбасары. 1966-1973 жж. №12, «Соқыр» шахталарының бас инженері, 1973-1976 жж. осы шахтаның директоры. 1976 ж. ҚКП Саран, 1977-1987 жж. Қарағанды қалалық партия комитеттерінің бірінші хатшысы. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған. «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған.

Ушаков Никон Аврамович – II гильдия дәрежелі орыс көпесі. XIX ғ. ортасында, Кенесары орыс әскерінен жеңіліп, патшаның отаршылдық саясаты күшейе бастаған кезінде Бабыр би Бекеншіұлына қарасты Жезқ., Қарсақбай жерлерін жалға алып, мыс өндіру ісіне бел буды. Бірақ, жұмысы алға баспай, бастаған өндірісін ағылшын инвесторларына қыруар ақшаға сатып жіберді. Ағылшындар Қарсақбайда мыс зауытын салып, Жезқ. мысы мен Байқоңырдың қоңыр көмірін игеріп, өңірде өндірістің жаңа кезеңін бастады.

Ұлар (лат. Tetraogallus) – Ұлытау тауын мекендеген, кейін жойылып кеткен қырғауыл тұқымдасына жататын құстардың бір түрі.

Ұлардың денесінің жалпы құрылысы кекликке ұқсайды, бірақ одан ірі, дене тұрқы 60 см. ұлар көбінесе Кавказдың, Қазақстанның тауларында болады. Мұның бірнеше түрі бар, еті дәмді, ел сол үшін аулайды. Салм. 3 кг, түсі тас еңдес, тауыққа ұқсаса, жергілікті құс. Биік тау шыңдарын мекендейді. Көбіне 5-10-нан топтасып жүреді де, тек көктемде ғана жұптасады. Өте сақ. Тау бөктерінде жайылып жүргенде, біреуі биік құзға шығып, жан-жағын бағдарлап тұрады екен. Егер қауіпті сезсе айрықша үн шығарып, хабар беретін көрінеді. Қыстың аязды күндерінде тас қуыстарынан пана тауып, топтасып бірін-бірі жылытады. Қар қалың жауған жылдары көбіне таутекенің соңынан еріп отырады. Себебі таутекелер төбінде жайылып, қырат беткейлеріндегі қарды тазартып, қанаттылардың азығын тез табуына көмектеседі. Ел арасында «Ұлытауға бардың ба, ұлар етін жедің бе?» деген сөз қалған.

Ұлжан – Есіл алабындағы өз. Бастауын Ұлытау ауд-ғы Ақшоқы тауының солт.-шығыс беткейіндегі бұлақтардан бастап, Терісаққан а-нан 3 км жерде Терісаққан өз-не құяды. Ұз. – 53 км. Жағасы жайпақ, арнасы ирелең. Көктемгі еріген қар және жер асты суларымен толығады. Сәуірде тасиды, жаздың ыстық айларында қарасуларға бөлінеді. Алабы – шабындық пен жайылым. Суы ауыз суға, мал суаруға жарамды.

Ұлы Жыланшық – Торғай алабындағы өз. Ұлытау ауд. жерімен ағады. Ұз. – 426 км. Су жиналатын алабы – 2600 км². Ұлытаудан екі саласы Үлкен Жыланшық (Шығырлы, Ақсай, Шағырлы Жыланшық) пен Дулығалы Жыланшық (Жиделіөзен, Дулығалыөзек, Құлабай) бірігуімен басталып, Ақкөлге құяды. Суы тұщы, ауыз суға жарайды. Негізінен мал суаруға пайдаланылады. Аңғары – жайылым.

Ұлытау – Сарыарқаның оңт.-батыс шетіндегі ұсақ шоқылы, аласа таулы массив. Орташа биікт. – 400-600 м, көтеріңкі орта бөлігі – 800-1000 м, ең биік Әулиетауы – 1134 м, Едіге тауы – 1064 м, оңт. бөлігіндегі Кішітаудың биік жері – 793 м. Ұ-дың алып тұрған жер көлемі 200 км² кем емес. Солт-тен оңт-ке қарай бойлық бағытқа сәйкес 230-240 км-ге созылып жатыр.

Ұ. – меридиан бағыттағы ірі антиклиналдың қалдығы. Кристалды тақта тас, гранит, құм тас, порфирит, конгломераттан түзілген. Оның беті төменгі палеозойдың эффузиялық шөгінділерінен тұрады. Атырабы – төменгі кайнозойдың әр түсті сазынан түзілген дөңесті жазық және онда мыс (Жезқ.), темірлі кварцит (Қарсақбай), темірлі марганец рудасы (Жезді), қоңыр көмір, т.б. көптеген кен орындары бар. Климаты тым континенттік: қысы суық, жазы ыстық, қаңтар айының температурасы –24-25°С. Шілдеде +22°С. Жауын-шашынның жылдық мөлш. – 100-250 мм шамасында.

Ұ.-дан басталатын өз-дер – Қаратоpғай, Сарыторғай, Ұлы Жыланшық, Қаракеңгір, Жезді – көбіне қар суымен қоректенгендіктен, көктемде ғана деңгейі көтеріліп, жазда иірімдерге, қарасуға бөлініп қалады. Топырағы көбіне бозғылт қызыл қоңыр келеді. Қайың, қараағаш, терек, бұталардан ұшқат, тобылғы, итмұрын, баялыш, арша және жусан, боз, бидайық, сораң, т.б. өседі. Тау етегінде, грунт суы жақын жерде және өз. аңғарларында шалғын шөп

өседі. Ақбөкен, борсық, қасқыр, түлкі; құстан – дуадақ, бөктергі, қаршыға, бүркіт, т.б. мекендейді. Ұ. атырабы мал жайылымына, әсіресе қой мен жылқы шаруашылығын еркендетуге пайдаланылады.

Ұлытау аймағы жөнінде Қ. Сәтбаев 1935 ж. қазанның 9-ы күні «Социалистік Қазақстан» газетінде көлемді мақала жариялады. Онда Ұлытау таулары өзінің биіктігі жағынан да, алып тұрған жері жағынан да оңт.-шығыс жақтан солт-батысқа қарай мыңдаған км-ге созылған Сарыарқа дөңдерінің негізгі кіндігі болатыны атап көрсетілген. Сарыарқа мидай жазық Сібір даласы мен Бетпақ шөл даласын айырады. Ұлытаудың алып тұрған жері 200 шаршы км-ден кем емес. Ұлытау ауд. тау кенересіне толықтай орналасқан. Оның түстік бөктерінде Үлкен Жезқазған, Қарсақбай енд. орындары бар.

Қ. Сәтбаев Ұ.а. аум. 100 мың шаршы км-дей деп атап көрсетті. Немесе Ұлытау ауд. жер көлемінің 82 пайызға жуығын алып жатыр. Алатын орны – Гринвич (Лондон) меридианынан санағанда шығыстық 65 пен 68 градустарының арасы. Шөлейт ендігі 50-47 градустардың шамасында. Өткен ғ-дың 30-жж. ортасынан бұл өңір Жезқазған-Ұлытау өңірі деп те аталып жүр.

Ұлытау антиклинорийі – Ұлытаудан Арғанаты тауына дейінгі 400 км-ге созылған каледондық қатпарлы құрылым. Құрылымының өзегі меридиандық бағытқа созылған, күшті қатпарлануға шалынған және қуатты метаморфтану салдарынан гнейстерге, кристалдық тақтатастарға айналған төм. және ортаңғы протерозойдың жанартаулық-шөгінді тау жыныстарының қалың қабаттары мен гранит интрузияларынан құралған. Ұ.а. қанаттарында жоғ. протерозой мен төм. палеозойдың жанартаулық, миогеосинклиналдық кремнийлі-терригендік шөгінділері дамыған. Карбонның терригендік-карбонаттық шөгінділерімен толған. Протерозой тау жыныстарында темір, кембрий шөгінділерінде алюмофосфат кендері бар.

Ұлытау артезиан алабы – Ұлытаудың солт.-батыс бөлігін алып жатқан жер асты суы бар өңір. Ауд. – 23500 км2. Бір-бірімен кезектесе келген бірнеше антиклиналдық және синклиналдық құрылымдардан тұрады. Олар қалыңд. 100-150 м болатын сулы горизонттар төм. карбонның турне ярусының әктастары және құмтастарымен байланысқан. Мульдалардың орт. бөлігіндегі жер асты суларының арыны күшті, шет жақтарында төмендейді. Арыны күшті сулар 30-150 м терендікте кездесіп, жауын-шашын мен жер асты суларының ағынынан қалыптасады. Суының минералд. – 1-5 г/л шет жақтарында, төм. горизонттарында 3-5 г/л-ге жетеді. Хим. құрамы – гидрокарбонатты, гидрокарбонатты-хлоридті, хлоридті. Ұңғымаларындағы су шығымы – тәулігіне 450-2651 $м^3$. Карсты әктастардың су шығымы өзгелерден жоғары. Алаптың жалпы қоры 30 млрд. $м^3$ шамасында. Алаптың суы тереңд. 50-80 м құдықтар қазу, ұңғымалар бұрғылау арқылы жер бетіне шығарылып, елді мекендерді, а.ш-ғын сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Ұлытау аудандық мұрағаты. 1935 ж. 9 наурызда ҚазАКСР ОАК мен Халық Комиссарлар Кеңесі «Аудандық мұрағаттар туралы» қаулы қабылдап, 56 ауд. мұрағат ішінде Қарсақбай ауд. мұрағатын ашуды ұйғарды. Ал 1939 ж. 16 қазанда Қарсақбай ауд. құрамынан Ұлытау ауд. бөлініп шығып, өзінің мұрағатын ашты. Қазақстан Үкіметінің 1963 ж. мамырдағы қаулысына сәйкес обл. мемл. мұрағаттардың қалаларда жергілікті бөлімшелері ашылды. Қарсақбай, Ұлытау ауд. мұрағаттары жабылды. Олардың мұрағаттар қоры Қарағанды обл. мұрағатына тапсырылды. Бүкіл еліміз сияқты 1986 ж. Ұлытау, Жезді аудда шаруашылық есептегі жеке құрам жөніндегі мұрағаттар жұмыс істей бастады. Олар кейін мемл. мұрағаттар болып қайта құрылды. 1997 ж. Жезді ауд. тара-

тылып, аумағы Ұлытау ауд-на берілуіне байланысты осы ауд-ның мұрағат қоры Ұлытау ауд. мұрағатына берілді. Ауд. мемл. мұрағатының қоры – 25 мың сақтау бірлік. Олар ауд. экономикасын, мәдени-әлеум., қоғамдық-саяси өмірін қамтиды. 2015 ж. мұрағат азаматтардың 1000-ға жуық әлеум.-құқықтық өтініштерін орындады. Мұрағат директоры – Гүлмира Серікқызы Рыспаева.

Ұлытау аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі ауд. балалар кітапханасын, 1 кенттің, 14 ауылдың кітапханаларын біріктіріп отыр. Барлығы интернет жүйесіне қосылған. Кітап қоры – 230 мың дана. Ауд. тұрғындарының әрбір екіншісі – кітапхана оқырманы. Жыл сайын оқырмандар сұранысы негізінде кітап қорын толықтыруға 2 млн. теңге бөлінеді. 1,3 млн. теңгеге мерзімді баспасөздің 52 түрі жазылып алынады. Ауд. кітапхана, Жезді кентіндегі, Аманкелді, Алғабас ауылд. округтеріндегі кітапханалар модельдік кітапханалар мәртебесіне ие болып, нәтижелі жұмыстың үлгісін көрсетіп отыр. Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры – Салтанат Ниязова.

Ұлытау аудандық сотының тарихы 1922 ж-дан басталады. Қарсақбай болысының аумағында 1 сот, 1 тергеуші болған. Қаржы болмауына байланысты елді мекендерге шығып, сот мәжілісін өткізу жүргізілмеген. Сот қарауына енгізілетін мәселелер негізінен еңбекақы төлеуге, егіндік, пішендік жер бөлуге байланысты дау-дамайлар болған. Қылмыскерлерді қамайтын абақты 600 км қашықтықтағы Атбасарда еді. Сондықтан кассациялық арыздарды жоғары орындар қарап, билігін білдіргенше сотталғандар айлап кепілде жүрген. Қарсақбай, Ұлытау ауд-ры құрылғаннан халық соттарының кадрлық құрамы, сот билігін атқарудың сапасы жаңа дәрежеге көтерілді. ҚР Президентінің 1995 ж. 20 желтоқсандағы №264 заң күші бар Жарлығына орай аумақтық халық соттары аумақтық сот болып қайта құрылды. Қазір ауд-да ауд. сот және Жезді кентінде №2 ауд. сот жұмыс істейді. Сот төрелігін жүзеге асыру үшін барлық жағдайлар жасалған.

Ұлытау ауданы – Қарағанды обл. батысындағы әкімшілік-аумақтық бөлім. ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1939 ж. 16 қазандағы қаулысымен Ұ.а. құрылды. Аумағына Алғабас, Кеңгір, Кішітау, 1 Май, Социалды, Терісаққан ауылд. және Ұлытау ауылдық кеңестері енді.

1963 ж. Ұ. және Жезқ. ауд-ры таратылып, олардың аумағында Жезді ауд. ашылды. 1972 ж. Жезді ауд. оңтайландыру есебінен Ұ.а. қайта қалпына келтірілді. 23.05.1997 ж. Ұ.а-на таратылған Жезді ауд-ның аумағы берілді.

Ұ.а. солт-шығысында Қарағанды обл-ның Нұра, оңт.-шығысында Жаңаарқа ауд-мен, солт.-батысында Қостанай, оңт-де Қызылорда, Оңт Қазақстан, оңт.-батысында Ақтөбе обл-мен шектеседі.

Ұ.а. жері таулы-қыратты келеді. Сарыарқаның батыс бөлігінің үлкен алқабын алып жатыр. Ұсақ шоқылар бірте-бірте төмендеп, солт-те жазық далаға, оңт-те бұйрат-бұйрат құмға ұласады. Таулардың ішіндегі ең биігі – Ұлытау (абс. биікт. – 1134 м), Кішітау (793 м), Арғанаты (757 м).

Өңірде қазақ тарихының ұлық ескерткіштері – Жошы хан, Алаша хан кесенелері және ер Едігенің қабірі орналасқан. Маңызды деген ескерткіштер қатарына ортағасырлық қала жұрттарының қалдықтары мен қоныс орындарын айтуға болады. Бұлар осы өңірде әкімшілік саяси басқару хан сарайының болғандығын көрсетеді.

Ұлытау саяси орт. ретінде үш бірдей тарихи кезеңді басынан өткерді. Бірінші кезең – оғыз тайпаларының бас біріктіруі және олардың Ұлытауда өз мемлекетін құруы. Екінші кезең – Шыңғыс хан империясының бір бөлшегі Жошы хан ұлысының құрылуы және Жошының орт. ретінде Ұлытауды таңдауы. Үшінші кезең – Қазақ хандығының құрылуымен сабақтасады. Осы кезеңмен байланысты Ұлытау жерінде қос бірдей ескерткіш –

Алаша хан кесенесі мен Таңбалытас ескерткіштеорі орналасқан.

Жерінің жалпы көл. – 122,9 мың шаршы км, оның ішінде а.ш. алаптары – 116845 шаршы км. 919 жеке тұлғаға шаруа қожалығын жүргізуге және 4 заңды тұлғаға 200 шаршы км жер бекітіліп берілген.

2016 ж. 6 айында мал саны ірі қарадан – 62134, қой – 193628, ешкі – 44715, жылқы – 31824, түйе – 356, құс – 17802 бас болды. 2015 ж. дайындалған а.ш. өнімінің жалпы көл. – 11,5 млрд. теңге, оның ішінде мал шаруашылығы өнімдері – 7,5 млрд. теңге, егін шаруашылығы – 4 млрд. теңге болды.

Қарсақбай металлургиялық заводы, Қарағандыдағы металлургиялық кремний заводының шикізат базасы Ақтаста кварц өндіретін кәсіпорын, қиыршық тас өндіретін карьер жұмыс істейді.

2014 ж. жаңадан салынған Жезқазған – Сексеуіл – Бейнеу, Шұбаркөл – Арқалық темір жолдарында жүк тасымаль қарқын алып келеді.

Ауд-да 17 мектеп, орта мектеп-интернат, агротехникалық колледж, 5 мектепке дейінгі балалар мекемесі, балалардың музыка мектебі, оқушылар үйі бар. Ауд. мәдениет үйі, барлық ауылдарда клубтар, 3 мәдениет үйі және демалыс саябағы жұмыс істейді. Тәуелсіздік жылдары 4 көркемөнерпаздар ұжымы халықтық және үлгілі ұжымдар атағын жеңіп алды. Ауд-ның әрбір екінші тұрғыны ауд. орталықтандырылған кітапхананың, ауд. балалар кітапханасының, 13 ауылд. кітапхананың оқырманы болып табылады.

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғат ескерткіштерінің мұражай-қорығы, Жезді тау-кен және балқыту ісінің тарихы мұражайы – тәуелсіздік жылдары ашылған мәдени-танымдық мекемелер.

Жалпы Ұлытау өңірінде 930-ға тарта өсімдік түрлері өседі. 670 тарихи-мәдени ескерткіш бар, өңірдің жер асты пайдалы қазбаларға бай.

Ұлытау түлектерінен ҚР Халық Қаһарманы, Кеңес Одағының Батырлары, жауынгерлік «Даңқ орденінің» толық иегері, Социалистік Еңбек Ерлері, академиктер, ҚазКСР ҒА корр.-мүшесі, 50-ге тарта ҚР және ҚазКСР еңб. сің. қайраткерлері шықты. Оларды ұлытаулықтар мақтан етеді.

Ж.Е. Смаилов. Хан қорығы Ұлытау. Буланты шайқасы: зерттеулер тарихы. Ұлытау. 2015. 144-149-б. *С. Қожамсейітов*

Ұлытау ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі 1975 ж. ашылды. Алғашқы директоры Сәттар Бердалин мектептің қалыптасып, дамуына біраз еңбек сіңірді. Бірінші жылы мектеп қабырғасында 98 бала спортпен шұғылданған еді. 2015-2016 оқу жылында 374 бала дәріс тыңдап, өзі қалаған спорт түрінің қыры мен сырын үйренуде. Мектептің Қарсақбай кентіндегі бөлімшесінде 28 оқушы бокспен, Қаракеңгір а-да 26 оқушы тоғызқұмалақпен шұғылданады. Жалпы мектепте спорттың 7 түрінен жаттығу өтеді. Олардың ішінде қазақша күрес, дзюдо, самбо, бокс, үлкен стол теннисі бар. Балуан Б. Ысқақов 2003 ж. Ресейдің Санкт-Петербург қаласында самбо күресінен өткен әлем чемпионатында 3-орын алып, халықар. дәрежедегі спорт шебері атанды. Мектеп түлектері А. Әбдіхалық, Е. Төлеш, А. Өжкенов, Б. Құрманғалиев, Д. және Е. Рахманияновтар, т.б. – мектептің мақтаныштары, респ., обл., айм. сайыстарда жүлделі орындарға ие болып жүр. Бапкерлер Е. Өжкенов – «Денешынықтыру және спортты дамытуға сің. еңб. үшін» төсбелгісінің иегері, М. Сабденов – самбо күресінен, А. Нұркамал – бокстан спорт шеберлері.

Ұлытау ауданының Құрметті азаматы атағы. I шақырылған ауд. мәслихат 1997 ж. 21 шілдесіндегі XV сессиясында Ұ.а.қ.а. атағын беру жөніндегі ережені бекіту туралы шешім (№015-89) қабылдады. Содан бері қазақ елінің тәуелсіздігін нығайтуға және ауд-ның әлеум.-экономикалық дамуына зор үлес қосқан 83 азаматқа Ұ.а.қ.а. атағы берілді: **Аймағанбетов Түсіпәлі** – зейнеткер; **Ақылбеков Байбосын** – ҰОС ардагері; **Алпысбаев Майтон** – «Ұлытау» ұлттық

мәдениет және табиғат ескерткіштері мұражай-қорығының директоры; **Алтынбаев Мұхтар** – сенатор; **Асансейітов Шахман** – ауд. а.ш. бөлімінің бастығы; **Асылбаев Жолдыбай** – зейнеткер; **Ахметбеков Мәжит** – ауд. мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы; **Ахметов Қуаныш** – ақын, жазушы; **Әзімбаев Байзақ** – «Сарысу» шаруа қожалығы төрағасының орынбасары, **Әлібеков Совет** – Жезқ. қ. мүгедектер қоғамының төрағасы; **Бабатаев Ағайынбек** – еңбек ардагері; **Байменов Әлихан Мұханбедияұлы** – ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы; **Балмағанбетов Арғынғазы** – ҰОС ардагері; **Бекетаев Әліпбек** – зейнеткер; **Бекмағанбетов Бүтімбай** – зейнеткер; **Бекмағанбетов Ермағанбет** – ҰОС ардагері; **Бейсенбеков Қонысбек** – шаруа қожалығының жетекшісі; **Болманов Қыдырәлі** – продюсер; **Даниярұлы Шамбұл** – ауылд. округ әкімі; **Досанов Сабыржан** – ауд. ардагерлер кеңесінің төрағасы; **Дүйсенбаев Дүйсебек** – еңбек ардагері; **Дүйсенбекова Бақыт** – еңбек ардагері; **Ербосынов Әбдірахман** – ҰОС ардагері; **Ерманов Жүрсін** – Қазақ радиосының бас редакторы; **Ескендіров Мұқанбедия** – ҰОС ардагері; **Жақыпова Тентек** – зейнеткер; **Жанұзақов Заман** – ҰОС ардагері; **Жанысбаев Туғанбай** – «Қазақмыс» корпорациясы «Ақбұлақ» шипажайының бас дәрігері; **Жүкенов Ниязбай** – ҰОС ардагері; **Камапова Қуаныш** – зейнеткер; **Кожасова Үлмекен** – Қарсақбай кенті ауруханасының дәрігері; **Көпеев Мұханбет** – ҚР Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары; **Кузнецов Николай** – зейнеткер; **Күнеділов Сәдібек** – ҰОС ардагері; **Қазанғапов Орынбек** – ауд. орман-тоғай мекемесінің бастығы; **Қаражігітов Аппаз** – жазушы; **Каратеміров Сауытбек** – еңбек ардагері; **Қожамсейітов Сағындық** – Жезқ. қалалық мемл. мұрағатының директоры; **Қоңырқұлжинов Әбдіхамит** – ҰОС ардагері; **Құлахметов Совет** – зейнеткер; **Құттыбаев Қуаныш** – шаруа қожалығының жетекшісі; **Лисото Адам** – ҰОС ардагері; **Мәкенбаев Қалкен** – Жезқ. аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы; **Маткенов Қадер** – Қарсақбай металлургиялық заводының директоры, **Машайықов Мағзұмбек** – «Ұлытау өңірі» газетінің редакторы; **Маханов Мұқан** – инженер; **Маханов Нығымет** – ҰОС ардагері; **Молдабаев Тәжікен** – ҰОС ардагері; **Мырзабеков Батырбек** – журналист; **Мышанов Бәкен** – Социалистік Еңбек Ері; **Ниязалин Серікбай** – еңбек ардагері; **Нұрғалиева Күлбан** – ауд. әйелдер кеңесінің төрайымы; **Нұршабаев Бөкен** – зейнеткер; **Омаров Сабыр** – зейнеткер; **Оразбеков Бекіш** – еңбек ардагері; **Оспанбеков Шоқан** – зейнеткер; **Осланов Сарсенбай** – зейнеткер; **Өмірбаев Сейтжан** – «Ұлытау» ұлттық мәдениет және табиғат ескерткіштері қорық-мұражайы директорының орынбасары; **Өтенов Башар** – зейнеткер; **Райымбеков Ахат** – зейнеткер; **Садықов Жақия** – ауд. мәдениет бөлімінің меңгерушісі; **Сайранбаева Шәрипа** – кәсіпкер, **Салықов Кәкімбек** – ақын; **Саринов Козлов** – ҰОС ардагері; **Сатаева Күлан** – зейнеткер; **Сәулембеков Мұрат** – ауд. мәслихаттың хатшысы; **Сейтқазинов Мұханбетқали** – ұстаз, айтыскер ақын; **Серкебаева Майра** – С. Қожамқұлов ат. қазақ музыкалы-драма театрының директоры; **Смайылов Камал** – жазушы; **Смайылов Шабаз** – Ұлытау ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы; **Тасмағанбетов Иманғали** – мемлекет қайраткері; **Темірбеков Сейтжан** – зейнеткер; **Тоқтамысов Қойшыбек** – Сәтбаев қ. «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы; **Төрегелдин Мәкен** – Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайының директоры; **Түсіпбеков Доскен** – зейнеткер; **Тілеубаев Серік** – ауд. әкімі; **Уалинов Қабен** – зейнеткер; **Уахитов Сұлтан** – зейнеткер; **Үсенов Дәуренбек** – ҰОС ардагері; **Шарманов Төрегелді** – ҚР ҰҒА академигі; **Шәміл Әбілтай** – күйші-сазгер; **Шынбергенов Тақан** – еңбек ардагері; **Хамзин Мұхтар** – Ұлытау ауд. прокуроры.

Ұлытау ауданы өртке қарсы қызмет саласында алғашқы ерікті өрт сөндірушер қоғамы 1936 ж.

Қарсақбай кентінде құрылған. Көп ұзамай өнд-тің дамуына байланысты Қарсақбайда кәсіпқой өрт сөндірушілер бөлімшесі ашылған. 1952 ж. өрт сөндірушілер бөлімі Жезді кентінде, Ұлытау а-да жұмыс істей бастады. 2006 ж. өртке қарсы қызмет мекемелері өрт сөндіру және апаттық құтқару бөлімшелері болып қайта құрылды. Ауд. өрт сөндірушілері тілсіз жаудың алдын алып, одан шаруашылыққа, Ұлытаудың сұлу табиғатына, тарихи және табиғат ескерткіштеріне келетін зиянды болдырмау үшін кешенді іс атқарып жатыр. Ауд. орт-дағы өрт сөндірушілер бөлімі 1979 ж. салынған типтік ғимаратқа орналасқан.

Ұлытау ауданы соғыс және еңбек ардагерлерінің кеңесі мыңнан астам майдангерлер мен еңбек ардагерлерін біріктіріп отыр. Ардагерлерге мәдени-әлеум. және мед. көмек көрсету, жас ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, көпшілік-ұйымдастыру жұмыстары жөнінде комиссиялар жұмыс істейді. Ардагерлер Президент Н. Назарбаевтың саясаты, өмірі мен қызметі жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізуде. Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында қазақ мемлекетінің сан ғасырлық тарихы, ұлы хандар, қазақ ұлты, ұлысы және мемлекетінің қалыптасуындағы Ұлытаудың орны туралы насихат жұмыстары өрістеді. Туризмді дамыту, елді мекендерді абаттандыру, ауылды қайта құру орайындағы үлкендер пікірі әрдайым қолдау тауып келеді.

Ұлытау кентіндегі мектеп шәкірттерге есігін 1934-1935 оқу жылдары ашқан. Әуелі бастауыш, 1937 ж. жетіжылдық, 1948 ж. жалпы орта білім беретін мектеп мәртебесін алған. Бастауыш мектептің тұңғыш директоры – белгілі ағартушы Сейтжан Смайылұлы. Ұлытау орта мектебі обл-ғы ресурстық мектеп болып табылады. Мұнда 500-ге тарта оқушы білім алып жүр. 63 мұғалім сабақ береді. Оның 7-і – жоғары санатты, 29-ы – I санатты, 14-і – II санатты. Еңбек Қызыл Ту орденді Сания Усманова, Кайнура Ерішева, КСРО халық ағарту ісінің үздіктері Нариман Далабаев, Гүлнар Бегаева, Зекен Бердалина, аға оқытушы атағын алған Нұркеш Кариева, Далапраз Жүнісова, Жеңіс Жүндібаева сияқты ұстаздардың сөзі мен ісі шәкірттерінің жүрегіне жазылып қалған. Мектепті ең алғаш алтын медальмен бітірген – Құттыбек Бексейітова, күміс медальмен бітірген – Бөкеш Ахметов.

Ұлытау жәрмеңкесі 1913 ж-дан өтіп тұрды. Қ. Сәтбаевтың жазуынша, өңір тұрғындары бұрын бар керегін Атбасар, Ақмола жәрмеңкелерінен алып тұрса, енді оған қосылған жаңа жәрмеңкенің халықтың қажетін айыруда көмегі болған. Саудаға Батпаққара және егіншілікпен шұғылданатын басқа ауд. шаруалары, орыс, өзбек, татар саудагерлері, жергілікті байлар астықты, маталарды, тұтыну бұйымдарын қойған. Бірақ жоғарыдағы жәрмеңкелер 1918 ж. бастап жұмысын тоқтатты. Қарсақбай ауд. партия-кеңес орындары 1931 ж. Ұлытау жәрмеңкесін қайта жандандыруға талпыныс жасады. Бірақ ел экономикасын мемл. жоспарлау, тұтыну тауарларын, азық-түлікті және қызмет түрлерін орталықтан бөлу бастамашылықпен жергілікті жерлерде жәрмеңке ұйымдастыруға мүмкіндік бермеді

Қ. Сәтбаев. Қазақстан – Менің Отаным. Алматы. «Ғылым», 1999, 90-б.

Ұлытау жер асты су кені – Ұлытау кентінің солт.-шығысында 9-19 км жерде орналасқан. Кен орнының геол. құрылысына протерозой дәуірінің метаморфтанған тау жыныстары қатынасқан. Жер асты суы негізінен кристалданған тақтатасты жоғ. жарықшақты белдемінде шоғырланған. Белдем 60-70 м тереңдікте жатыр. Суы тұщы, минерaлд. – 0,1-0,3 г/л. Хим. құрамы біртипті, негізінен гидрокарбонат-сульфатты натрий-кальцийлі. Пайдаланатын қоры табиғи қор және ресурспен қамсыздандырылған.

Ұлытау кенті – Ұлытау ауд. орт-ғы. Ұлытаудың шығыс етегінде орналасқан. Іргесі қола дәуіріне жататын қоныс ор-

нында, орыс патшасының Кенесары ханға қарсы жүргізілген соғысы кезінде 1843 ж. станица ретінде қаланды. Ұ.к-де аудан және ауыл әкімшілігі, емхана, аурухана, орта мектеп, мәдениет үйі, мешіт, музей, мұрағат, дене тәрбиесі және сауықтыру кешені, қонақтар мен туристер демалып, серуендейтін көрікті орындар, т.б. бар.

Ұлытау кеңесі – 1752 ж. Ұлытауда болған іргелі жиын. 1750 ж. Жоңғарияда Лама-Доржының билікке келуі өзара қырқысқан күрестің қайтадан тұтануына әкеп соқты. Бұл күресте жеңіліс тапқан Даваци жиендері Әмірсана мен Байнджурмен 1751 ж. көктемде қазақтарға қашып келіп, абақ-керейлердің билеушісі Қожаберген батырды паналады. Лама-Доржы қазақ билеушілерінен өзінің саяси бақталастарын қайтарып беруді талап етті. 1752 ж. жазында Орта жүз, Ұлы жүз батырлары мен рубасыларының құрылтайы болып, онда Абылай және батырлардың көпшілігі Даваціді қолдауды жақтады. Бұл шешімді қабылдау кезінде содан аз уақыт бұрын елшілікті бастап Жоңғарияда болып қайтқан және Лама-Доржы жағдайының әлсіздігін жақсы білген Төле би шешуші рөл атқарды. Қазақтардың Даваціді беруден бас тартқанына ашуланған Лама-Доржы Орта жүзге Сайын-Бөлек пен Шадыр басқарған әскер жіберді. Жоңғарлар Орт. Қазақстанда көшіп жүрген үйсін, уақ және керейлердің қоныстарына шабуыл жасады. 3 мыңнан астам қазақ тұтқынға алынып, орасан көп мөлшерде мал мен мүлік қолға түсірілді. Бұған жауап ретінде Абылай Сайын-Бөлекке қарсы Даваціді жіберді, оған Қожаберген басқарған абақ-керейлердің жасағын және қазақ ұлыстарында тұтқында жүрген барлық жоңғар жауынгерлерін қосып берді. Сонымен бірге ауқымды соғысқа дайындық басталды, қазақ ауылдары асығыс Тобыл мен Обағанға көшіріліп, қазақ жасақтары Торғай өз. маңында жиналатын болып белгіленді.

Әдеб.: ҚҰЭ. *М. Сейтжанов*

«Ұлытау» күйі. Кәсіпқой күйші Шәміл Әбілтаев 1975 ж. Ұлытау ауд-на келгенде туған. Бұл күй туралы белгілі ғалым, өнер зерттеушісі, қоғам қайраткері А. Сейдімбек қалам тербеген: «Ұлытау» күйі – бұл туған жердің өткендегі шежірелі тарихы мен бүгінгі қиялдай ғажайып келбетіне көңіл көзін зерделету арқылы шабытты тебіреніс үстінде туған күй. Ұлытау төңірегіне күйші-суреткер көзімен үңіліп көрсек, алдымен Арқаның айдарындай болып бөлек жаратылған Ұлытаудың табиғи бітімінің өзі кімді болса да немкетті қаратпайды ғой. Егер осынау қасиетті таудағы Едіге батырдың сүйегі қойылған шыңға шығып, төңірекке зер салсаңыз, Сарыарқаның апай төсіне біткен анартаудың тораптарымен торланып, Арғанаты тауларымен апшылып, Қиякты қырларымен қарпылып, Байқоңырдың белдерімен бастырылып, Қарақұмның шөлдерімен көмкеріп жатқанын көреміз. Ал Ұлытаудың қолтық-қойнауына, құз-қиясына, төңірегіне назар аударғанда қазақ халқының аспан астында жатқан тарихи мұражайын көргендей боламыз... Шәмілдің «Ұлытау» күйі өткен мен бүгінгіні қатар шолып, уақыттың артықшылығын, бүгінгі жарқын өмірді осылай бедерлейді», – деп қорытады ойын ғалым.

«Ұлытау» қоғамдық қозғалысы 1989 ж. Қарағанды политехн. инст-ның Жезқ-ғы филиалының оқытушылары Ә. Байменов (жетекші), А.Сейілов, М. Әбсаттаров, С. Игісіновтердің бастамасымен және қаладағы зиялы қауым өкілдері қолдауымен құрылған. Ұйым ресми түрде Жезқ-да 1989 ж. 22 шілдеде тіркелді.

Қозғалыс алғашқы қадамын Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылған зымырандардың құлайтын бөліктерінің халықтың денсаулығына, қоршаған ортаға тигізетін зардаптарын зерттеп, сараптаудан бастап, оларды залалсыздандыру және халықты алдын ала хабарландыру жөнінде Байқоңыр кешені басшылығы алдына талап қою арқылы оларды біраз нақты қадамдар жасауға мәжбүрледі. Содан кейін Жезқ. қ-ның солт-батыс шетіндегі аса қуатты радиолокациялық станцияны жабу туралы

бастама көтеріп, қала жұртшылығы қолдауымен оған қол жеткізді. Кейін халықар. «Невада-Семей» қозғалысының ұжымдық мүшесі ретінде облыстық филиалы жұмысын қоса атқарды. Қозғалыс Ұлытау өңіріне ұлттық қорық мәртебесін беру ісінде қоғамдық бастамалар көтеріп, оның ғылыми жағын қозғалыстың белсенді мүшесі Ф. Темереева басқарды.

1990 ж. маусымда қозғалыс бастамасымен әрі қала жұртшылығының пәрменді қолдауы нәтижесінде «Отырардан Ұлытауға дейін. Кіші Жібек жолымен» тарихи-этнограф. экспедициясы ұйымдастырылды. Кейін «Алтай-Дунай» халықар. экспедициясының алғашқы кезеңін ұйымдастыруға бастама көтерілді, бұл істерді қозғалыс жетекшісінің орынбасары Б. Қожахметов, К. Балкенов, С. Садуовтар үйлестірді. Сонымен қатар, қозғалыс «Теректі әулие», басқа да тарихи ескерткіштерді сақтап қалу жөніндегі бастамаларымен мәлім.

Ұлытау қонысы – қола дәуірінде өмір сүрген адамдардың тұрағы, археол. ескерткіш. Ұлытау кентінің оңт.-батыс жағында, таудан ағатын өз-нің екінші саласының сол жағалауында орналасқан. Қоныс шығыстан батысқа қарай 800 м дейін созылған жеркепелерден тұрады. Қазба жұмыстарын 1956 ж. Ә. Марғұлан бастаған ОҚАЭ жүргізген. Ұ.қ-ның солт.-шығыс бетіндегі Тасбұлақтың маңайындағы қорғаннан саздан жасалған, шырша секілді өрнекпен әшекейленген ыдыстардың, темір бұйымдардың жұрнақтары, ақжасыл түсті екі тас моншақ, дән үгетін тас тақта, тас кетпен, 5 тас балға, тас балта табылған. Кен үгітетін тас табақ өндіріс құралы болғандықтан, бұл жерді көне металлургтер, бұйым шеберлері мекендегенін байқауға болады. Оған дәлел ретінде қазба жұмыстары барысында табылған мыстың қалдықтары келтіріледі.

Жеркепелердің санын нақтылауға тұрақтың үстінен салынған тұрғын үйлер кедергі келтірген. Оған қоса көктемде таудан ағатын су тұрақтың бір жағын шайып кеткен. Қазба жұмыстары кезінде табылған үй жануарларының сүйектеріне қарағанда, егіншілікпен қатар мал шаруашылығы, оның ішінде ұсақ мүйізді мал мен жылқы өсіру қарқынды дамыған. Сонымен қатар, азықпен қамтамасыз ету мақсатында қоныстың тұрғындары аңшылықпен айналысқан. Оған жабайы жануарлар (марал, жейран, құлан) сүйектерінің қалдықтары куә. Қоныстың орта шеніндегі бір жеркепенің батыс жағынан қабырғасы таспен қаланған су алатын құдық табылған. Ұ.қ-ын зерттеу жұмыстарын жалғастырып, бұл жерде аспан астындағы мұражай ашу қажеттілігі туып отыр.

М. Сейтжанов

Ұлытау ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы ҚазКСР Министрлер Кеңесінің 1990 ж. 29 қарашадағы №466 қаулысымен құрылған. Қорық-мұражай қызметінің негізгі мақсаты – тарихи-археол. ескерткіштер мен тарихи ландшафтарды қорғап, сақтау. Қорық аум-да жалпы көл. 147246 га құрайтын 25 кешен орналасқан. 600-ден астам тарихи-археол. және архитектур. ескерткіштер, оның ішінде респ. маңызды 12 ескерткіш бар: Жошы хан, Алаша хан, Домбауыл, Лабақ, Мақат, Кетебай, Басқамыр және Аяққамыр, Болған ана, Ақмешіт әулие, Дүзен, Айранбай мазарлары. Географиялық, ботаникалық зерттеулер бойынша, өңірде өсімдіктің 617 түрі өседі, оның ішінде 90 түрлі өсімдіктің дәрілік қасиеті бар.

Қорық-мұражай – респ. және халықар. жобалардың бастамашысы әрі ұйымдастырушысы; бірнеше халықар. ұйымдардың мүшесі, сонымен қатар, Қазақстан Ұлттық географиялық қоғамының Қарағанды обл-дағы өкілі. Мұражай ғимаратының жалпы ауд. – 583,2 м².

Ұлытау қорықшасы – мемл. маңызы бар зоологиялық қорықша. 1990 ж. Жезқ. обл. Ұлытау ауд-да құрылған. Аум. – 19,3 мың га. Ұлытау тауының биік және қайың, терек өскен орманды орт. бөлігін алып жатыр. Арша, қара қарақат, қасқыр жеміс, итмұрын бұташықтары, тобылғы, ырғай, ұшқат, т.б. өседі. Олар-

дың ішінде эндемиктер – Ұлытау түймешетені, тікен түкті мыңжапырақ, өте сирек кездесетін қазақ күрені, үш тарамды сетер, шаш тәрізді қырыққұлақ бар. Аңдардан түлкі, қасқыр, аққіс, қарсақ, сасық күзен, т.б., құстардан қара басты шақшақ, ала бұлбұл, кәдімгі жасымық, көк кептер, шұбар сайрауық, күйкентай, маубас жапалақ, байғыз, т.б. мекендейді. Қазақ елінің «Қызыл кітабына» енгізілген құстардан қара дегелек, бүркіт, ителгі кездеседі. Мұнда тарихи-мәдени ескерткіштердің үлкен шоғыры орналасқан.

Ұлытау марганец кенді ауданы Қарағанды обл. батыс бөлігінде орналасқан. Құрылымдық жағынан девон түзілімдерімен жабылған Ұлытау-Арғанаты мегантиклинорийінің шөккен бөлігін және онымен шекаралас жатқан Сарысу-Теңіз жақпартасты қатпарлы алқабының бір бөлігін қамтиды. Ұлытау-Арғанаты мегантиклинорийі меридиан бағытында созылған кембрийге дейінгі қатпарлар мен төм. палеозойдан түзілген күрделі қатпарлы құрылыс болғандықтан Сарысу-Теңіз жақпартасты қатпарлы алқабымен бірігіп, геосинклиндік каледон іргетасын құрайды. Девон, карбон, пермь түзілімдері каледон мен герциннің орогендік және субплатформалық герцин кешендерін құрап, төм. түзілімдерді жауып жатады. Мегантиклинорий ортаңғы және жоғ. девонның қалың континенттік түзілімдерінен тұратын Тамды-Шағырлы квазисинклинорийі, Арғанаты және Қарсақбай көтерілімдері мен Ұлытау, Есқұла күмбездеріне жіктеледі. Бірнеше стратиграф. горизонттарда орналасқан, генезисі жағынан әр түрлі марганец кенбілімдері квазисинклинорийдің оңт. бөлігін алып жатыр.

Ұлытау өңірінің әкімшілік-аумақтық аудандастырылуы. Қарсақбай мемл. мыс комбинаты құрылысының маңыздылығына байланысты 1927 ж. 28 маусымда уездің құқығындағы Қарсақбай ауд. құрылды. Оның құрамына Ақтөбе губ. Торғай уезіне қарасты Қайдауыл (Байқоңыр көмір ошағы осында), Қызылжыңғыл, Ақмола губ. Атбасар уезінің Қарсақбай болыстары кірді. Орт-ғы – Жезқ. кеніші. Уезд құқығындағы Қарсақбай ауд. 1928 ж. 17 қаңтарда таратылып, оның құрамына кірген болыстар Қызылорда округіне қарасты Қарсақбай аудна кірді. 1936 ж. 29 шілдеде Қарсақбай ауд. Оңт. Қазақстан обл-нан Қарағанды обл-на берілді. Берілу сәтінде ауд. құрамына Байқоңыр, Жезқ., Қарсақбай жұмысшы қалашықтары, Алғабас, Арaптөбе, Білеуті, Жанкелді, Жезді, Кеңгір, Кішітау, 1 Май, Социалды, Сталин, Терісаққан ауылд. және Ұлытау селолық кеңестері кірді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1939 ж. 16 қазандағы Қаулысымен аумағына Алғабас, Кеңгір, Кішітау, 1 Май, Социалды, Терісаққан ауылд. және Ұлытау селолық кеңестері кірген Ұлытау ауд. құрылды.

1940 ж. 13 мамырдағы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Қаулысымен Қарсақбай ауд. атауы Жезқ. болып өзгертілді. Осылай 1941 ж. 27 маусымдағы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Қаулысымен Үлкен Жезқазған елді мекені жұмысшы қалашықтары қатарына жатқызылып, Үлкен Жезқазған жұмысшы қалашығы деп аталды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1944 ж. 27 маусымдағы Қаулысымен Жезді марганец кеніші жанындағы елді мекен жұмысшы қалашығы қатарына жатқызылып, Жезқ. ауд-нан Ұлытау ауд. аумағына ауыстырылды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж. 20 желтоқсандағы Қаулысымен Үлкен Жезқазған жұмысшы қалашығы қала мәртебесін алып, ол Жезқ. қ-сы деп аталды. Қ-ның әкімшілік бағынысына Жезқ. кеніші жұмысшы қалашығы берілді.

1957 ж. 30 шілдеде Ақтас елді мекені жұмысшы қалашығы қатарына жатқызылды.

1958 ж. 10 қаңтарда Жезді мен Араптөбе, Білеуті және Киров, Байқоңыр қалашығы мен Жанкелді ауылд. кеңестерінің таратылуына байланысты «Са-

рысу» кеңшары орт-да Аралтөбе қалашығы кеңесі, «Қарсақбай» кеңшары орт-да Киров ауылд. кеңесі құрылды. «Байқоңыр» кеңшары орт-да селолық кеңес құқығындағы Жанкелді қалашығы кеңесі ұйымдастырылды. 1959 ж. 29 маусымда Аралтөбе қалашығы кеңесі мен Сарысу ауылд. кеңесі селолық кеңес құқығындағы Сарысу қалашығы кеңесіне бірікті. 1960 ж. 18 қазанда Жетіқоңыр қалашығы кеңесі құрылды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1954 ж. 14 сәуірдегі Қаулысымен Қостанай обл. Аманкелді ауд-ның Қорғасын қалашығы Ұлытау ауд-на берілді.

1956 ж. жұмысшы қалашығы мәртебесін алған Қорғасын 1959 ж. 16 желтоқсанда ауыл қоныстары қатарына жатқызылып, Қорғасын қалашығы кеңесінің қарамағындағы елді мекендер Терісаққан ауылд. кеңесінің қарамағына берілді және Терісаққан ауылд. кеңесінің Шеңбер елді мекеніндегі орт-ғы Қорғасын елді мекеніне көшірілді.

Ұлытау ауд-ғы Айыртау және Социалды, Алғабас және Кеңгір, Қызылшың және 1 Май ауылд. кеңестері 1957 ж. тиісінше Айыртау, Кеңгір, 1 Май ауылд. кеңестеріне бірікті. 1962 ж. Қарағанды облаткомының шешімімен «Алғабас» кеңшарының аумағында Алғабас ауылд. кеңесі қалпына келтірілді. Осы шешіммен Айыртау ауылд. және Ұлытау селолық кеңестері Ұлытау селолық кеңесіне бірікті.

1963 ж. 2 қаңтардағы ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Қаулысымен Жезқ., Ұлытау ауд-ры таратылып, олардың аумақтары жаңадан құрылған ірілендірілген Жезді ауд. құрамына берілді.

Қарағанды облаткомының 1963 ж. 10 қаңтардағы шешімімен Ақтас, Жезді, Қарсақбай қалашықтары Жезқ. қалалық кеңесінің әкімшілік бағынысына көшті. Тиісті өкілетті өкімет органдарының шешімдерімен Жезді қалашығы 1963 ж. 24 тамызда, Ақтас және Қарсақбай қалашықтары 1965 ж. 11 қаңтарда Жезді ауд. қарамағына қайтарылды.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1973 ж. 20 наурыздағы Қаулысымен Жезді, Ұлытау ауд-ры Жезқ. обл. құрамына енгізілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1973 ж. 24 желтоқсандағы Қаулысымен Жезқ. қалалық кеңесінің Никольский қалашығы обл. маңызы бар қалаға айналып, оның құрамына Жезқ. кеніші қалашығы кеңесі берілді. 1990 ж. 13 қыркүйекте Никольский қ-ның атауы Сәтбаев қ-сы деп өзгертілді.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1972 ж. 10, 22 наурыздағы, 1974 ж. 10 қарашадағы Қаулыларымен Ұлытау ауд. Жезді ауд-нан бөлініп шығып, толық қалпына келтірілді.

1983 ж. Жезді ауд-да Мибұлақ, Борсеңгір ауылд. кеңестері, 1978-1982 жж. Ұлытау ауд-да Егінді, Терісаққан ауылд. кеңестері құрылып, ал орт-ғы Қорғасын селосы болған Терісаққан селолық кеңесінің атауы Қорғасын селолық кеңесі болып өзгертілді. Жезқ. облаткомынын (1989 ж. 28 маусым) шешімімен орт-ғы Малшыбай с-дағы Кеңгір селолық кеңесі Жезқ. қ-ның бағынысына берілді.

ҚР Президентінің 1997 ж. 3 мамырдағы Жарлығымен Жезқ. обл. таратылуына байланысты Жезді, Ұлытау ауд-ның аумағы Қарағанды обл-на берілді.

1997 ж. 23 мамырда Жезді ауд. таратылып, аумағы Ұлытау ауд құрамына кірді. Ұлытау ауд. құрамында 3 кенттік, 11 ауылд. округ бар.

Справочник по административно-территориальному делению Казахстана (август 1920 – декабрь 1936 г.), Алма-Ата, 1959. Қарағанды облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының тарихы бойынша (1936 ж. 29 шілде – 2006 ж. 1 қаңтар), Қарағанды, 2006 ж., ҚҰЭ, 10-том, Алматы, «Атамұра», 2007 ж., 279-283-бб.

С. Қожамсейітов

Ұлытау өңірінің қажылары. Өңірде алғаш Мекке-Мединаға барып, ең бірінші кажылық парызын өтеп келген – бағаналы таубұзар Байсеркеұлы Белгібай. Атамекені – Ұлытаудың оңт.-батыс бетіндегі Атанбұлақ. Кейін Ұлытау өңірінен қажылыққа барғандар көп болған. Мәшһүр Жүсіптің жазуынша, батыр Орынбаев Жанайдар (1847) қазақтың

үшінші қажылыққа барушылары арасында Құнанбаймен бірге барған. Жанайдар батыр осы қажылық сапарында қайтыс болған. Шамамен 1892-1899 жж. қажылық сапар кезінде қайтыс болған Ерден Сандыбайұлының екінші ұлы Бимендемен қажылыққа бірге барғандар – Байкенже дегеннің баласы, руы сарғалдақ, оның ішінде қараторғай Тоғызбай, Жайсаң дегендер, барлығы – 25 кісі. Сол 25 адамнан апты айдан соң бір-ақ адам – Ысқақ қария аман қайтып келген. Қалғанына топырақ қасиетті Меккеден бұйырыпты. Жалпы, Қазан төңкерісіне дейін бұл өңірде жүз шамалы кісі қажылық парызын орындаған. Олардың ішінде Атбасар уезі аға сұлтанының орынбасары қосай Рсай Жаншуақов, Арғанаты болысының басқарушысы Мейрам Жанайдаров, Жабай, Жантуар, Балкан, Итемген, Сапарбай, т.б. кісілер бар.

«Иман» газеті, 1993 ж. №4
С. Қожамсейітов

Ұлытау аймағының тарихи ескерткіштері – Арқаның батыс бөлігіндегі Ұлытау тарихи өлкесінің шеңберінде орналасқан, тас дәуірінен бастап жаңа уақыттағы қазақ заманына дейінгі аралықты қамтитын көне ескерткіштердің тобы. Ұлытау ауд. аумағын алып жатқан өлкенің тарихи тұрғыдағы шартты шекараларын бірінші болып археолог-ғалым Ж. Смайылов ұсынған. Оның пікірінше, солт-те – Қараторғай мен Терісаққан өз. жоғ. ағысы; шығыста – Сарысу өз. орта ағысы мен Желдіадыр тауы; оңтте – Бетпақдала шөлді алқабы; батыста – Арал Қарақұмы, Ұлытау, Кіштау, Алтыншоқы, Арғанаты тау жүйелері, Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Жезді, Терісаққан, Байқоңыр өз-дері, Бараққөл, Қосқөл, Ащықөл, Құркөл көлдері, Жаманайбат, Жетіқоңыр сияқты құмайтты жазықтары бар, қойнауы түрлі пайдалы қазбалар, шикізатқа бай өлкеде тас заманынан бастап адамдар тіршілік еткен. Өлкені зерттеуге Ә. Марғұлан, Қ. Сәтбаев, Н. Валукинский, А. Кузнецов, Ә. Оразбаев, М. Клапчук, Ж. Құрманқұлов, С. Жолдасбаев, Ж. Смайылов, Ж. Таймағамбетов, Л. Ермоленко, В. Волошин, А. Ермолаева, О. Артюхова, В. Варфоломеев, Б. Қожахметов үлес қосқан.

Ұлытау жәдігерлерін кешенді түрде зерттеу ісін алғаш рет Ә. Марғұлан 1946 ж. бастады. Бұл жұмысты ОҚАЭ бүгінгі күнге дейін атқарып отыр. Есепке алынған, түрлі деңгейде зерттеулер жүргізілген көне ескерткіштер тас дәуірінен басталады. XX ғ. ортасынан бастап ашылып келе жатқан бұл жәдігерлердің ең көнелерінің бірі – ерте палеолиттік ашель уақытының екінші жартысымен мерзімделетін Обалысай тұрағы (Жезді алқабында). Мұндағы шағын төбенің оңт. беткейінен жиналған кварциттік малтатас нуклеустері мен екі жақты шапқы құралдарды будан 400 мың жыл бұрын өмір сүрген адамдар қалдырған. Өлкенің шығыс шетіне таман, Сарысу өз. бойындағы Мұзбел шоқысынан осы дәуірдің мустье уақытына тән 100-ден астам малтатас құралдары табылды. Өлкенің оңт-дегі Жаманайбат алқабынан бірнеше палеолиттік орындар ашылды. Мезолит, неолит дәуірлеріне қарасты ескерткіштердің неғұрлым көрнектілеріне Талдысай өз-нің Жездіге құяр сағасында орналасқан Тоқтауыл, Аяқбұлақ тұрақтары жатады. Б.з.д. II мыңжылдықтың 2-жартысымен мерзімделетін Талдысай, Ұлытау қоныстары, Айбас дарасы, Жанайдар, Үйтас-Айдос, т.б. зираттардан құнды деректер алынды. Орта ғасырлар дәуірінен сақталған жәдігерлер қатарына түрік, қыпшақ кезеңдерінің обалары, тас мүсін, қоршау, балбалдардан тұратын ғұрыптық кешендер және ондаған қала-қоныс жұрттары жатады. Қалалық орындар типологиялық тұрғыдан 4 түрге ажыратылады: бекіністер қызметін атқарған орындар – Алаша хан, Тоғызбайкөл; күшейтілген сарай іспеттес орындар – Шотқара, Айбас дарасы, Топыраққорған; ауыл деңгейіндегі қоныстар – Аяққамыр, Жошы ордасы; орда қызметін атқарған қ-лар – Басқамыр, Негербек дарасы, Хан ордасы, Домбағыл.

V-XVII ғғ. Ұлытауды алыс-жақын аймақтармен бірнеше ірі керуен жолдары байланыстырған. Мұның аса маңызды-

Хамзин Сабыр (1937, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Терісаққан ауылкеңесі, Тапап а. – 2002, Канада) – физика ғыл. канд. ҚазМУ-ді (1958) бітірген. Жезқ. кенішіндегі өзі бітірген №7 қазақ орта мектебінде физика, электротехника және астрономия пәндерінен мұғалім (1958-1960), қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы (1960). Қала жастарына жетекші бола жүріп Қарағанды политех. инст-ның Жезқ-да кешкі бөлімшесін ашу жөнінде ұсыныспен шығып, оны іске асыру үшін өзі үлкен ұйымдастыру жұмыстарын атқарды. Кешкі бөлімшенің алғашқы декандарының бірі. Қазақ политех. инст-ның аға оқытушысы, жалпы физика кафедрасының меңгерушісі, дайындық фак. деканы (1967-1989). Соңғы қызметінде Ұлытау өңірі жастарының арасында кәсіптік бағдар беру жөнінде біраз жұмыс істеді. Осы жылдары ауд-нан осы инст-қа 78 қыз-жігіт түсіп, түрлі салада инженер мамандығын алып шықты. Х. денсаулығына байланысты Канада еліне емделуге барып, топырақ сол жерден бұйырды.

Хан аралы – Алтын Орда заманына жататын бекінісі жоқ қоныс. Қаракеңгір өз. бойында, Алаша хан кесенесінен 3 км жерде орналасқан. Қазба жұмыстары кезінде мәдени қабаттан қыш ыдыстардың сынықтары, тас еңбек құралдары табылды. Бір қыш ыдыстың сыртында Жошы заманының таңбасы салынған. Қазақ арасында Х.а. Кенесары ханның атымен де байланысты. XIX ғ. патша үкіметінің офицері Лебедев өз күнделігіне: «Кенесары хан Қаракеңгір мен Сарыкеңгір өзендерінің қиылысқан жерінде бәйбішесі Күнімжанның ауылына тоқтады», – деп жазған. Осы құжатта аталған ауыл Х.а-на тура келеді.

Хан ордасы (Алаша хан) – *(Алаша хан, Хан ордасын қараңыз).*

Ханшаболған – Торғай алабындағы өз. Ұлытау ауд. және Қостанай обл. жерімен ағады. Терткөл тауының етегіндегі бұлақтар суының қосылуынан түзіледі. Есентұр қыстауының тұсында Сарыторғай өз-не құяды. Ұз. – 55 км, 7 саласы бар, ірілері: Қияқсай, Тоғайрық, Жылқыбай. Жағасының келшілік бөлігі тік жарлы, аңғары кең. Көктемгі еріген қар және жер асты суымен толығады. Сәуірде тасиды, жаздың ыстық айларында жекелеген қарасуларға бөлініп кетеді. Өз. алабында жайылымдық және шабындық жерлер, қыстаулар (Алтынбек, Есентұр) бар.

Хасенов Алтай (1940, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Алғабас ауылкеңесі, Баскөз а.) қабырғасы қатып, бұғанасы бекімей еңбекке араласты. Бұзау бақты, егін екті, молотилкамен масақ уатты. Қарағанды кәсіптік-техн. училищесін (1957) бітірген. Ауд-ғы бірдіекілі токарьдың бірі болды. Мамандығы бойынша машина-трактор шеберханасында 40 жыл еңбек етті. Оның тапсырысты шапшаң орындауы, қолынан шыққан бұйымның сапасы ауылдастары аузынан әлі түспей жүр.

сы – Ұлы Жібек жолынан басталып, Түркістан өңірін баса өтіп, Ұлытау тұсында тармақталатын атақты Сарысу жолы.

Орта ғасырлардан сақталған ескерткіштердің ерекше тобын тастағы таңбалар, Таңбалытас кешені, Алтыншоқыдағы Темір жазуы құрайды. Петроглифтер: Арғанаты, Зыңғыртас, Терекі тауларында, Байқоңыр, Тамды, Жанғабыл, Жетіқыз өз-дері алқаптарынан табылды. Бұл ерекше мекеннің тарихи ландшафтын, ескерткіштерін қорғау мен пайдалануды бүгінгі күн талабына сәйкес қамтамасыз ету үшін «Ұлытау» ұлттық мәдениет және табиғат ескерткіштері мұражай-қорығы ашылған.

Әдеб.: ҚҰЭ *М. Сейтжанов*

«Ұлытау» тобы – қазақстандық аспапты этно-рок стиліндегі музыкалық ұжым. Топтың негізгі аспаптары: домбыра, электр гитара және скрипка. Топтың құрылу мақсаты – қазақтың қара домбырасы мен халық күйлерін әлем халықтарына таныту. Топ Қыдырәлі Болмановтың бастамасымен құрылған. 2001 ж. Голливудта өткен Бүкіләлемдік музыка орындаушыларының чемпионатында Бас жүлде жеңіп алды. 2005 ж. топ музыканттары Шешенстан Республикасы мен Ингушетия Республикасының еңб. сің. және халық әртістері деген атақтарына ие болған. Топтың алғашқы альбомының атауы – Махамбеттің «Жұмыр Қылышы».

«Ұлытау» фольклорлық ансамблі 1990 ж. Ұлытау ауд. мәдениет үйі жанынан құрылған. Келесі жылы ауд., өлке көлемінде өнер көрсете бастады. Құрамында 25 өнерпаз болды. Алғашқы жетекшісі әрі дирижері – атақты дәулескер күйші Жанғали Жұзбаев. 2007 ж. бастап ансамбльдің жетекшісі – обл. әкімінің «Алтын қобыз» сыйл. иегері, ҚР мәдениет қайраткері Байқара Сәдуақасов. Ансамбль 1994 ж. Италия елінде Бүкілдүниежүзілік байқауға қатысып, дипломант атанды. Осы сапарда Рим, Кальяри қ-да, Сардиния аралында болып, қасиетті домбыра, қобыздың үнімен қазақтың ұлттық ән-күй өнерін паш етті. ҚР Мәдениет министрінің 2004 ж. №40 бұйрығымен ансамбльге халықтық атағы берілді. Өнер ұжымы бұл атақты 2005 ж. аттестациялау кезінде қорғап шықты.

Ансамбль 1995-2012 жж. Алматыда «Наурыз-95» мерекесіне, 2008 ж. III респ. «Қараөткел-2008» а.ш. жәрмеңкесіне, 2010 ж. Қазақстан Магниткасының 50 жылдық мерекесіне байланысты «Ұлы Дала саздары» атты түркі тілдес халықтардың I халықар фестиваліне, 2012 ж. «Ақжалым – алтын бесігім» обл. байқауына қатысып, олжалы оралды.

Ансамбльдің концерттік бағдарламасында халық күйі «Қаражорға», Н. Тілендиевтің «Әлқисса», «Ата толғауы», «Бақтыбайдың әуені», Қорқыттың «Қоңыр», Құрманғазының «Балбырауын», «Байжұма» күйлері; Ш. Қалдаяқовтың «Қайдасың?», М. Маңғытаевтың «Іздедім сені», халық әні «Қара көзім» және басқа шығармалар бар.

Үшқат (Lonicera) – Ұлытау ауд-да өсетін үшқаттар тұқымдасына жататын шырмалған бұта, кейде ағаш. Қазақстанның тау беткейлерінде, кейде шыршалы ормандар арасында, тастақты жерлер мен өз. жағалауларындағы

тоғайда өсетін 21 түрі бар. Бұлардың биікт. – 15-200 см. Жапырақтары жай, қарама-қарсы орналасады. Гүлдері қос жынысты, екі, кейде дара гүлді, шатырша құрайды. Жатыны 2-5 ұялы. Аталық мойны ұзынша, күлтесі ақ, сары, қызыл, қызғылт, қоңыр, қара түсті. Гүлшоғыры – масақ. Жемісі – жидек, құрамында флавонды заттар, С витамині бар, кейде тағам ретінде пайдаланылады. Кейбір түрлері тасты, тастақты тау беткейлерін бекіту үшін өсіріледі. Іле үшқаты, Қаратау үшқаты – өте сирек кездесетін өсімдіктер, сондықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Үйтас-Айдос – қола дәуірінен сақталған ескерткіш. Ұлытау өңіріндегі Сарыкеңгір өз. оң жағалауында, Үйтас-Айдос қыстағынан оңт.-шығысқа қарай 2 км жерде. 1984-1985 жж. Жезқ. обл. тарихи-өлкетану мұражайы экспедициясының (жетекшісі – Э.Р. Усманова, В.В. Варфоломеев) жұмыстары барысында зерттелді. Ауд. шамамен 5000 м² жерде шашырай орналасқан 17 қоршау қола дәуірінің екі кезеңіне, яғни нұра (б.з.д. XV-XIII ғғ.) және беғазы-дәндібай (б.з.д. XIII-IX ғғ.) мәдениеттері кезеңдеріне жататыны анықталды.

М. Сейтжанов

Үйтас жер асты су кені Жезқ. қ-нан солт-ке қарай 30-40 км жерде орналасқан. Кен орны батыстан шығысқа қарай 20 км, солт-тен оңт-ке қарай 9 км созылып жатқан брахиантиклиналық құрылым түрінде көрініс тапқан. Ауд. – 180 км². Суы тұщы және сәл ащқылтым, минералд. – 0,6-1,7 г/л, негізінен сульфат-хлоридті натрий-кальцийлі, жалпы кермектілігі – 10 мг-экв/л. Кен орны 1967 ж. бастап игерілуде.

Үкімет – ҚР атқ. билігінің органы болып табылады. Барлық атқ. органдарды басқаратын, олардың қызметіне басшылық жасайтын жоғ. атқ. орган ретінде ол елде мемл. басқаруды жүзеге асырады. Конституцияда көзделген тәртіппен Үкіметті Президент құрады және Парламенттің келісімімен Премьер-министрді бекітеді.

Ү. мүшелері халыққа және Елбасына ант береді. Атқ. биліктің бірыңғай жүйесіне кіретін министрліктердің, мемл. комитеттер мен басқа да ведомстволардың жұмысын бағыттайды, өз құзыретінің шегінде нормативтік актілер қабылдайды, заңдардың және Президент жарлықтарының орындалуын ұйымдастырады. Ү. халықар. шарттар жасасады және барлық атқ. билік органдарын басқарады. Мемлекеттің әлеум.-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілеттілігінің, қауіпсіздігінің негізгі бағыттарын анықтайды және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді.

Үлкен Жезді – *(Жезді өзенін қараңыз).*

Үмбетов Сейдахмет (1929, Сырдария губ., Қызылорда округі, Қарсақбай ауд., Қарабұлақ а. – 1991) – агроном. Қарқаралы бір жылдық малдәрігерлік курсын (1947), Ақмола қ-да а.ш. техникумын (1957) бітірген. ҰОС жж. Ұлытау ауд. «Ленинші» ұжымшарында мал бақты. 1967-1970 жж. Аманкелді ат. кеңшарда бас агроном. Аупартком Ү-ті а.ш. орта буынын нығайту ретінде артта қалған фермаға жіберуге шешім қабылдады. 1960-1982 жж. «Ұлытау» кеңшарының Айыртау, Қарабұлақ фермаларының басқарушысы болып істеді. Шаруалардың тілін тауып, өнд. тапсырмаларды орындауға жұмылдыра білді. «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

Үмбетов Шаяхмет Сейдахметұлы (1950, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Социалды ауылкеңесі) Қарағанды дене тәрбиесі инст-ын (1976), Т. Рысқұлов ат. Алматы экономика универс-ін (2006) тәмамдаған. 1968-1990 жж. кеңшарда бақташы, мектепте денешынықтыру пәнінің мұғалімі, ауд. ДОСААФ комитетінің төрағасы. 1990 ж. алғашқылардың бірі болып «Мақпал»

шағын кәсіпорнын құрды. Бұл кәсіпорын а.ш. өнімдерін өңдеумен, қоғамдық тамақтандыру ісімен шұғылданады. Оның шығарған женті, талқаны мемл. сертификатқа ие болған, енді оны басқа обл-ға, алыс-жақын шет елдерге шығару мүмкіндігі қарастырылуда.

Ү. – салауатты өмір салтының насихатшысы, спортшы. Жеңіл атлетикадан Ленин орденді Ленинград әскери округінің чемпионы (1971). 60 жасқа келгенде ақпанда Жезді-Ұлытау арапығын (75 км) жаяу жүріп өткен. Ұлытау ауд. мәслихатының төрт шақырылымының депутаты. Президент Н. Назарбаевтың Алғыс хатын алған. «Ерлік еңбегі үшін В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен және ҚР медальдарымен марапатталған.

Үншібаев Жақсымбек Тілеуұлы (1922, Ақмола губ., Атбасар уезі, Ұлытау а. – 1994, Жезқ. обл., Сәтбаев қ.) – соғыс және еңбек ардагері, «Даңқ» орденінің барлық дәрежесінің толық иегері. 1941 ж. желтоқсанынан бастап ҰОС-да Воронеж, Степной 2, Украина майдандарында шайқасқан. Соғыстан оралған соң ЖКМК-да аға инженер қызметін атқарды. Жезқазған кеніші қалашығы кеңесі аткомының, қалалық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы болған. Сәтбаев қ-ның Құрметті азаматы.

Үңгітбайұлы Қадыр (1938, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Сталин ауылкеңесі, Ақши а.) Алматы зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1963) бітірген. 1963-1990 жж. Аманкелді ат. кеңшардың бас зоотехнигі, Жезді ауд. а.ш. басқармасында бас зоотехник, бас экономист, «Сарысу» асыл тұқымды қой заводының партком хатшысы, ауд. есеп-санақ бөлімінің бастығы. Жезді ауаткомы төрағасының бірінші орынбасары (1990), Жезді ауд. әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары (1992), Жезді кентінің әкімі (1993). Ауд. тұрғындары арасында мұсылмандық сананы жаңғырту, ата-бабаларымыздың діни салт-дәстүрлерін тарату, жерлестерін қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу жөнінде біраз іс тындырған. 2008 ж. Ү. зайыбымен бірге қажылық парызын өтеп қайтты.

Үсенов Сұлтан (1932, ОҚО, Қарсақбай ауд., Ұлытау а.) – қаржыгер. №14 Жезқ. ФЗО мектебін (1950), Петропавловск есеп-экономика техникумын (1965) бітірген. Жоспарлаушы-бухгалтер. 1950-1957 жж. «Ұлытау» қосалқы шаруашылығында, Ұлытау МТС-да бас бухгалтер. 1961-1973 жж. «Шеңбер», «Ұлытау» кеңшарларының партком хатшысы, Ұлытау ауд. тұтынушылар қоғамы басқармасының төрағасы (1973), ауд. жоспарлау комиссиясының төрағасы (1976). Мемл. а.ш. техникасын бақылау мекемесінде өмірінің соңына дейін бас инженер болып еңбек етті. «Тың жерді игергені үшін» (1956), «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медальдарымен марапатталған.

Үшшоқы алтын кені – Жезқ. қ-нан солт.-шығыс бағытқа қарай 120 км жерде орналасқан. 1963 ж. ашылып, 1969-

1972 жж. барланған. Кен алаңында девонның орта және қышқыл құрамды лавалары, әкті құмтастары, әктастары, трахилипарит-порфирлері тараған және ендік, солт.-батыс бағыттағы жарықтармен тілінген. Жанартаутекті тау жыныстары гидротермалдық өзгеріске түсіп, кварцтану, серициттену, пропилиттену және турмалиндену процестеріне ұшыраған. Кен орны кварцты-желілі типке жатады. Кен денесі кеуектелген кварцты және кварцты-гематитті желілер жүйесінен тұрады. Желілер 250-2500 м-ге дейін созылған, қалыңд. – 0,1-6 м, алтынның мөлш. 30 г/т-ға жетеді. Кентас минералдары: пирит, халькопирит, галенит, гематит, висмутин, солғын түсті кентастар, молибден, магнетит, алтын, кварц, барит, серицит, кальцит. Тотығу белдемінің тереңд. – 50-60 м. Кентасы флюстік материал ретінде пайдаланылады, флотац. әдіспен байытылады.

Ш

Шабатов Әділхан Кенжебайұлы (01.1933, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Жезқ. кенті – 2010, Астана қ.) Магнитогорск пединст-ын (1953), КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1969) бітірген. 1954-1961 жж. ауд. комсомол комитетінің, Ақмола обл. комсомол комитетінің бірінші хатшысы. 1961 ж. Аршалы, кейін Атбасар ауаткомдарының төрағасы. 1965 ж. Атбасар аупарткомының бірінші хатшысы, 1971 ж. Қорғалжын аупарткомының бірінші хатшысы болып сайланып, бұл қызметті 16 жыл атқарды. Целиноград обл. кәсіподақтар кеңесінің төрағасы, ҚР Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары болды. Екі мәрте ҚазКСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған. Октябрь революциясы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, ҚР Президентінің грамотасымен марапатталған.

Шабатов Мәмбетбай (1864, Ақмола обл., Атбасар уезі, Атбасар қ. – 1916, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қаражар) Орт. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқан. Қарсақбай, Байқоңыр, Жезқ. өңірі жұмысшыларынан, Қарақойын, Қашырлы елдері шаруаларынан құрылған біріккен отрядты бастап, Аманкелді қолына қосылды. Ш. жасақшылары жергілікті тұрғындармен тізе қосып, Атбасардан аттанған жазалаушы отрядқа Жезді және Кеңгір өзендерінің қиылысындағы Қаражар деген жерде қарсы шабуылға шықты. Бірақ мұздай қаруланған, күші басым жазалаушылардың шабуылына төтеп бере алмай, бірнеше қарулас жолдастарымен ерлікпен қаза тапты.

Шағыл, бархан – құмды шөл және шөлейт жерлерде жел әсерінен пайда болатын ысырынды құм төбелері, жер бедерінің пішіні. Құм төбелер жарты ай немесе орақ пішіндес болады. Жел жақ беткейі созылыңқы әрі түйетайлы 5-14 м, ық жақ беткейі қысқа, тікше 30-33 м келеді. Айшыққа тірелген жел оны айналып өтеді де, екі шетін мүйіз сияқтандырып ілгері созып отырады. Желдің режиміне, бағыты мен күшіне байланысты биікт. 150 м-ге дейін шағылды қыркалар, шағылды тізбектер, шағылды пирамидалар, т.б. пайда болады. Ш. жылына бірнеше м-ден бірнеше жүздеген м-ге жылжып отырады. Онда өсімдік өспейді. Ш. Орт. Азия мен Қазақстанның барлық құмды шөлдерінде (Қарақұм, Қызылқұм, т.б.) таралған.

Шағырлы – Ұлы Жыланшық алабындағы өз. Ұлытау жерімен ағады. Кішітаудың солт. беткейіндегі бұлақтардан бастау алып, Ақшал қыстауынан төменірек Үлкен Жыланшық өз-не сол жағынан құяды. Ұз. – 110 км, 5 саласы бар, ірілері: Жаулыбай, Қарағанды. Жағасы көп жерде жарқабақты, тік жарлы. Төменгі ағысында биікт. 8 м-ге жетеді. Көктемгі еріген қар және жер асты суымен толығады. Сәуірде тасиды, жаздың ыстық айларында жекелеген қарасуларға бөлініп кетеді. Аңғары – жайылым мен шабындық.

Шағырлы Жыланшық – Ұлы Жыланшық алабындағы өз. Ұлытаудың батыс беткейіндегі бұлақтардан бастау алады. Бекжан қыстауынан жоғарырақ Үлкен Жыланшық өз-не оң жағынан құяды. Ұз. – 98 км. 4 саласы бар, ірілері: Балта, Шақабай. Жағасы басым бөлігінде биік, тік жарлы келеді. Көктемгі еріген қар және жер асты суымен толығады. Сәуірде тасиды, жазда жекелеген қарасуларға бөлініп қалады. Аңғарында жайылымдық, шабындық жерлер мен қыстаулар бар. Суы ауыз суға және мал суаруға пайдаланылады.

Шадыра (Жадыра) – Ұлытау өңіріндегі тау. Жезқ. қ-ның әкімшілік аймағында, Кеңгір бөгенінің сол жағалауында орналасқан. Абс. биікт. – 425 м. Ан-

дыз-андыз болып сирек шыққан шөпті жергілікті жерде шадыра деп атайды. Беткейлері шадыралы болып келген таулы төбелер.

М. Сейтжанов

Шайгөзов Шакарман Мұқанұлы (1937, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., 1 Май ауылкеңесі, Көкелең жайлауы – 2005) Алматыдағы қазақ зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1962) бітірген. 1962-1987 жж. ауд. а.ш. басқармасында, бірқатар кеншарларда бас мал дәрігері, Ұлытау ауд. малдәрігерлік лабораториясының меңгерушісі, «Сарысу» асыл тұқымды қой заводының директоры. Өлкетанушы. Өңірде тұңғыш рет Ұлытау өңірі, тарихи оқиғалар, тұлғалар туралы зерттеулері негізінде «Едігенің майлы жұрты» атты кітап (2005) жазған.

Шайдаров Жаманқұл (23.10.1930, Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд., Атасу кенті – 1997) Қарағандыдағы кеңес-партия мектебін (1960), КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін тәмамдаған. 1960 ж. Жаңаарқа аупарткомының екінші хатшысы, 1965 ж. еңбекшілер депутаттары Жаңаарқа ауатком төрағасы, 1967 ж. желтоқсанда Ақтоғай аупарткомының бірінші хатшысы болып сайланып, бұл қызметті үздіксіз 13 жыл атқарды. 1980-1985 жж. Ұлытау аупарткомының бірінші хатшысы. VIII, IX шақырылған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. Үш мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Шайтантас – Ұлытау ауд-ғы тау, кен орны. Абс. бикт. – 573 м. Жезді елді мекенінен шығысқа қарай 15 км жерде орналасқан. Кен орнында ашық әдіспен қиыршық тас өндіріледі. Темір жол және тасжол арқылы байланысы бар. Айналасы – мал жайылымы. Етегіндегі көптеген бұлақ сулары ішуге және мал суаруға пайдаланылады.

Шайхин Тасболат (01.11.1962, Қарағанды обл., Жаңаарқа ауд., Ақтүбек а.) «Ғылым» университетін (2002) бітірген экономист. 1986 ж. Ұлытау ауд. қаражат бөлімінде аға экономист, бас бухгалтердің орынбасары, бас бухгалтер, бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1996 ж. қаржы бөлімінің, 2005 ж. ауд. экономика және қаржы бөлімінің басшысы. Оның тұсында ауд. бюджетінің жоспарлануы жақсарды, орындалу тиімділігі артты.

Шакен Мақсұт қажы Сұлтанғазыұлы (07.03.1958, Қарағанды обл, Жезқ. ауд., Қарсақбай кенті) теміржолшы жанұясында туған. Әскери борышын өтеп келгеннен кейін Жезқ. құрылыс техникумын (1984) бітірген. Құрылыс саласында әуелі бетоншы, монтажшы мамандықтарынан бастап, білікті, іскер маман тәлім бастығы болып біраз жыл жемісті еңбек етеді. 1989 ж. өзінің құрылыс фирмасын ашқан. Ісі сәтті болады. Осы жылдары Ш. 10 кісінің Меккеге қажылыққа барып қайтуына демеушілік жасайды. Жергілікті филармонияның шығармашылық бастамаларына қаржылай қолдау жасаған. 1994 ж. Жезқ. обл. мұнай өнімдері АҚ вице-президенті, мұнай базасының директоры, 2000 ж. «Қазақ темір жолы» АҚ Қарағанды бөлімшесі директорының Жезқ. аймағы бойынша орынбасары, әрі Жезқ. ст. бастығы міндетін қоса атқарды.

Шакенова Қасиет Сұлтанғазықызы (1968, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Кішітау ауылкеңесі, Қорғантас елді мекені) Жезқ. railway пединст-ын (1995) бітірген. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Жезқ. пединст-ның даярлық бөлімінде оқып жүргенде 1986 ж. 19 желтоқсанда Жезқ-дағы студент-жастардың Колбинді ҚКП ОК бірінші хатшысы етіп сайлаған ҚКП ОК V пленумының шешіміне қарсылық шеруіне қатысқан. Сол жылы

25 желтоқсанда комсомол қатарынан қуылды. 27 желтоқсанда инст. ректорының №215 бұйрығымен даярлық бөлімі тыңдаушылығынан шығарылды. Ұлытау ауд. аумағында жұмыс берілмегендіктен 1987 ж. көктемде Бүкілодақтық екпінді комсомол құрылысы «Жайремтяжстрой» тресіне сылақшы болып жұмысқа орналасты. Жезқ. музколледжінде жұмыс істейді. Бала-шағалы, үлкен отбасының анасы.

Шақшақ (Motacilla) – Ұлытау ауд. мекендейтін торғай тәріздес құстар отрядының шақшақай тұқымдастарға жататын екі туысының біреуі. Шақшақай туысты құстардың жақын туыстары жадырақ туыстылардан айырмашылығы – құйрықтарының айтарлықтай ұзын болуы (құйрығы қанатынан ұзын болады). Бұлар жүрген кезде құйрығы жоғары-төмен теңселеді. Тағы бір айырмашылығы – жабын қауырсындарының рені өте көрнекті, онда сары, қара және ақ реңктер жиі кездеседі. Сонымен бірге, шақшақайдың көптеген түрлерінде аналыққа қарағанда аталықтар әлдеқайда айқын боялған, ал жас құстар ересектерінен әрқашан жақсы ажыратылады. Ш. ылғалдылығы көбірек шабындықтарда немесе жай ғана өзен-көл жағаларында қоныстанады.

Шалдыбаев Шәуке (1914, Ақмола обл., Атбасар уезі, Қаракеңгір болысы, Амантөбе а. – 1996, Алматы қ.) – ҚазКСР еңб. сің. автомобиль транспорты қызметкері (1996). 1935-1941 жж. ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесі Іс басқармасында жүргізуші болып жұмыс істейді. 1944 ж. ҰОС-да мамандығы бойынша ұрыстарға қатысып, жараланып елге оралды. 1976 ж. зейнеткерлікке шықты. I, II дәрежелі «Отан соғысы», Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Шамбылов Кәден Шамбылұлы (1940, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., «Қызыл әскер» ұжымшары – 2012, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) 1958 ж. шахтаға экскаватор машинисінің көмекшісі болып жұмысқа қабылданған. Алматы зоотех.-малдәрігерлік инст-ын (1964) бітірген, а.ш. ғыл. канд. (1986). 1964 ж. Жезді ауд. а.ш. басқармасында инспектор-ұйымдастырушы, бас зоотехник. 1967-1982 жж. Жезді ауд. XXIII партсъезд ат. кеңшардың директоры, 1983 ж. Кеңгір а.ш. тәжірибе ст-да ғыл.-зерттеу жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары, Талап кеңшар-техникумының директоры, Ө. Байқоңыров ат. ЖезУ-дің аға оқытушысы. Мемл. марапаттары бар.

Шамбұлов Құрман (1931, ОҚО, Қарсақбай ауд., Өрнек а. – 1981, Жезді кенті) ҰОС жылдары Ақшакөл мектебі жабылып, он бір жасында Жетіқоңыр құмындағы малшы ата-анасына көмекші болды. Қарағандыдағы екі жылдық мұғалімдер инст-ын (1953) бітірген. 1953-1966 жж. №8 Жезді орта мектебінде физика-математика пәнінің мұғалімі, №6, 4 орта мектептерінің және орта мектеп-интернаттың директоры. 1966 ж. Жезді ауд. оқу бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалды. Бұл жауапты қызметте оның біліктілігі, ұйымдастырушылық таланты көрінді. Сол жылдары барлық кеңшар орталықтарына типтік орта мектеп ғимараттары салынды. Аққеңсе, Құлжанбай сияқты алыс құм бөлімшелерінде орта мектептер ашылды, Жезді орта мектеп-интернатына Жаңаарқа, Жезді, Ұлытау аудандары мен Жезқазғанның алыстағы шопан

балалары, панасыз жетім балалар толықтай оқуға тартылды. Барлық мектептер кабинеттік оқу жүйесіне көшті. Оқу-өнд. комбинаты, спорт, музыка мектептері шаңырақ көтерді. Мектептер жанында жұмыс істейтін әр бағыттағы оқу-өнд. шеберханалары, көлемі 1,5-2 га суармалы егіс участоктары оқушыларға кәсіби бағдар беруде, кәсіптік машығын қалыптастыруда, олардың сүтке, көкөніске және картопқа қажетін өтеуде маңызды болды. Ш. – «Ерлік еңбегі үшін. В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне» медалімен марапатталған. Қазақстан мұғалімдерінің III, IV, V съездерінің делегаты, «ҚазКСР оқу ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері.

Қ. Шамбул

Шарманов Төрекелді Шарманұлы (19.10.1930, Қарағанды обл., Ұлытау а.) – медицина ғыл. докт., проф., ҚР Ұлттық ҒА және Ресей ҒА академигі. 1955 ж. Қарағанды мемл. мединститутын үздік аяқтап, 1958-1962 жж. аспирантураны бітіргеннен кейін Ұлытау ауд. орт. ауруханасының бас дәрігері болып жұмыс істеді. 1962 ж-дан 1968 ж.

дейін ҚазКСР Денсаулық сақтау министрлігі Өлкелік патология ҒЗИ-ның тағамтану бөлімінің меңгерушісі болды. 1968-1971 жж. Ақтөбе мемл. мединститутының ректорлығымен қоса фармокология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 1971-1982 жж. ҚазКСР Денсаулық сақтау министрі болды, сонымен қатар, 1978 ж. Алматыда өткізілген Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының МСАЖ бойынша халықар. конференциясының негізгі ұйымдастырушысы.

1973 ж-дан қазіргі уақытқа дейін негізін өзі қалаған Қазақ тағамтану академиясының президенті. Академия тағамтану физиологиясы мен иммунологиясы, биохимиясы мен гигиенасы мәселелерін қамтыған кешенді зерттеулер жүргізеді. Ш-тың ұсынысымен 1979 ж. Тағамтану институты дүние жүзінде бірінші болып ДДҰ-ның тағамтану жөнінде Серіктестік орталығы, ал 1997 ж. БҰҰ Университетімен бірлескен Серіктестік орталығына айналды.

Ш. – Қазақстандағы нутрициологтар мектебінің негізін қалаушы. БҰҰБҚ, ДДҰ, т.б. халықар. ұйымдардың қолдауымен жүргізілген теміртапшылықты анемия мен йодтапшылық жағдайларды жою, ана сүтімен қоректендіруді қолдау, негізгі тағам өнімдерін дәрумендермен және микроэлементтермен құнарландыру, медициналық және демографиялық зерттеулердің халықар. бағдарламаларының жетекшісі. Оның басқаруымен Қазақстанда Балалар тағамы Орталығы құрылған, денсаулық сақтау ісіне балалар тағамының жаңа емдік-профилактикалық түрлері енгізілген.

1985-1988 жж. Бүкілодақтық «Вопросы питания» журналының бас редакторы және Мәскеудегі дәрігерлер білімін жетілдіру инст-ы тағамтану кафедрасының меңгерушісі болып жұмыс істеді. 1994 ж. С. Асфендияров ат. ҚазҰМУ-де нутрициология кафедрасының негізін салды. 2012-2015 жж. универс-тің Бақылау кеңесінің төрағасы болды.

1995 ж. Қазақстанда Профилактикалық мед. академиясын құрды. 2010 ж. оның ғыл. жетекшілік етуімен Орта Азия өңірінде алғаш рет балалар тағамын шығаруға арналған «Амиран» Қазақ тағамтану академиясының зауыты» іске қосылды. 2011 ж. Ұлттық салауатты тағамтану орталығын құрды. Профилактикалық мед. академиясы, Ұлттық салауатты тағамтану орталығы семіздікпен, остеопорозбен күрес бойынша, мектеп тағамын оңтайландыру жобаларын орындайды, кең таралған аурулардың алдын алу мақсатында халық арасында салауатты тамақтану машықтарын қалыптастыру бойынша коммуникациялық іс-шаралармен, бие сүті негізіндегі тағам өнімдерінің ғыл. негіздемесін әзірлеумен, тағам өнімдерінде транс-

май қышқылдарының болуын зерттеуге бағытталған жобаларды жүзеге асырады.

Ш-ның басқаруымен 2016 ж. Алматыда «Ұлытау» ұлттық салауатты тағамтану орталығы құрылды, оның құрамында әлемде алғаш рет бие сүті негізіндегі емдік-профилактикалық және жаппай тұтынуға арналған салауатты тағам өнімдерін шығаратын зауыт бар.

Ш. – 360-қа жуық еңбектің авторы, оның ішінде 49 монография, 46 өнертабысы бар. Ғыл. жетекшілік етуімен 44 докторлық, 170 кандидаттық диссертация қорғалды. ҚР Парламентіне 3 рет депутат болып сайланды.

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты, ҚР еңб. сің. қайраткері. ҚР-ның «Парасат», «Достық», «Барыс» және КСРО-ның Октябрь революциясы, «Халықтар достығы» ордендерімен, медальдарымен марапатталған. Алматы қ-ның Құрметті азаматы. 2015 ж. «Ел тұлғасы» Ұлттық жобасының «Ғылым» номинациясындағы жеңімпазы атанды. 2005 ж. әлемдік денсаулық сақтау ісіне қосқан көрнекті үлесі үшін ДДҰ-ның жоғары мәртебелі марапаты – Леон Бернард ат. медалін иеленген (негізі салынғаннан бастап әлемде 43 адам иеленген).

Отбасы: ұлы Алмаз – мед. ғыл. докт., проф.; келіні Дана – дәрігер-гинеколог; үш немересі: Алуа – Мэриленд университетін бітірген, 35 жаста; Төрехан – Мичиган университетін бітірген, 25 жаста, Microsoft фирмасында жұмыс істейді; Асқар – 23 жаста, Дж.Вашингтон ат. университетте оқиды; шөбересі Коонңор – 10 жаста.

Шаханов Жапек (1903, Ақмола обл., Атбасар уезі, №2 а. – 1994) 1912-1918 жж. ауыл медресесінен білім алып, ауыл балаларының сауатын ашумен айналысқан. 1926 ж. Қарсақбай мыс қорыту заводында жұмысшы болып еңбек жолын бастады. Жезқ. жер асты кен орындарында кенші болып еңбек етті. 1929 ж. ВКП(б) мүшелігіне қабылданып, өлкеде партия, кеңес қызметтеріне араласқан алғашқы жергілікті кадрлардың бірі болды. Мәскеу Жоғары партия мектебін, Ленин ат. Жоғ. әскери-саяси академиясының қысқа курсын (1941) бітірген.

Ш. Батыс майданның 35-арнайы отатқыштар бригадасының комиссары, кейіннен Батыс майданның саяси бас басқармасында, 133-атқыштар корпусында, дивизияның парткомиссиясында қызметтер атқарды. Өзі саяси жетекшілік жасаған құрамамен бірге Мәскеуді қорғауға, Курск, Дон, Киевті азат етуге қатысып, жеңісті Берлинде қарсы алған. I және II дәрежелі «Отан соғысы», Қызыл Жұлдыз ордендерімен, бірнеше медальмен, Бас қолбасшының 12 Алғыс хатымен марапатталған. 1946-1949 жж. Қарағанды қ. партия комитетінде жауапты қызметкер, 1949-1951 жж. тұңғыш сайланған Теміртау қ. кеңесі атком төрағасы.

Шәріпов Зейнеш Рамазанұлы (1907, Ақмола обл., Петропавловск уезі, Бейнетқор бол. – 1944) – кеңес, партия қызметкері. 12 жасында СҚО, Булаев ауд., Пулеметовка а-да мал бақты. 1927-1930 жж. Орынбор, Омбы қ-да жұмысшы фак-де оқыды. 1937 ж. Қарағанды облпарткомы транспорт бөлімінде жауапты қызметкер, 1938 ж. Қарағандағы «Шахтастрой» трестінде кадрлар тобының жетекшісі, 1941 ж. басында Жезқ. аупарткомының хатшысы, осы жылы қыркүйекте аупарткомның бірінші хатшысы болып сайланды. Бұл жұмыста 1943 ж. қыркүйекте өз еркімен майдан даласына аттанғанға дейін істеп, неміс-фашист басқыншыларымен шайқаста ерлікпен қаза тапты.

Шегір би (1772-1862) – бағаналының төрт босағаның бірі. 1840 ж. Ұлытау баурайына оралып, түпкілікті қоныстануға бекінген бағаналыларға жерді бөліп берген. Ш.б.: «Үлкеніміз Қадір аға, – деп

қошемет сөзін ағасынан бастап, – Құдай жаратқан Ұлытаудың шығыс жақ етегін, күркіреп аққан бұлағы бұландаған, толқынды өзені көк шуға жамылған құламалы сайды сіз иеленіңіз. Бапама (Бабырды Бапа дейді екен) – осы таудың батыс беті. Ал Сандыбайға, ұрпағына – теріскей, өзіме оңтүстік-шығысы тиесілі болсын», – дейді. Басқалары оны бір кісідей мақұлдап, бидің батасын қабыл алған. «Жерді жаратуын Құдай жаратты, бөлуін Шегір бөлді» дейтін сөздің айтылуы сондықтан.

Ш.б-ден даналық ойдың небір інжу-маржандары қалған. Мысалы, «Бірің толқын, бірің жар, бірің тайлақ, бірің нар, бір-біріңді ұғындар» немесе «Береке-бірлік – табысың, әділдік – арың-намысың». Осындай философ. ой-толғамдарда көп мағыналы, өмірден алған тағылым, кейінгі ұрпаққа нұсқа жатыр. Ш. Кішітаудың баурайында атажұрты Обалыда жерленген. Зиратына қызыл кірпіштен сәулетті кесене тұрғызылған.

Шеңбер ауылдық округі – Ұлытау ауд-на қарасты әкімшілік бірлік. Құрамына Қорғасын және Үңгірлі а-ры кіреді. Жалпы ауд. – 51799 га, оның ішінде егістік жер – 2259 га, шабындық – 4091 га, мал жайылымы – 44898 га. Округте 39 жеке кәсіпкер мен шаруа қожалықтары жұмыс істейді. 6 қожалық егін егеді. Халқы – 0,43 мың адам (2015).

Шижаға (Ырғыз) шайқасы – Арал теңізінің солт.-шығысында 1216 ж. Мұхаммед Хорезмшах пен Жошы ханның арасында өткен. Шыңғыс хан Жошы мен Сүбедей басқарған әскерін меркіттерге қарсы аттандырған болатын. Олар 1216 ж. ерте көктемде Ырғыз бойын жайлап жатқан меркіттерге шабуыл жасайды. Моңғолдар қашқан меркіттердің соңына түсіп келе жатып, жолда Ырғыз өз. бойында қыпшақтарға қарсы жорықта жүрген Мұхаммед шахтың 60 мыңдық қолымен ұшырасып қалады. Жошы елші жіберіп, шайқасуға Шыңғыс ханның бұйрығы жоғын айтады. Жошының сөзін тыңдамай, Хорезмшах оны соғысуға мәжбүр етеді. Жошыға тұтқиылдан жолыққан мықты қолмен аянбай шайқасуына тура келеді. Шайқаста Мұхаммед хан қолға түсе жаздап, ұлы Жәлел-ад-Диннің ерлігі арқасында әзер құтылады. Қақтығыс күні бойы жүріп, кеш түсе саябырлайды. Екі жақ келісіп, соғысты ертеңге қалдырады. Жошы әскері от жағып алдаусыратып, түн қараңғылығымен жасырын шығысқа қарай қайтып кетеді. Бұл шайқастағы моңғол әскерінің ерлігі Хорезм билеушілерінің бойына үрей туғызды. Сондықтан олар 1219 ж. Шыңғыс ханға қарсы ашық алаңға шықпай, жеке-жеке қ-да қорғануды жөн көрді.

Шипин Омар (1879, Ұлытау – 1963) – Қазақстанның халық ақыны (1961). 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан. Шығармаларының негізгі тақырыбы – азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күрес. 1916 ж. азаттық көтерілісіне белсене қатысушы, А. Имановтың сенімді серіктерінің бірі. Сол жылдары шығарған «Арман», «1916 жыл», «Аманкелдінің айбаты», «Торғай соғысы» толғаулары халыққа кең тараған.

«Сарбаз ақын» атанып, азаттық жаршысы болған Ш. Қазан төңкерісінен кейін «Патша тақтан түскенде», «Октябрь нұры», «Ақын үні», т.б. жырларын шығарды. 1942 ж. «Аманкелді батыр» дастанын жеке кітапша етіп бастырды. 1943 ж. Қостанай обл. еңбекшілерінің сәлемдемелерін апарған делегация құрамында Ленинград майданына барып, жауынгерлер алдында жыр толғады. Осы сапары жөнінде «Майдан жолында» атты ұзақ жыр шығарды. Ә. Жангелдиннің өмір жолына арналған «Әли» дастанын, ұлы ағартушы, педагог-жазушы Ы. Алтынсарин туралы «Ыбырай» дастанын, әйел теңдігі, махаббат бостандығы тақырыбына арнап «Масаты қыз» дастанын шығарды. II-IV сайланған ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Ленин орденімен марапатталған.

Шоланов Ереже Шоланұлы (03.09. 1939, Қарағанды обл., Жезк. ауд., Қарсақбай кенті – 2001, Астана қ.) Қараған-

ды облысаралық кеңес-партия мектебін (1966), КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1974) бітірген. Еңбек жолын 1956 ж. Қарсақбай мыс заводында қойма есепшілігінен бастап, кейін мыс балқыту заводындағы автогаражда көлік жүргізуші, Жезқ. ауаткомы ұйымдастыру тобының меңгерушісі, «Қарсақбай» кеңшары парткомының хатшысы болды. 1974-1989 жж. Жезді ауд. Сәтбаев ат., «Жетіқоңыр» кеңшарларының директоры. 1989 ж. желтоқсан айынан 1991 ж. шілде айына дейін халық депутаттары Жезді ауатком төрағасы. 1991 ж. шілде айынан Жезді ауд. агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы. 1992 ж. ақпанынан 1995 ж. қазанына дейін Жезді ауд. әкімшілігінің басшысы, 1995 ж. қазаннан 1997 ж. мамырына дейін сол ауд. әкімі. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен және екі медальмен марапатталған.

Шоқтаев Марат (Жақсылық) Өтеубекұлы (1943, Қарағанды обл., Жезқ. ауд., Жезқ. кенті) – музыкант. 1961 ж. Қарағанды қ-да баяншылар дайын-

дайтын курсты үздік тәмамдаған. Мәскеу мәдениет инст-ын дирижер мамандығы бойынша бітірген. Өнер жолын қуған жас талант Алматыға барды, үлкен өнер ордасында білімін жетілдіріп, шеберлігін шыңдады. 1962-63 жж. «Мемл. орт. қазақконцертте» сүйемелдеуші-баяншы болып еңбек еткен. Сол жылдары Ш. КСРО халық артисі Р. Бағланованы, Қазақстанның халық артисі Ж. Омарованы, ҚазКСР еңб. сің. артисі Р. Есімжанованы, С. Момынованы сахнада сүйемелдегенде, әншінің әдемі үні мен баян сазы үндесіп, дүниенің бір ғажап сәттерін сыйлады.

Ш. – көркемөнерпаздардың Бүкілодақтық I фестивалінің лауреаты. Ұлытау ауд. «Тау гүлі» халықтық хорын (1975-1993), вокалды-аспапты «Арман» ансамблін, «Дала даусы» хорын, т.б. аты өңірді асып, алысқа жеткен көркемөнерпаздар ұжымдарын ұйымдастырған. Қарағанды обл. әкімінің «Алтын қобыз» сыйл. иегері.

Шортан (лат. Esox lucius) – алабұғатар отрядының өзі аттас тұқымдасына жататын балық, ірі жыртқыш, шортан тәрізділер отрядының бір тұқымы. Қазақстанның барлық табиғи су айдындарында кездеседі. Дене пішіні жебе тәрізді, ұсақ қабыршақтар жапқан, ұз. – 1,1 м-ге, салм. 16 кг-ға жетеді, арқа қанаты аналь (құйрықасты) қанатының деңгейінде, басы жалпақ, ұзын жақтарының астыңғысы үстіңгісінен ілгері ұмсынған. Аузы үлкен, тістер нің өткір ұштары артқа қарай иілген, сондықтан оның аузына түскен жемтігі кері шыға алмайды. Түсі өзі тіршілік ететін ортасына байланысты құбылып отырады, бүйірінде көлденең жолақты ірі қоңыр түсті дақтары болады. 3-5 жасында жыныстық жағынан жетіледі. Сәуір-мамыр айларында тайыз өз-дерге, су температурасы 4-12°С болғанда уылдырығын (балықтың мөлш. қарай 17,5-270 мыңдай, диам. – 3 мм) шашады. Ауа райына қарай, жалпы көбею мерзімі 2,5 айға созылуы мүмкін.

Ш. – жыртқыш балық, қорегін шөп арасында жасырынып тұрып, атылып барып ұстайды. Шабақтары майда омыртқасыздармен коректенеді, ұз. 5 см-ге жеткенде жыртқыштыққа көшеді. Бұлар – кәсіптік маңызы бар балықтар, дәмді еті үшін көп ауланады.

Шотқара мазары – XIX ғ. жататын сәулет ескерткіші. Жезқ. қ-нан 47 км солт.-шығыста орналасқан. Салыну тарихы белгісіз. 1977 ж. ҚазКСР Мәдениет

министрлігінің экспедициясы зерттеу жұмыстарын жүргізген. Күмбездің жоғары бөлігі қираған. Реставрациялық жұмыстар жүргізілмеген. Бұл – порталды-күмбезді ғимарат. Бүйір және артқы фасадтары әшекейлі кірпіштен қаланған. Басты фасад П – тәрізді белдеулікпен өрнектелген. Күмбезі барабансыз салынған. Кіреберіс ойығы мен арқасы жартылай шеңберлі. Ғимарат шикі кірпіштен салынып, күйдірілген кірпішпен өрілген. Кірпіштердің көл. – 25х12х5 см, 25х25х6 см. Ғимараттың ішкі көл. – 3,91х3,94 м. Сыртқы көл. – 5,60х6,25 м. Биікт. – 4,67 м.

Шотқара – ортағасырлық қала жұрты. Жезқ. қ-нан солт-ке қарай 47 км, Жошы хан мазарынан оңт.-батысқа қарай 9 км жерде, Кеңгір өз. алқабында орналасқан. Ә. Марғұлан тапқан. 1990 жж. Ж. Смайылов басқарған экспедиция археол. қазбалар жасап, кешенді түрде зерттеді.

Ш. айналасын ор және бұрыштарында қарауыл мұнараларының шеккен қирандылары бар жалдар қоршаған, бұрыштары әлемнің төрт тарапына қаратылған тікбұрыш пішіндес құрылыс түрінде салынған. Оңт.-батыс қабырға іргесінен атымен бірге жерленген жауынгер қабірі табылды. Кезінде Ә. Марғұлан кеңінен пайдаланған жазба деректердің бірінде, яғни Хафиз Таныштың Бұхар әмірі Абдаллах II туралы жазбаларында Орт. Қазақстан өлкелеріне жорыққа шыққан осы билеушінің Жошы хан мазары алдында орналасқан Сарай бекінісінің жанында болғаны атап өтіледі. Ә. Марғұланмен келісе отырып, Ж. Смайылов осы жазба деректерде аты сақталған Сарай бекінісі қазіргі Ш. қалашығы болуы мүмкін деп есептейді. Типологиялық тұрғыдан күшейтілген бекініске жататын Ш. қалашығы Алтын Орда дәуірінде, XIII-XIV ғғ. салынған.

Әдеб.: ҚҰЭ. М. Сейтжанов

Шотыбас жер асты суы Ұлытау ауд. Қарсақбай кентінен солт.-шығысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Қарсақбай кентін шаруашылық, ауыз су және өнд.-техн. сумен қамтамасыз етуге байланысты барланған. Кен орны Шотыбас мульдасының батыс қанатында шоғырланған. Су сыйыстырушы тау жынысы кремнийленген ұралы әктастан, сирек жарықшақты құмтастардан, алевролит және тақтастан тұрады. Карст және жарықшақтар 161 м тереңдікке дейін жетеді. Сулы кешеннің орташа қалыңд. – 98 м. Жер асты суы арынсыз, тереңд. – 1,4 м, су толу күші 43 л/с дейін өзгереді. Кен аум. 2 телімге – Құмола және Шотыбасқа бөлінеді. Құмолада тұщы су таралса, Шотыбастың суы техн. мақсаттарға қолдануға жарамды. Кен орны игерілмеген.

Шошақова Залипа (03.01.1942, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Ұлытау а.) Алматыдағы қыздар пединст-ын (1966)

бітірген, қазақ тілі мен әдебиеті және ән пәнінің мұғалімі. Өз мамандығы бойынша 1 Май ауылкеңесіндегі №12 орта мектепте 36 жыл жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан. ҚазКСР Оқу министрінің бұйрығымен (30.12.1985) аға мұғалім біліктілік дәрежесі берілген. КСРО, ҚазКСР халық-ағарту ісінің озық қызметкері.

Шоштан Шегедекұлы, Кербалақ (Кершолақ) Ер Шоштан (шамамен XV-XVI ғғ.) – батыр, аты аңызға айналған қайраткер. Жоңғар шапқыншылығы салдарынан шашырап кеткен Алтайдағы найманнан бөлініп, Ұлытау аймағына көшіп келген тарихи тұлға. Қонысы Телікөл, Байқоңыр, Кішітау, Жыланшық өз-нің Ұлытаудан ағатын салаларының бойы болған. Ұрпағын алты ата деп таратады – Тінеи, Сейіт, Әжем, Жұмық, Балықшы, Қармақшы. Ал, халық аңызы бойынша, жау шапқан кезде адасқан бес жетім бала Алтайдағы ер найманнан бөлініп, Ұлытауға келіп тоқтайды. Олар-

ды бастаған Кербалақ атты Ер Шоштан деген кісі болыпты. Одан – Таз, Тоңболат, Ер Шегедек, Таздан – Ақтаз тарайды. Байқоңыр өз. беткейінде Шоштан тамы, Шоштан қарасуы атаулы жерлер Ер Шоштанның қоныстанған жұрты болып табылады.

Шөженова Шамшия (1927, Ақмола губ., Қарсақбай болысы, Ұлытау а.). Комсомол мүшесі Ш. Жезқ. кенішінде №14 ФЗО мектебіне оқуға жіберіледі. Скрепершi мамандығын алады. 1943 ж. кен көтеретін қондырғы машинисі, кейін жер астында скрепершi, 700-800 кг кен тиелген вагонетка айдаушы. Онымен қатар Ұлытаудан бірге келген Үмітжан Қауменова, Нәписа Есенқабылова екпінді еңбек етті. Ш. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен он бала туып, тәрбиелеп өсіргені үшін «Батыр ана» алтын жұлдызымен, ҚР «Алтын алқасымен» марапатталған.

Штифанов Василий Иванович (1910, Ресей, Алтай өлкесі, Половинкино с. – 1998, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) – Социалистік Еңбек Ері, ҚазКСР еңб. сің. геолог-барлаушысы. 1932 ж. Семей геол. барлау инст-на түскен. 1934 ж. бұл инст. Қазақ тау-кен және металлургия инст-ты болып қайта құрылып, Алматы қ-на көшкен. Ш. инст. бітірген соң Жезқ-дағы геол. барлау кеңсесіне жұмысқа қабылданды. 1941 ж. Қ. Сәтбаев Алматыға жұмысқа ауысқанда Жезқ. геол. барлау кеңсесінің жетекшілігіне Ш-ты қалдырды. 1957 ж. кеңсе Жезқ. геол. кен барлау экспедициясы, кейін кешенді геол. барлау экспедициясы болып құрылғанда Одақтағы озат геол. кәсіпорынның тізгінін 75 жасқа келгенше ұстады. Жезқазған-Ұлытау өңірінің жер асты байлықтарын терең зерттеді, мыстың, т.б. минералдық ресурстардың қорын бірнеше есе арттырды, а.ш-ғын жер асты суымен қамтамасыз ету мәселесін шешті. Ленин, Октябрь революциясы ордендерімен марапатталған. Бірнеше ғыл. мақалалар авторы. Жезқ., Сәтбаев қ-ның Құрметті азаматы. Жезқ-да өзі тұрған көшеге есімі берілген.

«Шұғыла» би тобы Ұлытау ауд. Мәдениет үйі жанында 2007 ж. құрылды. Жетекшілері – танымал хореограф Меруерт Аспандиярқызы Жарасбаева, Назым Нұржігітқызы Тойшыбекова. Алғаш құрамында 15 биші болған. 2010 ж. бастап кіші, орта, үлкен топ болып тағы 23 жас бишімен толықты. 2008-2010 жж. «Тау самалы» ауд. фестивалі аясында өткен «Жұлдыз» байқауында би номинациясы бойынша I орын иеленді. 2010-2013 жж. Жезқ. қ-да өткен айм. «Ұлытау үні» фестивалінің «Жұлдыз» байқауында би номинациясы бойынша бас жүлде жеңіп алды. 2011 ж. Халықар. балалар шығармашылығының Көкштау қ-да өткен «Ақ көгершін» байқауында жүлделі I орын иеленіп, дипломант атанды. 2014 ж. Қарағанды қ-да Халықар. би күніне арналған «Сарыарқаның жұлдызды шапағаты» обл. би фестивалінде 10-13 жас аралығында «Халық биі» номинациясы бойынша III дәрежелі дипломмен марапатталды. Би тобының репертуарында «Тойбастар», «Ана жүрегі», «Ұлытауым», «Балбырауын», «Еркелер», «Құстар», «Білезік сыңғыры», «Ата толғауы», «Қара жорға» және әр ұлттың билері (орыс, тәжік, өзбек, аджар, ұйғыр) бар.

Шу-Сарысу артезиан алабы – Қазақстанның оңт-гін алып жатқан арынды суы мол гидрогеол. құрылым. Бетпақдала шөлді өңірінің батысын, Мойынқұм

құмды алқабын, Шу, Талас, Сарысу өз. аңғарларын және Қаратау жотасының тау алды еңістеу жазығын қамтыған. Бұл алаптағы жер асты суының қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді. Ш.-С.а.а. платформалық тысындағы борпылдақ-сынықты шөгінділерінің қалың қабатында жер асты суының әр түрлі типтері анықталған және оның төм. қабаттарындағы галогендік формацияның және онымен байланысқан тұздықтың жоғ. дәрежеде шоғырлануы алаптың гидрогеохим. жағдайын одан әрі күрделілендіреді. У.М. Ахмедсафин ат. Гидрогеология және гидрофизика инст-ты жүргізген зерттеулер Ш.-С.а.а-дағы жоғ. арынды суларының қоры мен хим. құрамына Солт.-Батыс Тянь-Шань орогендік құрылымында қалыптасқан терең жер асты ағысы әсер ететінін анықтады. Алаптың жалпы су қоры – 1970 млрд. $м^3$. Пайдалануға болатын су қоры өте мол – 249 $м^3$/сек, ондағы минералд. 1 г/л-ге дейін жететін тұщы су үлесі – 150 $м^3$/сек. Алап суын ауыз су ретінде, өнд.-техн. мақсатта, жер суаруға пайдалануға болады.

Шу-Сарысу ойысы – Қаратау, Қырғыз Алатауы, Кіндіктас, Ұлытау антиклинорийлері және Бетпақдала қатпарлықтарымен қоршалған эпикаледондық құрылым. Ұз. – 600 км, ені – 250-300 км. Үш тектоник. сатылы қабаттан қалыптасқан. Табаны күшті қатпарлана жақпарланған, баяу метаморфтанған рифей, төм. палеозойдың терригендік шөгінділері мен каледон интрузивтерінен түзілген. Ортаңғы герциндік қабат моласса тектес қызыл түсті континенттік шөгінділерден құралған. Қалыңд. 5000 м-дей баяу қатпарланған бұл шөгінділерде фамен-төм. карбонның теңіздік-лагуналық үгінді-карбонатты-тұзды қабаттары бар. Үшінші жоғ. қабаты горизонталь жатқан қалыңд. 3500 м-ге жететін бор-антропоген жүйелері шөгінділерінен қалыптасқан. Шу-Сарысу ойысының орта бөлігі арқылы солт.-батысқа созылған Тасты-Талас көтерілімімен ойыс екіге бөлінеді. Солт.-шығыс жағында Жезқазған-Бетпақдала, Тасбұлақ, Мойынқұм, Шығыс Шу, оңт.-шығыс бөлігінде Қақпансор, Созақ-Байқадам құрылымдары орналасқан. Орогендік шөгінділерден мұнай, газ, мыс, тұз кендері ашылды. Бор мен эоцен шөгінділерінде артезиан сулары бар.

Шұбар күзен (лат. Vormela peregusna) — сусар тұқымдасына жататын жыртқыш сүтқоректі. Дене тұрқы – 27-35 см, құйрығы – 11-20 см. Түсі шұбар, қара сары дақты. Басы, төсі, бауыры, жауырыны, аяқтары қара қоңыр. Тұмсығы қысқа, құлағы үлкен, дөңгелектеу. Дала, шөлейт, бұталар өскен аймақтарды, құмдарды, өз. бойында тоғайлардың шет жағын мекендейді. Тауда далалық белдеуде теңіз деңгейінен 3000 м-ге дейін көтеріледі. Түрлі індет тарататын кемірушілермен, құстармен, олардың жұмыртқасымен қоректенеді. Саршұнақ, сұр тышқан, құм тышқан молырақ кездесетін шөл және шөлейт өңірлерде тараған. Түрдің таралуы Оңт.-Батыс Еуропа, жарым-жартылап Алдыңғы, Орта және Орт. Азияны қамтиды. Қазақстанда шұбар күзен Маңқыстау, Үстірт, Арал бойы, Қызылқұм, Арысқұм, Мойынқұм, Тауқұм, Бетпақдала, Оңт. Балқаш бойы, Іле және Сүреті ойпаттары, Іле мен Жоңғар Алатауының етегі, Алтай, Алакөл мен Зайсан ойпаттарында кездеседі. 1996 ж. Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Шұбар сайрақтар (лат. Zoothera) – Ұлытау ауд. мекендейтін торғай тәріздестер отрядының сайрақ тұқымдастарға жататын 13 туысының бірі. Ш.с. туыстастар – бұғыншықты жерде өмір сүретін, шұбар реңді ірі денелі (150-200 г) құстар. Бірқатар түрлері көбінесе түнде және іңір қараңғысында

белсенділік жасайды. Қанатының ұшы дөңгелек. Далалық белгісінің сипаты – желпуіш қауырсындыларының түбі ақ, бұл ұшып жүргенде жақсы көрінетін ірі ақ теңбіл түзейді. Тропиктік сайрақтардың шағын тобы. Қоңыржай ендіктерге бір түрі ғана жете алады, сол түрі Қазақстанда да кездеседі.

Шұбартеңіз шайқасы – қазақ жасақтары мен жоңғарлар басқыншылары арасында 1726 ж. Ұлытаудың оңт.-батысында Шұбартеңіз көлінің айналасында өткен. Шежіре деректерінде шайқаста қазақтардың біріккен қолын Шақшақ Жәнібек батырдың басқарғаны айтылады. Шайқас қазақ жасақтарының жеңісімен аяқталды. Төрелердің дәрменсіздігінен қазақ батырлары күш біріктіріп, ортақ жауды Шұбартеңіздің бойында талқандады.

Шынбергенов Тақан (1938, Қарағанды обл., Қарсақбай ауд., Ұлытау а.) ҰОС және т.б. қиындықтардың салдарынан 1-сыныпқа 12 жасында барған Долинкада а.ш-тын механизациялау училищесін бітірген. Кең профильді механизатор. 1953 ж. Ұлытау ауд. «Қызыл коммуна» ұжымшарында тракторист. 1954-1956 жж. Терісайықта тың жерді игеруге қатысқан. 1957 ж. «Қаракеңгір» кеңшарында автокөлік жүргізуші, 1958-2008 жж. ауд. тұтынушылар қоғамы одағының автодүкен жүргізушісі, мал дайындау пунктінің директоры. Міндетіне жауапты, тұтынушылардың көңілін табатын, іскер сауда қызметкері болды. Ұлытау ауд. Құрметті азаматы.

Шыңғыс хан, Темужін (Теміршын) (1162 (1155), Моңғолия, Онон өз. бойы, Делүін Бұлтық – 1227) – Еуразия аумағында ерекше құқықтық, мәдениет, салық және әкімшілік жүйелі мемлекет құрған, түрік елін біріктіріп, оларды басқа елдерге әмірші еткен тарихи тұлға. Темужін қият руының беріжігін тармағынан шыққан бай ноян Есукей батырдың отбасында дүниеге келген. Анасы Уәлін-ужін – қоңырат руының қызы. Темужін 9 жасқа келгенде әкесін татарлар улап өлтіреді. Сол кезде ағайындары Есукей батырдың мал-мүлкін тартып алып кетеді. Темужін көп қиыншылық көріп, тағдыр жазған сұлама жылдарда шыныға есейіп, өзіне сенімді нөкерлерден мықты қол жинайды. Темужіннің атағы керейлер найман, меркіт және татарлармен соғысқанда шығады. 1203 ж. оның керейдің Тоғырыл ханына бағынышты кезі бітеді. Екі жақ соғысып, керейлер жеңіледі. 1204 ж. Темужін 45 мың қолын наймандар мен меркіттерге қарсы шығарып, оларды өзіне бағындырады. Жеңіліс тапқандардың билік қасындағылары Ертістен өтіп, қазіргі қазақ жеріне қашады. 1206 ж. көктемінде Онон өз. бойында өткен құрылтайда Темужін Ш.х. атағын алып, бүкіл дала елдерінің ханы болып сайланады. Сол кезден бастап 1224 ж. дейін ұйғыр мен Сібір тоғай халықтарын, қытай мен таңғытты, сартаұыл (Хорезм) мен Бағдатты және орыс пен бұлғарды жаулап алады. Иеленген жерлерін бірінші әйелі, қоңыраттың қызы Бөртеден туған төрт ұлына бөліп береді. Аум. ең үлкен үлес бірінші ұлы Жошыға бұйырады. Жошы өз ордасын Кеңгір өз. бойындағы оғыздар салған, Орда Базар аталып кеткен қалашығына орналастырады. Сөйтіп, Ұлытау Ш.х. құрған Алаштың ең ірі ұлысының орт-ғы болды.

Шіл (лат. Perdix) – тауықтәрізділер отряды, қырғауылдар тұқымдасына жататын құстар. Қазақстанда 2 түрі: сұр шіл (P. perdix), сақалды шіл (P. daurica) бар. Соның ішінде жиі кездесетіні – сұр шіл, оның 8 түр тармағы бар. Бұлар респ-ның бар-

лық аймағын мекендейді, тек шөлді, биік таулы жерлерде кездеспейді. Дене тұрқы – 35 см, аталығының салм. – 500 г, аналығы – 350 г. Сыртқы қауырсыны сұрғылт, онда көлденең жолақты қара дақтары, бүйірінде қоңыр жолақтары бар, басы мен мойны қызғылт сары түсті, бауыры ақ және онда таға тәрізді қоңыр таңбасы болады. Ағаш басына сирек қонақтайды, жерде жақсы жүгіреді, қауіп төнгенде қанатын жиі-жиі қағып, өзінше дыбыс шығарып, ұшып кетеді. Топтанып жүреді. Отырықшы құс. Жерді шұқырлап ұя жасайды да, оған құрғақ шөп төсейді. Ұяға 12-25 жұмыртқа салып, оларды аналығы мен аталығы 25 күндей шайқайды. Өсімдік тұқымымен, бүрімен, жәндіктермен (қоңыз, құмырсқа, т.б.) қоректенеді. Зиянды жәндіктерді жеп, пайда келтіреді. Кәсіптік маңызы бар бағалы құс, әуесқойлық жолмен көп ауланады.

Шілделіктер (Gryllidae) – тіққанаттылар отрядының ұзын мұрттылар тармағына жататын жәндіктер. Жер шарында кең тараған, негізінен тропиктік және субтропиктік аймақтарда кездесетін 2300 түрі белгілі. Қазақстанның барлық аймақтарында, әсіресе оңт.-шығыс ауд-да жиі кездеседі. Ш-ді шырылдауық шегіртке деп те атайды (үстіңгі қанаттарын бір-біріне үйкеу арқылы дыбыс шығарады). Булардың түсі қара, мұртшалары ұзын, көп буынды. Көпшілік түрінің есту мүшесі алдыңғы аяғында орналасқан, аналығының жұмыртқа салғыш қынабы ұзын болады. Жұмыртқаларын жердің астына, өсімдік жапырақтарына, сабақтарына салады. Ең жиі кездесетін түрлері: дала шілделігі (Gryllus desertus), дене тұрқы – 12-19 мм; үй шілделігі (Acheta domestica), оның дене тұрқы 16-21 мм болады. Ш. дәнді бұршақ дақылдарының, қант қызылшасының, темекі өсімдігінің, көкөністердің жапырақтарымен, тамырларымен, егілген орман ағаштарының тұқымдарымен қоректеніп, едәуір зиян келтіреді. Күрес шарасы – егін алқаптарын хим. препараттармен өңдеу.

Ы

Ыбраев Якуда Әлиұлы (1924, Ақмола губ., Атбасар уезі, Терісаққан болысы – 2008, Қарағанды обл., Жезқ. қ.) 1942 ж. Мамырда әскер қатарына шақырылған. 144-ші жеке атқыштар бригадасының автоматшылар тобы сапында Солт. Батыс, Прибалтика, Белоруссия майдандарында қан-қасап айқастарды басынан кешірген. Берлинге дейін барған, рейхстагты алуға қатысқан. Әскерден оралғаннан кейін Жезқ. ауд-да, 1959 ж-дан Жезқ. қ-да мемл. банк саласында басшылық қызмет атқарған. Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік қызметі үшін», т.б. медальдармен марапатталған.

Ырғай – Ұлытау ауд-да өсетін раушангүлділер тұқымдасына жататын бұталы өсімдік. Мамыр-маусымда ақ, қызғылт түсті гүл жарады. Жемістері қызыл, қанық көк, қара түсті болып келеді.

Ысқақов Елеусіз (1914, Ақмола обл., Атбасар уезі, Кеңгір болысы, Қараадыр қыстауы – 03.1982) 1932-1934 жж. колхозшы, 1934-1942 жж. «Қараадыр» ұжымшарында есепші, 1942 ж. ақпанында Ұлытау ауд. милиция бөліміне милиционер қызметіне қабылданды. Зейнеткерлікке шыққанға дейін Ұлытау, Жезді ауд-ғы ауылд. кеңестерінде учаскелік инспектор болып қызмет атқарды. Өз ісіне берілген, заңды жетік білетін, әділетті, мәдениетті қызметкер болды. Медальдармен марапатталған.

Ысмағұлов Тұрмұханбет (1936, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Қызылшың ауылкеңесі, Тамды өз. бойы – 28.09.2015, Жезқ. қ.) – партия-кеңес қызметкері, энергетика саласының маманы. Қарағанды мемл. политех. инст-ын (1958), Алматы Жоғары партия мектебін (1979) бітірген. Еңбек жолын Ешкіөлмес геол. барлау партиясында техник-электрик, «Орт. Петро» шахтасында участок механигі, 1963 ж. №42 шахтаның, Оңт. және Шығ. Жезқ. кеніштерінің бас энергетигі, 1971 ж-дан Жезқ. қ-сын жылумен қамтамасыз ету кәсіпорнының бастығы, 1973 ж. Жезқ. қалаатком төрағасының орынбасары, 1974 ж. Сәтбаев (бұрынғы Никольский) қалааткомының, 1976 ж. кәсіподақтардың Жезқ. обл. кеңесінің төрағасы болып сайланды. 1985 ж-дан 1999 ж. қыркүйегіне дейін Жезқ. ғыл.-енд. бірлестігінің, «Қазақмыс» корпорациясының бас энергетигі болды. Оның ықпалымен Ұлытау баурайындағы Жұмабай сайында пионер лагерінің негізі қаланған, екі жатақхананың құрылысы басталып, жаңа қос скважинаның суы бөгет салуға мүмкіндік берді. Ауд. тұрғындарын сауықтыруда, ұлттық өнерді, мәдениет, салт-ғұрыптарды насихаттауда көп іс тындырды.

Ы. қаламынан «Шұбартулы Жаулыбай» (зерттеу), «Өмір мұраты» (өмірбаяндық эсселер) (2008), «История и этапы развития энергетики Жезказганского промышленного района» (1998), өнд. озат тәжірибе жайлы еңбектері Мәскеу және Алматы баспаларынан шыққан.

Екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. ҚР еңб. сің. энергетигі. Жезқ., Сәтбаев қ-ның Құрметті азаматы.

І

Ідірісова Рақыш Нәшкенқызы (1949, Қарағанды обл., Ұлытау ауд., Шеңбер а.) 1971 ж. Қазақ қыздар пединст-ын бітірген. 1971-1977 жж. Жезді кентіндегі мектеп-интернатта қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Жезқ. обл. мұғалімдер біліктілігін жетілдіру инст-да әдістемелік кабинет меңгерушісі (1977-1981). 1981 ж. Ұлытау аупарткомының жауапты қызметкері. 1985-1995 жж. ауатком төрағасының орынбасары, Ұлытау ауд. әкімінің орынбасары. 1995 ж. Жезқ. обл. білім департаменті бастығының орынбасары. 1997 ж. Жезқ. обл. таратылған соң Жезқ. қалалық әкімі аппаратында ішкі саясат және әлеум. сала бөлімінің бастығы. «ҚР Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері. «Ұлытау қыздары» қоғамдық қозғалысының жетекшісі.

Ілиясов Аманкелді (15.05.1942, Қарағанды обл., Жезқазған ауд., Сарысу ауылкеңесі) РФ Омбы мемл. малдәрігерлік инст-ын бітірген (1968). 1968 ж. Ұлытау ауд. «Қаракеңгір» кеңшарының, 1971 ж. Жезді ауд. бас мал дәрігері болып тағайындалды. 1983 ж. «Сәтбаев» кеңшарының партком хатшысы, 1987 ж. сол кеңшардың директоры, 1998-2006 жж. Жезқ. қ-на қарасты Кеңгір селосының әкімі, Жезқ. қ. а.ш. басқармасының бастығы.

І. іздемпаз, жаңашыл мал дәрігері болды. Ауыр қол жұмысы болып келген қойды креолин ертіндісіне тоғытудың механикалық қондырғысын ойлап тапты, кейін қойды жаңбырлатып тоғыту әдісін өндіріске енгізді. Кеңшар директоры қызметінде жүргенде Қоскөл ауылкеңесінің тұрақты төрағасы болып сайланып, жергілікті атқарушы биліктің пәрменділігін арттыруға бағытталған қанатқақты жобаның тиімділігін анықтауға қатысты. Бастамашыл, іскер және нәтижелі еңбегі республика Ауыл шаруашылығы министрлігі, облпартком және облатком тарапынан лайықты бағаланды. І сайланған Жезді ауд. мәслихатының депутаты.

Ілиясов Нығмет (1932) Ленинград тау-кен инст-ын металлургия және асыл металдар мамандығы бойынша (1954) бітірген. Қарсақбай мыс қорыту заводы металлургия цехының балқытушысы, ауысым шебері, ғыл.-зерттеу зертханасының инженері, зертхана бастығы, заводтың өнд.-техн. бөлімінің бастығы болды. 1961 ж. ЖКМК бас металлургі, 1968 ж. Жезқ. мыс заводы өнд. және техн. бөлімінің бастығы, 1992 ж. «Жезқазғантүстімет» ҒӨБ техн. директорының орынбасары, қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы болған. КСРО Министрлер Кеңесі сыйл. лауреаты, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Черкасова Валентина Матвеевна (1927, Ақтөбе обл. – 2000) Қарағанды мұғалімдер инст-ын бітірген. ҚазКСР еңб. сің. мұғалімі (1967). Қарсақбай қалашығындағы орта мектепті (1945) бітірген соң комсомолдық жолдамамен «Бала Жезді» пионер лагеріне аға вожатыйлыққа жіберілді. 1951 ж-дан №3 Қарсақбай орта мектебінде әуелі бастауыш сынып, кейін орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Октябрь революциясы орденімен (1978), «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен (1970) марапатталған.

Чернов Василий Васильевич (1898-ө.ж.б.) Қарсақбай мыс заводына Ресейден келген. Ағаш шебері жаңа енд-тің құрылыс алаңында өнімді еңбек етті. Жұмысшы-шаруа бақылау инспекциясы Қарсақбай ауд. бөлімшесінің бастығы болды. 1928 ж. завод құрылысындағы ерен еңбегі үшін БОАК Жарлығымен Еңбек Ері құрметті атағы берілді. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Жезқ. қ. мемл. мұрағаты, қор-143, тізімдеме-1. іс-64, бет-7

Ю

Юровский Григорий Иванович (05.01.1905, Семей қ. – е.ж.б.) 1921 ж. Большая речка елді мекенінде өз шаруашылығында жұмыс істеген. 1935 ж. Алматыдағы марксизм курстарын тәмамдағаннан кейін «Балқашқұрылыста» қызмет етті. Қоңырат кеніші, Балқаш ЖЭО партком хатшысы. 1938 ж. желтоқсан айынан 1941 ж. ақпанға дейін Қарсақбай аупарткомының бірінші хатшысы болды. 1943 ж. Қарағанды қ-ғы Ленин аупарткомының хатшысы, 1944 ж. облпартком ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1948 ж. обл. жоспарлау комиссиясының төрағасы, 1949 ж. еңбек резервтері обл. басқармасының бастығы. 1956 ж. желтоқсанда еңбекшілер депутаттары Жезқ. қ. атком төрағасы болып сайланып, бұл қызметті 1958 ж. майына дейін атқарды. Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, «Ерлік еңбегі үшін» және басқа медальдармен марапатталған.

Я

Яров Галиулла (1928, Қызылорда округі, Сырдария ауд., Октябрь а. – 2014) Қызылорда пединст-ын бітірген. Тарих пәнінің мұғалімі. ҚазКСР Халық ағарту министрлігінің жолдамасымен Жамбыл обл. Талас ауд. Ойық а-дағы орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі болып тағайындалады. 1956 ж. мектеп директоры. 1959 ж. Жезқ. ауд. Қоскөл ауылкеңесі аумағындағы Қарақұм жетіжылдық мектебінің, 1973 ж. бұл мектеп орта мектеп болып қайта құрылғанда жаңа мектеп директоры болып тағайындалған. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАР ЖЫЛНАМАСЫ

Б.з.д. 700 мың – 120 мың жж. – Ұлытау өңірінде алғашқы адамдар мекендеген Обалысай қонысының дамуы.

Б.з.д. III мыңжылдық – Жезқазған кендерін алғаш игеру және Милықұдық, Айнакөл, Сорқұдық, Кресто, Теректі, Талдысай, т.б. ежелгі металлургтер қоныстарының дамуы.

Б.з.д. II мыңжылдық – Ұлытау өңірінде мыс және қола құрал-саймандардың пайда болуы.

Б.з.д. I мыңжылдықтың басы – бақташы тайпалардың бөлініп шығуы. Көшпенді мал шаруашылығының пайда болуы және дамуы.

Б.з.д. VII-V ғғ. – темір құрал-саймандардың пайда болуы. Аяққамыр кеншілер орталығының гүлденуі.

Б.з.д. III ғ. – б.з. III ғ. – Ұлытау өңірінде сақ тайпалары мемлекеттік бірлестігінің құрылуы.

Б.з.д. II ғ. – Жібек жолының Сарысу тармағының жандануы.

III-V ғғ. – Ұлытау жері Ғұн (күн) мемлекетінің құрамында.

VI-VIII ғғ. – Түрік қағанатының құрамындағы Оғыз мемлекетінің Ұлытау өңірінде дамуы. Орталығы – Басқамыр (Хиам) қаласы

VIII-XII ғғ. – Ұлытау – Дешті Қыпшақ мемлекетінің кіндігі.

1223 ж. – Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы қыпшақ даласын басқару үшін 9 мың тұрғын және 4 мың әскермен Ұлытауда, Кеңгір өзенінің жағасында өз Ұлысының туын тікті.

1227 ж. – Ұлық Жыршы Кеті бұқа Шыңғыс ханға Жошының өлімі туралы хабарды естіртті.

1236 ж. – Бату ханның қалың қолы Еуропа жорығына Ұлытаудан аттанды.

1254 ж. – Ұлытауда Кеті бұқаның жүргізген дайындық жұмыстарынан кейін Құлағу хан Батыс Азия жорығына аттанды.

1391 ж. – Мәуераннахр әмірі Ақсақ Темір Тоқтамысқа қарсы жорығы кезінде Ұлытауға ат басын тіреп, Алтыншоқыда тас белгісін қалдырды.

1430-1431 жж. – Шейбан әулетінің ханы Әбілқайыр астанасын Орда Базар қаласына көшірді.

1457 ж. – Әбілқайыр хан ойраттардан жеңілді. Қыпшақ Қобланды батыр Ақжол биді (Дайырқожа) өлтірді. Керей және Жәнібек сұлтандар бастаған үлкен көш Ұлытаудан Шу алабына көшті.

1510 ж. – Қасым хан Шейбан ханды Ұлытау төңірегіндегі шайқаста тас-талқанын шығарып жеңді.

1680 ж. – Ұлытау баурайында Тәуке ақ киізге көтеріліп хан сайланды.

1710 ж. – жоңғар басқыншыларының шапқыншылығына қарсы Тәуке ханның ұйымдастыруымен казақтардың Қарақұм құрылтайы өтті.

1726 ж. – Шұбартеңіз көлінің жағасында қазақ жасақтары жоңғар басқыншыларына жойқын соққы берді.

1727 ж. – қазақ жасақтары Бұланты-Білеуті бойында жоңғар басқыншыларына соққы беріп, кейін қашуға мәжбүр етті. Бұл жеңіс Қазақ мемлекетінің басына төнген қауіпті сейілтіп, елдің бірлігін нығайтты, жауынгерлік рухын көтерді.

1822 ж. – Ресей императоры Орта жүзде хан билігін жойды.

1830-1832 жж. – Ұлытау төңірегін мекендеген бағаналы-балталы елі бес болысқа бөлінді.

1841 ж. – Кенесары сұлтанды Кішітау баурайындағы Хантебеде бүкіл қазақ елі хан сайлады.

1843 ж., 8 наурыз – Ұлытау станицасының іргесі қаланды.

1849 ж. – II гильдиялы орыс көпесі Н. Ушаков Жезқазған кен орнының бес алқабын Қызылтаз-Ибескі-Жұртшы болысының басқарушысы Бөкеншіұлы Бабыр биден жалға алды.

1870 ж. – ағылшын концессионерлері Қорғасын кенін игеру жұмыстарын бастады.

1892 ж. – Байқоңыр қоңыр көмір кенін игеру жұмыстары басталды.

1906 ж. – Жезқазған өңірі кен орындары негізінде Лондонда «Атбасар мыс кендері» акционерлік қоғамы құрылды.

1912 ж., желтоқсан – «Спасск мыс кендері» акционерлік қоғамының жиналысы Жезқазған кен орындарының базасында мыс қорыту заводы мен байыту фабрикасының құрылысын бастау жөнінде шешім шығарды.

1916 ж., маусым – орыс патшасының Қазақстан, Орта Азия, Сібір «бұратаналарын» тылдағы қара жұмысқа алу туралы жарлығына қарсы Дулығалы мешітінде А. Иманов бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатысушылардың алғашқы сарбаздары бас қосты.

1916 ж., тамыз – қазақтан қарамалайлыққа әскер алу жөніндегі патша жарлығынан кейін Ұлытаудың ақсақалдары, билер мен батырлары Қарағандысайға жиналып, 40 мың халқы бар Бағаналы хандығының құрылғанын жариялады.

1916 ж., 23 қыркүйек – патша үкіметіне қарсы көтерілген Ұлытау өңірінің қазақтары мен Атбасардан жіберілген жазалаушы казак әскерінің арасында Қаражар шайқасы өтті.

1927 ж. – Қ.И. Сәтбаев «Атбастүстіметалл» тресінің басқарма мүшесі және бас геологы болды. Ол басқарма мүшесі ретінде қазақ жұмысшылары мен инженер-техникалық кадрларын дайындауға жауап берді.

1928 ж., 17 қаңтар – Атбасар уезінің Қарсақбай болысы, Торғай уезінің Қызылжыңғыл, Қайдауыл болыстары негізінде Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылорда округіне қарасты Қарсақбай ауданы құрылды.

1928 ж., 19 қазан – Қарсақбай мыс заводында бірінші мыс балқымасы алынды.

1931-1933 жж. – Кеңес үкіметінің ұжымдастыру саясаты салдарынан Ұлытау өңірінде ашаршылық белең алды.

1931 ж., мамыр-маусым – Қарсақбай ауданында (Қарақұм) жаппай ұжымдастыруға қарсы шаруалардың бас көтерулері болды.

1931-1933 жж. – Қарсақбай мемлекеттік мыс комбинатының Ұлытауда жұмысшылардың демалыс үйі, пионер лагері, «Ұлытау», «Қарабұлақ» кеңшарлары ашылды. Кеңшарлар 1100 тоннадан астам көкөніс және картоп дайындады.

1933 ж. – Қарсақбайда, Ұлытауда және «Алғабас» ұжымшарында панасыз балалардың үйлері ашылды.

1934 ж. – Троицкідегі «Ғалия» медресесінің түлегі, халық мұғалімі Сейітжан Смайылұлы Ұлытау ауылында №1 орта мектептің негізі болған бастауыш мектепті ұйымдастырды.

1936 ж., 29 шілде – Қарағанды облысы құрылды. Қарсақбай ауданы Қарағанды облысының құрамына берілді.

1937-1938 жж. – Ұлытау өңірінде сталиндік саяси қуғын-сүргін ушыға түсті. Тек Қарсақбай мыс қорыту заводынан отызға тарта адам «халық жауы» деген жаламен ату жазасына кесілді.

1939 ж., 16 қазан – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Қарсақбай ауданын оңтайландыру есебінен Ұлытау ауданы құрылды.

1940 ж., қаңтар – Кеңгір су қоймасының құрылысы басталды.

1941-1945 жж. – Ұлытау өңірінен Ұлы Отан соғысына 12 мыңнан астам жауынгер қатысты. Соғыстағы ерлігі үшін А.П. Живов, Н.И. Колбасов, А.И. Зенковский және «Даңқ» орденінің толық иегері Ф.Я. Иванишколарға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ұлытаудың тумасы Ж. Үншібаев соғыстағы ерлігі үшін «Даңқ» орденнің үш дәрежесімен бірдей марапатталды.

1942 ж., сәуір – Жезді марганец кеніші жедел іске қосылды. Осының нәтижесінде Кеңестік Шығыстың марганец өндірісіндегі үлесі 13,7%-дан 84,6%-ға жетті.

1946 ж. – Ә. Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы Ұлытау өңірін зерттеу жұмыстарын бастады.

1952 ж. – Жезқазған жылу-электр орталығы пайдалануға берілді.

1954-1956 жж. – Ұлытау өңірінде тың және тыңайған жерлерді игеру басталды. Қуаты аз, әлсіз ұжымшарлар негізінде 9 кеңшар құрылды.

1958 ж. – Жезқазған кен-металлургия комбинаты құрылды.

1963 ж., 2 қаңтар – Жезқазған және Ұлытау аудандары таратылып, аумағында Жезді ауданы құрылды.

1972 ж. – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Жезді ауданынан Ұлытау ауданы бөлінді. Аудан орталығы – Ұлытау ауылы.

1973 ж., 20 наурыз – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Жезқазған облысы құрылды.

1985 ж., 9 мамыр – Жезді кентінде Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің есімдері жазылған монумент ашылды.

1991 ж. – «Отырар – Ұлытау. Кіші Жібек жолы» тарихи-этнографиялық экспедициясы ұйымдастырылды.

1991 ж., маусым – Қазантаудың баурайында М. Иманжанов пен Б. Бұлқышевтың туғандарына 75 жыл толуы үлкен салтанатпен аталып өтті.

1992 ж. – Ұлытау өңірінде жекешелендіру үрдісі басталды.

1992 ж., қыркүйек – Дүние жүзі қазақтарының I құрылтайына қатысушылар Ұлытауда болды.

1993 ж., қыркүйек – ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлытауға жұмыс сапарымен келді. Болашақта орнатылатын «Қазақ мемлекетінің тұтастығы мен халық бірлігі» монументінің орнына қойылған белгітастың ашылу салтанатында сөз сөйледі.

1994 ж., 3 қараша – ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайында болып, көне балқыту пешінен мыс қорытпасын алды.

1995 ж. – Ұлытау аудандық Мәдениет үйінің алдында Б. Бұлқышев пен М. Иманжановтың ескерткіші орнатылды.

1997 ж., 25 мамыр – ҚР Президентінің Жарлығымен Жезді ауданы таратылып, оның аумағы Ұлытау ауданының құрамына берілді.

2005 ж., 15 қыркүйек – Айыртау жотасының етегінде «Қазақстан мемлекетінің тұтастығы мен халық бірлігі» монументі ашылды. Ескерткіштің авторы – сәулетші Тимур Төреқұлов.

2007 ж. – Ұлытау – Жезқазған асфальт жолы жөндеуден өтті.

2014 ж., 22 тамыз – ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Жезқазған – Бейнеу және Шұбаркөл – Арқалық темір жолдарымен жүк тасымалдау салтанатты түрде басталды.

2014 ж., 24 тамыз – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Ұлытау баурайындағы Әулиебұлақта сұхбат берді.

2015 ж. – Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайына оны ұйымдастырушы Мәкен Төрегелдиннің есімі берілді.

2015 ж., тамыз – Қазақ хандығының 550 жылдығына байланысты Ұлытауда, Бұланты-Білеуті аймағында салтанатты шаралар өтті. Бұланты батырларының құрметіне ескерткіш-стела ашылды.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

а. – ауыл
акад. – академик
АКСР – Автономиялы Кеңестік Социалистік Республика
А.қ. – Алаш қозғалысы
АҚ – акционерлік қоғам
ат. – атындағы
атком – атқару комитеті
атқ. – атқарушы
ауатком – аудандық атқару комитеті
ауд. – аудан
аум. – аумақтық
аупартком – аудандық партия комитеті
а.ш. – ауыл шаруашылығы
АШМ – Ауыл шаруашылығы министрлігі
археол. – археологиялық
ӘК – әскери комиссариат
әлеум. – әлеуметтік
бат. – батыс
б.з.д. – біздің заманымызға дейінгі
б.з. – біздің заманымыздың
БЛКЖО – Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы
болатком – болыстық атқару комитеті
га – гектар
геол. – геологиялық
геом. – геометриялық
гидротех. – гидротехникалық
гр – грамм
губ. – губерния
ҒА – Ғылым академиясы
ғыл. – ғылыми
демокр. – демократиялық
докт. – доктор
еңб. сің. – еңбек сіңірген
ЕҰУ – Еуразия ұлттық университеті
Жезқ. – Жезқазған
ЖезПИ – Жезқазған педагогикалық институты
ЖезУ – Жезқазған университеті
ЖКМК – Жезқазған кен-металлургия комбинаты
жоғ. – жоғарғы
ж. – жылы
жж. – жылдары
ж.ө. – жылы өлген
ж.т. – жылы туған
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік
инж. – инженерлік
инст. – институт
КБК – кен байыту комбинаты
квт. – киловатт
кг – килограмм
кеңшар – кеңестік шаруашылық (совхоз)
км – километр
КОБОК – ВЦСПС
КОКП – Кеңес Одағы Коммунистік партиясы
комис. – комиссариат конституциялық
корр.-мүше – корреспондент мүше
көл. – көлемі
к. – көл
ҚКП – Қазақстан Коммунистік партиясы
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
қ. – қала
ҚазКСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚазМУ – Қазақ мемлекеттік университеті
қал. – қалалық
ҚарМУ – Қарағанды мемлекеттік университеті
қоғ. – қоғамдық
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚФ – Қазақ филиалы
лаб. – лаборатория
л. – литр
матем. – математикалық
мемл. – мемлекеттік
м – метр
минерал. – минералдылығы

МК – Министрлер Кабинеті
млн. – миллион
мм – миллиметр
млрд. – миллиард
монарх. – монархиялық
ОАК – Орталық Атқару Комитеті
обл. – облыс
облатком – облыстық атқару комитеті
ОГПУ – Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (объединенное государственное политическое управление)
ОК – Орталық Комитет
ОҚАЭ – Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы
онт. – оңтүстік
орт. – орталық
ӨБ – өндірістік бірлестік
ө.ж.б. – өлген жылы белгісіз
өз. – өзен
өнд. – өндірістік
өлш. – өлшемі
парт. – партия
партком – партия комитеті
пед. – педагогикалық
проф. – профессор
респ. – республика
РФ – Ресей Федерациясы
сағ. – сағат
с. – село
см – сантиметр
солт. – солтүстік
соц. – социалистік
ст. – станция
стратег. – стратегиялық
сыйл. – сыйлығының
техн. – техникалық
т – тонна
т.-ө.ж.б. – туған-өлген жылдары белгісіз
төм.
универс. – университет
ҰҒА – Ұлттық Ғылым академиясы
ұжымшар – ұжымдық шаруашылық (колхоз)
фак. – факультет
фольк. – фольклорлық
халықар. – халықаралық
хим. – химиялық
х.ш. – халық шаруашылығы
БХШЖК – Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі
ц. – центнер
шығ. – шығыс
этногр. – этнографиялық
% – пайыз
t – температурасы °С бойынша

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН
НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Абай. Энциклопедия. Алматы, 1995.
Алаш. Алашорда. Энциклопедия. А., «Арыс», 2009.
Айбын. Энциклопедия. А., «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
Аманкелді Иманов. Мақалалар, документтер, материалдар. А., «Қазақстан», 1975.
АН КазССР. Институт истории, археологии и этнографии. Археологическая карта Казахстана, реестер. Изд. АН КазССР. А., 1960.
Ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі ұсыныстар. Жезқазған облысы. А., «Қайнар», 1982.
Әбдіғали Берік. Арғын Төртуыл тарихынан. А., «Қазақ ақпарат», 2007.
Әбілғазы. Түрік шежіресі. А., «Ана тілі», 1992.
Байділдин. Ш. Санаулы ғұмырдағы санапы ойларым. Астана., 2010.
«Большой Джезказган» (геология и металлогечия). А., «Наука», 1961.
«Большой Джезказган», сборник материалов по проблеме комплексного изучения и освоения природных ресурсов Джезказган-Улытауского района. М-Л., 1935.
Бес ғасыр жырлайды. I том. А., «Жазушы», 1989.
Бұлқышев Баубек. Заман біздікі. Алматы., «Жалын», 1990.
Булантинская битва: История исследований. Ұлытау, 2015.
Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. А., «Наука», 1984.
Гумилев Л.Н. Қиял патшылығын іздеу. А., «Балауса», 1992.
Государственный каталог географических названий Республики Казахстан. Карагандинская область. Т.6. Алматы, 2006.
Домбай Нұрперзент. Елбасы және ел. Алматы, «Жедел басу баспаханасы» ЖШС, 1994.
Жұбатов Ж. Система критериев экономической устойчивости территории республики Казахстан к воздействию ракетно-космической деятельности. Алматы, 2008.
История Великой Отечественной войны Советского Союза 1941-1945 годов. Москва, 1961. II том.
Книга по Большому чертежу (под ред. Сербиной). М-Л., 1950.
Кузнецов Л.О. «О надписи на камне». «Таңбалытас» в пустыне Бетпақдала в Атбасаровском уезде Акмолинской губернии» (Записки Семипалатинского – ЭСО РГО, вып. 16). Семипалатинск, 1927.
Калугин С.К. Подземные воды Жезказган-Улутауского района Центрального Казахстана. «Наука», 1967.
Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 10 том, 1997-2007.
Қазақ совет энциклопедиясы. ҚазКСР ҒА. Қазақ Совет энциклопедиясы Бас редакциясы. 12 том, Алматы, 1973-1977.
Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия. Алматы, «Атамұра», 584 бет, 2006.
Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия, А., «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
Каныш Сатбаев. Из писем и заметок. А., «Атамұра», 1998.
Қаныш Сәтбаев. Қазақстан – менің Отаным, А., «Ғылым», 1999.
Қазақ телевизиясы. Энциклопедия, А., 2011.
Қаз дауысты Қазыбек. Энциклопедия, А. 2011.

Қуаныш Ахметов. Ұлы даланың Ұлытауы, 1-2-кітап, Омбы, 1999-2001.
Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
Қуаныш Ахметов. Ұлытау. Тарихи-географиялық очерк, А., «Фолиант», 2006.
Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, «Аруна», 2005.
Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов среднего жуза. А. «Наука», 1974.
Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. Томдар 5, 8, 11, 13, 14, А., 2008-2012.
Мұхтар Әуезов. Энциклопедия, А., «Атамұра», 2009.
МЗ и ГИ. Департамент Государственных земельных имуществ. Материалы по киргизскому землепользованию, собранные разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Акмолинская область. 2. Атбасарский уезд. Том 2. Воронеж. 1902.
Н. Төреқұлов. Қазақтың 100 би-шешені, «Атамұра», 1995.
Назарбаев Нұрсұлтан. Тарих толқынында. А., «Атамұра», 1999.
Назарбаев Нұрсұлтан. Евразия жүрегінде. А., 2005.
Назарбаев Нұрсұлтан. Ұлытау төріндегі толғаныс. Нұрсұлтан Назарбаевтың сұхбаты. «Егемен Қазақстан» газеті, 2014 ж. 26 тамыз.
Назарбаев Нұрсұлтан. Ұлытауда Бірлік монументінің іргетасын қалау салтанатындағы сөзі, «Сарыарқа» газеті, 1993 ж. 18 қыркүйек.
От Алтая до Каспия. Атлас памятников и достопримечательностей природы, истории и культуры Казахстана, А., 2010.
Рахимбеков З. Серебряная нить поколений. Караганда, 2001.
Региональные проблемы геоэкологии Центрального Казахстана. Жезказган, 2000.
Сборник узаконений о киргизах степных областей. Составитель старший советник Тургайского правления И.И. Крафт. Оренбург, 1808.
Справочник по административно-территориальному делению Казахстана (август 1920 г. – декабрь 1938 г.). Алматы, 1959.
Сүлейменов Р.Б. Абылай хан. Қазақ батырлары. №1, 1991.
Сүтбаев С. Жер сыры мен жан сыры. Жезқазған, «Асар», 2015.
Смаилов Ж.Е. Памятники археологии Западной Сарыарки. Б., 1997.
С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов. Казахстан. Летопись трех тысячелетий, А., «Рауан», 1992.
Тарақ Әнуар. Алаштың айбын ардағы – Абылай хан. А., «Қазақстан». 2003.
Темереева Ф., Нұрсейітов С., Жезқазған облысының географиясы, А., «Рауан», 1994.
Тынышбаев М. История казахского народа. А., «Қазақ университеті», 1993.
Торғай елі. Энциклопедия, А., «Арыс», 2013.
«Ұлытау» журналы, 1998.
«Ұлытау ақындары», А., «Эверо», 2007.
«Ұлт ұясындағы ұлағат». Астана, «Фолиант», 2014.
Ұлытау-Жезқазған өңірінің жер-су аттары. ЖезУ, «Эверо». 2007.
Фердоуси. Рүстем-Дастан. А., 1961.
Шмидт Ю. Очерк казахской степи. А., «Алтын кітап», 2007.
Шәріпов С. ІІ том. А., 1982.
Экологическая безопасность деятельности космодрома «Байконур», А., 2011.

МҰРАҒАТТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНАЛАР

Жезқазған қаласы мемлекеттік мұрағаты
Государственный исторический архив Омкой области РСФСР
Қарағанды облысы мемлекеттік мұрағаты
ҚР Орталық мұрағаты
ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар қоры
Қызылорда облысы мемлекеттік мұрағаты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Отырар» кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры
Ұлытау ауданы мемлекеттік мұрағаты
Ұлытау ауданы әкімдігінің ағымдағы мұрағаты
Фонд редких книг и рукописей Омской областной государственной библиотеки им. А.С. Пушкина

ШОЛУ МАҚАЛАЛАР АВТОРЛАРЫ

Табиғаты және табиғи қорлары. Халқы
Жалпы мәліметтер. Жер бедері. Геологиялық құрылымы және пайдалы қазбалары. Ауа райы. Су қорлары. Су қоймалары. Өсімдіктер дүниесі. Жануарлар дүниесі. Халқы.
Қазанғапов С., Қалменова Ү., Қожамсейітов С., Қожахметов Б., Райымбеков Ж., Саухымов Ө.

Тарих
Алғашқы қауымдық кезең. Орта ғасырдағы Ұлытау. Жаңа кезең. Ұлытау өңірі Кеңес өкіметі орнаған жылдарда. Ұлы Отан соғысы жылдары. Соғыстан кейінгі кезең.
Әуезов Г., Жайсаңбаев Н., Жәлелов Ө., Қазанбаева З., Қожамсейітов С., Сейітжанов М., Үржанов А., Юрк В.

Ұлытау өңірі тәуелсіздік жылдарында
Жаңғырған сана. Жаңаша көзқарас. Ауыл шаруашылығы. Жер ресурстары. Туризм. Өнеркәсіп және құрылыс материалдарының өндірісі. Жол және транспорт. Тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық. «Ақбұлақ». Телекомуникация және почта қызметі. Білім беру ісі. Дене тәрбиесі және спорт. Денсаулық сақтау ісі. Мәдениет, өнер және халық шығармашылығы.
Ақышбеков Б., Ауғанова Г., Әлиакпаров Ж., Досанова Г., Дүйсембаев Е., Көпеева Г., Қожамсейітов С., Мазитов Б., Осланов М., Обайдуллин С., Оразбеков Н., Оразбеков Д., Садуақасов Д., Түсіпбеков Е., Үмбетов Б.

АЛФАВИТТІК МАҚАЛАЛАРДЫҢ АВТОРЛАРЫ

Абайділденов С.
Абдрайымов Б.Қ.
Аймырза Ж.
Айранбаева А.
Айтбаева З.
Ақшалов М.
Алиакпаров Ж.
Алпанбаева Э.
Аппазов Т.
Аршабеков Т.
Асанов Т.
Асатов Я.
Ауганова Г.
Ахметов М.
Ахметов М.
Әбдікәрімов І.
Әбділдин Т.
Әбділдинов Т.
Әбдірашев Ә.
Әбжаппаров М.
Әбрезов Ә.
Әбутәліп А.Ә.
Әбілов А.Б.
Әбілов Қ.
Әзімбаев Б.
Әлмағанбетов Е.
Әлменбетов Ғ.
Әуезов Ғ.
Базарбаева Ғ.
Базылов Ә.
Байділдин Ш.
Байжантаев Б.
Байманова С.
Балкенов К.
Бегаев Т.
Бекетов Р.
Бекмағанбетов Б.
Бекмағанбетов Ө.
Бекілдеков Қ.
Белгібаев І.
Исмағұлұлы Т.
Кентаев
Көпеева Г.
Күзембаев Б.
Қазанбаева З.
Қазанғапов С.О.
Қазығұлов Қ.
Қалдыұлы А.
Қанапин Т.
Қапанова А.
Қапарова Р.
Қожамсейітов С.
Қожахметов Б.С.
Қойгелдиев М.
Қолданұлы С.
Қоңырбаев Ж.
Қошанов Ш.
Құдабаева Ж.
Құлахметов Қ.
Құсайынов Я.
Құрманбаев С.
Құрмансейітов А.
Құтымбетов Р.
Мағзумов Е.
Мазитов У.
Мақашев Б.
Мақыш С.Б.
Марғұлан Д.
Махметов А.Ә.
Машайықов М.
Мешелова Г.
Молдағалиева Ш.
Мусина Л.
Мұқанов Ө.М.
Мұқанов Т
Мырзабеков Б.
Мырзатов Қ.
Наурызбаев А.
Наурызбаев Е.
Наушарбан К.
Ниязова С.
Нурекенова С.

Нұржанова Г.
Тілемісов Т.
Хасенов М.
Шайгезова Б.
Шайхин Т.
Шамбұлов Т.
Шаяхметов Б.Ш.
Бимаганбетов Х.
Дайыров Ж.
Дәркембаев Б.
Дәрібаев Б.
Дәрібаев Ж.
Дәуітова С.
Домбай Н.
Досанова Г.Б.
Досетова К.
Дүйсенбаев Е.
Еділбаев М.Ж.
Елеуова А.
Еңсебаев К.
Ерғалиев Г.
Ермекбаев А.
Есмұқанов А.
Есімсейітов К.
Есімсейітов Т.
Ештанаев Ғ.
Жакеева Г.
Жанабаева Б.Қ.
Жанаев Қ.
Жаналинов Х.
Жанысбаев Т.
Жантасова Р.
Жауқасынов Ж.
Жауынбаев С.
Жәлелов Ө.
Жәутіков Д.
Жетібаева Б.Қ.
Жолдыбай К.
Жұмабеков Ж.А.
Жұмағұлов Т.
Жүгінісов Б.
Жүнісбеков Д.Қ.
Жүнісов Б.
Ибадатов Ш.
Ибадиллдин Е.
Иманғожин Қ.
Исатаева К.
Нұриден Р.Ш.
Нұриденова А.
Обайдуллин С.С.
Омаров С.
Оразалин М.
Оразбеков Д.
Оспанов Е
Өмірбаев С.
Райымбеков М.
Рахметов Ш.
Сабитов Е.І.
Сағатов С.С.
Сағымбаев Қ.
Садуақасов Б.
Садуақасов Д.
Садуақасов Ж.
Сәдуақасов Қ.
Сакипов А.
Сақтағанов Қ.
Салқауов Т.
Сауқымов Ө.
Сейдімбеков А.
Сейтжанов М.
Сейтжанов Т.С.
Сейтқазинов М.
Сексенбаев Т.
Сембинова Л.
Серікқали имам
Смағұлов С.
Смағұлов С.Ж.
Смайылов М.
Смайылов Ш.
Сұлтанов К.
Сүлейменов Ш.
Сүтбаев С.
Сыздықов М.Ж.
Токішев Ә.А.
Тоқтамысов Қ.
Төлегенова Ш.
Төрегелдин Р.
Түсіпбеков Д.
Түсіпбеков Е.Қ.
Шоқтаев Қ.
Шошақова З.
Ілиясов Н.
Ілиясов А.
Юрк В.А.

ҰЛЫТАУ

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

Редакторы	Қуат Құрмансейіт
Көркемдеуші редакторы	Ақбота Жан
Техникалық редакторы	Гүлиза Акишева
Корректоры	Маржан Абсалықова
Компьютерде беттеген	Айгерім Жолдаякова

Кітапқа Ұлытау ұлттық мәдени-тарихи және табиғат ескерткіштері музей-қорығының, Жезді тау кен және балқыту ісі тарихы музейінің, Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің, энциклопедияны дайындаушылардың өз жеке қорларынан және интернеттен алынған фотосуреттер пайдаланылды.

Басуға 14.03.2018 қол қойылды.
Пішімі 70x100 1/16 Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 33,8 б.т.
Тапсырыс №20. Таралымы 1500 дана.

«Кәусар» баспасы.
010000, Астана қаласы,
тел.: 8 776 198 63 51, 8 705 160 06 21, 8 777 116 58 96